

Мектеп ресурстары ЭЫДҰ шолуы

# ҚАЗАҚСТАН

Анна Понс, Джереми Аморосо, Ян Херчински,  
Игорь Хейфец, Марлейн Локхид, Пауло Сантьяго



© ЭЫДҰ және Халықаралық қайта құру және даму банкі / Дүниежүзілік банк, 2015 ж.

Осы құжатты жазбаша рұқсатсыз басқа тілдерге аударуға рұқсат етілмейді. Осы мәселе бойынша сұрақтарды **rights@oecd.org** мекенжайына жіберу қажет

## АЛҒЫСӨЗ

Осы ЭЫДҰ және Қазақстан бойынша Дүниежүзілік банктің бірлескен есебі ЭЫДҰ-ның мектептердегі ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру саясаты жөніндегі шолуының (сондай-ақ «Мектептердегі ресурстарды пайдалану тиімділігін жақсарту жөніндегі саясатқа шолу» деп те аталады, толық ақпарат алу үшін А қосымшасын қараңыз) бір бөлігі болып табылады. Бұл Шолудың мақсаты мектептегі білім берудің сапасын, әділдігі мен тиімділігін арттыру үшін ресурстарды басқару, бөлу, пайдалану мүмкіндіктерін және олардың менеджментін зерттеу болып табылады. «Мектеп ресурстары» деген түсінік бұл жерде кең мағынада пайдаланылады және қаржылық ресурстарды (мысалы, білім беруге жұмсалатын шығындар, мектеп бюджеттері), физикалық ресурстарды (мысалы, мектеп ғимараттары, компьютерлік жабдық), адами ресурстарды (мысалы, мұғалімдер, мектеп басшылығы) және басқа ресурстарды (мысалы, оқу уақыты) қамтиды.

Қазақстан мемлекеттік шолулар сериясына қатысуды және сыртқы сарапшылардың тобын қабылдауды шешкен елдердің бірі болды. Сарапшылар тобының құрамына: Анна Понс (ЭЫДҰ Хатшылығы), Шолуды дайындау жөніндегі жұмыстарды үйлестіруші; Джереми Аморосо (Дүниежүзілік банк); Ян Херчински (Білім беру саласындағы зерттеу институты, Польша); Игорь Хейфец (Дүниежүзілік банк); Марлейн Локхид (Принстонский университеті, АҚШ); Пауло Сантьяго (ЭЫДҰ Хатшылығы) кірді. Бұл жарияланым Шолуды дайындау жөніндегі сарапшылар тобының есебі болып табылады. Ол Қазақстанның мектептегі білім беру жүйесінің негізгі мәселелері, ағымдағы стратегиялық бастамалар, болашақтағы ықтимал тәсілдер бойынша, халықаралық тұрғыдан берілген тәуелсіз талдауды қамтиды. Есептің үш мақсаты бар: (1) Қазақстандық уәкілетті білім беру органдарына ақпарат пен ұсынымдар беру; (2) ЭЫДҰ елдеріне Қазақстандық тәсілді түсіндіру; (3) ЭЫДҰ-ның мектептердегі ресурстарды пайдалану тиімділігін шолу жөніндегі соңғы салыстыру есебін дайындау үшін ақпарат беру.

ЭЫДҰ шолу жөніндегі сарапшылар тобы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі А.Б. Сәрінжіповке және Министрліктің аппаратына, «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ (бұдан әрі - АТО) президенті С.А. Ирсалиевке, АТО вице-президенті Е.Н. Шулановқа, сондай-ақ олардың қызметкерлеріне колдау көрсеткені үшін алғыс білдіреді. Қазақстанның ЭЫДҰ шолуын дайындауға қатысуын үйлестіруге сол кезде АТО орта білімді дамыту департаментінің директоры қызметін атқарған Әсем Сәтмұхамбетова; 2013 жылғы қыркүйектен бастап 2014 жылғы мамырға дейін және 2014 жылғы маусымнан бастап АТО жетекші аналитигі Жаннат Мусина жауапты болды.

Қазақстанның қатысуының маңызды бөлігі АТО-ның ел бойынша мектептердегі ресурстар туралы кешенді және ақпараттық Негізгі есеп дайындауы болды. НЕ-нің өзі ЭЫДҰ жобасының маңызды нәтижесі болып табылады, бірақ ол Сарапшылар тобы үшін де ақпараттың маңызды көзі болды. Егер басқасы көрсетілмесе, осы есеп үшін деректер Қазақстан бойынша Негізгі есептен алынған. НЕ ЭЫДҰ Хатшылығы дайындаған нұсқауға сәйкес құрастырылған және ұлттық мәнмәтінге, білім беру жүйесін ұйымдастыруға, мектептердегі ресурстарды пайдалануға және негізгі мүдделі тараптардың пікірлеріне қатысты ауқымды ақпаратты, талдау мен талқылауларды қамтиды. Бұл тұрғыда НЕ және осы есеп бір-бірін толықтырып тұрады және Қазақстанда мектеп ресурстарын пайдалану тиімділігі мәселесіне қатысты толық түсінік алу үшін оларды бірге оқу қажет.

Сарапшылардың Қазақстанға сапары 2014 жылғы 31 наурыздан 8 сәуір аралығында өтті. Сапар бағдарламасы С қосымшасында берілген. Сапарды 2014 жылғы 3-4 наурызда алдын ала сапарға тартылған қазақстандық мемлекеттік органдардың жәрдемдесуімен ЭЫДҰ және Дүниежүзілік банк ұйымдастырған (сапар бағдарламасын С қосымшасынан қараңыз). Сапар барысында сарапшылар 53 кездесу өткізді (немесе 52 сағат талқылау), 6 мектепке барды, 268 адамнан сұхбат алды. Сарапшылар тобы мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлеріндегі түрлі тараптармен (республикалық, облыстық және аудандық) талқылау өткізді. Сарапшылар республикалық деңгейде: Білім және ғылым министрі Аслан Сәрінжіповпен; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі - БҒМ) басқа қызметкерлерімен және

оның негізгі ведомстволық бағынышты ұйымдарымен (яғни, Ұлттық білім беру статистикасы және бағалау орталығы, АТО және Қаржы орталығы); Президент Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің (бұдан әрі - ЭБЖМ), Қаржы министрлігінің (бұдан әрі - ҚМ) қызметкерлерімен; және Парламент Сенатының таңдаулы өкілдерімен кездесулер өткізді. Облыстық және аудандық деңгейлерде Астана және Алматы қалаларының білім беру және қаржы органдарымен, Ақмола облысы Аршалы ауданының және Алматы облысы Талғар ауданының әкімшілігімен кездесулер өткізілді. Бұдан басқа, сапар шеңберінде Алматы және Астана ғалымдарымен кездесулер өткізілді. Сарапшылар, сондай-ақ, ҚР БҒМ және Дүниежүзілік банк ұйымдастырған «Білім беру сапасын арттыру» тақырыбы бойынша дөңгелек үстелге қатысты. Сапар мақсаты сарапшылар тобының білім беру ресурстарын пайдалану және оның тиімділігін жақсарту жөнінде жан-жақты ақпарат және пікірлер алуы болып табылды.

Сарапшылар тобы өз пікірлерімен, тәжірибесімен және білімдерімен бөлісу үшін өздерінің тығыз кестелерінен уақыт бөлген көптеген адамдарға үлкен алғысын білдіреді. Кездесулер ашық атмосферада өтті және көптеген пайдалы ақпарат берді. Сарапшылар сапар кезінде Ұлттық үйлестіруші болған және сарапшылар тобының өтініштері мен барлық сұрақтарына жауап беру үшін көп күш жұмсаған Әсем Сәтмұхамбетоваға ерекше алғысын білдіреді. Сарапшылар тобына оның тиімділігі мен білімі өте жақсы әсер қалдырды; және біз осы жақсы қарым-қатынас үшін ризашылығымызды білдереміз. Сондай-ақ, біз Сарапшылар тобына көрсеткен тамаша қолдауы үшін, оның командасына, атап айтқанда АТО аналитиктері Жаннат Мусина мен Тимур Бұлдыбаевқа алғыс айтамыз. Сарапшылар тобы Ұлттық үйлестіруші ретінде 2014 жылғы маусымнан бастап осы есепті дайындау кезінде өте пайдалы болған қолдауы үшін Жаннат Мусинаға алғыс айтады. Бұдан басқа, сарапшылар тобы АТО-ның бас аналитигі Ирина Бурлак пен жетекші аналитигі Асылхан Сүйіндіковке де алғысын білдіреді. Біздің Қазақстанда болған кезімізде көрсетілген сыпайылық пен қонақжайлылық сарапшылар тобының бірлескен жұмысын тек пайдалы және нәтижелі ғана ғана емес, сонымен қатар қызықты да етті.

Қазақстандағы мектептердің ресурстарын пайдалануды тиімділігі бойынша шолу ЭЫДҰ және Дүниежүзілік банктің жемісті ынтымақтастығының нәтижесі болып табылады. Сарапшылар тобы пайдалы түсініктемелері мен ынталандыратын талқылауларға қатысқаны үшін ЭЫДҰ және Дүниежүзілік банктегі әріптестері мен тәуелсіз сарапшыларға алғыстарын білдіреді. Дүниежүзілік банктен Шерезад Латиф, Дорсати Мадани және Сухас Парандекар пайдалы әрі сындарлы пікірлер ұсынды, Кристиан Аэдо, Альберто Родригез, Людмила Бутенко және Шебнем Аккайя басқарып, қолдау көрсетті. Әлия Бижановаға (Дүниежүзілік банк) ел туралы консультация берудегі баға жетпес көмегі және сарапшылардың Қазақстанға сапары кезінде көмек көрсеткені үшін ерекше алғыс білдіреміз. ЭЫДҰ-дан Дебора Нуше және Клэйр Шьюбридж кері байланысты жүзеге асыруда кеңестерімен көмек көрсетті, сондай-ақ Юрий Белфали және Михаэль Давидсон да қолдау көрсетті. Элеонора Морена мен Лиз Закари (ЭЫДҰ Хатшылығы) қажетті әкімшілік, редакторлық және техникалық қолдаумен қамтамасыз етті. Франческ Масдеу (Хауме Бофилл Қорының бағыты бойынша жұмыс істейтін) де құнды статистикалық қолдау көрсетті. Сондай-ақ, осы шолуға Қазақстанның қатысуына бастама жасаған және зерттеудің бастапқы кезеңінде нұсқаулар берген Иан Уитман мен Михайло Миловановичке де (ЭЫДҰ бұрынғы сарапшылары) алғыс білдіреміз.

Осы баяндамада талдау үшін мүмкіндіктер жалпы мектептегі білім беру ресурстарын пайдаланумен шектелгенін атап өту қажет (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім). Мектепке дейінгі білімге және кәсіптік-техникалық/орта білімге сілтеме жасалғанымен, осы шолуда осы секторларға баса назар аударылмаған. Бұдан басқа, осы баяндамада ұсынылған талдау ЭЫДҰ сарапшылар тобы Қазақстанға келгенде 2014 жылғы сәуірдегі білім беру жүйесінің жағдайына қатысты. Макроэкономикалық оқиғалар нәтижесінде 2014 жылдың соңында және 2015 жылдың басында білім беру жүйесі саясатында бірқатар елеулі өзгерістер орын алды. Оның есепте көрсетілгеніне қарамастан, осы өзгерістер одан әрі талдаудың мәні болған жоқ.

Осы есеп бес бөлімнен тұрады. 1-бөлімде Қазақстан мектептеріндегі білім беру жүйесі, негізгі үрдістер мен проблемалар, сондай-ақ соңғы оқиғалар туралы ақпаратты қоса алғандағы ұлттық мәнмәтін сипатталады. Осыдан кейін 2-5-бөлімдерде мектептердегі ресурстарды оның

негізгі параметрлері: анағұрлым күшті жақтарды, проблемаларды анағұрлым толық сипаттаумен, белгілеумен және саясат жөніндегі ұсынымдармен басқару, бөлу, пайдалану және менеджмент бойынша пайдалану тиімділігі талданады. Ұсынымдар Қазақстанда іске асырылып жатқан реформаларды және сарапшылармен кездесуге қатысқан тұлғалар арасында анық болған одан әрі жақсартуларға күшті бейімділікті толықтыруға және нығайтуға арналған. Ұсыныстарды қарау кезінде Қазақстанның кешенді жүйесін қабылдағанда барлық мәселелермен қаншалықты жақсы таныстырылғанына және барлық мәселелерді толық түсінуіне қарамастан, кез келген сыртқы сарапшыларға кездесетін қиындықтарды ескеру қажет. Осы есеп үшін жауапкершіліктің сарапшылар тобына жүктелетіні анық. Сонымен қатар, бізге Қазақстан бойынша негізгі есеп және өзге құжаттар, сондай-ақ әртүрлі қазақстандық мамандармен жүргізілген көптеген талқылаулар да көп көмегін тигізді, осы есептегі қандай да бір қателіктер мен дұрыс түсіндірмеулер үшін жауапкершілік те сарапшылар тобына жүктеледі.

## МАЗМҰНЫ

АББРЕВИАТУРАЛАР .....	8
ТҮЙІНДЕМЕ .....	10
ТҰЖЫРЫМДАР МЕН ҰСЫНЫМДАР .....	13
Білім беру жүйесінің мәнмәтіні.....	13
Күшті жақтар мен талаптар .....	13
Саяси ұсынымдар .....	19
1-БӨЛІМ ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ .....	25
Ұлттық мәнмәтін .....	26
Білім беру жүйесін басқару .....	29
Мектептегі білім беру жүйесінің құрылымы мен негізгі сипаттамалары .....	32
Әдебиет тізімі.....	44
2-БӨЛІМ МЕКТЕПТЕРДЕ РЕСУРТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫ БАСҚАРУ .....	47
Мәнмәтін және ерекшеліктер .....	48
Күшті жақтар.....	58
Шешуді талап ететін күрделі мәселелер .....	60
Саясат жөніндегі ұсынымдар .....	65
Әдебиет тізімі.....	71
3-БӨЛІМ РЕСУРСТАРДЫ БӨЛУ .....	74
Мәнмәтін және ерекшеліктер .....	75
Күшті жақтар.....	90
Шешуді қажет ететін қиын сұрақтар .....	97
Саясат жөніндегі ұсынымдар .....	110
Әдебиет тізімі.....	132
4-БӨЛІМ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ .....	137
Мәнмәтін және сипаттамалар.....	138
Күшті жақтары.....	154
Шешуді талап ететін күрделі мәселелер .....	161
Саясат жөніндегі ұсынымдар.....	169
Әдебиет тізімі.....	184
5-БӨЛІМ РЕСУРСТАР МЕНЕДЖМЕНТІ.....	188
Мәнмәтін және сипаттамалар.....	189
Күшті жақтар.....	195
Шешімін талап ететін күрделі міндеттер .....	196
Саясат жөніндегі ұсынымдар .....	200
Әдебиет тізімі.....	206
А-ҚОСЫМШАСЫ. МЕКТЕПТЕРДЕ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ БОЙЫНША ЭЫДҰ-ҒА ШОЛУ ЖҮРГІЗУ.....	208
В-ҚОСЫМШАСЫ. САРАПШЫЛАР КОМАНДАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ .....	209
С-ҚОСЫМШАСЫ. САПАР БАҒДАРЛАМАСЫ.....	211

### Суреттер

1.1-сурет Қазақстанның облыстары .....	26
1.2-сурет Халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің динамикасы және мемлекеттік тұтынушылық шығындар .....	28
1.3-сурет PISA-2012 оқу бойынша оқушылардың жетістік деңгейлері .....	37
1.A1.1-сурет Халықтың жасы және жынысы бойынша құрлымы .....	40
1.A2.1- сурет Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі .....	41

2.1-сурет Қазақстанда және ЭЫДҰ елдерінде мектептердің дербестігі (2012)	50
2.2-сурет Қазақстанда бір оқушы басына жыл сайынғы мемлекеттік шығындар, білім деңгейі бойынша, 2009-2013	57
2.3-сурет Қазақстан өңірлері арасында бір оқушы басына жұмсалатын шығындардағы айырмашылықтар, (%) жергілікті бюджет (2011 ж.)	58
2.4-сурет Халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ, 15 жастағы оқушылар арасында математика бойынша PISA орташа нәтижелері мен бір оқушы басына шығындардың қатынасы, 2012	61
2.5-сурет Білімнің ерте кезеңдеріне инвестициялардың тиімділігі мен әділдігі	66
3.1-сурет Қазақстандағы және ЭЫДҰ елдеріндегі білім берудің күрделі және ағымдағы шығындары, 2011 ж.	76
3.2-сурет. 2003 және 2012 жылдары PISA-да орташа баллдың және ең жоғары және ең төмен нәтижелі оқушылар үлесінің өзгеруі	100
3.3-сурет Мектеп директорларының материалды-техникалық базаның және білім беру ресурстарының жеткіліктілігі бойынша ойлары	110
4.1-сурет Қазақстанда және орта есеппен ЭЫДҰ-да міндетті оқу уақыты, жас топтары бойынша, 2011 жыл	144
4.2-сурет Қазақстанда және ЭЫДҰ елдерінде оқуды басқаруға қатысу тұрақтылығы орта есеппен, 2012	146
4.3-сурет Қазақстанда және жалпы ЭЫДҰ бойынша ата-аналардың қатысуын қабылдау, 2012	153
4.4-сурет Қазақстанда сыныпта жаман мінез-құлық таныту жиілігі (2012 жыл)	157
4.5-сурет 15 жастағы оқушылардың сыныптан тыс сабақтарға қатысуы, 2012 жыл	158
4.A2.1-сурет Мектепте пәндер бойынша сабақтарды бөлу мысалы	180

## Кестелер

1.1-кесте Қазақстан және ЭЫДҰ-ның негізгі білім беру статистикасы, 2012-2013	34
1.A3.1-кесте Қазақстан Республикасын дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының индикаторлары	42
2.1-кесте Қызмет салалары бойынша ресурстарды пайдалану жөніндегі міндеттерді бөлу	51
2.2-кесте Қазақстанда республикалық, өңірлік және жергілікті бюджетті қалыптастыру күнтізбесі	54
2.3-кесте Қазақстанда, ЭЫДҰ және салыстыру өткізілетін басқа елдерде білім беруге жұмсалатын мемлекеттік шығындар	56
3.1-кесте Өңірлер бойынша мектептер желісінің сипаттамасы, 2010 ж.	77
3.2-кесте 2008-2009 және 2012-2013 жылдарындағы мұғалімдердің саны, білім деңгейлері және жұмыс өтілдері	81
3.3-кесте 2011-2012 оқу жылындағы азаматтық қызметкерлердің еңбекақысының құрылымы	84
3.4-кесте Мұғалімдердің қосымша білімдері, қызметте жоғарылаулары және кәсіптік дамудың бірқатар бағдарламалары үшін қосымша төлемдері	85
3.A1.2-кесте Мұғалімдердің толық жұмыспен қамтылуының баламасын есептеудегі факторлар	126
3.A2.1-кесте Польша мен Литвада қаржыландырудың негізгі элементтерін салыстыру	129
3.A3.1-кесте Мұғалімдерді өңірлер, ауылды жерлер мен қалаларда санаттар бойынша үлестіру, 2010 жыл	131
4.1-кесте Өңірлер, сыныптар және мектептердің көлемі бойынша оқушы-мұғалім арақатынасы, 2011	141
4.2-кесте Директорлардың, мұғалімдер мен оқушылардың мектептегі ахуалды қабылдауы, 2011 жыл	143
4.3-кесте Мектептерді аттестаттау, 2013 жыл	152
4.4-кесте Сыныптар бойынша аттестаттауда төртінші сыныптағы балалардың ұпайларындағы айырмашылық	162
4.5-кесте ЭЫДҰ елдеріндегі мектептердің ынтымақтастықтың кейбір бағыттары	175
4.A1.1-кесте Мұғалімдерден басқа мектептің үлгілік штаты	179
4.A3.1 кесте «Жоғары деңгейдің» оқыту бағдарламаларына қатысу үшін талаптар, бағдарламаның деңгейлері бойынша	181
4.A3.2-кесте Мұғалімдерді аттестаттау бойынша біліктілік талаптары, санаттары бойынша	182

**Кірістірмелер**

2.1-ендірме Бюджетаралық трансферттердің кейбір тәсілдері	69
3.1-ендірме Шағын жинақталған мектептерді қолдауға арналған ресурстық орталықтар	78
3.2-ендірме Назарбаев Зияткерлік мектептері	88
3.3-ендірме Мектептерді қаржыландыру тәсілдері	92
3.4-ендірме Ауылдық білім беру тәсілдері	117
4.1-ендірме Австралия мен Сингапурда басшы кадрларын дайындау бағдарламаларының үлгілері	171
4.2-ендірме АҚШ-та, Онтариода (Канада), Шанхайда (Қытай) және Уругвайда мектептерді жүйелі қолдау	172

**Ошибка! Закладка не определена.**



## АББРЕВИАТУРАЛАР

<b>АДБ</b>	Азиялық даму банкі
<b>ДБҰ</b>	Дербес білім беру ұйымы
<b>ҚРСА</b>	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
<b>ЕНЕ</b>	Елдің негізгі есебі
<b>БҒСБК</b>	Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті
<b>ОЖСБ</b>	Оқу жетістіктерін сыртқы бағалау
<b>БЕД</b>	Балалардың ерте дамуы
<b>ECTS</b>	Еуропалық аудару және балл жинау жүйесі
<b>ОВД</b>	Барлығына арналған білім
<b>ГТЕ</b>	Толық жұмыс күнінің баламасы
<b>ЖІӨ</b>	Жалпы ішкі өнім
<b>МКК</b>	Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын
<b>ММ</b>	Мемлекеттік мекеме
<b>ҚРҰҚ</b>	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы
<b>АТО</b>	«Ақпараттық-талдау орталығы» акционерлік қоғамы
<b>АКТ</b>	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
<b>IEA</b>	Оқу жетістіктерінің сапасын бағалау жөніндегі халықаралық қауымдастық
<b>ХВҚ</b>	Халықаралық валюта қоры
<b>ҚМ</b>	Қаржы министрлігі
<b>ОШСА</b>	Орталық Шығыс және Солтүстік Африка
<b>ҰБСБО</b>	Ұлттық білім беру статистикасы және бағалау орталығы
<b>БАҰО</b>	Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы
<b>ҮЕҰ</b>	Үкіметтік емес ұйымдар
<b>НЗМ</b>	Назарбаев Зияткерлік Мектептері
<b>ЭЫДҰ</b>	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
<b>PIRLS</b>	Мәтінді оқу және түсіну сапасын бағалау халықаралық зерттеуі
<b>PISA</b>	ЭЫДҰ оқушылардың білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарлама
<b>БДМБ</b>	Қазақстан Республикасының білім беру саласын дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама
<b>TIMSS</b>	IEA Математикалық және жаратылыстану-ғылыми білім беру сапасын халықаралық салыстырмалы мониторингтік зерттеу
<b>ҰБТ</b>	Ұлттық бірыңғай тестілеу
<b>СҚП</b>	Сатып алу қабілетінің паритеті
<b>SABER</b>	Білім беру нәтижелерін жақсартудың жүйелі тәсілі
<b>ОШЕ/ТМД</b>	Орталық және шығыс Еуропа және Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
<b>STEM</b>	Ғылым, технологиялар, инженерия және математика
<b>TALIS</b>	Оқытушы корпусын халықаралық зерттеу
<b>ДНТ</b>	Дамудың нысаналы трансферттері
<b>ЮНЕСКО</b>	Білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша бірікке ұлттар ұйымы
<b>ЮНИСЕФ</b>	БҰҰ Балалар қоры
<b>ДСҰ</b>	Дүниежүзілік сауда ұйымы
<b>ТЖКБ</b>	Техникалық және кәсіптік білім

## ГЛОССАРИЙ

- **Жалпы білім беру мектебі** – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру оқу бағдарламаларын, сондай-ақ қосымша білім беру оқу бағдарламаларын іске оқу орны. Қазақстанда мектептегі білім беру «орта» білім (1-11 сыныптар) түсінігімен де анықталады.
- **Шағын жинақталған мектептер** – шағын жинақталған мектеп – шағын білім алушылар құрамы, біріктірілген жиынтық-сыныптар және оқу сабақтарын ұйымдастырудың ерекше нысаны бар жалпы білім беру мектебі.
- **Білім берудегі әділдік** – білім берудегі риясыздық және инклюзивтілік дәрежесіне жатады. Инклюзивтік тұрғысынан алғандағы әділдік дегеніміз, барлық оқушылардың кем дегенде, дағдының ең төменгі деңгейіне қол жеткізуін қамтамасыз етуді білдіреді. Риясыздық тұрғысынан алғандағы әділдік дегеніміз, бұл жыныстық, этникалық қатыстылық, отбасындағы жағдай сияқты жеке немесе әлеуметтік-экономикалық жағдайлар білім берудегі табыстарға кедергі болмайтынын білдіреді. Әділ білім беру жүйелері риясыз және инклюзивті және формалды немесе формалды емес кедергілер жасамай және сенімдерді төмендетпей, оқушылардың оқу әлеуетін жүзеге асыруда оларды қолдайды.
- **Нашар** – ЭЫДҰ елдерінде нашар мектептердің бірыңғай анықтамасы жоқ. Әдетте, бұл нашар оқушылар үлесінің көптігімен сипатталатын мектептерді білдіреді. PISA (Оқушылардың білім алу жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарлама) зерттеулерінде нашар мектептердің келесі анықтамалары пайдаланылады: оқушылардың орташа әлеуметтік-экономикалық деңгейі ел бойынша орташа көрсеткіштен төмен мектептер. Оқушылар олардың жеке немесе әлеуметтін жағдайлары негізінде, мысалы, этникалық қатыстылығы және отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы бойынша нашар болып саналады.
- **Тиімділігі аз** – оқушылар құрамының әлеуметтік-экономикалық жағдайының деңгейі сияқты сыртқы факторларды ескере отырып, оқушылардың оқу нәтижелерінің жеткілікті деңгейлеріне жетпеген мектептерге қатысты болады. PISA-дан 2-деңгейден төмен балл алған оқушылар негізгі дағдылардың болмауынан «тиімділігі аз» санаттарға жатқызылуы мүмкін.
- **Мемлекеттік қосалқы ұлттық органдар** – мемлекеттік басқарудың өңірлік (облыстық) органдарын және мемлекеттік басқарудың жергілікті(аудандық) органдарын қамтиды.

## ТҮЙІНДЕМЕ

Қазақстанда мектептегі білім беру жүйесі едәуір жетістіктерге қол жеткізді. Бастауыш, негізгі және орта біліммен жүз пайыз қамту қамтамасыз етілген, бірақ қабылданған оқушылардың санында географиялық орналасқан жері, әлеуметтік-экономикалық мәртебесі мен жынысы бойынша айырмашылықтар байқалады. Елде білім алудың жалпы деңгейінің жоғары болуына қарамастан, 2012 PISA 15 жастағы қатысушыларының нәтижелері оқыту сапасын жақсарту қажеттілігін көрсетеді. Математика бойынша қазақстандық оқушылар ЭЫДҰ елдеріндегі өздерінің құрдастарынан орта есеппен 2 жылға артта қалуда және оқушылардың шамамен 45%-ға жуығы сауаттылықтың бастапқы деңгейіне жетпеген, бұл орта есеппен ЭЫДҰ қарағанда едәуір жоғары (23%). Оқыту тілі, мектептердің орналасқан жері және оқушылар мен мектептердің әлеуметтік-экономикалық жағдайы оқушылардың жетістіктерінде рөл атқарады. Ұлттық және халықаралық бағалар да қалалық және ауылдық мектептердің оқушылары арасындағы едәуір айырмашылықтарды көрсетеді.

Қазақстан білім беру жүйесінің сапасын жақсарту үшін бірқатар реформалар қабылдады және халықаралық стандарттар мен озық практикаға жиі жүгінеді. Реформалау бойынша бастамалар мектепке дейінгі білім беру жүйесін кеңейтуді, мектепті қаржыландырудың жаңа тетіктерін (оның ішінде жан басылық қаржыландырудың жаңа схемасын) әзірлеуді, шағын жинақталған мектептерді қолдаудың ресурстық орталықтарын құруды, мектеп инфрақұрылымын дамытуға одан әрі инвестицияларды және мектептерде ақпараттық технологияларды кеңінен қолдануды қамтиды. Осы реформалар мәнмәтінінде білім беруге бөлінетін ресурстарды ұлғайту ниеті анық болғанымен, бір оқушыға жұмсалатын шығын ЭЫДҰ елдері мен басқа да көршілес елдерге қарағанда едәуір төмен болып қалуда; сектордың тиімділігі мен оның жұту қабілетінен туындайтын сенімсіздікке байланысты білім беруге жұмсалатын мемлекеттік шығынды ұлғайтуға ниеттің жоқ екені байқалады. Осы баяндамада Қазақстанда мектептегі білім берудің тиімділігі талданады және тиімділікті арттыру әлеуеті бар немесе одан әрі мемлекеттік инвестицияларды талап ететін саясат салалары анықталады. Келесі саяси басымдықтар Қазақстанның мектеп жүйесіндегі ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында анықталған.

---

### *Сектордың жұту қабілетін ұлғайту және тиімсіздіктің негізгі себептерін шешу кезінде білім беруге жұмсалатын жалпы мемлекеттік шығыстарды ұлғайту*

---

Табысы ұқсас басқа елдермен салыстырғанда Қазақстан білім беру секторын толық қаржыландырмайды. Ресурстардың жетіспеушілігі әр түрлі деңгейлерде байқалады, мысалы, мектепке дейінгі білім берумен қамтудың төмен көрсеткіштері; мұғалімдерге жеткіліксіз ақы төлеу; қалалық мектептердің толық болуы; нашар жарақтандырылған шағын жинақталған мектептер. Сонымен қатар, мектеп желісін және педагогикалық құрамды жақсарту сияқты салаларда ресурстарды анағұрлым тиімді басқару үшін едәуір мүмкіндіктер бар. Мемлекеттік кірістердің біртіндеп ұлғаюы сектордың стратегиялық құжаттарында қойылған мақсаттарды қанағаттандыру үшін қажет. Қосымша ресурстар олар көбірек әсер етуі мүмкін басым мақсаттарға: ерте дамытуға және нашар мектептерді қолдауға бағытталуы тиіс.

Тиімділікті едәуір арттыруға қол жеткізу және қосымша ресурстардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін басқару құрылымдарында өзгерістер қажет. Барлық деңгейлерде ресурстардың пайдаланылуын тиімді басқару және бақылау үшін әлеуетті нығайту қажеттілігі бар. Атап айтқанда, жеткіліксіз жергілікті және мектеп дербестігі ресурстардың тиімді пайдаланылуына кедергі келтіреді. Мектептер мен аудандарда ондай өзгерістер қажет болған кезде адами ресурстарға көбірек инвестициялау (персонал санын ұлғайту немесе мұғалімдердің еңбекақысын арттыру есебінен) немесе саны жеткіліксіз болған немесе тозған кезде физикалық ресурстарға (мектеп ғимараттары, смарт-тақталар сияқты мектеп жабдығы) балама ретінде ақша салу үшін жеткілікті икемділікке ие емес. Бұдан басқа, жергілікті және өңірлік билік органдары өз қарауы бойынша шығыстарды бөлуде жеткілікті еркіндікке ие емес, себебі нормалар ресурстардың бөлінуін айқындайды, ал бюджетаралық трансферттер теңестірудің шектеулі

әсеріне ие. Есептілікпен және әлеуетті нығайту тетіктерімен үйлесімдегі дербестіктің біртіндеп өсуі жергілікті және мектеп деңгейінде ресурстардың анағұрлым тиімді пайдаланылуына септігін тигізуі мүмкін.

Қазіргі уақытта мектеп ресурстарын бөлу жеке қарау және өсіп келе жатқан негіз бойынша орталық нормаларды ескере отырып, аудан деңгейінде шешіледі, бірақ мектептерді жанбасылық қаржыландыру схемасын дамыту бағытында қадамдар алдын ала қабылданды. Белгілі бір жағдайлар кезінде жақсы әзірленген қаржыландыру формуласы бар осы жақсы мысал мектептерді қаржыландырудың анағұрлым тиімді, әділ, тұрақты және ашық әдісі болуы мүмкін. Формуланы толық ауқымды енгізу алдында оқушылардың барлық қажеттіліктерін, ел бойынша сынып көлемдеріндегі айырмашылықты және оның қарапайымдылығын ескере отырып жетілдіру қажет.

---

#### ***Мектеп желісін ұйымдастыру мен мектеп күнін ұзартуды қайта қарау***

---

Мектеп ұйымдары желісін шолу демографиялық қарқын тұрғысында мектептерді ұлғайту немесе азайту мүмкіндігіне жарық беруі мүмкін еді. Ауылдағы білім беруді көрсету стратегиясы міндетті білімге жалпыға ортақ қолжетімділік саясатының нәтижесі болып табылатын шағын жинақталған мектептердегі сапаны, теңдік пен тиімділікті жақсарту мақсатында әзірленген. Қазақстан үш ауысымды мектептерді жою бойынша өз күшін жалғастыруы және екі ауысымды мектептердің бастауыш сынып оқушыларына әсерін барынша азайту жолдарын зерттеуі тиіс. Сондай-ақ, ЭБДҰ, атап айтқанда 1-4 сынып оқушылары үшін міндетті оқу жүктемесінің орташа көрсеткіштеріне сәйкестігі бойынша оқу жүктемесінің нормалары түзету қажеттілігі бар. Оқу жүктемесі тұрғысынан, мектептегі салыстырмалы қысқа күн оқушылардың, әсіресе төмен отбасынан шыққан балалар мен оқуда қиналатын балалар үшін үлгерімнің нашарлауына әсер етуі мүмкін.

---

#### ***Үлгерімі төмен оқушыларды және нашар мектептерді қолдау***

---

Оқушылардың әр түрлі білім қажеттіліктерін ескере және оларды қанағаттандыра отырып, білім берудегі тең мүмкіндіктерге үлкен көңіл бөлінуі тиіс. Үлгерімі төмен оқушыларды қолдау жөніндегі жүйелі саясат жоқ. Оқу бағдарламасынан артта қалудың алдын алу бойынша ерте дербес және қарқынды қолдау көрсету қажеттілігі бар. Қазақстан төмен нәтижелерді жақсартуға назар аударуы тиіс. Оқуда артта қалғандарды ерте анықтау және үлгерімі жақсы оқушыларға қарағанда үлгерімі төмен оқушыларды уақтылы қолдауды қамтамасыз ету бойынша мектептерді көтермелеу қажет. Бұдан басқа, Қазақстандағы мектептер мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдауда баяу дамуды көрсетеді.

---

#### ***Мектептегі оқыту және басқару сапасын жақсарту***

---

Мектеп мұғалімдері мен басшыларының сапасын арттыру үшін мүмкіндіктер бар. Кәсіптік стандарттар қол жеткізуі тиіс алғашқы даярлау және біліктілікті арттыру жүйесінің күтілетін нәтижелерін дәл анықтау үшін әзірленуі мүмкін; кәсіптік стандарттар үміткерлерді жалдау процесінде, олардың біліктілігін бағалауда, біліктілікті арттыруды жоспарлау кезінде оларды іріктеу критерийлері ретінде қызмет етуі және қызмет бабында ілгері жылжу үшін негізді қамтамасыз етуі мүмкін. Мұғалімдерді алғашқы даярлау<sup>1</sup> және олардың біліктілігін арттыру мүмкіндіктері мұғалімдер үшін берік негізді қамтамасыз ету және олардың қажеттіліктерін барабар қанағаттандыру шеңберінде қайта қаралуы мүмкін. Метеп басшылары жағдайында мектепті жақсарту процесінде олардың рөлін күшейту үшін оларды жалдау, біліктілігін арттыру және аттестаттау процесін жетілдіру қажет.

Педагогтар санын және олардың еңбекақысын қайта қарау қажеттілігі бар. Ағымдағы оқушы-мұғалім арақатынасы жүйеде мұғалімдердің біршама артық екенін көрсетеді. Оқушы-мұғалім

---

<sup>1</sup> Осы есепте «Мұғалімдерді алғашқы даярлау» ЖОО және ТЖКБ ұйымдарында педагогикалық мамандарды даярлауды білдіреді.

арақатынасының және сыныптар көлемінің ұлғаюы мұғалімдердің біліктілігі мен еңбекақысын арттыруға инвестициялау үшін ресурстарды босатуы мүмкін. Бұдан басқа, негізгі жалақы оқу жүктемесімен (ставка жүйесі) байланысты болатын мұғалім қызметінің тұжырымдамасы кейбір алаңдаушылықтар туғызады, себебі ол мұғалім орындайтын көптеген басқа міндеттерді қарастырмайды және оның мектеп қызметіне қатысуын шектейді. Демек, ставка жүйесін пайдалану қайта қаралуы тиіс. Кәсіпке сапалы және шектеулі іріктеу және жалақысы жоғары мұғалімдердің аз саны мұғалімдердің кәсіптілігін арттыруға жәрдемдесуі мүмкін.

---

*Есептілік және дамуға жәрдемдесу үшін бағалау және ақпараттық жүйелерді пайдалану*

---

Қазақстан мұғалімдер мен мектепті бағалаудың маңыздылығын растайды, бірақ қазіргі уақытта қалыптасқан есептілік және даму функцияларын теңестіру мүмкіндігі бар. Мұғалімдер мен мектептерді дамыту мақсатында оларды аттестаттауға көңіл бөлу қажет екені анық, себебі бағалау нәтижелері тиімді оқыту туралы кәсіптік пікірталастарға және мұғалімдер мен мектептердің педагогикалық практиканы жақсарту жөнінде ұсынымдар алуына ықпал етеді.

Қазақстанның білім беру жүйесінің сыртқы және тәуелсіз мониторингін жақсарту үшін жеткілікті мүмкіндіктер бар. Мониторингтің қазіргі тәсілі нормалардың сақталуына бағытталған және білім беру қызметін талдауға әкелмейді. Ол тиімділікті, әділдікті және баға-сапа арақатынасын бағалауда шектеулі. Білім беру ресурстарын пайдалану бойынша мониторингтің сыртқы тәуелсіз жүйесі басымдық болуы тиіс. Сыртқы және тәуелсіз агенттіктер қазіргі мониторинг жүйелері алатын ауқымды деректер талдауын жақсарты алады. Ашықтық және есептілік шеңберлерін жетілдіру ресурстарды тиімсіз пайдалану және барлық жүйеде бар сыбайлас жемқорлық жағдайларын азайтуға көмектесуі мүмкін, алайда, нормативтік құқықтық актілердегі іліктерді қысқарту бойынша қосымша саясат та қажет.

Сондай-ақ, ақпарат жинау жүйесі мен практикасы да жақсартуды талап етеді. Атап айтқанда, деректерді жинау мен өңдеудің әрбір кезеңінде ақпарат сапасын қамтамасыз ету бойынша рәсімдер қосылуы тиіс. Оған қоса, Қазақстан мектеп және жергілікті деңгейлерде қызмет туралы ақпаратты, оның ішінде мектеп туралы және білім беруге арналған жергілікті бюджет туралы ақпаратты тарату процесін жақсартуы тиіс. Бұл мектеп аттестаттаулары туралы есептерді қамтуы мүмкін. Сондай-ақ, мектеп директорлары мектеп қызметі туралы есептерді және қаржы жоспарларын қол жетімді тілде интернетте немесе мектептердің ақпараттық тақталарында орнаттыра отырып және ашықтықты арттыра отырып таратуы тиіс. Бұдан басқа, мектептерде қамқорлық кеңестерінің болуы алдағы өзгерістер аспектілерінде мектеп деңгейінде ашықтықты және есептілік рәсімдерін жақсарту үшін мүмкіндіктер ашады.

## ТҰЖЫРЫМДАР МЕН ҰСЫНЫМДАР

### Білім беру жүйесінің мәні

Қазақстанда мектептегі білім беру жүйесі едәуір жетістіктерге қол жеткізді. Бастауыш, негізгі және орта біліммен жүз пайыз қамту қамтамасыз етілген, бірақ қабылданған оқушылардың санында географиялық орналасқан жері, әлеуметтік-экономикалық мәртебесі мен жынысы бойынша айырмашылықтар байқалады. Елде білім алудың жалпы деңгейінің жоғары болуына қарамастан, 2012 PISA 15 жастағы қатысушыларының нәтижелері оқыту сапасын жақсарту қажеттілігін көрсетеді. Математика бойынша қазақстандық оқушылар ЭЫДҰ елдеріндегі өздерінің құрдастарынан орта есеппен 2 жылға артта қалуда және оқушылардың шамамен 45%-ға жуығы сауаттылықтың бастапқы деңгейіне жетпеген, бұл орта есеппен ЭЫДҰ қарағанда едәуір жоғары (23%). Оқыту тілі, мектептердің орналасқан жері және оқушылар мен мектептердің әлеуметтік-экономикалық жағдайы оқушылардың жетістіктерінде рөл атқарады. Ұлттық және халықаралық бағалар да қалалық және ауылдық мектептердің оқушылары арасындағы едәуір айырмашылықтарды көрсетеді.

Қазақстан білім беру жүйесінің сапасын жақсарту үшін бірқатар реформалар қабылдады және халықаралық стандарттар мен озық практикаға жиі жүгінеді. Реформалау бойынша бастамалар мектепке дейінгі білім беру жүйесін кеңейтуді, мектепті қаржыландырудың жаңа тетіктерін (оның ішінде жан басылық қаржыландырудың жаңа схемасын) әзірлеуді, шағын жинақталған мектептерді қолдаудың ресурстық орталықтарын құруды, мектеп инфрақұрылымын дамытуға одан әрі инвестицияларды және мектептерде ақпараттық технологияларды кеңінен қолдануды қамтиды. Осы реформалар мәнінде білім беруге бөлінетін ресурстарды ұлғайту ниеті анық болғанымен, бір оқушыға жұмсалатын шығын ЭЫДҰ елдері мен басқа да көршілес елдерге қарағанда едәуір төмен болып қалуда; сектордың тиімділігі мен оның жұту қабілетінен туындайтын сенімсіздікке байланысты білім беруге жұмсалатын мемлекеттік шығынды ұлғайтуға ниеттің жоқ екені байқалады. Осы баяндамада Қазақстанда мектептегі білім берудің тиімділігі талданады және тиімділікті арттыру әлеуеті бар немесе одан әрі мемлекеттік инвестицияларды талап ететін саясат салалары анықталады. Келесі саяси басымдықтар Қазақстанның мектеп жүйесіндегі ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында анықталған.

### Күшті жақтар мен талаптар

*Жүйе үшін нақты бағыттар берілген, бірақ көбірек тиімділік үшін жәрдемдесу мүмкіндіктері шектеулі*

Елдің дамуының жалпы тұжырымдамасында білім беру Қазақстандағы басты басымдықтардың бірі ретінде қаралады, және стратегиялық бағдарламалар білім беру жүйесінің сапасын арттыру бойынша күрлері реформаларды ұсынады. Соңғы озық бастамалардың кейбіреулері жанбасылық қаржыландыруды енгізуді және мектептегі міндетті оқу мерзімін ұзартуды қамтиды. Білім беру әкімшілігінің әлеуетін арттыру анағұрлым тиімді білім беру жүйесін жасау алдында тұрған басты проблемалардың бірі болып табылады. Соңғы жылдары ұлттық деңгейде Министрліктің әлеуетін ұлғайту немесе мысалы іс-шаралар жоспарын орындау және білім беру мен қаржылық деректерді талдау мақсатында мамандандырылған ұйымдар құру бойынша алдын ала қадамдар жасалды.

Ауқымды орталық жоспарлау және нормалардың кең жүйесі кеңес үкіметі кездерінен алынған, сектордағы нақты бағыттылықты, саясаттың үздіксіздігін қамтамасыз ететін және мақсаттарға қол жеткізу бойынша прогрес мониторингін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білім беруді басқарудың қазақстандық жүйесінің екі негізгі ерекшелігі болып табылады. Дегенмен, нормалар мектептердің және жергілікті атқарушы органдардың олардың жағдайлары мен мәнін ескере отырып нақты қажеттіліктер бойынша ресурстарды бөлу қабілетін шектейді. Мектептер мен аудандарда ондай өзгерістер қажет болған кезде адами ресурстарға көбірек инвестициялау (персонал санын ұлғайту немесе мұғалімдердің еңбекақысын арттыру есебінен)



немесе саны жеткіліксіз болған немесе тозған кезде физикалық ресурстарға (мектеп ғимараттары, смарт-тақталар сияқты мектеп жабдығы) балама ретінде ақша салу үшін жеткілікті икемділікке ие емес. Бұдан басқа, жергілікті және өңірлік билік органдары өз қарауы бойынша шығыстарды бөлуде жеткілікті еркіндікке ие емес, себебі нормалар ресурстардың бөлінуін айқындайды, ал бюджетаралық трансферттер тиестірудің шектеулі әсеріне ие. Алаңдаушылық туғызатын басқа мәселе мүдделі тараптармен консультацияның болмауы болып табылады, бұл ел бойынша білім стратегиясындағы пікірлердің әр түрлілігінің толық көрсетілмеуін білдіреді.

---

### ***Білім беруге жұмсалатын шығындар салыстырмалы түрде төмен***

---

Білім беруге бөлінетін мемлекеттік шығыстардың жалпы деңгейі ЭЫДҰ елдеріндегі, сондай-ақ экономикалық даму деңгейі ұқсас басқа елдердегі орташа көрсеткіштерге қарағанда салыстырмалы түрде төмен. Мектептегі білім беруге бөлінген сома ЖІӨ-нің 2,1%-ын құрайды, бұл ЭЫДҰ елдері бойынша орташа көрсеткіштен едәуір төмен (3,6%), алайда, осы көрсеткішке орта білімнен кейінгі білім беруге жұмсалатын шығыстар да кіреді. 2013 жылы Қазақстанның бір оқушыға арналған мемлекеттік шығыстары халық басына шаққанда ЖІӨ-нің 11%-ын құрайтынын ескерсек, олар ЭЫДҰ бойынша орташа көрсеткіштен едәуір төмен болып қалуда. Мектептердегі ресурстардың жетіспеушілігі білім беру ортасының сапасын арттыруға кедергі келтіруі мүмкін. Білім беруге арналған бюджетті ұлғайту білім берудің жоғары сапасына кепілдік бермейді, бірақ шығыстардың ең төмен деңгейі сапалы білім беру қызметтерін ұсыну үшін қажет. Білікті мұғалімдер, тиісті инфрақұрылым мен оқулықтар жетіспейтін мектеп жүйесі білім беру сапасын арттыруға ықпал ете алмайды. Мектептегі білім беру жүйесіне инвестициялардың жетіспеушілігі білім берудегі айырмашылықтарға да әкелуі мүмкін, себебі нашар аудандар мен мектептер ресурстардың шектеулі санын алады. Үкімет білім беруге жұмсалатын мемлекеттік шығыстардың төмен екенін растайды, бірақ сектордың тиімділігі мен оның жұту қабілеті бойынша қауіптер олардың өсуіне мүмкіндік бермейді.

---

### ***Қаржыландырудың жанбасылық формуласы алға қарай жүрудің оң қадамы болып табылады, бірақ одан әрі дамуды талап етеді***

---

Қазіргі уақытта мектептерге ресурстарды бөлу жеке қарау және өсіп келе жатқан негіз бойынша орталық нормаларды ескере отырып аудан деңгейінде шешіледі, бірақ мектептерді жанбасылық қаржыландыру схемасын дамыту бағытында алдын ала қадамар қабылданды. Белгілі бір жағдайларда жақсы әзірленген қаржыландыру формуласы бар бұл оң мысал мектептерді қаржыландырудың анағұрлым тиімі, әділ және ашық әдісіне айналуы мүмкін. 2014 жылғы пилотта жанбасылық қаржыландыру жобасын едәуір жақсарту қажет. Мысалы, қаржыландырудың ұсынылатын жаңа схемасы жергілікті органдарға жергілікті қажеттіліктерге қаражат бөлу бойынша өзгерістер енгізуге мүмкіндік бермейді және мектептердің кейбір түрлерін (мысалы, дарынды балаларға арналған мектептер, шағын жинақталған мектептер) жоққа шығарады. Бұдан басқа, ұсынылған формула жанбасылық қаржыландырудың нағыз формуласы бола алмайды, себебі қосымша шығыстарды қажет ететін оқушылар тобын нақты белгілемейді. Формуланың аса күрделі екеніне қарамастан, ол Қазақстанда едәуір өзгеріп тұратын және білім беру қызметтерін ұсыну бойынша шығыстарға күшті әсер ететін сынып көлемін нақты көрсете алмайды. Оған қоса, мерзімдерді ұзарту кезінде және ұлттық деңгейде толық енгізер алдында оның әсеріне анағұрлым толық талдау жүргізу кезінде сәтті болатын жаңа схема әзірлеу қажет.

---

### ***Оқушылардың осал топтары мен нашар мектептердің нақты қажеттіліктері назарға алынуы тиіс***

---

Ресурстарды бөлуде оқушылар мен мектептердің нақты қажеттіліктеріне шектеулі көңіл бөлу мектеп жүйесіндегі теңсіздіктерге әкеледі. Төмен отбасылардан шыққан немесе оқуда қиындықтары бар оқушыларға бағытталған бағдарламалар мен ресурстар өте аз. Бұл ағымдағы «осал оқушылар» түсінігі өте тар болып табылатынымен түсіндіріледі, себебі ол мүмкіндігі шектеулі балалар мен әлеуметтік-экономикалық мәртебесі өте төмен оқушыларға ғана бағытталған, осылайша, оқушылардың салыстырмалы аз саны ғана қолдау алуға құқылы. ЭЫДҰ

елдері керісінше аз қамтылған оқушылардың анағұрлым жоғары үлесі бар мектептерде оқушылардың оқуына және оларды қолдау тетіктерінің дамуына кедергі келтіруі мүмкін әлеуметтік және экономикалық проблемалардың туындау мүмкіндігі жоғары екенін растайды. Бұл мектептердің ерте кезеңде жеке және қарқынды араласудан артта қалатын оқушыларды барабар қолдау үшін жеткілікті ресурстарға ие болмауы мүмкін екенін білдіреді. Ерекше қажеттіліктері мен шектеулі мүмкіндіктері бар оқушылардың жағдайлары ерекше қызығушылық танытады, себебі олардың көпшілігі кәдімгі мектептерде емес, жеке «түзету» мектептерінде немесе үйде білім алуды жалғастыруда.

Академиялық олимпиадаларға қатысу үшін үздік оқушыларды даярлауға аса көп көңіл бөлу және «дарынды балаларға» жоғары басымдық басқа оқушыларға теріс әсер етеді. Мұғалімдер жоғары көрсеткіштері бар оқушыларға негізгі көңіл бөліп, осылайша, үлгерімі нашар оқушыларға азырақ көңіл бөледі. Мектептер, әдетте, оқушыларды ерекшеліктері бойынша топтарға бөледі және мұндай практика жалпы нәтижелілікті жақсартпайды және оқушылардың әлсіз топтарына біліктілігі азырақ мұғалімдер жіберілсе теріс әсер етуі мүмкін. Бұдан басқа, Назарбаев Зияткерлік мектептері сияқты дарынды оқушыларға арналған мектептер кәдімгі мектептерге қарағанда едәуір көбірек қаржыландыру алады. Алайда, осы мектептерде еліміздің ең талантты оқушылары оқиды ма деген сұрақ туындайды, себебі нашар деген мәртебесі бар оқушылар осы мектептерге түсу үшін қажетті сыныптан тыс іс-шараларға қатысудың шектеулі мүмкіндіктеріне ие. Бұдан басқа, халықаралық зерттеулерде жоғары көрсеткіштері бар оқушылар үлесі өте төмен болып қалуда, ал оқушылардың көпшілігі басқа елдердегі өздерінің құрдастарынан артта қалуда. PISA зерттеулерінде білім берудің анағұрлым тезірек дамитын жүйелері үлгерім шәкілінің үстіңгі және төменгі бөліктерінде жақсарулар бір мезгілде орын алуы мүмкін екенін көрсетеді. Дегенмен, жүйенің жалпы нәтижелілігін арттыру үшін көрсеткіштері төмен оқушылар санын азайту қажет.

---

#### ***Мектептердің ауқымды желісі қауіп туғызады***

---

Мектеп жүйесінің ерекшеленетін өзгешелігі міндетті білім беруге жалпыға ортақ қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі саясат нәтижесінде туындайтын оның үлкен географиялық қамтуы болып табылады. Барлық мемлекеттік мектептердің жартысын құрайтын шағын жинақталған мектептердің көп саны ауылдық және шалғайдағы аудандарда білім беру қызметтерін ұсыну үшін үнемді нұсқа болып табылады. Бұдан басқа, шағын жинақталған мектептердің оқушылары әдетте қолайсыз білім беру ортасында оқиды. Шағын жинақталған мектептерде санаттар мен біліктіліктер бөлінісінде мұғалімдер санын назарға ала отырып, шағын жинақталған мектептерде оқытудың төмен сапасы туралы деректер бар. Бұдан басқа, персоналды жалдау жөніндегі нормаларды қолдану мектеп бюджеттерін қысқартады және оқушы-мұғалім арақатынасының төмен болуына байланысты мұғалімдердің біліктілігін арттыруға, техникалық қызмет көрсетуге, жабдық пен оқу материалдарына жұмсалатын шығын төмендейді. Шағын жинақталған мектептердің проблемаларын шешу үшін ҚР БҒМ ресурстық орталықтарды енгізді, бірақ мектептердің стратегиялық болжамы мен шоғырландыру жоспарлары әлі әзірленбеген.

Мектептердің кең желісі де ұсталуы шығынды болып табылатын оқушылардың аз құрамы бар мектеп ғимараттарының көп санына әкеледі. Соңғы жылдары мектеп инфрақұрылымын жаңарту және көптеген ғимараттар жаңғыртуды қажет ететін мектептердің күтіп-ұсталуының созылмалы толық қаржыландырылмауын шешу үшін біраз күш жұмсалды. Осыған қарамастан, бірқатар проблемалар шешілмеген болып қалуда. Әлемдегі ең суық елдердің бірінде қыста жеткілікті жылытылмайтын немесе оларды жылыту тым қымбатқа түсетін ескі мектеп ғимараттары оқушылардың денсаулығы және оқу қабілеті үшін қауіп төндіреді. Ауылды жерлерде негізгі жабдығы, оқу материалдары немесе дәретхана бөлмелері жоқ көптеген мектептер бар. Оқушылар құрамының саны азайып бара жатқан аудандарда оқушылардың көп саны үшін салынған мектеп ғимараттары толық көлемде пайдаланылмайды немесе күтіп-ұстау үшін едәуір шығынданды талап етеді. Оған қарағанда, қалалық жерлерде екі ауысымда оқу практикасы норма болып табылады, ал үш ауысымда оқу әлі де еліміздің кейбір бөліктерінде пайдаланылуда.

---

#### ***Мектеп мұғалімдері мен директорларын дайындау деңгейі бойынша қауіп бар***

---



Мектеп мұғалімдері мен директорларына арналған, олар білуі және жасай алуы тиіс нәрсенің нақты әрі қысқаша сипаттамасын қамтамасыз ететін ұлттық стандарттардың болмауы олардың әлеуетіне кедергі келтіреді. Кәсіптік стандарттар алғашқы педагогикалық даярлық және біліктілікті арттыру жүйесімен қол жеткізілуі тиіс күтілетін көрсеткіштердің анағұрлым дәл анықтамасының тетіктері ретінде әзірленуі тиіс; стандарттар жалдау процесінде үміткерлерді іріктеу негізі, олардың біліктілігін объективті бағалау үшін (аттестаттау кезінде) критерийлер, біліктілікті арттыру кезінде нұсқаулық және қызмет бабында көтерілу үшін негіз ретінде қызмет етуі мүмкін.

Мұғалімдерді алғашқы даярлау сапа және тиімділік мәселелері бойынша алаңдаушылық туғызады. Бастауыш сыныптарда оқыту үшін талап етілетін деңгейді орта және орта білімнен кейінгі жоғары емес білім деңгейінде алуға болады және мұғалімдерді алғашқы педагогикалық даярлау үшін білім беру бағдарламаларының артық болуы олардың сапасына қатысты алаңдаушылық туғызады. Сондай-ақ деректер түлектердің артық тым көп болуын көрсетеді, олардың саны 2013 жылы мұғалімдердің барлық құрамының 11,4%-ына сәйкес келген. Басқа проблемалар мұғалімдердің еңбек нарығының икемділігін шектейтін педагогикалық мамандықтарды мамандандырудың жоғары деңгейімен; оқыту әлеуетін анықтау және педагогикалық мамандыққа түсу үшін кәсіпке уәждеу бойынша бағалаудың нақты рәсімдерінің болмауымен; олар орталық деңгейде реттелетіндіктен (мысалы, мамандықтар жіктеуіші, білім беру бағдарламалары, бағдарламалар құрылымдары) педагогикалық мамандықтардың білім беру бағдарламаларын әзірлеуде педагогикалық институттардың шектеулі дербестігімен байланысты.

Мұғалімдердің біліктілігін арттырудың қазіргі жүйесі олардың қажеттіліктеріне тиісті түрде жауап бермейтінінің белгілері бар. Біліктілікті арттырудың тұрақтылығы күмәнді, себебі мұғалімдер мектептен тыс біліктілікті арттыру курстарынан әрбір бес жыл сайын ғана өтуге құқылы. Біліктілікті арттырудан өтуге ынталандыру оқыту практикасын нақты жақсартумен емес, еңбекақыны көтерумен және қызмет бабында өсумен байланысты сияқты. Осыған қарамастан, Қазақстанда өндірістен бөлмей мектеп базасында біліктілікті арттырудың тұрақтылығы мен қарқындылығы аса маңызды және мектеп директорлары ЭЫДҰ елдеріне қарағанда оқу процесін басқаруға көбірек тартылған.

---

#### ***Мектептерді жақсарту үшін директорларды даярлау және оларды жалдау процесін жақсарту мүмкіндігі бар***

---

Әкімшіліктің бірнеше өкілі арасында басқарушылық міндеттерді формалды түрде бөлу қазақстандық мектеп жүйесінің күшті жағы болып табылады, себебі стратегиялық және педагогикалық көшбасшылық ұзақ уақыт бойы бір адамға жүктелуі мүмкін емес. Алайда, практикада бөлу нормалармен орындалады және өзара іс-қимыл мен жалпы болжам деңгейі сұрақ туғызады. Бұдан басқа, мектеп басшыларының барлығы бірдей мектепті жақсартуға дайын болуы және оны мақсат етуі мүмкін емес. Кадрларды жалдау кезінде негізгі көңіл басқару қабілетіне емес, білім беру біліктілігі мен жұмыс тәжірибесіне бағытталады. Біліктілікті арттырудың бірнеше мүмкіндігі бар және олардың көпшілігі мектептегі күнделікті жұмыстан алыс. Біліктілікті арттыру мүмкіндіктерінің болмауы қауіп туғызады, себебі мектеп басшыларының көп бөлігі жүйеде ұзақ уақыт болады және заманауи практикамен бірге жүруге қиналуы мүмкін.

---

#### ***Педагогика қызметкерлерінің санын және олардың еңбекақысын қайта қарау қажет***

---

Сыныптар көлемін және оқушы-мұғалім арақатынасын, сондай-ақ Қазақстандағы әкімшілік құрылымын талдау ЭЫДҰ елдеріндегі жағдаймен салыстырғанда мектеп мұғалімдері мен басшыларының артық болуын көрсетеді. Мектеп мұғалімдері мен басшыларының көп саны шағын жинақталған мектептердің көп санынан және персоналды регламенттеудің қатаң нормаларынан туындаған. Қызметкерлердің көп саны мектеп бюджеттерінің азаюына әкеледі, икемсіздік жасайды және басқа салалардағы инвестицияларды шығарады. Ауыл мектептеріндегі шығыстардың шамамен 93%-ға жуығы мұғалімдердің еңбекақыларын төлеуге бағытталған. Бұл бюджеттердің шектеулі екенін және директорлардың ресурстарды анағұрлым тиімді тәсілмен бөлу немесе оларды мектепті дамыту жөніндегі іс-шараларға инвестициялау мүмкіндіктері аз екенін білдіреді.

Атап айтқанда, педагогика қызметкерлерінің көп саны Қазақстанда төмен болып саналатын олардың еңбекақысын арттыруға кедергі келтіреді және мұғалімдердің еңбекақы жүйесінің күрделілігі оны талдауға кедергі жасайды. Сынып көлемін анықтау білім беру процесінің еңбекті қажет ететініне байланысты шығыстарға үлкен әсер ететін кезекті өзара байланыс болып табылады: шағын сыныптар мұғалімдердің көп санын талап етеді, ал үлкен көлемді сыныптар оқыту сапасын арттыру үшін ресурстарды босатуы мүмкін. Зерттеулер көрсеткендей, оқытудың жоғары сапасы оқушылар саны аз сыныптарға қарағанда оқушылардың үлгеріміне үлкен әсер етуі мүмкін. Басқа мәселе мұғалімдер қызметінің тұжырымдамасына қатысты, ондағы негізгі жалақы оқу жүктемесімен байланысты (ставка жүйесі) және мұғалім сыныптан тыс орындайтын көптеген міндеттер немесе оның мектеп іс-шараларына қатысуы байқалмайды (мысалы, жеке практика туралы рефлексия, жас мұғалімдерге тәлімгерлік ету, ата-аналармен өзара байланыс жасау және біліктілікті арттыру).

---

***Ресми оқу уақыты нашар отбасылардан шыққан оқушылар үшін жеткіліксіз болуы мүмкін***

---

Қазақстандық мектеп жүйесінде ресми оқу уақыты бірнеше үзіліспен беріледі және мектептен тыс іс-шаралардың ауқымды спектрімен толықтырылады. Сабақтар оқушылардың мінез-құлқына немесе мұғалімдердің жоқтығына уақыт кетірмей тұрақты түрде өткізіледі. Алайда, оқу уақытын басқару бойынша кейбір алаңдаушылық бар: Қазақстанда басым көп ауысымдық оқу ресми оқу уақытын төмендетуі мүмкін; мектеп күнтізбесі жергілікті жағдайлар мен қажеттіліктерге бейімделмеген; бастауыш сыныптардағы оқу уақыты төмен отбасылардан шыққан оқушылар үшін қолайсыз болуы мүмкін. Алайда, оқу уақытын көбейту оқушылардың үлгерімін жақсартуға кепілдік бере алмайды, ерте оқуға қажетті жеткіліксіз уақыт төмен көрсеткіштерге әкелуі мүмкін.

---

***Мұғалімдер мен мектептерді аттестаттауды енгізу уақыт өте келе жетілдірілуі мүмкін оң қадам болып табылды***

---

Мұғалімдерді сертификаттаудың (аттестаттаудың) нақты белгіленген төрт сатылы құрылымы мұғалімдер үшін пайдалы. Аттестаттаудың қазіргі процесі қызмет бабында өсудің негізгі қағидаты сіңірген еңбек болып табылатынын білдіреді. Аттестаттау мұғалімдерді жақсы жұмыс істеуге, тиімді мұғалімдерді айыра білуге, біліктілігін арттырып отыруға және сәтті практиканы айыру мен таратуға көмектесуге ынталандыруы мүмкін. Алайда, мұғалімдерді аттестаттаудың бірыңғай процесінде есептілік пен дамушы функциялар үйлесімі бірқатар проблемалар туындатады. Есептілік функциясы жиі басым болады, себебі егер ол күрделі салдарларға әкелетін болса мұғалімдер өз практикасының кемшіліктерін көрсеткісі келмейді. Бұдан басқа, аттестаттау процесі біліктілікті арттыру мүмкіндіктерімен тікелей байланысты емес және нәтижесінде, сенімсіздікке немесе бейжайлыққа әкелетін маңызы жоқ сабақтар ретінде қабылдануы мүмкін. Оқытудың кәсіптік стандарттарының болмауы мектептерде мұғалімдерді бағалаудың ішкі процестерінің біркелкілігін және жүйенің мұндай процестердің сапасына кепілдік беру қабілетін қиындатуы мүмкін.

Мектептерді аттестаттаудың тұрақты циклі бар есептілік нақты бейімділік бар. Мектептерді аттестаттау тәсілінің кейбір аспектілері жақсы әзірленген, мысалы, аттестаттаудың құрылымдық тәсілі бар және ол жағдайды ауқымды қарайды (сыныптағы бақылауларды қоса алғанда). Алайда, одан әрі жетілдіру мүмкіндіктері бар, себебі аттестаттаудың дамып келе жатқан функциясы тиісті назарсыз қалуда. Мектептерді сыртқы бағалау негізінен құқықтық талаптардың қалай орындалғанын немесе білім беру стандарттарындағы талаптардың қалай орындалғанын тексерді. Мектептерді жақсарту стратегияларына және алғашқы аттестаттаудан өтпеген мектептердің қосымша іс-шараларына жеткілікті көңіл бөлінбеген. Оған қоса, мектептерді өз бетінше бағалау мектептерді жақсартудың негізгі құралы ретінде қаралмайды, оның мектеп жүйесіне енгізілуі дамудың ерте кезеңдерінде қалуда.

Сондай-ақ Қазақстандағы проблемалық жағдай жекелеген мұғалімдердің, мектептердің, аудандар мен өңірлердің қызметін бағалау және салыстыру үшін «шикі» деректерді (ҰБТ нәтижелері, олимпиадалардағы және басқа жарыстардағы орындар) пайдалану болып табылады.

ҰБТ нәтижелері немесе олимпиадалардағы жүлделі орындар белгілі бір мұғалімнің оқытудағы сәттілігін ғана емес, сонымен қатар отбасының оқушыға әсерін, алдыңғы оқу тәжірибесін немесе мектеп және жергілікті ресурстарын да айқындайды. Бұл мұғалімдерді әділетсіз салыстыруға әкелетіні анық – әсіресе анағұрлым жоғары дәрежелі мектептерде жұмыс істейтін мұғалімдерді – себебі олардың басқа мұғалімдерге қарағанда оң пікір алуға мүмкіндіктері көбірек. Мектеп, аудан және облыс деңгейлерінде де осы орын алады. Мұғалімдер, мектептер, аудандар және облыстар арасындағы салыстырулар бірдей объектілерді салыстыру негізінде жүргізілмесе үлкен құндылық әкелмейді және «тестіге дайындық» және «оқу бағдарламасын қысқарту» сияқты стратегиялық реакцияларға ықпал етуі мүмкін.

---

*Анағұрлым сенімді деректер, ашықтық және есептілік  
мектеп ресурстарын анағұрлым тиімді басқаруды  
қамтамасыз етуі мүмкін*

---

Деректерді жасауға, жинауға және олардың қолжетімділігіне жоғары көңіл бөлінуде. Ақпарат жинаудың көптеген түрлері бар (әкімшілік, өнімділік, мүдделі тараптарды сұрау, индикаторлар). Жакын арада болған оң өзгерістер білімберудің ұлттық дерекқорын жасауды, ақпарат жинау процесін компьютерлендіруді және мектеппен және жергілікті билік органдарымен толатын деректерді жинаудың әкімшілік жүктемесін төмендетуді қамтиды, есептілік нысандарының саны 467-ден 162-ге дейін қысқартылған. Дегенмен, Қазақстанда білім беру деректерімен өзекті проблема олардың сапасы мен дұрыстығын қамтамасыз ету процестерінің болмауы. Сондай-ақ, білім беру саласындағы реформаларды әзірлеу мен бағалауда деректерді пайдалануға кедергі жасайтын сенімді деректердің болмауы алаңдаушылық туғызады.

Бөлшекті нормалардың болуы неге қол жеткізу керек және ресурстардың қалай басқарулы тиіс екенінің нақты көрсетілуін қамтамасыз етеді, осылайша, бұл мониторингті жеңілдетеді. Ұлттық мақсаттарға қол жеткізудегі прогрестің сәйкестігін тексеру және бағалаудың бірнеше тетігі бар, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының білім беру саласын дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (БДМБ). Дегенмен, мониторинг тәсілі сақтау негізінде жүзеге асырылады және білім беру жүйесінің нәтижелілігін талдауға әкелмейді. Дәл солай бюджеттің игерілуін бақылау барабар және ашық болып табылмайды, толық әрі нақты шығындар өте сирек ұсынылады. Бұдан басқа, қазіргі мониторинг жүйелерінен алынған ауқымды деректерді талдауды күшейтуі мүмкін бағалау жөніндегі тәуелсіз және сыртқы агенттік жоқ. Нәтижесінде, мектеп және аудандар деңгейінде әр түрлі білім беру стратегиялары мен бағдарламаларының шығын-пайдасын жоғары сапалы талдаудың жетіспеушілігі байқалады, бұл мектептер мен билік органдары білім беру саласының күтілетін соңғы нәтижелерінің тиімділігіне немесе нәтижелілігіне аз көңіл бөліп шешім қабылдайтынын білдіреді.

Үлкен ашықтық та есептілік деңгейін арттыру үшін маңызды міндет болып табылады. Жергілікті деңгейде бюджеттің жеткіліксіз ашықтығы бар, себебі орталықтандырылған есепке алуға байланысты мектептердің көп бөлігінің жеке бюджеті жоқ және аудан бюджеті туралы ақпарат әдетте ата-аналар мен мектеп директорлары үшін қол жетімсіз болады. Ұлттық деңгейде бюджеттер туралы толық ақпарат пен қаржылық белсенділік те ашылмайды. Есептілік тетіктерінің жеткіліксіз ашықтығы білім беру жүйесінің әр түрлі деңгейлерінде сыбайлас жемқорлыққа және ресурстарды асыра пайдалануға әсер етеді. Бұл халықтың азырақ қорғалған топтарына теріс әсер ете отыра, жүйенің өзінің тиімділігі мен нәтижелілігіне қауіп төндіруі мүмкін, сондай-ақ, фаворитизм, пра алу және алаяқтық сияқты теріс қарым-қатынастар мен құндылықтарға ықпал етуі мүмкін. Ата-аналар мен басқа да мүдделі тараптардың мектепті жақсартуды қолдауға және есептілікке қатысуы әлі бастапқы кезеңде. Мектептердің жыл сайынғы іс-шаралары мен аттестаттау нәтижелері туралы есептер қазіргі уақытта жарияланбаған және таратылмаған. Қамқорлық кеңестерінің құрылуы мектептерде жүргізілетін іс-шаралар туралы есептілік пен ашықтықты жақсарту үшін мүмкіндіктер ашады, бірақ олардың рөлі әлі күнге дейін анықталмаған.

---

### *Тиімділіктің негізгі проблемаларын барлық жерде шеше отырып, білім беруге арналған жалпы мемлекеттік шығыстарды ұлғайту*

---

Мемлекеттік шығыстарды біртіндеп ұлғайту сектордың стратегиялық жоспарларын орындау және ЭЫДҰ стандарттарына қол жеткізу үшін көзделуі тиіс (ЖІӨ-нің 5-6%-ы). Қосымша қаражат дұрыс жұмсалуды және мемлекеттік қаражатты пайдалану тиімділігі бір мезгілде арттырылуы тиіс. Инвестициялаудың басымдықтары ерте білім беру саласы, сондай-ақ әділдік пен теңдікті қолдайтын аспектілер болуы тиіс. Тағы бір басымдық білім беру жүйесі қызметінің есептілігі мен мониторингі тетіктерін нығайту болып табылады. Бұдан басқа, бюджеттік конверт жүйенің жаңа бағдарламалар мен жаңа тәсілдерге бейімделу қабілетін ұлғайта отырып, біртіндеп ұлғайтылуы тиіс.

---

### *Бюджетаралық трансферттер жүйесін қайта қарау*

---

Қазақстан оның тиімділігі мен әділдігін арттыру мақсатында бюджетаралық трансферттер жүйесін реформалаудың одан әрі мүмкін жолдарын зерттеуі тиіс. Білім беру секторына әсерді қарау үшін нақты салалар мыналарды қамтиды: (I) білім беруді билік деңгейлері бойынша қаржыландыру жөніндегі міндеттердің нақты бөлінуін қамтамасыз ету; (II) ресурстарды бөлу үшін ашық көрсеткіштері мен коэффициенттері бар формуланы пайдалану; (III) білім беру қызметтерінің жоғары сапасын қамтамасыз ету бойынша бюджеті жеткіліксіз аудандардың жеткілікті қаржыландырылуына кепілдік беру үшін ресурстарды облыстар мен аудандар бойынша тең бөлу; және (IV) әр түрлі нысаналы ресурстар мен бюджеттен тыс ресурстарды барабар әрі тлық ұсыну және есепке алу үшін бюджеттік жіктемеде ерекше есептік санаттарды енгізу.

---

### *Жергілікті және мектеп дербестігін біртіндеп ұлғайту жолдарын зерттеу*

---

Қазақстан білім беру саласында дамуы үшін мектептер мен жергілікті тқарушы органдардағы үлкен өз бетімен жұмыс істеуді қамтамасыз етудің ықтимал жолдарын зерттеуі тиіс. Белгілі бір шешімдерді ресурстардың оңтайлы бөлінуін қамтамасыз ету үшін өз мектептерінің қажеттіліктерін жақсы білетін жергілікті билік органдары мен мектеп директорларына қалдырған жөн. Дербестіктің жоғары деңгейі бөлшекті міндеттерді емес, ең аз стандарттарды анықтау үшін қолданылуы мүмкін қазіргі нормалар жүйесінің әлсіреуін білдіреді. Дербестіктің ұлғаюы мектептер мен жергілікті билік органдары арасындағы бар айырмашылықтарды күшейтуі мүмкін, сондықтан, үздік практикаларды тарату және қажеттілігі барларды қолдау тетіктері енгізілуі тиіс. Осыған байланысты, мектептерді аттестаттаудың дамушы функцияларын күшейту қажет.

---

### *Әлеуетті арттыру және деректердің негізінде жоспарлау мен мониторингке жылжу бойынша күш салу*

---

Қазақстан жобалау кезеңінде де (реформалардың қажетті типін талдау кезінде) және іске асыру кезеңінде де (реформалар тұжырымдамасын практикада қолданудың үздік тәсілі туралы шешімдер қабылдау кезінде) реформалау жөніндегі болашақ бастамалар үшін негіз ретінде дәлелдер мен бағалауды қолдану мәдениетін дамытуы тиіс. Кері байланыстың мұндай типін енгізудің үздік тәсілі – соңғы бастамалар тәжірибесін қарау, іске асыру процесіндегі жетістіктер мен шектеулерді алу және жариялау. Білім берудегі ағымдағы негізгі бастамалар қаралуы тиіс. Жанбасылық қаржыландырудың пилоттық жобасының, қамқорлық кеңестерінің, шағын жинақталған мектептерге арналған ресурстық орталықтардың, электрондық оқытудың және басқа бастамалардың әсері талдануы тиіс және талдау нәтижелері білім беру жүйесінің мүдделі тараптарының кең тобына таратылуы тиіс. Мұндай талдау барысында жиналған деректер реформаторлық бастамаларды болашақ жоспарлауға қатысты пікірталастар негізі ретінде жариялануы және пайдаланылуы тиіс.

---

### ***Үлгерімі нашар және төмен отбасылардан шыққан оқушыларға және мектептерге көбірек көңіл бөлу***

---

Білім беру мүмкіндіктерінің теңдігін арттыру үшін үлгерімі нашар оқушылардың үлгерімін арттыруға қосымша күш жұмсау қажет. Дарынды және басқа оқушыларды оқыту арасында ресурстардың ұсынылуын бірдей ету қажет. Атап айтқанда, дарынды оқушыларды академиялық олимпиадаларға дайындауға инвестициялау аса ұтымды емес. Мемлекеттік ресурстардың шектеулі көлемі, керісінше, үлгерімі нашар оқушыларды қоса алғанда, оқушылардың көпшілігіне бағытталуы тиіс. Осы проблеманы шешу бойынша нақты шаралар ресурстардың ағымдағы бөлінуінің теңдігін қайта қарап және үлгерімі нашар және аз қамтамасыз етілген оқушылар үшін көбірек қаржыландыруды қамтамасыз ете отырып, барлық балаларға базалық сапа білімін беру үшін «осал оқушылар» түсінігін кеңейтуді қамтиды.

Мектептер мұндай оқушыларды ертерек анықтау және қолдау бойынша көтермеленуі тиіс. Анықтағаннан кейін жүйе осы оқушыларды оқуының барлық уақытында қолдауы тиіс. Бұл мектептерге, сыныптарға немесе тәуекел тобындағы жекелеген оқушыларға қосымша ресурстар қажет екенін білдіреді. Барлық оқушыларға арналған талаптар жүйе ішінде артылуы тиіс және сынып ішіндегі оқушыларды олардың қабілеттері бойынша бөлу практикасы тоқтатылуы тиіс. Әрбір оқушы қосымша тәлімгерлік немесе коучинг арқылы қолдау немесе өз күшін ашу мүмкіндігін алуы тиіс. Мектепке келмейтін оқушыларға ерекше көңіл бөлінуі тиіс және осы тәуекелді азайту жөніндегі саясат іске асырылуы тиіс.

---

### ***Мектептерді қаржыландыру формуласын енгізу кейінге қалдырылуы және қайта қаралуы тиіс***

---

Жаңа болжамды қаржыландыру схемасының енгізілуі қаржыландыру тетіктері жетілдірілгенге дейін кейінге қалдырылуы тиіс. Қаржыландырудың жаңа схемасын енгізуге жеткілікті дайындық оның жетістігінің қажетті шарты болып табылады. Пилоттық жобаны терең зерттеу қажет және оның нәтижелерін жариялап, көпшілікпен талқылау қажет. Кейіннен қазіргі халықаралық тәжірибе негізінде әзірленетін қаржыландырудың жаңа схемасын анықтау үшін пилот жобаларын пайдалану орынды. Пилоттық жоба мониторингін жобаны іске асыратын ұйым емес, сыртқы ұйым жүргізуі тиіс.

---

### ***Мектеп желісін ұйымдастыруды жақсарту***

---

Ауылда білім беруді қамтамасыз етудің ұлттық стратегиясын әзірлеу қажет. Қазақстанның барлық ауқымды ауылды аудандарындағы шағын жинақталған мектептер жүйесіне баса назар аудару тұрақсыз болып табылады және сапамен, тиімділікпен және әділдікпен байланысты проблемаларға әкеледі. Стратегияның негізгі төрт компоненті болуы тиіс: I) ұлттық стратегиялық бағыт және шағын жинақталған мектептерді шоғырландыру жоспары; II) ауыл мектептерінің ресурстарды тиімді басқару бойынша икемділігі; III) ауыл мектептерінде ресурстарды бөлудегі теңдік пен әділдік; және IV) шағын жинақталған мектептерде білім беру сапасын мониторингілеу тетіктері. Шағын жинақталған мектептердің қажеттіліктерін қолдау үшін ресурстық орталықтар ашу жөніндегі бастаманы қарау және бағалау қажет.

---

### ***Адами ресурстарды басқаруды жақсарту***

---

Қазақстан жоғары білікті педагогикалық кадрлар мен басшыларды дамыту бойынша шаралар қабылдауы тиіс. Біріншіден, үміткерлердің қабілеттерін бағалау тестілері мен сұхбаттар және оларды уәждеу арқылы педагогикалық мамандыққа түсуге қойылатын талаптарды көтеру қажет. Институттар мен ЖОО-да мұғалімдерді алғашқы даярлау орындарының саны мектеп жүйесінің қажетті санына дейін шектеулі болуы тиіс. Екіншіден, институттар мен алғашқы педагогикалық даярлық білім беру бағдарламаларының сапасын да жақсарту қажет, сондай-ақ барлық деңгейлер бойынша педагогикалық кәсіпке кірген кезде жоғары білімді талап ету қажет. Педагогикалық мамандықтар санын мұғалімдердің бірнеше пәнді оқытуы үшін төмендету қажет, осылайша, адами ресурстарды басқару тиімділігін арттыру қажет. Үшіншіден, мектеп басшылары мен мұғалімдеріне арналған стандарттарды дамыту және кеңінен тарату Қазақстанда мектеп



директоры немесе жақсы мұғалім болудың не екенін жалпы түсінуді қамтамасыз ету үшін негізгі болып табылады. Соңында, ставкаға негізделген мұғалімдерге ақы төлеуден мұғалімдердің жұмыс жүктемесіне ақы төлеуге көшу қажет, бұл мұғалімдердің кәсіптілігін жақсартуға маңызды қадам болуы мүмкін. Педагогикалық кадрлардың жалпы саны, сондай-ақ еңбекке ақы төлеу деңгейі қайта қаралуы тиіс.

---

***Мектеп мұғалімдері мен басшыларын кәсіптік дамыту үшін құрылымдық, тұрақты және маңызды мүмкіндіктер беру***

---

Қазақстанда мұғалімдер арасында біліктілікті арттырудың тұрақты практикасының анық қажеттілігі бар, ол қызметтің әртүрлілігін қамтиды және мектептің даму жоспарына негізделеді және мұғалімдердің біліктілікті арттыру бойынша қажеттіліктерін көрсетеді. Жақсы оқытудың не болып табылатынын анықтау және нақты белгілеу қажет және мұғалімдер осы деңгейге қол жеткізген кезде көтермеленуі тиіс. Сондай-ақ, мектептегі көшбасшылықты дамытудың жүйелі тәсілі қажет. Қазіргі уақытта басшы дағдыларының диагностикасы біліктілікті арттыруды жақсарту бойынша шаралар қабылдауды негізгі элемент болып табыады. Бұл мектептерді қаржыландырудың жаңа тетігін жоспарланған енгізу кезінде ерекше маңызды, ол мектеп басшылары тарапынан қаржылық менеджмент қағидаттарын түсіну бойынша көбірек тиімділікті талап етеді.

---

***Мектептердегі оқу уақытын пайдалануды қайта қарау***

---

Қазақстан үш ауысымды мектептерді жою бойынша күш салуды қолдауы және екі ауысымды мектептердің бастауыш сынып оқушыларына әсерін барынша азайту жолдарын зерттеуі тиіс. Көп ауысымды мектептерде барлық бастауыш сыныптар бірінші ауысымда оқуы тиіс, бұл бастауыш мектеп оқушыларына да және оқуы сол күні кешірек басталатын жоғары сынып оқушыларына да пайдасын тигізеді. Жылдам демографиялық өзгерістер мен жаңа мектептерді салудағы қиындықтар кезінде бірнеше ауысымда оқу білім беруге қол жетімділікті жеңілдетуі мүмкін, алайда, білім берудің сапасына теріс әсер етуі мүмкін. Қазақстан ЭЫДҰ елдеріндегі ресми оқу уақытының орташа көрсеткіштеріне сәйкес келу үшін, әсіресе 1-4 сынып оқушылары үшін оқу сағаттарының нормаларын реттеуі тиіс. Мектептегі салыстырмалы қысқа күн төмен отбасылардан шыққан және үлгерімі нашар балаларды тәуекелге ұшыратуы мүмкін. Мектеп күнін ұзарту бастауыш сынып оқушылары үшін тиімді болып танылды. Сондай-ақ, мектептерге оқу уақытын ұйымдастырудың әр түрлі жолдарын зерттеуді ұсыну қажет. Әр түрлі нұсқалар демалыстар кезінде немесе басқа кез келген нысанда сыныптан тыс бағдарламаларды ұйымдастыруды қамтуы мүмкін.

---

***Мектеп қоғамының белсенді қатысуына және мектептер арасындағы тығыз әріптестікке жәрдемдесу***

---

Ата-аналар мен басқа да мүдделі тараптардың мектеп өмірі ұйымдастыруға және білім беруді дамытуға септігін тигізуге қатысуының көптеген мүмкіндіктері бар. Қамқорлық кеңестері практикасын тарату дұрыс бағыттағы қадам болып табылады. Дегенмен, ата-аналар мен қоғам мүшелерінің мектеп өміріне қол жетімділігінің бірнеше жолын жасауға болады. Мысалы, жергілікті қоғамның мектеп объектілерін пайдалануы тұрақты емес, себебі мектеп басшылары мектептің материалдық-техникалық базасының пайдаланылуын ұлғайтқысы келмейді немесе ұлғайта алмайды. Мектеп пен қоғам, сондай-ақ мектептер арасындағы ынтымақтастық Қазақстанда ресурстардың анағұрлым тиімді пайдаланылуына ықпал етуі мүмкін. Мектеп басшылары басқа мектептермен әріптестік жасауда белсенді рөл атқаруы және ортақ объектілерді, кадрлар мен жабдықты пайдалану арқылы білім беру жүйесін жақсартуға жәрдемдесуі тиіс.

---

***Практиканы жақсарту үшін мұғалімдерді, басшыларды және мектептерді бағалауды пайдалану***

---

Бағалау практикасы ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру үшін бірнеше салада күшейтілуі мүмкін. Біріншіден, педагогикалық аттестаттаудың дамушы функциясы күшейтілуі

мүмкін. Мектеп мақсаттарын анықтау және басқалары үлесіне жататын мұғалім-әдіскерлер, аға әріптестер және мектеп басшылығы жүргізетін мектептің ішкі процестері барлық мектептерде жүйелі болуы тиіс. Осы рәсімнің басты қорытындысы қандай да бір мұғалімнің оқытуы туралы кері байланыс болады, оның негізінде әрбір мұғалімнің біліктілігін арттырудың жеке жоспары әзірленетін болады. Сондай-ақ, мектептің тиісті нәтижелерінің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін ішкі процесті сыртқы бағалау қажет. Екіншіден, барлық мектеп басшыларын аттестаттаудың толық рәсімінен өтуге міндеттеу қажет. Бұл бағалау жүйесіндегі нақты критерийлерді, нұсқаулар мен тәртіптік шараларды әзірлеуді қамтиды. Жүйе жақсартуға ықпал ету, жетістіктерді белгілеу және үлкен қолдауды қажет ететіндерді анықтау үшін мектеп басшыларын толық пікірлермен қамтамасыз етуі тиіс. Тиімділігі көбірек болу үшін жүйе мектеп нәтижелілігіне ғана негізделмей, тұтас болуы тиіс. Сондай-ақ, мұғалімдерге біліктілігін арттыру мүмкіндігі туралы ақпарат берудің толық процесін енгізу қажет.

Мектепті бағалау мектептерді тұрақты жақсарту үшін негізгі иінтірек болуы тиіс. Сыртқы бағалау процестері мектепті дамытуға күшейтілуі және ережелерді сақтаудың қазіргі моделінен кетуі тиіс. Бұл мектеп аттестаттауын ек бөлек процеске бөлуді қамтуы мүмкін: (I) мектептегі оқыту және үйрету процестеріне негізделетін сыртқы бағалау; және (II) мектептің ережелерді, оның ішінде қаржылық ережелерді сақтауын бағалау үшін аудит процесі. Оқыту және үйрету процестеріне бағытталған сыртқы бағалау әрбір мектепке ашық, ұлттық еңгейд келісілген критерийлер негізінде жақсарту бойынша консультациялар ұсынуды қамтитын болады. Комиссия мүшелерінің санын азайту, бағалау туралы есептердің мазмұны мен құрылымын жеңілдету, құжатайналымды төмендету және өзін-өзі жетілдіру процесінде мектептердің өзін-өзі аттестаттау мүмкіндігін қамтамасыз ету кезінде сыртқы бағалауды ұйымдастыру процестері Қазақстандағы осы жағдаймен салыстырғанда анағұрлым тиімдірек болуы мүмкін. Озық тәжірибені анықтау мен тарату және мектептердің өзін-өзі аттестаттау процесін күшейту – бұл Қазақстанды ЭЫДҰ елдерінде қолданылатын практикаға жақындату үшін қайта қаралуы тиіс екі қосымша сала.

Мектептер туралы мәнімділік ақпарат әзірлеу және оқушылардың нәтижелерімен бірге барлық жерде жариялау қажет. ҰБТ нәтижелерін айырмашылықтарды, мысалы, әлеуметтік-экономикалық ережені есепке ла отырып шығару ұсынылды. Бұдан басқа, алғашында ҰБТ жоғарғы оқу орнына түсу үшін негізгі емтихан ретінде мектептерді бағалау үшін жасалмағанын растау қажет, себебі оқушылар ЖОО түскісі келгенде тестіні ерікті түрде тапсырады. Сондықтан, мұндай тестілер әрбір мектептің оқушылардың білім сапасын дамытуға қосатын үлесін шын мәнінде бағалай алады ма екені түсініксіз, бұл мектептер деңгейінде нәтижелерді жариялау туралы көптеге сұрақтар туғызады.

---

#### ***Ресурстарды анағұрлым тиімді пайдалану үшін ынталандыру енгізу***

---

Міндетті нормалардың қазіргі жүйесін тиімділікті көтермелейтін ынталандыру жүйесіне көшу күрделі процесс болып табылады. Дегенмен, құқықтық нормаларға бағыну менталитетінен проблемаларды креативті шешу мен шешімдерді қабылдаудағы үлкен дербестікті көтермелеуге біртіндеп көшу қажет. Нормалар жүйесінің біртіндеп әлсіреуі барлық деңгейдегі білім беру басшыларын жергілікті жағдайларды ескере отырып, анағұрлым өзекті проблемаларды шешу үшін ресурстарды пайдалануда қолдауы мүмкін. Қысқа мерзімді келешекте бұл әрбір мектептің жеке басымдықтарына сәйкес пайдаланылатын нақты еркін қолданылатын бюджет бөлу арқылы көтермеленуі мүмкін. Алдыңғы жылдары үнемделген кез келген қаражат осы еркін бюджетке салым ретінде ауыстырылуы мүмкін. Ресурстарды пайдалануда көбірек тиімділікті көтермелеуді қамтамасыз ететін және бюджетті ұстаушыларға олардың нәтижелері үшін жауапкершілік жүктейтін нәтижелілікке негізделген бюджетті іске асыруда одан әрі күш қажет.

---

#### ***Ақпаратты мониторингілеу мен жинау тетіктерін дамыту***

---

Мониторингтің сыртқы және тәуелсіз жүйелерін дамыту Қазақстанның білім беру секторындағы мониторингтің ағымдағы жағайын күшейтуге мүмкіндік береді. Осындай жүйелер енгізілгеннен кейін мектеп ресурстарын пайдалану көрсеткіштерін салыстырмалы талдау және

мониторингілеу ұлттық органдарға білім беру жүйесін тез бағалауға мүмкіндік береді, бұл саясатты жоспарлау мен жүзеге асыруды жақсартуға әкеледі. Сыртқы және тәуелсіз органдар қазіргі мониторинг жүйелерімен генерацияланатын деректерді талдауды жақсартады.

Сондай-ақ, деректерді жинау жүйесі мен әдістерін жақсарту қажет. Атап айтқанда, Білім беруді басқарудың бірыңғай ақпараттық жүйесі (Unified Education Management Information System) білім беру секторын басқару үшін шешімдер қабылдайтын тұлғаларға ресурстарды бөлу туралы шешімдерді негіздеу үшін мектеп деңгейінде терең талдау жүргізуге мүмкіндік беруі тиіс. Деректердің сапасын қамтамасыз ету рәсімдері олардың дұрыстығы мен сенімділігін арттыру үшін күшейтілуі тиіс.

Білік деңгейлері арасында қаржылық есептілік тәртібін күшейту қажет. Уәкілетті білім беру органдарында білім беру секторына бөлінген мемлекеттік және жеке ресурстардың жалпы сомасы туралы нақты түсінік болуы тиіс. Бұл ақпарат кіші деңгейлер (яғни мектепке дейінгі, жалпы орта, кәсіптік-техникалық білім және т.б.), шығыстардың түрлері бойынша және ақшаны бағыттау орнының толық географиялық белгіленуімен жеңіл қолжетімді болуы тиіс. Білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде Білім және ғылым министрлігінің аналитиктері ресурстардың тиімді бөлінуін бағалау үшін бір оқушыға арналған шығыс сомаларын, сынып көлемдерін, үкімет басымдықтары қойған кадрлық және басқа тиісті көрсеткіштерді салыстыру мүмкіндігіне ие болуы тиіс.

---

#### *Ресурстарды пайдалану тиімділігін талдау*

---

Күшті талдау әлеуеті үкіметтің әзірленген саясат өзгерістерін тиімді жүзеге асыруға жағдайы бар екеніне кепілдік береді. Бухгалтерлік есепке алу, бюджеттендіру, мониторинг және бақылау саласындағы талдау әлеуетін арттыру арқылы Қазақстан шешімдер негізделетін ресурстарды пайдалану туралы ақпаратты жақсы пайдалана алады. Білім беру саласын дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы (БДМБ) қазіргі мониторинг жүйесі сандық көрсеткіштерге негізделсе, этижелілікке қатысты ресурстарды пайдалану тиімділігін өлшеу жолдары назарсыз қалуда. Сондай-ақ, өңірлік деңгейде нәтижелілік негізінде мониторинг нашар жүруде. Білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде тиісті нәтижелерді қадағалайтын бюджеттендіру процесі ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

---

#### *Ақпаратты белсенді тарату және ашықтықты арттыру*

---

Қазақстан мектептер мен жергілікті органдардың қызметі туралы ақпарат, оның ішінде мектеп және білім беруге бөлінген жергілікті бюджет туралы ақпарат тарату жүйесін жақсартуды қажет етеді. Есептерді тарату есептілік процесінде қағаз жұмысын көбейту ретінде қарастырылуы мүмкін болса, мектеп бақылау органдары ата-аналар мен сайлаушылар олардың қоғамындағы мектептердің қалай жұмыс істейтінін және мектеп ресурстарының қалай пайдаланылатынын білуі үшін бірыңғай ұлттық форматты пайдалану мүмкіндігін қарастыруы тиіс. Бұл қоғам үшін қол жетімді тілде мектеп аттестаттауы есептерінің (немесе олардың бөліктерінің) басылымына енгізілуі мүмкін. Мұндай басылымдарға мектеп аттестаттауы туралы есепте көрсетілген бұзушылықтар үшін жауапты тұлғаларды сәйкестендіру сияқты жеке ақпараттың жариялануына жол бермеу қажет. Дәл солай, мектептер ашықтықты ұлғайта отырып, Интернетте немесе мектептердің ақпарат қабырғаларында орналастыра отырып, қол жетімді тілде олардың қызметі және қаржылық жоспарлары туралы есептерді таратуы тиіс.

Қамқорлық кеңестерінің практикалық пайдасы олардың мүшелерін ресурстарды пайдалану мәселелері бойынша даярлау арқылы ұлғайтылуы мүмкін. Қамқорлық кеңестері ұлттық және жергілікті билік органдарынан олардың міндеттеріне қатысты көбірек нұсқаулар алуы тиіс және қажетті біліктілік бойынша Кеңес мүшелерін таңдау кезінде ерекше назар аудару қажет. Әлеуетті дамыту бойынша күш (I) есептіліктің қазіргі ашықтығы мен тетіктерін түсіну; (II) мектеп ресурстарының мониторингі; (III) жергілікті билік органдарына тәуелсіз жұмыс жүргізу; және (IV) ресурстарды пайдалану тиімділігі мен әділдігі мәселелерін түсіну сияқты салаларда Кеңестің білім деңгейін арттыруға бағытталуы тиіс.



Ресурстарды асыра пайдалану және сыбайлас жемқорлық үшін мүмкіндіктерді қысқарту даму процесінде басым мақсат болуы тиіс. Тұтас тәсіл ресурстардың пайдаланылуын реттейтін ережелердің сақталуын бақылау мен есептілік жүйесі мен тиісті ашықтық беру арасында теңгерімді талап етеді. Қоғамдық өмірдегі біртұтастықты ілгері жылжыту және барлық мүдделі тараптарды алаяқтық және сыбайлас жемқорлық актілерін жою үшін тану қаралатын негізгі саяси бастамалар болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мүмкіндіктерін азайту үшін сыбайлас жемқорлық себептерін анықтау, адамдар арасында хабардарлық деңгейін арттыру, жеткізуді көтермелеу және құралдарды асыра пайдалануға әкелетін нормалар жүйесіндегі бар олқылықтарды жабу қажет.

## 1-БӨЛІМ ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ

Қазақстанның анық суреттелген лауазымдық сатының төменгі деңгейлеріндегі аз ғана саяси, әкімшілік және қаржылық өкілеттіктерді беретін, жоғарыдан төмен қарай айқын орталықтандырылған жүйесі бар. Бұл жоспарлау мен нормалардың кең жүйесімен сипатталатын білім беру жүйесінде байқалады. Қазақстан елдің көрінісін бекіту үшін, сондай-ақ орталық деңгейдегі білім беру жүйесіндегі әрбір аспектіні реттеу үшін ұлттық стратегиялық жоспарлауды пайдаланады. Жоспарлаудың бірқатар стратегиялары мен құжаттары, атап айтқанда Қазақстан Республикасының білім беру саласын дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - БДМБ) саясаттың жүйелілігі мен бағыттылығын қамтамасыз етеді. Негізгі бастамаларды дамыту мен білім беру стратегияларын анықтауда Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің рөлі маңызды, ал бұл кезде ҚР БҒМ білім беру стратегияларын жүзеге асыру бойынша әрекеттер жоспарын жасауға шоғырландырылады. Өңірлер (облыстар, Астана және Алматы қалалары) және аудандар мектептердегі білім беру қызметтерін беруді қамтамасыз етуге жауапты болады. Қазақстанда орта, оның ішінде бастауыш білім міндетті болып табылады және оқушылар мемлекеттік мектепке тегін негізде баруға құқылы. Мектепке бару жүз пайызды болып табылады. Мектептердің көлемі мен орналасуы Қазақстандағы мектеп желісінің негізгі ерекшелігі болып табылады. Қала мектептері оқушы орындарының жетіспеу үрдісін бастарынан кешіреді және бірнеше кезекте оқиды. Сонымен қатар, халықтың тығыздығының төмендігі және мектептегі білім беруге жалпыға ортақ қол жетімділік саясаты ауылды жерлерде шағын жинақталған мектептердің көбеюіне алып келді (барлық мектептердің 50% - ына жуық). PISA зерттеулері бойынша оқушылардың білім алу нәтижелері, ЭБДҰ бойынша орташа көрсеткіштерден айтарлықтай төмен. Математика бойынша орташа мәндердің айырмасына қарағанда, қазақстандық 15 жасар оқушылар ЭБДҰ елдеріндегі өздерінің қатарластарынан орташа алғанда екі жылға артта қалып отыр. PISA деректері бойынша, мектептердегі оқыту тілі (қазақша немесе орысша), мектептің орналасуы (қала/ауыл) және оқушылар мен мектептердің әлеуметтік-экономикалық жағдайы оқушылардың жетістіктеріне әсер етеді. Облыстағы реформалар бойынша іс-шаралар жоспары амбициялық болып табылады және маңызды бастамалардың бірқатары, мысалы, мектепке дейінгі желіні кеңейту, мектептерді жан басына қаржыландыру мен 12 жылдық оқытуды енгізу жүргізіліп жатыр.

## Ұлттық мәнмәтін

### Географиялық және демографиялық сипаттамалар

Орталық Азияда орналасқан Қазақстан аумағы Франция, Германия және Польшаны қоса алғанда екі есе көп, әлемде құрлық беті бойынша тоғызыншы ел болып табылады. Ел солтүстігінде Ресеймен, батысында оңтүстік-шығысында Қытаймен, оңтүстігінде Қырғызстан және Өзбекстанмен, оңтүстік-батысында Түркіменстанмен шекараласады. Қазақстанның халқы 2013 жылы 17 миллион адамды құрады. Аумағының үлкендігі және халқының санының аздығы халықтың тығыздығының төмендігіне себепші болады, 2013 жылы, бағалауға сәйкес, 1 шаршы метріне 6,2 адамды құрады (АТО, 2014).

1.1-сурет Қазақстанның облыстары



Дереккөз: BernardTom, Wikipedia Commons, «АТО» АҚ (2014)

Климат жағдайлары кейбір аудандардағы білім беру қызметтерін ұсынуға және бағасына айтарлықтай әсер етеді. Қазақстан жазда орташа +30 °С және қыста орташа –20 °С айрықша температуралармен ерекшеленеді. Батысы мен оңтүстігінің көп бөлігін қоса алғанда, елдің жартысынан көбі жартылай шөлде (аумақтың 12%-ы) немесе шөлде (44%) орналасқан. Күрделі экологиялық проблемалар бұрынғы ядролық, өнеркәсіптік немесе кен рудасы объектілері аумағында, сонымен қатар судың жеткіліксіздігінен және құрғақшылықтан туындайтын жердің азуы сияқты күрделі экологиялық проблемаларды басынан кешіретін аудандарда тұратын балаларға білім беруге және олардың әл-ауқатына да әсер етеді.

Қазақстан халықтың біркелкі емес пирамидасымен сипатталады (1.А1 қосымшасын қараңыз). Ел халқының төрттен бір бөлігі мектепке дейінгі жастағы балалар екенін ескере отырып, 15 жасқа дейінгі балалар халықтың бестен бір бөлігін құрайтын ЭЫДҰ елдеріне қарағанда, Қазақстанға көбірек балаларға білім беруге тура келеді. Қазіргі кезде туу жасындағы әйелдердің туу деңгейі 2,5-ке тұрақтанғанына қарамастан, 1990-жылдардағы шұғыл қысқарудан болған ауытқулар 2008 жылы 2,7 болып шегіне жетіп, оқушыларды есепке алған кезде қиындықтарға алып келді.

Ел бойынша халық санының динамикасы біркелкі емес: солтүстік өңірлерде туудың төмендеуі болжанса, оңтүстікте күрт өсуі байқалады. Шығыс Қазақстан, Қостанай, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Ақмола және Павлодар облыстарында 1999-2009 жылдары халықтың азаюы байқалды, осы ретте Солтүстік-Қазақстан облысындағы тұрғындар саны 18%-ға қысқарды. Мұнымен салыстырғанда осы кезеңде Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстарының, Астана және Алматы қалаларының халқы 20%-дан астам өсті. 2013 жылы халықтың жартысынан астамы (9,4 миллион) қалаларда өмір сүрді және кенттену үрдісінің өсуі байқалды (АТО, 2014).

Кенттенудің аса жоғары деңгейі Қарағанды (қала халқының жалпы санының 79%-ы), Павлодар (70%), Ақтөбе (62%) және Шығыс Қазақстан облыстарында (59%) байқалды. Сонымен қатар халықтың жоғары шоғырлануы Алматы (ауыл халқының жалпы санының 77%-ы), Оңтүстік Қазақстан (61%), Жамбыл (60%), Солтүстік Қазақстан (58%) және Қызылорда (57%) облыстарында байқалды.

Қазақстандағы мектептер елдің үлкен этникалық, діни және тілдік өзгешелігін көрсетеді. Оларда 23 түрлі ұлт оқушылары оқиды. Этникалық қазақтар оқушылардың 73%-ын, этникалық орыстар - 14%-ын, этникалық өзбектер 4%-ын құрайды. Басқа аз ұлттар Кеңес Одағы кезеңіндегі халықтың орын ауыстыруын көрсетеді және мыналарды қамтиды: украиналықтар (1,3%), ұйғырлар (1,5%), немістер (1,0%) (АТО, 2014). Қазақстан халқында мұсылмандар басым (70%), халықтың (26%) өздерін христиандарға жатқызады, ал 3,5%-ы «басқа» деп көрсетеді немесе өздерін ешқандай дінге жатқызбайды. Осы ретте Конституцияға сәйкес Қазақстан зайырлы мемлекет болып табылады (ЭЫДҰ, 2014 ж.).


Оқушылар бір немесе екі ресми тілдің бірінде (қазақша немесе орысша) немесе басқа аз халықтардың тілдерінде оқи алады. Қазақ тілі республиканың мемлекеттік тілі болып саналады, 2009 жылғы халық санағының деректеріне сәйкес, оны халықтың үштен екі бөлігі түсінеді. Орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі болып саналады және оны іс жүзінде барлық халық түсінеді (халықтың 94%-ы). Ағылшын тілін халықтың 15,4%-ы түсінеді. Ұлттық сәйкестендіруді бекіту үшін қазақ тілінің басымдығы қазақ тілінде оқытатын мектептер санының өсуіне әкелді. 2012 жылы көптеген мектептерде оқыту тілі қазақ тілі (3 819 мектеп), одан кейін орыс тілі (1 394), өзбек тілі (60), ұйғыр (14), тәжік тілі болды (2) (АТО, 2014). Шамамен 2 113 мектепте оқыту бір тілден артық тілде жүргізіледі.

Көші-конның таза деңгейі (эмигранттар мен иммигранттар арасындағы айырмашылық) 2008-2012 жылдар кезеңінде 6 990 адамды құрады. Иммигранттар мен эмигранттар құрылымында айтарлықтай айырмашылық бар. Жоғарғы білім бар эмигранттар саны (5 829) иммигранттарға қарағанда екі еседей көп (3 096) (АТО, 2014), бұл «білімді адамдардың кетуі» әлеуеттік проблемасын көрсетеді. Шетелдік азаматтар халықтың 0,4% -ын ғана құрайды. Балалар еңбегіне жол бермеу мақсатында, 2012 жылы Қазақстан маусымдық мигранттарды қоса алғанда, еңбек мигранттарының балаларына да Қазақстан балалары сияқты оқу орындарына бару құқығын берді (Антонович, 2013).

### ***Экономикалық өсу және теңсіздік***

Қазақстан соңғы онжылдықта айтарлықтай экономикалық өсуге қол жеткізді. 2000 жылдардағы тез өсу 2008 жылғы әлемдік дағдарыс басталған кезде шұғыл төмендеп кетті, алайда, 2009 жылдың соңына қарай өсу қалпына келді. 2010 жылы ЖІӨ-нің жылдық өсуі 7%-ды құрады, осы ретте инфляция деңгейі тұрақты болып қалды. 2011 жылы жан басына шаққандағы ЖІӨ 11 358 АҚШ долларын құрады, ол соңғы он жыл ішінде екі есе өсті, сондықтан Қазақстан табыс деңгейі орташа деңгейден жоғары елдерге жатады. Солай бола тұра, 1991 жылы Кеңес Одағынан бөлінумен және нарықтық экономикаға көшумен байланысты қиындықтар білім беру секторына ерекше қатты соққы берді. Шұғыл өзгерістер шамамен 3 668 жуық мектепке дейінгі ұйым мен 590 мектептің жабылуын және мұғалімдердің еңбекақысының қатты қысқаруын қамтиды (АДБ, 2004). 1.2-сурет 1993 және 2013 жылдар арасындағы мемлекеттік тұтынушылық шығындарды және халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ өсуін көрсетеді.

## 1.2-сурет Халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің динамикасы және мемлекеттік тұтынушылық шығындар



### Ескертулер:

Соңғы тұтынуға арналған жалпы мемлекеттік шығыстар (бұрын жалпы мемлекеттік тұтыну деп аталатын) тауарлар мен қызметтерді сатып алуға арналған барлық ағымдағы мемлекеттік шығыстарды (қызметкерлердің еңбекақысын қоса алғанда) қамтиды. Олар, сондай-ақ, елдің қауіпсіздігі мен қорғанысына арналған шығыстардың көбін қамтиды, бірақ мемлекеттік капиталдың бір бөлігі болып табылатын мемлекеттік әскери шығыстарды қамтымайды.

Дереккөз: Дүниежүзілік банк статистикасы (2014), Дүниежүзілік банктің ұлттық есепшотының деректері, Дүниежүзілік банк деректерінің веб-сайты, <http://data.worldbank.org/indicator/NY.GDP.PCAP.CD>; UNDATA (2014), ЮНЕСКО Статистика институтының веб-сайты, [https://data.un.org/Data.aspx?q=public+expenditure+per+capita+percentage+GDP&d=UNESCO&f=series%3aXUNIT\\_GDPCAP\\_F\\_SGOV](https://data.un.org/Data.aspx?q=public+expenditure+per+capita+percentage+GDP&d=UNESCO&f=series%3aXUNIT_GDPCAP_F_SGOV)

Қазақстандағы экономикалық қызмет және инвестициялар кен өндіру салалары айналасында шоғырланған (мұнайгаз, кен өндіру саласы), ал экономикалық өсу әлемдік баға мен өндірістің өсуімен күшейе түседі. Кен өндіру салаларына Қазақстан экспортының 65%-ы және 2009 жылғы тікелей шетелдік инвестициялар ағымының 70%-ы келеді (ЭЫДҰ, 2012). Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) жуырда елде «голланд ауруы» болуын көрсететін индикаторларды анықтады (табиғи ресурстардың экономикалық өсуінің артуы және өңдеу өнекәсібі немесе ауыл шаруашылығындағы өндіріс көлемдерінің төмендеуі арасындағы елеулі байланыс) (ХВҚ, 2013). Көлік, фармацевтикалық, телекоммуникациялық, мұнай-химиялық және тамақ салаларын дамыту жолымен экономиканы әртараптандыру бойынша күш салуға қарамастан, бұл салалардың өнімділігі мен бәсекеге қабілеттілігі аз болып қалуда. Мұнай және басқа кен өндіру салаларына артық тәуелділік мемлекеттік шығыстардың өндіріс шоқтары мен әлемдік бағаларға қатты ұшырайтынын білдіреді. Бұл 2014 жылы мұнай бағасының төмендеуінен байқалды. Қолда бар бағалауға сәйкес, мұнай табыстарының салықтары 2006 жылы мемлекеттік кірістердің 37%-ын құрады (Дали, 2008).

Табыстарды жеке және географиялық бөлуде үлкен айырмашылық сақталады. Джинни коэффициенті, 0-ден (мінсіз теңдік) 1-ге дейінгі (ең жоғары теңсіздік) шекте болатын, қоғамдағы кірістердің теңсіздігі деңгейін өлшейтін көрсеткіш, соңғы он жыл ішінде 2001 жылғы 0,34-тен

2012 жылғы 0,28-ге дейін тұрақты жақсарып келген (АТО, 2014). Кедейлік шегінен төмен тұратын халықтың үлесі 2012 жылы 3,8%-ға дейін төмендеді (АТО, 2014). Ауыл және қала халқы арасындағы айырмашылық бұрынғыдай үлкен. Мысалы, қалаларға қарағанда, ауылды жерде күніне 2,3 АҚШ долларына тең кедейлік шегінен төмен адамдар екі есе көп тұрады (Дүниежүзілік банк, 2012). Қазақстан халқының денсаулығы мен әл-ауқатының индикаторлары адам дамуы саласында айтарлықтай қиындықтар бар екенін көрсетеді. Табыс деңгейі ұқсас елдермен салыстырғанда, өмір сүрудің орташа ұзақтығы төмен болып қалуда және соңғы он жыл ішіндегі жақсаруға қарамастан, ана, нәресте және балалар (бес жасқа дейінгі) өлімі деңгейі бұрынғысынша жоғары болып қалуда (ЭЫДҰ, 2014 ж).

Еңбек нарығы әйелдер қатысуының жоғары үлесімен, білікті кадрлармен және жұмыссыздықтың төмен деңгейімен сипатталады. 2011 жылы 15 жастан жоғары адамдардың жұмыспен қамтылу деңгейі 72%-ды құрады, бұл үлес 2000 жылдан бастап едәуір тұрақты болып қалды. Халықтың еңбекке қабілетті ер азаматтарының үлесі 77% (ЭЫДҰ бойынша орта есеппен 79%), ал әйелдердің үлесі – 67% (ЭЫДҰ бойынша орта есеппен 62%) құрайды (ЭЫДҰ, 2014а). 2010 жылы 25 жастағы және одан үлкен ересек халықтың төрттен бір бөлігіне жуығының жоғары білімі болды (АТО, 2014). Жұмыссыздық деңгейі 2000 жылғы 12,8%-дан 2012 жылғы 5,3%-ға дейін төмендеді (АТО, 2014). 2011 жылы жұмыс істейтін халықтың көп бөлігі қызмет көрсету саласында (55%), шамамен бестен бір бөлігі - өнеркәсіп секторында, 27%-ы ауыл шаруашылығында жұмыс істеді, алайда, соңғысы ЖІӨ-нің 5%-ын ғана құрайды (Дүниежүзілік банк, 2012). Қолда бар бағалауға сәйкес формалды емес экономика 2007жылы ЖІӨ-нің 38%-ын құрады (Шнайдер және басқалары, 2010).

Ел әлімдік қоғамдастық өміріне белсенді қатысады және негізгі халықаралық ұйымдар мен донорлардың барлығы Қазақстанда бар. Дүниежүзілік банк, Азия даму банкі және Халықаралық валюта қоры 1990 жылдардағы дамыту мақсаттары үшін Қазақстанға едәуір қарыз берген халықаралық үкіметтік ұйымдар санына кіреді. 2000 жылдардың басында Қазақстан қарыздарды төледі және бар болғаны бір онжылдық ішінде донорларды қолдаудан бас тартқан аздаған елдердің бірі болып, халықаралық нарықтардан қарыз алуды жүзеге асыра алды. Азия даму банкі және ЮНИСЕФ білім беру саласын қолдауға ерекше қатысты (АДБ, 2004 және ЮНИСЕФ, 2010 қараңыз). Үкімет елдің Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіруі бойынша жұмыс істеуде және дамыған елдердің деңгейіне сәйкес келетін мемлекеттік саясат әзірлеу бойынша ЭЫДҰ-мен бұрынғыдан да көбірек ынтымақтастық жасауда.<sup>2</sup> Бұдан басқа, Қазақстан Ресей Федерациясымен және Беларусь Республикасымен бірге Еуразиялық экономикалық одақ құруда<sup>3</sup>.

## **Білім беру жүйесін басқару**

### ***Функцияларды көпдеңгейлі бөлу***

Қазақстан өзінің тәуелсіздігі туралы 1991 жылы жариялады және заңнамалық, атқарушылық және сот тармақтарына ресми бөлінген билігі бар басқарудың президенттік жүйесінің негізін қалады. Президент Нұрсұлтан Назарбаев үкіметті 1991 жылдан басқарып келеді. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Премьер-Министрдің, барлық салалық министрлердің, өңірлік әкімдердің қызметін бақылауды жүзеге асырады. Қазақстанның саяси жүйесін тәуелсіз зерттеу демографиялық процестердің шектелуін және қоғамдық талқылаудың жеткіліксіз еркіндігін анықтады (ICG, 2013; Хайнрих, 2010; Бхуян, 2012).

Қазақстан айқын бөлінген иерархияның төменгі деңгейлеріне саяси, әкімшілік және фискалды өкілеттіліктерді өте аз қалдыратын, жоғары орталықтандырылған, иерархиялық ұйымдастырылған

<sup>2</sup> Соңғы жылдары Қазақстан мектептерде ресурстарды пайдалану тиімділігі туралы осы шолуды санамағанда, ЭЫДҰ-ның білім беру саласындағы бірнеше шолуларына қатысты: кіші жастағы балаларды тәрбиелеу және білім беру (Литенс және басқалары, жариялауға дайындалуда), кәсіптік білім беру және дайындық (Алварез-Галван, 2014), мектеп жүйесінің жалпы шолуы (ЭЫДҰ, 2014а), ерекше қажеттіліктері бар және мүмкіндіктері шектеулі оқушылар (ЭЫДҰ, 2010), жоғары білім (ЭЫДҰ, 2007).

<sup>3</sup> 2015 жылы Армения және Қырғыз Республикасы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болды.

жүйе ретінде сипатталады. Әкімшілік тұрғыда ел 14 өңірге және республикалық маңызы бар екі қала - қазіргі Астана және бұрынғы астана Алматы қалаларына бөлінген. Президент тағайындайтын облыс әкімдері жергілікті жерлердегі оның өкілдері болып табылады, өңірлерді басқарады және Президенттің мемлекеттік стратегиялық шешімдерінің орындалуына жауап береді. Бұдан әрі ел 87 қаланы, 37 кентті және 6904 ауылдық елді мекенді қамтитын 175 ауданға бөлінген. Облыс әкімдері аудан басшыларын лауазымға тағайындауға және одан босатуға да жауапты болады.

Білім беру жүйесінде ұлттық деңгейде бірнеше тарап бар. Президент Әкімшілігі білім беру стратегиясын белгілеу мен негізгі бастамаларды дайындауда маңызды рөл атқарады. Президент білім беру саласындағы барлық негізгі бастамаларға қатысады және әдетте, әр жылдың қаңтар айында шығарылатын өзінің жыл сайынғы жолдауында білім беру жүйесі үшін нұсқаулар береді, кейін оларды ҚР БҒМ іске асырады. Бұдан бақа, Президент Әкімшілігі дарынды балаларды оқытуға арналған «Назарбаев зияткерлік мектептері» желісін дамыту сияқты, ел үшін ерекше маңызы бар бастамаларды тікелей әзірлейді және жүзеге асырады (3-бөлімдегі 3.1-ендірмені қараңыз). Президент Әкімшілігі білім беру стратегияларында белгіленген мақсаттарға қол жеткізу барысының мониторингі бойынша есептерді жалпы қарауға да жауап береді.

ҚР БҒМ білім беру, ғылым, балалар құқығын қорғау және жастар саясаты саласындағы бақару мен салааралық үйлестіруге жауап беретін орталық орган болып табылады. «Білім туралы» 2007 жылғы ҚР Заңы ҚР БҒМ-ге келесі өкілеттіктерді береді: білім беру саласындағы саясатты анықтау және орындау, білім беруді қаржыландыру бойынша нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу, білім беру стандарттары мен оқу бағдарламаларын әзірлеу, бағалау жүйелерін ұйымдастыру және енгізу, мұғалімдерді даярлауға қойылатын талаптарды қалыптастыру, қазақ тілінде оқыту процесін қолдау, білім беру саласындағы халықаралық келісімдерге қол қою. ҚР БҒМ ерекше маңызды бағыттар бойынша өз жұмыстарын қолдау үшін бірнеше ведомстволық бағынышты ұйым құрды (2-бөлімді қараңыз).

Стратегиялық және ағымдағы жоспарлар қысқа, орташа және ұзақ мерзімді болашаққа арналған бағыттар мен мақсаттарды айқындайды, ал нормативтік құжаттар жүйесі осы бағыттар мен мақсаттардың қалай жүзеге асырылатынын белгілейді. Ұлттық мақсаттарды жүзеге асыру және нормативтік құжаттар жүйесіне сәйкестігін қамтамасыз ету барысының мониторингі үшін барлық деңгейде көптеген тетіктер бар. Жалпы, ҚР БҒМ Президент Әкімшілігі алдында есеп береді, оның тиімділігін ЭБЖМ (2014 жылғы тамыздан бастап Ұлттық экономика министрлігі болған), ал бюджеттің орындалуын ҚМ бақылайды.

Облыстар мен аудандар мектептерде білім беру қызметтерінің ұсынылуына жауапты болады. Облыстар мен аудандардың шығыстарды жүзеге асыру бойынша міндеттерінің нақты анықтамасы 2007 жылғы Бюджет кодексында белгіленген. Осыған дейін әрбір облыс өзінің қарауы бойынша денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қамтамасыз ету саласындағы қызметтері бойынша міндеттемелерді аудандарға беретін. Теорияда бұл түрлі сипатқа және жергілікті билік органдарының түрлі жергілікті жағдайларға бейімделуіне алып келуі мүмкін еді. Алайда, шын мәнінде, шығындарды жүзеге асыру кезіндегі қарастырудың құқығын шектеумен бірге нормативтік құжаттар мен жоспарлаудың ауқымды жүйесі жергілікті деңгейде қызметтер көрсетудегі аз ғана өзгешеліктерге алып келді (Махмутова, 2001). Оған қоса, облыстар мен аудандар орталық атқарушы органдардың саясатын бұза алмайды және ұлттық мүдделерді сақтауы тиіс (Бхуйян, 2010).

ЭЫДҰ елдерімен салыстырғанда Қазақстандағы мектептер дербестіктің шағын дәрежесіне ие. Олардың міндеттеріне сыныптар арасында оқушыларды бөлу, үлгерімі төмен оқушыларды қолдау стратегиясын әзірлеу, басшылық және педагогикалық құрам тобын құру кіреді. Мектеп директорларында кадрлық ресурстарды басқаруда дербестіктің салыстырмалы түрде жоғары деңгейі бар, атап айтқанда, мұғалімдерді жалдау, олардың арасындағы міндеттерді бөлу және оларды жұмыстан шығару. Алайда, мектептегі лауазымдардың саны мен түрлері орталық нормативтік құжаттармен, әсіресе оқу жоспарына қойылатын талаптармен, үлгілік штаттармен және мектептегі оқушылардың санымен қатаң реттеледі. Мектеп директоры мұғалімдердің апталық жүктемесін ставка жүйесіне сәйкес бөледі. Бұл мектепте талап етілмеген мұғалімдерге

оларды жұмыстан шығарудың орнына аз сағат саны бөлінетінін білдіреді (толығырақ 3-бөлімді қараңыз). Шындығында, жұмыстан шығару өте сирек кездеседі. Мектеп директоры қандай мұғалімдерді өзінің орынбасарлары етіп тағайындайтынын өзі шеше алады, бірақ директордың орынбасарларының түрі мен саны заңнамамен бекітілген.

Қамқоршылық кеңестер мен ата-аналар комитеттері мектеп қызметінде маңызды рөл атқарады. Оқып жатқан балалардың ата-аналарынан тұратын ата-аналар комитетінің барлық мектепте болуы дәстүрлі қалыптасқан. Олар мұғалімдер ата-аналар жиналысында сайлайтын ата-аналардың ресми емес (заңнама түрінде тіркелмеген) тобы болып табылады. Олардың функциялары қолдаушы болған және солай қалады, олар мектеп іс-шараларын ұйымдастырады, әлеуметтік және мәдени қызметке, мектеп саяхаттарын ұйымдастыруға және т.б. көмектеседі. Әдетте, оларда мектептің кадрлық және қаржылық құжаттарына рұқсат болмайды. Кейбір мектептерде 2007 жылдан бастап Қамқоршылық кеңестері жұмыс істеп келеді. Олардың құрамына, ата-аналардан басқа, қоғам және басқа жергілікті көшбасшылар өкілдері кіреді. Олардың мектепті басқарудағы функцияларына мектеп стратегиясын әзірлеуге қатысу, негізгі қызметкерлерді тағайындау және мектептің қаржылық қызметін бақылау кіреді. Алайда, Қамқоршылық кеңестері бұл маңызды міндеттерге тек сирек жағдайларда ғана қатысады, қазіргі кезде олардың қызметі ата-аналар комитеті сияқты, әлеуметтік және мәдени шараларды ұйымдастыруға жәрдемдесуден тұрады. Оған қоса, бүгінгі күнге дейін олар барлық мектептердің жартысынан азында ғана құрылған. Тоғызыншы сынып оқушыларының ата-аналары арасында сауалнама жүргізу ата-аналардың 40%-ы мектеп іс-шараларына және сынып жұмысына үнемі қатысатынын, ал қалғандары мұғалімдер мен ата-аналардың жиналыстарына сирек келетіндерін көрсетті. Ата-аналардың шамамен 75%-ы өз балаларына үй жұмысын орындау кезінде үнемі көмектеседі (ҰБСБО, 2012). Қазақстанда ата-аналар, әдетте, орта есеппен алғанда ЭЫДҰ елдеріне қарағанда, өз балаларының білім алуына көбірек араласады (ЭЫДҰ, 2013а).

Қазақстандағы даму стратегиялары жөніндегі консультациялар, әдетте, тек мемлекеттік органдар арасында ғана жүргізіледі және ұйымдастырушылық иерархия тәртібінде жүзеге асырылады. Азаматтық қоғам мен мүдделі топтардың білім беру саласындағы рөлі үлкен емес. ҚР БҒМ ресми веб-сайтын жасап және оны жүйелі жаңартып және білім беру ұйымдарын өздерінің веб-сайттарын жасауға көтермелеп, ашықтықты арттыруға тырысты.

Кеңес Одағының ыдырауы және шетелдік донорлық ұйымдардың одан кейінгі қызметі Қазақстанда коммерциялық емес сектордың пайда болуына және дамуына ықпал етті. Дегенмен, көбі белсенді емес 200 ресми тіркелген ұйымның ішінен қазіргі үкіметтік емес ұйымдардың (ҰЕҰ) саны және олардың білім беру секторына нақты әсері аз болып көрінеді (Ибраева және Нежина, 2013) және халықаралық ұйымдардың білім беру жүйесін дамытудағы маңыздылығы біртіндеп төмендеуде. Соңғы онжылдық ішінде білім беру жүйесі үшін кейбір қаржыландыру сыртқы ұйымдардан қарыздар, гранттар, демеушілік және қайырымдылық көмек түрінде түсіп отырды. Білім беру саласындағы жобаларын қолдайтын халықаралық ұйымдарға мемлекеттік стратегиялар мен реформалар саясатын әзірлеудегі техникалық көмектен бастап оқу алмасу бағдарламаларына дейінгі әр түрлі тәжірибесі мен басымдығы бар ұйымдар кіреді. Халықаралық үкіметтік ұйымдарды (мысалы, Еуропалық комиссия, АДБ, Дүниежүзілік банк, ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ), жекелеген елдердің үкіметтік ұйымдарын және басқа ҰЕҰ (мысалы, Сорос Қоры) қоса алғанда олардың көпшілігі өз қызметін 1990 жылдардың басында және ортасында бастады. Әдетте, басымдықтар білім берудің демократиялық құндылықтарын дамытудан, басқаруды орталықсыздандыру мен институционалдық дамудан, жаңа оқулықтар мен оқу материалдарын әзірлеу мен жариялаудан, мұғалімдер мен басшыларды өндірістен қол үзбей оқытудан тұрады (АДБ, 2004).

### ***Құқықтық және стратегиялық негіздер***

Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995) мен «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2007) білім беру жүйесінің негіздерін айқындайды. Заң білім берудің мақсаттары мен қағидаттарын, әкімшілік құрылымын, мемлекеттік және жеке меншік мектептер жүйесін белгілейді. Ол, сондай-ақ, білім беру ұйымдарының әкімшілік және қаржылық орталықсыздандырылуын белгілейді. Білім берудің нормативтік-құқықтық негізіне басқа



заңнамалық актілердің, Президент жарлықтарының, Үкімет қаулыларының, Білім және ғылым министрі бұйрықтарының, ҚР БҒМ алқасы шешімдерінің белгілі бір ережелері кіреді. Білім беру саласындағы саясатты әзірлеу түрлі жоспарлы құжаттар мен стратегиялардың, атап айтқанда, БДМБ негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстанда елдің көрінісін жалпы анықтау үшін, сондай-ақ орталық деңгейдегі білім беру жүйесінің әрбір аспектісін реттеу үшін мемлекеттік стратегиялық жоспарлау жүйесі қолданылады. Бірқатар стратегиялар мен жоспарлы құжаттар келісушілікті қамтамасыз етеді және қысқа, орташа және ұзақ мерзімді болашақта саясат әзірлеу кезінде нұсқаулық ретінде пайдаланылады. Барлық негізгі стратегиялық құжаттар заңнамалық құрылымның бір бөлігі болып саналады. Мектепте білім беру жүйесін стратегиялық жоспарлаудың мемлекеттік жүйесіне төмендегілер кіреді:

- **Ұзақ мерзімді перспективаға:** 2012 жылы қабылданған «Қазақстан-2050: бір ел, бір халық, бір тағдыр» стратегиясы 1997 жылы қабылданған «Қазақстан-2030» стратегиясын алмастырады және алдағы жылдары елдің көрінісін қамтиды.
- **Орташа мерзімді перспективаға:** бірнеше стратегиялық құжаттар, атап айтқанда БДМБ (2010 жылы қабылданған) және Білім және ғылым министрлігінің 2011-2015 және 2014-2018 (2014 жылғы) жылдарға арналған Стратегиялық жоспары қабылданды. Сонымен қатар, Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі іс-қимылдың 2012-2016 жылдарға ұлттық жоспары (2012 жылғы), Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2012 жылғы) қабылданды.
- **Қысқа мерзімді перспективаға:** Президенттің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауы жаңа бастамалар мен жаңа стратегияларды қабылдауға мүмкіндік береді, содан кейін олар, әдетте, стратегиялық салалық құжаттар мен заңдар шеңберінде әзірленеді. Министрліктер, ҚР БҒМ қоса алғанда, әр жылға арналған ағымдағы жеке жоспарларын әзірлейді.

Стратегиялар тиісті мемлекеттік органдарға арналған есептілікте тұрақты түрде қадағаланатын және көрсетілетін, іске асыру барысын өлшеуге арналған белгілі бір нысаналы индикаторлар мен көрсеткіштерді қамтиды. Жоспарлау жүйесі ұйымдастырушылық иерархия негізінде жұмыс істейді. Облыстар және, сәйкесінше, аудандар да ұлттық стратегиялық мақсаттарды нақты өңірлік және жергілікті іске асыру жоспарларына өзгертіп және нысаналы мәндерді қызмет саласындағы мониторинг индикаторларына тұжырымдай отырып, білім беру жөніндегі өз стратегиялары мен жоспарлық құжаттарын әзірлейді. Стратегиялық жоспарлаудың мұндай тәсілі алысқа бағытталған стратегиялық мақсаттардың көрсеткіштер қатарына барабар бөліне алады және жергілікті және өңірлік органдар олардың басты құралы ретінде осы көрсеткіштер арқылы нәтижелерді бақылай алады деген болжамға негізделген.

### **Мектептегі білім беру жүйесінің құрылымы мен негізгі сипаттамалары**

Қазақстандағы білім беру мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және орта (жалпы орта, техникалық және кәсіптік білімді қоса алғанда), орта білімнен кейінгі, жоғары білімге (1.А2 қосымшасындағы білім беру жүйесінің құрылымын қараңыз) бөлінеді. Осы есептегі «мектептегі білім беру» термині бастауыш білімді (1-4 сыныптар), негізгі орта білімді (5-9 сыныптар) және жалпы орта білімді (10-11 және 12<sup>3</sup> сыныптар) білдіреді. Конституцияға сәйкес, білім берудің осы деңгейлері мемлекеттік білім беру ұйымдарында міндетті және тегін болып табылады.

---

Бұл баяндамадағы талдау аймағы мектептегі білім беру ресурстарын пайдаланумен шектелгенін атап өту қажет (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім).

## ***Білім беру жүйесінің құрылымы***

### ***Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту***

Мемлекеттік бөбекжайлар мен балабақшалар желісі 0-ден 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамтамасыз етеді. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарымен қамту мектептегі білім беруде байқалатын қамтудың жоғары деңгейлерінен артта қалған. 1990-жылдардың басында, әсіресе ауылды жерлерде, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының 70%-ы жабылып қалғн, осының нәтижесінде балалардың көпшілігінде мектепке дейінгі білімге қол жетімділігі болмады. Қазақстанда 2005-2010 жылдар аралығындағы кезеңде ел бойынша мектепке дейінгі біліммен қамту коэффициенттері еке есе артқан (2005 жылғы 23%-дан 2010 жылғы 42%-ға дейін), осы ретте ауылды жерлердегі бұл өсу алты есе болған (6,7%-дан 35%-ға дейін) (ЭЫДҰ, 2014а). Мектепке дейінгі білім беру Қазақстан мектептерінде ресурстарды пайдалану тиімділігін жақсарту жөніндегі саясатты шолудың мазмұнына қосылмаған, бірақ ЭЫДҰ-ның жеке шолуының мәні болып табылады (Литенс және басқаларын қараңыз, жариялауға дайындалуда).

### ***Мектептегі білім беру***

Бастауыш білім алты-жеті жастан басталады және төрт жылға созылады. Негізгі орта білімнің ұзақтығы бес жылды құрайды, содан кейін жалпы орта білімнің екі жылы немесе техникалық және кәсіптік орта білімнің екі-төрт жылы бар. 2011 жылы тоғызыншы сынып түлектерінің үштен екі бөлігіне жуығы орта мектептің жоғары сыныптарына өтсе, үштен бір бөлігі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына түскен (АТО, 2014). Жалпы орта білімді сәтті аяқтаған оқушылар техникалық және кәсіптік білімнің (ТжКБ) қысқартылған (екі-үш жыл) бағдарламаларына түсе алады немесе оқуды жоғарғы оқу орындарында жалғастыра алады (ЭЫДҰ, 2014а).

Техникалық және кәсіптік орта білім колледждерде (бұрын «кәсіптік лицейлер» деп аталатын) және жоғарғы техникалық мектептерде беріледі. Техникалық және орта кәсіптік білім беру Қазақстан мектептерінде ресурстарды пайдалану тиімділігін жақсарту жөніндегі саясатты шолудың мазмұнына енгізілмеген, бірақ ЭЫДҰ-ның басқа шолуының мәні болды (Алварез-Галван, 2014 қараңыз). Сондай-ақ, орта білімді аяқтамай, мектепті тастап кеткен жастарға арналған кешкі мектептер саны да өсіп келе жатыр.

### ***Орта білімнен кейінгі және үшінші білім***

2011 жылы барлығы 146 университет, академия, институт, консерватория, жоғары мектептер мен жоғары колледждер орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру бағдарламаларын ұсынды. Түлектер кем дегенде төрт жыл оқығаннан кейін Бакалавр академиялық дәрежесін ала алады. Қабылдау жалпы орта білімді бітіру емтиханы мен жоғары оқу орнына түсу тестін біріктіретін, 11-сыныпты (немесе 12-сыныпты) бітіргеннен кейін өткізілетін Ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі – ҰБТ) нәтижелерінің негізінде жүзеге асырылады. Қазақстан Болонск процесіне 2010 жылы қосылды. Орта білімнен кейінгі білім академиялық (ұзақтығы - екі жыл) немесе техникалық және кәсіптік мамандықтар (ұзақтығы - бір жылдан кем емес) бойынша беріледі (ЭЫДҰ, 2014а).

### ***Негізгі сипаттамалар***

Қазақстанда орта білім міндетті болып табылады және оқушылар мемлекеттік мектепке тегін баруға құқылы. Оқушылар барғысы келетін мектептерін таңдай алады, осы ретте мектепке бекітілген ауданда тұратын өтініш берушілерге басымдық беріледі. Қазақстанда 2013-2014 оқу жылдарында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлеріндегі бағдарламаларды жүзеге асыратын 7 648 мектеп 2 571 989 оқушыға білім берді. Білім беру ұйымдарының жүйесі мектептердің әр түрлі типтері мен түрлерін қамтиды, олардың көпшілігі (95,5%) мемлекеттік болып табылады және ҚР БҒМ ведомствосына қарайды (1.1-кестені қараңыз). Соңғы он жылда мемлекеттік емес мектептер саны өсті, бірақ олар елдегі барлық мектептердің 1,4%-ын ғана құрайды, оларда оқушылардың 0,8%-ы оқиды. 2013-2014 оқу жылдарында елде жұмыс істеген 107 мемлекеттік емес мектептің жартысына жуығы Алматы және Астана қалаларында болған (АТО , 2014). Мемлекеттік емес мектептер, әдетте, халықаралық тәжірибені ескере отырып

әзірленген оқу бағдарламаларын ұсынады, оқу үшін төлемді өздері белгілейді және қандай да бір мемлекеттік қаржыланыру алмайды.

Мектептердің көлемі мен орналасқан орны қазақстандық мектептер желісінің ерекшеленетін маңызды сипаттамалары болып табылады. Қала мектептерінде, әдетте, оқушы орындарының жетіспеушілігі байқалады және оларға бірнеше ауысымда жұмыс істеуге тура келеді. 2009-2010 оқу жылында мектептердің 66%-ында оқыту екі-үш ауысымда жүзеге асырылған. Алайда, халықтың тығыздығының төмендігі және жалпыға бірдей қол жетімділікке әсер ететін саясат оқушылар санының аздығымен және оқушы-мұғалім қатынасының төмендігімен сипатталатын шағын жинақталған мектептер санының өсуіне әкелді. Шағын жинақталған мектептер қазақстандық заңнамада мектептердің ерекше тобы болып танылды, осы мектептерде сабақты аралас сыныптарда жүргізуге рұқсат етіледі. Қазақстандағы ең кішкентай елді мекендердің өзінде, міндетті мектеп жасындағы балалардың кемінде бесеуі тұрған жағдайда, мектептің болуына құқығы бар. Мектептердің шамамен 50%-ға жуығы шағын жинақталған болып саналады, бірақ оларда оқушылардың 11%-ы ғана оқытылады (1.1-кестені қараңыз). Кейбір өңірлерде, әсіресе Солтүстік Қазақстан (86%), Ақмола (81%), Қостанай (76%) және Батыс Қазақстан (74%) облыстарында мектептердің басым көпшілігі шағын жинақталған мектептер болып табылады. 2010 жылы бастауыш мектептерде оқушылардың орташа саны бір мектепке 12 оқушыны, негізгі мектепте - 45 оқушыны, жоғары мектепте - 146 оқушыны құрады. Шағын жинақталған мектептер сыныптар көлемінің кішкентай болуы, дамымаған инфрақұрылым, кадрлардың жетіспеушілігі және жиі білім берудің төмен сапасы сияқты ерекше проблемаларға кездеседі. Қабылданатын мемлекеттік саясат шаралары осы мектептердің әлеуетін арттыру үшін ресурстық орталықтар құруға және баламалы мектеп- интернаттар мен көлікпен қамтамасыз етуді қолдауға бағытталған.

#### 1.1-кесте Қазақстан және ЭЫДҰ-ның негізгі білім беру статистикасы, 2012-2013

Қазақстан (2013)				
	Мектеп- тер саны	%	Оқушылар саны	%
<b>Жалпы білім беретін орта мектептер</b>	<b>7648</b>	<b>100.0</b>	<b>2571989</b>	<b>100.0</b>
<i>олардың ішінде:</i>				
Мемлекеттік мектептер	7307	95.5	2525047	98.2
Жекеменшік мектептер	107	1.4	19579	0.8
Кешкі мектептер	81	1.1	12661	0.5
Назарбаев зияткерлік мектептері (НЗМ)	15	0.2	9700	0.4
Басқа мектептер <sup>1</sup>	138	1.8	5002	0.2
<b>Жалпы білім беретін орта мектептер</b>	<b>7307</b>	<b>100.0</b>	<b>2525047</b>	<b>100.0</b>
<i>олардың ішінде:</i>				
Қазақ тілінде оқитын <sup>2</sup>	3796	52.0	1607509	61.9
Орыс тілінде оқитын	1349	18.5	894658	34.4
Басқа тілде оқитын	76	1.0	95339	3.7
Оқыту бір тілден артық тілде жүргізілетін мектептер	2086	28.5	n/a	n/a
Қала мектептері	1605	22.0	1403377	55.6
Ауыл мектептері	5702	78.0	1121670	44.4
Шағын жинақталған мектептер	3639	49.8	284267	11.3
<b>Қазақстан (2013) орташа ЭЫДҰ-мен салыстырғанда (2012)</b>				
	Қазақстан (2013)		Орташа ЭЫДҰ (2012)	

<b>Мемлекеттік шығындар ЖІӨ<sup>3</sup>-ден %-бен</b>		
Білім берудің барлық шығындары	3.8	5.6
Бастауыш және орта білім	2.1	3.6
<b>Қамтудың таза коэффициенті</b>		
Бастауыш және негізгі орта білім (6-14 жас)	99	98
Жалпы орта білім (15-19 жас)	86	83
<b>Сыныптың орташа көлемі</b>		
Бастауыш және негізгі орта білім	23	21
Орта білім	18	24
<b>Оқушы-мұғалім қатынасы<sup>5</sup></b>		
Бастауыш және негізгі орта білім	17	15
Орта білім	6	13
<b>Оқыту нәтижелері</b>		
PISA 2012 математика, орташа балл	432	494
PISA 2012 математика, % 2-деңгейден төмен	45	23

Ескерту:

- 1: Арнайы түзету мектептерін, республикалық мектептері және басқа мектептерді қамтиды.
  - 2: Оқушылар саны 2012 жылғы деректерге негізделген.
  - 3: ЭЫДҰ үшін 2011 жылғы деректерге негізделген.
  - 4: Қазақстан үшін 2012 жылғы деректерге негізделген.
  - 5: Есептерде Қазақстан үшін мұғалімдердің нақты саны, ЭЫДҰ үшін мұғалімдер санының толық штаттық бірлігінің баламасы пайдаланылған.
- Дереккөздер: ҰБСБО (2014) және ЭЫДҰ (2014b).

Әр мектепте берілетін білім деңгейі мен оқыту тілі ерекшеленеді. Көптеген мектептер балалар 1-ден 11-сыныпқа немесе 12-сыныпқа дейін оқитын жалпы білім беретін күндізгі мектептерге жатады; күндізгі мектептердің 13%-ы оқытуды бастауыш сыныптарда ғана, 1-ден 4-ші сыныпқа дейін жүзеге асырады; мектептердің 15%-ы оқытуды тек 5-9 сыныптарда ғана жүзеге асырады. Жалпы білім беретін күндізгі мектептердің жартысынан көбі (52%) оқуды қазақ тілінде, 19%-ы орыс тілінде ұсынады, мектептердің 29%-ы «аралас тілде» білім беретін мектептерге жатады; бұдан басқа, тәжік тілінде оқытатын екі мектеп, ұйғыр тілінде оқытатын 14 мектеп, өзбек тілінде оқытатын 60 мектеп бар (АТО, 2014).

Дарынды балаларға арналған мектептерде және пәндерді тереңдете оқытатын мектептерде (мысалы, математика, жаратылыстану ғылымдары, әлеуметтік ғылымдар, гуманитарлық пәндер, музыка, өнер) оқитын оқушылар құрамы өсіп келеді. Гимназиялар мен лицейлер пәндерді тереңдетіп оқытатын мектептердің ең көп таралған мысалы болып табылады. Алайда, жаңа білім беру практикаларын дамыту үшін Президенттің бастамасы бойынша құрылған Назарбаев зияткерлік мектептері (НЗМ) ең беделді мектеп болып саналады (3-бөлімдегі 3.1-ендірмені қараңыз).

Ерекше қажеттіліктері бар және мүмкіндіктері шектеулі оқушылар жеке «түзету» мектептерінде, кәдімгі мектептердің жеке сыныптарында, немесе үйінде оқытылады. Кәдімгі мектептерде оқитын, ерекше қажеттіліктері бар және мүмкіндіктері шектеулі оқушылар құрамын арттыруға бағытталған мемлекеттік саясат шаралары қабылдануда (3-бөлімді қараңыз).

### **Қамту, тиімділік және жетістіктер**

Қазақстанда бастауыш және орта білімге қол жетімділік жүз пайыз деуге болады. 2013 жылы қамтудың таза коэффициенті (ресми белгіленген мектеп жасына сәйкес келетін халық үлесінде көрінетін ресми белгіленген мектеп жасындағы балаларды қамту) бастауыш білімде 99%-ды және негізгі орта білімде 86%-ды құрады (1.1-кестені қараңыз). Қазақстан баршаға арналған бастауыш және орта біліммен қамтудың жоғары деңгейіне қол жеткізе алды, бірақ географиялық орналасуы, әлеуметтік-экономикалық сипаттамалары және жыныстық тиесілілігі бойынша қамтуда аздаған

өзгешеліктер бар. Қыз балалар мен ер балалар, ауылдық жерлер мен қалалар, жоғары және төмен табыс деңгейі бар отбасылар арасындағы қамтудағы айырмашылық бастауыш білімдегі бір пайыздық тармақтан кем (ЮНИСЕФ, 2012). Бұл айырмашылықтар табыс деңгейі ең төмен халық санатына жататын балаларды қоспағанда, орта білімде де байқалады. Мектепті тастап кеткен балалардың шамамен 90%-ға жуығы – бұл аз қамтамасыз етілген және төмен отбасылардан шыққан балалар (Сингх, 2012). Білім алуға тең қол жетімділікке қарамастан, мектептер бір-бірінен ресурстарының саны және сапасы бойынша едәуір ерекшеленеді (3-бөлімді қараңыз). Бұдан басқа, әсіресе ауылды жерлерде мектепке дейінгі біліммен қамтудың төмен деңгейі оқушылардың мектепке түсу кезінде әр түрлі бастауыш мүмкіндіктеріне әкеледі. Қазақстанда мектепке дейінгі білім беру ұйымына бір жылдан артық уақыт барған балалардың пайыздық үлесі (24%) PISA бағдарламасына қатысқан елдерде ең төмендерінің бірі болып табылады (ЭЫДҰ, 2013b).

Халықтың білім деңгейі өте жоғары: 25 жастан жоғары ересек адамдардың төрттен бір бөлігінің жоғары білімі бар, 30% - орта білімнен кейінгі білімі бар, 40% жалпы орта білім алған (АТО, 2014). Әйелдер арасында білім деңгейі ерлерге қарағанда жоғары: әйелдердің 28%-ы ерлер арасындағы 23%-бен салыстырғанда жоғары білім алған және әйелдердің 33%-ы ерлер арасындағы 29%-бен салыстырғанда орта білімнен кейінгі білім алған (АТО, 2014). Ресми емес деректер оқушылардың сұрыпталғаннан қалған пайызының өсу қарқынын көрсетіп отыр, себебі мемлекеттік оқу бағдарламасы қазіргі заманғы еңбек нарығына сәйкес келмейді деп қабылданады, алайда, осы мәселе бойынша ресми деректер жоқ (ЮНИСЕФ, 2012).


Қазақстанда соңғы жылдар ішінде оқушылардың үлгерімі туралы ақпаратты бағалаудың халықаралық бағдарламаларының нәтижелері береді. 2007 жылдан бастап Қазақстан Оқу жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық қауымдастық өткізетін (IEA) Математикалық және жаратылыстану-ғылыми білім сапасын халықаралық салыстырмалы мониторингтік зерттеуге (TIMSS) және 2009 жылдан бастап Оқушылардың білім жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасына қатысады (PISA). TIMSS 4 және 8-сынып оқушылары арасындағы математикалық және жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша оқу жетістіктері туралы ақпарат береді және әр төрт жыл сайын өткізіледі. PISA 15 жастағы арасында оқу, математика мен жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша оқу жетістіктерін халықаралық салыстырмалы зерттеу болып табылады және үш жылда бір рет өткізіледі.

TIMSS зерттеуінде 2007 жылы 4-сынып оқушылары математикадан 549 балл және жаратылыстанудан 533 балл жинады, бұл Қазақстанға 36 елдің ішінде 5-ші және 11-ші орынды иеленуге мүмкіндік берді (Муллис және басқалары 2008, Мартин және басқалары 2008). Жүйенің нәтижелері TIMSS-2011 келесі кезеңінде шамамен орташа деңгейге дейін төмендеді. 2011 жылы 4-сынып оқушылары математикадан 501 балл және жаратылыстанудан 495 балл жинады, бұл Қазақстанды Жаңа Зеландия, Норвегия және Швециямен қатар рейтингтің ортасына орналастырды. Ел 50 елдің ішінде 4-сынып оқушылары арасында математикадан 27-орынды, 4-сынып оқушылары арасында жаратылыстанудан 32-орынды алды (Мартин және басқалары, Муллис және басқалары). Оған қоса, 2011 жылы 8-сынып оқушыларын бағалау нәтижелері де 4 жыл бұрын 4-сынып оқушылары бола отырып тест тапсырған балалардың нәтижелерінен төмен болды (математикадан 487 балл және жаратылыстанудан 490 балл). 2011 жылы TIMSS-2011 нәтижелері төртінші сынып және сегізінші сынып оқушыларының жартысынан астамы математикадан да (62% және 57%) және жаратылыстанудан да (58% және 58%) «орташа көрсеткіш» деңгейіне жеткенін көрсетті, бұл ЭЫДҰ елдерінің нәтижелеріне балама және осы тестілер бойынша орташа халықаралық деңгейден жоғары болды.

PISA 2012 жылы қазақстандық оқушылар орта есеппен математикадан 432 балл (бағалаудың басты аясы), оқудан 393 балл және жаратылыстанудан 425 балл алған, ал ЭЫДҰ елдерінің оқушылары орта есеппен сәйкесінше 494, 496 және 501 балл алған (ЭЫДҰ, 2014с) (1.3-суретті қараңыз). Математика бойынша нәтижелердің орташа деңгейіндегі айырмашылық қазақстандық 15 жастағы оқушылардың орта есеппен ЭЫДҰ елдеріндегі өздерінің жастастарынан екі жылға артта қалып отырғанын көрсетеді. Шамамен қазақстандық 15 жасар оқушылардың 45%-ы математикадан төмен нәтижелер көрсетеді, олар бір дереккөзден тиісті ақпаратты шығара алады және тұтастай салдармен міндеттерді шешу үшін негізгі алгоритмдерді, формулаларды, рәсімдерді немесе ережелерді қолдана алады. Бұл көрсеткіш ЭЫДҰ бойынша орташа көрсеткіштен біршама

жоғары (23%). Оқушылардың шамамен 0,9%-ға жуығы математикадан ең жоғары нәтижелерді көрсетеді, олар күрделі жағдайлар бойынша модельдер әзірлеп, олармен жұмыс істей алады, ойлау мен пайымдаудың ауқымды, жақсы дамыған дағдыларын қолдана отырып, стратегиялық жұмыс істей алады. Бұл көрсеткіш ЭЫДҰ елдеріне қарағанда орта есеппен төменірек (13%). Балдардың таралуы үлкен емес және жоғарғы және төменгілер арасында математикадан балдардағы айырмашылық 10% пайыз оқушыларда PISA қатысқан елдер арасында шағын болып келеді.

1.3-сурет PISA-2012 оқу бойынша оқушылардың жетістік деңгейлері



Дереккөз: ЭЫДҰ (2014с), PISA 2012 нәтижелері: оқушылар нені жасай алады және біледі (1-том, қайта қаралған редакция, 2014 жылғы ақпан): Оқушылардың математика, оқу және ғылымдар бойынша нәтижелері, PISA, OECD, Publishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264208780-en>.

Қазақстанда, PISA зерттеу нәтижелеріне сәйкес, мектептерді оқыту тілі, мектептердің орналасуы, оқушылар мен мектептердің әлеуметтік-экономикалық сипаттамалары оқушылардың нәтижелеріне әсер етеді. Алайда, елеулі гендерлік айырмашылық байқалмайды. Қазақ тілінде оқитын мектеп оқушылары орыс тілді мектеп оқушыларына қарағанда анағұрлым төмен нәтижелер көрсетті, PISA-2012, осы ретте оқу мен математика бойынша нәтижелердегі айырмашылық оқудың шамамен бір жылына тең (Дүниежүзілік банк, 2014). Бұл вариациялар әр түрлі мектептерге баратын оқушылардың әлеуметтік-экономикалық мәртебесіндегі айырмашылықты немесе осы мектептердің оқушыларында бар ресурстарындағы айырмашылықты көрсетуі мүмкін. Дүниежүзілік банк жүргізген талдау мектеп ресурстарының 2009 және 2012 жылдар арасындағы PISA орта балдарын жақсартуға оқушылардың әлеуметтік жағдайы сияқты әсер еткенін көрсетті. Математика бойынша мектеп ресурстары үлгерімі жақсы оқушылардың нәтижелерін жақсартуға көбірек әсер етсе, оқу сауаты бойынша олар үлгерімі орташа және төмен балаларға көбірек әсер етеді (Дүниежүзілік банк, 2014). Ауылды жерлерде (халқы 3000 адамнан кем) немесе кенттер мен шағын қалаларда (халқы 3000-нан 100 000 адамға дейін) орналасқан мектептердің оқушылары арасындағы айырмашылық елеулі болған жоқ, бірақ қалалардағы (халқы 100 000 мыңнан астам) мектептердің оқушылары PISA-2012 анағұрлым жоғары нәтижелерді көрсетті (ЭЫДҰ, 2013b). Алайда, ауылды жердің мектептеріндегі оқушылардың нәтижелері PISA 2009 салыстырғанда бір оқу жылына жақсарса, қала мектептеріндегі олардың жастастарының нәтижелері оқудың жарты жылына жақсарған. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени мәртебе көрсеткіштері бойынша төмен ширекке жататын оқушылар жоғарғы ширек оқушыларына қарағанда анағұрлым төмен нәтижелер көрсетті, осы ретте математика бойынша айырмашылық оқытудың бір жылдан астам уақытына баламалы (ЭЫДҰ, 2013b). Қазақстанда оқушылардың математикадан нәтижелеріндегі айырмашылықтардың 8%-ы оқушылардың әлеуметтік-экономикалық мәртебесіндегі айырмашылықтар есебіне жатады (ЭЫДҰ елдеріндегі 15%-бен

салыстырғанда). ЭЫДҰ елдерінде ер балалар қыз балалардан математика бойынша орта есеппен 11 балға алда келеді, Қазақстанда PISA-2012 ер балалар мен қыз балалардың арасында елеулі айырмашылық байқалмайды (ЭЫДҰ, 2013b). Гендерлік айырмашылық Қазақстандағы жоғарғы және төмен нәтижелер деңгейінде елеусіз және бұл айырмашылық орта есеппен ЭЫДҰ елдеріне қарағанда төменірек.

Бағалаудың ұлттық бағдарламалары ел бойынша оқу жетістіктеріндегі елеулі айырмашылықтарға көрсетеді. Міндетті оқу аяқталғаннан кейін оқушылар олардың оқуларының нәтижелерін растайтын және жоо түсу емтихандары болып табылатын Бірыңғай ұлттық тестілеуден (бұдн әрі - ҰБТ) өте алады. 2013 жылы оқушылардың шамамен 80 пайызға жуығы ҰБТ тапсырған. Алайда, облыстар арасындағы қамтуда елеулі айырмашылық бар. Мысалы, 2013 жылы Астана қаласындағы 82 пайызбен салыстырғанда, Солтүстік Қазақстан облысында оқушылардың 55 пайызы ҰБТ тапсырған (ҰБСБО, 2013a, 2013b). Ауылды жерлердің оқушылары орташа есеппен қалалардағы оқушыларға қарағанда 8,74 балға төмен алған. Алайда, 2012 және 2013 жылмен салыстырғанда қалалардағы (2,89 балл) және ауылдардағы (3,86 балл) оқушылар арасындағы нәтижелер айырмашылығы нәтижелердегі айырмашылықтың азайып келетінін білдіреді (АТО, 2014).

Қазақстан жетілуге деген үлкен ұмтылысына сәйкес жаратылыстану ғылымдары мен математика бойынша халықаралық олимпиадаларға қатысудың бұрынғы салтын ұстанады. 2010 жылы Қазақстан 51-ші халықаралық математикалық олимпиадасын өткізді, онда қазақстандық оқушылар 98 қатысқан елдің ішінде 5-ші орынды алған (ЭЫДҰ, 2014a). 2013 жылы қазақстан командасы 228 алтын, 285 күміс және 335 қола медаль, сондай-ақ 33 сертификат – барлығы 881 марапат алды (ҰБСБО, 2012). Олимпиадалар ұлттық, өңірлік және жергілікті деңгейлерде де жүйелі түрде ұйымдастырылады; оқушылардың олимпиадаларға қатысуы үшін ынталандырулар қамтамасыз етіледі.

Білімге инвестициялардың табыстылығы тақырыбы бойынша зерттеулер Қазақстанда аз. Арабшибани және Мусуров (2007) 2001 жылы жүргізілген үй шаруашылықтары зерттеулерінің нәтижелерін пайдалана отырып, орта білімнің табыстарға оң және елеулі әсерін көрсететін куәландыруларды анықтады. Бұл тұжырымдар табыстың орташа деңгейі бар елдер (Псахаропулос және Патринос, 2004) мен ауыспалы экономикасы бар елдер бойынша (Мюнхен және басқалары, 2005) зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес келеді.

### ***Білім беру саясатындағы соңғы тиісті өзгерістер***

Білім беру саласында реформалар бағдарламасы өте шамшыл: Қазақстан 2020 жылға дейін жоғары білікті жұмыс күші және «ақылды» экономикасы бар сауатты елге айналуы тиіс. Оның үстіне, білім елдің келешектегі экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени гүлденуі байланысты болатын платформа болып саналады (ҚР БҒМ, 2010). Соңғы 20 жылдың ішінде ауқымды экономикалық, әлеуметтік және демографиялық өзгерістер білім беру жүйесінде үлкен құрылымдық өзгерістерге әкелді. Бүгінгі күні Қазақстан білім беру жүйесінің сапасын арттыру үшін терең реформаларын жүргізуді жалғастыруда және озық тәжірибе мен халықаралық стандарттарға көбірек бағытталуда.

Білім беру секторының қайта түрленуінің ағымдағы стратегиясы БДМБ сипатталған. БДМБ Қазақстан Республикасында білім беру саласын дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2007-2011 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» бағдарламасы, Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасы сияқты бұрын қабылданған стратегияларды жалғастырады.

БДМБ білім беру жүйесінің толық диагностикасын, оның ішінде күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен проблемаларын қамтиды және оларды шешу бойынша шараларды анықтайды. Мектептегі білім беру жүйесінің кейбір негізгі проблемалары айқындалған: *i)* білім беруге жұмсалатын шығындардың жеткіліксіз деңгейі; *ii)* мұғалім мамандығының төмен мәртебесі,

мұғалімдерді даярлаудың төмен сапасы, сапалы педагогикалық кадрлардың және балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мамандардың жетіспеушілігі, білім берудегі әлсіз басшылық ететін кадрлары, *iii*) нашар инфрақұрылым мен мектептердің нашар жарактандырылуы *iv*) шағын жинақталған мектептердің қамтамасыз етілуінің төмен сапасы; *v*) инклюзивті білім беруді дамытудың бастапқы сатысы; *vi*) білім беруде мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті қолданудың төмен деңгейі; *vii*) ақпараттық технологияларды қолданудың бастапқы кезеңі, *viii*) қоғам үшін жарияланбайтын және халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтін білім беру статистикасы. Мектептегі білім беруге әсер ететін басқа білім беру деңгейлерінің проблемалары мыналарды қамтиды: мектепке дейінгі білімге қолжетімділіктің төмен болуы, білім берудің жұмыс берушілердің ЖОО мен ТжКБ білікті түлектеріне деген сұранысына сәйкес келмеуі, ұлттық біліктілік жүйесінің болмауы, мектептегі және жоғарғы білім беру мазмұны арасындағы байланыстың бұзылуы.


БДМБ басты мақсаты тұрақты экономикалық өсу үшін сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту және білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады. Жалпы мақсат 23 нысаналы индикатор мен 10 бағыт бойынша іске асырылды. Бұдан басқа, осы мақсаттарды іске асыру барысын өлшеу үшін 58 көрсеткіш анықталды (мақсаттардың толық тізбесі бар 1.А3 қосымшасын қараңыз). Әр бағытта 2015 және 2020 жылға дейін қол жеткізілуі тиіс индикаторлар белгіленген, орындау барысының мониторингі үшін жауапты мемлекеттік орган белгіленген. Жоғарыда сипатталған проблемаларды шешу үшін БДМБ көзделген кейбір негізгі саяси мыналарды қамтиды :

- *Кіші жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту*: мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының желісін кеңейту, оқу бағдарламасын жаңарту, кадрларды оқыту және даярлау бағдарламасын жаңарту, толық қамтуға қол жеткізу (3-6 жыл), тегін тамақтанумен қамтамасыз ету, бастауыш білімге ауысуды реттеу.
- *Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру*: жанбасылық қаржыландырудың жаңа жүйесін қоса алғанда білім беруді қаржыландырудың жаңа тетіктерін әзірлеу; мектеп мұғалімдері мен басшыларының сапасын арттыру; білім беру секторы үшін жоғары білікті кадрларды даярлау; қолдау мен ынталандыруды арттыру; мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту және мектептерде корпоративті басқару жүйелерінің кейбір элементтерін енгізу; оқушыларды бағалау әдістемелерін жетілдіру және халықаралық стандарттарға сәйкес келетін ұлттық білім беру статистикасын құру; білім берудің 12-жылдың моделіне көшу және оқу бағдарламасын жаңарту; шағын жинақталған мектептердің проблемаларын шешу; инклюзивті білім беру тұжырымдамасын әзірлеу және мектептерде үлгерімі төмен оқушыларды қолдау.
- *Техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКБ)*: елдің индустриялық-инновациялық даму қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін техникалық және кәсіптік білімнің оқу бағдарламасы мен құрылымын жаңарту, кадрларды даярлауды жақсарту және ТжКБ беделін арттыру.
- *Жоғары білім беру*: жоғарғы және жоғарғы білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларының білім алушыларын елдің индустриялық-инновациялық дамуының қажеттіліктеріне сәйкес келетін дағдылармен қамтамасыз ету, жоғары білімнің еуропалық кеңістікке ықпалдасуы, білім, ғылым және өнеркәсіп арасындағы байланысты күшейту, зияткерлік меншік технологиялары мен өнімдерді коммерцияландыру үшін жағдайлар жасау.
- *Өмір бойы оқу және азаматтық білім*: өмір бойы оқу үшін жағдайлар жасау, барлығына арналған білім, патриоттық білім беру бойынша шаралар пакетін іске асыру, әлеуметтік жауапкершілік пен белсенді азаматтық позицияны көтермелеу, жастар әлеуетін дамыту.



## 1.А1 ҚОСЫМШАСЫ ХАЛЫҚТЫҢ ЖАСЫ МЕН ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМЫ (2013)


1.А1.1-сурет Халықтың жасы және жынысы бойынша құрылымы



Дереккөз: Ақпараттық-талдау орталығы (АТО ) (2014), [ЭЫДҰ Мектептердегі ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру](http://www.ЭЫДҰ.org/edu/school/schoolresourcesreview.htm) жөніндегі саясатты шолу: Қазақстан үшін елдің негізгі есебі, «АТО» АҚ, Астана. [www.ЭЫДҰ.org/edu/school/schoolresourcesreview.htm](http://www.ЭЫДҰ.org/edu/school/schoolresourcesreview.htm) сайтында қолжетімді.

# 1.A2 ҚОСЫМШАСЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

## 1.A2.1- сурет Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі



Ескертпе:

\* Қазіргі уақытта жүзеге асырылатын оқудың 12 жылдық моделіне ауысу

\*\* ҚР Білім министрлігі бастауыш және негізгі орта мектепті сараламайды. Тек бастауыш білім беруге ғана аралған (1-4 сыныптар) бірнеше мектеп бар. Бастауыш білім 6 немесе 7 жаста басталады.

★ Түсу кезіндегі ерекше шарттар

◇ Диагностикалық тестілеу немесе түсу емтиханы

Дереккөз: ЮНЕСКО (2011), Білім беру жөніндегі бүкіләлемдік деректер, Қазақстан, ЮНЕСКО, Париж.

# 1.А3 ҚОСЫМШАСЫ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ 2011-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

## 1.А3.1-кесте Қазақстан Республикасын дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының индикаторлары

Көрсеткіш	2010	2015	2020	Орындаушылар
Жалпы педагогтар санынан жаңа біліктілікті арттыру жүйесі бойынша біліктілікті арттырудан өткен педагогтар үлесі	0%	30%	60%	БҒМ; ЖАО
Магистр дәрежесі бар бейінді мектеп педагогтарының үлесі	0%	кемінде 10%	кемінде 20%	БҒМ
Педагогтардың жалпы санынан ағымдағы жылы білім беру ұйымдарында жұмыс істеу үшін қайта келген жас мамандар үлесі	2,6%	4,5%	6%	ЖАО; БҒМ
Ағылшын тілінде жаратылыстану-математикалық цикл пәндерін оқытатын педагогтардың үлесі	0,6%	10%	15%	БҒМ
Академиялық және ғылыми дәрежелері бар біліктілікті арттыру жүйесі мамандарының үлесі	3,4%	5%	15%	ЖАО; БҒМ
Біліктілікті арттырудан және тәжірибеден, оның ішінде өндірістік кәсіпорындар базасында өткен ТЖКБ ұйымдарының инженерлік-педагогикалық кадрларының үлесі, жыл сайын	20%	20%	20%	ЖАО; БҒМ, жұмыс берушілердің қауымдастықтары; салалық министрліктер
Елде қайта даярлау мен біліктілікті арттырудан өткен ЖОО ПОҚ үлесі, жыл сайын	6%	20%	20%	БҒМ
Азаматтық жоо корпоративтік басқару қағидаларын енгізу	44%	65%	90%	БҒМ
Оқытуда ИКТ қолдану бойынша біліктілікті арттыруда өткен педагогтар үлесі, олардың жалпы санына	0%	90%	90%	БҒМ, ЖАО
1 компьютерге оқушылар саны	18	10	1	БҒМ, ЖАО
Мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы санынан мектепке дейінгі шағын орталықтардың үлесі	59,7%	60%	52,7%	ЖАО; БҒМ
Мектепке дейінгі дайындықпен қамтылған 5-6 жастағы балалардың үлесі	83%	100%	100%	ЖАО; БҒМ
Балабақшалардың жалпы санынан жеке меншік балабақшалар үлесі	10%	кемінде 12%	кемінде 15%	ЖАО; БҒМ
Бейінді мектептердің жалпы санынан жаратылыстану-математика бағыты бар мектептер үлесі	0%	кемінде 15%	кемінде 35%	ЖАО; БҒМ
Жалпы санынан сервистік қызмет көрсетумен жаңа модификация (химия, биология, физика, лингафондық мультимедиялық кабинеттер) кабинеттері бар мектептер үлестері	31,7%	40%	80%	ЖАО; БҒМ
Жалпы санынан апатты мектептер үлесі	2,6%	2%	1%	ЖАО; БҒМ
Оқушы орындарының тапшылығы	74,3 мың	45 мың	30 мың	ЖАО; БҒМ
Үш ауысымда сабақ өткізетін мектептер үлесі	0,9%	0,2%	0	ЖАО; БҒМ
Тасуды қажет ететін балалардың жалпы санынан мектепке және мектептен үйге қолайлы және сапалы тасымалдаумен қамтылған мектеп оқушыларының үлесі	63%	80%	100%	ЖАО; БҒМ
АҚМ арналған ресурстық орталықтар «тірек мектептері» саны	0	160	160	ЖАО; БҒМ
Оқушылардың жалпы санынан орта білім ұйымдарының оқушыларын білім беру ұйымдарындағы спорттық секциялардың қызметімен қамту	20%	25%	30%	ЖАО; БҒМ
Оқушылардың жалпы санынан оқушыларды балалар-жасөспірімдер спорт мектептерімен қамту	8%	12%	14,5%	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі
Көркемдік, музыка, техникалық, ғылыми шығармашылықпен қамтылған мектеп жасындағы балалардың үлесі	21,5%	23%	38%	ЖАО; БҒМ
Білім алушылардың жалпы санынан ЖОО білім алушыларын спорт секцияларының қызметімен қамту	*	20%	40%	БҒМ
Дамудағы мүмкіндіктері шектеулі балалардың жалпы санынан инклюзивті біліммен қамтылған балалар үлесі	9%	25%	50%	ЖАО; ЕжХӘҚМ, БҒМ
Аз қамтылған отбасылар ішінен оқушыларды тегін дәрумендендірілген ыстық тамақпен қамтамасыз ету	70%	100%	100%	ЖАО; БҒМ
Мамандықтардың жалпы санынан кәсіптік стандарттармен қамтамасыз етілген ТЖКБ мамандықтарының үлесі	0%	30%	90%	ЕжХӘҚМ, ИЖТМ, салалық министрліктер, БҒМ, жұмыс берушілердің қауымдастықтары
Жұмыс берушілердің қатысуымен (кәсіптік стандарттардың негізінде) әзірленген ТЖКБ мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларының үлесі	0%	50%	90%	БҒМ; ЖАО; жұмыс берушілердің қауымдастықтары
Жұмыс берушілер мен халықаралық сарапшылардың қатысуымен әзірленген ықпалдастырылған білім беру оқу бағдарламаларының үлесі	20%	40%	70%	БҒМ; ЖАО, жұмыс берушілердің қауымдастықтары

ТжКБ оқу орындарында мемлекеттік тапсырыс есебінен оқитындардың жалпы санынан кәсіпорындар базасында практикадан өту үшін орындармен қамтамасыз етілген білім алушылардың үлесі	80%	85%	90%	ЖАО; БҒМ; салалық министрліктер; жұмыс берушілердің қауымдастықтары; Атамекен одағы
Білім алушылардың жалпы санынан жұмыс берушілердің қаражаты есебінен ТжКБ білім алушыларының үлесі	0,6%	1%	2%	ЖАО; жұмыс берушілер; БҒМ
Типтік жастағы жастарды техникалық және кәсіптік біліммен қамту	17,6%	20%	23%	ЖАО; БҒМ
ТжКБ жүйесінде енгізілген оқушы орындарының саны	0	2 660 оқу орны	16 940 оқу орны	ЖАО; БҒМ
ТжКБ оқушылары үшін жатақханаларда жаңадан енгізілген орындар саны	0	1300 орын	1500 орын	ЖАО
Жалпы санынан қазіргі заманға сай оқу жабдығымен жарақтандырылған ТжКБ оқу орындарының үлесі	36%	75%	90%	ЖАО; БҒМ
Бакалавриаттың мемлекеттік тапсырысы көлемінен магистратура бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыспен оқитындар үлесі	8%	20%	40%	БҒМ
Оның ішінде бакалавриаттың мемлекеттік тапсырысы көлемінен бір жылдық магистратура бағдарламалары бойынша	1,6%	14%	25%	БҒМ
2012 жылдан бастап жыл сайын мемлекеттік тапсырысты арттыра отырып PhD докторларының бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыстар бойынша оқитындар саны	200	кемінде 1000 адам	кемінде 2000 адам	БҒМ
Қазақстан Республикасында несиені берудің еуропалық жүйесі бойынша несиені қайта есептеудің қазақстандық үлгісін енгізген жоо үлесі (ECTS)	19%	100 %	100 %	БҒМ
2015 жылдан бастап «Болашақ» бағдарламасының шәкіртақы иегерлері магистратура, докторантура, бакалавриатта оқиды – бір семестрден бір академиялық жылға дейін ғылыми тағылымдамалардан өтеді	69%	100%	100%	БҒМ
Республикалық жоғары оқу орынаралық электронды кітапханаға қолжетімділігі бар ЖОО үлесі	26%	55%	100%	БҒМ
Мамандықтар бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің типтік оқу жоспарларында жоо академиялық еркіндікті кеңейту, таңдауына қарай компонентті кеңейту	65%	70%	80%	БҒМ; жұмыс берушілер
Жоғары импакт-факторы бар ғылыми журналдарда жарияланымдары бар Назарбаев Университетіндегі докторанттар мен магистранттар үлесі	0%	10%	30%	«Назарбаев Университет» дербес білім беру ұйымы, БҒМ
Жоғары білім беру жүйесіндегі, оның ішінде коммерциялық негізде оқитын шетелдік студенттердің үлесі	1,5%	2,5%	3%	БҒМ
Техникалық ЖОО жалпы санынан инновациялық құрылымдар, ғылыми зертханалары, орталықтар, технопарктер құрған ЖОО үлесі	14%	20%	50%	БҒМ
Жалпы санынан ғылыми және жобалау-конструкторлық ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерін құрған жоо үлесі	*	10%	25%	БҒМ
Жоо бітіргеннен кейін бірінші жылы жоо және ғылыми ұйымдарға жұмысқа тұрғызылған, докторантура мен магистратураны бітірген ЖОО түлектерінің үлесі	*	10%	30%	БҒМ
МЖӘ есебінен азаматтық жоо білім беру қызметін қаржыландыру үлесі	*	10%	50%	БҒМ
МЖӘ есебінен азаматтық жоо ғылыми және инновациялық қызметін қаржыландыру үлесі	*	10%	50%	БҒМ
Жұмыс берушілермен бірлесе отырып техникалық және қызмет көрсететін қызметкерлердің біліктіліктерін арттыру мен қайта даярлаудың қысқа мерзімді курстарына арналған модульдік оқу бағдарламаларының саны	0	20 бірл.	25 бірл.	БҒМ; жұмыс берушілер; ЕЖХӘҚМ
Депутаттардың жалпы санынан барлық деңгейлердегі өкілдік органдарға сайланған жастар үлесі	*	3,9%	4,1%	БҒМ, ЖАО
Жастар ұйымдарының қызметіне қатысатын жастар үлесі	22%	28%	35%	БҒМ; ЖАЛ, үкіметтік емес ұйымдар
мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде әлеуметтік-маңызды жобаларды іске асыруға тартылған республикалық жастар ұйымдарының үлесі	12%	20%	24%	БҒМ; ЖАО, үкіметтік емес ұйымдар

Ескертпе: \* – статистика жүргізілмейді

Дереккөз: ҚР БҒМ (2010), Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: ҚР Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 жарлығы.

## Әдебиет тізімі

- Алварез-Галван, Дж. (2014), *Қазақстанда мектептен кейінгі дағдылар бойынша шолу*, ЭЫДҰ техникалық және кәсіптік білім бойынша шолулары, OECD Publishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264221826-en>.
- Антонович, Л. (2013), *Мектепке бармайтын балаларды және оқудан шығып кеткен оқушыларды анықтау және мониторингілеу: Қазақстан, Астана*, Қазақстан Республикасындағы ЮНИСЕФ, Астана.
- Арабшибани Г. Р. және А. Мусуров (2007), [Қазақстандағы оқыту табыстылығы: аспапты айналымы мен OLS негізіндегі тәсіл], *Economics of Transition*, 15-том, № 2, 341–364-бет, Еңбек саласындағы зерттеу институты, Бонн.
- Азия даму банкі (2004), *Ауыспалы экономикасы бар елдердегі білім реформалары: саясат және процестер*, Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Монғолия, Тәжікстан, Өзбекстанда Азия даму банкі өткізген елдер бойынша нақты алты зерттеу, Азия даму банкі, Манила, [www.pitt.edu/~weidman/2004-educ-reforms-countries.pdf](http://www.pitt.edu/~weidman/2004-educ-reforms-countries.pdf).
- Бхуйян, Х. С. (2010), [Қазақстандағы мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру], *International Journal of Public Administration*, 33-том, № 12-13, Routledge, Лондон.
- Дали Дж. С. К. (2008), [Қазақстанда пайда болатын орта тап], Кавказ және Орталық Азия институты және «Жібек жолы» зерттеу бағдарламасы, Вашингтон, Колумбия округі.
- Хайнрих, А. (2010), [Әзірбайжан мен Қазақстандағы ресми саяси жүйе. Негізгі зерттеу], *Forschungsstelle Osteuropa Bremen. Arbeitspapiere und Materialien* № 107, 2010 жылғы наурыз, Forschungsstelle Osteuropa, Bremen
- Ибраева, А. Р. және Т. Г. Нежина (2013), [Қазақстандағы мемлекеттік сектордың реформалары ]в: С. Либерт және басқалары, *Посткоммунистік елдердегі мемлекеттік басқару: бұрынғы Кеңес одағы, Орталық және Шығыс Еуропа, Монғолия*, CRC Press, 43-68-беттер.
- Халықаралық дағдарыс тобы (2013), *Қазақстан өзгеріс кезеңінде*, Халықаралық дағдарыс тобы, Брюссель, [www.crisisgroup.org/~media/Files/asia/central-asia/kazakhstan/250-kazakhstan-waiting-for-change.pdf](http://www.crisisgroup.org/~media/Files/asia/central-asia/kazakhstan/250-kazakhstan-waiting-for-change.pdf).
- Халықаралық валюта қоры (2013), [Қазақстан Республикасы, кейбір мәселелер], *ХВҚ Ел есебі* № 13/291, Халықаралық валюта қоры, Вашингтон, Колумбия округі.
- Ақпараттық-талдау орталығы (АТО) (2014), *«Мектептерде ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру саясаты: Қазақстан бойынша елдің негізгі есебі» ЭЫДҰ шолуы*, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ақпараттық-талдау орталығы, Астана, [www.oecd.org/edu/school/schoolresourcesreview.htm](http://www.oecd.org/edu/school/schoolresourcesreview.htm). қолжетімді.
- Литенс, И., Мельхуиш, Е. и Шмис, Т. (басылымға дайындалуда), *Кіші жастағы балаларды тәрбиелеу және білім беру саласында сапа мәселелері: Қазақстан, 2015*, OECD Publishing, Париж.
- Махмутова М. (2001), [Қазақстандағы жергілікті мемлекеттік басқару] в *Ескі ортада жаңа ережелерді дамыту: Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия елдерінде жергілікті мемлекеттік басқару*, 3-том, Игорь Мунтену және Виктор Попа редакциясымен, 403–68. Будапешт: Ашық қоғам институты.

- Мартин, М. И. Муллис, П. Фой, және Дж. Станко (2012), TIMSS 2011 Жаратылыстану бойынша халықаралық нәтижелер, IEA Халықаралық зерттеу орталығы TIMSS&PIRLS, Бостон колледжінің Линча білім мектебі, Бостон
- Мартин, М. И. Муллис, П. Фой, (2008), TIMSS 2007 Жаратылыстану бойынша халықаралық нәтижелер, IEA Халықаралық зерттеу орталығы TIMSS&PIRLS, Бостон колледжінің Линча білім мектебі, Бостон
- ҚР БҒМ (2010), *Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы*, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 жарлығы.
- Муллис, И. М. Мартин, П. Фой, және А. Арора (2012), TIMSS 2011 Жаратылыстану бойынша халықаралық нәтижелер, IEA Халықаралық зерттеу орталығы TIMSS&PIRLS, Бостон колледжінің Линча білім мектебі, Бостон
- Мюних Д., Свейнар Дж., Террел К. (2005). [Өйел затының адами капиталын жоспарлау органдарына қарағанда нарықтар көбірек бағалайды ма? ], *Journal of Comparative Economics*, 33-том, № 2, 278–99-бет, Elsevier, Амстердам.
- ҰБСБО (2014), Қазақстан Республикасы Білім беру жүйесінің статистикасы: Ұлттық жинақ, Білім беру статистикасы мен бағалау ұлттық орталығы, Астана
- ҰБСБО (2013a), *2004-2013 жылдарда Бірыңғай ұлттық тестілеу нәтижелерін салыстырмалы талдау*, Білім беру статистикасы мен бағалау ұлттық орталығы, Астана.
- ҰБСБО (2013b), *Бірыңғай ұлттық тестілеу нәтижелерін талдау (ҰБТ-2013)*, Білім беру статистикасы мен бағалау ұлттық орталығы, Астана.
- ҰБСБО (2012), *Білім беру жүйесінің жағдайы мен дамуы туралы ұлттық баяндама*, Білім беру статистикасы мен бағалау ұлттық орталығы, Астана.
- ЭЫДҰ (2014a), *Білім беру саласындағы ұлттық саясаттарды шолу: Қазақстандағы орта білім*, OECD Publishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264205208-en>.
- ЭЫДҰ (2014b), *Білімге деген көзқарас 2014*, OECD Publishing, Париж.
- ЭЫДҰ (2014c), *PISA 2012 нәтижелері: оқушылар не істей алады және біледі (I том, қайта қаралған редакция, 2014 жылғы ақпан): оқушылардың математика, оқу және ғылымдар бойынша нәтижелері*, PISA, OECD Publishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264208780-en>.
- ЭЫДҰ (2013a), *PISA 2012 нәтижелері : мектептерді не сәтті етеді (IV том): ресурстар, саясат және тәжірибе*, PISA, OECD Publishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264201156-en>.
- ЭЫДҰ (2013b), *PISA 2012 нәтижелері: әділдік арқылы жетілу (II том): әр оқушыға жетістікке жетуге мүмкіндік беру*, PISA, OECD Publishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264201132-en>.
- ЭЫДҰ (2012), *ЭЫДҰ инвестициялық саясат бойынша шолуы: Қазақстан 2012*, OECD Publishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264121812-en>.
- ЭЫДҰ (2010), *Білім беру саласындағы ұлттық саясат шолулары: Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, 2009: ерекше қажеттіліктері бар және мүмкіндіктері шектеулі оқушылар*, OECD Publishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264073210-en>.

- ЭЫДҰ (2007), *Білім беру саласындағы ұлттық саясат шолулары: Қазақстандағы жоғары білім*, Дүниежүзілік банк / OECD Publishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264033177-en>.
- Псахаропулос Г., Патринос, Х. А. (2004). [Білім берудегі инвестициялардың табыстылығы: қосымша ақпарат], *Education Economics*, 12-том, № 2, 1325–43-беттер, Дүниежүзілік банк, Вашингтон, Колумбия округі.
- Шнайдер және басқалары (2010), *Әлем бойынша көлеңкелі экономика: 1999 жылдан 2007 жылға дейін 162 ел бойынша жаңа бағалау*, Дүниежүзілік банк, Вашингтон, Колумбия округі, [www-wds.worldbank.org/servlet/WDSContentServer/WDSP/IB/2010/10/14/000158349\\_20101014160704/Rendered/PDF/WPS5356.pdf](http://www-wds.worldbank.org/servlet/WDSContentServer/WDSP/IB/2010/10/14/000158349_20101014160704/Rendered/PDF/WPS5356.pdf).
- Сингх К. (2012). Арнайы баяндамашының Қазақстандағы білімге құқықтар туралы есебі. Адам құқықтары жөніндегі кеңестің 20-сессиясында ұсынылған миссия есебі, БҰҰ, Нью-Йорк. Есепті: [www.ohchr.org/Documents/HRBodies/HRCouncil/RegularSession/Session20/A-HRC-20-21-Add1\\_en.pdf](http://www.ohchr.org/Documents/HRBodies/HRCouncil/RegularSession/Session20/A-HRC-20-21-Add1_en.pdf). қараңыз.
- UNDATA (2014), ЮНЕСКО статистика институты: [https://data.un.org/Data.aspx?q=public+expenditure+per+capita+percentage+GDP&d=UNESCO&f=series%3aXUNIT\\_GDPCAP\\_FSGOV](https://data.un.org/Data.aspx?q=public+expenditure+per+capita+percentage+GDP&d=UNESCO&f=series%3aXUNIT_GDPCAP_FSGOV)
- ЮНЕСКО (2011), Білім беру бойынша дүниежүзілік деректер, Қазақстан, ЮНЕСКО, Париж.
- ЮНИСЕФ (2010), *Ел шолуы: Қазақстандағы білім беру*, ЮНИСЕФ, [www.ЮНИСЕФ.org/ceecis/Kazakhstan.pdf](http://www.ЮНИСЕФ.org/ceecis/Kazakhstan.pdf).
- ЮНИСЕФ (2012), *Жалпы орта білім беру ұйымдарын жанбасылық қаржыландыру әдістемесін әзірлеу және ұсынылған үлгіні пилоттық сынау*, ЮНИСЕФ, Астана.
- Дүниежүзілік банк (2012), *Дүниежүзілік банк – Қазақстанмен әріптестік бағдарламасына шолу*, 2012 жылғы сәуір, Дүниежүзілік банк, Вашингтон, Колумбия округі.
- Дүниежүзілік банк (2014), *Қазақстанның білім беру жүйесін нығайту: 2009 және 2012 жылдар үшін PISA нәтижелерін талдау*, Дүниежүзілік банк, Вашингтон, Колумбия округі.
- Дүниежүзілік банк статистикасы (2014), Дүниежүзілік банктің ұлттық шоттар туралы деректері: <http://data.worldbank.org/indicator/NY.GDP.PCAP.CD> қараңыз



## 2-БӨЛІМ

### МЕКТЕПТЕРДЕ РЕСУРТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫ БАСҚАРУ

Қазақстандық білім жүйесі қатаң орталықтандырылған. Білім беру ресурстарын пайдалануды басқару ауқымды орталықтандырылған жоспарлауды, нормалардың бөлшектік жүйесін және әкімшілік басқарудың ең төменгі деңгейлері шешімдерді қабылдау процесінде де және бюджеттендіруге қатысты анағұрлым жоғары деңгейлерге бағынатын нақты иерархияны қамтиды. Негізгі қатысушылар Президент және оның Әкімшілігі, Білім және ғылым министрлігі, Ұлттық экономика министрлігі (ЭБЖМ), ҚМ, облыстар, аудандар және мектептердің өздері болып табылады. Білім беру саласы шамшыл реформалар (мысалы, 12-жылдық білім беруді енгізу, мектептерді қаржыландырудың жаңа үлгісі) өткізілетін басым сала болып табылады. Бұл реформалар «Қазақстан 2050: бір ел, бір халық, бір тағдыр» даму стратегиялары мен ҚР білім беру саласын дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы сияқты стратегиялық құжаттарда көрсетілген көрініс арқылы анықталған. Осы реформалар білімге бөлінетін қаражатты арттыру жөніндегі ниетпен және әлеуетпен және бір оқушыға арналған шығыстар орта есеппен алғанда ЭЫДҰ бойынша және басқа көрініс елдерге қарағанда төмендеу болып қалатынын түсіне отырып өткізіледі. Ұзақ мерзімді орталықтандырылған жоспарлау білім беру саласындағы саясаттың реттілігін қамтамасыз етеді, ал нормалардың кеішенді жүйесі мектептерге білім органдарының шешімдеріне қатысты кепілдікті көздейді. Дегенмен, жеткіліксіз жергілікті және мектеп дербестігі ресурстарды тиімді пайдалануға кедергі келтіреді, сондай-ақ олардың шарттары мен мәнмәтінін есепке ала отырып, жергілікті қажеттіліктерге әсер ету қабілеті де шектеулі болып табылады. Бұдан басқа, бюджетаралық трансферттер жергілікті қажеттіліктер үшін жеткіліксіз және нәтижесінде әр түрлі өңірлерде, елді мекендерде және мектептерде бір оқушы басына арналған шығындардың айтарлықтай айырмашылығына әкелетін шағын ғана теңестіруді білдіреді.

Осы бөлім мектептегі білім беру жүйесіндегі ресурстардың пайдаланылуын басқару мәселелеріне арналған. Онда ресурстарды пайдалану тиімділігінің мектепте білім беру жүйесінің негізгі элементтеріне, мысалы, шешім қабылдау жөніндегі құқықтарды бөлуге, оқыту құрылымына, ата-аналық таңдау деңгейіне немесе жеке сектор көлеміне әсері талданады. Сондай-ақ, ол мектептегі білім беру үшін қолда бар ресурстардың деңгейі мен олардың дереккөздері мәселесіне де қатысты. Бұдан басқа, онда ресурстарды пайдалануды жоспарлау (мысалы, басымдықтар мен міндеттерді анықтау, ресурстарды пайдалану үшін жауапкершілікті бөлу) және ресурстардың тиімді пайдаланылуын жақсарту жөніндегі шараларды іске асыру (мысалы, тиісті мүдделі тараптармен ресурстарды пайдалану туралы консультация және өзара іс-қимыл) мәселелері талқыланады.

## **Мәнмәтін және ерекшеліктер**

### ***Мектепте ресурстарды пайдалану бойынша жауапкершіліктерді бөлу***

Қазақстандық білім жүйесі қатты орталықтандырылған. Мектептердің ресурстарды пайдалану бойынша міндеттерді бөлу мектептегі білім беру жүйесін басқарудың жалпы жүйесіне сәйкес келеді, ол 1-бөлімде сипатталған. Қазақстандық білім беру жүйесін басқару құрылымы әкімшілік басқарудың әр түрлі деңгейлері шешімдер қабылдау құрылымы бөлігінде де және бюджеттік процесс бөлігінде де анағұрлым жоғары деңгейлерге бағынатын, бұрынғы кеңес үкіметі үлгісіне өте ұқсас. Мектептердің ресурстарын пайдалану бойынша міндеттерді қатысы бар тараптар бойынша жалпы бөлу төменде және қызмет саласы бойынша 2.1-кестеде сипатталған:

- *Президент және Президент Әкімшілігі* білім жүйесін дамыту үшін нақты және толық бағыттарды қамтамасыз етеді, олардың нәтижелері үшін ҚР БҒМ есептілікті және ерекше маңызы бар бастамалардың мониторингін қамтамасыз етеді.
- *ҚР Білім және ғылым министрлігі* білім беру саласындағы құзырлы орталық орган болып табылады. ҚР БҒМ білім беру саласында нормативтік-құқықтық актілердің іске асырылуын, сондай-ақ білім беру бюджеттерінің жобаларын дайындауды қоса алғанда, білім беру жүйесін стратегиялық жоспарлауды, басқару мен қаржыландыруды қамтамасыз етеді. Министрлік бірқатар негізгі мәселелерді реттейді: оқу бағдарламаларын, оқу жоспарларын мен оқыту бағдарламаларын, оқушыларды бағалау жүйесін әзірлеуді ұйымдастыру, кейбір қаржы ресурстарын бөлу және басқару. Өңірлік, жергілікті деңгейлерде және мектеп деңгейінде қабылданатын шешімдердің көпшілігі тиісті нормативтік-құқықтық актілер шеңберінде қабылданады.

ҚР БҒМ адами және қаржылық ресурстарды басқарудағы икемділікті қамтамасыз ету үшін: мемлекеттік кәсіпорындар (52 дала зерттеулері кезінде), акционерлік компаниялар (8) және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер (1) нысанында өзіне бағынышты бірнеше мекеме мен ұйым құрды. Осы ұйымдардың көпшілігі соңғы 10 жыл ішінде құрылды және сапаны қамтамасыз ету, статистика немесе жобаларды басқару сияқты бағыттарда мамандандырылады. Осылайша, Білім беру статистикасы және бағалау ұлттық орталығы (БСБҰО) білім беру статистикасы мен бағалаудың кейбір деректерін жинау мен талдау үшін жауапты болады<sup>4</sup>. Тағы бір, біздің тақырыбымызға қатысты ұйым – мектептерді қаржыландырудың жаңа үлгісін құруға жауапты Қаржы орталығы. Ақпараттық-талдау орталығы Министрліктің халықаралық жобаларын іске асырады, мысалы, ЭЫДҰ өткізетін білім беру жүйесіне шолулар. Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы («Өрлеу») мектеп мұғалімдері мен басшыларына арналған кәсіптік даму мүмкіндіктерін әзірлеу мен қамтамасыз етуге жауапты болады. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДБҰ (НЗМ) педагогикалық шеберлік орталығы НЗМ-де педагогикалық және институционалдық инновацияларды әзірлеу мен енгізуді, сондай-ақ оларды басқа мектептерге таратуды қолдайды. Соңында, Ұлттық білім академиясының жанындағы


<sup>4</sup> ЭЫДҰ сарапшыларының дала зерттеулерінен кейін 2014 жылғы желтоқсанда «Білім беру статистикасы және бағалау ұлттық орталығы» РМҚК (БСБҰО) жабылып, оның қызметтері «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ-ға ықпалдастырылды.

Шағын жинақталған мектептерді дамыту орталығы шағын жинақталған мектептердің тиімділігін бақылау және жақсартуларға жәрдемдесу үшін құрылған болатын.

- *Ұлттық экономика министрлігі (бұрынғы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі)* салық-бюджет саясатын әзірлеуге; ұлттық жоспарлаудың тұтас және тиімді жүйесін құруға; ұсынылатын жылдық бюджетті, бюджеттік жіктемені және бюджеттік өтінімдерді дайындау мен беру тәртібін әзірлеуге; инвестициялық жобаларды іске асыру мониторингіне; өңірлік және жергілікті мемлекеттік басқаруды жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірлеуге; орталық, өңірлік және жергілікті органдардың қызметі туралы есептілік бойынша талаптарды белгілеуге жауапты. Бұдан басқа, ҰЭМ орталық, өңірлік және жергілікті органдардың қызметін үйлестіреді.
- *Қаржы министрлігі* бюджеттің атқарылуы, республикалық бюджеттің және өз өкілдігі шегінде, жергілікті бюджеттердің атқарылуы бойынша бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілік саласындағы салааралық үйлестіруді әкімшілендіреді және жүзеге асырады. ҚМ Қазынашылық комитеті мемлекеттік бюджеттің атқарылуын бақылайды және орталық, өңірлік және жергілікті деңгейлерде әрекет етеді. Облыстар мен аудандардың Білім департаменттері ҚМ Қаржылық бақылау инспекциясы тарапынан тексерілуге жатады. Қаржылық бақылау комитеті ішкі қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу, аудит, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жөніндегі іс-шаралар мәселелеріне жауап береді.
- *Есеп комитеті* аудиттің жоғары органы, яғни республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау бойынша жоғары өкілеттіліктер берілген орган болып табылады. Есеп комитеті Президентке тікелей бағынады және оның алдында есеп береді. Өңірлік және жергілікті деңгейде 2011 жылы бюджетті сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жақсарту мақсатында аудит бойынша комиссиялар құрылды.
- *Облыстың білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органы* техникалық және кәсіптік білім беруді, мектептерде, арнайы және мамандандырылған мектептерде оқуды қамтамасыз етеді. Мұғалімдерді жұмыстан үзбей оқытуды қамтамасыз етеді, мектептер үшін әдістемелік, педагогикалық, психологиялық және медициналық консультациялық қолдау көрсетеді. Өңірлік олимпиадаларды, өңірлік деңгейдегі конкурстарды ұйымдастырады. Оқулықтарды таратуды, мектеп инфрақұрылымын қамтамасыз етуді, оқушылардың нақты санаттары үшін тегін және субсидияландырылған мектепте тамақтандыруды және жетім оқушыларды қолдауды жүзеге асырады.
- *Ауданның білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органы*, басты түрде, физикалық ресурстарды үйлестіру мен басқаруға, сыныптар көлемін анықтауға және мектептер үшін әдістемелік қолдауды қамтамасыз етуге жауап береді. Бюджет кодексіне сәйкес, жергілікті билік органдарына мектептерді қаржыландыру, кешкі білім беру мен мектеп-интернаттар үшін басты жауапкершілік жүктеледі. Ауданның жергілікті атқарушы органы оқулықтар мен оқу материалдарын сатып алу мен жеткізуді ұйымдастырады, мектеп олимпиадалары мен жергілікті деңгейдегі конкурстарды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етеді, оқушылар үшін тегін тамақтануды және мектептерді ұйымдастырушылық қолдауды қамтамасыз етеді. Мектеп директорлары ай сайынғы негізде білім бөлімі бастығының төрағалығымен ұйымдастырылып, әрекет ететін және нормативтік құжаттарды орындауға және ағымдағы мәселелерді шешуге жәрдемдесуге арналған аудандық білім бөлімінің жиналыстарына қатысады.
- *Мектептер* кадрлық ресурстар мәселелерін қоспағанда, ЭЫДҰ-ның басқа елдерімен салыстырғанда, Қазақстандағы мектеп ресурстарының менеджменті саласында шағын дербестікке ие (2.1-суретті қараңыз). Мектептер, басты түрде, оқушыларды оқытуды ұйымдастыруға, үлгерімі төмен оқушыларды қолдауға және мұғалімдер контингентін басқаруға жауапты. PISA-2012 нәтижелеріне сәйкес, 15 жастағы оқушылардың басым бөлігі оқитын мектептерде директорлар жұмысқа жалдау кезінде мұғалімдерді таңдауды өткізеді (81%) және мұғалімдерді жұмыстан шығарады (76%) (ЭЫДҰ, 2013а). Алайда,

оқушылардың тек аз үлесі ғана мектеп директорлары оқушыларды бағалай отырып саясатын анықтайтын (34%), олар қолданатын оқулықтарды таңдайтын (16%), оқу пәндерінің мазмұнын анықтайтын (7%), қандай пәндер бойынша сабақ берілетіні туралы шешім қабылдайтын (16%), мұғалімдердің бастапқы жалақысын (19%) және жалақының жоғарылауын (4%) белгілейтін, мектеп бюджетін қалыптастыратын (8%), мектеп ішінде қаражатты бөлу бойынша шешім қабылдайтын (11%) мектептерде оқиды. Мектептер директорлары сондай-ақ орынбасарлардың санына да және олардың функцияларына қатысты өздерінің ұйымдық құрылымын құрай алмайды. Мұғалімдерді «жұмыстан босатуға» қатысты көп жағдайларда оларға түсірілетін жүктемені азайту қолданылатынын атап өту қажет.

**2.1-сурет Қазақстанда және ЭЫДҰ елдерінде мектептердің дербестігі (2012)**



Дереккөз: ЭЫДҰ (2013а), *PISA-2012 нәтижелері: мектептерді не сәтті етеді (IV том): ресурстар, саясат және практика*, PISA, OECD Publishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264201156-en>.

- *Қамқоршылық кеңестер*, мектепті басқаруға қатысатын алқа органының ықтимал нысандарының бірі ретінде, білім беру жүйесінде шешім қабылдау және мектеп қоғамдастығына мектепті басқаруға қатысу мүмкіндігін беру бойынша өкілеттіліктерді орталықсыздандыру жөніндегі саясатты іске асырудың мәнмәтінінде 2007 жылы заңды түрде құрылған болатын. Қамқоршылық кеңес мүшелері педагогикалық қызметкерлер өкілдерін, ата-аналарды, мектеп түлектерін, жергілікті кәсіпкерлерді және азаматтық қоғам ұйымдарын қамтиды. 2012-2013 жылдардағы жағдай бойынша қамқоршылық кеңестер 3 259 мектепте (мектептердің 44,1%) құрылған. Алайда, облыстар бойынша көрініс біркелкі емес. Шығыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында қамқоршылық кеңестер 400-ден астам мектептерде құрылған болса, Атырау облысында, Астана мен Алматы қалаларында қамқоршылық кеңестері осы қалалар мен облыстың әрқайсысында кемінде 10 мектепте ғана құрылған. 2020 жылға қарай қамқоршылық кеңестер мектептердің 60%-да жұмыс істейді деп күтілуде. Қамқоршылық кеңестердің негізгі функциялары әлі де әлеуметтік және мәдени шараларды ұйымдастырумен ғана

шектеледі, бірақ олар өсе келе өздеріне мектептің даму стратегияларын айқындау, негізгі персоналды тағайындау және мектеп қаржыларын қадағалау бойынша міндеттерді көбірек алады деп болжанады. Мектепті қаржыландырудың жаңа үлгісі (3-бөлімді қараңыз) оларға мұғалімдер арасында сыйақыны бөлу құқығын береді.

- *Ата-аналар комитеттері.* Бұл мектеп ұйымдастыратын және заңды танылмаған ресми емес топтар, мектептің ұйымдастырушылық мәселелері жөніндегі кеңес тобы ретінде жұмыс істейді және мектеп іс-шараларын ұйымдастыруды қолдайды. Ата-аналар комитеті, әдетте, мектептің ұйымдастырушылық сипаттағы әр түрлі шешімдері бойынша консультациялық топ ретінде әрекет етеді және мектеп іс-шараларын ұйымдастыруға көмектеседі. Қамқоршылық кеңестері енгізілгенге дейін мектептер өз қалауынша оларды қоршаған қоғамдармен әріптестік орнатқан. Әдетте, мұндай әріптестік мектептің жалпы ата-аналар жиналысымен сайланатын ата-аналар комитетінің нысанын алатын.

## 2.1-кесте Қызмет салалары бойынша ресурстарды пайдалану жөніндегі міндеттерді бөлу

Бағыт	Міндеттерді бөлу
<b>Жүйені жалпы басқару</b>	
Стратегиялық даму	Президент Әкімшілігі білім беру жүйесін дамыту үшін бағыттарды қамтамасыз етеді, кейін оларды ҚР БҒМ стратегиялық және операциялық жоспарлар шеңберінде іске асырады.
Оқу бағдарламасы	ҚР БҒМ міндетті пәндер тізбесін, бағдарламалар мен оқу жоспарларын анықтайтын орта білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын әзірлеуді ұйымдастырады. Әр мектеп пәндер бойынша оқу сағаттарын бөліп және сыныптан тыс іс-шараларды анықтап өз оқу жоспарын әзірлейді.
Оқушылар үлгерімін бағалау	ҚР БҒМ Ұлттық біріңғай тестілеу (ҰБТ) мен оқу жетістіктерін сырттай бағалауды (ОЖСБ) қоса алғанда, оқушыларды бағалау жүйесінің дамуына жауап береді. Бұл функция Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетіне және Ұлттық тестілеу орталығына берілген.
Мектептер үшін ресурстарды бөлу	ҚР БҒМ мектептерді қаржыландырудың ережелері мен әдістемесін әзірлейді. Үкімет облыстар мен аудандарға мектептер арасында үлестіру үшін қаржыландыруды береді. Үкімет мектеп ұжымының жалақысын белгілейді, ол білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдардың бюджетімен толықтырылуы мүмкін.
Нысаналы топтар	Министрлік және басқа орталық органдар ерекше қарауды талап ететін оқушылардың белгілі бір санаттарын (мысалы, тіл бойынша, дарынды балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар, аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан балалар) қолдау үшін жауапты болады. Қолдау беру орталық, өңірлік және жергілікті басқару органдарының жауапкершілігі болуы мүмкін.
<b>Мектептердің қызметі</b>	
Мектептер желісі	Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті мектептердің қызметін жүзеге асыруға лицензиялар беруге жауапты, сондай-ақ мектептерді жабу туралы шешім қабылдайды. Сонай-ақ, ЖАО егер оқушылар саны мектептер қызметін жүзеге асырудың мемлекеттік қағидаларында белгіленген көрсеткішке жетпесе немесе егер мектеп қауіпсіздік пен денсаулық сақтау бойынша талаптарға сәйкес келмесе, мектепті жабу туралы шешім қабылдай алады. Егер елді мекенде қолданыстағы басқа мектеп болмаса, ЖАО оқушылар үшін жақындағы мектепке дейін тегін көлік ұйымдастыруы тиіс.
Мектеп күнтізбесі және оқу уақыты	ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің бақылауымен оқушылардың үзілісі белгіленеді, ҚР БҒМ мектеп күнтізбесін, пәндер тізбесін және оларға бөлінетін сағаттар санын, апта ішіндегі оқу жүктемесін бөлуді белгілейді. Мектептер сыныптарды құрайды, пәндер мұғалімдерінің жүктемесін түзейді және сабақ кестесін құрастырады.
Сынып көлемі	Сыныптың ең үлкен көлемін және сынып көлемі ерекшеленуі мүмкін жағдайларды орталық органдар анықтайды. Облыстар мен аудандар алдын ала қарастырылған параметрлер бойынша сынып көлемін өзгерте алады.
Мектептерге қабылдау және оқушыларды топтастыру	Министрлік мектепке қабылдау критерийлерін реттейді. Мектеп директоры оқушыларды қабылдау туралы шешім қабылдайды.
Үлгерімі нашар оқушыларды	Оқуда қиындықтарға тап болатын оқушыларды қолдау жөніндегі стратегияның түрі, кезеңділігі мен қарқындылығы мектептің толық қарауы бойынша анықталады.

қолдау

### Белгілі ресурстар

Мектеп әкімшілігі	Мектеп әкімшілігінің құрылымы да орталықтан белгіленеді. Жергілікті билік орындары мемлекеттік нормативтік құжаттарға сәйкес мектептер директорларын тарту және жұмыстан босату үшін жауап береді. Мектептер директорлары оқу, әдістемелік, тәрбие және басқа жұмыс (мектептің түрі мен типіне байланысты) жөніндегі орынбасарларды тағайындайды. Мектептер директорлары сондай-ақ мектеп жұмысының жоспарын (мерзімдері мен жауапты тұлғалары көрсетілген, мектеп қызметін сипаттайтын құжат) әзірлеуге де жауапты болады.
Адами ресурстар	Орталық органдар мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің типтік штаттарын және педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдар тізбесін белгілейді. Мектеп директоры мұғалімдер мен қосымша персоналды жалдау мен тағайындауды жүзеге асырады; басқару құрылымын, штаттық кестені және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді; олардың кәсіптік дамуы үшін жағдайлар жасайды; педагогикалық кеңесті басқарады; белгіленген тәртіпте қызметкерлерді аттестаттауды өткізеді; қызметкерлерге көтермелеулер береді және жаза қолданады; мұғалімнің жүктелуі туралы шешім қабылдайды (кейбір жағдайларда бұл мұғалімдерді жұмыстан шығаруға әкеледі).
Физикалық ресурстар	ҚР БҒМ инфрақұрылым, жарақтандыру және мектептерде бар болуға тиіс оқу материалдары мәселелерін реттейді. ЖАО олардың қамтамасыз етілуіне жауапты болады, ал мектептер оларды білім беру процесінде пайдалануы тиіс. Мектептер сондай-ақ өзінің бюджеті, кадрлары мен активтері бойынша есептілікті тұрақты негізде беру үшін жауапты.

*Дереккөздер:* АТО материалдары негізінде (2014), «Мектептерде ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру саясаты: Қазақстан бойынша елдің негізгі есебі» ЭЫДҰ шолуы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ақпараттық-талдау орталығы, Астана, [www.EYDF.org/edu/school/schoolresourcesreview.htm](http://www.EYDF.org/edu/school/schoolresourcesreview.htm) қолжетімді.

Білімнің әртүрлі деңгейлері арасындағы үйлестіру ауқымды орталық жоспарлаумен, нормативтік құжаттардың толық жүйесімен және күшті иерархиямен қамтамасыз етіледі (білім жүйесі ішінде нормаларды толығырақ түсіну үшін 3-бөлімді қараңыз). 2012 жылы қабылданған «Қазақстан-2050: бір ел, бір халық, бір тағдыр» даму стратегиясы елдің ұзақ мерзімді келешектегі жалпы көрінісін айқынайды. Білім беру секторында оны 2010 жылы қабылданған, БДМБ толықтырады. БДМБ іске асыру үшін өз кезегінде жылдық жопарлар мен білім беру саласындағы өзге де стратегиялар үшін негіз болған бесжылдық жоспар әзірленген. Қысқа мерзімді келешекке Президенттің ел халқына жыл сайынғы жолдауы жаңа бастамалар туралы түсінік және олардың негізінде кейін әдетте стратегиялық салалық құжаттар мен заңдар әзірленетін стратегияларды қайта құру мүмкіндігін береді. Ұқсас тәртіп бойынша облыстар мен аудандар мемлекеттік және облыстық жоспарлар негізінде өздерінің әр түрлі кезеңдерге арналған жалпы және салалық жоспарларын айқындайды.

БДМБ білім беру жүйесінің сапасын арттыруға бағытталған стратегиялық реформалардың шамшыл бағдарламасын қамтиды (1-бөлімді қараңыз). Білім беру ресурстарын жоспарлау мен пайдалануға айтарлықтай әсер ететін үш негізгі бастама басталды: міндетті оқыту кезеңін 11 жылдан 12 жылға дейін ұзарту (12-сыныпты енгізу), шағын жинақталған мектептерді қолдау үшін ресурстық орталықтар құру және мектептерді қаржыландырудың жаңа моделі.

### *Мектептегі білім беру жүйесін қаржыландыру*

#### *Мемлекеттік кірістер*

Қазақстанның мемлекеттік қаржыландыру жүйесі қатаң орталықтандырылған және мемлекеттік кірістердің жалпы көлемі, көп шамада, орталық деңгейде анықталады. Қосалқы ұлттық органдардың ағымдағы шығындарының көп бөлігі бөлінген салықтар мен бюджетті жәрдемқаржылар жүйесі арқылы қаржыландырылады. Елдің 16 өңірі (14 облыс пен республикалық маңызы бар 2 қала, Астана және Алматы) табыс салығыны және оған байланысты олардың аумағында алынатын төлемдерді толық алады. Аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар мүлік салығын және кейбір акциз салықтарын толығымен алады. 2013 жылы мектептерді қаржыландыруға жергілікті бюджеттен білім беруге арналған барлық шығындардың 74%-ы немесе ЖІӨ-нің 1,8%-ы бөлінді. Сонымен қатар, республикалық бюджет үлесі 2002 жылғы 12%-

бен салыстырғанда екі есе өскен 2006 жылдан бастап 25-29% шегінде тұрақты болып қалады (АТО, 2014). Қаржыландырудың көп бөлігін ЖАО қамтамасыз етсе де, олар мектеп ресурстарының тиісті деңгейін өз қалауынша қамтамасыз ете алатын салалар шектеулі. ЖАО жер салығын<sup>5</sup> қоспағанда салық салу базасын немесе ставкасын анықтай алмайды. Салықтарды тікелей Қаржы министрлігі және жергілікті деңгейдегі қандай да бір орган алдында есеп бермейтін оның аумақтық бөлімшелері алады. ЖАО тек өңірлік немесе ұлттық органдардан қарыз ала алады, бұл олардың күрделі шығындарды қаржыландыру қабілетін шектейді (Махмұтова, 2006).

Бюджетаралық трансферттер облыстар мен аудандардың бюджеттерінде маңызды рөл атқарады. 2011 жылы салық түсімдері жергілікті кірістердің шамамен 36%-ға жуығын құраса, тікелей трансферттер үлесі 61%-ды құраған (Махмұтова, 2012). Жеке ресурстардың жетіспеушілігі және мектептер үшін ресурстарды ұсынудың әр аспектісін реттейтін ауқымды нормативтік құжаттар жүйесі мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарында өз шығындарын іске асыруда еркіндіктің аз екенін білдіреді. Бюджетаралық трансферттер жүйесі елдің Кеңес Одағынан бөлінуінен кейін бірнеше рет реформаланған. 2005 жылдан бастап бұл жүйе мыналарды қамтиды (Махмұтова, 2006):

- *Жалпы сипаттағы трансферттер, нысаналы ағымдағы трансферттер, дамуға арналған нысаналы трансферттер.* Тек белгілі бір мақсат үшін ғана пайдалануға болатын нысаналы трансферттерге қарағанда, жалпы сипаттағы трансферттер белгілі бір сектор үшін арналмаған, сондықтан олар жергілікті атқарушы органдар білім беруді немесе құзыретіндегі басқа бір қызметті қаржыландыра алатын, олардың жалпы табысының бөлігі болып табылады. Дамуға арналған нысаналы трансферттер нақты бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыруға бағытталған. Мысалы, 2011 жылы бөлінген нысаналы республикалық трансферттердің 98,7 млрд. теңгесінің жартысы (шамамен 640 млн. АҚШ долл.) кейбір жерлердегі білім беру ұйымдарының құрылысына бағытталған болатын. Қалғаны мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз етуді қоса алғанда, ағымдағы білім беру бағдарламаларына, сондай-ақ «Жұмыспен қамту-2020» ұлттық бағдарлама шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру мен оларды қайта даярлау жөніндегі іс-шараларға және басқаларына бағытталған.
- *Бюджеттік жәрдемқаржылар және бюджеттік өндіріп алулар* өңірлік кірістердегі (адам басына шаққандағы) айырмашылықтарды теңестіру және басқарудың барлық деңгейлері өз функцияларын орындау үшін жеткілікті ресурстарға ие болатынын қамтамасыз ету үшін арналған. Жәрдемқаржылар мен өндіріп алулар жалпы сипаттағы трансферттер ретінде айқындалады және үшжылдық кезеңге абсолютті мәнде белгіленеді. 2011 жылы 16 өңірдің 13-і (барлығы, Алматы қаласын, Маңғыстау және Атырау облыстарын қоспағанда) бюджеттік жәрдемқаржыларды алатын, себебі олардың күтілген шығындары олардың әлеуетті шығындардан асып кеткен (Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, 2011). Теңестіру жүйесі нақты критерийлерге немесе ең төмен стандартқа негізделмеген, осының нәтижесінде бір оқушы немесе науқас басына қаржыландыру елдің әр түрлі бөліктерінде пропорционалды емес болуы мүмкін (Махмұтова, 2006); сондай-ақ келіссөздер мен өзара түзетулер үшін едәуір мүмкіндіктер бар.

#### *Республикалық, өңірлік және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру*

Бюджет туралы заң процестің дәл сипаттамасын қамтиды және республикалық, өңірлік және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру күнтізбесін белгілейді (2.2-кестені қараңыз). Жалпы бюджеттік конвертті анықтау үшін әлеуетті табыстар мен болжамды шығындарға бағалау жүргізіледі. Мамырдың ортасында аудандар өз кезегінде Министрлікке біріктірілген бюджеттік өтінімдерді жіберетін облысқа барлық мектептердің бюджеттерін біріктіретін өз бюджеттік өтінімдерін ұсынуы тиіс. Болжамдардың едәуір кемшіліктері болуы мүмкін, себебі оқушылар,

---

<sup>5</sup>Жер салығы орталықтан белгіленген ставкалар шегінде арттырылуы немесе азайтылуы мүмкін, бірақ әдетте ол жергілікті бюджеттің өте аз бөлігін құрайды.



сыныптар немесе мұғалімдердің толық штаттық бірліктерінің қажетті баламаларының саны кейін жыл ішінде анықталады.

## 2.2-кесте Қазақстанда республикалық, өңірлік және жергілікті бюджетті қалыптастыру күнтізбесі

Бюджеттік процесс кезеңдері	Орталық деңгей	Облыстардың, Астана, Алматы деңгейі	Аудандық деңгей
Келесі бюджеттік жылға арналған ұлттық даму жоспарларын және макроэкономикалық болжамды бекіту	15 сәуір		
Бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің бюджеттік жоспарларды ұсынуы	15 мамыр		
Алдын-ала бюджетті бюджет комиссиясының қарауына ұсыну	1 тамыз	1 қыркүйек	1 қазан
Түзетілген бюджетті атқарушы органға бекітуге ұсыну	15 тамыз	1 қазан	15 қазан
Соңғы бюджетті заң шығарушы органға бекітуге ұсыну	1 қыркүйек	15 қазан	1 қараша
Егер толық бюджетті заң шығарушы орган бекітпесе, бірінші тоқсанға алдын-ала бюджетті бекіту	25 желтоқсан		
Мемлекеттік органдардың операциялық жоспарларды қабылдауы	10 қаңтар		
Бюджетті заң шығарушы органның бекітуі үшін соңғы мерзім	1 наурыз		

*Дереккөз:* Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің материалдары бойынша (2011), Бюджеттік гид: елдің бюджеті – әрқайсысының бюджеті, Астана.

Бюджет қалыптастыру процесі келіссөздер үшін көбірек мүмкіндіктер болу үшін бір мезгілде өтеді. Қандай да бір облыс ауданның бюджеттік өтінімімен келіспеуі, бірақ орталық атқарушы органдардан көбірек қаражат алуға тырысу үшін ұсынылатын бюджетті пайдалануы мүмкін. Бұдан басқа, талқылаулар әртүрлі органдардың (бюджет комиссиялары, атқарушы органдар мен заң шығарушы органдар) жұмысы шеңберінде өтеді. Сонымен қатар, бюджетті бекіту ретімен, алдымен ең жоғары деңгейде, одан кейін төмен деңгейде өтеі. Аудандардың бюджеті ол бағынатын облыстың бюджеті бекітілгеннен кейін ғана бекітіледі, облыс бюджеті, өз кезегінде, орталық атқарушы органдардың бюджеті бекітілгеннен кейін бекітіледі.

### *Қаржыландырудың басқа көздері*

Сарапшылар ақылы қызметтерден түскен қаражатты, демеушілік көмекті және қайырымдылықтарды қоса алғанда, қаржыландырудың басқа көздері туралы келісілген ақпарат алған жоқ. Ақылы қызметтерден түскен табыстар Қазынашылықтың қолма-қол ақшаның бақылау шотына (ҚБШ) енгізіледі және қамқоршылық кеңеспен немесе ата-аналар комитетімен консультациядан кейін мектептің қарауы бойынша үлестіріледі. Ата-аналардың, компаниялар мен басқа берушілердің қайырымдылықтары Қазынашылықтың ҚБШ демеушілік шотына енгізіледі және мектептердің бірыңғай қалауы бойынша шығындалады (АТО, 2014). Ақылы қызметтер мен қайырымдылықтарға жататын табыстар мен шығындар мектеп бюджетінде ескерілмейді. Оған қарағанда, таза түрдегі қайырымдылықтар мектеп теңгерімінде көрсетілуі тиіс. Сарапшылар тобы ҚБШ шоттарындағы сомаларға қандай да бір бағалау алған жоқ.

Мемлекеттік мектептер, әдетте, ақылы қызметтерді аз көрсетеді (АТО, 2014)<sup>6</sup>. Мектептердің директорлары мен бухгалтерлерінің көбі мектептен тыс, педагогикалық емес іс-шаралар

<sup>6</sup> Мектептер «қосымша білім беру» қызметтерін шарт негізінде көрсете алады. Сарапшылар барған мектептердің көбі мұндай қызметтерді көрсетеді, бірақ олар ақылы негізде көрсете алатын қызметтердің түрлерін көрсетуге рұқсат берілетінін білмеген немесе түсініксіз болған. Мемлекеттік білім беру стандарттарының қолданысына ұшырайтын қызметтер үшін ақы алу

оқушылар үшін тегін өткізілетінін және мектеп үй-жайлары, әдетте, жергілікті қоғамдық ұйымдарға немесе басқа тараптарға ақылы негізде жалға берілетінін айтты. Бірнеше мүдделі тарап «мемлекеттік мекеме» мәртебесі оларға төлем алып, осы қаражаты мектептің қарауы бойынша пайдаланылатын арнайы шотқа салуға тыйым салатынын атап көрсетті. Басқалары жаңа құрылған қамқоршылық кеңестерінің қалауы бойынша пайдаланыла алатын, өз банк шоттарын ашу және табыс алу құқығымен мектептерге «мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын» мәртебесін беру жөніндегі болашақ жоспарлары туралы айтты.

Таза түрдегі қайырымдылықтар кең таралған сияқты және әдетте тауарлар мен қызметтерді сыйлауды қамтиды, мысалы, оқу материалдары, мультимедиялық немесе АКТ жабдығы, мектеп нысандарын қалпына келтіру мен жөндеу бойынша ұсақ жұмыстар (АТО, 2014). Бұдан басқа, отбасылар мектепке дейінгі және мектептегі білім беруді қаржыландыруға одан да көп қатысатынын көрсететін растаулар бар: орта есеппен мектептер әр отбасыдан 2009 жылы шамамен 300 АҚШ долл. немесе одан да артық қаражат алды; бұл сома бастауыш сыныптарында кем және жоғары сыныптарда жоғары болуы мүмкін (Сингх, 2012). Төрт облыстағы 60 мектеп арасында өткізілген тексеру көрсеткендей, ата-аналардың көп бөлігі мектептер үшін ерікті жарналар жасайды: қала мектептерінде 86%, ауыл мектептерінде 69% және шағын жинақталған мектептерде 33% (Сандж, 2008). Сондай-ақ, тексеру шағын жинақталған мектептердегі ақша жинаудың төмен деңгейі төмен қажеттіліктерге емес, ата-аналардың қаржыландыруға қатысуға қабілетсіздігіне байланысты екенін де көрсетті (Сандж, 2008).

#### *Білім беруге арналған шығындар*

Білім беруге бөлінетін ресурстардың жалпы көлемі соңғы жылдары салыстырмалы түрде тұрақты болды. Қаржы дағдарысымен туындаған қысқа мерзімді төмендеуден кейін, 2009 жылы білім беруге арналған мемлекеттік шығындар шамамен ЖІӨ-нің 4%-ы деңгейінде тұрды. 2013 жылға қарай білім беруге арналған мемлекеттік шығындар қалпына келіп, дағдарысқа дейінгі деңгейге жақындады, алайда, ЖІӨ-нің 3,8%-ын құратын жоғары емес көрсеткіш артында жаңа жүзжылдық алдында басталған ЖІӨ-нің тез өсуі тұрды. Білімнің барлық деңгейлеріне бағытталған барлық мемлекеттік шығындардың үлесі жуырда 20%-дан арта түсті (2.3-кестені қараңыз). Жалпы, ЖІӨ-нің 1,1%-ын құрайтын білім беруге арналған жеке шығындар негізінен жоғары білімге бағытталған, себебі бастауыш және орта білімге білім беруге арналған шығындардың тек бесінші бөлігі ғана келеді.

Мектептегі білім беруге бағытталған мемлекеттік шығындар үлесі (10,4%) Қазақстанда ЭЫДҰ орташа көрсеткішінен жоғары. Ол 2011 жылдың 58%-ымен салыстырғанда, 2013 жылы білім беруге арналған барлық мемлекеттік шығындарының жартысын (51%) құрады. Бұл салыстырмалы азаю білім бюджетіндегі салыстырмалы үлесі 2009 жылдан кейін үш еселенген мектепке дейінгі білімнің мемлекеттік шығындарының өсуімен байланысты. Алайда, абсолютті қатынаста мектептегі білім беруге арналған шығындар соңғы жылдары ЖІӨ-нің шамамен 2%-ы деңгейінде болды, бұл ЭЫДҰ бойынша орташа көрсеткіштен едәуір төмен (3,6%) (2.3-кестені қараңыз).

---

тыйым салынған, бірақ мектептерге коммерциялық негізде кейбір қызметтерді көрсетуге рұқсат етілген: i) қосымша білім беру бағдарламалары (мысалы, шығармашылық, спорт, мәдениет және өнер дамыту бойынша); ii) оқу бағдарламасының пәндері бойынша қосымша, тереңдетілген сабақтар; iii) басқа іс-шаралар (мысалы, спорт жарыстары, семинарлар, кездесулер, конференциялар, жазғы лагерьлер); iv) жалға музыкалық аспаптарды, мектептегі тамақтануды және Интернетке қолжетімділікті беру; v) энергия артықшылығы vi) кәсіптік оқыту (АТО, 2014).

**2.3-кесте Қазақстанда, ЭЫДҰ және салыстыру өткізілетін басқа елдерде білім беруге жұмсалатын мемлекеттік шығындар**


	ЖІӨ %		Жалпы мемлекеттік шығындар %		Бір оқушы басына, халықтың бір адам басына ЖІӨ %	
	Білім жүйесі, барлығы	Орта білім, оның ішінде бастауыш <sup>1</sup>	Білім беру жүйесі, барлығы	Орта білім, оның ішінде бастауыш <sup>1</sup>	Білім беру жүйесі, барлығы	Орта білім, оның ішінде бастауыш <sup>1,2</sup>
Қазақстан (2013)	3.8	2.1	20.5	10.4	16	11
Қазақстан (2011)	3.8	2.1	18.4	10.7	14	11
ЭЫДҰ, орта есеппен (2011)	5.6	3.6	12.9	8.4	27	25
<b>ЭЫДҰ кіретін, салыстыру өткізілетін елдер (2011)</b>						
Мексика	5.2	3.5	20.5	13.6	19	16
Польша	4.9	3.3	11.4	7.5	31	28
Түркия	4.1	2.4	10.9	6.3	18	14
<b>ЭЫДҰ кірмейтін, салыстыру өткізілетін елдер (2011)</b>						
Бразилия	6.1	4.5	19.2	14.3	26	24
Ресей	3.9	2.0	10.9	5.5	24	20

*Ескерту:* (1) техникалық және кәсіптік білім беруді қамтиды. Салыстырылатын елдердің деректері орта білімнен кейінгі үшінші емес білімді қамтиды (маңызды емес мөлшерде), ал Қазақстанның деректері осы деңгейді қамтымайды; және (2) салыстырылатын елдер үшін деректер жеке және мемлекеттік шығындарды қамтитын бастауыш және орта білімнің орташа көрсеткіші ретінде есептелді.

*Дереккөз:* Авторлардың ҚР БҒМ, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі және ЭЫДҰ деректері негізіндегі есептері, 2014а (салыстыру өткізілетін елдер).

Мектептегі білім жүйесіндегі бір оқушы басына шығындар шынайы қатынаста өсе түсті, бірақ егер оларды халықтың бір адам басына ЖІӨ-нен үлесі ретінде көрсеткенде, олар сол деңгейде қалды (соңғысы Қазақстандағы өмір сүру деңгейінің өсуімен байланысты). Халықтың бір адам басына ЖІӨ-нен үлесі ретінде көрсетілген бір оқушы басына шығындар 2013 жылы 11% құрады, бұл 2011 жылы ЭЫДҰ (25%) бойынша орташа есеппен айтарлықтай төмен. 2013 жылы мектептегі білім алушылардың бір оқушы басына шығындар мектепке дейінгі білімге қарағанда 27%-ға төмен, шамамен жоғары білім шығындарымен бір деңгейде, және техникалық және кәсіптік білім шығындарымен салыстырғанда 28%-ға жоғары. Мектептегі білім беру жүйесіндегі бір оқушы басына шығындар инфляцияға түзетумен 2009 және 2013 жылдар аралығындағы кезеңде 26%-ға артты; ал мектепке дейінгі, техникалық және кәсіптік және жоғары білім беру жүйелеріндегі бұл өсу сәйкесінше 98%, 64% және 73% құрады (2.2-суретті қараңыз).

**2.2-сурет Қазақстанда бір оқушы басына жыл сайынғы мемлекеттік шығындар, білім деңгейі бойынша, 2009-2013**




Дереккөз: Авторлардың ҚР БҒМ және ҚРСА деректері негізіндегі есептері

Кейбір өңірлер басқаларға қарағанда, білімге айтарлықтай көп ресурстарды бағыттайды. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысы өз бюджетінің 41%-ын білім беруге бөлсе, Астана қаласы тек 10%-ын ғана бөлген (ЭЫДҰ, 2014b). Білім беру қызметтерін ұсыну құны (басты түрде мектеп желілерін ұйымдастыруға байланысты)<sup>7</sup> және қаржыландырудың баламалы көздерінің болуы (мысалы, республикалық бюджеттен трансферттер) жергілікті бюджеттегі білімнің басымдық деңгейін анықтайды. Осыған байланысты, мектептердегі үлесті шығындар едәуір деңгейде, Оңтүстік Қазақстан облысы мен Астана қаласында 170 000 теңгеден Солтүстік Қазақстан облысында 373 000 теңгеге дейін өзгеріп отырады (АТО, 2014)<sup>8</sup>. 2.3-сурет өңірлер арасында бір оқушы басына шығындардың біркелкі емес екенін көрсетеді, бұл қаражатты игерудегі едәуір ерекшеліктерге көрсетеді.

<sup>7</sup> 5.9-кесте ЭЫДҰ-да (2014b) өңірдегі ауыл мектептердің үлесі білім беруге бөлінетін жергілікті бюджет үлесіндегі 72% айырмашылықты түсіндіреді (ЭЫДҰ, 2014b).

<sup>8</sup> Үлесті шығындардың мәндері бір оқушыға арналған жергілікті бюджет шығындарын ғана көрсетеді.

**2.3-сурет Қазақстан өңірлері арасында бір оқушы басына жұмсалатын шығындардағы айырмашылықтар, (%) жергілікті бюджет (2011 ж.)**



Дереккөз: ЭЫДҰ (2014b), Ұлттық білім беру саясатына шолу: Қазақстандағы орта білім, OECD Publishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264205208-en>.

## **Күшті жақтар**

### ***Білім беру басты басымдықтар санына жатады, шанишыл реформалар іске асырылады***

Қазақстанның жалпы стратегиялық көрінісінде білім басты басымдықтар санына жатады. Өртүрлі деңгейдегі стратегиялық құжаттар сериясы сала бағыты үшін тұрақты, болжамды құрылымды қамтамасыз етеді. Елдің «Қазақстан-2050» даму стратегиясы 2020 жылға дейін БДМБ шеңберінде мониторингілеу мен қол жеткізуге жататын сандық өлшенетін индикаторлар сериясына өзгертілген білім беру секторының жалпы мақсаттарын айқындайды. Бұдан әрі ҚР БҒМ 2014-2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында кейін бюджет бойынша шешімдер қабылдау кезінде пайдаланылатын жылдық нысаналы көрсеткіштер айқындалады. Осылайша, мектепке дейінгі білім беруді қаржыландыруды үш есе арттыру 2009 жылдан кейін басым рөлі білімнің осы деңгейіне бөлінген стратегиялық жоспарлаудың тікелей нәтижесі болды.

Білім беруге бөлінетін ресурстарды арттыру үшін анық ниет және мүмкіндіктер және бір оқушы басына шығындардың деңгейі ЭЫДҰ бойынша және басқа көрші елдердегі орташа көрсеткіштен айтарлықтай төмен екені туралы түсінік бар. Саланың стратегиялық құжаттарында белгіленген реформалау жөніндегі бастамалардың кең спектрін іск асыру, мысалы, оқудың 12-жылдық жүйесіне көшу немесе ақпараттық технологиялардың пайдаланылуын кеңейту үшін қосымша ресурстардың едәуір көлемі қажет. Осы Шолуды дайындау шеңберінде бірқатар консультациялар жүргізілген Қазақстандағы жоғары деңгейлі бірқатар мүдделі тараптар саланың орташа мерзімді және ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін білім беру бюджетін арттыруға оң қарайтын сияқты. Білім беру жүйесіне жұмсалатын шығындар ЖІӨ-нің шамамен 4%-ға жуығын құрайтын және бір мезгілде табиғи ресурстар есебінен жылдам өсу байқалатын және білім беру қызметтерін жақсарту үшін әлі де көп орны бар елде мектептер үшін мемлекеттік ресурстарды ұлғайту жүзеге асырылатын ғана емес, сонымен бірге, тиімді нұсқа ретінде көрінеді. Алайда, жоғарыда айтылғандай, мемлекеттік шығындар мұнайға әлемдік бағаға

тәуелді болып қалуда. Сарапшылардың сапарынан кейін мұнай бағасы үкіметтің білім беруге инвестицияларын ұлғайту қабілетін шектей отырып, 2014 жыл ішінде едәуір төмендеді.

Қазақстандық үкімет жуырда білім беру жүйесінің сапасын арттыру бойынша стратегиялық реформалардың шаншыл бағдарламасын бастады. Реформалар қазақстандық білім беру жүйесінің басты проблемаларын шешуге бағытталған және білім беру жүйесі сапасының артуына әкелуі мүмкін. Міндетті 12-жылдық оқытуды енгізу қазақстандық оқушыларға білімнің келесі деңгейіне немесе еңбек нарығына өтуіне дейін олардың білімдерін, қабілеттерін және дағдыларын күшейту үшін көбірек мүмкіндіктер береді. Шағын жинақталған мектептерді қолдау үшін ресурстық орталықтар құру мектептер арасында ынтымақтастықты дамытуың, шағын жинақталған мектептер оқушылары үшін көкжиектерді кеңейтудің және оқшаулауды жеңудің және оқушылардың әртүрлі топтары арасындағы байланыстарды кеңейтудің жақсы мысалы болып табылады (3-бөлімді қараңыз). Сондай-ақ, қаражатты адам басына бөлуге негізделген қаржыландырудың жаңа моделіне жоспарланған көшу ресурстарды бөлуде тиімділік пен ашықтықты арттыруға қарай бірінші қадам болады (3-бөлімді қараңыз).

### ***Білім беру жоспарлары мен нормативтік құжаттар нақты күтулерді қамтамасыз етеді***

Ауқымды орталық жоспарлау және нормативтік құжаттардың толық жүйесі – бұл Кеңес Одағынан мұраға қалған, білім беруді мемлекеттік басқарудың қазақстандық жүйесінің екі ерекшелігі. Білім беру жүйесінің жоспарлары мен стратегиялары нақты бағыттарды айқындайды, ал нормативтік құжаттар оларды іске асыру үшін операциялық әрекеттерге түрлендіреді. Барлық басты стратегиялар мен нормативтік құжаттарды Президент өзі мақұлдайды және олар заңнама негізінің бөлігі болып саналады.

### ***Ұзақ мерзімді орталық жоспарлау білім беру саясатының реттілігін қамтамасыз етеді***

Қазақстан – кеңес үкіметі кезінен мұраға қалған, орталық жоспарлаудың берік бекітілген жүйесі бар ел. Стратегиялар мен жоспарлар мемлекеттік басқарудың барлық уақыт көкжиектері бойынша және барлық деңгейлерінде ұйымдастырушылық иерархияға сәйкес қабылданады. Көптеген уақыт көкжиектері (қысқа мерзімді, орташа мерзімді, ұзақ мерзімді) бойынша жоспарларды құру білім беру саясатының сабақтастығын және барлық тараптар үшін анықтылықты қамтамасыз етеді. Бұл білім беру реформаларына дұрыс белгіленген мақсат бағытында сындарлы түрде дамуға мүмкіндік береді.

### ***Нормативтік құжаттардың толық жүйесі жекелеген мектептер үшін қорғау тетіктерін қамтамасыз етеді***

Қызметтерді регламенттейтін нормативтік құжаттардың толықтығының жоғары деңгейі – бұл бүкіл ел бойынша тең айналымды қамтамасыз ететін және ықтимал тәуекелдерді қысқартатын (мысалы, субъективті шешімдер, қателіктер, асыра пайдалану немесе сыбайлас жемқорлық) тетік. Бұл жергілікті деңгейдегі білім беру саласында әрекеттердің шағын еркіндігі бар екенін білдіреді. Нормативтік құжаттар жүйесі жаңа білім беру саясаттарын әзірлеу кезінде түзетіледі немесе кеңейтіледі.

Мектептер ресурстарды мемлекеттік басқарудың нормативтік құжаттарында анықталған деңгейде алады. Нормативтік құжаттар мектептердің ресурстарды мемлекеттік басқарудың орталық нормативтік құжаттарда белгіленген деңгейінде, штаттық санынан бір оқушыға арналған ауданға дейін, алу үшін нақтылықты және заңды қорғалуды қамтамасыз етеді (қосымша ақпараты бар 3-бөлімді қараңыз). Егер мектеп ресурстарды нормативтік құжаттарда анықталған деңгейде алмаса, мектеп директоры жергілікті билік органдарынан жетіспейтін ресурстарды талап ету үшін заңды негіздерге ие болады. Сонымен қатар, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті өткізетін аттестаттау мен мектептерді лицензиялау процестері мектептердің нормативтік құжаттарды орындауын қатамасыз етеді. Бақылау комитеті нормативтік құжаттардың бұзылуларын анықтауға жауап береді және жергілікті органдардың бұзушылықтарды жоюын қамтамасыз етеді.

### *Қойылған мақсаттарға қол жеткізу прогресін мониторингілеу тетіктері*

Қолданыстағы білім беру жоспарларына қол жеткізуді және мектептердің нормаларға сәйкестігін қамтамасыз ететін мониторинг және орындауды қамтамасыз ету тетіктері қолданысқа енгізілген.

Сарапшылар білім жүйесіндегі барлық өкілдер білім беру мақсаттарына қол жеткізу мен қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес келуді түсінетінін және оған баса назар аударатынын атап өтті. Қойылған мақсаттарға жету үшін талаптардың орындалуын қамтамасыз етудің негізгі жүйесі құрылды: тікелей құрылымда мемлекеттік басқарудың әр деңгейі жоғары тұрған деңгеймен тікелей бақыланады және төмен тұрған деңгейді өзі бақылайды, ал көлденең құрылымда кейбір мекемелер басқалардың жетістіктерінің мониторингін жүзеге асырады (толығырақ ақпарат бар 5-бөлімді қараңыз). Үнемі есептілік тікелей Бақылау комитеті арқылы орталық деңгеймен өткізілетін тексерулермен толықтырылады.

### ***Әкімшілік әлеуетті арттыру үшін шаралар қабылданады***

Қазақстан үкіметі білім беру саласындағы жаңа міндеттерді шешу үшін білім беруді әкімшілендіру саласындағы әлеуетті арттыру қажет екенін жақсы түсінеді. Қазақстан әр деңгейі шектеулі операциялық дербестікке ие және бірыңғай әкімшілік аппараттың бөлігі болып саналатын, басқарудың нақты, иерархиялық, икемсіз құрылымымен сипатталады. Ол білім беру саясаттары мен стратегияларын іске асыру кезінде орталық атқарушы органдарға жүйеге жақсы бақылауды сақтап тұруға мүмкіндік береді. Білім беру процесі көрші елдерде бұзылған, дағдарыс кезінде осы әкімшілік аппарат мектептердің ашық болуын, ал мұғалімдердің өз жалақыларын алуын, мектепке келіп, өз оқушыларымен жұмыс істеуін қамтамасыз ете отырып, өз тиімділігін дәлелдеді.

Соңғы жылдары әкімшілік әлеуеттің дамуына қатысты өзекті өзгеріс ҚР БҒМ-да Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің құрылуы болды. Ол облыстарда, Астана және Алматы қалаларында аумақтық бөлімшелерді қамтиды. Комитет білім беру жүйесінде тиісті емес басқаруды анықтаудың құралы болды және қолданыстағы нормалардың сақталуына жәрдемдеседі.

Оған қоса, ҚР БҒМ ведомстволық бағынышты бірнеше ұйымдардың құрылуы соңғы жылдары білім беру секторын одан да мамандандырылған және икемді орталық әкімшілендіру үшін келешек мүмкіндіктер ашты. Оған мысал Ақпараттық-талдау орталығы мен Қаржы орталығы болып табылады. Олардың көпшілігі ҚР БҒМ-ге кадрларды тарту процесін жеңілдетуге және операциялық және қаржылық икемділікті арттыруға мүмкіндік беретін ұйымдастырушылық-құқықтық нысанда құрылған. Осы жаңа ұйымдар ҚР БҒМ үшін, онымен тығыз өзара іс-қимыл жасау кезінде, ерекше қызығушылық туғызатын салалардағы қызметті жүзеге асырады. Осылай, Қаржы орталығына қаржыландырудың жанбасылық формуласының пилотын іске асыруды мониторингілеу тапсырылды (3-бөлімді қараңыз).


### **Шешуді талап ететін күрделі мәселелер**

#### ***Білім берудегі мемлекеттік инвестициялардың төмен деңгейі***

Білімге жұмсалатын мемлекеттік шығындардың жалпы деңгейі ЭЫДҰ елдерінің, сондай-ақ экономикалық даму деңгейі ұқсас басқа елдердің орташа көрсеткішімен салыстырғанда төмен. ЖІӨ-нің 3,8%-ын құрайтын Қазақстанның білім бюджеті ЭЫДҰ орташа көрсеткішінен (5,6%) едәуір төмен. ЖІӨ-нің 2,1%-на тең, мектептегі білім беру жүйесіне бөлінетін қаражат көлемі (ТжКБ қоса алғандағы) орташа білімнен кейінгі үшінші емес білімге шығындарды қамтитынына қарамастан, ЭЫДҰ орташа көрсеткішінен (3,6%) едәуір төмен. Қазақстанда 2013 жылы халықтың бір адам басына ЖІӨ-нің 11% құрайтын, бір оқушы басына шығындар деңгейі ЭЫДҰ елдерінің 2011 жылғы көрсеткішінен едәуір төмен (2.3-кестені қараңыз).



**2.4-сурет Халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ, 15 жастағы оқушылар арасында математика бойынша PISA орташа нәтижелері мен бір оқушы басына шығындардың қатынасы, 2012**



Халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ, (СҚП, \$)

Ескерту: ел айналасының көлемі 6 және 15 жас аралығындағы бір оқушы басына арналған жиынтық шығындарды көрсетеді.

Дереккөз: ЭЫДҰ (2014а), PISA-2012 нәтижелері: оқушылар не біледі және не істей алады (I том, қайта қаралған редакция, 2014 жылғы ақпан): оқушылардың математика, оқу және ғылымдар бойынша қорытындылары, PISA, OECD Publishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264208780-en>.

PISA-ға 2012 жылы қатысқан 65 ел арасында Қазақстан математика бойынша орташа қорытындылар мен бір оқушы басына жиынтық шығындар бойынша төменгі 20 елдің ішіне кіреді. 15 жастағы оқушылардың оқу жетістіктері мен олардың оқуына бөлінетін қаражат көлемі арасындағы байланысты тікелей деп айтуға болмаса да, зерттеулер оқушыларда оқу үшін қажетті материалдар мен ресурстарға қолжетімділік болу үшін қаржыландырудың ең төмен деңгейі қажет екенін көрсетеді (Дүниежүзілік банк, 2013b). Бұдан басқа, шамамен 20 000 мың АҚШ долларына (сатып алу қабілетінің тепе-теңдігі бойынша (СҚТ) халықтың бір адам басына ЖІӨ есептеуде) тең жоғары табыстың бастапқы мәніне жетпейтін елдерде ұлттық әл-ауқат пен PISA бағдарламасы бойынша нәтижелер арасында корреляцияның байқалу мүмкіндігі жоғары (ЭЫДҰ, 2012) (2.4-суретті қараңыз). Қазақстан осы топқа жатады және бұл кейінгі экономикалық өсу мен білім шығындарының артуы оқу жетістіктерін жақсартуға көмектесе алатынын білдіреді.

Қазақстанда білім беруге мемлекеттік шығындарды арттыру үшін едәуір мүмкіндіктер әлі де бар. ЖІӨ деңгейі ұқсас елдер білім беру жүйесіне пропорционалды түрде көбірек инвестициялайды. Мектептерде қажетті ресурстардың жетіспеушілігі оқу ортасының сапасына зиян келтіруі мүмкін. Білім бюджеттерін ұлғайту білімнің теңдігіне кепілдік бермесе де, жоғары сапалы білім беру қызметтерін қамтамасыз ету үшін ең төмен деңгей қажет. Білікті мұғалімдер, тиісті инфрақұрылым және оқулықтар жеткілікті көлемде жетіспейтін мектептегі білім беру жүйесі сапалы білімді бірден ұсына алмауы мүмкін. Мектептегі білім беру жүйесіне инвестициялардың жеткіліксіз деңгейі білім беру жүйесіндегі теңсіздікке де әкелуі мүмкін, себебі тапшы ресурстар, әдетте, белгілі бір төмен аудандарда немесе мектептерде шоғырланады. Мысалы, білім беруді қаржыландыруды арттыру Қазақстанда соңғы жылдары бірнеше «өсу нүктесінде», соның ішінде дарынды балаларға бағытталған «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДБҰ (НЗМ) желісіне шоғырланған. НЗМ-де қазіргі уақытта оқушылардың 0,4%-ы оқытылады, осы ретте үлестік шығындар ел бойынша орташа көрсеткіштен үш есе арта түсуде. НЗМ Қазақстанда болашақ білім беру реформасы үшін үлгі ретінде қызмет етеді деп күтілсе де, қазіргі салық-бюджет ортасын ескере отырып, олардың инновацияларын ауқымды енгізу мүмкіндіктері шектеулі болып көрінеді. Ұқсас түрде, PISA-2012 қорытындылары Қазақстан мектептері

арасындағы оқушылардың жетістіктеріндегі едәуір ерекшеліктерді көрсетеді, осы ретте кейбір ерекшеліктер мектептерді ресурстармен қамтамасыз ету деңгейлеріндегі айырмашылықтарға байланысты (Дүниежүзілік банк, 2014) (мектептер арасында ресурстарды бөлудегі бар теңсіздіктер туралы қосымша ақпарат бар 3-бөлімді қараңыз).

Білім беруге мемлекеттік шығындарды ұлғайтудың жүргізілмеуі оның тиімділігіне және жұту қабілеттіне қатысты алаңдаушылықпен байланысты. Осы Шолуды дайындау кезінде консультациялар жүргізілген бірқатар мүдделі тараптар білім беруді қаржыландыруды арттыру қажеттілігін растайды, бірақ саланың қосымша қаражатты тиімді пайдалану қабілетіне қатысты күмән білдіреді. Алаңдаушылық туғызатын мәселелердің бірі – бұл бюджеттендіру процесінде пайдалану үшін тиімділіктің сапалы көрсеткіштерінің жоқтығы. Қосымша ресурстарды тиімді пайдалану үшін басты кедергі мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінде жеткілікті кадрлық әлеуеттің және бюджет бойынша шешімдерді қабылдаған кезде пайдаланылатын, тиімділіктің өлшеулі индикаторларының стратегиялық мақсаттарға байлану қабілетінің болмауы (Дулатбеков және Асылбаева, 2013). Саланың стратегиялық құжаттарында қамтылатын мониторинг индикаторларының үлкен тізбесіне қарамастан, мектептер мен жергілікті органдар, әдетте, оларға қою жеткізу үшін емес, белгіленген нормативтік талаптардың сақталуы үшін ғана есеп береді (5-бөлімді қараңыз).

### ***Жергілікті атқарушы органдар мен мектептердің жеткіліксіз дербестігі жақсартулар үшін әлеуетті шектейді***

Қазақстандағы мектептер мен ЖАО ЭЫДҰ елдерімен салыстырғанда, дербестіктің шектеулі деңгейіне ие (2.1-суретті қараңыз). ЖАО мен мектептер дербестігінің жеткіліксіз деңгейі ресурстардың тиімді пайдаланылуына кедергі келтіреді, себебі жергілікті билік орындары мен мектептер ресурстарды өздерінің белгілі бір қажеттіліктеріне сәйкес және өздерінің шарттары мен мәнмәтінін ескере отырып пайдалана алмайды. Мысалы, сарапшылардың жергілікті білім органдарының біріне сапары мектептердің біліктілікті мұғалімдерді ұстап қалумен байланысты, мұғалімдердің жалақыларын көтеру бөлігінде қиыншылықтарды бастан кешіріп жатқанын көрсетті, себебі ол орталық деңгейде белгіленеді. Жалақыны көтерудің орнына жергілікті органдар басқа шешім табуға және мұғалімдерге жалақыға үстемеақы төлеуге тура келді. Тағы да, осы үстемеақыларды ұсынуға негіздер, оларды бөлу үшін рәсімдер ұлттық заңнамалық нормаларда айқындалған, осылайша, еңбекақы төлеу жүйесін бұзбай үстемеақыларды пайдалану мүмкін емес. Оған қоса, ауқымды нормативтік талаптардың болуы мемлекеттік басқарудың әртүрлі деңгейлеріндегі білім шенеуніктерінің ресурстарды тиімді пайдалану үшін жауапкершілігін төмендетеді. Мұғалімдер, мектеп басшылары мен білімнің жергілікті шенеуніктері мектептер қызметін жақсарту үшін жолдарды іздеуге қарағанда, нормативтік талаптар жүйесін сақтауға көбірек көңіл бөледі.

ЖАО жергілікті дамуға қатысты шешім шығарудың аз ғана еркіндігіне ие. Жергілікті қызметтердің мазмұны мен қамтуы аз ерекшеленеді (Махмұтова, 2001) және, шынымен, қосалқы ұлттық билік органдары өз саясатында ұлттық саясат пен мүдделерді қолдауға міндетті (Бхуйян, 2010). Бюджеттік айналым биліктің жоғары тұрған деңгейі өз бюджетін қалыптастырғаннан кейін ғана өз бюджеттерін құратын қосалқы ұлттық органдар дербестігінің шағын дәрежесін анық көрсетеді. Басшылықты бастауыш немесе орта біліммен орталықсыздандыру жергілікті қажеттіліктер мен мектептердің сапасына қатысты әрекет етуді жоғарылату үшін арналған, білім берудегі инновацияларға және қаржылық және адами ресурстарды басқаруды жақсартуға ықпал етеді (Оутс, 1972; ЭЫДҰ, 2013с). Сондай-ақ, жергілікті даму тұрғысынан, білім беру жүйесінің жоғары сапасы экономикалық қызмет пен балалары үшін мүмкіндіктерді кеңейту мен жақсартуға мүдделі тұрғындарды тартуға көмектесуі мүмкін. Алайда, жергілікті деңгейдегі кадрлық әлеуеттің жеткіліксіздігі теңсіздік пен тиімсіздіктің артуына әкелуі мүмкін. Басқа сөзбен айтқанда, орталық атқарушы органдар не істерін білмеуі мүмкін, ал жергілікті атқарушы органдар оны қалай істеуге болатынын білмеуі мүмкін (Берд, 1995).

***Бюджетаралық трансферттер жергілікті қажеттіліктер үшін жеткіліксіз – бұл шара тек аздап теңестіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді***

*Бюджетаралық трансферттер негізінен жергілікті қажеттіліктердің шектеулі есебімен белгіленген келісімге тіреледі*

Соңғы 15 жылда Қазақстан бюджетаралық қатынастарды жетілдіру үшін едәуір реформалар жүргізді, мысалы, бюджеттік процестерді және шығындар бойынша міндеттерді нақтылау, бірақ едәуір талаптар мектептерде ресурстарды пайдалануды анағұрлым тиімді және әділ басқаруға кедергі келтіруді жалғастыруда. Проблемалы мәселелердің бірі бюджетаралық трансферттерді есептеу кезінде бюджеттік келіссөздердің маңыздылығы және қосалқы ұлттық деңгейде білімге бюджетті анықтау болып қалуды. Бюджетаралық трансферттер барлық салалар бойынша индикаторлар мен коэффициенттердің ұзын тізімі бойынша есептелетін жергілікті бюджеттердің болжанатын шығындары мен табыстарын ескеретін формулалардың күрделі жиынтығын пайдалана отырып есептеледі (Қазақстан Республикасының Үкіметі, 2010). Алайда, осы жалпы сипаттағы трансферттерде білім үшін арнайы бөлінген үлес жоқ, ал тиісті бюджеттік келіссөздер қаражаттың оңтайлы бөлінбеуімен аяқталады, себебі әлеуетті табыстар мен шығындарға қажеттіліктердің объективті индикаторларына аз көңіл бөлінеді. Білімге жергілікті деңгейде бюджетті қалыптастыру, басты түрде, мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлері бюджеттік өтінімдерінде өз табыстарын төмендетіп, шығындарын жоғарылататын келіссөздерді өткізуден тұрады. Дегенмен, заңнамалық нормалар осы келіссөздерде маңызды рөл атқарады, себебі олар жергілікті атқарушы органдардың құқығы бар білімді қаржыландыру көлемдерін анықтайды, алайда, қаржыландырудың осы көлемдері бұрын бекітілгендей, жергілікті білім қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі мүмкін.

Бюджетаралық трансферттер мен бюджеттік процеске қатысты басқа да проблемалы мәселелер көтеріледі. Бхуйян (2010) айтқандай, қосалқы ұлттық атқарушы органдар ресурстарды пайдалану саласында дербестіктің шектеулі дәрежесіне ие, себебі бюджетаралық трансферттер үнемі болжанбайды және жылдан жылға өзгеруі мүмкін. Махмұтова (2006) бар бюджетаралық қатынастардың алты қосымша кемшілігін атап көрсетті: *i)* барлық деңгейлерде бюджеттердің жеткіліксіз тиімді жоспарлануы мен болжануы, *ii)* жергілікті бюджеттерде табыстардың тұрақты көздерінің жетіспеуі, *iii)* жергілікті деңгейде бюджетті атқару үшін төмен ынталандыру, *iv)* теңестірудің әлсіз тетіктері, *v)* жергілікті деңгейде мемлекеттік активтерді нашар басқару, *vi)* жергілікті бюджетті атқару мен бақылаудың тиімсіз мониторингі.

*Тең қаржыландырмау елде бір оқушыға арналған шығындардағы үлкен айырмашылыққа әкеледі*

Бюджетаралық трансферттер қосалқы ұлттық органдар арасындағы және, сәйкесінше, мектептер арасындағы бір оқушы басына білімге шығындарды теңестіруге жеткіліксіз әсер беретінінің кейбір белгілері бар. Жоғарыда сипатталғандай, бір оқушы басына арналған есептегі шығындар да Алматы қаласында ел бойынша орташа деңгейден төмен 39%-дан Солтүстік Қазақстан облысында ел бойынша орташа деңгейден жоғары 50%-ға дейін әртүрлі облыстарда қатты ерекшеленеді (2.4-суретті қараңыз). Бір оқушы басына шығындардағы үлкен айырмашылық аудандар арасында да байқалады. ҚР БҒМ сұратуы бойынша ЮНИСЕФ бүкіл Қазақстан бойынша 175 мектепті қаржыландыру туралы есеп дайындады. Қорытынды есепте бір облыстың аудандары арасында және бір ауданға жататын түрі мен көлемі бірдей мектептер арасында бір оқушы басына шығындардағы маңызды айырмашылықтар көрсетілген (ЮНИСЕФ, 2012).

Кейбір қосалқы ұлттық органдар басқаларға қарағанда, білімге ресурстарды көбірек бағыттайды және бір оқушы басына шығындар бүкіл ел бойынша бірдей болмауы тиіс болса да, бар айырмашылықтар қызметтерді көрсету құнына әрқашан байланысты болмайды. Алдағы есепте ЭЫДҰ бір оқушы басына шығындар мен қызмет көрсету құны арасында корреляция орнатуға талпыныс жасады. Авторлар Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстары ауыл және шағын жинақталған мектептердің ұқсас үлесімен және сыныптардың салыстырмалы көлемімен, мұғалімдер мен оқушылардың қатынасымен және көлікпен қамтамасыз етілетін оқушылар үлесімен сипатталатынын, бірақ олардың бір оқушы басына шығындары шамамен 2,5 есе ерекшеленетінін анықтады (ЭЫДҰ, 2014b). Алматы және Жамбыл облыстарында мектептердің

ұқсас желілері бар және көлікпен қамтамасыз етілетін оқушылар үлесі Жамбыл облысына (80%) қарағанда Алматы облысында (48%) төмен болса да, бір оқушы басына шығындар Алматы облысында 7 еседен артық төмен. Есепте сондай-ақ ірі қалалар, Астана мен Алматы арасындағы, мектептер мен сыныптардың ұқсас орташа көлемдеріне қарамастан, айтарлықтай айырмашылық көрсетілді. Авторлар сондай-ақ бір оқушы басына шығындар өмір сүру құнымен корреляцияланбайтынын анықтады және Солтүстік Қазақстан облысы тұрудың қолжетімділігі бойынша ел бойынша үшінші орында тұрғанымен, бір оқушы басына шығындардың орташа деңгейі – барлық облыстар барасында ең жоғарғылардың бірі екенін атап өтті (ЭЫДҰ, 2014b).

Бюджетаралық трансферттерді артық пайдалану олар білім шығындары үшін ерекше маңызға ие болатынын білдіреді, себебі соңғылары 2011 жылы жергілікті бюджеттер шығындарының 30%-ға жуығын құрады (үлесіне көлемі бойынша бюджеттің екінші бөлігі келетін секторға қарағанда, екі есе артық). Өңірлік және жергілікті деңгейдегі ресурстар мектептер арасында бөлінетін ресурстар көлемін, сондай-ақ аудандар мен облыстар қамтамасыз ететін қолдау сапасын айқындайды. ЭЫДҰ (2014b) есебінде көрсетілгендей, әдістемелік бірлестіктер үлкен және бай қалаларда анағұрлым даярланған және жарақтандырылған кадрлармен көбірек жиынтықталған. Бұдан басқа, ресурстарды қалыптастыру үшін әлеуеті төмен аудандардағы шағын жинақталған мектептер базалық жабдық пен оқу материалдарының тапшылығын жиі бастан кешеді. Дала зерттеулері кезінде шағын жинақталған мектептердің директорлары олар тек жалақы төлеу мен негізгі инфрақұрылымға қызмет көрсету үшін (мысалы, жылу және энергиямен жабдықтау) қаржыландыру алатынын және оларда кітапхана үшін кітаптар сатып алу, Интернетке шығу және оқу жабдығы үшін бюджеттің жоқ екенін жиі айтатын. Бұдан басқа, жаңа мектеп жабдығы мен «ақылды тақталарға» қызмет көрсету үшін жеткіліксіз қаржыландыру бөлінеді, осының нәтижесінде, осы жаңа жабдықтың дұрыс жұмысының бұзылу тәуекелі жоғарылай түседі.

***Консультация мен стратегиялық тұжырымдаудың шектеулі деңгейі стратегиялық жоспарлау әлеуетінің іске асырылуына кедергі жасайды***

Консультацияның жеткіліксіз деңгейі жоспарлау процестерінің сапасы мен тиімділігін төмендетуі мүмкін. Қазақстанда ресурстарды пайдаланудың стратегиялық жоспарлануын, мәні бойынша, орталық ұйымдастырушылық иерархия шегінде жүзеге асырады және нақты нормалардың сақталуын тексерудің бюрократтық процесі арқылы бақыланады. Жоспарлау консультациялау кезеңдерін қамтымайды және нақты жергілікті шарттарды ескере отырып, жалпы стратегиялық мақсаттарды түзету үшін аз мүмкіндік қалдырады. Мүдделі тараптармен бірге консультациялардың болмауы білім беру стратегиялары елдің үлкен алуан түрлілігін толығымен көрсетпеуі мүмкін екенін білдіреді.

Мүдделі тараптардың кең тобының қатысуы ЭЫДҰ-ның көпшілік елдерінде білім реформасы үшін бірінші дәрежелі маңызға ие. Жиі және ашық араласу және қатысу үшін мүмкіндіктер беру мүдделі тараптардың әртүрлі деңгейлерінде маңызды және тұрақты қатысуға септігін тигізуі мүмкін. Мүдделі тараптар мұғалімдерді, мұғалімдердің кәсіптік одақтарының өкілдерін, мектептер мен аудандар басшыларын, жергілікті қоғамдастықтың басқа өкілдерін, мысалы, бизнес көшбасшылары мен ата-аналарды қамтиды.

Арнайы бастамаларды әзірлеу бойынша маңызды жұмыс жүргізілгенімен, елде білім беру жөніндегі бірқатар стратегиялар, әртүрлі мүдделі топтардың келешекке деген көзқарастарын қамтитын білім беру болжамдары жоқ. Жақсы ойластырылған инклюзивті стратегиялық болжам ұзақ мерзімді заңнамалық және институционалдық өзгерістерді әзірлеу үшін, елдің әртүрлі әкімшілік-аумақтық бірліктеріне қажетті адами және қаржылық ресурстарын тиімді жоспарлау үшін, іске асырудың нақты жолдарын анықтау үшін қажет.

Сондай-ақ, стратегиялық құжаттарда тұжырымдалған саясаттың жаңа шараларының көпшілігі олардың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді табыстары мен шығындары бөлігінде немесе ресурстардың келешек қажеттіліктері бөлігінде жеткілікті терең талданбаған. ҚР БҒМ іс-қимыл жоспары кейбір негізгі әрекеттер мен қаржы қажеттіліктерін қамтиды, бірақ үлкен реформалар табыстар мен шығындардың терең талдауынан немесе толық қаржылық зерттеуден өтпеген сияқты. Ұқсас түрде, мектептердің бюджеттері жаңа инвестициялар ағымдағы шығындардың

арттырылуына (мысалы, бір оқушы басына ауданды үлкейту бөлігінде) немесе төмендеуіне (мысалы, сыныптар көлемінің үлкеюіне байланысты) әкелген кезде сирек өзгереді.

## **Саясат жөніндегі ұсынымдар**

### ***Тиімділіктің негізгі мәселелерін шешумен бір мезгілде білім беруге жұмсалатын жалпы шығындарды ұлғайту***

Табыс деңгейі ұқсас елдермен салыстырғанда, Қазақстан білім беруге жеткілікті инвестицияламайды. Қазіргі сәтте білім беруге инвестицияланатын ресурстар деңгейі саланың стратегиялық құжаттарының жоғары мақсаттарына сәйкес келмейді. Соның салдарынан, білім беруге арналған мемлекеттік шығындарды ЭЫДҰ стандарттарына (ЖІӨ-нің 5-6%) дейін біртіндеп арттыру саланың ұзақ мерзімді стратегиялық құжаттарын қолдауы тиіс. Сонымен бірге кейбір қаржы стрестері республикалық бюджетке келеді, мысалы 2014 және 2015 жылдары мұнай бағасының төмендеуі нәтижесінде мемлекеттік кірістің төмендеуі осы мақсатқа қол жеткізуге септігін тигізбейді, үкімет білім беруге арналған мемлекеттік шығындарды біртіндеп ұлғайту міндетінде нақты болуы тиіс. Сондай-ақ, бұл білім беруге жұмсалатын шығындарды мұнай талықсытпаларынан қорғау жолдарын зерттеудің маңыздылығын білдіреді; себебі алдыңғы қаржы дағдарыстары білім беру секторына қатты соққы берген болатын. Оқушылардың бір ұрпағына жеткіліксіз инвестициялар елдің экономикалық келешегіне ұзақ уақыт әсер етуі мүмкін.

Білімге мемлекеттік шығындардың біртіндеп ұлғайтылуы кейінгі инвестициялар үшін, әсіресе бюджеттік шектеулер жағдайында басымдық алуға тиісті нақты облыстар туралы идеялармен сүйемелденуі тиіс. Бұл жүйеде жан-жақты талдауды және мүдделі тараптардың топтары арасындағы кең консультацияларды талап ететін кешенді шешім. Талдаудың бір бөлігі келесі инвестициялар ұсынылмас бұрын қандай облыстардың тиімділікті арттыру үшін анағұрлым кең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететіні туралы бағалауды қамтуы тиіс. Осы талдау үкіметке егер олар кейінгі жылдары ұсынылатын болса, қосымша қорларды пайдалану жөніндегі стратегия әзірлеуге мүмкіндік береді. Осы есеп осы пікірталас бойынша бірқатар ұсыныстарды қамтиды, бірақ кейінгі шығындар үшін белгілі бір бағыттарды көрсетуге талпынбайды.

Қазақстанға көбірек қаражатты инвестициялау қажет салалардың бірі білім берудің ерте кезеңдері, әсіресе балалардың ерте білімі болып табылады. Бұл оқушылардың нашар санаттарын қолдау бойынша стратегияға келесі инвестициялардың бөлігі болуы тиіс. Дегдарлы «өсу нүктелеріне» шығындарды (мысалы, НЗМ) арттыру білім беру инновацияларын ынталандыруы мүмкін болса да, бұл тәсіл өзінен-өзі оқушылардың көпшілігі үшін табысты қамтамасыз етпейді. АҚШ (Куна және басқалары, 2006) және Еуропа (Вуссманн, 2008) тәжірибелері білімнің ең ерте кезеңдерінде барлығына арналған сапалы білімге инвестициялау, атап айтқанда, сәтсіз отбасылардан шыққан оқушылары қолдау көбірек нәтиже беретінін көрсетеді, себебі ерте когнитивті даму кейінгі өмірде білім мен дағды алуды жеңілдетеді (2.5-суретті қараңыз). Ерте білімнің әлеуметтік-экономикалық қорытындыларға маңызды ұзақ уақыт әсері үй ортасы білімнің кейінгі кезеңдерінде сәттілік үшін оларды қажетті негізгі дағдылармен қамтамасыз ете алмайтын, сәтсіз отбасылардан шыққан оқушылар үшін ерекше жоғары. Барлық адамдар үшін қажетті дағдыларға ие болу үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету өсудің жоғары қарқындылығын сақтау үшін, Қазақстан сияқты, ауыспалы экономикасы мен жұмыс күшінің шағын саны бар елдер үшін ерекше маңызды. Білімді жақсарту технологиялық өзгерістерді игеру үшін, бәрінен бұрын, жұмысқа тұру, өнімділік пен икемділік мүмкіндіктерін арттыруға ықпал етеді.

## 2.5-сурет Білімнің ерте кезеңдеріне инвестициялардың тиімділігі мен әділдігі



Дереккөз: Куна Ф., Дж. Хекман, Л. Лохнер, Д. В. Мастеров (2006). Білім беру экономикасы туралы оқулықтағы «Өмір сүру кезеңінің дағдыларын қалыптастыру туралы деректерді түсіндіру», Э. Ханушек және Ф. Уелч редакц. Amsterdam: NorthHolland, 12 бөлім, 697-812 бет.

Вусманн, Л. (2008) «Білім беру мен оқытудың еуропалық саясатындағы тиімділік пен әділдік», *IntTaxPublicFinance* 15-том, № 1, 199-230-бет.

Қосымша инвестициялар өте пайдалы бола алатын басқа келешек бағыт ресурстық орталықтар арқылы ШЖМ қолдауын арттыру болып табылады (3-бөлімді қараңыз). Осы күнге дейін жиналған тәжірибеге сүйене отырып, жүйені екі бағытта кеңейтуге болады. Бірінші бағыт елдегі барлық ШЖМ қамту үшін, бірқатар жаңа ресурстық орталықтарды инвестициялауды білдіреді. Екіншісі, ШЖМ үшін осы орталықтарды қолдау ауқымын ұлғайту. Кейінгі инвестициялау саласы қалалық мектептердің артық толу проблемасын шешу болып табылады. Бұл қалаларда жаңа мектептерді салуды және апатты жағдайдағы мектептерді жөндеуді көздейді. Бұдан басқа, төменде есепте толық көрсетілгендей (4-бөлімді қараңыз), қосымша ресурстарды тарту бойынша басым бағыт нашар және төмен мектептерді жүйелі қолдауды қамтамасыз ету болып табылады. Кейбір елдерде білімге одан әрі инвестициялау нұсқаларының бірі барлық мұғалімдердің жалақыларын көтеру болып табылады. Қазақстан үшін мұғалімдер өздерінің сыйақы деңгейлеріне қанағат болып, мектеп жүйесінен тыс табыстың қосымша көздерін іздеуге мүдделі болмауы сөзсіз маңызды болғанымен, сонымен бірге мұғалімдердің жетіспеушілігі пайда болып қалмауы да маңызды. Сондықтан болжамды ынталандыру төлемдері барлық мұғалімдерге емес, мұғалімдердің жекелеген топтарына (мысалы, бастаушы мұғалімдерге) бағытталуы мүмкін (3-бөлімді қараңыз). Педагогикалық қызметкерлерге жұмсалатын шығындарға қатысты ең үлкен басымдық мұғалімдердің кәсіптілігін көрсетпейтін және олардың мектепте қатысуы үшін теріс салдарлары бар оқу жүктемесі бойынша жұмыс істеуден (ставка жүйесі) жұмыс жүктемесінің басқа жүйесіне (мысалы, оқытудан тыс бірқатар міндеттер бойынша бөлінген аптасына 40 сағат жұмыс) көшу болып табылады (3-бөлімді қараңыз). Бұл реформа едәуір ресурстарды талап етеді, бірақ мұғалімдер санын жалпы қысқартудан үздік мұғалімдермен пайда алуға болады (3-бөлімді қараңыз).

Білімге мемлекеттік инвестицияларды ұлғайту мемлекеттік қаражатты пайдалану тиімділігін арттырумен бірге жүруі тиіс. Тиімділікті жақсартатын шаралардың арасында — білім беру жүйесінің сапасы саласында әділдікті және мақсаттарға жетуді қамтамасыз ету үшін өнімділік мониторингін нығайту және жауапкершілікті күшейту. Білім беру жүйесінде ресурстарды пайдаланудың сенімді мониторингі білімге шығындарды жоспарланған ұлғайту үшін қажетті шарт болып табылады. ҚР БҒМ үшін сыртқы сарапшылардан, мысалы, университеттерден, орнатылған ҰЕҰ немесе халықаралық сарапшылардан мониторинг туралы тәуелсіз есептерге тапсырыс беру де пайдалы болады. Реформаларды іске асыратын адамдар қамтамасыз ететін мониторингке сену жеткіліксіз (5-бөлімді қараңыз). Тиімділік мектеп желісін ұйымдастыру (ауылды жердегі кейбір консолидацияны қоса алғанда) (3-бөлімді қараңыз), дарынды балаларға көңіл бөлуді азайту (3-бөлімді қараңыз) және адами ресурстарды басқару (жергілікті деңгейде дербестіктің көбірек қажеттілігі және ставка жүйесінің мәселесі) (3-бөлімді қараңыз) сияқты бағыттарда арттырылуы мүмкін. Тағы бір маңызды аспект осы өзгерісті жылдамдату. Бюджет пакеті жүйенің жаңа бағдарламалар мен тәсілдерді қабылдау әлеуетін ұлғайтумен бірге баяу ұлғайтылуы тиіс. Бұл баяу

процесс Министрлік үшін мониторинг жүйесі берген алынған сабақтар бойынша процесті түзету бойынша уақыт береді.

### ***Жергілікті атқарушы органдар мен мектептердің дербестігін біртіндеп арттыру***

Мектептердің дербестігі соңғы елу жыл ішінде халықаралық білім беру және ғылыми-зерттеу ортасында қызу пікірталастар мәні болды. Дербестік, тиімділік және әділдік арасындағы байланыс күрделі сипатқа ие. 1980-жылдардан бастап, ЭЫДҰ-ның бірнеше елінде мектеп жүйелерін реформалау нәтижесінде мектептер тиімділігін арттыру мақсатында одан да артық дербестік ала бастады. Вуссманн (2003) айтқандай, процестерге қатысты шешімдерді қабылдау мен кадрларды басқарудағы мектеп дербестігі оқушылардың қорытындыларымен тура пропорционалды болған уақытта, мектеп бюджетінің стандарттары мен көлемдерін белгілеу саласындағы мектептер дербестігі оқушылардың қорытындыларымен кері пропорционалды байланысқа ие. Бұл мектептегі білім беру жүйесі ресурстардың деңгейлері мен тиімділік стандарттарына сыртқы бақылауды қамтамасыз етуі, бірақ мектеп деңгейіндегі білімдер лайықты болатын процестерге қатысты салаларда, мысалы, ұжымды басқаруда, мектептерге дербестік берулері тиіс екенін білдіреді. PISA-2012 зерттеулерінде мектептер оқытудың мазмұны мен оқушыларды бағалау жүйесіне қатысты дербестіктің анағұрлым жоғары дәрежесіне ие болған елдерде оқушылар, әдетте, анағұрлым жоғары нәтижелер көрсеткен (ЭЫДҰ, 2013а). Алайда, дербестік дамушы елдер мен нәтижелері төмен елдердегі оқушылардың жетістіктерімен теріс байланысты болатын (Ханушек және басқалары, 2013).

Осы ғылыми зерттеулердің нәтижелері Қазақстандағы мектептердің қалай жұмыс істейтінін жақсы түсіну үшін жергілікті сарапшыларды тарта отырып толық талдануы тиіс. Екі сабақ айқын бола бастағаны анық. Бірінші сабақ жергілікті дербестікті ойлай отырып, Қазақстан реформаторлары дербестіктің қандай салалары мектептер мен олардың басшыларында болуы тиіс, қандай салаларда жауапкершілік аудандарға жүктелуі тиіс және қандай салалар орталық деңгейде қалуы тиіс екенін мұқият талдауы қажет екенінде. Екінші сабақ дербестікті ұсыну өзекті және мақсаттандырылған мониторингпен, әсіресе нәтижелер мониторингімен әрқашан байланысты болуы тиіс екенінде.

Қазақстан олар білім беруде жақсартуларға жәрдемдесе алуы үшін, мектептер мен мемлекеттік басқарудың төменгі тұрған деңгейлерінің дербестігін біртіндеп арттыру мүмкіндіктерін зерттей алуы мүмкін. Кейбір шешімдерді ресурстардың анағұрлым оңтайлы бөлінуін қамтамасыз ету үшін өз мектептерінің қажеттіліктерін жақсырақ білетін мектеп директорлары мен жергілікті билік органдары деңгейінде қабылдаған дұрыс.

Қазақстанда дербестікті арттыру тек нормалардың қазіргі жүйесінің әлсіреуі арқылы ғана болуы мүмкін. Оған, егер өте абайлап әрекет етсе, қол жеткізуге болады, себебі нормативтік құжаттар қазіргі білімнің беру жүйесінің негізін құрайды және кез келген өзгерістер белгісіздікке әкелуі және мектептерде шиеленіс жағдайды тудыруы мүмкін. Мектептер мен аудандарда дербестікті арттыру қала мен ауыл арасындағы ерекшелікті қоса алғанда, елдің әр түрлі бөліктерінде мектептер арасындағы және жергілікті атқарушы органдар арасындағы бар ерекшеліктердің күшеюіне әкеледі. Осыған байланысты, озық тәжірибені тарату, тәуекелдерді анықтау және нәтижелері жақсармайтын жергілікті басшыларды қолдау бойынша кейбір тетіктерді енгізу қажет. Осыған қатысты мектептегі бағалау жүйесінде жақсартуларды бекіту қажет болады (4-бөлімді қараңыз). Бірінші қадам мектептерге және/немесе аудандарға олар ашық рәсімдер шегінде өз қараулары бойынша бөліп, пайдалана алатын мектеп бюджетінде бос пайдаланылатын қаражаттың кейбір көлемін ұсыну болуы мүмкін.

Мұндай біржолғы қаражаттар бірінші кезекте енгізілуі мүмкін бюджет облыстары, мысалы, оқушылардың осал топтары үшін білімде қолдауды арттыру мен жақсарту бойынша мұғалімдік бағдарламаларды қамтиды. Дәл осылайша, ресурстық орталықтарға олар ШЖМ-ге көрсететін қызметтер бойынша көбірек дербестікті біртіндеп ұсынуға болады, бұл оларға ШЖМ оқушыларына берілетін қосымша білім беру саласын кеңейтуге мүмкіндік береді.



Мектепті жақсарту үшін арнайы гранттарды құру және дұрыс қолданылмаған дербестік академиялық нәтижелердің әлсіреуіне немесе бюджет тәртібінің бұзылуына әкелген жағдайларда мектеп қызметіне араласу қажет. Араласудың жаңа құралдарының мұндай типісіз ҚР БҒМ дербестікті арттырудың әлеуетті жағымсыз салдарының тұлғасы алдында күшсіз болып қалуы мүмкін. Сонымен қатар, осы құралдардың негізсіз қолданылмайтынын кепілдендіру үшін, нақты рәсімдер мен әрекеттердің ашықтығы қажет.

### ***Білім беру саласындағы саясатты дамытудағы дәлелдеу базасының рөлін күшейту***

Қазақстанда фактілер мен қорытындылар аудитін пайдалану мәдениетін, оларды әзірлеу (саясаттың экономикалық тиімдірек шараларын анықтау үшін) немесе іске асыру кезіндегі (мектептерде өзгерістерді шынайы іске асыру үшін) реформалар бойынша болашақ бастамалар үшін негіз ретінде дамыту қажет. Қол жеткізілген жетістіктер мен оларды іске асырудағы пайда болған қиыншылықтарға қатысты өткен бастамаларға қосымша талдау жүргізу орынды. Толық талдау ағымдағы басты стратегиялық бастамалар үшін де пайдалы болады. Мектептердің жұмыс істеуіне жаңа қаржы шараларының әсерін анықтау үшін, бір адам басына қаржыландырудың жаңа моделіне талдау жүргізу қажет (3-бөлімді қараңыз). Бұл модель ел бойынша енгізілгенге дейін, оның мектеп қызметіне әсерін талдау қажет. Мұндай талдау мектеп бухгалтерлерінің жұмысын және жаңа құрылған қамқоршылық кеңестерінің қызметін де қамти алар еді. Пилоттық іске асыру тәжірибесін бір адам басына қаржыландырудың жаңа жүйесі ел бойынша іске асыру үшін дайын ба әлде қосымша пилоттық жобаларды өткізу, оны пысықтау немесе түзету қажет пе екенін түсіну үшін, талқылауларды өткізу үшін пайдалану қажет. Ұқсас түрде, ресурстық орталықтардың қызметі шағын жинақталған мектептердің оқушылары үшін осы орталықтардың пайдасы, енгізудегі қиыншылықтар мен жақсартылуға тиіс аспектілер тұрғысынан қайта қаралуы мүмкін еді.

ЭЫДҰ елдерінде зерттеулердің дәлелді қорытындыларымен, бағдарламаларды бағалаумен және аудит өткізумен бірге білім беру саласындағы саясатты келісу маңыздылығын өсіп келе жатқан түсіну бар. Бұл зерттеудің, талдауың және бағалаудың стратегиялық тәсілін, сондай-ақ нақты деректер негізінде саясат әзірлеуді қолдау мақсатында ақпаратты басқару бойынша қызметті қамтиды. Саясатты сараптау, саясаттың баламалы нұсқалары бойынша ғылыми зерттеулер мен олардың мүмкін әсерлерінің негізінде жатқан дәлелдеу базасын тарату, сондай-ақ реформалардың табыстары мен шығындары туралы ақпарат негізгі мүдделі тұлғалардың қолдау алуында маңызды рөлге ие. Шынымен де, жекелеген тұлғалар мен топтар, егер олар осы өзгерістердің себептерін түсініп, реформаларды растайтын дәлелдеу базасын танып, олар ұлттық стратегияда қандай рөл ойнаулары керек екенін көре алса, олардың өздерінің мүдделерін қозғамайтын өзгерістерді жақсырақ қабылдайды. Бұл мүдделі тұлғаларды саясат бойынша консультацияларға одан әрі тарту бойынша күш салудың бөлігі болуы тиіс.

### ***Бюджетаралық трансферттер жүйесін қайта қарау***

Қазақстанға мемлекеттік басқару жүйесін күшейту үшін бюджетаралық трансферттер жүйесін одан әрі реформалау туралы мәселені зерттеу қажет. Бюджетаралық қатынастар құрылымы тек білім беру секторын ғана (және, сәйкесінше, осы Шолудың мазмұнын ғана емес) қозғамаса да, дұрыс жүйе құру білім беру секторы үшін ерекше маңызды, себебі оған жергілікті бюджеттің үлкен үлесі тиесілі. Міндеттерге қатысты айқындылықты жоғарылату, формула негізінде қаражат бөлу және салықтық-бюджеттік теңестіруді жақсарту бойынша шаралар қабылдауға болады. Бюджетаралық трансферттер салық-бюджет саласында бірлескен жауапкершілікке жағдай жасау үшін, берілген өкілеттіктерге көлем бойынша сәйкес болуы тиіс және олардың әсерін жүйені одан әрі жетілдіру үшін бағалау қажет. 2.1-ендірме табыс деңгейі орташа деңгейден жоғары елдердегі бюджетаралық трансферттердің кейбір тәсілдерінің сипаттамасын қамтиды.

Бюджетаралық трансферттерді саяси үйлесімсіздіктердің қаражат бөлуге әсерін төмендету үшін формула негізінде анықтау қажет. Рента іздеуді шектеудің және саясатты теріс түсінудің ең көп үміт күттіретін тәсілі негізгі салықтық-бюджеттік ерекшеліктерді көрсететін индикаторлардың шағын тізбесі бар теңестірудің түсіну үшін жеңіл, қарапайым және ашық формуласын пайдалану болып табылады (ЭЫДҰ, 2012). Білімге келетін болсақ, трансферттер, басты түрде, оқушылардың

санын көрсететін және оқушылар мен мектептердің нақты қажеттіліктерін ескеретін формулаға негізделуі тиіс (3-бөлімді қараңыз). Бұдан басқа, ЭЫДҰ-ның бірқатар елдерінде өздерінің ерекше мүдделерін қорғайтын топтардың әсерін шектейтін әр түрлі шаралар әзірленген (толық ақпарат бар ЭЫДҰ 2012 қараңыз). Осылай, Дания мен Австралияда саяси келіссөздер үшін мүмкіндіктерді шектеу және ресурстарды бөлу мәселесіне саяси көзқарас жағынан емес, техникалық жағынан келу үшін тәуелсіз органдар мен агенттіктер құрылды. Зерттеулер тәуелсіз органдар министрліктерге қарағанда, саяси әсерге азырақ ұшырайтынын көрсетеді (Хемани, 2007). Ұқсас түрде, көптеген елдер жергілікті атқарушы органдардың пікірін тек ескеріп қана қоймай, осы процеске мемлекеттік қызметшілерді, саясаткерлерді және сарапшыларды да тартады. Бұдан басқа, рента іздеуді төмендетуде кейбір елдерде, мысалы, Норвегияда, бюджеттің жалпы теңестірілуін және кейін үлестіру формуласы бойынша келіссөздер өткізуді қамтитын екі кезеңді бюджеттік рәсім сәтті болды.

Салықтық-бюджеттік теңестіруді жақсарту аудандар мен облыстар салық деңгейлері ұқсас болған кезде ұқсас қызметтерді көрсете алуы үшін өте қажет. Теңестіруші трансферттер формулаға негізделіп, салықтық-бюджеттік мүмкіндіктерді (яғни, табыстарды алу қабілеті), сондай-ақ қызметтерді көрсету құнын (мысалы, бағалар индекстері, географиялық ерекшеліктер, кедейлік) ескеруі тиіс. ЭЫДҰ-ның көптеген елдерінде табыстарды алу мүмкіндіктері бойынша немесе шығындарға қажеттіліктер бойынша, немесе осы екі параметр бойынша теңестіру тетіктері бар (ЭЫДҰ, 2012). Салықтық-бюджеттік теңестіру мәні федеративті және біртұтас елдерде, тек оның кең қолданылуында ғана емес, сонымен бірге оның мақсаттары мен рәсімдері, жиі кезде, конституцияда белгіленіп, ұлттық салықтық-бюджеттік саясаттың орталық элементін құрайтынында. ЭЫДҰ-да салықтық-бюджеттік теңестірудің трансферттері орта есеппен ЖІӨ-нің 2,5%-ын, жалпы мемлекеттік шығындардың 5%-ын, бюджетаралық гранттардың 50%-ын құрайды. Кейбір елдерде, мысалы, Австралияда, Германияда, Швецияда, табыстарды алудағы айырмашылықтар толығымен жойылды.

Бюджеттік рәсім бойынша міндеттерді мемлекеттік басқарудың әр түрлі деңгейлері арасында бөлуді түсіндіру ұсынылады. Бұл жергілікті мемлекеттік қаржылар туралы заңнама аудандар мен облыстардың табыстары мен шығындарын дәл бөлулері тиіс екенін білдіреді. Міндеттерді нақтылау сондай-ақ аудандардың қаржыландырудың жаңа жүйесіндегі жаңа рөлін анықтайды және олардың жаңа функциялары үшін негіз дайындайды. Сондай-ақ білім беру жүйесінің әр түрлі функциялары үшін нысаналы мақсаттың әр түрлі құралдары бойынша тиісті және толық есептілікті қамтамасыз ету үшін, бюджет жіктемесіне есептіліктің нақты санаттарын енгізу пайдалы болар еді. Бұл Министрлікке ресурстардың жекелеген мектептерге бөлінуін тиісті түрде қадағалап, пайда болатын теңсіздікті шешуге мүмкіндік береді.

### 2.1-ендірме Бюджетаралық трансферттердің кейбір тәсілдері

**Аргентинада** орта мектептерге қатысты міндеттерді федералды деңгейден провинцияларға беру федералды салықтар трансферттерінің жүйесімен бірге жүреді. Ұлттық деңгейде орталықсыздандыру жергілікті билік орындарының қатысуының жақсаруына, мониторингтің нығаюына және оқыту стандарттарының жетілдірілуіне әкелді. Алайда, тест нәтижелері мемлекеттік әлеуеті күшті бай провинциялар мен әкімшілік және институционалдық әлеуеті төмен кедей провинциялар арасындағы алшақтықтың кеңеюін көрсетеді; соңғылардағы жағдай орталықсыздандыруға дейінгі жағдаймен салыстырғанда нашарлаған. Ұлттық деңгейде тиімділік атқан, бірақ әділдікке қатысты зиян келтірді.

**Бразилияда** жоғары орталықтандырылған жүйенің өкілеттіктері 1990-жылдардың ортасында штаттар мен муниципалитеттерге берілген кезде, мақсаты елде бір оқушы басына шығындардағы үлкен айырмашылықтарды азайту болып табылатын FUNDEF құрылған болатын. Штаттар мен муниципалитеттердің үкіметтері өздерінің салық түсімдерінің бір бөлігін FUNDEF аударуға тиіс болды, және ол одан кейін бір оқушы басына шығындардың белгіленген ең төмен деңгейін қамтамасыз ете алмаған штаттар мен муниципалитеттердің үкіметтері арасында бөлетін. FUNDEF анағұрлым бай өңірлерге өздерінің жалпы шығындарын кедей өңірлерге қарағанда, жылдамырақ жоғарылатуға кедергі жасамайтын, бірақ ол қаражатты қайта бөлу бойынша үлкен рөл атқаратын және шығындардың абсолютті деңгейінің де, трансферттердің болжануының да арттырылуына қол жеткізді. FUNDEF сыныптар көлемін кішіреңдетуге, мұғалімдерді қамтамасыз ету мен сапасының жақсаруына, қамтудың кеңейтілуіне жағдай жасағаны туралы сенімді дәлелдер бар. Муниципалды деңгейдегі деректер көрсеткендей, қаражаттың көп бөлігін FUNDEF алған муниципалитеттердің 20%-ы 1996 жылдан 2002 жылға дейінгі кезеңде бір оқушы

басына нақты шығындарды екі есе арттыра алған.

**Қытайдың** салықтық-бюджеттік орталықсыздандыру бойынша тәжірибесі білімнің теңдігі туралы өнегелі оқиға болды. 1990-жылдары орталық үкімет жергілікті үкіметтерге, мектептерге және қоғамдастықтарға көбірек өкілеттілік берді. Білімге бөлінетін ЖІӨ үлесі 1991 жылы 2,9%-дан 1997 жылы 2,2%-ға төмендеді. Бастауыш білімде бір оқушы басына шығындардың ең жоғары деңгейі бар провинциялар мен шығындардың ең төмен деңгейі бар провинциялар қатынасы 5-тен 9-ға дейін екі есе артты деуге болады. Көптеген мектептер мен жергілікті билік орындары үй шаруашылықтарынан ресми және ресми емес алымдарға жүгіне бастады. Теңсіздік жөнінде алаңдаушылық қытай үкіметіне жергілікті билік орындарынан кейбір салықтық өкілеттіктерді алып қоюға, мұғалімдердің жалақыларын қаржыландыруды жалғастыруға және күрделі бюджет бөлігі бойынша міндеттерді өзіне қалдыруға мәжбүрледі. Орталық үкімет ресми түрде төлемдерді алуға тыйым салған уақытта көптеген жергілікті билік орындары осыны ресми емес түрде мадақтады, және қызмет көрсету сапасында үлкен кемшіліктер қала берді.

**ОАР-да** салықтық-бюджеттік орталықсыздандыру үшін пайдаланылатын қаржыландыру формуласы апартеид дәуірінен мұраға қалған, теңсіздікті жеңуге бағытталған қайта бөлудің мықты нышанын қамтиды. Провинциялардың шығындарының шамамен 95%-ға жуығын орталық үкімет қаржыландырады. Ең ірі компонент кедейлік пен барынша аз ұлттық нормаларды қамтамасыз ету құны бойынша денсаулық сақтау мен білім сияқты салаларда өлшенген, әділетті үлес трансферті болып табылады. Білім саласында қаржыландыру оқушылар санына негізделген және кейбір салмақ кедейлік көрсеткіштеріне және провинциялардағы ауыл халқының үлесіне берілген. Провинциялардың атқарушы органдары сондай-ақ мектептерді кедейлік индексі бойынша саралауы тиіс, осының негізінде кадрларды қоспағанда, ресурстар үшін қаржыландыру бөлінеді.

**Вьетнамда** трансферттер халық санына негізделген формула бойынша анықталады, бірақ белгілі бір салмақ кедейлік деңгейіне, алшақтыққа, денсаулық сақтау мен білім беру нормаларына, халықтың сәтсіз санаттарының бар болуына арналған. 2003 жылы заңмен белгіленген білім нормасы мектепте оқитын балаларды ғана емес, сонымен бірге барлық балаларды ескере отырып қайта есептелінді. Кедей провинциялардағы мектепке баратын мектеп жасындағы балалар үлесі төмен болған соң, бұл әділдіктің жоғарылауына септігін тигізді. Ұқсас түрде, таулы жерлерде (білім көрсеткіштері ең төмен болатын) тұратын балалар үшін білім нормасы қала балалары үшін нормадан 1,7 есе арта түседі. Әділдікті қамтамасыз етуге бейімділік шығындарда көрініс табады: ең бай өңірлердегі табыстар ең кедей өңірдегі табыстарын жиырма бес есе рет артады, мысалы, солтүстік-батыста, бірақ халықтың бір адам басына бюджеттік шығындар салыстырмалы түрде тең, бұл бай өңірлерден кедей өңірлерге трансферттердің үлкен көлемдерін көрсетеді.

**Польшада** білімді орталықсыздандыру 1990 жылы басталған елді жалпы орталықсыздандыру процесінің бөлігі болатын. «Жалпы жәрдемқаржы» атанатын, орталық бюджеттен жергілікті бюджетке басты ауысу бөлек есептелген бірнеше компоненттерден тұрады. Олардың негізгілерінің екеуі - білім компоненті және теңестіру компоненті. Білім компоненті оқушылар санының негізінде есептелінеді (оқушылардың әр түрлі топтары үшін білімді ұсынуға түрлі шығындарды көрсететін көпсанды коэффициенттерімен), және, осылайша, қызметтерді ұсыну үшін әр түрлі шығындарды қамтып көрсетеді (сонымен бірге 3.A2 қосымшасын қараңыз). Ал теңестіру компоненті формула негізінде кедей өңірлерді басқарудың ұқсас жергілікті органдарының бір адам басына орташа табысынан 90%-ға дейін теңестіреді. Осылайша, ол табыстардың теңестірілуін көрсетеді.

Дереккөз: ЮНЕСКО (2008), «Барлығына арналған білім» мониторингі бойынша 2009 жылға әлемдік есеп: Теңсіздікті жеңу: мемлекеттік басқару неге маңызды. 3-бөлім, 145-170-бет. П. Шваневич (2006) Жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру мен қаржыландыру: Польша, Дүниежүзілік Банк.

## Әдебиет тізімі

- Қазақстан Республикасының Статистика агенттілігі (2014), *Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары көрсететін қызметтердің көлемдері* (орыс тілінде), № 13 статистикалық бюллетень (2013 жылдың 4-ші тоқсаны), Қазақстан Республикасының Статистика агенттілігі, Астана.
- Бхуйян Х. С. (2010), [Қазақстандағы мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру ], *International Journal of Public Administration*, 33-том, № 12-13, Routledge, Лондон.
- Берд Р. (1995), Инфрақұрылымды орталықсыздандыру: жақсы ма жаман ба ? ], Эстах А. (ред.) *Инфрақұрылымды орталықсыздандыру: артықшылықтар мен кемшіліктер*, № 290 Дүниежүзілік Банк талқылануына арналған құжат, 22-51-бет.
- Куна Ф. Дж., Л. Лохнер, Д. В. Мастеров (2006), Білім экономикасы бойынша оқу құралындағы [Өмір кезеңдерінің дағдыларын қалыптастыру туралы деректерді түсіндіру ] Э. Ханушек және Ф. Уелч редакциясымен. Amsterdam: NorthHolland, 12-бөлім, 697-812-бет.
- Дулатбеков А. Н. және Асылбекова А. С. (2013), [Қазақстанда мемлекеттік басқару деңгейінде нәтижеге бағдарланған бюджеттендіруді енгізу процестері мен проблемалары], *WorldAppliedSciencesJournal*, 26-том, № 1, 97-102 бет, IDOSIPublications, Дубай.
- Қазақстан Республикасы (ҚРҰҚ) (2010), «Жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы, 2010 жылғы 2 ақпандағы № 54, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы
- Ханушек Э., С. Линк, Л. Вуссманн (2013), [Мектептер дербестігінің барлық жерде мәні бар ма?], PISA панельді бағалауы. *Journal of Development*, № 104, 212–232 бет.
- Ақпараттық-талдау орталығы (АТО) (2014), ЭЫДҰ «Мектептерде ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру саясаты: Қазақстан бойынша елдің негізгі баяндамаы» шолуы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ақпараттық-талдау орталығы, Астана, [www.ЭЫДҰ.org/edu/school/schoolresourcesreview.htm](http://www.ЭЫДҰ.org/edu/school/schoolresourcesreview.htm) қолжетімді.
- Хемани С. (2007), [Тенестіретін трансферттердің саяси экономикасы ] Дж. Мартинез-Вазкез және Б. Серл, *Салықтық-бюджеттік теңестіру. Бюджетаралық трансферттерді әзірлеу проблемасы*, Springer, Нью-Йорк.
- Makhmutova, M. (2012), *Қазақстандағы орталықсыздандыру: жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту стратегиясы*, Қоғамдық проблемаларды талдау орталығы, Алматы.
- Махмұтова М. (2001), Қазақстандағы жергілікті мемлекеттік басқару. в *Ескі ортада жаңа ережелердің дамуы: Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия елдерінде жергілікті мемлекеттік басқару*, 3-том, Игорь Мунтену және Виктор Попа редакциясымен, 403–68. Будапешт: Ашық қоғам институты
- Махмұтова М. (2006), [Жергілікті атқарушы органдардың ұйымдық құрылымы мен қаржылары: Қазақстан ], Шах А. (ред.) *Дамушы елдерінде жергілікті басқару*, 275-302 бет, Дүниежүзілік банк.
- Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі (2011), [Бюджеттік гид: ел бюджеті- әр қайсысының бюджеті ], Астана.
- Оутс В. (1972), *Қазыналық федералдылық*, Harcourt, Нью-Йорк.

- ЭЫДҰ (2014а), Білімге көзқарас 2014: ЭЫДҰ индикаторлары, OECD Publishing, Париж, <http://www.ЭЫДҰ.org/edu/eag.htm>
- ЭЫДҰ (2014b), Білім саласындағы ұлттық саясаттарға шолу: Қазақстандағы орта білім, OECD Publishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264205208-en>.
- ЭЫДҰ (2013а), *PISA 2012 қорытындылары: мектептерді не сәтті етеді (IV том): ресурстар, саясат және практика*, PISA, OECD Publishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264201156-en>.
- ЭЫДҰ (2013b), *Білім қысқаша түрде 2013: ЭЫДҰ индикаторлары*, OECD Publishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/eag-2013-en>.
- ЭЫДҰ (2013с), *Қазыналық федералдылық 2014: орталықсыздандыруды тиімді өткізу үшін не қажет*, OECD Publishing.
- ЭЫДҰ (2012), [Қаржыландыру PISA бойынша жоғары нәтижелерге қол жеткізе алады ма? ]PISAIinFocusSeries, № 13 (2012 жылғы ақпан).
- Сандж (2008), *Ауыл мектептері: даму үшін қаржыландыру*. «Сандж» зерттеу орталығы, Алматы.
- Сингх К. (2012). Арнайы баяндамашының Қазақстанда білімге құқықтар туралы есебі, БҰҰ, Нью-Йорк. Адам құқықтары жөніндегі кеңестің 20-шы сессиясында ұсынылған миссия есебі. Есепті мына жерден қараңыз:  
[www.ohchr.org/Documents/HRBodies/HRCouncil/RegularSession/Session20/A-HRC-20-21-Add1\\_en.pdf](http://www.ohchr.org/Documents/HRBodies/HRCouncil/RegularSession/Session20/A-HRC-20-21-Add1_en.pdf)
- ЮНИСЕФ (2012), *Жалпы орта білім ұйымдарын жан басылық қаржыландыру әдістемесін әзірлеу және ұсынылған модельді пилоттық сынау*, Astana.
- ЮНЕСКО (2008), «Барлығына арналған білім» мониторингі бойынша 2009 жылға әлемдік есеп: Теңсіздікті жеңу: мемлекеттік басқару неге маңызды, 3-бөлім, 145-170 бет, ЮНЕСКО Париж
- Вуссманн Л. (2008), [Еуропалық білім беру мен даярлау саясатының тиімділігі және әділдігі ], *IntTaxPublicFinance*, 15 том, № 1, 199-230 бет.
- Вуссманн Л. (2003), [Мектеп ресурстары, білім беру мекемелері мен оқушылардың нәтижелері], *OxfordBulletinofEconomicsandStatistics*, 65-том, № 2, 117-170 бет.
- Дүниежүзілік Банк (2014), Қазақстандық білім жүйесін нығайту: PISA 2009 және 2012 талдауы, Дүниежүзілік Банк, Вашингтон
- Дүниежүзілік банк (2014), *Қазақстандық білім беру жүйесін нығайту: ілгерілеу, бірақ қандай бағамен? 2009 және 2012 жылдарға PISA қорытынды талдау, (жоба, 2014 жылғы мамыр)*, Дүниежүзілік банк, Вашингтон, Колумбия округі.
- Дүниежүзілік банк (2013а), [Қазақстан: мектептердің дербестігі мен есептілігі *SABER* ел есебі, Дүниежүзілік банк, Вашингтон, Колумбия округі.
- Дүниежүзілік банк (2012), *Қазақстан: дамуға арналған трансферттер*, № 70923-KZ есебі (2012 жылғы 9 қазан), Дүниежүзілік банк, Вашингтон, Колумбия округі.
- Дүниежүзілік банк (2010), *Нәтижелер, нәтижеге бағдарланған бюджеттендіру және мемлекетке сенім*, Дүниежүзілік банк, Вашингтон, Колумбия округі.
- Дүниежүзілік банк (2012), Дүниежүзілік банк – Қазақстан: Бірлескен бағдарламаларға қысқаша шолу, 2012 жылғы сәуір, Дүниежүзілік банк, Вашингтон, Колумбия округі.

Шваневич П. (2006). Жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру мен қаржыландыру: Польша,  
Шах А. Дамушы елдердегі жергілікті өзін-өзі басқару, 303-346 бет, Дүниежүзілік Банк

### 3-БӨЛІМ РЕСУРСТАРДЫ БӨЛУ

Қазіргі уақытта аудандық деңгейде мектептер бойынша ресурстарды бөлу мемлекеттік нормативтік құжаттар ескерілетін дискрециялық және өсу модельдері жолымен шешіледі. Осы модель қазір эксперименттік режимде өтіп жатқан жан басылық қаржыландырудың жаңа моделін жоспарланған енгізумен бірге жүргізілуде. Ол мектептерді қаржыландырудың анағұрлым тиімді және тең моделіне баратын жолдағы маңызды қадам болып табылады. Дегенмен, мектептерді қаржыландырудың жаңа моделі егжей-тегжейлі талданған жоқ, ол бұдан әрі әзірлеуді талап етеді және оны жүзеге асыру мерзімдері жеткіліксіз. Мектеп желісінің ерекшелігі міндетті мектеп біліміне жалпыға ортақ қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша қатаң саясат нәтижесінде пайда болған үлкен географиялық қамту болып табылады. Мектеп желісі ауылды және шалғай аудандарда білім беру қызметін қамтамасыз етуге арналған экономикалық тиімді нұсқа болып табылмайтын, шағын жинақталған мектептердің үлкен санынан тұрады. Бұдан басқа, әдетте шағын жинақталған мектептерде оқушылар оқытудың жеткілікті жақсы жағдайларына ие емес. Кадрлар, оқушы-мұғалім ағымдағы арақатынасы мәселесін қарастыра отырып, жүйедегі бірқатар мұғалімдердың артықтық болуы мүмкін деген қорытынды жасауға болады. Негізгі еңбекақысы оқу жүктемесімен (ставка жүйесі) байланысты болатын мұғалімнің еңбек қызметінің тұжырымдамасы алаңдаушылық көзі болып табылады, себебі осы жүйе мұғалім оқытудан басқа орындайтын көптеген міндеттерді ескермейді және оның мектеп шараларына қатысуын төмендетеді. Мұғалімдердің кәсіптілігінің төмендеуінің басқа аспектісі педагогикалық қызмет стандарттарының жоқтығы болып табылады. Бұдан басқа, ресурстарды бөлу кейбір деңгейде шектелген, себебі оқушылардың немесе мектептердің нақты қажеттіліктері ескеріледі. Инклюзивті білім түсінігі мүмкіндіктері шектеулі және әлеуметтік-экономикалық жағдайлары өте төмен балаларға бағытталған, демек, оқушылардың салыстырмалы түрде аз саны қосымша қолдау алуға құқылы. Мысалы, үлгерімдері төмен оқушыларды қолдауға арналған жүйелік саясат жоқ. Оған қарағанда үздік оқушыларға аса көп көңіл бөлінеді. Бұдан басқа, қазақстандық мектептер мүмкіндіктері шектеулі балаларға қызмет көрсету бойынша аз ғана жетістіктерге қол жеткізгіні көрінеді. Соңғы жылдары Қазақстан Үкіметі мектеп инфрақұрылымын жаңғырту бойынша едәуір жұмыс атқарғанын атап өту қажет. Бұл жаңғыртуды қажет ететін көптеген ғимараттардың пайда болуына алып келген, мектептерді ұстаудың алдыңғы ұзақ мерзімді толық қаржыландырылмауына жауапты шара болып табылады.

Осы бөлімде мектеп жүйесіндегі қаражатты тиімді бөлу мәселесі қарастырылады. Қаражатты әртүрлі әкімшілік деңгейлер (мысалы, орталық, өңірлік және жергілікті), ресурстардың түрлері (мысалы, адами және материалдық-техникалық ресурстар) және жекелеген мектептер (мысалы, қаржыландыру формуласы және арнайы нысаналы бағдарламалар арқылы) арасында бөлу қаралған. Бұдан басқа, мұнда мектеп ғимараттарын ұстауға арналған қаражатты бөлу (мысалы, мектептерді салу), педагог кадрларды ұйымдастыру (мысалы, мұғалімдердің саны, мұғалімдерді даярлау), басқарушы кадрларды (мысалы, мектептер басшыларының саны және мінездемелері) және оқушылардың белгілі бір топтарына бағытталған ресурстарды ұйымдастыру (мысалы, ерекше қажеттіліктері бар оқушылар) мәселелері де қаралады.

## **Мәнмәтін және ерекшеліктер**


### ***Ресурстарды түрлері бойынша бөлу***

Қазақстандағы білім беру инфрақұрылымына жұмсалатын жалпы мемлекеттік және жеке шығындар ЭЫДҰ елдерімен салыстырғанда төмен. 2011 жылы бір жылдан артық мерзімге есептелген (мысалы, ғимараттардың құрылысын салу, жаңғырту немесе күрелі жөндеу, жаңа жабдық сатып алу немесе ескісін ауыстыру) Қазақстандағы жұмсалатын шығындарды білдіретін Қазақстанның күрделі шығындары ЭЫДҰ елдеріндегі 7,7% және 7,1% пайызбен салыстырғанда, бастауыш білімге арналған шығындардың 2,5%-ын және орта білімге арналған шығындардың 3,6%-ын құраған (3.1-суретті қараңыз) (ЭЫДҰ, 2014а).

Мектептердің жұмыс істеуіне арналған шығындарды білдіретін ағымдағы шығындардың ең үлкен үлесі, егер оқытудың еңбекті қажет ететін сипатын ескерсек, еңбекақыға келеді. Қазақстандағы бастауыш және негізгі орта білімнің жалпы бюджетінің шамамен 69%-ға жуығы еңбекақы төлеуге жұмсалады, осы ретте ЭЫДҰ елдері бойынша орташа көрсеткіштер бастауыш білімде 74%-ға және орта білімде 73%-ға тең болады (3.1-суретті қараңыз). Қазақстан бойынша тек қана мұғалімдердің еңбекақысына бағытталатын бюджеттің пайыздық үлесі туралы деректер болмаса да, ЭЫДҰ елдерінде ол бастауыш және орта білімнің жалпы шығындарының 58% құрайды. ЭЫДҰ елдеріндегі негізгі орта білімдегі 19%-бен және бастауыш білімдегі 20%-бен салыстырғанда, Қазақстандағы негізгі орта білім шығындарының шамамен 25%-ы және бастауыш білімнің 28%-ы басқа ағымдағы шығындарға бөлінеді. Басқа ағымдағы шығындар, мысалы, оқу және шығыс материалдарын, мектеп ғимараттарына қызмет көрсетуді, оқушыларды тамақтандыру және мектеп үй-жайларын жалға беру сияқты басқа да тартылатын қызметтерді қамтиды. Бұл қызметтер білім беру органдары немесе білім беру мекемелері өздерінің қызметкерлерінің күшімен көрсететін қызметтерге қарағанда бөтен өнім берушілерден сатып алынады.



### 3.1-сурет Қазақстандағы және ЭЫДҰ елдеріндегі білім берудің күрделі және ағымдағы шығындары, 2011 ж.



Ескерту: Қазақстан бойынша деректер бастауыш және негізгі орта білімді қамтиды, ал ЭЫДҰ бойынша деректер бастауыш және орта білімнің екі деңгейін қамтиды.

Дереккөз: ЮНЕСКО және ЭЫДҰ статистика институты (2014а), Білімге деген көзқарас 2014, OECD Publishing, Париж.

Ұлттық деңгейде ресурстарды түрлері бойынша бөлу құрылымы мектептердегі бюджетті бөлудің тиісті құрылымынан ерекшеленеді. ЮНИСЕФ өткізген зерттеулерге сәйкес, мектеп бюджетінің шамамен 85%-ы - еңбекақы шығындарына, 8% - оқытумен байланысты емес шығындарға (мысалы, мектептегі тамақтандыру, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, басқа тауарлар мен қызметтер, байланыс қызметтері, жалға алу, іссапарлар, сот шешімдері), 5% - коммуналдық шығындарға, 1% - тәуекелдер тобындағы оқушылар шығындарына жатады (ЮНИСЕФ, 2012). Еңбекақы шығындары қала мектептері бюджетінің 79%-ын және ауыл мектептері бюджетінің 93%-ын құрайды (ЮНИСЕФ, 2012). Бұл проблема ауылды жерлердегі шағын жинақталған мектептер мен бастауыш мектептер үшін аса өзекті. Олардың бюджеттерінің шамамен 99,6% еңбекақы төлеміне жұмсалады (Сандж-СФК, 2012). Алайда, есепте бұл орташа көрсеткіштерден ауытқулардың едәуір жиі кездесетіні және олардың елеулі болуы мүмкін екені көрсетілген.

#### Мектептер желісін ұйымдастыру

Қазақстандағы мектептер желісі екі қарама-қарсы шындықты көрсетеді: жобалық қуаттылық қалаларда жеткіліксіз және ауылды жерлерде артық. Қала мектептері, әдетте, толық, кейбіреулері үш ауысымда жұмыс істейді және едәуір саны оқушы орындарының жетіспеушілігін сезінуде. 2013 жылы бүкіл Қазақстан бойынша 320 мектеп оқушылар орындарының жеткіліксіздігін сезді, жалпы алғанда 130 000 оқушыға арналған орын қажет болды (елдегі жалпы қамтудың 5%)<sup>9</sup>. Астана және Алматы қалаларында оқушылары артық болған мектептердің анағұрлым жоғары үлесі байқалды – мектептердің жартысынан артығы оқушы орындардың жетіспеушілігі туралы айтты, ал басқа өңірлердегі мектептерде, негізінен еліміздің оңтүстігінде (мысалы, Оңтүстік Қазақстан және Маңғыстау облыстары) де оқушы орындардың жетіспеушілігі байқалды (АТО, 2014).

Мектептер желісінің негізгі ерекшелігі міндетті білімге жалпыға бірдей қол жетімділікті қамтамасыз етудің күшті саясаты нәтижесінде бүкіл ел бойынша орын алған оның үлкен географиялық қамтуы болып табылады. Әрбір елді мекенде оқушылардың қажетті ең төмен саны

<sup>9 10</sup> Бұл сан деректері болмаған Оңтүстік Қазақстан облысын алып астайды.

болған жағдайда білім беру қызметтерін көрсетуге құқығы бар: бастауыш білім үшін 5 оқушыдан кем емес (1-4 сыныптар); негізгі орта білім үшін 41 оқушы (1-9 сыныптар) және мектептегі білімнің барлық деңгейлері үшін 81 оқушы (1-11/12 сыныптар). 2013-2014 оқу жылында жұмыс істеген 7 307 мемлекеттік мектептің ішінен 5 702 (78%) мектеп ауылдық жерлерде болған. Бұл ауыл мектептері қазақстандық оқушылардың 44%-ына білім беру қызметтерін көрсетеді және өздерінің көлемдері бойынша қала мектептерінің ширегіне ғана тең (197 оқушы, 874 оқушымен салыстырғанда). Алматы және Астана қалаларынан қоспағанда, Қазақстанның әрбір өңірінде кем дегенде мектептердің 60% ауылдық жерлерде орналасқан; ең жоғарғы көрсеткіш Солтүстік Қазақстан облысында - 90% (3.1-кестені қараңыз).

### 3.1-кесте Өңірлер бойынша мектептер желісінің сипаттамасы, 2010 ж.

	Ауыл мектептері үлесі (%)	Шағын жинақталған мектептер үлесі (%)	Сыныптың орташа көлемі	Мұғалімдер мен оқушылар арақатынасы	Апатты жағдайдағы немесе күрделі жөндеуді талап ететін мектеп ғимараттары	Тегін ыстық тамақ ішетін оқушылар, жалпы санынан үлесі	Көлік қызметімен қамтамасыз етілген оқушылар, жалпы санынан үлесі
<b>Солтүстік Қазақстан</b>	90.7	86.2	11.2	6.7	27.2	34.0	92.2
<b>Алматы</b>	87.8	44.6	18.8	9.0	31.8	11.0	48.2
<b>Батыс Қазақстан</b>	86.5	71.8	14.9	7.6	26.2	86.0	68.1
<b>Қостанай</b>	86.3	13.6	15.1	6.1	4.9	41.0	40.5
<b>Ақмола</b>	85.3	80.0	12.4	7.7	22.7	30.0	98.3
<b>Жамбыл</b>	82.4	45.3	18.9	8.6	37.1	46.0	79.4
<b>Ақтөбе</b>	81.7	66.7	16.3	8.4	16.3	63.0	78.6
<b>Оңтүстік Қазақстан</b>	81.3	26.3	21.4	9.8	38.8	7.0	42.1
<b>Қызылорда</b>	81.0	75.9	21.2	9.9	47.8	25.0	56.2
<b>Павлодар</b>	79.3	73.4	13.9	7.7	22.1	38.0	99.6
<b>Шығыс Қазақстан</b>	78.5	66.2	16.0	8.3	19.3	40.0	86.8
<b>Атырау</b>	70.9	26.1	18.3	9.4	48.5	12.0	87.8
<b>Қарағанды</b>	62.8	57.9	17.2	9.3	15.2	61.0	100.0
<b>Маңғыстау</b>	56.7	14.7	21.9	12.6	22.5	39.0	94.9
<b>Алматы қ.</b>	0.0	0.0	24.4	13.3	38.7	59.0	0.0
<b>Астана қ.</b>	0.0	2.3	24.4	15.2	21.2	69.0	0.0

Дереккөз: ЭЫДҰ (2014b), Ұлттық білім беру саясатына шолу: Қазақстандағы орта білім, OECD Publishing, Париж.

Шағын жинақталған мектептер – осы Шолуда ауылдық жерлердегі<sup>11</sup> және мектептердің (611 оқушымен салыстырғанда 78 оқушы) және сыныптардың (21-мен салыстырғанда 8,4) толуы бойынша басқа мектептерден едәуір кішірек мектептерді білдіру үшін қолданылған термин<sup>10</sup>. 2013-2014 оқу жылында шағын жинақталған мектептер Қазақстандағы барлық мектептердің жартысын (3 639) құрады, бірақ оларда барлық оқушылардың 11%-ы ғана білім алды (284 267) (АТО, 2014). Шағын жинақталған мектептердің жартысынан азы (44%) міндетті оқытудың барлық циклдері бойынша оқытады, бұл олардың көбі тек бастауыш білім бойынша (1-4 сыныптар) немесе білім берудің негізгі орта деңгейі бойынша (1-9 сыныптар) оқытады дегенді білдіреді.

<sup>11</sup> Шағын жинақталған мектептердің барлығы ауылдық жерлерде орналаспаған және ауылдық мектептердің барлығы шағын жинақталған болып табылмайды. Мектеп егер ауылды жерге орналасса, ауылдық боолып саналады. Кем дегенде 180 оқушысы бар және ауылдық жерде орналасқан мектеп шағын жинақталған мектеп болып саналмайды, ауылдық болып саналады. 180 оқушыдан кем оқушысы бар және қалада орналасқан мектеп, шағын жинақталған деп саналады, бірақ ауылдық болып саналмайды.

2013-2014 оқу жылында аралас сыныптарда оқитын әртүрлі оқу жылдары оқушылары саны, шағын жинақталған мектептердің оқушыларының (22%) және сыныптарының (27%) болмашы ғана үлесін, ал бүкіл ел бойынша бұл көрсеткіш сыныптардың 6% және оқушылардың 2% құрады (АТО, 2014).

Ел бойынша шағын жинақталған мектептердің бөлінуі бірдей емес. Үлкен қалаларда олар мүлде жоқ (Астана және Алматы), кейбір өңірлерде (Маңғыстау, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында) олар мектептердің жалпы санының 20%-нан төмен (оқушылардың жалпы санының 3%) болса, ал Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарында мектептердің жалпы санының 80% және оқушылардың жалпы санының 40% құрайды (АТО, 2014). 2012-2013 оқу жылының статистикалық деректеріне негізделген есептер (БСБҰО) шағын жинақталған мектептердің орташа өңірлік көлемдерінде де үлкен айырмашылықтар бар екенін көрсетеді, бұл нормалар еліміздің әртүрлі өңірлерінде әртүрлі қолданылады. Мысалы, Атырау облысында шағын жинақталған және басқа да мектептердің орташа көлемі шамалас болса, шағын жинақталған мектептердің орташа мөлшері (134 оқушы) еліміз бойынша көрсеткіштен шамамен екі есе артық. Бұдан басқа, Қызылорда облысының шағын жинақталған мектептерінде 34 оқушы оқиды, бұл ел бойынша орташа көрсеткіштен екі еседен артыққа кем, ал сыныптар көлемі басқа мектептермен салыстырғанда төрт есеге кішкентай. Бұл Қызылорда облысында шағын жинақталған мектептер мәртебесін берудің анағұрлым қатаң критерийлері қолданылатынын білдіреді.

Шағын жинақталған мектептердің оқушылары үшін сапалы білімге қол жетімділікті жақсарту бойынша айтарлықтай бастама шағын жинақталған мектептер топтарына қолдау көрсететін ресурстық орталықтар құру болып табылады. Әрбір ресурстық орталық әдетте ресурстармен жақсы қамтамасыз етілген мектептерде орналасады және шағын жинақталған мектептердің аз санымен жұмыс жасайды және шағын жинақталған мектептердің оқушыларына қолайлы жағдайларда сапалы білім алуға мүмкіндік береді. (3.1-ендірме).

### **3.1-ендірме Шағын жинақталған мектептерді қолдауға арналған ресурстық орталықтар**

Ресурстық орталықтар (тірек мектептер деп аталатын) алғаш рет Қарағанды облысында қаланың білім бөлімімен және облыстың білім басқармасымен бірлесе отырып әзірленген пилоттық жобада сыналған. Осы бастамаға қызығушылықтың арқасында жобаны Білім және ғылым министрлігі қарады және жобаның ұлттық пилоты 2012 жылы басталды. 2014 жылы Қазақстанда 59 ресурстық орталық жұмыс істеді, 2015 жылдың соңына дейін олардың желісін 160 дейін ұлғайту жоспарланған. Ресурстық орталықтар негізінен үлкен, жақсы жабдықталған мектептерде ұйымдастырылды, бірақ кейбір жағдайларда мектептің ресурстық орталық ретінде жұмыс істеуі үшін мектеп ғимаратына және жабдыққа белгілі бір инвестициялар қажет болды.

Жекелеген ресурстық орталықтардың негізгі мақсаты ресурстық орталыққа тікелей жақын орналасқан шағын жинақталған мектептер тобындағы білім беру сапасын жақсартуды қолдау болып табылады. Әрбір орталыққа жұмыс істеу үшін 3-4 магниттік мектеп бөлініп беріледі. Мысалы, қазіргі уақытта 59 ресурстық орталық 192 ШЖМ үшін білім беру қызметтерін көрсетеді.

Ресурстық орталықтар көрсететін қолдау ШЖМ 8-9 сыныптарының оқушылары үшін ұйымдастырылатын арнайы сессияларда. Бұл оқушылар ШЖМ бір немесе екі мұғалімінің сүйемелдеуімен сессияларға оқу жылында үш рет келеді, әрбір сессия екі аптаға созылады (10 мектеп күні). Бірінші сессия қыркүйекте өтеді және оқушылардың білімін тексеруден тұрады. Соңғы сессия сәуірде өтеді және тест түріндегі оқушылардың білімдерін тексеруден тұрады. Тестілер екі тапсырманы шешу үшін пайдаланылады: олар жекелеген оқушыларды ескере отырып оқу шаралары жоспарын дайындауға мүмкіндік береді; және олар сонымен қатар оқушылардың оқу жылындағы үлгерімдеріндегі жетістіктерді бағалауға мүмкіндік береді. Сессиялар арасында ресурстық орталық ШЖМ оқушыларын қашықтықтан қолдап отырады. Егер ШЖМ ресурстық орталықтан алыс орналаспаған болса, балаларды күнделікті тасымалдау қамтамасыз етіледі, басқа жағдайда балаларды орналастыру қарастырылады. Оқушылар сонымен қатар оқулықтармен, басқа да білім беру ресурстарымен және тегін тамақпен қамтамасыз етіледі. ШЖМ оқушыларымен жұмыс істейтін мұғалімдердің еңбек ақыларынан тұратын басқа шығындар ресурстық орталық бюджетіне жатады.

Ресурстық орталықтағы оқу сабақтарын ресурстық орталық мұғалімдері жүргізеді. Сабақтарда сондай-ақ ШЖМ мұғалім болады, бірақ ол пассивті режимде. Оқушылар жоғары білікті мұғалімдермен жұмыс жасап қана қоймайды, олардың зертханалар мен кітапханаларға баруға да рұқсаттары болады. Бұл процестің маңызды бөлігі шалғай аудандардағы ШЖМ оқушыларының ресурстық орталық оқушыларымен әлеуметтік өзара іс-қимылы болып табылады. Ережелерге сәйкес, ресурстық орталықтың оқу жоспары орталықтың консультациялық кеңесі бекітетін магниттік мектептердің шарттары мен жоспарларын да ескеруі тиіс. Осы институционалдық тетік мектептер арасындағы әріптестікке ықпал етеді және барлық оқушылардың қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік береді.

*Дереккөз: мектептермен сұхбат, АТО (2014), Министрдің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығы*

## ***Мектептерді қаржыландырудың қолданыстағы және болашақ үлгілері***

### ***Қаржыландырудың қолданыстағы үлгісі***

Мектептер арасында ресурстарды бөлу туралы шешімді қазіргі уақытта аудандар ұлттық нормаларды ескере отырып өздерінің қарауы бойынша қабылдайды және практикада олар өткен жылдардың шығындарымен тығыз байланысты. Мектептердің директорлары өздерінің орынбасарлары мен мектеп бухгалтерлерінің қатысуымен мектептің жылдық бюджетін дайындауға жауап береді. Бюджетті дайындаудағы бірінші кезең қалыптасқан сыныптар санына негізделген мектеп қызметкерлерінің тізбесін жасаудан тұрады. Сыныптар санынан директордың орынбасарларының саны мен түрлері, оқу сағаттарының саны және олармен байланысты бөлінуге тиісті міндеттер, сондай-ақ мектептің қосымша қызметкерлерінің саны және түрі айқындалады (4.А1 қосымшасын қараңыз). Оқу сағаттарының жалпы саны қажетті мұғалімдердің санын, сондай-ақ мектептің әрбір басқарушы қызметкеріне тоғыз оқу сағатына дейін бөлінгеннен кейін педагогикалық жүктемені анықтау үшін пайдаланылады. Екінші кезеңде қолданыстағы заңнаманы және олардың жүктемесін қатаң сақтай отырып (мысалы, санат, біліктілік, тәжірибе), әрбір қызметкердің нақты еңбек ақысын есептеу жүргізіледі. Соңғы кезеңде ресурстардың және басқа да қамсыздандыру бағаларындағы өзгерістерді (мысалы, техникалық қызмет көрсету, объектілер, жабдықтар) ескере отырып қалған ағымдағы шығындардың (мысалы, жылыту және электр жарығы) есебі жүргізіледі. Мектептер жыл бойына қажеттілігі бойынша жергілікті органдардан әртүрлі мақсаттар үшін (мысалы, мектеп құрылысын салу, бүлінген мектеп жабдығын жөндеу, жетіспейтін оқулықтарды сатып алу) қосымша ресурстар сұрауы мүмкін.

Мектептер өздерінің бюджеттік өтінімдерін аудандарға береді. Штаттық құрылым және еңбек ақы оқу жылы басталғанға дейін (қыркүйекте) талқыланады және бекітіледі, ал мектептің ортақ бюджеті қаржы жылына қабылданады (қаңтардан желтоқсанға дейін) және аудан бюджеті анықталғаннан кейін жыл ішінде бекітілетін болады (2-бөлімде қараңыз). Ауданның білім департаменті ұсынылып отырған кадрлық қамтамасыз етудің ұлттық нормаларға сәйкестігін тексереді, ал қырғыз департаменті жалпы қаржы есептеулерін тексереді. Аудан бюджеті анықталғаннан кейін жергілікті білім беру және қаржы органдарында қалған бюджетті, яғни мектептің минималды бюджеті (яғни, қызметтерге арналған шығындар және басқа да маңызды эксплуатациялық шығындар) сомасы арасындағы аудан бюджетінде мектептерге арналған шығындармен қарастырылған айырмашылыққа қатысты еркіндік пайда болады. Қалған бюджеттің бірқатар бөлігі мектептерге олардың бюджеттері бекітілгенге дейін немесе жыл бойына қарастырылмаған шығындарды жабу немесе арнайы сұраныстар бойынша бөлінулері мүмкін.

Сарапшыларға олар барған жергілікті органдар мен мектептерде іс жүзінде, мектептер бюджеттері негізінен өткен жылғы қаржыландыру деректеріне инфляцияны ескере отырып негізделетіні және мектептерде өздерінің мүдделерін қорғау мүмкіндіктерінің жоқтығы хабарланды. Мектептердің бюджеттік өтінімдері әдетте қысқарту жағына қарай түзетіледі және мектептерге жеке тәртіпте қарастырылмаған шығындарды жабу немесе арнайы сұраныстарға арналған шығындарды төлеу үшін бюджетті ұлғайтуды талқылауға тура келеді.

### ***Мектептерді қаржыландырудың болашақ үлгісі***

Мектептерді қаржыландырудың болашақ үлгісінде жан басына шаққандағы қаржыландыру формуласы өсім шығындарымен сәйкестендіріледі. Қаржыландырудың жаңа үлгісімен жұмыстар 2005 жылы басталғанымен, қаржы құралдарын бөлу формуласы заң жүзінде тек 2013 жылы ғана қабылданды, пилоттық жоба 2014 жылы басталды, ал ауқымды енгізу 2015 жылға жоспарланған. Сапар кезінде сарапшылар сұхбат алған қызметкерлер, жаңа үлгінің қызметкерлерге арналған шығындарды қысқартуға және мектепті дамыту үшін қаржы құралдарының бірқатар бөлігін ұсынуға бағытталғанын атап өтті. Қаржыландырудың жаңа үлгісі пилоттық негізде 2013 жылдың қыркүйегінде 4 облыстың 50 мектебінде енгізілген (Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан) және 2014 жылдың қаңтарында Ақмола облысының 13 мектебінде енгізілген болатын (АТО, 2014). Пилоттық жобаны басқару және мониторинг жүргізу үшін, Министрліктің ведомстволық ұйымы Қаржы орталығы жауап береді. Бөлу формуласы заңнамада бекітілген, орын алатын өзгерістер туралы ақпараттары бар буклеттер мектептер басшылары арасында таратылған

болатын. Жаңа үлгі барлық мектептерге қолданылатын болады (яғни, бастауыш, негізгі және орта), тек шағын жинақталған, арнаулы және мамандандырылған мектептерден басқаларына (мысалы, түзетуші, пәндерді тереңдетіп оқыту, НЗМ). Қаржыландырудың жаңа сызбасы екі компоненттен тұрады:

- *Білім беру процесі* орталық атқарушы органдар төлейтін шығындардан тұрады: еңбек ақы шығыны және осымен байланысты жарналар, оқу материалдары (мысалы, оқулықтар, оқу кешендері), жоғары жұмыс нәтижелері үшін қызметкерлерге арналған сыйақылар. Олар жан басына шаққандағы қаржыландыру формуласы шеңберінде қаржыландырылады және қаржы құралдарын орталық атқарушы органдар тікелей мектептерге аударылады. Осылайша, мұғалімдердің еңбек ақысы бүкіл ел бойынша тең болып қалады. 3.А1 қосымшасы білім беру процесі үшін қаржыландыруды бөлуге арналып пайдаланылатын формула туралы қосымша ақпараттардан тұрады.
- *Білім беру ортасы* басқа шығындардан тұрады: коммуналдық қызметтер, байланыс қызметі, техникалық қызмет көрсету, ұсақ жөндеу, оқушылардың тамақтануы және басқа да қолдаулар, көлікпен қамтамасыз ету, қаржы қызметтері және басқа да қажетті қызметтері. Оларды жергілікті атқарушы органдар мектептердің нақты қажеттіліктері, шарттары және мүмкіндіктері негізінде ұлттық нормаларды сақтай отырып жүргізеді. Мысалы, мектепті жылытуға арналған шығындар әртүрлі мектептерде пайдаланылатын отын түріне, ауа-райы жағдайларына, мектеп ғимараттары мен объектілері жағдайларына байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

Мектептерді қаржыландырудың жаңа үлгілерін енгізуді қолдау үшін, қамқоршылық кеңестерін құру және мектептердің ұйымдастырушылық үлгісін мемлекеттік мекемеден мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынға өзгерту сияқты тиісті өзгерістер жүргізілді. Жаңадан құрылған қамқоршылық кеңестерін әдетті мектеп директорлары басқарады және тағы да басқа төрт мүшеден тұрады: аудан немесе қала өкілі, ата-аналар өкілі және бірқатар шақырылған жергілікті бизнес басшылары. Кеңестің негізгі мақсаты мектептің дамуына көмектесу, оның қаржы құралдарын бақылау, орталық нұсқаулықтар негізінде ең таңдаулы мұғалімдер арасында қаржылық сыйақыларды бөлу болып табылады (2-бөлімді қараңыз). Мектептердің жаңа ұйымдастырушылық-құқықтық үлгісі оларға өздерінің бухгалтерлік есептерін өзгертуге және қосымша ақылы қызметтерді ұсынуға мүмкіндік береді.

## ***Педагог кадрлар***

### *Педагог кадрлардың сипаттамасы*

2012-2013 оқу жылында мектеп жүйесінде 292 064 мұғалім жұмыс істеді, оның 63% ауылдық жерлерде болды. 2008-2009 және 2012-2013 оқу жылдары арасында мұғалімдер құрамы 9,1% артты (3.2.-кестені қараңыз). Оқытушылық кәсіптің негізгі ерекшелігі, ол жерде әйел адамдардың аса көптігі болып табылады: 2012-2013 оқу жылында әйелдердің үлесі қалалық және ауылдық мектептерде тиісінше 88% және 76% құрады. Бұл ЭЫДҰ елдеріндегі 2012 жылғы көрсеткіштерден айтарлықтай жоғары: тиісінше бастауыш, негізгі және орта білімнің жоғары сатысында 82%, 67% және 59% құрады (ЭЫДҰ, 2014а).

Қазақстандық мұғалімдердің біліктіліктері соңғы жылдары артты, бірақ 2012-2013 оқу жылында шамамен мұғалімдердің 12% жоғары білім болған жоқ, және де бұл ауыл мектептеріне тән (шамамен 14%), ал қала мектептерінде (9%) (3.2.-кестені қараңыз). Бастауыш білімде сол оқу жылында мұғалімдердің 25% жоғары білім болған жоқ (ҰБСБО, 2013а). Бұл көрсеткіш әртүрлі өңірлерде әртүрлі болып келеді; Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Маңғыстау, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында ол 30% құрайды (ҰБСБО, 2013а). Салыстыру үшін, мысалы ЭЫДҰ оқыту және білім беру саласындағы Халықаралық зерттеулерге қатысқан (TALIS) білім беру жүйелерінде, жоғары білімдері жоқ мұғалімдердің орташа үлесі 2,3% (ЭЫДҰ, 2014с) құрады.

Мұғалімдердің 2012-2013 оқу жылындағы үштен бірінен артығы (34,4%) 2008-2009 оқу жылындағы 30,7% салыстырғанда 20 жылдан артық жұмыс өтіліне ие болды (3.2-кестені қараңыз). Бұл бір жағынан оқыту кәсібінің қартаюымен байланысты. Бұған қарамастан мұғалімдер құрамы ЭЫДҰ елдерімен салыстарғанда әлі де жас болып табылады. 2011 жылы 20-дан 30-ға дейінгі және 51-ден жастары жоғары мұғалімдер үлесі тиісінше 23,9% және 21,0% тең болды. Салыстыру үшін сол жылы ЭЫДҰ 30 жастан жас мұғалімдер үлесі бастауыш, негізгі және орта білімде тиісінше 13,0%, 11,3% және 9,1% құраған болатын, ал жастан кәрі мұғалімдер үлесі білімнің сол деңгейлерінде тиісінше 30,6%, 33,9% және 37,4% құраған болатын.

**3.2-кесте 2008-2009 және 2012-2013 жылдарындағы мұғалімдердің саны, білім деңгейлері және жұмыс өтілдері**

2012-2013					2008-2009		
Мұғалімдер саны		Барлығы	Қала	Ауыл	Барлығы	Қала	Ауыл
		292064	108202 (37.0%)	183862 (63.0%)	267736	96882 (36.2%)	170854 (63.8%)
		%	%	%	%	%	%
<b>Білім деңгейі</b>	Жоғары білім	87.9	90.7	86.2	85.2	90.0	82.5
	Аяқталмаған жоғары білім	0.6	0.3	0.8	1.4	0.9	1.7
	Орта кәсіптік білім	11.3	8.9	12.7	12.9	8.9	15.2
	Жалпы орта білім	0.2	0.1	0.2	0.5	0.1	0.7
		%	%	%	%	%	%
<b>Жұмыс өтілі</b>	3 жылдан кем	12.8	12.4	13.1	13.2	11.5	14.2
	3 жылдан 8 жылға дейін	19.3	17.8	20.2	18.6	16.4	19.8
	9 жылдан 16 жылға дейін	20.9	20.7	21.1	22.8	24.6	21.8
	17 жылдан 20 жылға дейін	12.6	13.3	12.1	14.6	14.9	14.5
	20 жылдан артық	34.4	35.9	33.5	30.7	32.7	29.6

*Дереккөз:* АТО (2014), ЭЫДҰ «Мектептерде ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру саясаты: Қазақстан бойынша елдің негізгі баяндамасы» шолуы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ақпараттық-талдау орталығы, Астана, [www.oecd.org/edu/school/schoolresourcesreview.htm](http://www.oecd.org/edu/school/schoolresourcesreview.htm) сайтында қол жетімді.

### *Педагог кадрларды даярлау*

Мұғалімдерді бастапқы даярлау педагогикалық білімді аяқтауды көздейді. Бастауыш сынып мұғалімдері кем дегенде, кәсіптік орта (9 сыныптан кейін 4 жылдық бағдарлама) немесе орта білімнен кейінгі білім (11 сыныптан кейін 3 жылдық бағдарлама) шеңберінде педагогикалық білім бағдарламасын аяқтаулары немесе олардың жоғары білімдері болуы тиіс (бакалавриаттың 4 жылдық бағдарламасы). Оған қарағанда, негізгі жоғары мектеп мұғалімдері жоғары білім деңгейінде төрт жылдық білім беру бағдарламасын аяқтаулары тиіс (бакалавр немесе одан жоғары дәреже).

2013 жылы 144 447 адам жоғары білім деңгейіндегі педагогикалық білім бағдарламалары бойынша білім алды, 61% мемлекеттік ұйымдарда және 23% мемлекеттік тапсырыс бойынша (АТО, 2014). Осы бағдарламалар бойынша оқуға қабылдау ЖОО-да қабылдау барысында пайдаланылатын Бірыңғай ұлттық тестілеу (ҰБТ) нәтижелері негізінде жүзеге асырылады. Бірақ, 2015 жылдан бастап жоғары білім деңгейінде педагогикалық білім бағдарламаларына оқуға түсу үшін жаңа «шығармашылық емтиханы» енгізілетін болады. Бұл емтиханның мақсаты мұғалім мамандығында жұмыс істеуге үміткерлердің мүмкіндіктерін, оның ішінде олардың дайындығы мен уәждемелерін бағалау болып табылады. Бастапқы педагогикалық білім бағдарламасы еліміздің 139 ЖОО-ның 86-да жүзеге асырылады. Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуды бастапқы педагогикалық білім бағдарламаларын жүзеге асырушы 86 ұйымның 39 ұсына алады, ал

басқа қалған мекемелерде оқу толықтай ақылы негізде жүзеге асырылады. Педагогикалық білім сонымен қатар магистратура деңгейінде жүзеге асырылады: 2012-2013 оқу жылында магистратураның бағдарламаларында 4 458 студент білім алды (АТО, 2014).

Бастауыш және орта білімде көптеген педагогикалық мамандықтар бар. Бастауыш сыныптар мұғалімдерін даярлауда жеті мамандық ерекшеленеді: жалпы бастауыш; информатика; шет тілдері; қазақ тілі; орыс тілі; өзін-өзі тану; математика. Бұл пәндік білім және педагогикалық білім бір уақытта алынатын параллельді бағдарламалар болып табылады. Орта білімнің негізгі және жоғары деңгейі үшін мұғалімдерді бастапқы дайындау 23 педагогикалық мамандықтар бойынша жүзеге асырылады: (мысалы, қазақ және орыс тілдері және әдебиеттері; физика, тарих; бастауыш білім педагогикасы және әдістемесі; оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептер үшін қазақ тілі және әдебиеті; екі шет тілі). 2013-2014 оқу жылында мемлекеттік тапсырыстағы неғұрлым көп орындар; дене шынықтыру, кәсіптік оқыту, қазақ тілі және әдебиеті, математика және информатика болды (АТО, 2014). 2013-2014 оқу жылында мемлекеттік тапсырыстың көп бөлігі келесі ұсынылған мамандықтарға берілді: дене шынықтыру, кәсіптік оқыту, қазақ тілі және әдебиеті, математика және информатика (АТО, 2014). Жүзеге асырылып отырған бағдарламалар параллельді немесе жүйелі болулары мүмкін, яғни педагогикалық машықтар бір уақытта немесе пәндік білімдерді алғаннан кейін алынулары мүмкін. Жоғары білім деңгейіндегі үлгілік бағдарлама, мектептердегі практикадан (бағдарлама несиелерінің 16% кем болмайды; ЭЫДҰ, 2014b), таңдап алынған мамандық бойынша мемлекеттік емтиханнан немесе дипломдық жұмыстан тұрады.

#### *Мұғалімдерді жұмысқа қабылдау*

Мұғалімдердің жұмысқа кірулері үшін негізгі талап, білімнің тиісті деңгейі және пән бойынша педагогикалық білімнің болуы. Мектептерде мұғалімдерді жұмысқа алу мектеп директоры басшылық ететін жалдаудың ашық рәсімі шеңберінде жүзеге асырылады. Мектептер мұғалімдерді жұмысқа қабылдау және оқу жүктемесін бөлу мәселелерінде дербестікке ие. Бірақ, мектептер мұғалімдер лауазымдарына, лауазымдық нұсқаулықтарына, талап етілетін біліктіліктер және жұмысқа алу рәсімдеріне қатысты орталық нормативтік құжаттарды қатаң орындаулары қажет. Мектеп директорлары ай сайын аудандар мен қалалардың жұмысқа тарту орталықтарына қолдағы бар бос орындар жайында ақпаратты ұсынып отырады деген болжам бар. Бұл ақпарат сонымен қатар газеттерде, тиісті мектептің веб-сайтында, аудандар мен қалалардың ресми веб-сайттарында жариялануы мүмкін. Үміткерлер өз өтінімдерін тікелей мектептерге ұсынады, және іріктеу рәсімі әдетте мектеп басшылығы және мектептің бірқатар мұғалімдерінен тұратын комиссия өткізетін әңгімелесуден тұрады.

Қазақстанда мұғалімдерді ауылдық мектептерде жұмыс істеуге ынталандыратын бірқатар ынталандырушы шаралар бар. Бұл негізгі еңбекақыға қосылатын 25 пайыздық қосымша ақы, коммуналдық қызметтерді төлеуге арналған өтемақы (мысалы, жылу), қосымша әлеуметтік қолдау (мысалы, көтермелеу жәрдемақысы, тұрғын үй жәрдемақысы), малдарға арналған азық. Бірақ бұл ынталандырулар жергілікті білім органдарының қарастыруына байланысты ұсынылады. Бұдан басқа, ауылдық жерлерден келген талапкерлерге бағытталған педагогикалық білім бағдарламаларында оқытуға арналған стипендиялық бағдарлама шарттары бойынша, стипендиттар оқыту аяқталғаннан кейін ауылдық жерде 3 жылдан кем емес мерзім мұғалім болып жұмыс істеулері қажет. Осылайша «Дипломмен-ауылға» бағдарламасы ауылдық жерлерде 5 жыл жұмыс істейтін ЖОО-дары түлектеріне бағытталған (оның ішінде педагогикалық білімдері бар түлектерге). Бұл бастамалар еліміздегі өңірлік дамуға көмектесудің ауқымды саясатының бір бөлігі болып табылады. Бірақ айта кететін бір жайт, орталық нормативтік құжаттарға сәйкес, 15 оқушыдан аз оқушылары бар сыныптарда жұмыс істейтін мұғалімдер (бұл көптеген ауылдық мектептерге тән) қосымша жұмыстарды атқарғаны үшін (мысалы, үй жұмысын тексеру, сыныпқа жетекшілік ету; бұдан әрі қараңыз) еңбекақысына қосылатын қосымша төлемдердің 50% ғана құқылы болады (ЭЫДҰ, 2014b).



## *Жүктеме және мұғалімдердің уақыттарын пайдалану*

Қазақстанды мұғалімдер еңбекақысы олардың педагогикалық жүктемесіне тікелей тәуелді апта сайынғы педагогикалық жүктеме (ставка жүйесі) жүйесі бойынша жұмыс істейді. Жүктемелерде есетелінетін шаралар: сабақтар дайындығынан, ата-аналармен әңгімелесуден, конференциялар мен семинарларға қатысудан тұрады. Басқа жұмыстар жекелей төленеді. Бұл оқушылардың дәптерлерін және жазбаша жұмыстарын тексеруден, оқу-әдістемелік бірлестіктерге қатысудан, сыныпқа жетекшіліктен, басқа мұғалімдерға басшылық етуден, зертханаға жетекшіліктен, пәннің тереңдетіп оқытылуынан, ерекше қажеттіліктері бар оқушылармен жұмыстан, пәнді тереңдетіп оқытудан, жоқ мұғалімдерды алмастырғанда қосымша сағаттарды оқытудан тұрады. Мұғалімдер оқытудан бөлек сағаттарда мектеп аумағында қалуға міндетті емес. Бұл мұғалімдер аптасына белгілі бір сағаттары санында жұмыс жасайтын, оның белгілі бір бөлігін оқытуға арнайтын ЭЫДҰ елдері үшін қалыпты болып табылатын жүктемелер жүйесінен айқын айырмашылық болып табылады. Басқа уақыттар сабақтарға дайындалу, жұмыста жоқ мұғалімдердың орнына сабақ өткізуге, үлгерімдері төмен оқушыларға көмектесу, ата-аналармен кездесу, әкімшілік жұмыстарды орындау үшін пайдаланылады. Әдетте, мұғалім мектепте оқыту сағаттарына бөлек уақытта да болуы қажет (ЮНИСЕФ, 2011, ставка жүйесінің толығырақ сипаттамасын қараңыз). Қазақстанның жалпы білім беру мекемелерінің мұғалімдері жылдық төленетін 56 күндік демалыстарын пайдаланады.

Мөлшерлемелер жүйесі аса ыңғайлы. Мөлшерлеме бірлігі аптасына 18 сағаттық оқытудан тұрады және мұғалімдер әдетте 0,25 мөлшерлемеден 1,5 мөлшерлемеге дейінгі жүктемемен немесе белгілі бір жағдайларда (мысалы, мұғалімдер жетпеген жағдайда) 2 мөлшерлемеге дейін жұмыс істейді. Ең төмен педагогикалық жүктемелер белгіленбеген, бірақ заңнамамен ең жоғары жүктеме 1,5 мөлшерлеме белгіленген. Бұл жүйенің бір кемшілігі, бір педагогикалық жүктемеге (мөлшерлеме бірлігі) азғантай еңбекақы төленеді, сондықтан мұғалімдер мектепте қосымша жүктеме алуға және/немесе мектепте немесе басқа жерде қосымша жұмыс алуға тырысады.

## *Лауазымдар құрылымы*

Мұғалімдер Қазақстанда азаматтық қызметкерлер болып табылады. Мұғалімдердің лауазымдық құрылымдары нақты белгіленген және «мұғалімдерді аттестаттау» деп аталатын, мұғалімдерді сертификаттау процесін қарастырады (4-бөлімді қараңыз). Мұғалім кәсібі төрт негізгі кезеңнен тұрады: жас маман (санатсыз), 2-ші санат, 1-ші санат және жоғарғы санат. 2011 жылы 1-ші санатты мұғалімдер үлесі (31%) және 2-ші санатты мұғалімдер үлестері барлық облыстарда, Алматы және Астана қалаларында шамамен бірдей болғанымен, жоғары санатты мұғалімдер үлесі (29%) ел бойынша орташа көрсеткіштен (15%) айтарлықтай жоғары болған еді (ЭЫДҰ, 2014b). Бұдан басқа, төрт облыста (Ақтөбе, Қостанай, Қызылорда және Маңғыстау) санатсыз мұғалімдер үлесі айтарлықтай жоғары болған еді (ел бойынша орташа 25% салыстырғанда 30%-ды құраған еді). Ауылдар мен қалалар арасында санаттар бойынша мұғалімдерді бөлуде айтарлықтай айырмашылық жоқ (3.А3 қосымшасы). Келесі үш кезең басшылық қызметтерді атқаруды білдіреді: әдістемелік кабинет жетекшісі, директордың орынбасары және мектеп директоры. Жаңа мұғалімдер үш жыл бойына «жас маманның» (санатсыз) бастыпқы санатынды жұмыс істейді және аттестаттау процесін сәтті өткен жағдайда келесі санатқа өтеді (4-бөлімді қараңыз). Ал жас маман 2-ші санатқа жұмыстарының жақсы нәтижелері жағдайында бір жыл жұмыс істегеннен кейін үміткер бола алады.

Мектепке жұмысқа қабылданған жағдайда мұғалімдер бір жылдық шарт жасайды. Бұдан кейін келесі ретте әдетте мұғалімнің немесе мектептің (мектеп директорының шешімімен) бастамасы бойынша бұзу мүмкіндігі бар мерзімсіз шарт жасалынады. Жас мұғалімдер үшін сынақ мерзімі (яғни, мектеп жүйесіне жұмысқа тұрушы мұғалімдер үшін) қарастырылмаған. Мектеп басшылығының шешімі бойынша сынақ мерзімі, оқыту тәжірибесі бар, жұмысқа қабылданушы мұғалімдер үшін ғана белгіленуі мүмкін. Жас мұғалімдерға тәлімгерлік ету ұлттық деңгейде реттелмейді, бірақ мектептің қарастыруына сәйкес ұйымдастырылады. Тәлімгерлік ету бағдарламасы тәлімгермен бірге дамудың бірлескен жоспарын жасаудан, тәлімгердің сыныптағы жұмысын бақылаудан және жас мұғалімнің жетістіктері, өзіндік талдау және өзіндік бағалау машықтарының дамуы туралы пікірлер, есептер ұсынудан тұруы мүмкін. Бірақ бұл тәсілдің



барлық Қазақстан мектептерінде жүзеге асырылуы туралы ақпарат жоқ (ЭЫДҰ, 2014b). 2012 жылы PISA шеңберінде директорлар ұсынған деректер, тәлімгерлік бағдарламасының Қазақстанда кеңінен таралғанын көрсетеді: оқушылардың шамамен 97% білім алатын мектеп директорлары, олардың мектептерінде тәлімгерлік бар деп жауап берді, бұл ЭЫДҰ елдеріндегі 72% салыстырғанда айтарлықтай артық (ЭЫДҰ, 2014a).

#### *Еңбекақы төлемі*

Мұғалімдер еңбекақыларын азаматтық қызметкерлерге арналған шәкіл бойынша алады. Мұғалімдердың еңбекақысы негізгі лауазымдық еңбекақыдан, біліктіліктерін арттырғаны үшін қосымша ақыдан, қосымша қызметтерді атқарғаны үшін қосымша ақыдан, арнаулы жәрдемақылардан тұрады. Негізгі лауазымдық еңбекақы негізгі лауазымдық еңбекақыны, мұғалімге берілген азаматтық қызметкер санатына (мұғалімнің санатымен байланысты) және жұмыс өтіліне тәуелді, белгілі бір коэффициентке көбейту жолымен есептелінеді. Анаұрлым жоғары білім беру деңгейі бар мектептер мұғалімдері G-9 санатты азаматтық қызметкерлер санатына жатады, ал орта және орта білімнен кейінгі деңгейдегі техникалық және кәсіптік білімді мұғалімдер G-11 санатына жатады. 3.3-кесте азаматтық қызметкерлердің тиісті санаттары қатары бойынша негізгі лауазымдық еңбекақыны есептеуде пайдаланылатын негізгі лауазымдық еңбек ақыны және коэффициенттерді қоса алғанда 2011-2012 оқу жылындағы деректерді көрсетеді.

**3.3-кесте 2011-2012 оқу жылындағы азаматтық қызметкерлердің еңбекақысының құрылымы**

Лауазымдар санаттары (G-1 -дан G-14-ке дейін)	Қызмет	Негізгі лауазымдық еңбек ақы - теңге	Коэффициенттер			
			Жұмыс өтілі			
			0-1	7-9	17-20	20 жылдан артық
<b>G-1</b>	Азаматтық қызметкерлердің жоғары деңгейі	17697	4.29	4.76	5.10	5.15
<b>G-4</b>	Мектеп директорлары		3.41	3.77	4.04	4.08
<b>G-5</b>	Мектеп директорларының орынбасарлары		3.17	3.51	3.76	3.80
<b>G-7</b>	ЖОО, орта білімнен кейінгі мекмелердің, ТжКБ оқытушылары		2.80	3.11	3.33	3.35
<b>G-9</b>	Жоғары білімі бар мектеп мұғалімдері		2.40	2.63	2.83	2.88
<b>G-11</b>	Орта немесе орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білімі бар мектеп мұғалімдері		2.02	2.21	2.38	2.42

Дереккөз: АТО (2014), ЭЫДҰ «Мектептерде ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру саясаты: Қазақстан бойынша елдің негізгі баяндамасы» шолуы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ақпараттық-талдау орталығы, Астана, [www.oecd.org/edu/school/schoolresourcesreview.htm](http://www.oecd.org/edu/school/schoolresourcesreview.htm) сайтында қол жетімді.

Бұдан басқа, мұғалімдер біліктіліктерін арттырғаны үшін қосымша ақы алады. Бұл қосымша білім алуға, лауазымдар құрылымының үш жоғарғы санаттарына қол жеткізуге, кәсіптік дамудың бірқатар бағдарламаларын өтуді (атап айтсақ, НЗМ желісі әзірлеген жаңа буынның кәсіптік дамуы бағдарламалары) білдіреді. Қосымша төлемдер түрлері 3.4-кестеде сипатталған.

### 3.4-кесте Мұғалімдердің қосымша білімдері, қызметте жоғарылаулары және кәсіптік дамудың бірқатар бағдарламалары үшін қосымша төлемдері

Қосымша төлем төлеу үшін негіз		Қосымша төлемдер
Ғылыми дәрежесі	Ғылым кандидаты	Ең төмен еңбекақының 1 еселік мөлшері
	PhD	Ең төмен еңбекақының 2 еселік мөлшері
Лауазымдар санаттары	G9 – Жоғары	Лауазымдық еңбекақының 100% (коэффициенттер қолданғанға дейінгі)
	G9 – Бірінші	Негізгі лауазымдық еңбекақының 50%
	G9 – Екінші	Негізгі лауазымдық еңбекақының 30%
	G11 – Жоғары	Негізгі лауазымдық еңбекақының 90%
	G11 – Бірінші	Негізгі лауазымдық еңбекақының 45%
	G11 – Екінші	Негізгі лауазымдық еңбекақының 30%
НЗМ желілерімен өзірленген, бағдарламалар бойынша даму	НЗМ оқуды аттестаттау: 3-ші деңгей (негізгі)	Негізгі лауазымдық еңбекақының 30% (коэффициенттер қолданғаннан кейінгі)
	НЗМ оқуды аттестаттау: 2-ші деңгей (негізгі)	Негізгі лауазымдық еңбек ақының 70%
	НЗМ оқуды аттестаттау: 1-ші деңгей (жоғары)	Негізгі лауазымдық еңбек ақының 100%

Дереккөз: АТО (2014), ЭЫДҰ «Мектептерде ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру саясаты: Қазақстан бойынша елдің негізгі баяндамасы» шолуы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ақпараттық-талдау орталығы, Астана, [www.oecd.org/edu/school/schoolresourcesreview.htm](http://www.oecd.org/edu/school/schoolresourcesreview.htm) сайтында қол жетімді.

Жоғарыда сипатталып өткендей, мұғалімдер оқушылардың үй жұмыстарын тексеру, сыныпқа жетекшілік ету, зертханаға жетекшілік ету және пәндерді тереңдетіп оқыту сияқты қосымша қызметтері үшін қосымша төлемдер алады. Мұғалімдер сонымен қатар күрделі жағдайларда жұмыс істегендері үшін (мысалы, ауылдық жерлерде, радиация деңгейі жоғары аудандарда) өтемақы алады.

Соңында, мұғалімдер «сәтті оқытулары» үшін сыйақылар алады. Мұғалімдерге арналған сыйақылар жергілікті білім органдарының (аудан, қала немесе облыс) қарастыруы бойынша беріледі және оқушылардың республикалық және халықаралық олимпиадалардағы немесе ҰБТ бойынша нәтижелерімен байланысты. Бұл сыйақылар аудандық, қалалық және облыстық деңгейдегі «Үздік мұғалім» конкурстары шеңберінде жиі беріледі.

#### Мектептердің басшы кадрлары

2012-2013 оқу жылында Қазақстандағы директорлар саны 6 641, ал директорлардың орынбасарларының саны – 17 998 тең болды. Мектеп директорларының саны және түрлері мектеп көлемімен реттеледі және соған тәуелді. Мектептердің шамамен 45% директор және екі немесе үш орынбасарлары болған (3.2-суретті қараңыз).<sup>11</sup> Төрт мектеп директорының шамамен үшеуі (4 875, 73%) ауылдық жерде орналасқан мектепке басшылық етті (АТО, 2014). 2012 жылы мектеп

<sup>12</sup> Сарапшыларға 2012-2013 оқу жылындағы бір мектептегі орынбасарлар саны туралы деректер жинағы ұсынылды. Деректер жинағы 7 416 мектептер бойынша ұсынылды, бірақ 846 мектеп бойынша (шамамен 5%) деректер болған жоқ. Директор орынбасарларының жапы саны 17 998 құрады, яғни орташа алғанда әрбір мектепте 1 директор және 2,74 директор орынбасарлары болды. Бірақ бір мектепке қатысты директор орынбасарларының санындағы айырмашылық айтарлықтай үлкен болды: 0 (952 мектеп), 1 (594 мектеп), 2 (2 086 мектеп), 3 (879 мектеп), 4 (761 мектеп), 5 (641 мектеп), 6 (380 мектеп), 7 (175 мектеп), 8 (77 мектеп) және 9 (25 мектеп). Сарапшыларға деректер жинағы дәлдігінің шамамен 80% құрайтыны хабарланды. Директор орынбасарларының саны, директорлық директордың орынбасары лауазымы ретінде ресми танылатын шағын мектептерде асыра бағалануы, немесе директордың орынбасарлары, ресми түрде мектептердің директорларының орынбасарларына қатысты болмаған санаттарды алған мектептерде жете бағаланбауы мүмкін (4-бөлімді қараңыз).

директорлары арасындағы әйелдердің үлесі (54%) әйел мұғалімдер үлесінен айтарлықтай аз болды (88%), яғни әйелдерде еркектерге қарағанда мектеп директоры болу мүмкіндігі алты есе аз болды.

Мектептегі басшылық ететін лауазымдарға тек мұғалімдер бере алады. Басшылық ететін лауазымды атқару үшін, үміткерлердің директордың орынбасары лауазымына үш жылдан кем емес еңбек өтілі, сондай-ақ педагогикалық білімі болуы тиіс. Бұл директордың орынбасары лауазымы үшін өткен тәжірибе мен басқару саласындағы дайындық қажет емес екенін білдіреді. 2012-2013 оқу жылында шамамен 90 пайыз мектеп басшылары жоғары, бірінші немесе екінші педагогикалық санатқа ие болған, яғни олар ең тәжірибелі мұғалімдер санына жатқызылған (анағұрлым толық ақпараты бар мұғалімдер туралы жоғары бөлімдерден қараңыз) (АТО, 2014). Барлық директорлардың, кем дегенде жоғары білімі болған, ал олардың ішінен 2%-ында жоғары білімнен кейінгі білімі болған (АТО, 2014).

Мектептердің директорларын қабылдау және жұмыстан шығару үшін жергілікті атқарушы органдар жауап береді. Жұмысқа қабылдау 2007 жылдан бастап конкурстық ережелерге сәйкес жүзеге асырылады. Бос орындар ашық қолжетімділікте: алынған өтінімдерді бағалау және таңдалған үміткерлермен сұхбаттарды өткізу үшін арнайы құрылған комиссия жұмыс істейді. Комиссия жергілікті білім беру органдары, мұғалімдердің бірлестіктері (кәсіби, оқу-әдістемелік, мектептік) және ата-аналардың мүдделерін қорғайтын бестен кем емес мүшеден тұрады. Комиссия үміткерді тағайындайды, бірақ тағайындау туралы түпкілікті шешім білім берудің аудандық бөлімінің жетекшісі тарапынан бекітуге жатқызылады. Осыған қарағанда, директорлар орынбасарлары анағұрлым тәжірибелі мұғалімдер ішінен тікелей директормен тағайындалады.

Мектеп директорларының көбі осы қызметке тағайындалғанға дейін тәжірибелі мұғалім болған және әдетте, осы қызметте өзінің еңбек жолының аяғына дейін қалады. 2012 жылға дейін директорлардың жартысынан астамы (57%) басшылық қызметте 10 жылдан артық отырған, 26% - үш жылдан он жылға дейін, қалған 17% - 3 жылдан кем. Тәжірибелі директорлар үлесі 2013 жылы TALIS зерттеуіне қатысқан елдерге қарағанда анағұрлым жоғары, онда директорлардың 34% ғана 10 жылдан аса тәжірибесі болған, 47%-үш жылдан он жылға дейін, 29% - үш жылдан кем (ЭЫДҰ, 2014). Қазақстандық мектеп директорларының өз қызметіндегі үлкен өтілі директорлыққа тағайындау үшін ең төменгі кәсіби талаптарды қоса алғанда, олардың орташа жасы үлкен екенін көрсетеді. Директорлардың негізгі үлесіне зейнет алдындағы жасы кіреді (6 пайыз немесе зейнет жасынан асып кеткендері (4 % (АТО, 2014). Мектеп директорлары контингентінің қартаюы Алматы, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарын қоса алғанда, көптеген облыстарда алаңдаушылық тудырады. Тұрақсыздық коэффициенті жоғары емес, 2012 жылы 183 директор ғана ауыстырылған (3%) (АТО, 2014).

Мектептер директорларында – азаматтық қызметкерлер мәртебесі. Мектептің басшы кадрларына арналған бөлек лауазымдық құрылым жоқ, бірақ еңбекақының бірыңғай шкаласымен өз лауазымдық санаттары бар. Мектеп директорлары алдымен бір жылға тағайындалады, одан кейін олармен мерзімсіз шарт жасалады. Жалақы азаматтық қызметкерлер еңбекақыларының жалпы шкаласына сәйкес анықталады (3.3-кестені қараңыз). Мұғалімдер еңбекақыларының есептеріне ұқсас, мектептердің басшылық ұжымының негізгі лауазымдық айлығы негізгі лауазымды еңбекақысын жұмыс өтіліне негізделген коэффициентке көбейту арқылы есептеледі. Ең жоғары еңбекақысын алу мақсаттарында олар әдетте сабақ беруді жалғастырады немесе аптасына 9 сағатқа дейін жүктемесімен мектептегі қосымша қызметтерді орындайды (мысалы, сынып жетекшісі, сыныптан тыс шараларды өткізу, оқудағы ерекше қажеттіліктерге мұқтаж балалар үшін сабақ беру). Басшылық қызметкерлері сонымен бірге басқа мемлекеттік салалардағы мұғалімдер мен мамандар сияқты, ауылды мекенде жұмыс істей отырып, жәрдем мен тұрмыстық көмек ала алады. Күрделі мектептерде жұмыс жасау үшін жоғары біліктілікті басшылық кадрларын жұмылдыру, нәтижелер негізінде мадақтау мен жеке дамуға сыйақы беру үшін ынталар жүйесі жоқ. Осыған қарамастан, мектеп директорларының табыстарын жалпы қабылдау жүйесі бар. 2012-2013 оқу жылында мектеп директорларының 21% Министрліктің медальдарын немесе үздік белгілерін алған (АТО, 2014).

## ***Мекенжай саясаты және оқушылардың кейбір санаттарын қолдау***

*Аз қамтамасыз етілген отбасылардан және тәуекел тобына жататын отбасылардан шыққан балалар*

Мектеп директорларына сәтсіз оқушыларды қолайлы ортамен қамтамасыз етуге жауапкершілік жүктеледі. Мектептер аудандардың қосымша қаржыландырылуын жалпы бюджеттің 1%-дан кем емесін құрайтын Жалпыға ортақ міндетті білім қорынан алады және аз қамтамасыз етілген отбасылардан және тәуекел тобына жататын отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету үшін көзделген. Бұл қаржыландыруды нақты түрде қолдау көрсету (мысалы, киім, аяқ киім, оқулықтар, оқу құралдары, мектептегі тамақтандыру, жазғы лагерьлер, мәдени немесе спорттық шараларға қатысу) немесе қаржылық көмек түрінде пайдалануға болады. Оқушылар немесе олардың ата-аналары мектеп директорларына осы ресурстарды алу үшін өтінім жазуы тиіс.

Мектептегі тамақтандыру сәтсіз деп танылатын оқушылар үшін тегін ұсынылады. Сәтсіз оқушылардың келесі санаттары анықталған: мемлекеттік мекенжайлық әлеуметтік көмек алуға құқықтары бар отбасылардан шыққан балалар; өмір сүрудің ең төмен деңгейінен төмен табыстың орташа деңгейімен отбасылардан шыққан балалар; жетімдер мен ата-аналар қамқорлығынсыз қалған балалар және төтенше жағдайларға байланысты жедел көмекке мұқтаж отбасылардан шыққан балалар. Мектептер сонымен қатар сәтсіз оқушылардың қосымша санаттарын да анықтауы мүмкін. Мекенжайлық бағдарламалар, әдетте, ресурстар мұқтаждықты ескермей барлық халық арасында бөлінетін бағдарламаларға қарағанда, тиімдірек және мұндай бағдарламалар Қазақстанда қолданылады. Алайда, мектеп ішінде балаларды мекенжайлық қолдау алушылардың стигматизациясына әкелуі мүмкін, және, мысалы, тек аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан балалар үшін тегін тамақтануды ұсыну сәтсіз оқушыларды баршаға көрінерліктей анықтаудың ең айқын әдістерінің бірі болып табылады (Банди және басқалары, 2009). Тегін тамақтандыру бүкіл Қазақстан бойынша сәтсіз оқушыларға ұсынылған уақытта, бес өңір пен Алматы қаласында тегін тамақтандыруды барлық оқушыларға ұсыну туралы шешім қабылданды.

Қазақстанда жетімдер олардың сәтсіз жағдайының орнын толтыру үшін ерекше шарттармен қамтамасыз етілуі тиіс айрықша қажеттіліктері бар балалар санаттарына жатады (ЭЫДҰ, 2014b). 2012 жылы мектептердегі жетім балалар саны 18 017 құрады, соның ішінде 9 659 – қалаларда және 8 358 – ауылды мекенде. Жергілікті атқарушы органдар жетімдер немесе ата-аналар қамқорлығынсыз қалған балаларды асырауға қамқоршыларға ай сайынғы жәрдемақы бөледі. Жетімдер жоғарыда аталған бағдарламалар шегіндегі көмекке құқылы. Сонымен қатар жетімдер мен ата-аналар қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мамандырылған мектептер мен мектеп-интернаттар бар. Мектеп-интернаттар бюджет пен қайырымдылық есебінен қаржыландырылады және балаларды тұру үшін жағдайлармен, киіммен, аяқ киіммен, жабдықпен, тамақтандырумен, оқулықтармен және медициналық қызметтермен қамтамасыз етеді (АТО, 2014).

### ***Мектепке бармайтын балалар***

Қазақстан соңғы жылдары көп күш салған бағыт – «Мектепке жол» және «Қамқорлық» бағдарламалары шегінде мектептерде кейін қалулардың алдын-алу және мектепке бармайтын балалар санын қысқарту. Қазақстандық статистикаға сәйкес, 540 бала 2013 жылы мектепке бармайтын бала ретінде белгіленді, олардың ішінде 76-сы себепсіз 10 және одан да көп рет сабаққа қатыспаған. «Мектепке жол» бағдарламасы шегінде әр оқу жылының тамыз айында мектепке есепке тұру маңыздылығы туралы хабардар болуды жоғарылату үшін сала аралық топтар қалыптастырылады және әлеуметтік сәтсіз санаттардан оқушыларға материалды көмек көрсетіледі. 2013 жылы мектепке бармайтын шамамен 300 000 балаға 2 миллиард теңге сомасына көмек көрсетілді (АТО, 2014). Оқу жылының шамамен ортасында, қаңтар айында, «Қамқорлық» бағдарламасы шегінде мұғалімдер мектепке бармайтын немесе себепсіз 10 күннен артық мектепке қатыспаған балаларды анықтау үшін және балаларды қайтадан мектепке оралуға отбасыларға көмек көрсету үшін өз мектептерінің шағын аударында үй шаруашылықтарының санағын өткізеді. 2013 жылы «Қамқорлық» бағдарламасы шегінде 158 000 сәтсіз оқушыларға материалдық көмек

көрсетілді (мысалы, киім үлгісін, қарындаштар, қалам, дәптер, портфельдер беру). Республикалық бюджет пен халықаралық қайырымдылық ұйымдары сәтсіз оқушылар үшін білім беру мүмкіндіктерін жоғарылату бойынша мекенжайлық бағдарламаларды қолдайды. ЮНИСЕФ Қазақстанда мектепке бармайтын балалар туралы жақын арадағы баяндамасы мектепке бармайтын немесе бармау тәуекелі бар балалар туралы ешбір сандық және талдау ақпаратының жоқ екенін және мұндай оқушыларды анықтау және қолдауың қолданыстағы стратегияларының шектеулерін көрсетеді (қосымша ақпарат Антонович, 2013).

### *Дарынды оқушылар*

Дарынды балаларға арналған білім қызметтерінің тез өсетін жүйесі бар. 2012 жылы 3 966 мектеп 2011 жылы 1 958 мектептермен және оқушылардың 5%-ымен салыстырғанда, 815 177 оқушылар үшін тереңдетіп оқытуды ұсынды (АТО, 2014), алайда мектептер мен оқушылардың жалпы санын анықтау – жеңіл тапсырма емес, себебі терминология стандартталмаған. Президентпен және оның Әкімшілігімен құрылып, мұқият бақыланатын Назарбаев зияткерлік мектептері (НЗМ), дарынды балалар үшін мектептер желісі – ең беделділердің бірі (3.2-ендірмені қараңыз). Дарынды балаларға бейімделген басқа мемлекеттік мектептер гимназияларды, лицейлерді, сонымен бірге мамандырылған мектептерді қамтиды. Бұл мектептер әдетте оқушыларды қабылдауға, ұжымды, басқарудың нақты механизмдерін, қаржыландыру механизмдерін таңдауға қатысты және білім саясатында ерекше қатынаспен дербестіктің ең жоғары дәрежесіне ие. Осы мектептерге баратын оқушылар тереңдетілген бағдарлама бойынша оқытылады және мамандықтың бір немесе бірнеше пәндері (мысалы, математика, физика, биология, қоғамдық ғылымдар) бойынша тереңдетіп оқытылу үшін көбірек мүмкіндіктерге ие болады.

#### **3.2-ендірме Назарбаев Зияткерлік мектептері**

Президенттің басшылығымен қамқоршылық кеңеске бағынысты автономды мектептер болып табылатын Назарбаев Зияткерлік мектептері (НЗМ), Білім және ғылым министрлігіне жатқызылатын мектептермен салыстыру үшін қызықты мысал болып табылады. НЗМ ғылым, технологиялар, инжиниринг және математиканың саласында оқыту мен сабақ беруді арттыру бойынша зертханалардың рөлін орындау үшін 2008 жылы негізі қаланды және Назарбаев Университеті үшін «жабдықтаушы-мектептер» болып табылады. 2013 жылға қарағанда 9700 оқушы Астана (2), Ақтөбе, Қарағанды, Көкшетау, Қызылорда, Павлодар, Шымкент (2), Тараз, Өскемен және Орал қалаларындағы 14 жұмыс істейтін мектепте оқыды. НЗМ интернатта тұра отырып ауылды жерлерден 1 108 оқушы оқиды.

НЗМ қабылдау конкурстық емтихан арқылы негізделген. 2013 жылы іріктеу процесі математика, тілдер (қазақ, орыс және ағылшын), математика мен ғылымдарды оқу қабілеті (сандық пайымдау мен кеңестікті ойлау) бойынша тестілеуді қосты. НЗМ ға конкурс үлкен, әсіресе қазақ тілді оқыту сыныптарындағы орынға келетін оқушылар үшін. 2013 жылы 7 689 адам 884 орынға қазақ тілінде оқитын 7 сыныпта өтініш берген және 2 864 оқушы – 884 орынға орыс тілді оқытуға, яғни қазақ тілді сыныптарға келу коэффициенті (12%) орыс тілді сыныптарға қарағанда анағұрлым төменірек (31%) (НЗМ жылдық есебі, 2013). Барлық өтініш иелерінің 50 пайыздан кемі еңбектеріне қарай шәкіртақы алу үшін талаптарды қанағаттандырды.

НЗМ оқу ресурстары ЭЫДҰ елдерімен салыстырылады - жаңа нысандар мен үлкен кітапханалар (мысалы, 181 кітап Астананың НЗМ бір оқушысына келеді), шағын телестудия (8 НЗМ), «интерактивті едендер» (6 НЗМ), жаңа мектептердегі жылдамдықты интернет, интерактивті тақталар, жабдықталған ғылыми зертханалар сияқты технологиялыр кеңінен қолданылады. НЗМ оқу бағдарламасы халықаралық серіктестермен ынтымақтастықта әзірленген. НЗМ мұғалімдері конкурстық іріктеу негізінде қабылданады, және олардың ішінен шамамен 15 пайызы магистр немесе ғылымдар саласында PhDs дәрежесіне ие; 17% - шетелдік мұғалімдер. Штатты мұғалімдердің бастапқы еңбек ақылары 120 000 теңгеден (656 АҚШ доллары) жергілікті мұғалімдер үшін және шетел мұғалімдері үшін 4000-5000 мың АҚШ долларын құрайды. Оқушылар мен мұғалімдердің қатынасы орташа есеппен барлық НЗМ бойынша 6,4 тең.

Дереккөз: НЗМ (2013), «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДБҰ жылдық есебі, 2013, <http://nis.edu.kz/en/about/reports/?id=2817>.

### *Мүмкіндігі шектеулі оқушылар*

Қазақстанда қажеттіліктері айрықша және мүмкіндігі шектеулі балаларға бөлек «коррекциялық» мектептерде, кәдімгі мектептерде бөлек сыныптарда немесе үйде білім беріледі. 2012 жылы 106 коррекциялық мектептер 15 261 оқушыға қызмет көрсететін; 388 кәдімгі мектептерде жалпы алғанда 1 219 арнаулы сыныптар болатын, оларда 8 825 оқушы білім алатын; жеке бағдарламамен үйінде оқытылатын 7 923 оқушының белгісіз үлес салмағы, немесе отбасында білім алатын 156 мүмкіндігі шектеулі балалар болатын (АТО, 2014). Арнайы сыныптарда оқытылатын оқушылардың шамамен 90% дамуда кешеуілдеуі бар, тек мүмкіндігі шектеулі балалар санатына жатпайтындар болып табылады (АТО, 2014).

Соңғы жылдары Қазақстан қажеттіліктері айрықша және мүмкіндігі шектеулі балаларға кәдімгі мектептерде инклюзивті білім беруге қатысты кейбір шараларды қолға алды. Мүмкіндігі шектеулі балалар егер олардың ата-анасы сондай шешімге келсе, кәдімгі мектептерге баруға құқылы, және осындай балаларға бағытталған мектептердің нысандарының үлес салмағы 2010 жылы 10%, 2013 жылы 23% көбейді. 2020 жылы мемлекет: 70% мектеп инклюзивті білім беретін, 20% кедергісіз енгізетін, және мүмкіндігі шектеулі балалардың 50% кәдімгі мектептерде білім алатындай жағдайға жетуді жоспарлап отыр. (ҚР БҒМ, 2010). Түрлі топтарға қолдау көрсету және жағдайын жақсартуға (мысалы, логопед көмегіне зәру балалар) және арнаулы білім беру бағдарламасын, құлағы нашар еститін балаларға арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды жаңартуға мән берілмек (АТО, 2014).

### **Физикалық ресурстар**

#### *Мектептердің инфрақұрылымы*

Көптеген мектептік нысандар Кеңестер Одағы кезінде құрылған. Мектептердің физикалық инфрақұрылымын қаржыландырудың орта-немесе ұзақ мерзімді келісілген стратегиясы жоқ, және жалпы капиталдық шығындары 2011 жылы орта білім берудің жалпы бюджетінің тек 2,5% ғана құраған (3.1-суретті қара). Соңғы жылдары мектептердің құрылысы мен жаңғыртуын қажет ететін аудандарға баса мән беріліп келеді. Қазақстан Президентінің 2007 жылғы «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы шеңберінде 106 жаңа мектеп салынып, еліміз бойынша 86 000 қосымша оқу орнын қамтамасыз етті. Республикалық бюджеттен дамуға бөлінген тікелей трансферттер арқылы қаржыландырылған бағдарламаның мақсатына үш бағыт енді: (i) үш ауысымдық оқытуды қолдануды азайту; (ii) құлағалы тұрған мектептердің санын азайту; (iii) мектептердегі оқушы орнының жетіспеушілігін азайту (АТО, 2014). Соның нәтижесінде, үш ауысыммен оқытылатын мектептердегі оқушылардың саны 2007 мен 2011 жылдардың аралығында екі есеге азайды.

Техникалық қамсыздандыруға толық инвестиция салмаудың сақталуы және мектептерді жаңғырту жетілдіруді қажет ететін ғимараттардың санын көбейтті. 2012-2013 оқу жылында күрделі жөндеуді қажет ететін мектептердің саны 1 461 (20%) құрады, ал 189 (2,6%) апатты жағдайда деп танылды. (3.1-кестені қараңыз) (АТО, 2014). Ауылдық жерлерде жедел жөндеуді қажет ететін ғимаратта орналасқан мектептердің саны алты есе көп. Мектептердің үштен бір бөлігі апатты жағдайда деп танылғандары бар-жоғы төрт аймақта шоғырланған: Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қызылорда және Жамбыл облыстарында. Еліміздегі мектептердің жартысының барлығында дәретхана далада орналасқан; осы мектептердің барлығы ауылдық жерлерде орналасқан. Ашығын айтқанда, қажетінше жабдықталған (37%) ауыл мектептерінің саны жабдықталмағандықтарынан екі есе көп (63%).

#### *Технологиялар, зертханалар мен оқу материалдары*

Қазақстанда мектептердің ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен (АКТ) және мектептердің Ғаламтор желісіне қосылуына баса мән беріледі. 2010 жылы жарияланған электронды оқыту бағдарламасы шеңберінде мектептердің бірнеше тобы компьютерлік қондырғымен және бағдарламамен, мультимедиямен, интерактивті ақылды тақталармен қамтылды және мұғалімдер де соған сәйкес оқытылды. 2013 жылды алып қарағанда мектептердің 99% Ғаламторға қосылған, оның 75% соның өзінде кең көлемде қолжетімді болды (ауылдық жерлерде соның өзінде – тек 52%). Жалпы алғанда мектептерде 246 000 компьютер (13 оқушыға біреуден),

орнатылды, бірақ оның әрбір бесіншісі ескірген және жаңартуды қажет етеді. Дегенмен электронды оқыту бағдарламасы елімізде кең көлемде қолданыс тапқанымен, мектептердің тек 16% және ТЖКБ мекемелерінде ғана жүзеге асырылған. Оның жүзеге асырылуының созылуы, қамтылудың аймақтық ерекшелігіне әкелді, тіпті көршілес аймақтарда. Мысалы, 2013 жылы қамтылу Астанада 58% құраған кезде, көрші Ақмола облысында қамтылу елімізде ең төмен дәрежеде- тек 6% ғана құрады (ҰБСБО, 2014).

Мектептерде сондай-ақ ғылыми зертханалармен жарактану үнемі жақсарып отырады. 2012-2013 оқу жылында мектептердің 50% заманауи физика зертханалармен, 40% - биология зертханаларымен, 30% - химиялық зертханалармен жарактанды (АТО, 2014). Жаңа қондырғы алған мектептердің шамамен екіден үш бөлігі ауылдық жерлерде орналасқан. Білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы (БДМБ) аясында 2020 жылға қарай мектептердің 80% заманауи зертханалармен қамту көзделген.

Оқушылардың барлығына оқулықтар тегін таратылады және оның қамтылу коэффициенті жалпыоқыту болып табылады. Білім туралы заңға сәйкес (6-бап) аудан мен қала деңгейіндегі ЖАО олардың мемлекеттік білім ұйымдарына тіркелуіне орай оқулықтар тізіміне сай барлық оқушылардың оқулықпен қамтуға міндетті саналады. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасында 2015 жылға қарай оқулықтармен толық көлемде жалпыұлттық қамту көзделген. 2013 жылы Қазақстан оқушыларының 98% оқулықпен қамтылды. Көптеген аймақтарда ол толық көлемде жүзеге асты, ал кей аймақтар әлі де артта келеді (Солтүстік -Қазақстан облысы елімізде ең соңғы орында- бар-жоғы 90%). Алайда сарапшылардың бір тобы кей мектептерде ата-аналардың кітаптарды өз қаржысына сатып алатынын байқаған. Алайда, есеп бойынша, аймақтар тегін оқулықтармен 100% қамтылуы тиіс болатын. 2008 жылы оқулықтарды, оқу-әдістемелік материалдар мен құралдарды тексеру және басудың тәртібі енгізілген болатын, және мыңнан астам оқулықтар жаңа стандарттарға сай емес деп танылды (Сингх, 2012).

## **Күшті жақтар**

### ***Мектептерді қаржыландыру формуласын енгізудің шаралары қолға алынды***

Қаржыландырудың жаңа моделі мектептерді қаржыландыру жүйесінің анағұрлым тиімді және дұрыс дамуына бірінші қадам болып табылады. Ұсынылған формула дайындаудың ұзақ процесінің нәтижесі саналды, оның құрамына пилоттық кезең мен жергілікті сарапшылардың (Сандж-ФСК қара, 2012) және халықаралық сарапшылардың кеңес енді (мысалы, ЮНИСЕФ 2012 қара). Оның соңғы формасы ҚР БҒМ және оның ведомстволық ұйымдарының өз сараптамалық күшінің нәтижесі болды, сондықтан қазақстандық білім жетекшілерінің талаптары мен ерекшелігін көрсетті. Қаржыландырудың жаңа моделінің жақсы жақтары да бар. Шығындарды екі бөлікке бөлу, орталық және жергілікті биліктен төлеу, дәл осы, өзге елдерде де қолданылады және жергілікті жағдайлар мен шығындар деңгейіне бейімделуге ықпал етеді (3.А1 және 3.А2 қосымшасын қара.). Сонымен қатар, формула әрбір жеке мектепке қаржы бөлуді қарастырады және қолданыстағы нормативті-құқықтық құжаттарды да толық есепке алады. Шағынкомплектілі мектептерді формуланы қолдану саласынан шығару, ақырғы шара, процесті мақұлдаудың басында дұрыс сияқты көрінеді, өйткені қаржыны бөлудің бірыңғай ұлттық формуласын қолдану арқылы кішігірім ауыл мектептерін қаржыландыру қарапайым жағдай емес.

Формула негізінде мектептерге қаржы бөлу негізінен, қолданыстағы дискреция мен қазақстандық мектептерді қаржыландыру моделінің өсуін қоса алғанда, өзге әдістерге қарағанда тиімді және дұрыс шешімге әкеледі. (3.3-ендірмені қараңыз). Жан басын қаржыландыру жүйесі ресурсты белгілі бір формула бойынша әр оқушыны есепке алып жасайтынын білдіреді, көбінесе математикалық теңдеу арқылы жүргізіледі. Жақсы жасалған формула мектептерді қаржыландыру әдісінің белгілі бір жағдайларда тиімді, әділ, тұрақты және ашық болуына әкелуі мүмкін (Левачич, 2008). Формула бойынша қаржыландыру бір типтегі мектептерді деңгейлес әділдік (мысалы, бастапқы мектептерді) деңгейінде қаржыландырады, және сатылас әділдікте- өзге типтегі мектептер (мысалы, жалпыакадемиялық және кәсіби мектептер) өз қажеттілігіне сай қаржыландырылады. Бұл сондай-ақ ресурстарды оңтайлы пайдалануға ынталандыруды

қамтамасыз етеді. Қазақстанда қазіргі таңда қолданылып жүрген әдіске тән ресурстарды дискрециялы және өсім негізінде бөлу өте сирек тиімді әрі әділ болады. Мектептер де өз шығынын азайту немесе олардың тиімділігін көтеруге ынталы емес. Шындығына келгенде, мектептер қаржы тапшылығына қол жеткізгенде, бұл тапшылықты өзгелер жабады деп ойлайды, осылайша өз шығындарын көбейтіп көрсетіп, келесі жылдары көбірек қаржыға қол жеткізгісі келеді. Бұл бұрынғы Кеңестер Одағының көптеген елдерінде бар «тапшылық бюджеттеу» тәжірибесі ретінде таныс әдіс. Келіссөз процестері жергілікті актерлердің басымдық пен қатыстық артықшылығына байланысты, олар өздерінің жоғары қажеттілігі туралы дәлелді айғақтарын алға тартуға шебер келеді. Осындай ынталы бұрмалаушылыққа жауап ретінде, мектептерді біржақты қаржыландырудан қорғау және сонымен қатар қаржыландыруға қатысты күтуді төмендету үшін қаржыны реттеу кең көлемде жүргізіледі, (мысалы, еңбекақы, коммуналдық қызметтер). Алайда көптеген жағдайларда нақты нормаларды қолдану шешім қабылдайтын тұлғаларға қатысты болады, сондықтан олар әр түрлі қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, қаржыландырудың дискрециялы және өсім моделі, көбінесе, бюджеттің төмен деңгейдегі ашықтығымен қатар жүреді.

Формула негізінде қаржыландыру әділдік пен тиімділікті көтеру үшін көбірек мүмкіндіктер мен құралдар береді, алайда оған ешқашан кепілдеме берілмейді. Ақиқатын айтқанда, теріс формулалар мен дұрыс бағаланбаған коэффициенттер тиімсіздікті (мысалы, біріктіруге болатын шағын комплектілі мектептерді сақтап қалады) және әділетсіздікті (мысалы, көптеген жылдар бойы көбірек қаржыландырылып келген мектептер мен аймақтарға көбірек қаржы бөлуге) күрделендіріп жібереді. Қол жеткізілген әділдік пен тиімділік дәрежесі, бұдан басқа, формула негізінде қаншалықты қаржыландырылуына байланысты келесі талаптарға жауап береді:

- Коэффициенттер білімді ұсынумен байланысқан бір адам басына әр түрлі шығындарды дұрыс қамтып көрсетуі қажет. Бұл тапсырма, егер сыныптар көлемі ауыл және алшақты мектептердің болуынан қатты ерекшеленетін болса, қиындай түседі. Қиыншылықтар сонымен бірге формулада оқушылар мен мектептердің қажеттіліктерін (мысалы, оқу бағдарламасының талаптары, мектеп жабдығы, оқушылардың оқу қарқындылығы) ескерген кезде пайда болады. Барлық жағдайларды көрсететін қарапайым формула мен түсінуге аса қиын бола алатын, және түзетуі күтілмеген және жағымсыз нәтижелерге әкеле алатын күрделі формула арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету қажет.
- Бюджетті тәртіп, егер бұл ерекше жағдайларға (мысалы, төтенше жағдайлар, қамтудың көзделмеген өсуі) байланысты болмаса ғана, аудандар мен мектептердің шамадан асқан шығындарын өтемеуді білдіреді. Бұл оларға бюджеттің негізгі санаттары (жалақы, жылу, оқу құралдары) үшін жеткілікті қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін, өз бюджетін шынайы жоспарлау мен мұқият болуы тиіс екендігін көрсетеді. Сол уақытта, оларға осы қажетті шығындарды шектеп, мектеп дамуына қаражат бөлуге тура келеді. Бұл өте қиын, себебі, бір жағынан, бұл мәселелерді бастан кешетін мектептерді «әрдайым» құтқару менталитетіне қарсы, және, басқа жағынан, қатаң бюджеттік шектеулерді тек егер формула негізінде бөлінген қаржыландырудың жеткіліктілігі мен дұрыстығы туралы жалпы келісім бар болса ғана, қолдануға болады.

Жергілікті органдарға ресурстарды бөлген кезде қарастыру құқығын ұсыну, шамадан артық реттеусіз және нұсқауларсыз, олардың қажеттіліктері мен басымдықтарына сәйкес келу үшін қажетті басты шарт болып табылады. Мемлекеттік нормалар мектеп бюджеттерінің көпшілігін анықтағанда, мұндай иілгіштік болмаса, бюджеттік тәртіп тиімсіздік құралы бола бастайды, сондықтан ешқандай мемлекеттік ережелер бөлек мектептердің барлық ерекшелігін дұрыс көрсете алмайды. Алайда формула негізіндегі қаржыландыру іске асыру үшін қиын болуы мүмкін, мектептердің барлық шығындарын (инфрақұрылым, еңбекті өтеу және т.б.) өте алмауы мүмкін, және бұл мөлдірлік пен жеткілікті нақты және сенімді деректерді талап етеді (Левачич, 2008). Жоғарыда аталған шарттар әрдайым толығымен сақталынбағандықтан, жалпыдай, формула негізіндегі қаржыландыру басқа әдістерге қарағанда, тиімдірек және әділдірек нәтижелер береді.



### 3.3-өндіріме Мектептерді қаржыландыру тәсілдері

Мектептер алатын ресурстардың жылдық көлемін анықтаудың үш негізгі тәсілі бар:

- *Әкімшіліктік қарау* әр мектептің жеке бағалауына негізделген. Бұл мектеп қажеттіліктерін нақтырақ көрсете алса да, ол әр мектепті жақсы білу мен ресурстарды артық пайдалануды болдырмау бойынша шараларды талап етеді. Бұл әдіс индикаторлар пайдалануды алдын-ала қарастыра алған уақытта ол формула негізіндегі қаржыландырудан ерекшеленеді, себебі қаржыландырудың соңғы сомасы есептерге сәйкес келмей қалуы мүмкін.
- *Өсім шығындары* – бұл нақты өзгерістерді (мысалы, оқушылар саны, мектептер нысандары, ресурстарға бағалар) көрсететін үлкен емес түзетулермен, келесі жылға қаржыландыруды есептегенде, алдағы жылдың шығындары есептелінетін, мектептерді қаржыландыру жүйесінің тағы бір түрі. Әкімшіліктік қарау мен өсім шығындары жиі бірге үйлесіп, әдетте орталық жүйелерде пайдаланылады.
- *Формула негізіндегі қаржыландыруда* әрқайсысына мектептер бюджеттерін анықтауға арналған коэффициенттер тағайындалатын ауыспалылар қатарына ие математикалық формула қолданылады (Левачич, 2008). Формулалар әдетте ауыспалылардың төрт негізгі топтарына ие болады: (1) негізгі: оқушылар саны мен оқу жылына негізделген, (2) қажеттіліктер негізінде, (3) kurikulum немесе оқу бағдарламасына негізделген, (4) мектептер мінездемелерінің негізінде. Бір адам басына формула негізіндегі қаржыландыру жиі кезде кейбір шығындар бойынша қаржыландырудың басқа шығындар (мысалы, өсім шығындары, әкімшіліктік шешімдер) бойынша басқа әдістерімен үйлеседі. Осылай, күрделі шығындар қаржыландырудың бір адам басына формуласына сирек енгізіледі.

Дереккөз: ЭЫДҰ (2012), *Білімдегі әділдік пен сапа: сәтсіз оқушылар мен мектептерді қолдау*, ЭЫДҰ Publishing, Париж. <http://dx.doi.org/10.1787/9789264130852-en>.

### ***Мектептердің үлкен желісі мен мекенжайлық шаралар оқушылардың білімге қолжетімділігін қамтамасыз етеді***

Міндетті білімге барлық жаппай дерлік қолжетімділік, орташа білімнің бастапқы баспалдағынан жоғарыға дейін, қазақстандық білім жүйесінің ең мықты жақтардың бірі болып табылады. Мемлекеттің жаппай оқытуға қатты бейілділігі шағын жинақталған мектептерді ашуға, білім ұйымдастырушылығы жоқ ауылдардағы оқушылар үшін мектеп-интернаттарын және көлікпен қамтамасыз етуді пайдалануға құқығын ұсыну жолы арқылы кең жайылған ауыл елді мекендерін қамтитын, мектептердің кеңейтілген желілерінің болуында көрсетіледі. Қазақстанда мектеп жастағы шамамен 2,5 миллион оқушылардан тек 34 817 (1,4%) оқушы мектептері жоқ елді мекендерде тұрады; олардың ішінде 26 738 мектепке дейін көлікпен қамтамасыз етіледі, ал қалғандардың көбісі мектеп-интернаттарда немесе туыстарында тұрады.

Қазақстанда мектептерге барлық балалардың қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған мекенжай бағдарламалары әрекет етеді. «100 мектеп, 100 аурухана» құрылысының кеудемсоқ бағдарламасының негізгі мақсаттарының бірі оқу орындары жетіспеушілігінің төмендеуі болды, және ол сәйкес түрде туудың қарқынды өсуі өтетін аймақтарға мақсаттандырылды (төменде қараңыз). Сонымен қатар, мектепті тастаған немесе тәуекел тобындағы балаларға бағытталған бағдарламалар бар, мысалы, «Мектепке жол» немесе «Қамқорлық». Одан басқа, мектептер, өзгелерден басқа, тәуекел тобындағы оқушыларға қаржылық қолдауды көрсетуге бағытталған олардың бюджеттерінің 1%-на тең қосымша қаржыландыруды алады.

## ***Инфрақұрылым, жабдық пен оқу материалдарын жақсарту бойынша маңызды күш қолданылады***

### ***Инфрақұрылым***

Соңғы жылдары Қазақстан үкіметі мектеп инфрақұрылымын жаңғырту және оқушылардың өспелі контингентімен аймақтарда сұранысты қанағат ету бойынша маңызды күштер қолдануда. Мектептердің көпшілігі 1960-1980 жылдардың кеңес құрылыстық серпілісі уақытында салынған, және 21 ғасырдың басына қарай олардың көбісі тозудың белгілі бір деңгейіне жетті. 2007 және 2011 жылдар арасындағы кезеңде іске асырылған «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы орталық атқарушы органдармен 106 мектептердің құрылысына әкелді. Басқа мектептердің көбісі жергілікті бюджет есебінен салынды немесе жаңғыртылды. Білім нысандарының құрылысы үшін республикалық бюджеттен мақсаттандырылған трансферттерді дамуға пайдалану ерекше тиімді болды. 2012 жылға Дүниежүзілік банкінің есебіне сәйкес, таңдаудың мұқият үдерісі мен нақты шектеулері қаражатты ең мұқтаж аймақтар арасында жақсы бағытталған үлестіруді қамтамасыз етті (Оңтүстік Қазақстан облысы және Астана қ.) (Дүниежүзілік банк, 2012). Бағдарлама ресурстарының көп бөлігі (27%) үлесіне Қазақстанда мектептерді түгел қамтуының бестен бір бөлігі тиесілі Оңтүстік Қазақстан облысындағы мектептер құрылысына бағытталған. Оқушылардың өспелі контингенті немесе үш ауысымға жұмыс істейтін (Астана қ., Маңғыстау, Қызылорда облыстары), мектептердің көп бөлігі бар басқа аймақтар да айтарлықтай қаржыландыру алды, ал мектептердің артық инфрақұрылымы бар аймақтар (Солтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстары) ең аз қаржыландыру алды. Қазақстан Республикасындағы 2011-2020 жылдарға Білім дамуының мемлекеттік бағдарламасы (БДМБ) да өзінің басты мақсаттар қатарына мектептер құрылысын қамтиды, атап айтқанда, апатты жағдайдағы немесе үш ауысымға жұмыс істейтін мектептер санын азайту.

### ***Жабдық***

Маңызды күштер көпшілік мектептерді зертханалық және ақпаратты-коммуникациялық жабдықпен, оқулықтармен және оқу материалдарымен жетістіру үшін де қолданылды. Электрондық оқыту бағдарламасы, атап айтқанда, оқу үдерісінде АКТ пайдалануды жылжыту мақсатында мектептерді Интернетке кеңжелілі шығумен және қазіргі ақпараттық технологиялармен қамтамасыз етудің кеудемсоқ талпынысы болып табылады. Бағдарлама іске асырылудың бастапқы кезеңдерінде болғанымен, ол 2020 жылға дейін мектептердің 90%-дық қамтуын жобалайды (2013 жылы 16%-дан) (АТО, 2014). Сыныптарда пайдалану үшін ЖК, ноутбуктер, планшеттер мен интербелсенді тақталарды масштабты сатып алу Қазақстанды аймақ елдері арасында технологияларды қолдануда көшбасшы етеді. 2020 жылға дейін БДМБ-да мектептердің кемінде 80%-ы қазіргі зертханалық жабдықпен қамтамасыз етілетіні және 100% - оқулықтармен қамтамасыз етілетіні алдын-ала қарастырылады. Ғылым саласында интербелсенді тәжірибелік оқытудың құндылығын мойындай отырып, Қазақстан физика, химия, биология бойынша зертханаларды дұрыс жетістірудің және оларды мемлекеттік оқу бағдарламалары шегінде пайдаланудың озық әлемдік тәжірибесін қолданады.

### ***Оқу материалдары***

Оқушылардың көпшілігі барлық сыныптарда тегін оқулықтармен қамтамасыз етіледі. Оқулықтар қазақ, орыс және этникалық азшылықтардың басқа тілдерінде бар, және нормативті құжаттар бойынша олар барлық оқушыларға тегін беріледі. Жаңа оқулықтар компакт-дискілер мен мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулықтарды қамтиды. Оқу үшін оқушыларға сонымен қатар әңгімелер жинақтары ұсынылады. Барлық оқушыларға қажетті оқулықтарды тегін ұсынуды кеңейте отырып, мемлекет барлық оқушылар қажетті оқу материалдарына олардың тұрған жерлері мен отбасы жағдайларына тәуелді емес қолжетімділікті қамтамасыз етуге тырысады. Жаңа оқулықтарды әзірлеу, дайындау мен бекіту үдерісі жоғары педагогикалық сапаны қамтамасыз етуге бағытталған. Сарапшыларға, жан-жағынан алып қарағанда, қазақ және орыс тілінде сәйкес болған, бастауыш мектебіне арналған жаңа оқулықтарды көрсетті.

## ***Жалдау рәсімі және мансаптық баспалдақтың болуы адами ресурстарын басқаруда пайда әкеледі***

*Мектеп мұғалімдері мен директорлары жұмысқа жергілікті деңгейде конкурсты тәртіп бойынша қабылданады*

Бұрын айтылғандай, Қазақстанда, мектептердегі үлкен дербестік саласы мұғалімдерді жалдау және жұмыстан босату болып табылады. 2012 жылдың PISA деректері бойынша, 15 жастағы оқушылардан 81%-ы, директорлары тек олар және/немесе мұғалімдер ЭЫДҰ-ң орташа 49%-нан айырмашылықта, мұғалімдерді жалдауға үлкен жауапкершілікке ие екендігін хабарлаған мектептерге баратын (ЭЫДҰ, 2013а, IV.4.2 сурет). Мұғалімдерді жұмыстан босатудың ұқсас көрсеткіші ЭЫДҰ бойынша 36%-дан айырмашылықта 76% құрайды (ЭЫДҰ, 2013а, IV.4.2 сурет). Берілген үдеріс мектептер оқушылардың үлгерімін жақсарту бойынша өз қабілеттерін өздері бағалаған кезде, жүйедегі мықты жақ болып табылады. Кандидаттармен тікелей өзара әрекеттесу интервью өткізу жолымен іске асырылады, бұл кандидат мінездемелерінің мектеп мұқтаждықтарына сәйкестілігі үшін шектеулердің ең толық жүйесін пайдалануға мүмкіндік береді. Одан басқа, жергілікті деңгейде мектеп мұғалімдері мен директорларын ашық жалдау үдерісі үміткерлерге артықшылықтар береді, себебі олар мектепті тікелей таңдап, белгілі бір мектептің білім ыңғайына тілектестік таныта алады. Нәтижесінде бұл үдеріс мектеп басшылығы мен мұғалімдердің олар жұмыс істеп жатқан мектептерге қатыстылық сезімінің пайда болуына жағдай жасайды. Жергілікті деңгейде жалдауды іске асыру Қазақстанда басымдыққа ие ынтымақтастық рухының қалыптасуы үшін ерекше маңызды (4 бөлімді қараңыз). Вуссманн (2003) орталық деңгей мен мектептер деңгейінде оқушылар нәтижелері мен шешімдерді қабылдау үдерісінің әр түрлі аспектілері арасындағы байланысты зерттеу үшін, үшінші, математикалық және табиғи-ғылыми білім сапасын Халықаралық мониторингтік зерттеулерінің (TIMSS) деректерін пайдаланды. Ол мұғалімдерді жалдау туралы шешімдерді қабылдауда дербестікке ие мектептердің оқушылары, мұғалімдердің жалақыларын өздері анықтай алатын мектептер оқушылары сияқты, математика мен ғылымдар бойынша жоғарылау нәтижелерді көрсетті.

Мұғалімдерді жалдау мен мектеп әкімшілігінің тәжірибесі ұстанымды хабар етуге талап етеді, біліктілікті шектеулерді қанағат ететін барлық үміткерлер өтінім бере алады, одан кейін үдерістің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында ашық конкурс өткізіледі. Таңдау өткізу үшін үміткерлерге әр түрлі көзқарас алу мақсатында, сонымен қатар таңдаудың объективтілігі мен мөлдірлігін жоғарылату үшін әр түрлі жақтарды ұсынатын комиссия құрылады. Мектеп директорлары жағдайында, комиссияға негізгі мүдделі жақтарды қосу, ең алдымен, жаңа мектеп директорының легитимділігін жоғарылатады. Алдын-ала таңдаудан өткен үміткерлермен оларға өз білімдерін, икемдері мен қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік беру үшін, және тандалған үміткер мектептің нақты қажеттіліктеріне сәйкестілігіне көз жеткізу үшін сұхбаттасу өткізіледі.

Алайда мектеп дербестігі мұғалімдерді жалдау үдерісінде қиыншылықтарға әкелуі мүмкіндігін атап өткен маңызды, себебі мұғалімдер (мысалы, жақсы жерде тұрған үлкен ресурстары бар мектептердің жоғары біліктілікті мұғалімдерді еліктіруге мүмкіндіктері көбірек) мен мұғалімдерді жалдау үдерісіндегі қамқорлық істеу үшін мүмкіндіктің біркелкі емес бөлінуінің әлеуеті бар. Соңғысы бос лауазым жайлы ақпараттың жаппай қолжетімділігі арқылы жалдау үдерісінде ашықтықты талап етеді. Сарапшыларда мұғалімдер үшін бос лауазым білім жүйесінде әрқашан кең таралмайтыны және кейде аудандар мен облыстарда лайықты түрде таралмайтыны туралы ой пайда болды.

Сол уақытта ұжымды басқару саласында мектеп директорларының икемдерін дамыту мен мектеп аттестациясын мұғалімдерді жұмылдыруға ыңғайларды бақылау үшін маңызды. Тағы бір маңызды шектеу – жергілікті деңгейде кадрлар жинауды іске асырған кезде шешімнің бейтарап қабылдануын қамтамасыз ету үшін ерекше үлкен маңызға ие мектептің басшылық кадрларын жинауда таңдау шектеулерінің болмауы (ЭЫДҰ, 2008а). Соңында, білімнің жергілікті органдары басшыларының veto құқығы кейбір жағдайларда ең жақсы кадрларды жұмылдыруда кедергі жасауы мүмкін.

Қолайлы дамуды мектептері жоғары біліктілікті мұғалімдер мен директорларды жұмылдыруда қиыншылықтарға тап болатын ауыл мекендеріндегі бар жұмысты мадақтау жүйесі алды (арнайы жеңілдіктер мен нағыз көмек). Ол жұмыс шарттарын жақсарту жағынан ауыл мектептерін қолдайды және мұғалімдерді жалдауға ең орталықсыздандырылған ыңғайында пайда болуы мүмкін мұғалімдердің біркелкісіз бөлінуінің мәселесін азайтуы мүмкін. Алайда ауылды мекендегі (сынып көлемі әдетте кіші болатын) әдетте көп мұғалімдерге қатысты, сынып көлемінен шыға, қосымша қызметті (мысалы, дәптерлерді тексеру, сынып басшылығы) орындаумен байланысты жалақыға кейбір үстемақыларды қысқарту тәжірибесі ауылды мекенде жұмыс істеу үшін теріс ынталар кесірінен даулы болып табылады.

*Лауазымдардың нақты құрылымы мұғалімдердің жоғары нәтижелерін қабылдайды және мадақтайды*

Қазақстанда мұғалімдер үшін мұғалімдерді сертификаттаумен (мұғалімдерді аттестациялау) байланысқан, төрт деңгейді қамтитын, лауазымдардың нақты құрылымы құрылды. Лауазымдар құрылымының болуы, көп бөлігінде, екі маңызды атқарым орындайды: ресми лауазым мен қосымша сыйақы көмегімен тәжірибе мен терең педагогикалық икемдерді қабылдау; мұғалімдер икемдеріне сәйкес, мектептерге қажетті рөлдер мен міндеттердің ең қолайлы таңдау мүмкіндігі, себебі ең тәжірибелі және нәтижелі мұғалімдерге мектептегі ерекше қызметтер жүктеліне алады (мысалы, бастайтын мұғалімдерге тәлімгерлік, 4 бөлімді қараңыз). Бұл мансапты баспалдақ бойынша қозғалудың басты қағидаты еңбек болып табылатыны туралы маңызды идеяны көрсетеді, және сабақ беруді жалғастырып келе жатқан мұғалімдерді мадақтау мүмкіндігін береді.

Лауазым құрылымында мұғалімдердің ең жоғары санаттарына ауысу шамасы бойынша олар өз білімдерін тереңдетеді, күрделірек және тиімдірек сабақ беруді көрсетеді, мектептегі бағалау мен оқу бағдарламасы сұрақтары бойынша міндеттерді өзіне алады, серіктестеріне көмектеседі деп және т.б. күтілуде. Мансапты баспалдақтың келесі дәрежесіне өту кезінде мектептегі әлеуетті ең кең қызметтердің түрлілігін ескере отырып, лауазым құрылымы лауазым әртараптандыруының жоғарылауына жағдай жасайды. Әртараптандыру үшін мұндай мүмкіндіктер қазақстандық мектептерінде бар, мысалы, мектептердегі мұғалімдердің басқарушы міндеттері, оқу-әдістемелік бірлестікке қатысу мен бастайтын мұғалімдер үшін тәлімгерлік түрінде. Олар жағымды уәждеме әсеріне ие боатын сияқты. Алайда лауазым құрылымындағы әр түрлі санаттар мектептердегі белгілі бір атқарымдар мен міндеттермен нақты байланысқан емес.

***Теңділік сұрақтарына көңіл бөлінеді, бірақ сонда әртүрлілік ескеріледі***

Білім беру нормативті құжаттары мектептердің барлық оқушылары үшін тең ыңғайларды қамтамасыз ететін стандарттарды анықтайды. Оқытудың әр аспектісі түсінікті және нақты формада реттелінеді, білім үдерісінің құрамдасынан (мысалы, мұғалімдер, оқу уақыты, оқу материалдары) ғимараттардағы температура сияқты ең қарапайым сұрақтарға дейін. Ресурстардың көпшілігі сыныптан басқа, әдетте оқушылардың мінездемелері көрсетілмейтін нақты нормалар негізінде үлестіріледі. Осылайша, нормалар тең мүмкіндіктерге жағдай жасайды, өйткені мектептердің көбісі салыстырмалы ресурстарды алулары тиіс. Нысандарды аралап жүрген кезде сарапшылар мектептер тарапынан нормаларды толық шамада пайдалану бойынша үлкен күш салуларды атап өтті.

Теңділік пен стандарттау сұрақтарына көп көңіл бөлінгеннен басқа, мектептік білім жүйесінде сонымен қатар оқушылардың кейбір санаттары ерекше қатынасты талап ететіні мойындалады. Мысалы, мектептердің қазақстандық жүйесі келесі санаттар үшін нақты жағдайларды қамтамасыз етеді:

- ***Этникалық және тілдік азшылықтар:*** мектептік білім жүйесі этникалық және тілдік азшылықтар топтарының қажеттіліктерін ескеретініне көңіл бөлінеді. Қазақстан халқы тарихи көпұлттық болып табылады, және мемлекет төзімділік пен үйлесімдік қағидаттарын алға қозғалтады.

- *Дарынды балалар:* дарынды балаларға тереңдете оқытудың мүмкіндіктерін анықтау мен ұсыну механизмдері Қазақстанда жақсы дамыған. Дарынды балалар мектептерге психологиялық түсу емтихандары көмегімен және академиялық үлгерімділік пен олимпиадаларға қатысу нәтижелері негізінде анықталады. Көбісі бейінді мектептерде оқу үшін шәкіртақыларға үміт болуы және оны алуы мүмкін. Ең академиялық дарынды балалар толық шәкіртақымен және қажеті болса, интернатта тұру мүмкіндігімен Назарбаев зияткерлік мектептеріне қабылданады. Бұл бағдарламалар балалардың әр түрлі дарындары мен қабілеттерін қабылдайды және оларға жылдамдатылған үлгіде өз ікемдерін дамыту үшін мүмкіндік береді.
- *Мүмкіндіктері шектеулі балалар:* кәдімгі мектептерде мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға көбірек көңіл бөлінуде. Соңғы уақытта кәдімгі мектептерде мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту бойынша қабылданатын шаралар мен өтінген мақсаттар рухтандырғыш болып табылады.
- *Аз қамтамасыз етілген отбасылардан және тәуекел тобына жататын отбасылардан шыққан оқушылар:* елде әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтарды бастан кешетін балалар мектепке барулары үшін нормалар мен мекенжайлық қаржы қолдау қолданылады. Мұқтажды оқушылардың қолдауын қамтамасыз ету бойынша стратегиялар мектептер оқушылардың сабаққа қатысуын бақылап, сабаққа қатыспайтын балаларды үнемі қадағалуы туралы, сонымен бірге мектептерде мектеп психологтары мен әлеуметтік педагогтардың болуы туралы талап болып табылады. Тағы бір стратегия сәтсіз оқушылардың кейбір санаттарын анықтауға негізделген мекенжайлық қаржы қолдауды қолдануға бағытталған. Сәтсіз санатына жататын оқушылардың белгілі бір жеңілдіктерге, мысалы, тегін тамақтануға құқықтары бар. Одан басқа, мектептер материалдық қиындықтарды бастарынан кешетін оқушыларды қолдау үшін жергілікті атқарушы органдарынан өз бюджетінің 1%-дан кем емес мөлшеріндегі қаржыландыруды алулары тиіс деп есептелдінеді.

## Шешуді қажет ететін қиын сұрақтар

### *Ресурстардың дұрыс бөлінбеуі*

*Ресурстарды бөлу оқушылар мен мектептердің нақты қажеттіліктерін жақсы ескеруі керек*

Ресурстарды бөлу оқушылардың немесе мектептердің нақты қажеттіліктерін есептеу дәрежесі бойынша шектеулі. Оқушылардың арасындағы теңдікті қамтамасыз етуге арналған нормаларды қатаң қолдану қаржыландырудың тиімді әрі әділетті бөлінуін төмендетеді. Мектептер мен жергілікті білім жүйелерінің қажеттіліктеріне сәйкес ресурс комбинацияларын бөлу бойынша мектептер мен жергілікті атқару органдарының мүмкіндіктеріндегі қатаң шектеулер қаржыландыруды шарасыздан тиімсіз қылады. Мектептер мен аудандардың кадрларға инвестиция ұлғайту бөлігінде еркіндігі аз (кадрлық қамтамасыз етуді ұлғайту немесе мұғалімдердің еңбекақысын көтеру арқылы), егер олар осындай салымдар қажеттілігіне зәру болса, немесе басқа жағынан алғанда, материалдық-техникалық базаға инвестиция ұлғайту бөлігінде (мектеп ғимараты, мектеп құрал-жабдықтары, мысалы, «ақылды тақталар»), егер қолдағы ресурстар жеткіліксіз немесе ескірген болса.

Оқушылар мен мектептердің нақты қажеттіліктеріне деген шектеулі қамқорлық та теңсіздікке әкеледі. Нашар немесе оқытуда қиындықтары бар оқушылар санатына бағытталған бағдарламалар мен ресурстар өте аз. Бұл нашар немесе үлгерімі әлсіз оқушылардың тең емес жағдайда екенін білдіреді. Егер қаржыландыру жүйесінің құрылымы оқушыларды оқыту құнындағы кейде көрініп тұрған айырмашылықты есепке алмаса, мектептер сапасы аздау оқытуды ұсынады немесе ақша құралдарын жинаудың басқа жолдарын іздеулері мүмкін, олар теңдікке зиян келтіруі мүмкін. Оқушылардың түрлі санатына қызмет көрсететін мектептер арасындағы қолда бар ресурстардағы айырмашылықты эксперттер атап өтті. Жылдам урбанизация мен нормалардың қатаң сақталуы әдетте лық толған сыныптармен бірнеше ауысымда жұмыс істейтін қала мектептеріне баратын кейбір оқушыларды қолайсыз жағдайға қояды. Ұқсас жағдайда белгіленген нормаларға сәйкес оқушылардың санына қарамастан алғаш бөлінгенінен бастап екі жыл өткен соң оқулықтардың 20%-ы алмастырылады, сондықтан оқушылар контингентінің тез өсуі, лық толы мектептердегі кейбір оқушыларға тегін оқулықтар тимейтіндігін білдіреді. 2012 жылы 15 жастағы оқушылардың шамамен 12%-ында негізгі пәндер бойынша оқулықтардың (ЭЫДҰ, 2013а) болмағанын PISA мәліметтері көрсетеді.

*Нашар оқушылардың бар концепті тым тар қолданылады*

Инклюзивті білім концепциясы Қазақстанда, мүмкін, тым тар шығар, өйткені ол мүгедектік пен өте төмен әлеуметтік экономикалық жағдайға ғана тар топтастырылған, қолдауға құқығы бар оқушылардың аз санына әкеледі. 15 немесе одан төмен жастағы шамамен 4,5 миллион баланың тек 220 000 – 260 000 (шамамен 5%) әлсіз санатына жататынын эксперттерге хабарлаған. 1600-ден аса бала оқитын бір мектепте, тек 100 оқушы (6%) ғана ағымдағы нормаларға сәйкес тегін тамақтануға құқылы болған. Нашарлық санатына көбірек балаларды қосуға немесе нашар оқушылардың көбірек санын қолдау үшін ресурстарды ұлғайтуға қолданыстағы нормалар аз мүмкіндік береді. Нашар оқушылардың немесе оқытуда қиындығы бар оқушылардың үлкен үлесі бар мектептер қосымша ресурстар алмайды. Сол кезде, тиісті деңгейде жетілдірілген және қаржыландырылған білім берудің өтемдеуіш бағдарламалары, табысты және нашар мектептер мен оқушылар жетістіктері арасындағы алшақтықты азайтуы мүмкін екендігін халықаралық зерттеулер нақты көрсетеді (Макэван, 2008). Бұның Қазақстан үшін үлкен мағынасы бар, өйткені, әртүрлі санаттағы оқушылардың үлгеріміндегі айырмашылықты оқушылар мен мектептердің әлеуметтік-экономикалық жағдайы түсіндіретінін дәлелдеу базасы көрсетеді (1-Тарауды қарау).

Қазақстанда инклюзивтілік концепциясын кеңейту бойынша шаралар қолданылып жатса да, қазіргі жүргізіліп жатқан талқылаулар Экономикалық ынтымақтастық пен даму Ұйымы елдерінде қабылданған әделеттілік концепциясынан әлі де болса алшақ екендігі туралы эксперттерде пікір қалыптасты. Оқыту үдерісіне кедергі келтіруі мүмкін көптеген әлеуметтік-экономикалық мәселелерге нашар оқушылардың үлесі көп мектептердің бейімдірек болатынын ЭЫДҰ елдері

мойындайды. Сонымен қатар, нашар оқушылардың көп үлесі мектептегі ахуалға теріс әсерін тигізуі және оқытудағы олардың қиындық деңгейін арттыруы мүмкін (Луптон, 2004).

### *Нашар үлгеретін оқушыларға қолдау аз беріледі*

Нашар үлгеретін оқушыларды оларды оқытуда қолдау бойынша жүйелі саясат немесе нұсқаулық жоқ. Бұл жағдай оқытудағы қиындықтар күрделендірілген әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нәтижесі болуы мүмкін фактісі туралы білім беру саясатының жеткіліксіз түсінуімен қатар жүреді. Оқытуда қиындығы бар жекелеген оқушыларды қолдау мектептің бастамасы бойынша ұсынылады, бірақ нашар үлгерімді оқушылардың көп үлесі бар мектептер қосымша ресурстар алмайды. Жүйелі қолдаудың жоқтығы, мектептерді күрделі оқу ортасы мен жеткіліксіз ресурстар арасындағы амалсыз жағдайға тірейді.

### *Мүмкіндігі шектеулі оқушылар үшін инклюзивті білім беру әлі де болса шектеулі*

Қазақстандағы мектептер мүмкіндігі шектеулі оқушылар үшін жағдайды қамту мәселелерінде ілгері көп жылжымаған сияқты. Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға қатысты тиімділік мәселелері бұл Шолудың басты тақырыбы болып табылмайды, олар өткен ЭЫДҰ Шолуында Қазақстан, Қырғызстан мен Тәжікстандағы ерекше қажеттілігі бар және мүмкіндігі шектеулі оқушылар бойынша жете талданған болатын (ЭЫДҰ, 2008а). Қазақстанда ерекше қажеттілігі бар және мүмкіндігі шектеулі оқушыларға қызмет көрсетудің басты мәселелері жекелеген түзету мектептеріне қарағанда, көбіне қарапайым мектептерге тиесілі, және ерекше қажеттілігі бар және мүмкіндігі шектеулі балалардың көпшілігі қандай да бір мектептерге бармайды, мейлі ол арнайы немесе қарапайым болсын, және сапалы білімді үйінде аз алушылар немесе мүлдем алмайтындар Шолуда атап өтілді. Жекелеген мектептерде балаларда, бәлкім, толық мектеп бағдарламасы бойынша оқытуда, басқа балалармен қарым-қатынас жасау мен қабылеттері мен мүмкіндіктерін дамытуда басқа балаларға қарағанда мүмкіндіктері аз шығар. Шолуда, көптеген балаларды қарапайым мектептерде оқытуға бағытталған және мамандандырылған мектептерде тек мүгедектігі салмақты балалар үшін оқыту қарастырылған, ЭЫДҰ елдері мен басқа да елдерде басымды «қажеттілігі ерекше балаларға арналған білім» концепциясын кеңірек қабылдау ұсынылды. Қажеттілігі ерекше балаларды қарапайым сыныптарға қосу олардың сыныптастарының жетістіктері үшін нейтралды немесе оң әсер бергендігін жақында жүргізілген мета-талдау көрсетті (Руйс пен Питсма, 2009).

Соңғы жылдарда қабылданып жатқан шараларға қарамастан, Қазақстанда ерекше қажеттілігі бар және мүмкіндігі шектеулі оқушыларды толықтай қосу жолы ұзақ сияқты. Мүмкіндігі шектеулі балалар қарапайым мектепте оқығанның өзінде де, олар арнайы сыныптарға бөлінеді. Шамамен 400-дей мектепте осындай арнайы сыныптар бар, оларда «дамуында бөгелісі» бар 8000 бала оқиды. Оның үстіне, қажеттілігі ерекше көптеген балалар әлі де болса арнайы мектеп-интернаттарға бөлінеді немесе өздерінің жергілікті мектебінде емес, үйлерінде оқиды. Мысалы, 2012-2013 жылдары белгіленген, мүмкіндігі шектеулі шамамен 39 000 баланың жартысына жуығы - мектеп-интернаттарда оқитын мүмкіндігі шектеулі жетім балалар, үштен бірі - мектеп-интернаттарда оқитын мүмкіндігі шектеулі басқа балалар, және шамамен бестен бірі – үйінде оқитын балалар, шындығында, тәжірибелік көзқараспен қарағанда, бұл балалар оқыту үдерісінен қалып қойғанын көрсетеді (АТО, 2014). Мектепке дейінгі білім беруді қамтудың төменгі коэффициенті, балалар бастауыш мектепке барғанға дейін, көп балаларда ерекше қажеттіліктер диагностикаланбай немесе елеусіз қалуына әкелуі мүмкін. Мүгедек балаларды мектепке барғанға дейін немесе оқыту барысында қолдау көрсету бойынша қызметтердің қатты жетіспейтіндігі бар; мүгедек балалармен жұмыс істеу үшін білім беру мамандары өте аз; қажеттілігі ерекше балаларды қолдау үшін мектептерде техникалық мүмкіндіктер жоқ; дамуында күрделі мәселелері бар балалар үшін медициналық көмек ұдайы қол жетімді емес. Құрылыс пен модернизациялаудың жаңа нормалары физикалық қабылетсіз балалар үшін жағдай жасау мақсатында мектептерді физикалық өзгертуді көздегенімен, бұл нормалар дәйектіліксіз орындалуда. Заманауи мектептерде пандустар немесе лифттердің жоқтығына куәленді, ал ескі мектептер тегіс емес едендері мен баспалдақтарда таяныштың болмауымен қауіп тудырады. Сонымен қатар, үйлерінде білім алатын қажеттілігі ерекше балалар санын азайтуға немесе олар алатын білім сапасын жақсартуға қатысты шаралар аз қолданылады.

Қазақстанның білім беру жүйесінде балаларды академиялық олимпиадаларға қатысу үшін дайындау көп көңіл бөлінеді, және жоғары басымдылық «дарынды балаларға» беріледі, осы кезде орташа немесе нашар үлгерімді балалар дәл сондай ілтипатқа ие бола алмайды. 2013-2015 жылдарда білім берудің республикалық бюджетінің шамамен 17% дарынды балалардың оқуы мен біліміне, олимпиадаларды ұйымдастыруға, «Назарбаев зияткерлік мектептері» (НЗМ) қаржыландыруға бағытталған. Оқушылардың олимпиадалардағы табыстары мектептің мақтанышы мен қанағатына айналады; жүлделі орындар алған оқушылардың суреттері дәліздерге ілініп, ал мұғалімдерге сыйақылар беріледі және мансаптық өсуде мүмкіндіктер туады.

НЗМ мектептерінің аздаған желісі қарапайым мектептерге қарағанда едәуір жоғары деңгейде қаржыландырылады. Егер Қазақстанның барлық мектептері НЗМ деңгейінде ресурстар алатын болса, онда қазіргі білім берудің жалпы бюджеті 300% аса өсер еді. Бұндай әділетсіздік жүйеде ресурстардық жалпы бөлінуіне аз әсер етсе де, ол НЗМ мектептерін инновациялық зертхана ретінде негізделуін шектейді, өйткені бұл мектептердің жағдайы басқа мектептерге қарағанда анағұрлым жақсы. Жеке алғанда, НЗМ мектептерінің қазіргі саны барлық білім беру жүйесі бойынша масштабы әсерді қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз, ал НЗМ мектептерінің нақты болашағы, олардың санын қоса, әлі қабылданған жоқ.

НЗМ мектептері немесе дарынды балаларды оқытуға бағытталған басқа да ұқсас мектептер, балалар үшін олардың отбасы табысы деңгейі бойынша тікелей дискриминация тудырмайды, экономикалық нашар оқушыларда, бәлкім, осы мектептерге оқуға түсу үшін қосымша сабақтарға баруға мүмкіндіктері аз шығар. НЗМ мектептері немесе жоғары оқу орындарына түсу үшін міндетті болып табылатын пәндер бойынша қосымша сабақтармен байланысты жылдық шығын әжептәуір жоғары. Мысалы, Астана қаласында, бір қосымша білім беру ұйымы ұсынатын әр курс, айына 5000 теңге немесе жылына шамамен 50 000 теңге тұрады. НЗМ мектептерінің 2-6 сыныптарына түскісі келетін балалар, математика, қазақ тілі, орыс және ағылшын тілдері бойынша тестілеуден өтеді; бұл ұйым тек қазақ тілі бойынша сабақтарды ғана тегін ұсынады. Сонымен қатар, НЗМ мектептерінің 7-11 сыныптарына түскісі келетін балалар, олардың оқу бағытымен байланысты ғылыми пәндер бойынша тестілеуден өтеді; физика бойынша сабақ та айына 5000 теңге тұрады. Осылайша. Осы қосымша сабақтардың жалпы құны жылына 200 000 теңгеге дейін жетуі мүмкін (шамамен 1 100 АҚШ доллары) – халықтың жан басына шаққанда шамамен 10% ЖІӨ (АТО, 2014); бұл шығындар жоғары оқу орындарына беруге ниетті балалардың үлкен үлесімен төленеді (ҰБСБО, 2012).


Ең нәтижелі балаларға деген қазақстандық тәсіл елдің көлемі тұрғысынан алғанда ерекше алаңдаушылық туғызады, және ол күтілген нәтижені бермейді. Халық санының біршама көп еместігімен, альтернативтік шығындар өте жоғары. Адами капиталдың жеткіліксіз дамуы өнімділіктің өсуіне кедергі келтіреді және ресурстарды тиімді және толық пайдалануды шектейді (Хекман, 2011). Бағалаудың халықаралық бағдарламалары бірыңғай жоғары нәтижелі оқушылар санын көрсетпейді, бірақ басқа елдердегі өз құрдастарынан қалып қойған оқушылардың көп санын көрсетеді. Мысалы, 2010 жылы Қазақстан халықаралық ғылыми жарыстарда мектеп жасындағы 881 жеңімпазды дайындағанымен (ЭЫДҰ, 2014b), 15 жас шамасындағы оқушылардың тек 0,2% 2012 жылы жаратылыстану ғылымдары бойынша PISA бағалауының жоғарғы екі деңгейінде нәтижелерге жетті (ЭЫДҰ орташа көрсеткішімен салыстырғанда 8,4%). Қазақстандық оқушылардың 42% PISA 2012-де жаратылыстану ғылымдары бойынша негізгі деңгейден төмен балл алды (ЭЫДҰ орташа көрсеткішімен салыстырғанда 18%) (ЭЫДҰ, 2014d).

Ең жоғары және ең төмен нәтижелердің жақсартылуы бір мезгілде жүретінін, бірақ төмен нәтижелердің қысқаруы білім беру жүйесінің жалпы жақсаруына әкелетінін PISA мәліметтері көрсетті. PISA зерттеулеріне 2003 және 2012 жылдары 39 ел қатысты, ЭЫДҰ-на қарайтын және ЭЫДҰ-на кірмейтін, бағалаудың басты бағыты математика болды. Таңдау өлшеміндегі айырмашылықты және оқушылардың әлеуметтік-экономикалық құрылымындағы түзетумен ең жоғары орташа нәтижеге ие болған елдердің ондығына кірді: Бразилия (35 балл), Тунис (29), Мексика (28), Польша (27), Түркия (25), Португалия (21), Италия (20), Индонезия (15), Ресей (14) және Корея (12) (ЭЫДҰ, 2014d) (3.3 суретін қараңыз). Орташа нәтижесі ең жақсы жақсартылған



он елдің сегізі төмен нәтижесі ең көп қысқарған он елдің қатарына енді. Осы елдердің тек жартысы орташа нәтижесі ең жақсы жақсартылған елдердің ондығына кірді, бірақ барлығы да осындай жиырма елдің қатарына енді. Ең төмен баллды оқушыларының көрсеткіштерін жақсартып, бұл елдер ең жоғары және ең төмен нәтижелі оқушылар арасындағы айырмашылықты азайтты және кей жағдайда сонымен бірге әділеттілікті жоғарылатты, өйткені төмен нәтижелі көптеген оқушылар нашар санатқа жатады.

**3.2-сурет. 2003 және 2012 жылдары PISA-да орташа баллдың және ең жоғары және ең төмен нәтижелі оқушылар үлесінің өзгеруі**



Ескерту: шарлардың өлшемі орташа баллдағы өзгерістерге сәйкес келеді. Көлбеу сызық төмен баллды оқушылардың азаюына (яғни, оң өзгеріс төмен баллды оқушылар үлесінің азайғанын көрсетеді) және тік сызық жоғары баллды оқушылардың өскеніне қатысты (яғни, оң өзгеріс жоғары баллды оқушылар үлесінің өскенін көрсетеді).

Дереккөз: ЭЫДҰ (2014b), PISA 2012 нәтижелері: оқушылар не біледі және жасай алады (I том, қайта қарастырылған редакция, 2014 ж. ақпан): Оқушылардың математика, оқу және ғылымдар бойынша нәтижелері, PISA, ЭЫДҰPublishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264208780-en>Data>

### **Мектептерді қаржыландырудың жаңа үлгісі әрі қарай дамытуды қажет етеді**

#### **Басқару жүйесі**

Қаржыландырудың жаңа жүйесі мектептерді қаржыландырудың бөлшекті қайта орталықтандырылуын қарастырады, өйткені білім беруге (білім беру үдерісіне нақты ақша құралдары) жұмсалатын шығынның үлкен бөлігі орталық деңгейде анықталатын болады, және мектептерге құралдар Министрлікпен формула негізінде аударылатын болады. Жергілікті атқару органдарында жергілікті қажеттіліктерге сәйкес құралдарды бөлуде түзету үшін мүмкіндік аз болады. Дегенмен формула негізінде мектептердің теориялық қажеттіліктері мен нақты қажеттіліктері арасындағы айырмашылықты есептеуге арналған механизм жоқ. Мәліметтер сапасы күмән келтіруі мүмкін Қазақстан контекстінде (5-тарауды қараңыз), мәліметтер негізіндегі тәсілді қолдану, мысалы, мектептер жұмыс істейтін әртүрлі жағдайды есепке ала отырып мүмкіндігі шектеулі түзетумен, формула, үлкен қиындықтар тудыруы мүмкін. Басқа елдерде, мысалы, Литвада, гранттар жергілікті атқару органдарына аударылады, олар гранттың шектеулі сомасын (5% дейін) жекелеген мектептер арасында қайта бөлуге құқылы (3.A2 Қосымшасын қараңыз). Бұл үдеріс формулаға қажетті мөлшерді ұлғайтпай кейбір дәрежедегі икемділікті ұсынады.

Формула дарынды балаларға арналған мектептерге, НЗМ қоса алғанда, және аз жинақты мектептерге қолданылмайды. Осы түрлер бойынша қымбат мектептерді қаржыландыру механизмы әлі анықталған жоқ. Осылайша, дарынды балаларға арналған және аз жинақты мектептер әрі қарай да қазіргі үлгі бойынша қаржыландырыла беру қаупі бар. Осымен қатар, елде НЗМ саны көп емес, ал жалпы білім беретін ұйымдардың жартысына жуығы шағын жинақталған мектептер болып табылады, қазіргі қаржыландырумен оларды қамту өте қиын, өйткені, бұл, жүйенің тиімсіздігі мен әділетсіздікті арттырады. Сонымен қатар, қаржыландырудың бірнеше механизмі басқаруға шығынды көбейтеді және қоғам алдындағы есеп беруге зиян келтіруі мүмкін. Егер мектеп бюджетінің білім беру үдерісіне жауап беретін бөлігі үшін бөлу кестесі ұлттық деңгейде шағын жинақталған мектептерді қоспай жүзеге асса, онда болашақта мектептерді қаржыландыруды сәйкестендіру өте қиын болады.

### *Үлгі құрылымы*

Мектептер үшін қаржыландыруды бөлудің типтік формуласына қарағанда, Қазақстанда ұсынылатын үлгіде, жан басылық қаржыландырудың жеке сомасы қолданылуы қажетті оқушылар санаты айқын анықталмаған. Онда тек оқушылар (мысалы, оқитын сыныбы) мен мұғалімдердің (мысалы, мектептің орналасуы бойынша еңбек ақыға үстеме ақы) сипаты ғана беріледі, 3.А1Қосымшасын қараңыз. Осылайша, оны нақты жан басылық формула деп айтуға болмайды. Оның орнына ол сыныптар саны (оқушылар санының және болжанатын сынып өлшемі негізінде анықталатын) арқылы және әртүрлі міндетті үстемақылармен байланысты индекстардың көп саны мұғалімдердің еңбекақысын реттейтін коэффициенттердің қиын жиынтығын анықтайды.

Формула тым қиын. Индекстер мен жағдайлар санының көптігі, формуланың әр мектеп үшін айрықшалықты болатынын көрсетеді, бұл оның қолданылуын қиындатады, қымбаттатады және айқындылығы мәселелеріне әкелуі мүмкін. Есептің негізін қалаушы қағидаттан шыға отырып, формула 200-ден астам стандарттан тұратыны туралы қорытындыға келуге болады<sup>12</sup>. Бірақ, бір оқушыға (әртүрлі өңірлер мен мектептер үшін) құралдарды бөлу формуласын есептеген кезде әртүрлі мағыналар қолданылады, формуланың өзі жеке берілген стандарттарды есептемейді. Стандарттардың көп санының болуы, формуланың қымбат болатынын, сонымен қатар тұрақтылығының кем болатындығын көрсетеді. Әр стандарт бойынша бағалық индекстарды ұстау өте қымбатқа түседі. Сонымен қатар, жаңа ережелер мен классификациялардың енгізілуі формуланың қатты қайта құрылымдануын қажет етуі мүмкін. Сонымен қатар мектептерді жалпы қаржыландырудың көлемін болжау қиындап барады, өйткені кез-келген түзету қаржыландырудың бастапқы көлемінен жағымсыз ауытқуға әкелуі мүмкін. Тым қиын формула да қаржыландыру үдерісінің айқындығын және мүдделі барлық тараптардың ресурстардың қалай бөлінетіндігін түсінуді төмендетеді.

Стандарттар санының көп болуына қарамастан, формула сыныптардың нақты өлшемдерін жеткілікті дәрежеде көрсете алмайды, олар Қазақстанда қатты өзгешеленеді және қызмет көрсету бағасына қатты әсерін тигізеді. Сыныптардың тек екі ғана нормативтік өлшемдері белгіленді: ауыл мектептері үшін 20 және қала мектептері үшін 24. Бұдан өзгеше, құралдарды бөлудің литвалық формуласында сыныптардың өлшемінің екі есе көп нормативі қолданылады (10, 15, 20, 25), ал Литва сондай үлкен емес және көбіне біртекті. Сонымен қатар, ауылдық мектептердегі сыныптардың нормативтік өлшемі (сыныпта 20 оқушы) өте үлкен, және олардың кейбіреуіне жеткіліксіз ресурстар саны бөлінуі мүмкін.

Сұрақ тудыратын тағы бір ауыспалылық – сыныптың максималды өлшемінен асып кеткен кезде бөлінетін құралдардың қысқаруы. Бұл қысқарту қиын қолданылады, және шағын ұстап тұратын әсері бар. Бұл қысқартуды қолдану үшін Министрлікке елдегі барлық мектептер мен барлық сыныптардағы оқушылар саны туралы нақты әрі шынайы мәлімет қажет. Бұндай

---

<sup>12</sup> Орын ауыстыруларды келесі үлгіде бағалауға болады: бір оқушыға мұғалімдердің толық штат бірліктерінің (ТШБ) 18 коэффициенті, 3 экологиялық жағдайға көбейтілген (әдеттегі, экологиялық апат аймақтары, радиациялық қауіп аймақтары), 2 мамандандыру бағдарламасына көбейтілген (әдеттегі, кейбір пәндерді тереңдетілген зерделеумен), мектептің 2 түріне көбейтілген (әдеттегі, тұрумен бірге), қаржыландырудың 200-ден астам түрлі стандарттарын береді.

мәліметтерді жинау мен тексеру өте қиын жұмыс болады. Ұстап тұратын әсер беру үшін қысқартудың өзі үлкен емес сияқты (сыныпта оқушы 40-тан асқан кезде қысқарту 6% көп емес). Шын мәнінде, сыныптардың шамадан тыс өлшеміне қарсы қолданылатын қатаң тәсілдерді қарастыруға болады, мысалы, белгіленген шекті мәннен асқан оқушыларға құрал бөлмеу. Бұл құрамдасты формуладан алып тастау, және сыныптар тым үлкен болмауын қамтамасыз ету үшін мектептерге инспекция мен аттестация қолдану ең қарапайым әрі тиімді тәсіл болар еді.

### *Жүзеге асыру*

Жаңа үлгідегі қаржыландыруды жүзеге асыру мерзімі бастапқы кезде, еш күмәнсіз, тым қысқа. Басқарудың жаңа үдерісі мен қаржыландырудың жаңа механизмінің әсерін бағалау мен бақылау үшін пилоттық жүзеге асыру мерзімі де тым қысқа. Оған қоса, нәтижесін ұлттық деңгейде экстраполяциялау үшін пилоттық жобаға таңдап алынған мектеп тым аз. Сонымен қатар, пилоттық жүзеге асыру мерзімі кең ауқымды түрде жүзеге асырудың алдында ғана аяқталады. Нәтижелерді егжей-тегжейлі зерделеп және формуланы әрі қарай жетілдіру үшін уақыт жетіспеуі мүмкін. Қаржыландырудың жаңа үлгісі тағы да бюджетаралық трансферт жүйесіндегі өзгерістерді қажет етеді, және бұл, республикалық, облыстық және жергілікті бюджетке әсерін тигізеді, олар пилоттық жүзеге асыру аяқталғанша талқыланады.

Қаржыландырудың жаңа жүйесінің егжей-тегжейлі талдауы жүргізілген жоқ. Бөлудің жаңа механизмінің әсерін анықтау бойынша ел деңгейінде имитациялық тәжірибелер өткізілген жоқ немесе тіпті жоспарланған да емес. Бұндай имитациялық тәжірибелер оларды жүзеге асырудың мектеп бюджетіне, жергілікті бюджетке, облыстық бюджетке және республикалық бюджетке әлеуетті әсері туралы ақпарат бере алар еді, сонымен бірге мәліметтердің барын, нақтылығын және сенімділігін қамти отырып қосқандағы нақты есептеулерге бөлулерді дайындау. Бұндай имитациялық тәжірибелер, жеке алғанда, қаржыландырудың жаңа тәсілінен ұтатын (өткен шығындарға қарағанда қаржыландыруды көбірек алар еді) немесе ұтылатын мектептер мен аудандарды анықтауға мүмкіндік алар еді. Бұл өз кезегінде еш зиянсыз және шағымсыз өту қажеттілігін бағалау және барлық мүдделі тараптарды алдағы өзгерістерге дайындар еді. Кездесу кезінде эксперттер қаржыландырудың жаңа тәсілінен ұтатын немесе ұтылатын мектептерді үлгілеуге аз көңіл бөлінетіні, себебі білім беруге номиналды шығын ұлғаятыны туралы пікірлерді естіді. Барлық мектептер тым болмағанда, осы номиналды соманы алса да, кейбір мектептер нақты немесе салыстармалы түрде тиімсіз жағдайда қалулары мүмкін. Мектептер мен аудандар бейімделіп үлгеруі үшін әдетте қорғаныс механизмі қолданылады (яғни зиянды қалпына келтіру туралы жағдай).

Сонымен қатар, қаржыландырудың жаңа тәсілі туралы нақты ақпарат ұсыну бойынша мектеп директорларының тырысуларына қарамастан, бір жағынан алып қарағанда, олардың мектептері үшін нәтижесі түсінікті емес. Бұл, реформаны нақты жүзеге асыруға жауапты адамдардың, өздері жақын болашақта кездесетін қағидаттар мен тәжірибелік аспектілерді жете түсінбейтінін көрсетті. Осы жағдайда формуланы енгізумен байланысты қауіптер елеулі болып табылады.

### ***Шағын жинақталған мектептер сапаға, әділдікке және тиімділікке қатысты сұрақтар туындайды***

#### *Тиімді еместігі*

Мектептердің көлемді жүйесінде шағын жинақталған мектептердің көп мөлшерде болуы, мүмкін, ауылдық және шалғай жерлерде білім беру қызметтерін ұсынудың экономикалық тиімді емес түрі. Шағын жинақталған мектептердің басымдылығы Кеңес Одағында туған арақашықтығы аз жерде орналасқан көптеген шағын мектептері болса да, әрбір ауыл ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасы, әділдігі және тиімділігін жеткіліксіз есепке алғанда жеке мектебінің болуына лайықты деген сенімдерге байланысты болған. Шағын жинақталған мектептер мектеп жастағы балалардың саны бес баладан аз емес ауылдарда әрекет етеді, ол оқушылар мен мұғалімнің арақатынасы 5:1 дегенді білдіреді және көп үлесті шығындарын көрсетеді. Шын мәнінде, кадрлық нормаларды қатаң қолдану мектептің бюджетінде көрініс табады, оқушылар мен

мұғалімнің төмен арақатынасы мұғалімдердің сапасына, техникалық қызмет көрсетуге, жабдықтарға және оқу материалдары шығындарына кемшілік болып келеді.

*...және теңсіздік...*

Шағын жинақталған мектепте оқытындар, әдеттегідей, жағдайлары төмен оқыту ортасында оқытылады. Кейбір деректер шағын жинақталған мектептерде оқытудың сапасы төмен екенін көрсетеді, және сондықтан оқушылар мен мұғалімдердің арақатынасының төмендеуі кезінде алуға болатын тиімділіктер туралы сұрақты тудырады. Біріншіден, жоғары категориядағы мұғалімдердің үлесі қалалармен салыстырғанда ауылдық жерлерде 2-3 есе төмен (3.А3 Қосымшасын қараңыз). Сол сияқты, "категориясыз" мұғалімдердің үлесі ауылдық жерлерде жүйелі түрде жоғары. Егер лауазымдар құрылымындағы жоғары категориялар мұғалімдердің жоғары құзыреттілігіне байланысты деп болжасақ, қалада оқытындар, орташа, ауылдық жерлерде оқытындарға қарағанда сапалы мұғалімдермен қамтамасыз етіледі. Осындай қарама-қарсылық аз мөлшерде болса да жоғары білімі бар мұғалімдердің үлесінде де байқалады (91% қалаларда және 86% ауылдық жерлерде, 3.2 кестені қараңыз). Сондай-ақ нәтижелі мұғалімдер жағдайы жақсы емес мектептерде сирек жұмыс істейді және дарынды балаларға арналған мектептерде жиірек жұмыс істейді деген кейбір ресми емес айғақтар бар (ЭЫДҰ, 2014b). Екіншіден, ауылдық жерлерде орналасқан мектептер жиірек арнайы пәндер бойынша мұғалімдердің жоқтығын бастан кешіреді. Үшіншіден, мұғалімдерді даярлау бағдарламасы мұғалімдерді шағын жинақталған мектептерде кездесетін белгілі бір қиындықтарға дайындамауы мүмкін, мысалы, әртүрлі жастағы сыныптарда сабақ беру, халықаралық зерттеулер көрсеткендей, әртүрлі жастағы сыныптарда нәтижелі сабақ беру үшін осы ортада сабақ беру үшін белгілі дайындығы бар және қосымша ресурстары, мысалы, оқу материалдарының әртүрлі түрлері (Мариано және Кирби, 2009; Винман, 1995; Бернс және Мейсон, 2002) икемді мұғалімдер керек.

Шағын жинақталған мектептерде оқу материалдары мен жабдықтардың бар болуы мен сапасы да сұрақ туындатуы мүмкін. Сарапшылар өздері келген кезде шағын жинақталған мектептердегі мұғалімдер «бәрін» - оқушыларға арналған оқулықтардан басқа барлық оқу материалдарын сатып алу қажеттігі туралы айтқандығын ескерді. Осыдан басқа, бір мектептің қызметшісі оқулықтардың толық жинағы абайсыз жоғалтып және бұзып алу жағдайларында жылдық ауыстыруынсыз бес жылда бір рет ұсынылғанын; нәтижесінде, кейбір оқушылар оқудың біршама жылдарынан тегін оқулықтар алмағанын айта кетті. Алайда ресми нормативтік құжаттарға сәйкес, кітаптардың 20% ескіруіне байланысты жыл сайын ауыстыруына жатады. Сол сияқты, шағын жиынтықты мектептер Ғаламторға шығу мүмкіндігі жоқтығы, соған байланысты олар «интерактивті тақта» сияқты жаңа технологияларға қол жетпейтіндігі туралы айтқан; «интерактивті сыныптар» қаладағы барлық мектептерде дерлік (93%) және ауылдық мектептердің жартысында ғана бар (АТО 2014).

*...олар оқытудың аса төмен нәтижелеріне әкеледі*

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың ұлттық және халықаралық бағдарламалары шағын жинақталған мектептер мен ауылдық мектептердің оқыту ортасы оқу жетістіктеріне кедергі жасайтынын көрсетеді. Ұлттық бірыңғай тестілеудің (ҰБТ) нәтижелері - Қазақстан жооларына қабылдау емтихандары өңірлер арасындағы қатысу коэффициенттеріндегі елеулі өзгерістерді көрсетеді, Солтүстік Қазақстан облысы 55%-дан Астана қаласы 82%-ға дейін, кейбір географиялық өңірлерде 10-12 сыныптарда мамандандырылған оқыту бойынша мүмкіндіктердің төмендігін көрсете алады. Осыдан басқа, қалалық және ауылдық жерлердегі оқушылардың нәтижелері арасындағы орташа айырмашылық 2013 жылы қалалық оқушылар үлесіне 8,74 тармақтарға тең болды (ҰБСБО, 2013). Қалалар және шағын қалалар мен халқы 100 000 адамнан кем кенттер арасындағы елеулі айырмашылық сондай-ақ PISA-2012 зерттеулерінде 15 жастағы оқушылардың нәтижелерінде көрінеді, соның өзінде оқу бойынша алшақтық баллмен оқытудың шамалап жылдың жартысына баламалы, ол орташа ЭЫДҰ елдерінен азғана кемірек (ЭЫДҰ, 2013b).

Ауылдық және шалғай жерлердегі білім беру қызметтерін көрсетуді жақсарту туралы нақты стратегиялық жоқтығы білім беру жүйесінің жалпы нәтижелілігіне кедергі жасайды. Шағын жинақталған мектептер барлық мемлекеттік мектептердің жартысына жуығын құрайтынына қарамастан, олар электрондық оқыту бағдарламасы және қаржыландырудың жаңа жүйесі сияқты үлкен стратегиялық бастамалардан шығарылған. Осыдан басқа, сарапшыларға мектептердің желілерін біріктірудің қандай болса да алдағы жоспарлары туралы белгілі емес, ал мектептер арасындағы қызметтестікке ресурстық орталықтар құру бойынша таяудағы бастамалар сияқты себептесу үлгілері, олар әлі де болса шектеулі. Шағын жинақталған мектептерге қатысты нақты стратегиялық көрінулердің жоқтығы Қазақстандағы ауылдық жерлердегі білім берудің ұзақ мерзімді тұрақтылығына және әділдігіне қатер туғызады.

Шағын жинақталған мектептерде оқытындарға сапалы білім беруге қол жетімділікті жақсартуға бағытталған ресурстық орталықтарды құру ең жоғары деңгейдегі нәтиже алу үшін мұқият жоспарланған жоқ. Жүйелерді құру кезінде білім берудің ресурстық орталықтарын құру орындалатын орынды талдау үшін мектептерді картаға түсіру жүргізілген жоқ, ол жерде мектептерді біріктіру аса қолайлы нұсқа болып табылады, және ол жерде шағын жинақталған мектептерді сақтап қалу қажет. Мұндай жұмыс ресурстық мектептердің жүйелеріне қажетті кадрлық және қаржылық ресурстардың ресурстарының деңгейін тиісті жоспарлау үшін қажет. Содан басқа, шағын жинақталған мектептермен оларға аса пайдалы болатын қолдау түрлері туралы кеңес беру жүргізілген жоқ. Оның үстіне ресурстық орталықтар қазіргі уақытта шағын жинақталған мектептердің тек 10% көмек көрсетеді. Толық қамту қамтамасыз етудің мерзімі мен бағасы белгісіз. Осы бастамалардың әлеуетті әсерлері сондай-ақ олардың құрылымдарымен шектелінеді. Бастамалардан оқытудың негізгі кезеңдері шығарылған болатын, ол 8-9 сыныптарда оқытындарды ғана қамтитындығына байланысты. Ресурстық орталықтар жағынан барлық сыныптарды қосу үшін тұрақты күш салу қажетті болады. Ұқсас түрде, мұғалімдер мен шағын жинақталған мектептердің басшылары мен ресурстық орталықтардың арасындағы өзара қызметтестікті тағы да кеңейтуге болатын сияқты.

### ***Елеулі нәтижелік еместігінің болуы кадрлармен басқаруға кедергі жасайды***

*Мұғалімдер мен мектеп басшыларының нақты стандарттарының жоқтығы олардың әлеуетін төмендетеді*

Қазақстанда мұғалімдер мен мектеп басшылары стандарттарының ұлттық жүйесі және нақты және ықшамды мәлімдемелер немесе мұғалімдер мен мектеп басшылары нені білуі және не істей алуы керектігінің сипаттамасы жоқ. Оқыту, дамыту және мұғалімдер мен мектеп басшыларына сыйақы беру тәсілдері дамыған оқыту және мектептік басшылықты сипаттайтын жалпы түсінік пен кәсіптің стандарттарының жоқтығын әлсіздендіреді. Мұғалімдер мен мектеп басшыларының стандарттары педагогикалық кадрларды даярлау және кәсіби дамыту жүйесі неге ұмтылуы қажеттігі туралы болжалдарды нақты анықтайтын пайдалы механизмдер болып табылады. Олар сондай-ақ кадрларды таңдау үрдісі үшін негіз, олардың біліктілігін бағалау үшін сенімді анықтамалық материал (оларды аттестаттау кезіндегі сияқты), қызмет бойынша көтерілу үшін негіз және кәсіби даму бойынша басшылық болып қызмет атқарады. Нақты стандарттардың жоқтығы кәсіби дамыту және кадрды бағалауға тарту кезінде қолданылатын өлшемдер мектептер арасында өзгешеленетін тәрізді.

Мұғалімдер кәсіби бойынша соның ішінде мұғалімдерді аттестаттау бойынша (4-бөлімді қар.) Қазақстанда басты реттемелеуші құжат «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары» болып табылады, лауазымдық міндеттер, қажетті қосымша білімдер, біліктілік талаптарының сипаттамаларын қамтиды. Лауазымдық міндеттер мұғалімдердің негізгі міндеттерін жалпы сипаттауды құрайды (мысалы, сабақ жоспарларын дайындау, ата-аналармен қарым-қатынасу); қажетті қосымша білімдер заңды және білім беру аясындағы нормаларды білу; біліктілік талаптары негізгі құзыреттіліктің шағын тізімін анықтайды, карьералық өсудің әртүрлі санаттардағы мұғалімдер ие болуы керек (мысалы, белсенді оқыту әдістері мен формаларын қолдану; оқушыларды бағалау). Олар қазіргі

мектептердегі тиімді жұмыстар үшін мұғалімдерге қажетті құзыреттердің кең диапазонын көрсетпейді. Осындай сипаттамалар мұғалімдердің әрекеттері саласының барлық диапазонын қосуы керек, мысалы, жоспарлау және дайындау, сыныптағы жұмыс, оқыту, және құзыреттердің жете сипаттамаларын беруі керек, оларға осы саладағы мұғалімдер ие болуы және өз жұмыстарында қолдануы қажет (мысалы, нақты және дұрыс қарым-қатынас, оқушылардың тәртіптерін басқару, жұмыс орынын ұйымдастыру, өзінің оқыту жұмыстарын талдау) (2005). оқушылардың мінез-құлықтарын басқару, жұмыс орнын ұйымдастыру, өз оқытушылық жұмысын талдау) (ЭБДҰ, 2005).

«Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары" мектептің басқару құрамының барлық мүшелерінің міндеттерінің ұзын тізімінен тұрады және олар сәйкес болуы керек талаптарды анықтайды. Сарапшылар мектеп басшылары осы ережелермен және олардың мағыналары/мазмұндарымен жақсы таныс екендігін атап өтті. Бірақ нормативтік талаптарды күнделікті жұмысқа байланыстыру және оларды өз жұмыстарының нәтижелілігін жоғарылату үшін қолдану қиын. Нақты стандарттардың жоқтығы мектеп басшылары, негізінде, ресурстармен нормативтік талаптарға сәйкес басқаратын жүйеде алаңдаушылық тудырады, стандарттар нақты нәтижелерді анықтаудың басты құралы болуы мүмкін және мектептердің аса жоғары деңгейіне көшу кезінде мектеп директорларының есептіліктерімен қамтамасыз етеді (2-бөлімде көрсетілген ұсыныстарға сәйкес).

#### *Мұғалімдердің бастауыш даярлығы алаңдаушылық туғызады*

Мұғалімдерді бастауыш даярлығы алаңдаушылық туғызады. Біріншіден, ресми емес деректер бойынша, мұғалімдердің бастапқы даярлығы мектеп жүйесіндегі ең жақсы талапкерлерді тартпайтындығына сілтейді. Бұл төмен еңбекақы, жұмыстың ұйын шарттары және кәсіптің төменгі мәртебесі нәтижесінде оқытушылыққа тартымдылықтың жоғалтқанын көрсетеді. Оның салдары кәсіптің феминизациясының жоғары деңгейі болып табылады, ол ЭБДҰ орташа көрсеткішінен елеулі жоғары. Шын мәнінде, салыстырмалы еңбекақы оқытуды қалайтын адамдардың санына ғана әсер етпейді, сондай-ақ олардың сипаттамаларына әсер етеді. Мұғалімдер корпусының өсіп келе жатқан феминизациясы, соның ішінде, мұғалімдердің ұзақ уақыт ағымында біршама төмендеуіне қатысады (ЭБДҰ, 2005).

Екіншіден, мұғалімдерді даярлау бойынша оқу бағдарламаларының сапасы талап етілмейді. Қазақстанда бастауыш сыныптарда техникалық және кәсіби білім деңгейінде немесе ортаңғыдан кейінгі үшінші білім дипломдарымен сабақ беруге болады. Мұғалімдердің шамамен 12% жоғары педагогикалық білімі жоқ. Оның үстіне, мұғалімдерді даярлаудың көптеген бағдарламалары бар, олар елдің жоғары оқу орындарының 62% іске асырылады, олардың жартысынан төмені мемлекеттік қаржыландыруды алады. Осы аспектілер бастапқы даярлықтың сапасы туралы мазасыздануды жоғарылатады.

Үшіншіден, педагогикалық кадрларды даярлау жүйесі түлектердің аса көп көлемін шығаратын белгісі бар. 2012-2013 оқу жылында педагогикалық колледждер орта білім деңгейінде бастауыш сыныптардың мұғалімдерін даярлау бағдарламалары бойынша 9 223 мамандар шығарылды, жоолар жалпы білім беретін мектептерді сабақ беру құқығы бар 33 371 түлектерін даярлады. Түлектердің саны айтарлықтай болып табылады, ол бүкіл педагогикалық кадрлардың 11,4% құрайды. Әрине, осы түлектердің жартысы ғана сабақ береді, кейбіреуі оқуын жалғастырады (әсіресе педагогикалық колледждің түлектері), ал кейбіреуі білім беру секторындағы немесе басқа салалардағы басқа кәсіптерді таңдайды. Педагогикалық кадрлардың санын назарға алғанда қазіргі сәтте (және оқушылар мен мұғалімдердің ағымдағы арақатынасы), педагогикалық кадрларды даярлау жүйесі талапкерлерді қабылдау кезінде аса талғамалы болу шарты бар. Егер педагогикалық білім беру бағдарламалары аз талапкерлер қабылдаса, және осы талапкерлер мұғалімдік кәсіпке жараса және мұғалім жұмысына қызығушылық танытса, онда ресурстарды аса тиімді пайдалануға болушы еді.

Төртіншіден, педагогикалық мамандықтардың оқу бағдарламаларын әзірлеу бойынша ұйымдастырушылық аспектілердің қатары мәселелеі болып табылады. Педагогикалық білім беру мамандандырудың аса жоғары деңгейі бар; біліктендіру кейде тек бір салада ғана иемденеді,

мысалы қазақ тілінде емес оқыту мектептері үшін физика немесе қазақ тілі мен әдебиет бойынша. Бұл еңбек нарығындағы икемділігін қатты шектейді, педагогикалық біліктілікпен қамтамасыз етілуі мұғалімдерге сұраныстың реакциясын төмендетеді (мысалы, физика мен химия бойынша педагогикалық біліктілік осы екі саладағы бос орындарды толтыру үшін көп мүмкіндіктер беруші еді). Осымен бірге, сараптық топта педагогикалық мамандықтардың оқыту бағдарламаларындағы тәжірибелік даярлау тәжірибелік бөлікке және мектептермен арақатынас сапасына бөлінетін уақытты өсіру арқылы күшейтілуі мүмкін. Кіру талаптарында белгіленген бағалар жоқ, ол мұғалім жұмысына икемділікті анықтауға және кәсіпке деген уәждемені анықтауға мүмкіндік беретін, жооға қабылдау үшін негіз ретінде ҰБТ қалады. Алайда Білім және ғылым Министрлігі қазіргі уақытта педагогикалық білім беру бағдарламаларына түсу үшін арнайы тесттерді әзірлеп жатыр («шығармашылық емтихан»). Осылайша, жоғары білім беру ұйымдары педагогикалық білім беру бағдарламаларын әзірлеу саласында кішігірім дербестігі бар, олар орталық деңгейде басқарылатына байланысты (мысалы, мамандықтар, оқу бағдарламасы, бағдарламаның құрылымы). Дербестіктің жеткіліксіз деңгейі мәселелі сұрақ болып табылады, жоолар мектептердің қажеттіліктерін жақсы түсінеді және оларға тезірек әрекет етеді. Үлкен институциялық дербестігі бола отырып, жоолар мұғалімдерге арналған стандарттардан, оларды педагогикалық мамандықтардың оқу бағдарламаларын әзірлеу үшін негіз есебінде қолдана отырып пайда алады.

*Мұғалімдер мен мектеп басшыларының саны, мүмкін, көп болып табылады*

Сынып мөлшерлері және оқушылар мен мұғалімдердің арақатынасының талдауы, сондай-ақ Қазақстандағы басқарушы кадрларының құрылымы ЭЫДҰ елдеріндегі жағдаймен салыстырғанда, мұғалімдер мен мектептің басшыларының жалпы саны жоғары деп есептеледі (3.1-кестені қараңыз). Тұтас алғанда Қазақстан, мүмкін, мұғалімдердің көп болуын бастан кешіреді, егер ол елдегі шағын жинақталған мектептердің айтарлықтай бөлігімен түсіндірілсе де. Сол уақытта, Қазақстандағы оқушы-мұғалім арақатынасын түсіндіру кезінде кейбір абайлағыштық қажет, мемлекетте мұғалімнің жүктемесі «толық жұмыспен қамту баламасы» ретінде емес, мөлшерлеме бойынша есептеледі, және осы мұғалімдердің көбі толық емес жұмыс күнімен жұмыс істейді (төменге қараңыз). Өңірлер арасындағы сынып мөлшерлері және оқушылар мен мұғалімдердің арақатынасының қарама-қарсылық елдің оңтүстігі мен солтүстігінің арасындағы және қалалар мен ауылдық жерлер арасындағы мұғалімге қажеттіліктердің таңқаларлық айырмашылығын анықтайды. Сынып мөлшерлері және оқушылар мен мұғалімдердің арақатынасы елдің оңтүстігінде және екі ірі қалаларда бәрінен жоғары болса (Алматы және Астана қалаларында, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда және Маңғыстау сынып мөлшері 20 жоғары облыстарында), олар елдің солтүстігінде бәрінен төмен (Ақмола, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында сынып мөлшері 14 төмен). Бұл сондай-ақ елдегі мұғалімдердің мобильділігінің төмен деңгейін көрсетеді. Мұғалімдердің, жалпы, көптігіне қарамастан, кадрлардың тапшылық жағдайы да бар. Бұл көбінесе математика сияқты пәндер бойынша ауылдық жерлерде болады (АТО, 2014).

Сондай-ақ, кадрлық қамтамасыз ету талаптарына сәйкес, мектептер директордың орынбасарларының айтарлықтай санын жалдауы қажет. Директорлар олардың міндеттерін атқаруда оларды қолдайтын қызметкерлердің санын анықтай алмайды. Оның орнында әрбір мектепте оның мөлшеріне қарамастан директордың орынбасарлары міндетін және санын бекітетін нормативтік талаптардың толық тізімі бар. Осылайша, директорлардың өзінің басқару стилі негізінде басқару командасын құру, басқарушы міндетін атқаруға арналған әлеуетті мұғалімдердің сипаттамалары мен мектептердің белгілі уақыт кезеңінде анықталған қажеттілігі мүмкіндігі шектелген. Басқару құрамының мөлшері, мүмкін, жоғары баламалы шығындарды есепке алғанда көп болады. Сондай-ақ, мектептің басқару қызметкерлерінің шағын жинақталған мектептердегі мұғалімдер мен оқушылардың арақатынасы өте жоғары. Мысалы, сарапшылар шамамен 150 оқушысы, 20 мұғалімі және 7 басқарушы қызметкері бар мектепке барды. Қазақстандағы басқарушы құрамның мөлшері ЭЫДҰ елдеріне қарағанда айтарлықтай жоғары. Бұдан басқа, міндеттерді бөлгенде кейбір қосарланушылық және шектен тыс фрагменттеу бар. Мысалы, екі тілде оқытатын мектептерде, әрбір тіл үшін өзінің сәйкес оқыту-тәрбиелеу жұмыстары бойынша орынбасарлары бар, егер ол бір адам болса да екі тілде жұмыс істеуі мүмкін. Директор орынбасарларының басқа міндеттерді атқаруы үшін 9-сағаттық шектеулігі, мысалы, сабақ беру



немесе қосымша төленетін тапсырмалар, мектеп директорларының мүмкіндіктерінің басқару міндеттерін тиімді бөлуін төмендетеді (4-бөлімді қараңыз). Сабақ беру мектептеріндегі сыныптық жұмыстардың шындығы туралы мәліметтенуіне мүмкіндік береді және олардың жағдайын және басқа мұғалімдер алдында абыройын нығайтады, олар басқаруға және мектепте басшылық етуге кетіретін уақытты алады.

*Кадрлық қамтамасыз етудің тиімсіз деңгейі сабақ берудің сапасын төмендетеді.*

Қызметкерлердің көп мөлшері еңбекті төлеуге бюджеттің көп бөлігін қолдануға, бюджеттің қатаң шарттарын құруға және инвестицияны басқа салаларға ығыстыруға алып келеді. Мектеп директорлары, мұғалімдер оқыту міндеттерін бөлгенде оқу бағдарламаларының ұлттық нормаларына еруі қажет және олардың ұлттық нормалармен анықталған еңбекақысын, қызметкер шығындарын өзгерте алмайды, тұрақты белгіленген шығындар болып келеді. Ауылдық жерлердегі мектептердің шығындардың шамамен 93% еңбекті төлеу үшін пайдаланылады. Бұл бюджеттер өте қатаң екенін білдіреді, және директорлардың - ресурстарды басқару және мектепті дамытуыды қаржыландыру үшін оңтайландыру мүмкіншілігі аз. Шағын жинақталған мектептердің директорларының кейбіреуі сарапшыларға еңбекақы және негізгі коммуналдық қызметтер (мысалы, жылу беру және электр қуаты) үшін ғана қаржыландыру алғандарын, ал кітапханаға кітап алу үшін, Ғаламторға шығу және оқу жабдыктарына бюджет болмағанын мәлімдеді. Осылайша, кадрлық қамсыздандырудың тиімсіз деңгейі аса мазалаушылықты шақырады, сондықтан баламалы шығындар жоғары, инвестицияның шектеулі әсері басқа ресурстарда өте жоғары.

Ресурстардың шектілігін есепке алғанда, кадрлардың көбісі олардың сыйақы алуын жақсартуына және кәсіби дамуына себептеспейді. Қазақстан еңбекақының төмендігі кәсіптің тартымдылығын төмендететінін мойындады, және соңғы жылдары мұғалімдердің жалақысын жоғарылату үшін кейбір қадамдар қабылданды. Жалақы айырмашылығы оларды ары қара жоғарылату қажеттігіне көрсетіп, жоғары болып қалды (төмен қараңыз). Бірақ мұғалімдердің көптігі жалақыны айтарлықтай жоғарылату мүмкіндіктерін шектейді. Сонымен қатар барлық педагогикалық кадрларды мамандандыруға салымдар кадрлық қамсыздандырудың ағымдағы деңгейіне күмән келтіреді, мамандық дамудың бағасы мұғалімдердің санына тура пропорционал.

Мектептердің тиімді жүйесі жоғары сапа мен жақсы дайындалған кадрлардың, жеткілікті білім беру ресурстары мен нысандардың және оқуға дайын уәждеделген оқушылардың дұрыс үйлесімі талап етіледі, және ресурстар осы үйлесімді қамтамасыз етуге болатындай бөлінуі қажет. Ресурстар шектелген, және елдердің оларды аса көп ісер ететін жаққа бағыттау мүмкіншілігінің мәні бар. Тұрақты ымыра, білім берудің еңбек шығындарына қатты ісер етеді, сынып мөлшерлерін анықтайды ұсынады: шағын сыныптар мұғалімдердің көп болуын қажет етеді, сынып мөлшерлерін өсіру сабақ беру сапасын жоғарылату үшін кейбір ресурстардан босатуы мүмкін. Зерттеулер сабақ берудің сапасын жоғарылату сыныптардың шағын мөлшерлеріне қарағанда оқушылардың жетістікке жетуіне көп әсер ететіндігін көрсетті (Ривкин, Ханушек және Кейн, 2005).

*Мұғалімдерді мөлшерлеме жүйесі арқылы жалдау уайым шақырады*

Негізгі сияқы тікелей мұғалімнің сабақ кестесінің ауырлығына тікелей байланысты болғанда (мөлшерлеме жүйесі), Қазақстандағы мұғалімдерді жұмысқа орналастыру тұжырымдамасы уайым шақыру көзі болып табылады. Жуырдағы ЮНИСЕФ өткізілген кадрларды жетілдіру, жинау және мұғалімдердің Орталық және Шығыс Европа және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдеріндегі (ЦВЕСН), өңірдегі мөлшерлеме жүйесі талқыланды (ЮНИСЕФ, 2011). Онда төменгі негізгі еңбекақы болған жағдайда (Қазақстандағы сияқты, төменіректе қараңыз) «мөлшерлеме жүйесі, мұғалім мамандығын мұғалімдерді шамадан тыс жүк арқалауға мектеп ішінде және одан тыс жерлерде қосымша жұмыс немесе табыс көздерін іздеуге итермелейтін, ішінара жұмыспен қамту жұмысына айналдырды. Бұл Қазақстандағы кейбір мұғалімдердің өте көп білім беру жүгін арқалауға және кейбірлерін сабақтан кейін оқушыларға жеке репетитор сияқты жұмыстарды жүргізуге итермелейді.

Шектен тыс оқу жүгі немесе қосымша жұмыс мұғалімдердің мектептің басқа жұмыстарына, мысалға әріптестерімен бірлесу, өз тәжірибесін зерттеу, аз тәжірибелі мұғалімдерге жетекшілік ету, ата-аналармен әңгімелесу және кәсіби даму іспеттес жұмыстарға аз мүмкіндік қалдырады. Бұл мұғалімдердің сабақ аяқталғаннан кейін мектеп қабырғасында қалмау еркімен қиындай түседі және ол олардың білім алушылармен жұмысын шектейді. ЮНИСЕФ (2011) есептілігіне сәйкес «білім алушыларға білім беруге күшейтуге бағытталған көптеген бастамалар, мөлшерлеме жүйесінің шегін қосымша ұстаздық жұмыспен сәйкестігін аса ескермейді». Бұл «сабақтарға асқан дайындықты қажет ететін оқушыларға білім беруге бағытталған әдістерге асқан немқұрайлықты немесе оқушыларға форматы баға қоюға» алып келуі мүмкін. Сондай-ақ Қазақстанда қазір болып жатқан, мұғалімдік мамандықтарда дәптер тексеру, сынып жетекшілігі, пәнді тереңдетіп оқыту сияқты тапсырмаларға еңбек ақының неге жеке төленетіндігі түсініксіз. Келесі маңызды сұрақ мұғалімдердің өздерінің пәндері бойынша дайындалу уақытының жетіспеушілігінде. ЭЫДҰ (ЭЫДҰ, 2014b), келесі баяндамасында көрсетілгендей, мөлшерлеме жүйесінде де, тапсырмалар тізілімінде де сабақтарға дайындалуға кеткен уақытқа қосымша ақы төлеу қарастырылмаған. Шамадан тыс сабақ кестесі немесе қосымша жұмысы бар мұғалімдерге сабақтарға тыңғылықты дайындалу қиын.

ЭЫДҰ (2014b) қортындыланғандай, мөлшерлеме жүйесі мұғалімдердің артықтығы аса көп, қалалық жерлердегі мұғалімдерді тиімсіз жағдайға қойуы мүмкін. Аз тәжірибелі мұғалімдер өздеріне тығыз сабақ кестесін алуды қиын санауы мүмкін (олардан да тәжірибелі мұғалімдерге көп көңіл бөлінгендіктен) соңында мұғалімнің сабақ кестесінің тығыздығы бір стандартты сабақ кестесінің болуы мүмкін (бір мөлшерлеме) ол өз кезегінде олардың табысын төмендетіп және атқаратын жұмысына қызығушылығының болмауына алып келеді (ЭЫДҰ, 2014b).

*Мұғалімдердің және мектеп басшыларының төменгі айлықтары уақытты тиімсіз пайдалануға алып келеді*

Қазақстандағы мұғалімдерге айлық еңбек ақы беру құрылымының күрделі болуынан мұғалімдердің еңбек ақысына талдау жасау оңай емес. Сонымен қатар, еңбек ақы мөлшерінің төмендігі мұғалімдермен қоса білім беру ұйымдарының басшыларына да қатысты болуы қуантады. ЭЫДҰ Қазақстандағы мұғалімдердің еңбек ақысын беруге егжей-тегжейлі талдау жасалған. Ол еңбек ақының (мұғалімдердің көп жылдық еңбек өтіліне және біліктілік деңгейіне байланысты болатын еңбек ақы) өте төмен екенін анықтады. Мысалға, 2011 жылы Қазақстандағы жоғарғы білімі және 15 жылдық жұмыс өтілі бар мұғалімдердің бір сабақ кестесімен (бір мөлшерлеме) негізгі еңбек ақысы 75 және 70 пайызға бастапқы және орта білім беру саласында төмен. Мұғалімдерге ақы төлеу орташа жұмыскердің еңбек ақысынан асады егер ол 1,5 мөлшерлеме (27 білім беру сағаты) жұмыс істесе, бірінші деңгейге жеткен болса және қосымша тапсырмалар үшін еңбек қайтарымдарының тізімін алса (сынып жетекшілігі, дәптерлерді тексеру, арнайы сыныптарға жауаптылық, кешкі оқулар, интернетті пайдалану, әдістемелік кабинетке басшылық жасау немесе пән бойынша басқа да тапсырмалар мен міндеттерді атқарғанда). Мүмкін бұл оның еңбек ақысы орташа жұмыскердің еңбек ақысынан 11 пайызға (бастауыш сыныптарының мұғалімдері үшін) және 34 пайыз (орта мектептің мұғалімдері үшін) ғана артуы үшін бір жоғары білімді мұғалімге негізсіз тапсырмалар тізімі болатын шығар (5 кестені қараңыз, 10 ЭЫДҰ, 2014b). ЭЫДҰ (2014b) көрсетілгендей, бұл моделдеу қоршаған ортасы немесе жұмыс орны қосымша жұмыстарды жүргізуге немесе уақыт бөлуге мүмкіндік бермейтін, мұғалімдер үшін негізгі еңбек ақының жетіспеушілігін көрсетеді. Дүниежүзілік банктің мәліметтеріне сәйкес 2013 жылғы мұғалімдердің негізгі еңбек ақысы 35 747 (KZT) теңгені құраған, білім беру саласындағы орташа еңбек ақы мөлшерімен 68 971 теңге салыстырғанда. Еңбек ақының бұл көрсеткіштері осындай біліктілікті талап ететін басқалардан айтарлықтай төмен: банк және денсаулық сақтау саласындағы орташа еңбек ақы 210 000 және 81340 теңгені құрайды (Дүниежүзілік банк, 2013).

Жоғарыда көрсетілгендей, мұғалімдердің төменгі еңбек ақысының деңгейі (мөлшерлеме бойынша) көптеген мұғалімдерді аптасына өте көп сабақ беруге итермелейді, ал кейде белгіленген шектен 27 сағат аптасына тыс. Бұл еңбек ақы тұрмысқа жетпейтін қалаларда уайым тудырады. Кейбір мектептер және жергілікті билік органдары бұл мәселені қарастырған. Сонымен, мұғалімдердің негізгі еңбек ақысының көбейуі мұғалімдердің апталық білім беру кестесінің тығыздығын төмендетуге және білім берудің сапасын арттыруда жасырақ мұғалімдерді

пайдалануға ықпал етеді. Бұған Астана және Алматы сияқты үлкен қалаларда қол жеткізу мүмкін болмағанымен өңірдегі көптеген жерлерде қол жеткізуге болады.

Мұғалімдердің негізгі еңбек ақы мөлшерлемесінің әр түрлі қосымша функцияларға және «жоғарғы деңгейге дейін» карьералық өсуінің де болуы анық. Бұдан басқа, мұғалімдерге ақшалай бонус беру де тар критерилерге ҰБТ қортындысына немесе олимпиадаларға байланысты болуда, ол тек аса дарынды оқушылардың мұғалімдері үшін ғана қол жетімді (ЭЫДҰ, 2014b). Мектеп басшылары сәйкес қызметтегі мамандықтардан төмен еңбек ақы алып қана қоймай, олардың еңбек ақысының мөлшері мұғалімдердің еңбек ақысынан аспауы мүмкін. Басшы жұмыскерлердің еңбек ақысының өсуі түсініксіз: мектеп басшылары жақсы еңбек ақы немесе жұмысы үшін тиісті марапаттауды ала алмауы; олардың орташа еңбек ақысын есептеу үшін нақты мәліметтер жоқ. Бастапқы еңбек ақы дифференциалы: жаңа директорлар директордың орынбасары болып қайта тағайындалған орынбасардан шамамен 8% артық табыс табады, ол сәйкесінше жас мұғалімдерге қарағанда 32% артық еңбек ақы алады. Дегенмен тәжірибе жүзінде еңбек ақы мөлшеріне талдау жасау қиын. Мектеп директорларының бастапқы еңбек ақысын мұғалімдердің бастапқы еңбек ақысымен салыстыруға болмайды, директор болу үшін кем дегенде 6 жыл жұмыс тәжірибесінің болуын ескере (орынбасар болып 3 жыл және тағы да 3 жыл мұғалім болып). Бұдан бөлек сарапшылармен сұхбат алынған барлық мектеп директорларының орынбасарлары аптасына 9 сағат сабақ берген, оған қосымша еңбек ақы алған, мысалға берілген категориясы үшін. Олардың еңбек ақысы жұмыс өтіліне байланысты болғандықтан мектеп басшыларында олардың еңбектері ескерілмейтіндіктен және қосымша ақы төленбейтіндіктен жоғары деңгейге жетуге деген құлшыныстың болмауы мүмкін.

### ***Мектептердің инфрақұрылымының жағдайы алаңдатады.***

Қазақстандағы мектептерге тиісінше инвестиция бермеу және модернизациялау жаңартуды қажет ететін көптеген нысандардың пайда болуына алып келді. Қыста нашар жылытылатын ескі ғимараттар, немесе оларды жылыту қымбатқа түсетін, білім алушылардың денсаулығына және олардың әлемдегі өте салқын климаты елінде білім алу мүмкіндігін төмендетеді. Елдің кейбір бөліктерінде үш ауысыммен оқыту жалғасуда және екі ауысымда оқыту күнделікті жағдай болып қалыптасқан. Қазақстанның ауылдық елді мекендерінде ғимарат ішінде дәретханасы жоқ мектептер кең тараған. Соңғы жылдардағы жұмсалған күш-қуатқа қарамастан көптеген мектептерде негізгі жабдықтар мен оқу материалдары жоқ. PISA-2012 зерттеуінде директорлар мектептің материалды-техникалық базасының білім алу деңгейіне әсер етті ме деген сұраққа жауап берілері тиіс болды (3.4 суретті қараңыз) (ЭЫДҰ, 2014b). Үштен бір және жартысынан көп мектептердің директорлары мектеп алаңдарының және кабинеттердің жетіспеушілігін, желдету және жылыту жүйелерінің жоқтығын немесе білім алу нысандарының олардың білім беру деңгейіне әсер ететіндіктерін айтты. Жартысынан көбі білім беру ресурстарының жетіспеушілігінің (мысалға, ғылыми зерттеу жабдықтары, компьютерлер, интернет желісінің болуы, программалық қамтылу) олардың білім беру деңгейіне әсер ететіндіктерін айтты.


Халықаралық зерттеулер қорытындысы материалды-техникалық базаның төменгі стандарттарға сәйкес келмеуінің үлесі бар дейді. Бар мәліметтер маңызды нысандардың болмауы білім алуға әсер ететіндігін көрсетті (Мурийо и Роман, 2011; ЭЫДҰ, 2013a)<sup>13</sup>. Басқаша айтқанда, тиісінше материалды-техникалық базаның болуы және заманауи оқулықтар білім беруде жақсы жетістіктерге жетуге кепілдік бермейді, бірақ мұндай ресурстардың болмауы кері әсер етеді. Нашар жобаланған және тиісінше қызмет көрсетілмейтін мектептер (акустикасы төмен, АҚМ пература реттелмейтін, ауа сапасымен және жарық берумен қамтылмаған) жиі төмен көрсеткіштерді көрсетеді (Хиггинс және басқалары, 2005). Одан бөлек мектептер қоршаған

<sup>13</sup> Латын Америкасының 15 елдері бойынша Мурийо мен Роман зерттеулері көрсеткендей, Кубаны қоспағанда, базалық инфрақұрылым мен көрсетілетін қызметтер (сумен жабдықтау, электр, арналық кәріз), оқу объектілері (спорт объектілері, зертханаар, кітапханалар) және кітапханада кітап саны мен мектепте компьютер саны оқушылардың оқу үлгеріміне ықпалын тигізеді. Осы нәтижелер елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын және отбасының мәдени сипаттамаларын, аумақты және елді дамытудың әлеуметтік-экономикалық сипаттамаларына түзету жүргізген соң да дұрыс болады (Мурийо және Роман, 2011).

ортаның білім беру атмосферасын қалыптастыратындықтан, мектептердің жағдайы тұрғындарға білім берудің маңыздылығын көрсету мүмкін.

### 3.3-сурет Мектеп директорларының материалды-техникалық базаның және білім беру ресурстарының жеткіліктігі бойынша ойлары

Бұл құбылыстар балалардың білім алу деңгейіне «кей деңгейде» немесе «қатты» әсер етеді деп жауап берген директорлардың, мектептерде білім алушылардың пайыздық үлесі



Дереккөз: ЭЫДҰ (2013а), Нәтижелері PISA-2012: мектептерді не сәтті етеді (IV том): ресурстар, саясат және тәжірибе PISA, ЭЫДҰ Publishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264201156-en>.

### Саясат жөніндегі ұсынымдар

**Әлеуметтік жағдайы төмен және үлгерімі нашар оқушылар мен мектептерге көбірек ресурстарды бөлу**

*Әділеттік тұжырымдамасын білім беру саласында қабылдау*

Білім алудың тиімділігі жайлы Қазақстандағы ағымдағы талқылау білім берудегі кең көлемді тұжырымдаманы қабылдауға мүмкіндік береді, және ол білім алушылардың нәтижелерін жақсартуда күшті құрал болуы мүмкін. ЭЫДҰ елдерінде білім алу жүйелері білім алушыларға олардың білім алуда үлгерімді болуы туралы ойды қарастыруда. Бірдей нәрселерге біркелкі қол жетімділікті дамыту бойынша ойды дамыту қалыптастырылуда. Әділеттілікке бағытталған білім беруде әр түрлі мамандық қажеттіліктеріне негізделген. Мектептердің сәтсіздігі енді тек жеке білім алушылардың үлесіне байланыстырылуда (мысалға, дарын, мотивация, әлеуметтік-экономикалық деңгейі), сонымен қатар мектеп тарапынан қажетті қолдаудың болмауымен, мектептің білім беру жүйесімен байланыстырылуда.

Дегенмен ЭЫДҰ елдерінде әділеттілікті анықтаудың біркелкі анықтамасы жоқ, ЭЫДҰ елдері үшін білім беру жүйесінде білім алушыларға жеке көз қарастың болуымен деңгейленеді (ЭЫДҰ, 2012). Инклюзивті көз-қараспен қару кем дегенде төменгі қабілетке бағытталған. Білім берудің әділетті жүйелері инклюзивті көз-қарасты қолдамайды және білім алушыларды олардың білім алу потенциалында қолдайды, формалды және формалсыз кедергілерді қалыптастырмай. Әділеттілік жеке немесе әлеуметтік-экономикалық міндеттемелер, жыныстық, этникалық, отбасындағы

жағдай, білім алуудағы жетістіктерге жетуде кедергі болып табылмайды. Бұл әділеттіліктің екі мысалы жиі сәйкес келеді.

Қазақстанда бұдан да көп критерилерді қабылдау қажет. Әр елдің немесе өңірдің шарттары жеке, және сан алуан критерилер қолданылады. Кейбір құрамалар, қосымша қолдауды қажет етуші мектептерді анықтауда қолданылатын (ЭБДҰ, 2012): i) нәтижелерін қосады (білім беру жылдарындағы, білім алу деңгейінің артуына бағытталған); ii) адами және физикалық капитал (қаржыландыру, нысандар, кадрлар, басшылық); iii) білім алушылар контингентінің мінездемелері (әлеуметтік-экономикалық, көші-қон, топты анықтау, тілдік кедергілер, асқан қажеттіліктер); iv) мектеп контексті (мысалға күш көрсету); және v) география мен жер бедері. Бағытталған шараларды қолдану – бұл көп мәліметтерді өңдеуді қажет етуші әрекеттер жүйесі.

*Әділеттілік призма арқылы ағымдағы ресурстарды анықтауды көру*

Білім берумен қамтамасыз етудегі жоғарғы көрсеткіштерге жету үздіксіз жұмсалған күш нәтижесінде пайда болады. Қазақстанға келер болсақ, ресурстарды таратуда жетіспеушіліктерге тәуелсіз талдау жасау әділеттілікке айтарлықтай әсер етуші реформаларға жол ашуы мүмкін. Бұндай талдау жүргізілгеннен кейін қоғаммен оларға талдау жасап нәтижесін жариялау қажет. Білім беру органдары әділеттілікті әр деңгейде қарастыруы тиіс, және өз саясатын қажетінше ұштастыруы тиіс. Бұл, НЗМ білім беру және инновациялық қоғамдастығы жеке жариялануы тиіс.

*Үлгерімі төмен және жағдайы нашар білім алушарар мен мектептерді қолдау механизмін әзірлеу*

Білім алу құнының айырмашылығы ресурстарды бөлуде ескерілуі тиіс. Ресурстар мектептер мен білім алушыларға әр түрлі әдістермен бағытталуы мүмкін және көптеген елдерде келесідей механизмдер қолданылады:

- Мектептерге ресурстар құлдырау қаржыландырылу формуласы негізінде бөлінеді (төменіректе қараңыз). Қосымша ресурстар мектептерге білім алушыларды жақсырақ қолдауға мүмкіндік береді, мысалға, қосымша оқыту уақытын қосу арқылы, мамандандырылған материалдар және кей жағдайларда сыныптардың кішкене көлемін ұлғайтуға. Мысалға, Нидерландыда әр бір білім алушының «үлесі» ата-аналарының білім деңгейімен анықталады, және Ладд и Фиске (2009) жүргізілген эмпримистік зерттеулер мектептердегі «өлшенген» білім алушылардың шын мәнінде 58%-ға бір оқушыға мұғалімнің артықтығын көрсетті. Ұлыбританияда 2011 жылғы сәуірден бастап, мектептер қосымша жылына бір білім алушыға 430 фунт стерлинг алатын болған, ол өз кезегінде тегін тамақтануға құқылы.
- Қолдаудың арнаулы бағдарламалары әр түрлі мектептерге немесе қолайсыз географиялық аумаққа бағытталуы мүмкін. Кейбір елдерде арнайы бағдарламалар бар, мысалға, негізгі оқуда немесе білім беруді дамытуда әрекет ету (4.2 Қосымшасын қараңыз). Францияда, мысалға, ежелден келе жатқан арнайы білім беру үрдісі бар. Дегенмен, қосымша бағдарламаларды шамадан тыс қолдану қайталануға, қаржыландырудағы қиындықтарға, шамадан тыс сөзбұйдалыққа, тиімсіздікке және мектептердің ұзақ мерзімді тұрақтылығының болмауына алып келуі мүмкін (ЭБДҰ, 2012).
- Оқушыларға тікелей қолдау көрсету, мысалға, білім алуды жалғастыруға ынталандыру. Ынталандыру білім алушылардың қажеттілігі үшін асқан тиімді болуы мүмкін. Кейбір елдер мысалға, Мексика және Англия, білім алушылар үшін қаржыландыру бағдарламаларын іске асыруда жетістіктерге жетуде (Славин, 2010).

## ***Мектептерді қаржыландырудың жаңа моделін ауқымды енгізу және қайта қарау мерзімін ауыстыру***

Мектептерді қаржыландырудың жаңа моделін жетілдіру үшін бүкіл ел бойынша енгізбес үшін зерттеу жүргізу тиімді болар еді. Шынымен, алдын ала енгізу дұрыс әзірленбеумен, түзету өте қиын формуламен байланысты қауіп тударады. Бұл бүкіл ел бойынша енгізу кейінге қалдырылуы керек екендігін көрсетеді. 2015 жылдың басында 2018 жылы толық енгізу шешілді.

Формула құрылымы жоғарыда көрсетілген мәселелерді қамтуы керек. Формула мұғалімдерге және олардың еңбек ақысының қажеттіліктеріне емес, оқушыларға және олардың қажеттіліктеріне бағытталуы тиіс (3А.1 қосымшаны қараңыз). Кей кездері формула анықталған білім алушылардың нақты қажеттіліктерін қамтуы тиіс. 3.А2 қосымша Польша және Латвиядағы формуланың басты бөлшектерінің мысалын құрайды. Әрине, бұл қазақстандық сарапшылардың жауапкершілігінде, қандай оқушылар формулада көрсетілуі керек және олардың үлесі қанша деген сұраққа жауап беретін. Кейбір негізгі сұрақтар қазірдің өзінде қалыптастырылуы мүмкін:

- Формуланы қарапайым етіп және икемді ету қажет. 3.А1 Қосымшасында көрсетілгендей мұғалімдердің еңбек ақысын қалыптастыруда бөлшектер өте көп және Қазақстан сияқты, елдерде қаржыландыруды түзету үшін икемділік жеткіліксіз.

- Формула білім алушылардың әлсіз санаттары үшін ерекше жағдайлар келтіру қажет, мысалға этникалық азшылықтар санынан оқушылар, кедей, білім алушы мигранттар және ерекше қажеттілікті талап етушілер тізімін қарастыру. Егер басында сәйкес коэффициенттердің мәні аз болса да, уақыт өткен сайын бұл Министрліктің әр түрлі әлеуметтік топтардың білім саласында проблемаларды шешу бойынша саясатына маңызды құрал болуы мүмкін.

- Формула әр мектеп бойынша еңбек ақыны спецификалық қажеттіліктерін көрсетпеуі тиіс, себебі ол орындалмайтын тапсырма және өте қиын да, күрделі формулаға алып келеді. Оның орнына қаржыландыру моделі кейбір жергілікті ерекшеліктерді ескеруі тиіс. Әрекет етудің бірден бір тәсілі болып Литва моделімен жүру болып табылады, ол формуламен мектептерде бөлінген қаржыны шектелген қайта бөлуді енгізуге жол береді (3.А2 Қосымшаны қараңыз).

Қаржыландыру жүйесін бүкіл ел бойынша енгізуді кейінге қалдыру енгізу деңгейі Қазақстан бойынша кез келген қалада және ауданда білім саласында қауіпсіз болуы және жағдайды қиындатпау үшін қажет. Осы дайындық үшін кейбір қажетті дайындықтар келесідей анықталуы мүмкін:

- 2014 жылы өткізілген пилот, қаржыландырудың жаңа үлгілері мен бюджеттендірудің жаңа процедураларының (соның ішінде қамқоршылық кеңестері рөлдері) мақсаттылығы мен пайдалылығы жөнінде жеткілікті ақпарат берген жоқ. Мониторингтің тәуелсіз жүйесі бар пилот үшін барынша мұқият күш салу өте пайдалы болар еді. Мониторинг қорытындылары қоғам үшін қол жетімді болуы тиіс, ал одан алған сабақтар ұсынылған тәсілдеменің шешуші өзгертулеріне енгізіледі.

- ШЖМ формулаға енгізілуі Қазақстанның жалпы орта білім жүйесінің, әрқайсысында қаржыландырудың жекелеген үлгілері болатын, екі жеке бөліктерге бөлінуіне кедергі жасайды. Дегенмен, әрине, қаржыландырудың жаңа үлгісін тек кәдімгі мектептерде енгізу жеңіл болады, алынған бөлінумен реформа процессінің ең кешеуілдеген кезеңдерінде істес болу өте қиын.

- Ешбір формула ұлттық үлгілеусіз енгізу үшін қауіпсіз болып саналмайды. Үлгілеуді орындау үшін қажетті жұмыстар, деректер жинау тұрғысынан қарағанда бөлуді есептеуге, олардың ыңғайлы формаға орналастыру мен барлық қажетті есептеулерді орындауға қажетті жұмыстарға өте ұқсас болады. Маңызды белгілей кететін жай, бұл екеуі де мектептер немесе аудандар бойынша жеке бөлуді ұлттық бюджеттегі білім берудің жалпы конвертімен байланыстыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, үлгілеу шешім қабылдаушылар үшін көмектесіп қосылған құнды иеленеді, нақты коэффициенттерді ұсынып әртүрлі ұсынылатын бөлу сценарийлерін талдауға, өзгертулерді қайта қарауға және әлеуетті жаңа факторлардың формуладағы әсерін көру мүмкіндігін иеленеді.

- Бөлу коэффициенттері эмпирикалық талдау негізінде, бөлу әдісі қазіргіден, тарихи құралған ресурстарды бөлуден өте түбегейлі өзгешеленбейтіндей таңдалуы тиіс. Осы уақытта, реформаторлар ағымдағы бөлу әдісіне ойламай еруге талпынуы қажет емес, өйткені мұны істеу әділетсіздік пен тиімсіздіктің қазіргі элементтерін сақтау болып табылады. Бөлудің жалпы құрылымындағы қажетті өзгертулер мұқият талдау негізінде тұжырымдалуы және жұрт алдында талқылануы тиіс.

- Тек оқу процессіндегі қаражат бөліну формуласына ғана емес, сондай ақ аудандардың барлық оқушыларды қажетті білім беру қызметтерімен қамтамасыз ету талаптарына да ерекше назар аудару қажет (3.А1 Қосымшасын қараңыз). Мектептерді қаржыландыруда аудандар рөлі төмендегенмен де, олар бұрынғыша мектептер таза болуына, жылытылуына, жақсы қамтамасыз етілуі мен жабдықталуына жауапты болады. Сондықтан білім беру жүйесін қайта қарау дайындау процессінің қажетті бөлігі болып табылады.

- Ақырында, білім беруді қаржыландырудың көптеген реформалары өз құрамына өтпелі кезеңді енгізеді, оның ішінде қаржыландыру көлемін жылдан жылға түбегейлі өзгертуді болдырмаудың нақты, буферлік механизмдері енгізіледі. Бұл, жергілікті мекемелер өз шығындары құрылымын жаңа бөлу жүйесіне түзетулері үшін қажетті. Бұдан басқа, мұндай түзетулер, тек егер мектептер мен аудандар бюджеттендіру процессі автономиясының кейбір шамасына келтірілген болса, жасалуы мүмкін.

Қаржыландырудың жаңа жүйесін масштабталған енгізудің тиісті даярлығы оның табысының міндетті жағдайы болып табылады. Бұл, жылдың қаңтарына жоспарланған, бүкіл ел бойынша іске асырылуды кейінге қалдыру қажет екенін, және пилоттық іске асырудың, оны жетілдіру қажеттігін анықтай түсу үшін терең талдау жүргізу қажеттігін білдіреді. Жаңа қаржыландыру үлгісінің мектептерге әсерін өте жақсы түсіну қажет. Осыған ұқсас түрде жергілікті атқарушы органдарға әсерін талдау қажет, өйткені білім берудегі қаржы ресурстарының үлкен бөлігі, жергілікті бюджеттерге тоқтамай, тікелей мектептерге аударылатын болады. Сондай-ақ басқа салаларда да түзетулер қажет болуы мүмкін, мысалы, барлық аудандар өздері тікелей жауапты болатын, білім беру қызметтерінің бөлігін қамтамасыз етуге бірдей қабілетті болуына көз жеткізу үшін (2 Тарауды қарау), қазыналық теңестірудің барынша мақсатты механизмдері есебінен әділдік мәселелеріне көбірек көңіл бөлу қажет (білім беру ортасы, 3.А1Қосымшасын қараңыз).

### ***Мектептер желісін ұйымдастыруды жақсарту***

#### ***Өнімді және тең құқылы мектеп желісін жоспарлауды жақсарту***

Жоспарлау саласында әлеуеттілікті арттырудың мектептердің неғұрлым тиімді және әділ жүйесін жасау үшін шешуші маңызы бар. Мектептер желісін ұйымдастырудың кеңейтілген шолуын жүргізу қажет, оған келесі үш негізгі компонентті қосады: сұраныс (яғни, әлеуетті қамту, оқушылардың қалауы), ұсыныс (яғни, қуатты, сапаны шектеу) және ағымдағы және болашақ экономика мен қоғам динамикасы және қажеттілігі. Қолданыстағы мектеп инфрақұрылымы мен үзмерзімді перспективадағы болашақ сұраныс арасындағы балансты қалпына келтіру қажеттігін растайтын факторлар қазірдің өзінде бар. Ішінара, өсіп отырған оқушылар контингенті бар жерлерде қолданыстағы мектеп нысандарын көбейту бойынша күш салуды жалғастыру қажет, бұл уақытта азайып отырған оқушылар контингенті бар жерлерде мектеп жүйесінің жақсы ұйымдастырылып оңтайландырылуын жүргізу қажет. Демографиялық қажеттіліктерге сәйкес мектеп инфрақұрылымын қайта ұйымдастырудың бірнеше басымдықтары бар. Біріншіден, білім беруді ұсынумен байланысты үлестік шығындар, халық аз орналасқан аумақта мектептерді біріктіру жағдайында елеулі қысқаруы мүмкін, өйткені оқушылар үлкен көлемді сыныптарға топтастырылады, бірнеше нысандарға қызмет көрсету шығындары азаяды. Екіншіден, оқушылар орындарының жеткіліксіздігі байқалатын жерлерде, жеткілікті қосымша нысандар санын жасау жағдайында екі және үш ауысымдық оқытуды пайдалануды қысқартуға, және, осылайша, біраз оқушылардың оқу нәтижелерін әлеуетті жақсартуға болады.

Ауылдық жерлерде білім беруді ұсынуды жақсарту жөніндегі ұлттық деңгейдің стратегиялық көрінуі қажет. Қазақстанның көлемді ауылдық аумағында жайылып кеткен, шағын жиынтықты мектептерді қазіргі пайдалану тұрақсыз және әділдік, сапа және тиімділік мәселелері жөнінде ерекше алаңдаушылық туғызады. Стратегия төрт негізгі компоненттерді енгізуі тиіс: i) мектеп жүйелерін қайта ұйымдастыру; ii) ресурстарды неғұрлым тиімді басқаруға икемділік; iii) ресурстарды ұсыну сапасы мен әділдігін қамтамасыз ету; iv) ауыл мектептеріндегі білім беру сапасының тиісті мониторингі. Мектеп жүйелерін қайта ұйымдастыру кезінде Қазақстанға әр түрлі нұсқалар санын келесі түрде ескеру қажет:

- *Шағын жиынтықты мектептерді жабу және біріктіру.* Білім берудің қамтуына залал келтірмей, қандай ауыл мектептерін жабуға немесе қайта ұйымдастыруға болатынын бағалау үшін, технико-экономикалық негіздеуді даярлауға болады<sup>14</sup>. Шамамен 15-жастағылардың (66%) үштен екісі, директорлары PISA-2012 зерттеуінде осы географиялық өңірде ең болмағанда оқушылар баруға болатын тағы бір мектеп бар екенін белгілеген, мектептерде оқиды (ЭЫДҰ, 2013а). Олардың ішінен көбісі, дұрысын айтқанда, қалаларда болғандықтан және оқушылар онының жеткіліксіздігін байқатып отырғандықтан, мұндай үлкен үлес мектеп жүйелерін біріктірудің біршама мүмкіндіктерінің болуын көрсетеді. Бағалауды жүргізу кезінде сондай-ақ шығындарды (қаржылық, кадрлық және стратегиялық), оқушыларды көлікпен қамтамасыз ету, оларды мектеп-интернаттарға орналастыру және АКТ арқылы білім беруді ұсыну тәрізді әр түрлі альтернативалардың жүзеге асырылуы мен қол жетімділігін ескеру қажет.
- *Мектептер кластерлерін құру немесе көршілес мектептер арасындағы ынтымақтастықты дамыту.* Шағын жиынтықты мектептерді қолдау үшін ресурстық орталықтарды пайдалану бойынша тәуелсіз таладау мен ағымдағы бастаманы бағалауды жүргізу қажет. Алынған нәтижелер негізінде ресурстық орталықта жүйесін бүкіл ел бойынша құруға және олар өздеріне бекітілген шағын жиынтықты мектептерге маңызды тұрақты қолдау көрсете алулары үшін, олардың рөлін қайта қарауға болады. Ресурстық орталықтарды қаржыландыруды екі жеке қаржыландыру ағынына бөлу қажет болады: біреуі алынған оқушылардың негізгі оқулары үшін және екіншісі көмекші функциялар үшін. Қазақстан ресурстық орталықпен қатар, мектеп кластерлерін құру мүмкіндігін немесе ынтымақтастықтың неғұрлым амбициозды схемасын қарастыра алады. Іс жүзінде мектеп кластерлерін жасау біраз елдерде жүзеге асырылды, онда бір-біріне жақын орналасқан мектептер тобы өздерінен кейін өздерінің сәйкестігі мен заңды мәртебесін сақтап қалды (яғни, олардың әрқайсысының өз директорлары мен есеп бойынша өз талаптары бар), бірақ оқушыларға көрсетілетін қызметтерді жақсарту мен шығындарды төмендету үшін, белгілі ресурстарды бірігіп пайдалану жөнінде келіскен.

Мұндай бірігіп пайдаланылатын ресурстар құрамына енгізілуі мүмкін: мұғалімдер (сабақтар мен басқа шараларды бір мектептен басқаларда да жүргізетін), спорттық нысандар (кластерде қатысатын барлық мектептердің оқушылары пайдалана алатын), компьютерлік зертханалар мен басқалары.

- *Бірнеше көршілес ШЖМ бірыңғай басқару командасы бар бір білім беру мекемесінің «серіктері» болып қайта құрылуы.* Бұл мектеп-серіктердің заңды мәртебесі өзгеретінін, және тек мектеп-хабаның бір директоры ғана серіктес ұйымдардың қызметін басқаратынын білдіреді. Осылайша, орталық мектеп пен мектеп серіктерді ұстауға бір бюджет болады. Институционалдық құрылым тек мектеп оқушыларын орталық мектепке көлікпен жетуін ғана емес, сонымен бірге орталық мектептер мұғалімдерінің серіктес

---

<sup>14</sup> 2010 жылы Молдовада орындалған сәйкес алдын ала зерттеу көрсеткендей, қамтудың төмендеуіне байланысты елдің ауылдық мектептерін 29%-ға дейін жабуға болады, оған қоса мектеп біліміне қолжетімділікке зиян келтірілмейді.



ұйымдарға сабақ беруге бару жолдарын, мысалы белгіленген оқу күндері баруын қаттамасыз етуге көмектеседі. Оның үстіне, мұғалімнің жұмыс уақыты немесе жабдықтар тәрізді жаңа білім беру ресурстарын бөлу жөнінде шешім қабылдануы тиіс: олар орталық мектеп немесе мектеп-серіктердің қайсысында неғұрлым тиімді пайдаланылатыны жөнінде. Бұдан басқа, әрбір серік мектеп үшін, онда қандай сыныптар оқытылатыны, мысалы тек бастауыш білім беру немесе толық орта білі берудің қайсысы болатынын шешу қажет. Соныменбұл мектеп директорының дербес шешімі болатындықтан, ресурстарды пайдаланудағы елеулі икемділікке осы ұйымның аясында қол жеткізуге болады.

- Кейбір шалғай жерлердегі оқыту сапасын жоғарылату және қол жетімділікті кеңейту үшін *АКТ пайдалануды кеңейту* мүмкіндігін қарастыруға болады. Ауыл оқушыларына, Канада және Австралия тәрізді бөлінген халқы бар басқа үлкен елдерде жасалғандай, қашықтықтан оқытуды пайдалана отырып, сапалы білім беруді ұсынуға болады (Барбур 2011, Дэвис 2010). Шағын жиынтықты метеп оқушылары веб-сабақтарға қатыса алады, ал мұғалімнің рөлі, негізінен, процессті ұйымдастыру мен оқушыларға қолдау көрсетуден тұрады. Бұл тәсілдеме Бразилияда сыналған, мұнда мектептер «Educopedia» арқылы білім беру онлайн-ресурстарына, - сабақ кестесі бар сандық платформалар мен мектеп бағдарламасына сәйкес іс-шараларға рұқсат ала алады. Бұл платформа алғаш рет Рио-де-Жанейро муниципалитетімен әзірленген және одан бері 680 000 мектеп оқушылары үшін қызмет көрсетуді кеңейтті, және мұғалімдердің 50% бұл платформаны аптасына бір реттер артық пайдаланатындарын көрсетеді. Тұтастай алғанда, қашықтықтан технологиялық қолдайтын оқытуды тиісінше және тиімді енгізу, жүйедегі сәйкес контентті ұсынуды, ауыл мектептерінің мұғалімдерін қайта даярлауды, үйедегі жеткілікті байланыс сапасын енгізе отырып, жете дайындықты талап етеді.

Ауыл мектептеріне, өз ресурстарын неғұрлым тиімді басқарулары үшін көп көңіл аудару және үлкен еркіндік беру қажет. 2-тарауда талқыланғандай, орталық бекітілген нормалардың қолданыстағы жүйесі аса қатаң және сол жерде шешім қабылдайтын адамдарға, олар сапалы білім беруді қамтамасыз етулері үшін, олардың мектептеріне неғұрлым қолайлы болып саналатын ресурстардың мұндай құрылымын анықтауға мүмкіндік бермейді. Мысалы, мектептің күзетшісін немесе директордың орынбасарын жалдау немесе бұл ресурстарды информатиканың тағы бір мұғалімін тарту үшін жұмсау, - бұл ең дұрысы мектеп директорының қабылдауы тиіс шешім (ата-аналар комитеті немесе қамқоршылық кеңесінің келісімі бойынша болуы мүмкін).

Ауыл мектептеріне ресурстарды ұсынудың әділдігі мен туралығы мәселелерін Айқын түрде ескеру міндетті. Мектеп инфрақұрылымын жақсартуға, мұғалімдерді тағайындауға және ақпараттық-коммуникациялық жабдықтармен жарақтандыруға қаражат бөліну кезінде, тиісті түрде жеткілікті қамтамасыз етілмеген мектептердің қажеттілігін ескеру қажет (негізінен ауылдық жерлерде). Мұны орталық ауыл мектептерін қолдау үшін «аффирмативті іс-қимыл» арнайы бағдарламасының көмегімен, мектептер арасындағы ресурстарды бірігіп пайдалануға ынталандырумен немесе мұқтаж отбасылар оқушылары ең көп шоғырланған мектептерге ресурстар мен оқу материалдарын жіберу арқылы жасауға болады. Сондай-ақ ресурстарды бөлуді жақсарту саясатын қарастыру қажет. Мысалы, ауылдық жерлерден қалаға ішкі көші-қонға байланысты, мектеп қамтуындағы өзгерістерді ескеру үшін, оқулықтардың берілу және ауыстыру нормаларын қайта қарау, және қазақ, орыс тілдеріндегі және басқа аз тілдердегі оқулықтардың педагогикалық сапасын қамтамасыз ету.

Сапа және қолдау мониторингінің неғұрлым мұқият механизмдерін жасау қажет. Тек шағын ауыл мектептеріндегі білім беру сапасын нақты өлшегенде ғана, саясат жасаушылар бұл ұйымдар баға мен сапаның жақсы арақатынасын қамтамасыз ете алуын түсіне алады. Оқушыларды оқыту нәтижесінің тереңдетілген бағасы (заманауи әлемдік бағалау тәжірибесін пайдаланып), мектептерді қаржыландыру мен ресурстарды пайдаланудың толық мониторингімен толықтырылып, білім беру секторында шешім қабылдайтын тұлғаларға, жүйелі өзгертулердегі қажеттіліктерді тиісті түрде талдауға көмектеседі. Ақырында, әрбір ауылда сапасыз білім беретін мектептерді орналастыру шектеулі ресурстарды пайдаланудың тиімді тәсілі болып табылмайды.

### *Мектептер инфрақұрылымын жақсарту бойынша күш салуды жалғастыру*

Соңғы жылдары қабылданған елеулі күш салуларға қарамастан, мектептер инфрақұрылымындағы қажетті жақсартулар масштабы үлкен болып қалуда. Инфрақұрылымның бұ мәселелерін шешу үшін Қазақстанға республикалықпен қатар, жергілікті қаржыландыруды пайдалану, және білім беруге бөлінетін ресурстардың жалпы көлемін стратегиялық ұлғайту қажет болады. 2022 жылдан бастап, үлкен бөлігі аз өңірлер қатарында шоғырланған, тұрақты өсіп отырған туу деңгейін ескере отырып, ұлттық деңгейде қолдау көрсетуге өте мұқтаж өңірлерді тиісінше қаржыландыруды қамтамасыз ету бойынша бұдан әрі іс-шаралар қолдану қажет. Оңтүстік-Қазақстан облысы тәрізді өңірлер және елдің басқа оңтүстік өңірлерінің ауылдық жерлеріндегі мектептер олардың инфрақұрылымдағы қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін республикалық бюджеттің трансфертіне мұқтаж және бұдан кейін де мұқтаж болады. Орталық және жергілікті атқарушы органдар арасындағы шығындарды бөлуді нақты теңдестіру қажет, бірақ Астанадағы Үкіметке, бәрінен бұрын, елдің бүкіл өңірі бойынша білім берудегі қаржылық ресурстарды теңестіруде ең күшті рөлді ойнау қажет болады.

### *Мектеп ғимаратын ұстау бюджеті*

Сондай-ақ мектеп нысандары мен жабдықтарын ұстауды толық қаржыландыруды қамтамасыз ету бойынша неғұрлым жүйелі қызметтер қажет болады. Мектеп құрылысын республикалық бюджеттен қаржыландыру бойынша арнайы бағадарламалар, қазіргі шығындар үшін кейінгі жылдарда жергілікті атқару органдарының жауап беруіне әкелуі мүмкін. Сәйкес органдарда жаңа мектептер мен сатып алынған жабдықтарды ұстауға, және де ескі мектептердің физикалық жағдайын қолдауға арналған қаражаттың болуын қамтамасыз ету шаралары бюджеттендірудің жылдық процессінің ажырамас бөлігі болуы тиіс.

### 3.4-ендірме Ауылдық білім беру тәсілдері

Алдында ауылдары бір-бірінен алыс қашықтықта орналасқан, және де үлкен қашықтық пен автожолдар желісінің жеткіліксіздігі үшін көлік түрлері өте шектеулі үлкен ауылдық территорияларда сапалы білім беру күрделі мақсаты тұрған Қазақстан жалғыз ел болып табылмайды. Осы орайда, Қазақстанға халықтарының төмен тығыздығы және кең ауқымды ауылдық территориялары тән Канада, Австралия, Швеция, Португалия және Польша, ЭЫДҰ бес мүше-елдерінің тәсілдерін зерттеуге болады. Қазіргі әдебиетке сәйкес, халықтың төмен тығыздығының стратегиялық салдарының бірі мектептердің жабылуы және бірігуі болып табылады (Арес Абальде, 2014). Мектептердің бірігу шеңберінде бір немесе бірнеше мектептер жабылады, ал осы мекемелердің оқушылары басқа мекемелерге көшіріледі, кейін сол мектептерде оқитын балалардың жалпы саны артады. Елдер, аумақтар және муниципалитеттер мектептерді біріктіруді түрлі стимулдарды, антистимулдарды және саясаттың тікелей араласуын біріктіру көмегімен ынталандырған (Хоули және б., 2011). Алайда, мектептерді жабудың және біріктірудің әсері мектептің және өңірдің көлеміне тәуелді. Халқының тығыздығы төмен ауылдық аумақтарда үлкен мектептер құру оқушыларды көліктік қамтамасыз ету шығындарын күрт жоғарлатуы мүмкін, бірақ бұндай өосымша шығындар қалада туындай алмайды (Фокс, 1981).

**Канадада** 1996 жылдан бастап 900-ден астам ұсақ ауылдық мектептер жабылған, бірақ бұл саясатқа қосымша ретінде көліктік қамтамасыз ету жүйесі (автобустарда) құрылған болатын. Бұл жүйе оқушылардың елді-мекендерінің шекарасынан тыс жерде орналасқан ірі мектептерге үлкен қашықтықта оқитындардың еспелі санын көлікпен қамтамасыз еткен. Қазіргі уақытта жұмыстарын жалғастырып жатқан шағын жиынтықты мектептер көбінесе мектептерде өте аз бала оқитын (көп жағдайда – 100 оқушыдан аз) және автобустық қатынау жүйесі тиімсіз болып келетін алшақ өңірлерде орналасқан. Ауылдық білім беруде мектептерді біріктіру тәсілі, саясатты құрастырушылардың ойынша, оқушылар мектеп автобусында қаншалықты алшақ және қаншалықты ұзақ жүре алуымен шектеледі (Мулкахи, 2009).

Әдебиетте ұсынылатын тағы бір тәсіл, - шағын жиынтықты мектептерді жабу және біріктіру қажеттілігінен арылтатын ірілеу мектептермен бірлесе жұмыс жасау. Бұндай ынтымақтастық әдетте кішігірім мектептерден жақсырақ жабдықталған ірі мектеп нысандарын бірлесе пайдалануда шоғырланған. Шағын жиынтықты мектептер бөлмелермен және оқулықтарды қоспағанда қымбат тұратын оқу құралдарымен қамтамасыз ету кезінде жиі қыншылықтармен бетпе-бет келеді. Ірі мектептер хаб ретінде қызмет етеді, ал шағын жиынтықты мектептер «жеткізушілер» немесе «серіктер» болып табылады, бұндайды **Австралиядағы Квинсленд** штатының үлгісі көрнекі көрсетеді. Шағын жиынтықты мектеп оқушылары ірі мектептерге дейін белгілі кесте бойынша көлікпен қамтамасыз етіледі. Нысандарды бірлесіп пайдалану шыған жиынтықты мектеп оқушыларына би, дене шынықтыру, информатика және бейнелеу өнері сияқты пәндерден практикалық пәндерді қарастыратын кеңірек бағдарлама бойынша білім алуға мүмкіндік береді. Бұндай тәсіл шағын жиынтықты мектептердің жабылуын болдырмауға мүмкіндік береді (О Слатара және Морган, 2004).

Жоғарыда сипатталған тәсілдерден өзгеше үшінші тәсіл **Швецияда** қабылданған және кластерлі механизмді қарастырады. Бұл механизм тәуелсіз мектептердің белгілі саны өздерінің бірегейлігін және дербестігін жоғалтпай, барынша мүмкін дәрежеде бір-бірімен бірлесіп жұмыс жасаған кезде туындайды (О Слатара және Морган, 2004). Ауылдық мектептер «Rektorsomrade» немесе «директор территориялары» шеңберінде кластерлерге топтастырылады (О Слатара және Морган, 2004). Кластерлерді құру мақсаты шағын жиынтықты мектептер бетпе-бет келетін мәселелерді, нақтырақ айтқанда кәсіби және әлеуметтік оқшаулануды төмендету болып табылады. Директорлар ресурстарды және сатып алуларды басқарумен байланысты әкімшілік жүктемені төмендету үшін бір-бірімен өзара әрекет жасайды. Сондай-ақ кластерлі тәсіл озық тәжірибемен алмасуға әсер етеді, бұл кезде мектептер өздерінің жеке бірегейліктерін жоғалтпайды.

**Польшада** кішігірім ауыл мектептерінің одан арғы жұмысын қамтамасыз ету үшін «Małaszkoła» (кіші мектеп) арнайы бағдарламасы жасалған болатын. Осы бағдарлама аясында ауылдық мектептерді шығындарды азайту үшін мемлекеттік міндетті нормативті құжаттар тізіміне сәйкес ата-аналар бірлестігі басқара алады. Күшін жойған нормативті құжаттар немесе олардың орнындағы құжаттар тізімі білім беру туралы заңнамада нақты анықталған. Осы күшін жойған нормалардың ішінде – тазалаушыларды немесе бөлек асхана жұмысшыларын жұмысқа алу туралы талаптар бар. Осының орнына, бағдарлама бұл қызметтерді ата-аналарды күшімен ерікті негізде орындауға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде үлестік шығындарды айтарлықтай қысқартады. Ата-аналардың бұндай ерікті қатысуы сондай-ақ мектеп пен жергілікті халық арасындағы байланысты күшейтеді және дау-жанжалдар немесе төмен үлгерімді оқушылар жағдайында қосымша артықшылықтар береді. Бұдан басқа, білім беру туралы заңнама жергілікті атқару органдарының осы бағдарлама аясында қызмет атқаратын мектептерді қаржыландыру бойынша міндеттерін, жергілікті атқару органдарымен аударылатын қаражат тұтастай, олардың (төмендетілген) шығындарын жабуға жеткілікті болуын, және осы уақытта мектептің шағын мектептер бағдарламасына қосылғанға дейінгі қамтамасыз ету құнына қарағанда, әлдеқайда төмен болуын анықтайды. Бұл жергілікті атқару органдарының осы бағдарламаға қатысуын мүдделілігін қамтамасыз етеді. Іс жүзінде, егер поселкі тұрғындары өз мектептерін өздерінің болашақтары үшін маңызды актив деп санаса, олар ұйымдасып және мектепті басқаруды өз мойындарына алуына болады. Соған қоса, олар жиі түрде өздерінің жергілікті атқару органдарынан тікелей қолдауалады, мысалы, жергілікті атқару органдарында қызмет істейтін заңгерлер

ата-аналарын өздерінің бірлестіктерін құруда қолдай алады, заңға сәйкес жарғы құжаттарын қабылдауда көмектеседі және, соңында, оларды тіркеуге көмектеседі.

**Португалияда** 2005 және 2008 жылдар арасындағы кезеңде, өткен 10 жыл ішіндегі 1 000 мен салыстырғанда 2 500 мектепке жуығы жабылды. Ауылдық жерлерде нашар материалдық-техникалық базасы бар шағын мектептер басымдық танытты, бұл уақытта қалаларда мектептер шамадан артық жүктелді және екі ауысымда оқыды. Зерттеулер шағын мектептердің тиімсіздігін, төмен үлгерімін, педагог кадрлардың тұрақтамауының жоғар коэффициентін және ауылдық жерлердегі білім берудің әр келкі сапасын көрсетті. Үкімет 2005-2006 жылдары қайталап оқыту коэффициенті елдегі орташа көрсеткіштен асатын шағын мектептерді жабу, және неғұрлым ірі мектептер кластерлерін құру туралы шешім қабылдады. Қайта құру мен орын ауыстыру бағдарламасының бірнеше пайдалы қасиеттері бар: (i) жабылатын мектептер орнына мектептердің қандай түрлері ашылатыны жөнінде айқын орталқтандырылған көріну болды (150 кем емес оқушылары бар, оқытуды бір деңгейден артық деңгейлерде, ұзартылған күн топтарымен және дамытушы іс-шаралармен жүргізетін, неғұрлым ірі мектеп орталықтары қандай болатынына; (ii) онда ата-аналардың, олар мен олардың балалары үшін жақсы нәтижелер болатынына көздерін жеткізу қажеттігі, және үйден алыс орналасқан мектептерге бару үшін, енді тегін көлік енгізілген стимулдар ұсынылатыны құпталды; (iii) муниципалитеттерге жаңа нысандарға инвестициялар салуға стимулдар қажет болды; (iv) кеңес беру мен шешім қабылдау процесстеріне зер салып жақындау қажет болды, өйткені мектептерді жабуға бұрын жасаған әрекеттер сәтсіздікке ұшырады. Тұтастай алғанда, қайта ұйымдастыру процесі инновациялардың пайда болуына, мектептер тиімділігін жоғарылатуға, мұғалімдердің оқшаулануын азайтуға, нашар немесе оқшауланған оқушылардың өлеуметтенуін жақсартуға әкелді және Білім Министрлігі (орталық немесе өңірлік), муниципалитеттер, мектептер және басқа мүдделі тараптар арасындағы ынтымақтастыққа көмектесті.

Дереккөз: Фокс В. Ф. (1981), «Білім беруде масштабтан басталатын үнемдеуді талдау», Journal of Education Finance, 6 Том, № 3, 273-296 беттер, University of Illinois Press, Шампейн; Мулкахи Д. М. (2009), «Канадада табысты ауылдық білім беру үшін мемлекеттік саясат әзірлеу» Лионс Т., Дж. Чой және Г. Макфан (ред.), «Ауылдық білім берудегі әділдік инновациялары», симпозиумдағы баяндама, Жаңа Англия Университеті, 11-14 ақпан, Армидейл; Арес (2014); О Слатара Т. және М. Морган (2004), «Ирландия мектептеріндегі шағын мектептер мен директорлықтың болашағы», Аралық есеп, 2004 жылғы ақпан, веб-сайттан 2013 жылғы 22 тамызда алынған:

[www.ipn.ie/index.php?option=com\\_mtree&task=att\\_download&link\\_id=2588&cf\\_id=24](http://www.ipn.ie/index.php?option=com_mtree&task=att_download&link_id=2588&cf_id=24)

***Мұғалімдер мен мектеп жетекшілерінің сапасын арттыру үшін адами ресурстардың менеджментін жақсарту.***

*Мұғалімдер мен мектеп жетекшілеріне арналған стандарттарды кеңінен енгізу және қайта жасау*

Қазақстанда жақсы мектеп басшысы мен жақсы оқыту әдісін білдіретін негізгі анықтамалық құжаттар құру қажет. ЭЫДҰ (ЭЫДҰ, 2014) байқағандай, мұғалімдер, мектеп басшылары мен қоғам мұғалімдік карьераның түрлі кезеңдерінде тиімді оқытумен байланысты қандай негізгі білім, білік және құндылықтары белгіленетінді толық түсінетін мұғалімдер мен мектеп жетекшілері үшін келісілген стандарттарды нақты жинау қабылдауды білдіреді және мектептің жетекшілерінің тиімділігімен байланысты. Мұғалімдердің жақсы құрылымдалған және қолданылған кәсіби стандарттар мұғалімдердің құзыреттілігін дамыту үшін қажетті түрлі құралған келісімнің қуатты механизмі болуы мүмкін (ЭЫДҰ, 2005). Мектеп әкімшілігіне қатысты мектеп жетекшісінің стандартына жатады.

Мұғалімдер мен мектеп жетекшілерінің стандарты оқытудың кәсіби тәжірибесінің индикатордан немесе сапа критерийлерінен, педагогикалық білім беру бағдарламасын жасауда қолданудан, жеке жұмыстардың бағадан тұрады (ЭЫДҰ, 2005). Мұғалімдер мен мектеп жетекшілерінің тәжірибесі тиімді жұмыс үшін мектептегі білім беру жүйесіне талпынатын оқушылардың оқыту мақсаты көрсетілуі керек. Мұғалімдер мен мектеп жетекшілерінің стандарты зерттеудің нәтижелерін ескеру керек және жетілдіру деңгейі мен білімнің күрделілігі көрсетілуі керек. Сондай-ақ олар тиімділіктің түрлі деңгейлері мен мұғалімдер мен мектеп жетекшілерінің карьерасының түрлі кезеңдерінің жауапкершілігі көрсетілуі керек. Мектеп басқарудың мәні жетекшілікті әкімшілік корпуста сәйкес оқыту процесімен бекіту керектігінде.

Қазақстанның стандарты жасауда бұл жұмысқа қатысты барлық деңгейлердің мемлекеттік органдарын қарау ғана емес, сондай-ақ директорлар мен мұғалімдердің кәсіби бірлестігін, білім беру әкімшілігінің тобын, педагогикалық институттардың өкілдерін әр түрлі көзқарастарын ескере отырып, жалпы түсіністікті қамтамасыз ету үшін жұмылдыру мүмкіндігі қаралады.

Стандарттарды жасау – қызығушылық тудыратын жақтардың қатысуымен қаралатын қалыпты процесс; оны білім және ғылым министрлігінің ұсынысының дайындығымен бастауға болады, содан кейін оны консультацияның кезеңдері мен растау аясында қаралады, бұл Чили мен Квебекте (Канада), немесе бастамасы кәсіби және оқу бірлестіктерінде орын алатын, кейін консультация процесіне жетекшілік ететінді қарастырады, содан кейін стандарттар АҚШ пен Британдық Колумбияда (Канада) (СЕРРЕ, 2013) болғандай білім беру органдарымен қабылданады. Австралияда стандарттар барлық елдерге енгізілместен бұрын олардың сенімділігін тексеру үшін пилоттық деңгейде енгізіле бастады (Динам, 2013). Консультация процесі штатты кестенің ағымдағы нормалары мен мұғалімдер мен мектеп жетекшілерінің Қазақстан жүйесінде рөлін кіргізе алады. Бұдан басқа, қайта кері байланыстың механизмдерін қамтамасыз етілуі керек: стандарттарды жүзеге асырғаннан кейін мұғалімдер мен мектеп жетекшілерінің кәсібилігінің алға қарай жүруі үшін пайдалылығы мен және олардың басқа құрастырушыларымен сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында кезең бойынша қайта қарауына ұшырауы мүмкін.

Қазақстанда мұғалімдер мен мектеп жетекшілері өз тәжірибесіне бұл стандарттарды енгізуге көмектесетін шараларды қаралатын болады. Олардың тәжірибеде жүзеге асырылуы үшін стандарттардың «мәні болатыны» маңызды. Мұғалімдердің стандарттарының жайылған қалыптасуын мұғалімдер мансабының бірнеше кезеңінде жүргізуге болады (NBRC, 2010): (i) жаңа мұғалімдер оларға жүктелген үміттерді жақсы түсіну үшін педагогикалық кадрларды дайындаған кезде; (ii) педагогикалық білім беру бағдарламасы бойынша оқудан мектепте практикалық жұмысқа көшуді жеңілдету үшін лауазымға енгізу және тәлімгерлік бағдарламалары шеңберінде; (iii) біліктілігін арттыру шеңберінде мұғалімдер стандарттарды пайдалануға оқытудан және сынып жұмысы үшін олардың мәндеріне үйренуден өтуі қажет.

#### *Мұғалім немесе мектеп басшысының кәсібіне жіберілу мәртебесін арттыру*

Жалпы, Қазақстанда мұғалім жетіспеушілік байқалмайды, ал кейбір өңірлерде мұғалімдердің жоқтығы сезіледі. Бұл кадрлар жинауға және педагогикалық кадрлардың дайындық бағдарламасы мен кәсібін таңдауға мүмкіндік береді. Педагогикалық бағдарламалар бойынша оқытуға қабылдау сапалы, білімді мектеп бітірушілері мұғалім бос орынды толтыра алатын іріктеу болуы мүмкін. Барбер мен Муршед (2007) мынадай шешімге келді: мұғалімдердің нәтижелі жүйесіне мектеп бітірушілердің әр бір үшінші бөлігі тартылады (Оңтүстік Кореяның жоғары 5%, Финляндияның 10%, Сингапур мен Жапонияның 30%). Педагогикалық кадрларды дайындау бағдарламасына абитуриенттердің мотивациясы мен қабілеттілігін бағалау үшін тестілеу мен әңгімелесу кіретін қабылдау критерилерін күшейтуге болады. Педагогикалық кадрлар дайындау бағдарламасында орындар саны аккредитті бағдарлама саны азайта және бұл бағдарламаға түсу бойынша талаптарды арттыра отырып, шектеуге болады. Бұл жағдай педагогикалық педагогикалық кадрлар дайындығының бағдарламасының деңгейге дейін мектеп оқушыларының санын төмендетеді, әсіресе, олардың сапасын арттыруға әкеледі. Мұғалімдердің бастапқы кезеңіне қатысты карьерасының инициатив кәсіпке жіберу үшін талаптарды арттыруды қарастырады. Кадрларды іріктеуде дұрыс емес шешім қабылдау 40 жыл ішінде нашар оқытуға әкеледі, сондықтан да мұғалімдердің мінездемесі мен дағды тізімін бағалау үшін іріктеу процедурасы қайта жасау маңызды. Кадрлар іріктеу процедурасында әрекеттегі нормативті талаптарды білу көшбасшылық дағдыларына көңіл бөледі. Сол уақытта директорлар іріктеу мұғалім қызметіне жұмысқа дәстүрлі түрде қабылданады, ЭЫДҰ елдерінің көбінде іріктеудің басты критерия ретінде еңбек өтілі қолдану тиімді емес, тек кейбір елдер іріктеудің негізгі критериясы ретінде еңбек өтілін қолдануды жалғастыруда екенін мойындайды. Көп елдерде жас әрі белсенді кадрлар жетекшілік қызметіне дейін жетуге мүмкіндік беретін тарихи жағынан қалыптасқан модельдер өзгеру мәселесіне көп көңіл бөледі. Қазақстанның мектеп директорларын іріктеуде объективтілігін арттыру үшін кадрлар жалдау процесі бойынша инструкция жасау және іріктеудің нақты критерийлерін анықтау мүмкіндігін қайта қарауы мүмкін. Виктория штатында (Австралия) іріктеу комиссиясының мүшелеріне әңгімелесуді өткізу және дайындық бойынша қадамдарды түсіндірумен іріктеудің маңызды критерийлерінің көбірек болуы бойынша детальді инструкциясын ұсынады (ЭЫДҰ, 2008а).

#### *Мұғалімдердің бастауыш сыныпты оқытудың тәсілдерін қайта қарау*

Мұғалімдердің бастапқы дайындығы жақсы білікті адамдардың кен ортасы үшін оқыту мансабын қамтамасыз етуінде маңызды рөл атқарады және туындаған қажеттілік мектеп жүйесінде тиімді қамтамасыз етіледі. Басымдылық педагогикалық кадрлар дайындығының сапасын арттыру болу керек. Ол үшін тұрақты негізде педагогикалық кадрлар дайындығы бойынша мекеме бағалаудан өтуде аккредитацияның қажетті күшті процедурасы қажет, педагогикалық кадрлар дайындығының жүйесі толық кезеңдік талдау мен талқылауға салыну керек. Мемлекеттік ресурстарды педагогикалық кадрлар дайындығының сапалы бағдарламасының дамуына, соның ішінде мектеп білім беру жүйесінде басқасынан қажетті мамандарды қаржыландыруды арттыруға бағыттау керек. Педагогикалық кадрларының дайындыққа алуан түрлі тәсілдері мен инновацияны ынталандыру мақсатында бағдарлама нәтижесіне аккредитация критерийі көбірек жиналады (ЭЫДҰ, 2005). Қазақстанда аккредиттелген, мұғалімдердің білім бағдарламасының санын азайту үшін әлеуеті бар. Одан басқа, жоғары білім берудің бар болуы білім берудің барлық баспалдақтарында мұғалім мамандығына жіберу үшін ең төменгі талаптар болу керек, яғни, орташа және орташадан кейін жоғарыдан төмен білім беру деңгейіне педагогикалық кадрларды дайындау бағдарламасы тоқтатылу төмендеді. Бұл жалпы мұғалімдердің бастапқы дайындық сапасы мен мәртебесін арттырады.

Жоғарыда көрсетілгендей, мұғалімдердің бастапқы дайындығы анағұрлым сайлған болуы үшін әлеует жинақталған. ҰБТ-да шекті ұпай алған, мектеп түлектері үшін бастапқы педагогикалық білімге кедергісіз кірудің қазіргі жүйесі мұғалім кадрларын оңтайлы емес пайдалануға әкеледі. Әлеуетті пайдалы бастамалар мынадан құралады: қосымша ақпарат ұсыну және оқуға түсу үшін анағұрлым негізді шешімдерді қабылдауға педагогикалық мамандықтағы перспективалы практиканттарға тәлімгерлік беру; оқушының мұғалім болу тілегі бағаланатын, қажетті уәждеме, оқушының білімі, дағдысы мен жеке қасиеттері (нақты бағалар) қарастырылатын рәсімдер; жоғары деңгейдегі құзыреттермен бірге кандидаттарды іріктеудің ынталандырушы сызбалары (мысалы, ЖОО-да гранттар); оқу бағдарламаларының икемді құрылымдары, олар студенттерге бастапқы курста практикалық тәжірибені қамтамасыз етеді және оқытушы мамандығына уәждемесін өзгерту кезінде бағдарламаны өзгерту мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Тағы бір басымдығы олар өз бағдарламаларын құрастыра алуы үшін, соның ішінде оқуға түсу тетіктерін енгізу, оқу бағдарламасы бөлігінде өзгерістер енгізу және аралас пәндер бойынша бағдарламаларды құру үшін автономиялықтың үлкен деңгейімен педагогикалық білімнің аккредиттелген мекемелерін ұсыну болуы қажет. Бұл мектеп жүйесінің қажеттіліктеріне ықпал етудің жеделдігін арттыруға жол береді. Мысалы, білімнің және мамандандырудың түрлі деңгейлері үшін оқытушыларды дайындаудың бағдарламаларының жалпы компоненттерін арттыру, себебі мұғалімдерге сұраныстар және мансаптық мүдделері өзгеріп отырады. Мұғалімдерге арналған білім беру бағдарламалары, соның ішінде аз мамандандырылған болуы керек, және түлекке мамандықтардың кең диапазонында оқытуға жол беруі қажет. Педагогикалық мамандықтар санын қысқарту түлектерге мектеп пәндерінің кең тізбесін оқытуға жол беріп, ал мектептерге өз қажеттіліктерін жақсы толтыруға мүмкіндік беріп, мектеп білімінің жүйесінің тиімділігін арттырады.

Бұл Қазақстан «бір пән, бір мұғалім» деген кеңестік тұжырымдамадан арылу керек және жалпы компоненттері мен бірнеше мамандыруы бар мұғалімдердің бастапқы білім беру құрылымын қабылдау керектігін білдіреді. Сонда педагогикалық тәжірибенің рөлі мектепте күшеюі мүмкін. Бұл кәсіби мұғалім туралы көп түсінікті қамтамасыз ету үшін, соның ішінде нақты сыныпта оқыту, консультация мен ұсыныстар үшін, мектептің даму жоспары мен оқу бағдарламасы, ғылыми зерттеу, ата-аналармен және сыртқы серіктестермен бірлестік және бағалау үшін педагогикалық білім алудың басында болу керек (ЭЫДҰ, 2005).

*Еңбек мұғалімдері нарығының қызмет атқаруының тиімділігін арттыру*

Өңірлер арасындағы педагогикалық кадрларға сұраныс пен ұсыныстың теңгерімсіздігі ел өңірлері арасындағы мұғалімдердің ұтқырлығының шектелгенмен байланысты. Жеткіліксіз ұтқырлық елдердің кейбір өңірлерінде мұғалімдер жетіспеуін, басқа елдерде көп ұсыныс тіркелеуін білдіреді. Нәтижесінде, мобильділіктің өсуіне әсер ету үшін нақты ынталандырумен қамтамасыз ету саяси маңызды реакция болып табылады. Нұсқалардың бірі мұғалімдерді аудан

немесе облыстарға қатыстыру үшін ынталандыру. Мұғалімдердің еңбекке орналасуының қазіргі шаралары ауылдық жерлерге жұмыс үшін қосымша ынталандырудан тұрады, кадрларды қатыстырумен әлеуетті проблемаларды азайту үшін нақты ынталандыруды қайта жасау мүмкіндігінің нақты мектептер мен аудандарға көрсететін нормативті талаптардың жүйесі жеткіліксіз. Ол үшін аталған есептің басқа бөлімдерінде талқыланатын нормативті талаптардың икемді жүйе талап етіледі.

Ынталандыру сәтсіз мектепте оқушылардың жетістіктері мен оқыту сапасының тиімді арттыру үшін даму мен қолдау шаралары сәйкес қосылу және әсер ету көп болу керек. ЭЫДҰ елдердің көбінде сәтсіз және/немесе шалғай жерде тұрған мектептерде мұғалімдерді марапаттау үшін бірыңғай немесе қосымша жылдық сыйақы ретінде ынталандыру бар (ЭЫДҰ, 2012).

Жапонияда префектураның шенеуніктері жақсы мұғалімдерді әлсіз контингентті мұғалімдері бар мектептерге барлық оқушылардың қабілетті мұғалімдері бірдей болу үшін бағыттайды. Кореяда әлеуметтік-экономикалық мәртебесі жоғары оқушылар әлеуметтік-экономикалық мәртебесі төмен оқушыларға қарағанда жиі математикадан жоғары білікті мамандардан білім алады. Мектептерде жұмыс істеу үшін жоғары талапты мұғалімдерге қосымша үстеме, сыныптардың азғантай көлемі, оқу сағаттарын қысқарту, болашақта әкімшілік қызметте жоғарылау үшін қосымша баллдар, жұмыс үшін келесі мектептерді таңдау мүмкіндіктері сияқты көптеген ынталандырулар ұсынады (ЭЫДҰ, 2012).

Тағы бір нұсқасы – мұғалімдердің еңбек нарығында ақпарат ағынын жақсарту. Мұғалімдер мен оқушылар арасында ақпараттық ашық жерді жою үшін айқын және оперативті жүйелері дамуы мұғалімдердің еңбек нарығында нәтижелі қызмет ету үшін аса қажет, әсіресе, Қазақстан сияқты мемлекетте мұғалімдерді іріктеу және жұмылдыруда тікелей мектептер қатысады. Мүмкін стратегиялар келесілерді қосады: мұғалімдердің барлық бос орнын жариялау туралы талаптар, орталықтандырылған ақпаратпен веб-сайттарды құру, кадрларды қабылдау бойынша іс-шараларға көмектесу мен координациялау үшін агенттік желілерді құру (ЭЫДҰ, 2005). Мұндай өлшемдердің қосымша артықшылығы жергілікті деңгейде мұғалімдердің анық жұмылдыруын көтеру болып табылады. Мұғалімдердің потенциалды санын кеңейтудің тағы бір әдісі потенциалды тапшылық мәселелерін шешуі болып табылады. Мысалы, математика бойынша білімнің барлық деңгейінде мұғалімдердің мобильдік арттыру және егер бұл әдісте мұғалімдердің дайындығына арналған әр түрлі бағдарламалар көрсетілген болса, азырақ мамандандырылған, сонымен қатар мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау үшін кең мүмкіндіктер көрсетілу жолымен болуы мүмкін.

Кадрлармен басқарудың бір орталықтан сәтті жүргізілмеуі үшін және жалпы мектептерде шешімдерді қабылдау процесі үшін орталық және аймақтық органдар барлық мемлекеттер бойынша педагогикалық кадрларды үлестірудегі әділеттілік пен жеткіліктілікті бақылауда белсенді рөл атқару керек. Сұраныс пен ұсыныс арасындағы сәйкессіздік құнын қысқарту және ағымдағы артық ұсынысты қолдану үшін Қазақстан мұғалімдер мен білім беру саласындағы басқа да жұмыскерлерге сұраныс мен ұсынысқа кешенді зерттеулер жүргізуіне болады. Мұндай зерттеулер мамандықтары және қызметтері бойынша мұғалімдер мен білім беру саласындағы басқа да жұмыскерлерге сұраныс бағасын қамтамасыз ету керек. Ұлыбританияда педагогикалық кадрларды жоспарлау бойынша іс-шаралар жыл сайын, яғни географиялық территориялар, білім беру секторы, мұғалімдердің аса білікті ұсынысына сәйкес келу мақсатында оқу бағдарламаларының мамандандырылуы бойынша өтеді (Білім және дағды департаменті, 2012).

*Мұғалімдердің жұмысқа орналасуын қайта тұжырымдау және мөлшерлеме жүйесін тоқтату*

Қазақстандық мектептерде мұғалімдердің жұмысы анағұрлым әсерлі болу үшін мұғалімдер жұмысының жаңа тұжырымдамасы қажет. ЭЫДҰ (2005) баяндамасында түсіндірілгендей, қазір мұғалімдерден аса кеңейтілімді рөлі қажет етіледі. Мұғалімдердің кеңейтілген жауапкершіліктер облысының кейбір мысалдары болып: оқу процесіндегі басқару мен ынтагерлік білдіру; білім алуда жеке оқушылардың қажетіне тиімді әсер ету; қорытынды баға және қалыптастыруды біріктіру; көпұлтты сыныптарда сабақ беру; жаңа тәртіп аралық бағытты енгізу; ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды біріктіру; топта жоспарлау және жұмыс; жетілдіруді жүйелі

жоспарлау және баға; оқуда және басқаруда АКТ-ды қолдану; мектепаралық жобалар; бірлескен басшылық және басқару; ата-аналарға арналған кәсіби кеңес ұсыну; оқу үшін серіктестік байланыстарды дұрыстау (ЭЫДҰ, 2005). Бұл кеңейтілген қызметтер мұғалімдер жұмысының тұжырымдамасымен салыстыруға келмейді, яғни төленетін қызмет пен оқытудағы білім беру. Қазақстанға ЭЫДҰ мемлекеттеріне сәйкес мұғалімдер аптасына сағат саны анықталған мерзімде жұмыс істейтін жұмыс салмағына негізделген жүйеге көшу қажет (мысалы, 40 сағат). Сабаққа тиісті дайындықты қосатын басқа да тапсырмалар қатарын орындау үшін мұғалімдерге уақыт керектігін мұғалімдердің мұндай жұмыс тұжырымдамасы мойындайды. Бұл мұғалімдердің кәсібилігін жақсартуға, мамандыққа жұмылдыруды көтеруге және жоғары педагогикалық салмағы бар шамадан тыс мұғалімдер санын азайтуға септігін тигізеді. Мұндай реформаны өткізу үшін бірқатар ресурстар қажет, бірақ білім берудің қосымша ресурстарын қолдануда басым бағытты болу керек.

Мұғалімдерді жұмысқа орналастырудың жаңа тұжырымдамасы қажеттіліктерді өтейтін мектептердегі әртарапандырылған рөлдер мен олардың мұғалімдерінің тапсырмаларын ұсынуға мүмкіндік береді. Мысалы, егер мұғалімдер санын қысқарту қиын болып жатса, баламалы таңдау мүмкіндіктерінің бірі – бұрын ұсынылғандай үлгерімі төмен оқушыларды жеке қолдау бойынша стратегияларды жүзеге асыруда мұғалімдердің қосымша мүмкіндіктерін қолдану. АҚШ-та өткізілген бұл зерттеулер тиімді стратегия екенін болжайды. Құрама штаттарында «барлық бағдарламаларға арналған жетістік» орташа есеппен стандарттан 27 % немесе бағдарламалардың үш жылдан кейінгі жүзеге асуынан сынып деңгейінен 25-30% кедейшіліктің жоғары деңгейімен мектептерде оқу мүмкіндіктерін арттыру үшін күн сайын оқу бойынша 90-минуттық сабақ кестесімен жұмыс істейтін бес әлеуметтік бағдарламалардың бірі ретінде Брукингс институтымен анықталған болатын (Хаскинс және Марголис, 2014; Борман және т.б., 2007; Фрайер, 2014). Ұқсас интенсивті репетиторлық бағдарлама Хьюстонның кедей мектептерінде енгізілген болатын және бастауыш мектеп оқушыларының математика бойынша бағалары стандарттан 30 %-ке өсті. Қазақстанда бастауыш сыныптардағы балалар ЭЫДҰ орташа көрсеткішімен салыстырғанда мектепте 25 %-ға аз сағатын өткізеді.

Мансапты өсіруге келетін болсақ, ресми сынау мерзіміні ендіру жас мұғалімдерді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сынау мерзімінің қанағаттанарлық өтуі бір жылдан екі жылға дейін оқыту міндетті болып табылады, яғни диплом немесе тұрақты жұмыс орнын ұсыну. Ол қазақстандық мектептерде жүйелік бағдарламалармен қатар жүру керек. Бұл жаңа мұғалімдерге тұрақты және мектеп ортасында жақсы қолдау мүмкіндігімен жұмыс істеуге септігін тигізеді. Сынау мерзімінің қанағаттанарлық өтуі педагогикалық аттестациялауға тіркелген және оқушылық мансабқа маңызды қадам ретінде мойындалу керек.

#### *Мұғалімдердің еңбек ақысын жақсарту*

Мектептік жүйеге қосымша қаржы салу кезінде күнделікті әсерлі практика үшін мұғалімдердің сәйкес ынталандыруды қамтамасыз ету және оқудағы жұмылдыруды көтеру басымдылық ретінде қою керек. Бірінші қадам жоғарыда атап өтілгендей, күнделікті тіркелген жүктеме негізінде мұғалімдердің жұмысқа орналасуын қайта тұжырымдау болып табылады. Бұл күрделі реформа мұғалімдердің кеңейтілген кәсібилігін танытады, бірақ ол маңызды инвестицияны қажет етеді. Келесі қадам мұғалімдердің еңбекақы және олардың құрылымының қайта ойлауының жалпы деңгейін көтеру мүмкіндіктерін бағалауда бекітіледі.

Қазіргі кезде қазақстандық мұғалімдердің айлығы қосымша тапсырмаларға қосылатын көп мөлшерге, қосымша квалификацияға, қызмет бойынша жоғарылауға және жоғары деңгейде кәсіби дамуға қарағанда төмен екені белгілі. Мұғалімдердің жұмысқа орналасу үшін оқу салмағы жүйесі «қосымша тапсырмаларға» кеткен кейбір ресурстар мұғалімдерді айлығының бір бөлігі болады. Бірақ бұл жаңа бастап жүрген мұғалімдердің еңбек ақысы жақсы болу үшін жеткіліксіз. Мүмкін мансаптың бастапқы жағдайларында бәсекеге қабілетті болу үшін мұғалімдік мамандықта еңбек ақыны көтеруде күш бағыттау керек. Бұл мойындаушылық қызмет бойынша жоғарылау және кәсіби дамудың жоғары деңгейі бойынша қосымша төлемдерді төлеу өте маңызды. Мұғалімдердің жоғары айлығы кәсіби деңгейді көтеруге, оқуға, мықты кандидаттарды тартуға және ер адамдарға



оқуды тартымды етуге болады. Стратегия пайда әкелуі мүмкін, бірақ жалпы алғанда мұғалімдердің азаюына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Толық жүктеме негізінде мұғалімдердің жалақысы мұғалімдердің өтемақысына әділдікті жақсартады. Өйткені бұл мөлшерлеме жүйесі білім деңгейі қосымша оқу сағаттарын ала алмайтын мұғалімдердің жағдайын ыңғайсыз жағдайға әкеліп соғады. (ЭБДҰ, 2014b). Сонымен қатар мұғалімдер үшін қаржылық бонустар критерийлердің толық жиыны және ҰБТ және олимпиадалар нәтижелері сияқты оқушылардың үлгерімі туралы деректер шеңберінен шығуымен байланысты.

Сонымен қатар жоғары білікті кандидаттарды жұмылдыру жеткілікті болуына кепіл беру үшін мектептерде мұғалімдер басшыларының жалақысы жақсартылуы керек. Мектеп мұғалімдері жеке мансап өсуінде пайда алатындай және жұмыстарынан сыйақы алу үшін ынталандыру жүйесі болған жөн. Оқыту және басқа іс-шараларға арналған 9-сағаттық айырмашылықты жою үшін мектеп ғимараттарында мұғалімдер үшін уақыттарды орналастыру тиімділігі әрекет ету керек. Бұл мектеп директорына мектепте меңгерушілердің аз санымен мектеп қажеттіліктеріне икемделген топ құруына септігін тигізеді. Бірақ үлкен мектептерде үлкен жауапкершілікпен және кіші мектептерде кіші жауапкершілікпен топ құруға болады.

### 3. А1 ҚОСЫМШАСЫ

#### ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ ЖАҢА МОДЕЛІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ КОМПОНЕНТІ

Мектептерді қаржыландырудың жаңа моделі бюджеттің екі бөлікке бөлінуін қарастырады: орталық атқарушы органдардың гранттарының есебінен қаржыландырылатын білім беру процесі, және аудандар мен облыстардың табыстары есебінен қаржыландырылатын білім беру ортасы. Басқа ерекшелігі білім беру ортасындағы мектептердің нақты қажеттіліктеріне емес, білім беру процесінің компонентіндегі оқушылар саны негізінде бөлу. 3.А.1.1-кесте әрбір компонентпен өтелетін шығындардың типі бойынша қосымша бөлшектерді көрсетеді. Күрделі шығындар қаржыландырудың жаңа моделіне енгізілмеген және басқа стратегиялар мен ережелерге сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттер арқылы қаржыландырылады.

#### 3.А1.1-кесте Қаржыландырудың жаңа моделінің компоненттері

Білім беру процесі		Білім ортасы
Біліктің жауапты деңгейі	Үкімет	Жергілікті атқарушы органдар
Есептік негіз	Оқушылар саны	Нақты қажеттіліктер
Шығыстар түрі	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қызметкерлердің жалақысы;</li> <li>Қызметкерлердің әлеуметтік төлемдері;</li> <li>Сауықтыру төлемдері;</li> <li>Оқыту шығындары (қосымша оқулықтар, оқу құралдарының жинағы, оқу материалдары және көрнекі құралдар);</li> <li>Көтермелеу компоненті.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Коммуналық және коммуникациялық қызметтер,</li> <li>Ғимарат пен жабдықты ұстау және ағымдағы жөндеу бойынша қызметтер,</li> <li>Көлік қызметтері және оқушыларды тамақтандыру және басқа да қолдау, тасымалдау, қаржылық қызметтер және талап етілетін басқа да шығындар талап етілетін шығындар.</li> <li>Мектеп интернатында оқушыларға қамқорлық беру;</li> <li>Оқу қоры;</li> <li>Басқа қызметер (қаржылық қызметтер, салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер).</li> </ul>

*Дереккөз:* Авторлар Қазақстан Республикасы негізінде (2013), ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылғы 30 қазандағы № 440 бұйрығы: *Орта білімді жан басылық нормативтік қаржыландыру әдістемесі*, Қазақстан Республикасы, Астана.

#### ***Білім беру процесінің компонентіндегі факторлар***

Білім беру процесі компонентінің формуласы мұғалімнің оқушы бойынша толық жұмысының балама санын анықтау үшін мектептердің тек бірнеше негізгі сипаттамасын ғана ескереді. Формула мыналарды ескереді (3А.1.2-кестені қараңыз):

- Білім беру деңгейі: мектепке дейінгі білім беру, бастауыш сыныптар, орта мектеп оқу жүктемесін ерекшелендіру үшін көзделеді.
- Сыныптың нормативтік мөлшері: қала мектептерінде - 24 және ауылды жерлерде – 20 оқушы.
- Оқыту нысаны: мектепте немесе үйде, оқыту уақытындағы айырмашылықты көрсетеді.

Апталық сабақтардың орташа санын апталық педагогикалық жүктеме мөлшеріне және сыныптың нормативтік мөлшеріне бөлген кезде біз әрбір оқушылар тобындағы бір оқушы үшін қарастырылатын мұғалімдердің толық штаттық бірліктерінің эквиваленттерінің санын көрсететін коэффициентке қол жеткіземіз (FTE, немесе орысша нұсқасы бойынша «мөлшерлеме»). Мектепке дейінгі мекемелер бойынша коэффициенттер мектептер бойынша қарастырылатын коэффициенттерден аз, бұл ең алдымен, мектепке дейінгі мекемелердің мұғалімдерінің педагогикалық жүктемелерінің айтарлықтай мөлшерде жоғары болуымен байланысты. Бұған қоса, ауылдық жерлердегі мектептер бойынша қарастырылатын коэффициент қала мектептерінікімен салыстырғанда жоғары, бұл сыныптардың нормативтік мөлшерлерінің аздығын көрсетеді.

### 3.А1.2-кесте Мұғалімдердің толық жұмыспен қамтылуының баламасын есептеудегі факторлар

Білім беру деңгейі	Апталық педагогикалық жүктеме	Аптасына берілетін сабақтардың орташа саны		Бір оқушыға шаққандағы мұғалімдердің FTE	
		Мектептер	Үйде оқыту	Ауыл мектептері	Қала мектептері
Мектепке дейінгі білім беру	24	22		0,0458	0,0382
Бастауыш сыныптар	18	34	8	0,0944	0,0787
Орта мектептің кішкентай сыныптары	18	44	10	0,1222	0,1019
Орта мектептердің жоғарғы сыныптары	18	46	12	0,1278	0,1065

Дереккөз: Авторлар Қазақстан Республикасы негізінде (2013), ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылғы 30 қазандағы № 440 бұйрығы: *Орта білімді жан басылық нормативтік қаржыландыру әдістемесі*, Қазақстан Республикасы, Астана.

Алайда, бұл формула жоғарыда көрсетілген коэффициенттерше қоса, Қазақстанда қолданылатын және мектеп қызметкерлерінің, негізінен, мұғалімдердің жалақысына қосылатын қосымша ақы түрлерін реттейтін бірқатар ережелерді де есепке алады. Бұл ережелер формуланы анағұрлым күрделендіре түспек. Ол мыналардан тұрады:

- Экологиялық жағдайы нашар елді мекендерде жұмыс істейтін адамдар үшін қарастырылған айрықша жағдайлар (экологиялық апат аймақтарында негізгі жалақыға 50% үстеме ақы және 12 күнтізбелік күнді құрайтын қосымша демалыс күндері, радиациялық қауіп аймақтарында жұмыс істейтіндер үшін негізгі жалақыға 100% үстеме ақы және 14 күнтізбелік күнді құрайтын қосымша демалыс күндері),
- Мектептің орналақан жері бойынша (ауыл мектептеріне 25% үстеме ақы),
- Мектеп-интернаттар (жалақыға 10% үстеме ақы),
- Мұғалімдердің белгілі бір бөлігі өздерінің біліктіліктері бойынша қосымша ақы алады (барлық мұғалімдердің 6%),

Бұған қоса, берілген формула типтік оқу бағдарламасы мен пәндерді тереңдетіп оқу бағдарламалары үшін қарастырылатын қосымша төлемдер мен жәрдемақыларға байланысты бөлінетін қаржыландыру көлемінің арта түсуін де қарастырады. Көрсетіліп отырған мәндердің барлығы жалақыға байланысты қаржыландырудың қажетті көлемін бағалау кезінде есепке алынатын сәйкес коэффициенттерде көрініс табатын болады. Және ең соңғысы, мұғалімдердің бір оқушыға шаққандағы FTE негізгі жалақыға көбейткеннен кейін (жоғарыда 3.А1.1-кестеде көрсетілген), бір оқушыға арналған мұғалімнің негізгі жалақысының стандартына қол жеткіземіз. Содан соң, қосымша факторлар жылына жан басына қаржыландыру станартын есептеу үшін ескеріледі:

- 12-ге көбейтіледі, себебі негізгі жалақы бір айға белгіленеді, ал жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемі бір жылға қарастырылады,
- 1,1-ге көбейту, бұл барлық салықтар, әлеуметтік жарналар мен зейнетақы жарналарын есепке алу үшін қажет,
- соманы 55% арттыру, бұл басқарушылық, әкімшілік, қосалқы және техникалық қызметкерлер құрамына арналған жалақы қажеттіліктерін есепке алу үшін қарастырылады,

- соманы оқу шығындарына қосу (Қазақстан Үкіметі тарапынан жыл сайын белгіленіп отыратын белгіленген мөлшердегі сома, 2013 жылы 1731 теңгені құраған).

Осылайша, әрбір мектеп үшін қарастырылатын қаржыландыру сомасы мектепте оқитын және жылына Stzu жан басына шаққандағы қаржыландыру стандартына сәйкес келетін оқушылардың белгілі санатына жататын оқушылардың санына көбейту арқылы есептеп шығарылады.

Мектептерде шамадан тыс жүктеменің болуына жол бермеуге арналған кейбір қосымша қаржыландыру ережелері бар. Қазақстандық орта мектептердегі сыныптардың максималды мөлшері 2011 жылдан бастап 25 тең<sup>15</sup>. Тек кейбір жағдайларда ғана, яғни сұраныс көп болған жағдайда, үлкен сыныптар құрылуы мүмкін, ал формула өте көп бала саны бар сыныптардың оқушылары бойынша жылына қаржыландырудың жан басына шаққандағы стандартының төмендетілуін қарастырады (4, 5 және 6% сыныптағы әрбір 25, 30 және 40 оқушы үшін, сәйкесінше).

Білім беру процесі үшін ресурстарды бөлу формуласы қосымша компоненттен тұрады, оның мақсаты олардың тиімділігі негізінде, сондай-ақ білім беру процесіне байланысты мектептің басқа мұқтаждарын жабу үшін мектеп қызметкерлеріне бонустар төлеу болады. Мектепте осы компонент мөлшерін анықтау үшін және мектепте оны бөлу үшін көрсеткіштердің толық бөлшектері Қаржы орталығының редакциясымен «Қазақстан Республикасының орта білімін жан басына нормативтік қаржыландыру тетігін іске асыру сұрақтары бойынша әдістемелік нұсқау» деген нұсқауда қолжетімді болады. Түрлі көрсеткіштер мұғалімдерге, мектеп басшыларына, қызмет көрсетуші персоналға қатысты болады.

---

<sup>15</sup> Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы №1684 Қаулысы.

### **3. А2-ҚОСЫМША**

#### **ПОЛЬШАДАҒЫ ЖӘНЕ ЛИТВАДАҒЫ ЖАН БАСЫНА ШАҚҚАНДАҒЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ФОРМУЛАСЫ**

Литвадағы және Польшадағы жан басына шаққанда қаржыландыру формулалары мектептер арасындағы ресустарды бөлудің бір-біріне қарама-қайшы екі мысалы болып табылады (Левачич 2011; Херчински 2011). Бұл формулалар төменде сипатталған (білім беру қызметінің құнын анықтауға арналған екі кадамның да сығымдалған салыстырмалы шолуы Херчинскиде берілген (2009). 3.А2.1-кестеде Литва және Польшаның формуласының негізгі құрамдас бөліктеріне қысқаша шолу жасалады.

#### *Литвада мектептерді қаржыландыру формуласы*

Елде «оқушылар кәрзеңкесі» деген атпен танымал Литвалық қаржыландыру формуласы барлық 60 муниципалитетте қолданылады. Ол мұғалімдердің, әкімшілік және кәсіби қызметкерлер құрамының (техникалық қызметкерлер құрамының жалақысын қоспағанда) жалақысын, оқулықтарды, оқу материалдары мен әдістемелік құралдарын, мұғалімдердің біліктіліктерін арттыру мәселелерін, педагогикалық және психологиялық қызмет түрлерін, оқушыларға кәсіби бағдар беруді, когнитивті даму мүмкіндіктерін қарастыратын білім беру үрдісін қаржыландыруға арналған арнайы гранттың көлемін анықтайды. «Білім беру ортасы» деп аталатын білім беру шығындарының басқа бөлімі жергілікті атқарушы органдардың жалпы табыстары есебінен қаржыландырылады және оқушылардың кәрзеңкесіне жатқызылмайды. Білім беру ортасы төмендегілерден тұрады: техникалық және әкімшілік қызметкерлер құрамының жалақысы, коммуналды қызметтердің төлемі, мектепті ұстау, мектепке арналған ұсақ-түйек сауда қаражаттары. Бұл жерде мектеп бюджетінің екі бөлігі де жалақыға қарасты кейбір шығындардан тұратындығын ескере кеткен жөн, сонымен қатар мұнда жалақыға қатысты болып табылмайтын кейбір шығындар да есепке алынады.

Грант әрбір мектеп үшін жеке-жеке есептеледі, одан соң белгілі бір муниципалитетте барлық мектептер бойынша қосылады. Грант муниципалитетке жалпы көлемі бойынша аударылады, және муниципалитетке әрбір мектеп үшін қандай қаражат сомасының қарастырылғандығы хабарланады. Алайда, муниципалитет мектептер арасындағы грант сомасының 5% қайта қарастыруға құқылы болып табылады. Бұл өте күшті механизм. Мысалы, үлкен қала мектебі гранты сомасының 2% шағын ауылды жердегі мектептің пайдасына қайта қарастыру бюджетті еке еселендіруге мүмкіндік бере алады.

Қаржыландырудың жан басына шаққандағы негізгі сомасының («оқушылар кәрзеңкесі» деп аталады) қала мектептерінің 5-8 сыныптардағы бір оқушыға байланысты мөлшері оқу бағдарламасының стандарттары негізінде анықталады, ол үшін сыныптағы оқушылар санының 25 болуы қамтамасыз етіледі. Мұғалімдердің жалақысын арттыру немесе оқу бағдарламасына өзгертулер енгізу жағдайында формула жан басына шаққандағы қаржыландырудың негізгі сомасын автоматты түрде қайта есептеп шығара алады. Бұл сома мыналардан тұрады: а) мұғалімдердің жалақысы (оқу бағдарламасы және сыныптың нормативтік мөлшері негізінде), оның үлесіне оқушылар себетінің 85% тиесілі, б) мектепті басқару (мектептің мөлшеріне байланысты), оның үлесіне оқушылар себетінің 9% тиесілі, с) оқулықтар, мұғалімдерді оқыту, оқу материалдары мен басқалары, оқушылар себетінің 6% құрайды.

Бұдан басқа, формула қаржыландырудың жан басына шаққандағы сомасын есептеу кезінде оқушылардың әр түрлі топтары үшін пайдаланылатын жүзден астам коэффициенттен тұрады. бұл коэффициенттер оқушылардың әр түрлі топтары арасындағы айырмашылықтарды көрсетеді. Олар мыналардан құралады: а) әр түрлі педагогикалық жүктемені көрсететін оқыту деңгейлері бойынша коэффициенттер (бастауыш, негізгі, орта), б) әр түрлі үлес шығындарын көрсететін сыныптардың

әр түрлі нормативтік мөлшерлерінің коэффициенттері (аса үлкен емес мектептер үшін 10 оқушы, үлкен емес мектептер үшін 15, орта мектептер үшін 20 және қала мектептері үшін 25), с) оқушылардың әр түрлі сипаттамалары бойынша коэффициенттер, оның ішінде арнайы білім, үйде оқыту, ересек оқушылар, мектепке дейінгі мекемеге баратын балалар, бейформалды оқытумен айналысатын оқушылар қамтылған. Нәтижесінде формула өте күрделі бола түспек.

#### *Польшада мектептерді қаржыландыру формуласы*

Польшалық қаржыландыру формасы елде «алгоритм» деген атаумен танымал, орталық бюджет тарапынан 3 000 астам жергілікті атқарушы органдарға ұсынылатын білім беру грантын есептеу барысында қолданылады, ол шамамен олар бастауыш және негізгі жалпы білім беруге жауап беретін 2 500 гминді (бірінші деңгей), орта білім беру (академиялық және кәсіби) және мектептер қатарына жатқызылмайтын білім беру ұйымдарының (кәсіби жетілдіру орталықтары, айрықша қажеттіліктерге ие оқушыларға арналған орталықтар, педагогикалық және психологиялық қызмет түрлері, мұғалімдердің біліктіліктерін арттыру және басқалары) білімі үшін жауап беретін 380 повиятты (екінші деңгей), және аймақтық немесе ұлттық мәндегі белгілі бір мектептер мен аймақтық білім беру ұйымдарының қатары үшін жауап беретін 16 өзін-өзі басқару құрылымдарын (мұғалімдерді даярлаумен айналысатын өңірлік ұйымдар, педагогикалық колледждер, педагогикалық кітапханалар) (үшінші деңгей) құрайды. Бір ғана формула жергілікті мемлекеттік басқарудың барлық үш деңгейіне және олардың тарапынан орындалатын білім беру функцияларына қатысты пайдаланылады. Формулаға сәйкес, білім беру гранты әрбір жергілікті мемлекеттік басқару органы үшін есепке алынған оқушылардың санына пропорционалды түрде бөлінеді. Грант үшін қарастырылатын қаржыландырудың жалпы сомасы ел көлемінде есепке алынған оқушылардың жалпы санына бөлінеді. Ол барлық жергілікті мемлекеттік басқару органдары тарапынан есепке алынады және қол жеткізілген сома «қаржыландыру стандарты» деп аталады, және сәйкес жан басына шаққанда есепке алынған сома болып табылады. Муниципалитет тарапынан алынатын білім беру гранты муниципалитет бойынша есепке алынған оқушылардың санын қаржыландыру стандартына көбейту арқылы шығарылады.

«Есепке алынған» оқушылардың саны оқушылардың жекелеген қажеттіліктеріне байланысты қосымша шығындарды есепке ала отырып, оқушылардың жекелеген топтары бойынша анықталған қосымша коэффициенттерді (салмақ) беретін формуланың көмегімен белгіленеді. Формула 41 параметр бойынша қарастырылған салмақтық мәндерден тұрады, оның ішінде а) ауылды жерлердегі мектеп оқушыларының салмағы, 0,38 тең, ол ауылды жердегі мектептің әрбір оқушысы қала мектептері оқушыларының 138% құрағандағы санына тең болып табылады, және шағын ауыл мектептеріндегі оқытуға жұмсалатын аса жоғары шығын мөлшерін көрсетеді, б) оқушылар бойынша қарастырылған салмақтық мәндердің сериясы, ол 0,8 және 9,5 аралығында ауытқиды (айрықша қажеттіліктердің түрі мен күрделілік деңгейіне байланысты), ол сыныптардың шағын мөлшері мен мұғалімдерді қосымша пайдалану мүмкіндіктерін қарастырады, с) негізгі білім беру мектебінің салмағы, ол 0.04 тең, орта білім беретін мектептің үлес салмағы, 0,08 тең және кәсіби мектептердің салмағы, 0,15 тең, бұлар өз кезегінде әр түрлі оқу бағдарламаларын қарастырады, d) өнер және музыка мектептері бойынша салмақ мәндерінің сериясы, 0,92 және 3,42 аралығында ауытқиды, ол әр түрлі оқу бағдарламаларын көрсететін өнер бағдарламасына байланысты қарастырылады.

#### **3.A2.1-кесте Польша мен Литвада қаржыландырудың негізгі элементтерін салыстыру**

Мәселе	Литва	Польша
Білім беру грантының қаражатының жалпы көлеміне қатынасы	Жалпы көлемі формуланы қолдану нәтижесі болып табылады	Жалпы көлемі қаржыландырудың жан басы сомасының есебімен қолданылатын параметр болып табылады
Мұғалімдердің еңбекақыларының артуының ықпалы	Жалпы көлемі мен қаржыландырудың жан басы сомасының автоматты артуы	Қажетті келіссөздер

Оқу бағдарламасының артуының ықпалы	Жалпы көлемімен қаржыландырудың жан басы сомасының автоматты артуы	Қажетті келіссөздер
Отынға баға өсімінің ықпалы	Ықпал етпейді	Қажетті келіссөздер
Оқушылардың санының азаюының ықпалы	Егер басқа параметрлер өзгермесе, жалпы көлемі азаяды	Жалпы көлемі мен қаржыландырудың жан басы сомасының автоматты артуы
Муниципалитетпен алынатын соманың мектеп бірлестігіне ықпалы	Ықтимал азаюы ( егер мектеп өлшемі ұлғайса)	Ықпал етпейді
Қаржыландыруға ерекше қажеттіліктер мен оқушылар бойынша коэффициенттерінің артуының ықпалы	Муниципалитеттер үшін қаржыландырудың тиісті көлемі мен қаржыландырудың жалпы көлемінің артуы	Ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға қызмет көрсететін мектептер пайдасына қарапайым мектептерден қаражатты бағыттау

Дереккөз: Авторлар



### 3. АЗ ҚОСЫМШАСЫ МҰҒАЛІМДЕРДІ САНАТТАР БОЙЫНША БӨЛУ

**3.А3.1-кесте Мұғалімдерді өңірлер, ауылды жерлер мен қалаларда санаттар бойынша үлестіру, 2010 жыл**

Өңір	Қала				Ауыл			
	Жоғары санат	Бірінші санат	Екінші санат	Санаты жоқ	Жоғары санат	Бірінші санат	Екінші санат	Санаты жоқ
Ақмола	24.1	32.0	26.6	17.3	8.8	28.8	33.6	28.9
Ақтөбе	18.5	28.1	33.0	20.4	8.0	25.6	31.6	34.8
Алматы	21.0	33.1	24.1	21.8	12.9	32.7	28.1	26.3
Атырау	16.7	43.4	22.0	17.9	9.5	36.4	29.4	24.6
Шығыс-Қазақстан	24.2	30.3	27.2	18.3	9.6	34.2	30.1	26.1
Жамбыл	25.6	25.9	23.9	24.5	15.8	26.0	31.1	27.1
Батыс-Қазақстан	15.7	36.3	29.7	18.3	7.4	35.6	31.3	25.7
Қарағанды	21.6	30.8	28.1	19.5	11.9	36.1	27.5	24.6
Қостанай	23.6	29.5	25.6	21.2	9.5	26.6	30.5	33.3
Қызылорда	5.9	35.6	31.1	27.5	2.0	33.1	34.0	30.9
Маңғыстау	12.6	28.8	30.0	28.6	6.6	31.5	29.8	32.1
Павлодар	32.4	30.4	22.6	14.6	11.2	31.2	28.8	28.8
Солтүстік-Қазақстан	29.1	31.5	22.4	17.0	10.5	32.0	29.7	27.9
Оңтүстік-Қазақстан	21.2	26.6	29.9	22.4	11.3	31.1	34.9	22.6
Астана қ.	28.9	26.0	25.9	19.3	-	-	-	-
Алматы қ.	28.8	25.1	26.6	19.5	-	-	-	-
<b>Ел бойынша орташа</b>	<b>22.6</b>	<b>29.6</b>	<b>27.2</b>	<b>20.6</b>	<b>10.4</b>	<b>31.4</b>	<b>31.3</b>	<b>26.9</b>

Дереккөз: ЭЫДҰ (2014b), Білім берудің ұлттық саясатына шолу: Қазақстандағы орта білім, ЭЫДҰ Publishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264205208-en>.

## Әдебиет тізімі

- Антонович Л. (2013), *Мектепке бармайтын және оқудан шыққан оқушыларды анықтау және мониторингтеу: Қазақстан, Астана*, ЮНИСЕФ Қазақстан Республикасында, Астана.
- Арес Абалде М. (2014), [Мектептердің мөлшеріне қатысты саясат: әдебиетті шолу], *Білім беру бойынша ЭЫДҰ жұмыс құжаттары*, № 106, ЭЫДҰPublishing, Париж.
- Барбер М. и Муршед М. (2007), *Білім беру жүйесінде әлемдегі ең тиімділері көшбасшыға қалай айналды*, McKinsey&Company, [http://mckinseysociety.com/downloads/reports/Education/Worlds\\_School\\_Systems\\_Final.pdf](http://mckinseysociety.com/downloads/reports/Education/Worlds_School_Systems_Final.pdf).
- Барбур М. К. (2011), [Уәде және ақиқат: ауылды жердегі виртуалды оқытуды талдау ], *EducationinRuralAustralia*, 21(1), 1–20, Уэйн Университеті, Детройт.
- Борман, Дж.,Р. Слевин, А. Чоунг, А. Чемберлейн, Н. Мадден и Б. Чамберз (2007) "Барлығына арналған ұлттық рандомизирленген далалық зерттеудің түпкілікті нәтижелері ," *Американдық Оқу ғылыми-техникалық журналы*, қыркүйек 2007 ж., т. 44, №. 3, бет 701-731.
- Банди Д., Бурбано С., Грош М., Гелли А., Джукс М. и Дрейк Л. (2009), *Мектептерді қаржыландыруды қайта пайымдау: әлеуметтік қорғау шаралары, балаларды дамыту және білім беру секторы*, Вашингтон, Колумбия Окруті.
- Бернс Р. Б. и Мейсон Д. А. (2002), [Сынып құрылымы мен бастауыш мектептегі оқушылардың жетістіктері ] *AmericanEducationalResearchJournal*, Том 39, № 1, бет 207-233, SageJournals, АҚШ
- Білім беру саласында тәжірибе мен саясатты зерттеу орталығы (СЕРРЕ), Чили (2013), [Оқыту стандарттары, сабақ беру стандарттары және мектеп басшыларының стандарттары: салыстырмалы зерттеу], *Білім беру бойынша ЭЫДҰ жұмыс құжаттары*, № 99, ЭЫДҰPublishing.
- Дэвис Н. Э. (2010), *CINZS виртуалды оқыту. Жаңа Зеландияда мектептерді компьютерлендіру: оқыту, технология бойынша сабақ беру*, Кентербери университетінің білім беру колледжі, Крайстчерч, [www.otago.ac.nz/cdelit/otago064500.pdf](http://www.otago.ac.nz/cdelit/otago064500.pdf).
- Білім және дағдылар департаменті(DES), (2012), *Ирландияда педагогикалық кадрларды дайындау құрылымы туралы халықаралық сарапшы комиссиясының есебі:талдау, Білім мен дағдылар департаментінің тапсырмасымен өткізілген, шілде 2012*, [www.education.ie/en/Press-Events/Press-Releases/2012-Press-Releases/Report-of-the-International-Review-Panel-on-the-Structure-of-Initial-Teacher-Education-Provision-in-Ireland.pdf](http://www.education.ie/en/Press-Events/Press-Releases/2012-Press-Releases/Report-of-the-International-Review-Panel-on-the-Structure-of-Initial-Teacher-Education-Provision-in-Ireland.pdf).
- Динам және басқалары (2013), [Австралияда мектептері директорларының мемлекеттік стандартын дамыту, мақұлдау және қабылдау ], *Educational Management Administration Leadership*, Том 41, № 4, Sage Journals, <http://intl-ema.sagepub.com/content/41/4/467.full>.
- Educopedia (без даты) <http://www.educopedia.com.br/>, Рио-де-Жанейро муниципалитеті, Бразилия

- ФокеВ. Ф. (1981), [Білім берудегі масштабты үнемдеу сараптамасы ], *Journal of Education Finance*, Том 6, № 3, бет 273-296, University of Illinois Press, Шампейн.
- Фрайер, Р. (2014, сәуір) «Қарапайым мемлекеттік мектептерде ең үздік тәжірибелерді енгізу: Далалық сараптамаларынан дәлелдемелері », Гарвард Университеті, Экономика Департаменті
- Хаскинс, Р. И Дж. Марголис (2014) Маған дәлелдеме көрсет. Вашингтон, DrookingsPress/
- Херчински Я. (2009), [Білім функциялары бойынша шығындар есептемесінің әдістемесі ], в Г. Чавдарова (ред.), *Оңтүстік-Шығыс Еуропада муниципалды қызметтер шығынын бағалау*, NARMB, София, 2009 <http://www.nalas.eu/fd/costestimation/index.aspx#download>
- Херчински Я. (2009b), [Литвада оқушылар себеттерінің реформалары: орталық және жергілікті қаржыландыруды жетілдіру ], дж. Д. Алонсо, А. Санчес (ред.), *Ауыспалы экономикасы бар елдерде білім беруді қаржыландыру реформасы: жан басын қаржыландыру жүйелері бойынша нақты алты зерттеу*, Дүниежүзілік банк, 2011
- Хиггинс С. және басқалары (2005), [Мектеп ортасының ықпалы: әдебиетке шолу], DesignCouncil, Ньюкасл-апон-Тайн.
- Хоули С., Джонсон Дж., Петри Дж. (2011), *Мектептер мен аудандарды біріктеру: зерттеу нені көрсетеді және білдіреді* , Білім беру саясатының ұлттық орталығы, Білім мектебі, Университет Колорадо, Боулдер.
- Ақпараттық -талдау орталығы (АТО) (2014), *ЭЫДҰ «Мектептерде ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру саясаты: Қазақстан бойынша елдің негізгі еңбек ақы» шолуы*, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ақпараттық-талдау орталығы, Астана, қолжетімді: [www.ЭЫДҰ.org/edu/school/schoolresourcesreview.htm](http://www.ЭЫДҰ.org/edu/school/schoolresourcesreview.htm).
- Левачич Р. (2011), [Польшадағы жалпы білім беруді жан басына қаржыландыру: нақты зерттеу ]в Дж. Д. Алонсо, А. Санчес (ред.), *Ауыспалы экономикасы бар елдерде білім беруді қаржыландыру реформасы: жан басын қаржыландыру жүйелері бойынша нақты алты зерттеу* Дүниежүзілік банк, Вашингтон, Округ Колумбия.
- Левачич Р. (2008), [Мектептерді қаржыландыру: дербестік пен бақылаудың дамып келе жатқан үлгілері ], *EducationalManagementAdministrationandLeadership*, Том 36, бет 221-34.
- Луптон Р. (2004), *Қолайсыз мектептердегі мектептер: сапаны арттыру және мәнмәтінді мойындау*, Документ №76, Әлеуметтік ерекшелікті талдау орталығы, Экономика мектебі: Лондон.
- Мариано Л. Т. және Кирби С. Н. (2009), *Аралас мектептердегі оқушылардың жетістіктері: Лос-Анджелестің Бірыңғай мектеп округінің тәжірибесі* , Білім жөніндегі жұмыс құжаты RAND WR-685-IES, RandCorporation, Санта-Моника.
- Макэван Р. (2008). [Мектептер түпкілікті халықтың баллдарында үзілісті қысқарта ала ма? Чили тәжірибесі ], *Journal of Development Studies*, 44-том, № 10, бет1506-1530, Routledge, Лондон.
- ҚР БҒМ (2010), *Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығы* .
- Мулкаи Д. М. (2009), [Канадада сәтті ауыл білімі үшін мемлекеттік саясатты әзірлеу ], в Лионс Т., Дж. Чой и Г. Макфан (ред.), *Ауылдағы білімдегі әділдік үшін инновациялар, симпозиумдағы баяндама, Жаңа Англия Университеті, 11-14 ақпан* , Армидейл.

- Мурийо Ф., Хавьер и Роман М. (2011), *Мектеп ресурстары мен инфрақұрылым мәнге ие: Латын Америкасындағы оқушылар жетістігіне мектеп ресурстарының ықпалын талдау*, Routledge.
- NBRC (2010), *Білікті мұғалім әр сыныпқа: Калифорнияда жұмыс істейтін мұғалімдерді бағалау жүйесін құру*, Ресурстарды бағалау жөніндегі ұлттық орталық(NBRC), Стэнфордский университет.
- Білім беру статистикасы мен бағалау ұлттық орталығы (2014), Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің статистикасы: ұлттық жинақ, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім беру статистикасы мен бағалау ұлттық орталығы әзірледі, Астана.
- Білім беру статистикасы мен бағалау ұлттық орталығы (2013а), Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамыту және күйі туралы ұлттық баяндама, Білім беру статистикасы мен бағалау ұлттық орталығы, Астана.
- Білім беру статистикасы мен бағалау ұлттық орталығы (2013а), *Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижелерін салыстырмалы талдау 2004-2013 жылдар*, Білім беру статистикасы мен бағалау ұлттық орталығы, Астана.
- Білім беру статистикасы мен бағалау ұлттық орталығы (2013b), *Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижелерін талдау (ЕНТ-2013)*, Білім беру статистикасы мен бағалау ұлттық орталығы, Астана.
- Білім беру статистикасы мен бағалау ұлттық орталығы (2012), *9 сынып оқушыларының біліміне ықпал ететін факторлар*, Астана, Білім беру статистикасы мен бағалау ұлттық орталығының редакциялық полиграфиялық қызметі, Астана.
- НЗМ (2013), *«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДБҰ жылдық есебі*, 2013, <http://nis.edu.kz/en/about/reports/?id=2817>.
- ЭЫДҰ (2014а), *Білім беруге деген көзқарас 2014*, ЭЫДҰ индикаторлар, ЭЫДҰPublishing, Париж. [http:// www.ЭЫДҰ.org/edu/eag.ht](http://www.ЭЫДҰ.org/edu/eag.ht)
- ЭЫДҰ (2014b), Білім беру жүйесінде ұлттық саясатты шолу: *Қазақстандағы орта білім*, ЭЫДҰPublishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264205208-en>.
- ЭЫДҰ (2014с), *TALIS-2013 нәтижелері: Оқыту мен үйретуге халықаралық көзқарас*, TALIS, ЭЫДҰPublishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264196261-en>.
- ЭЫДҰ (2014b), *PISA нәтижелері 2012: оқушылар не істеу алады және біледі (Том I, қайта қаралған редакция, ақпан 2014): математика, оқылым және ғылымдар бойынша нәтижелер*, PISA, ЭЫДҰPublishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264208780-en>.
- ЭЫДҰ (2013а), *PISA 2012 нәтижелері : мектепті не сәтті етеді (Том IV): ресурстар, саясат және тәжірибе* PISA, ЭЫДҰPublishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264201156-en>.
- ЭЫДҰ (2013b), *PISA 2012 нәтижелері: әділдік арқылы жетілу (Том II): әр оқушыға мүмкіндік беру*, PISA, ЭЫДҰPublishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264201132-en>.
- ЭЫДҰ (2013с), *Оқыту нәтижелерін жақсарту синергиясы: талдау мен бағалау процесіне халықаралық көзқарас*, Білім беруде бағалау мен талдау бойынша ЭЫДҰ шолуы, ЭЫДҰPublishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264190658-en>.
- ЭЫДҰ (2013), *Білімге деген көзқарас 2013*, ЭЫДҰ индикаторлары, ЭЫДҰPublishing, Париж
- ЭЫДҰ (2012), *Білім берудегі сапа мен әділдік: қолайсыз мектептер мен сәтсіз оқушыларды қолдау* ЭЫДҰPublishing, Париж. <http://dx.doi.org/10.1787/9789264130852-en>.

- ЭЫДҰ (2008a), *Мүмкіндіктері шектеулі, оқудағы қиыншылықтары бар және қолайсыз шарттардағы оқушылар: саясат, статистика және индикаторлар* ЭЫДҰPublishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264027619-en>
- ЭЫДҰ (2008b), *Мектептердің жетекші кадрларын жақсарту*, 1 том, саясат пен тәжірибе, ЭЫДҰ, Париж.
- ЭЫДҰ (2005), *Мұғалімдер мәнге ие: тиімті мұғалімдерді тарту, дамыту және қайта дайындау* ЭЫДҰ, Париж.
- О Слатара Т. и М. Морган (2004), *Шағын мектептер келешегі мен Ирландия мектептеріндегі директорлық*, Аралық есеп, ақпан 2004 жыл, 2013 жылы 22 тамызда мына веб-сайтқа шығарылды:  
[www.ippn.ie/index.php?option=com\\_mtree&task=att\\_download&link\\_id=2588&cf\\_id=24](http://www.ippn.ie/index.php?option=com_mtree&task=att_download&link_id=2588&cf_id=24).
- Ривкин С. Г., Е. А. Ханушек және Дж. Кейн (2005), [Мұғалімдер, мектептер және академиялық жетістіктер], *Econometrica*, Том 73, № 2, бет 417–458.
- Руйс Н. және Т. Д. Питсма (2009), [Ерекше оқу қажеттіліктерімен және оларсыз оқушыларды қосу әсері], *EducationalResearchReview*, Том 4, № 2, бет67-79, Elsevier, Амстердам.
- Санж-ФСК (2012), *Жан басын қаржыландыру: қарсы және қолдау, талдау есебі*, Фонд Сорос-Қазақстан, Алматы.
- Сингх К. (2012). Қазақстандағы білімге құқықтар туралы арнайы баяндамашы есебі, Адам құқықтары бойынша Кеңестің 20 сессиясында ұсынылған миссия есебі, БҰҰ Нью-Йорк. Есепті мына жерден қараңыз: [www.ohchr.org/Documents/HRBodies/HRCouncil/RegularSession/Session20/A-HRC-20-21-Add1\\_en.pdf](http://www.ohchr.org/Documents/HRBodies/HRCouncil/RegularSession/Session20/A-HRC-20-21-Add1_en.pdf)
- Славин Р. (2010), [Қаржылық стимулдар білім нәтижелерін арттыра ала ма? Халықаралық сарапшылардың деректері ], *EducationalResearchReview*, Том 5, № 1, бет 68–80.
- ЮНЕСКО (2010), *2010 жыл үшін мониторинг бойынша әлемдік есеп: осал халық тобын қамту*, ЮНЕСКО, Париж.
- ЮНИСЕФ (2010), *Ел шолуы: Қазақстандағы білім*, ЮНИСЕФ, [www.ЮНИСЕФ.org/ceecis/Kazakhstan.pdf](http://www.ЮНИСЕФ.org/ceecis/Kazakhstan.pdf).
- ЮНИСЕФ (2011), *Мұғалімдер: ОШЕТМД өңірінде мұғалімдердің еңбек ақысы мен дамуы, тарту бойынша өңірлік зерттеулер*, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мен Орталық және Шығыс Еуропа елдері бойынша ЮНИСЕФ өңірлік кеңсесі, Женева.
- ЮНИСЕФ (2012), *Жалпы орта білімнің ұйымдарын жан басын қаржыландыру әдістемесін әзірлеу және ұсынылған үлгіні пилотты сынау*, ЮНИСЕФ, Астана.
- Винман С. (1995), [Әр-түрлі жас пен жылдарда аралас сыныптардың когнитивті және когнитивті емес әсері: түпнұсқалы дәлелдемелерсинтезі ], *ReviewofEducationalResearch*, Том 65, № 4, бет319-381, SageJournals, США.
- Вуссманн Л. (2003),[Мектеп ресурстары, білім мекемелері мен оқушылардың нәтижелері], *OxfordBulletinofEconomicsandStatistics*, 65-том, № 2, 117-170-бет.
- Дүниежүзілік банк (2014a), *Ұлы мұғалімдер: Латын Америка мен Кәріб елдерінің балаларын оқытуды қалай жақсартуға болады*, Латын Америкасының даму форумы, Дүниежүзілік банк, Вашингтон

Дүниежүзілік банк (2014b), *Қазақстанның білім беру жүйесін нығайту: 2009 және 2012 жылдар үшін PISA нәтижелерін талдау*, Дүниежүзілік банк, Вашингтон, Округ Колумбия.

Дүниежүзілік банк (2013), [Қазақстан: Мұғалімдер], *Елдік есеп SABER*, Білім берудегі анағұрлым үздік нәтижелер үшін жүйе көзқарастары, Вашингтон, Округ Колумбия.

Дүниежүзілік банк (2012), *Қазақстан: трансферттерді дамыту үшін пайдалану*, Есеп № 70923-KZ (9 қазан 2012 жыл), Дүниежүзілік банк, Вашингтон, Колумбия округі.

#### ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.4-БӨЛІМ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Қазақстанда мектепке жетекшілік ету жөніндегі міндеттер оқу процесіне де таралады. Бұл стратегиялық және педагогикалық басшылықты ұзақ уақыт бойы бір адам жүзеге асыра алмайтыны көрсетілген белгіленген нормалармен айқындалады. Алайда, практикада сарапшылар тобы байқаған мектеп әкімшілігі командасының мүшелері арасындағы өзара іс-қимыл деңгейі мен жалпы көрініс басшылықтың көлденең бөлінген құрылымына қарағанда иерархиялық модельдің басым болуын көздейді. Бұдан басқа, мектеп басшылығын дамытудың жүйелі тәсілі жоқ және біліктілікті арттыру курстарын таңдау мүмкіндіктері аз. Қазақстанда оқушылардың оқудың екінші жылына сирек қалуы оң аспект болып табылады. Оқу жылы ішінде оқудағы олқылықтарды, мысалы, сыныптан тыс қосымша іс-шаралар арқылы жою бойынша бірнеше стратегия бар. Дегенмен, сарапшылар тобы оқуда артта қалған оқушыларды ерте анықтау және оларға жеке әрі белсенді қолдау көрсету бойынша ақпараттың жеткіліксіздігін анықтады. Сонымен бірге, Қазақстанда сабақтар оқушылардың тәртібіне не мұғалімнің болмауына байланысты уақыт жоғалтпай, тәртіп бойынша өткізіледі. Ресми оқу уақыты елеулі ауытқуларсыз жүзеге асырылады және сыныптан тыс іс-шаралардың ауқымды көлемімен толықтырылады. Алайда, оқу уақытын басқару алаңдаушылық туғызады: Қазақстанда таралған бірнеше ауысымда оқу ресми оқу уақытын азайтуы мүмкін; оқу күнтізбесі жергілікті жағдайлар мен қажеттіліктерді ескере отырып түзетілмейді; бастауыш сыныптардағы оқушылардың оқу уақыты әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан оқушылар үшін жеткіліксіз болуы мүмкін. Бұдан басқа, кәсіптік дамудың қолданыстағы моделі мұғалімдердің мұқтажын тиісінше қанағаттандырмайтыны жөнінде алаңдаушылық бар: қолданыстағы жүйенің икемділігі аз; мұғалімдердің оқу үшін жеткілікті мүмкіндіктерінің бар-жоғы түсініксіз; жекелеген мұғалімдердің кәсіптік дамуға қатысуы үшін ынталандырулар көбінесе еңбекақыны көтерумен және қызмет бабындағы өсумен байланысты. Және Қазақстан сыртқы бағалаудың тұрақты кезеңдерімен мектептерді бағалауға (мектептерді аттестаттау) және сертификаттаудың ресми процесінен өтуге (мұғалімдерді аттестаттау) негізделген сыртқы есептілік мәселелеріне бейімділігін байқатады. Жалпы алғанда, сарапшылардың мұғалімдерді бағалауда есептілік функциясына өте көп және оқытудың тиімділігі туралы ашық кәсіптік талқылауларға тым аз назар аударылады деген әсері қалыптасты.

Осы бөлімде мектеп жүйесінің әртүрлі деңгейлерінде кез келген басымдықтар мен қол жеткізу жөніндегі бағдарламаларға бағытталған ережелер мен практикалар арқылы ресурстарды қалай тиімді пайдалануға болатыны талданады. Оның ішінде, ресурстарды пайдалану кезінде оқушылардың қажеттіліктері қалай ескерілетіні (мысалы, мектеп ішінде оқушыларды топтастыру; оқушыларды қолдау жүйелері; мектептен ерте кетуді болдырмау бағдарламалары); оқу ресурстары мен оқу уақыты жақсартуды талап ететін басым мәселелерге оңтайлы ден қою мақсатында оқушылардың арасында қалай бөлінетіні (мысалы, сыныптардың көлемі, мұғалімдер мен оқушылардың арақатынасы, мұғалімдердің уақытын пайдалану); оқушылардың оқу уақыты қалай ұйымдастырылатыны (мысалы, сабақтардың ұзақтығы, оқу күнінің ұзақтығы); мектеп басшылығының қалай ұйымдастырылып, бөлінгені; тиімді сабақ беру мен оқытуға ықпал ететін шығармашылық ортаны жасау үшін мектеп ресурстарының қалай ұйымдастырылатыны (мысалы, ата-аналармен және жергілікті халықпен жұмыс істеу); мұндай ортаны қолдау үшін материалдар мен мектеп объектілері қалай қолданылатыны (мысалы, ұзартылған күн топтарына арналған объектілерді не жазғы мектептерді пайдалану, «бетпе-бет» оқуға толықтыру ретінде АКТ пайдалану) қаралады.

## **Мәнмәтін және сипаттамалар**

### ***Мектептерді кадрлармен қамтамасыз ету***

Қазақстанда мектептерді кадрлармен қамтамасыз ету мамандандырудың жоғарғы дәрежесімен және үлкен көлемімен сипатталады. «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесі» (ҚРҰ № 77 қаулысы, 2008 жыл) мектеп түріне, білім деңгейіне және қалыптастырылатын сыныптардың санына байланысты әрбір мектеп үшін талап етілетін басшы және қосымша персоналдың санын айқындайды. 4.А1 қосымшасы қалыптастырылған сыныптардың саны бойынша педагог қызметкерлер болып табылмайтын мектеп қызметшілерінің толық тізбесін және тиісті жұмыс жүктемесін қамтиды.

### ***Мектеп басшылығы***

Мектепке жетекшілік ету жөніндегі міндеттер мектепте барынша көп өкілеттіктерді иеленетін мектеп директоры және оның орынбасарлары арасында бөлінеді. Басшы функцияларын бөлу заңнамада бекітілген және мектептерде нақты белгіленген. ҚРҰ № 77 қаулысына сәйкес, әрбір мектептің мынадай міндеттері бар бір директоры және оның үш орынбасары болуы мүмкін:

- *Мектеп директоры:* нормативтік талаптарға сәйкес мектепті жалпы басқару; мектеп жоспарын, штатын және сыныптар санын бекіту; мектептің басқа басшы қызметшілерін тағайындау және мұғалімдерді жұмысқа қабылдау; педагогикалық жетілу және кәсіптік дамуға жәрдемдесу; мектеп қызметкерлері арасында көтермелеулерді үлестіру; қауіпсіздікті және оқу материалдарының, жабдық пен физикалық инфрақұрылымының жаңартылуын қамтамасыз ету; нашар оқитын оқушыларды қолдау және белгіленген ауданда мектепке келмей жүрген балалардың сабаққа қатысуын қамтамасыз ету; әкімшілік органдардың алдында есеп беру.
- *Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары:* сабақ берудің озық тәжірибесін жинау мен таратуды қоса алғанда, педагогикалық біліктілікті арттыру саласындағы жұмысты үйлестіреді және басқарады; мектептің білім беру қызметін жоспарлау, мысалы, сабақ кестесін әзірлеу, қолданыстағы нормаларға сәйкестігін қамтамасыз ету; мұғалімдерді жинауға қатысу және олардың кәсіби дамуына жәрдемдесу; мектепті бағалауды, мұғалімдерді және оқушылардың жетістіктерін бағалауды ұйымдастыру; қауіпсіздікті және жабдық пен материалдардың жаңартылуын қамтамасыз ету.
- *Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары:* сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру және олардың сапасын қамтамасыз ету, және үйде оқитын балаларды оқыту және мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту; кадрларды жинауға қатысу, аға консультанттарды, ұзартылған күн топтарындағы мұғалімдерді және үйде оқытумен



айналысатын мұғалімдерді басқару және олардың кәсіптік дамуына жәрдемдесу; жергілікті халық өкілдерімен, құқық қорғау органдарымен, ата-аналарымен және ата-аналар комитетімен өзара іс-қимыл жасау.

- *Директордың шаруашылық жұмыс жөніндегі орынбасары:* материалдық және қаржылық ресурстарды басқару, сатып алу және олар бойынша шығындарды бақылау (мысалы, жөндеу, компьютерлер); мектеп аумағын абаттандыру, көгалдандыру және жинау бойынша жұмысты басқару; өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау бойынша ережелердің сақталуын қамтамасыз ету; мектептің бас ғимаратында технологиялық және энергетикалық жабдықтың пайдаланылуын бақылау.

Басшы лауазымдарының саны мен жауапкершілігі әр түрлі мектептерде оның көлеміне байланысты ерекшеленеді. Бастауыш мектептерде мектептің басты басшы қызметкері, егер мектепте кемінде 8 сынып және 240 оқушы болса, ресми түрде директор болып танылады. Ең кішкентай мектептердің (алты сыныптан аз) бірде-бір орынбасары болмайды. Алтыдан онға дейін сыныптары бар мектептер лауазымдық бірліктің жартысына оқу жұмысы және тәрбие жұмысы үшін жауапты болатын орынбасарды алуға тиіс, бірақ шаруашылық жұмыс жөніндегі міндеттер орынбасар лауазымына жатпайды. Жиырмадан астам сыныптары бар мектептердің оқу және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасардың 1,5 лауазымдық бірлігі болуы тиіс, ал 30-дан астам сыныбы бар мектептер әрбір лауазымға екі орынбасардан алуға тиіс. Екі тілде сабақ беретін мектептерде әрбір тілге оқу жұмысы жөнінде бір орынбасардан және тәрбие жұмысы жөнінде тағы бір орынбасардан тағайындалады. Бұдан басқа, гимназия және инновациялық мектеп сияқты мамандандырылған мектептердің арасында әкімшілік менеджерлерді тарту тәжірибесі көп қолданылады (Мұхтарова және Медени, 2013). Мектеп басшылары туралы қосымша ақпарат 3-бөлімде ұсынылған.

Өз жұмысында ең табысты және мол тәжірибесі бар мұғалімдер мектептің оқу-әдістемелік бірлестігін басқаруы мүмкін немесе біржолғы бастама ретінде өзіне семинарларды, конференцияларды және басқа мектеп шараларын өткізу бойынша міндеттерді алуы мүмкін. Қазақстан мектепке баратын оқушылардың ең көп саны бар, PISA зерттеуіне қатысатын елдердің қатарына кіреді, бұл зерттеуде директорлар белгілейтіндей, мұғалімдер, кем дегенде, айына бір рет мектепке қатысты шешімдерді қабылдауға қатысады (72%), мектепті үздіксіз жетілдіру мәдениетін дамытады (79%), өз басқару тәжірибесін талдайды (57%) (тиісінше, ЭЫДҰ елдеріндегі 72%, 70% және 29% салыстырғанда) (ЭЫДҰ, 2013а).

### *Мұғалімдер*

Мұғалімдер мектеп персоналының басым көпшілігін құрайды. Мұғалім контингентінің қызмет ету саласы 3-бөлімде ұсынылған. Сыныптардағы балалардың аздығы және оқушылар мен мұғалімдердің арақатынасы бір мектепте мұғалімдердің көп болуына әкеледі. Екі тілде оқытатын мектептерде мұғалімдер, әдетте, өздері оқытатын тіл бойынша бөлінеді. Мектеп ішінде мұғалімдер оқу-әдістемелік бірлестіктерге қатысады, олар оқуды ұйымдастыру және оқыту тәжірибесінің мәселелерін талқылау үшін үнемі жиналады.

Мұғалімдердің, олардың жұмысын әркелкі ететін функцияларды мектепте орындау үшін кейбір мүмкіндіктері бар. Бұл енді ғана жұмыс істей бастаған мұғалімдерге тәлімгерлік етуді, мектептің әдістемелік бірлестігін басқаруды, белгілі бір мектеп бастамаларын үйлестіру, мектеп мұғалімдерінің кәсіптік одағында төрағалық етуді қамтуы мүмкін. Осы функциялар уақытша болуы мүмкін және мектеп басшысының өтініші бойынша орындалуы мүмкін. Мектеп басшылығының мектеп мұғалімдері арасында белгілі бір уақытша функцияларды тарату құқығы бар.

### *Оқу-көмекші персонал*

Қазақстанда басты функциясы мұғалімнің жұмысына көмек көрсетуден тұратын персоналды тарту тәжірибесі жоқ. Басқа елдерде мұндай оқу-көмекші персонал, әдетте, мұғалімдерге сабақ өткізуге көмектеседі, оқушыларға қолдау көрсетеді және мектептің ортақ оқу

шараларына қатысады. Мектептің оқу-көмекші персоналының ең көп таралған санаты Қазақстанда лаборант болып табылады, мысалы, физика, химия, биология және информатика пәндерінен. Олардың жұмысы зертханаларды күтіп-ұстаудан, эксперименттерді даярлаудан, мұғалімдерге зертханалық сабақтарды өткізуге көмектесуден тұрады.

#### *Мектептің басқа персоналы*

Мектептерге ҚРҰ № 77 қаулысына сәйкес көптеген көмекші персоналды жалдауға тура келеді. Жалпы алғанда, мектептердің күнделікті қызметін қолдау үшін 13 басқа кәсіби санат қарастырылады (мысалы, бухгалтер, психолог, медбике, кітапханашы, әкімші, хатшы, жөндеу шебері, күзетші, вахтер) (4.А1 қосымшасын қараңыз). Әрбір санатта лауазымдардың саны мектеп түріне, білім деңгейіне және қалыптастырылған сыныптардың санына байланысты болады.

#### *Мектептің және оқушылардың жұмысын ұйымдастыру*

Нормативтік талаптардың ауқымды жүйесі бүкіл ел бойынша оқу жағдайында теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған. Мұғалімдерге қатысты нормативтік талаптар, мұғалім-оқушы және мектептің санитариялық жағдайының арақатынасы мектеп ішінде оқушылардың көбін салыстыруға болатын жағдайға тап болатынын білдіреді. Көптеген мектептерде оқушылар оқудың белгілі жылында иеленетін машықтарды айқындайтын, сол бір ғана бағдарлама бойынша білім алады. Оқулықтар барлық мектептерде де беріледі; жаңа оқулықтар мұғалім үшін құралмен және бағдарламалық қамтамсыз етумен бірге келеді.

#### *Мектепті таңдау және оқушыларды қабылдау саясаты*

Оқушылар өздері тұрып жатқан аудандағы мектепке басымдық тәртіппен қабылдануы мүмкін, бірақ олардың елдегі кез келген мектепке баруға құқығы бар. Егер түскен өтінімдердің саны сыныптардың рұқсат етілген мөлшерінен асқан болса, онда бар орындардың саны аудандық органдармен келісу бойынша бір оқушыға шаққанда кемінде 2,25 м<sup>2</sup> келеді деген шартпен көбейтілуі мүмкін және егер орын бәрібір аз болса, өтініш берушілер мектепке бекітілген ауданда тұрады деген шартпен жаңа сынып ашылуы мүмкін. Белгілі бір оқу бейіні бар мектептердің түсу емтихандарын өткізуге құқығы бар. Зерттеу деректеріне сәйкес, ата-аналар өз балаларына мектепті таңдау кезінде басшылыққа алатын өлшемнің ең маңыздысы үйге жақын болуы және сабақ беру сапасы болып табылады (ҰБСБО, 2013).

#### *Сыныптардың көлемі және оқушылар мен мұғалімдердің арақатынасы*

Қазақстандағы сыныптардың орташа көлемі салыстырмалы түрде үлкен емес: бастауыш білімде – 17,7 оқушы, негізгі орта білімде – 18,1 және жалпы орта білімде – 15,6 (2012 жылы ЭЫДҰ бойынша орта көрсеткіш бастауыш және негізгі орта білімде тиісінше 21 және 24 еді, ЭЫДҰ 2014а). Осы көрсеткіштердің астарында облыстар мен қалалардың арасында елеулі айырмашылықтар тұр: Солтүстік Қазақстан облысындағы бастауыш білімдегі 9,9 оқушыдан Алматы қаласында бастауыш білімде 25,6 оқушыға дейін. Шағын мектептердегі сыныптардың орта мөлшері (8,4 білім алушы) басқа мектептерге қарағанда (20,8 білім алушы), екі есе аз (4.1-кесте). Дәл осылайша, білім алушылар мен мұғалімдердің арақатынасы ЭЫДҰ елдерімен салыстырғанда төмен болып табылады. Ел бойынша орта көрсеткіш 8,5 тең және ол Солтүстік Қазақстан облысындағы 5,5-тен Астана қ. 14,9-ке дейін өзгереді (4.1-кесте). ЭЫДҰ бойынша орта көрсеткіш бастауыш, негізгі орта және орта білімде тиісінше 15, 14 және 14 тең (ЭЫДҰ, 2014а).

4.1-кесте Өңірлер, сыныптар және мектептердің көлемі бойынша оқушы-мұғалім арақатынасы, 2011

Облыстар мен қалалар	Оқу жылдары бойынша сыныптардың көлемі			Мектептердің көлемі бойынша сыныптардың көлемі (2011)		Сыныптардың орташа көлемі	Оқушылар мен мұғалімдердің коэффициенті
	1-4 сыныптар	5-9 сыныптар	10-11 (12) сыныптар	Шағын мектептер	Басқа мектептер	Барлығы	Барлығы
Ақмола	11.7	12.8	10.3	8,2	17,7	12	7.4
Ақтөбе	15.8	16.7	15.2	8,5	22,1	16.1	7
Алматы	19.2	19.4	14.3	8,5	20,5	18.6	8.7
Атырау	19.1	18.5	15.2	17,5	18,4	18.3	9.1
Шығыс Қазақстан	15.4	15.9	14.5	9,9	17,5	15.5	8
Жамбыл	19.1	19.2	16.4	12,5	20,5	18.8	8.3
Батыс Қазақстан	14	15.5	13.4	7,2	18,5	14.6	7.4
Қарағанды	16.9	17.6	14.4	7,1	20,3	16.9	8.9
Қостанай	12.8	14.7	11.7	8,0	19,7	13.5	7.6
Қызылорда	21.3	21.5	18.3	6,0	21,8	20.9	6.9
Маңғыстау	21.8	22.3	18.4	9,8	21,8	21.7	11.7
Павлодар	13.8	13.7	11.8	6,9	21,5	13.5	7.7
Солтүстік Қазақстан	9.9	11.4	10.6	6,9	16,6	10.6	5.5
Оңтүстік Қазақстан	20.8	21.7	20.8	10,6	21,7	21.2	9.2
Астана қ.	25.3	24.5	24.7		25,1	24.7	14.9
Алматы қ.	25.6	23.9	21.5		24,4	24.4	12.4
Ел бойынша орта көрсеткіш	17.7	18.1	15.6	8,4	20,8	17.6	8.5

Дереккөз: АТО (2014)

Қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес жалпы білім беретін мектептерде сыныптардың мөлшері 25 оқушыдан аспауға тиіс. Алайда, өңірлік және жергілікті органдардың сыныптардың мөлшерін түзету кезінде өз қалауынша шешім қабылдау құқығы бар. Бұдан басқа, үлкен сыныптарда сынып мөлшері аздау болуы мүмкін (20 оқушы) және құрылыс жұмыстары жүргізілген жағдайда 2,25 м<sup>2</sup> үлестік алаңға дейін көбеюі мүмкін. Сондай-ақ нормативтік құжаттар арнайы білім сыныптары үшін сыныптың барынша үлкен мөлшерін белгілейді. Мысалы, сынып мөлшері көзі нашар көретін балалар үшін сыныптар және естуі нашар балалар үшін сыныптар жағдайында 8 оқушыдан аспауға тиіс.

#### Оқушыларды топтастыру

Мектептер әлеуметтік жағдайы әртүрлі білім алушыларды және әртүрлі қабілеті бар білім алушыларды, ұлдар мен қыздардың санын бірдей етіп, жасы және оқу жылы бойынша сыныптарды қалыптастыруы тиіс. Білім алушыларды қабілетіне қарай топтастыруға 1-4-сыныптарда тыйым салынады, ал 5-9-сыныптарда білім алушылар өздері таңдаған пәндер мен қабілеттер негізінде топтастырылуы мүмкін. Бастауыш сыныптардың оқушыларын 1 сыныптан

бастап 4 сыныпқа дейін бір мұғалім оқытады, бұл іс жүзінде «циклді жүргізу» немесе «көп жылғы оқу» деп аталады және басқа елдерде қолданылады. Өртүрлі оқу бағдарламалары бойынша білім алушылардың бөлінуі тек 9-сыныптан кейін ғана орын алады, ол кезде білім алушылар оқуын жай мектептің 10-сыныбында не академиялық мектепте (мысалы, лицей, гимназия) не кәсіби мектепте жалғастыруы мүмкін, дәл осылайша, білім берудің басқа бағдарламаларына өтеді.

#### *Оқушылардың келесі сыныпқа өтуі және оқушыларды қолдау*

Оқуды қолдайтын стратегиялар мектеп деңгейінде ұйымдастырылған жағдайда, оқуы нашар білім алушыларды жүйелі мемлекеттік қолдау саясаты жоқ, олардың құжаттамасы дұрыс жүргізілмейді. Сарапшылар мұғалімдері мен психологтары мектептегі ұзартылған күннің түзетуші сабақтары нысанында білім алушыларға ерекше назар аударатын мектептерге барған еді. Кейбір оқушылар сарапшыларға өздерінің қандай да бір сабағы бойынша қиындықтары болса, олар, ең алдымен, бұл мәселені мұғаліммен талқылайтынын айтты. Бұдан басқа, олар мектептегі ұзартылған күн топтарының тегін сабақтарына қатысу мүмкіндігі туралы хабарлады.

Қазақстанда қайтадан оқыту өте сирек кездеседі. Ресми статистика көрсеткендей, білім алушылардың тек 0,04% ғана 2012 жылы екінші жылға қалған еді (АТО, 2014). Респонденттер 2012 жылы PISA зерттеу төңірегінде ұсынған мәліметтерге сәйкес, 15 жасқа дейінгі білім алушылардың шамамен 2% бүкіл оқу мерзімі бойынша кем дегенде бір рет екінші жылға қалған еді, бұл ЭЫДҰ бойынша орта көрсеткіштен айтарлықтай төмен (12%) (ЭЫДҰ, 2013а). Әдетте, тек егер бұны психологиялық-медициналық комиссия ұсынса және ата-аналардың келісімі болса ғана бірінші сыныпта оқитын балаларды екінші жылға қалдырмайды. Кемінде екі пән бойынша нашар бағалары бар 2-4-сыныптарының оқушылары осы пәндер бойынша емтихан тапсыруы мүмкін және егер жақсы тапсырған жағдайда, олар келесі сыныпқа ауысады. Бір не екі пән бойынша нашар бағалары бар 5 – 11-сыныптардың оқушылары қайтадан емтихан тапсырады және жазға осы пәндер бойынша қосымша үй тапсырмаларын алады. Егер оқушылар емтихан тапсыра алмаса, олар екінші жылға қалып, түзетуші сабақтарға қатыса алады, егер де бұны психологиялық-медициналық комиссия ұсынса және ата-аналардың келісімі болса ғана. Мектептің педагогикалық кеңесі және мектеп директоры үш не одан да көп пәндер бойынша нашар бағалары бар білім алушыларды екінші жылға қалдыра алады.

#### *Мектептердегі ахуал*

Қазақстан мектептеріндегі ахуал жақсы болып көрінеді және оқу жетістіктеріне көп назар аударылады (4.2-кесте). 2011 жылы Халықаралық математикалық және жаратылыс ғылымы білімінің сапасын мониторингтік зерттеуге (TIMSS) қатысқан оқушылардың үштен бір бөлігі директорлар мен мұғалімдердің айтуына қарағанда, оқу жетістіктеріне көп назар аударылатын мектептерде оқыған. Дәл осылайша оқушылардың үштен екі бөлігі мұғалімдері мектептерінің қауіпсіз екендігін және тиісті деңгейде қызмет ететінін белгілеген мектептерде оқыған; 4-сыныптың түгелге жуық оқушылары директорлары мектептегі тәртіп пен қауіпсіздік проблемаларының жоқтың қасы екендігін белгілеген мектептерде оқыды. TIMSS-2011 қатысқан басқа елдермен салыстырғанда, Қазақстан 4 және 8-сыныптарда мектептегі тәртіп пен қауіпсіздікпен болған проблемалардың ең аз санын көрсетеді. Ең ақырында, 4-сыныптағы оқушылардың үштен екі бөлігі және 8-сыныптағы оқушылардың төрттен үш бөлігі өздерінің мектепте қатыгез мінез-құлыққа ешқашан тап болмағанын белгілейді.

**4.2-кесте Директорлардың, мұғалімдер мен оқушылардың мектептегі ахуалды қабылдауы, 2011 жыл**


	4-сынып			8-сынып		
	Қазақстан	Әлемдегі орташа көрсеткіш	ЭЫДҰ-дағы ең жоғары көрсеткіш	Қазақстан	Әлемдегі орташа көрсеткіш	ЭЫДҰ-дағы ең жоғары көрсеткіш
Директорлардың жауаптарына сәйкес оқу жетістіктеріне «өте жоғары» немесе «жоғары» көңіл бөлу	70	66	93	65	60	82
Мұғалімдердің жауаптарына сәйкес оқу жетістіктеріне «өте жоғары» немесе «жоғары» көңіл бөлу	80	67	96	73	53	75
Мұғалімдердің жауаптарына сәйкес қауіпсіз және тиісінше тәртібі бар мектептер	67	53	85	65	45	64
Директорлардың жауаптарына сәйкес, мектепте тәртіппен және қауіпсіздікпен проблемалар жоқ	91	61	85	44	16	23
Оқушылардың жауаптарына сәйкес оқушылар агрессивті мінез-құлықпен ешқашан кездеспейді	64	48	68	73	59	79

Дереккөз: МуллисИ., М. Мартин, П. Фойжәне А. Арора (2012), TIMSS-2011 Халықаралық математика жөніндегі нәтижелер. IEATIMSS&PIRLS халықаралық зерттеулер орталығы, Линч білім беру мектебі, Бостон колледжі, Бостон.

**Оқу уақыты және сыныптан тыс шаралар**

Уақыт – балаларды оқытуда қолданылатын ең маңызды ресурстардың бірі. Оқу уақытын көбейту оқу процесінің жақсаруына міндетті түрде әкелмейді, бірақ жеткіліксіз оқу уақыты оқу мүмкіндіктерін шектейді. Қазақстанда ресми оқу жылының ұзақтығын ЭЫДҰ көптеген елдерімен салыстыруға болады. Оқу жылының ұзақтығы туралы шешімдер орталық деңгейде қабылданады және барлық мектептерге қатысты: 1-сыныпта 33 апта және басқа сыныптарда 34 апта. Мектептердегі сабақтар аптасына алты күн өткізіледі және білім алушылар оқу жылына қарай аптасына 24-39 сабаққа қатысады. Дегенмен, Қазақстанда мектептегі оқу уақытының жалпы ұзақтығы ЭЫДҰ көптеген елдерімен салыстырғанда, айтарлықтай қысқа, себебі сабақтардың өздері және олардың арасындағы үзілістер қысқа (сабақ ұзақтығы 45 минут, 1-сыныптың бірінші жартысында 35 минут). 9-сыныптың соңына қарай Қазақстандағы білім алушылар ЭЫДҰ-да орта көрсеткішке қарағанда, оқу сағаттарынан 12% аз аяқтайды. Бұл айырмашылықтың үлкен бөлігі 1-2-сыныптарға тиесілі, онда оқу уақыты осы сыныптардағы ЭЫДҰ-дағы орта көрсеткішпен салыстырғанда, сағаттар саны бойынша 25% қысқа. ЭЫДҰ-дағы орта көрсеткішпен салыстырғанда, аздау болатын орта мектептегі оқу уақыты 14 жастағы білім алушылардың жағдайында бар болғаны шамамен 5% азырақ және 15 жастағы білім алушылардың жағдайында дәл сол деңгейде (4.1-сурет). Одан басқа, Қазақстандағы білім алушылар үшін нормативтік талаптар аптасына дара және топтық консультацияның екі сағатын көздейді.

4.1-сурет Қазақстанда және орта есеппен ЭЫДҰ-да міндетті оқу уақыты, жас топтары бойынша, 2011 жыл



Дереккөз: Ақпараттық – талдау орталығы (АТО) (2014), Мектептерде ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру саясаты бойынша ЭЫДҰ шолуы: Қазақстан бойынша елдің негізгі баяндамасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ақпараттық – талдау орталығы, Астана қ.; ЮНЕСКО Статистика институты.

Оқу уақыты көбінесе академиялық пәндерге арналған – математика, жаратылыстану пәндері, ана тілі және шетел тілі, себебі қазақстандық оқу бағдарламасы біршама тар болып табылады. «Үш тілді» мектептерде білім алушылар өз оқу тілін (мысалы, орыс), қазақ тілін және шетел тілін (мысалы, ағылшын) оқи алады. Бастауыш деңгейде басты назар оқуға бөлінген, ал 5 – 11-сыныптарда басты назар математикаға және жаратылыстану пәндеріне бөлінеді. 4.А2 қосымшасы пәндер бойынша бір «үш тілді» мектепте 1 – 11-сыныптардағы білім алушылар үшін көзделген сабақтардың сағаттар санын көрсетеді. Осы мектептің 11-сыныбын бітірген білім алушы оқу тілін жалпы алғанда 2 135 сабақ бойы оқиды (осы тілдегі оқуды қоса алғанда), бұл ретте осы уақыттың жартысынан көбі бастауыш сыныптарға тиесілі, математиканы – 1900 сабақ бойы, жаратылыстану пәндері – 1631 сабақ бойы.

Ресми оқу уақыты ұзартылған күн топтары аясында өткізілетін үйірмелермен толықтырылады, бұл үйірмелер білім алушыларға сыныптық шараларға қатысудың қосымша мүмкіндігін ұсынады. 2012-2013 оқу жылында мектеп аумағында қызмет ететін мұндай 53 272 үйірме 881 437 білім алушымен жұмыс жүргізді. Білім алушылар бірнеше үйірмелерге қатыса алатындықтан, қатысушылардың саны білім алушылардың санынан жоғары болуы мүмкін. Мұндай үйірмелерде не ұзартылған күн клубтарында білім алушылар көркем өнермен, би өнерімен шұғылданады, ән айту, хор, театр топтарына қатысады. PISA-2012 деректері көрсеткендей, 15 жастағы білім алушылардың 80% астамы спорт сабақтары (99%), математика бойынша конкурстар (97%), қызметтерді ұсыну (97%), көркем өнермен шұғылдану (89%), бітіруші сыныптардың альбомы (82%) сияқты сыныптан тыс шаралар ұсынылатын мектептерде оқиды (ЭЫДҰ, 2013а). Одан басқа, 30 000 астам бала бүкіл ел бойынша спорт секцияларына қатысады, ал мамандандырылған мекемелердің өсіп келе жатқан саны (2013-2014 жылдары 680 мекеме) экология, технологиялар, туризм, музыка және көркем өнер, демалыс және спорт лагерлері сияқты салаларда сыныптан тыс шараларды ұсынады.

Мектеп аумағында мұғалімдердің ақылы сабақ берулеріне тыйым салынады. Дегенмен мұғалімдер мұндай қызметтерді қосымша ақылы қызмет ретінде мектеп аумағынан тыс көрсете

алады. Сондай-ақ мұғалімдер мектептерге жатпайтын білім беру ұйымдары жүзеге асыратын сыныптан тыс шаралар аясында жұмыс істей алады. Дегенмен дара репетиторлық мектеп шаралары контекстінде ұйымдастырылуы мүмкін, ол үшін мұғалімдер қосымша ақыны алады.

### ***Мектеп объектілері***

Көптеген мектептер өз объектілерін күні бойы пайдаланады. Ел мектептерінің үштен екі бөлігі оқуды екі ауысыммен жүргізеді, ал кейбір мектептер (1%) үш ауысыммен жұмыс істейді. Мектептерде үш ауысымдық оқуды жою «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламаларының ең басты бөліктерінің бірі болған, бірақ 2011 жылдағы 71 мектеппен салыстырғанда, 2013 жылы мұндай мектептердің саны 110 болған. Осы мектептердің көбісі (80%) екі облыста – Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарында орналасқан, өйткені осы облыстарда білім алушылардың саны тез өсіп келеді (ҰБСБО, 2014). Кеңес уақытынан қалған инфрақұрылым тапшылығының белгісі болып табылатын бірнеше ауысыммен оқу қолданыстағы объектілерді күні бойы пайдалануға әкеп соғады. Сабақтардан кейін объектілер жиі кезде көптеген сыныптан тыс және ілеспелі шараларды жүргізу үшін өте жиі қолданылады. Мектеп залдарын көркемөнер және театр үйірмелері қолданыдады, спорт залдары мен алаңдарын – мектеп жанында әрекет ететін спорт командалары, кабинеттер ересектер үшін кешкі сабақтарды жүргізу үшін жиі қолданылады (егер бұған жергілікті атқарушы органдар рұқсат берген болса) (АТО, 2014).

Сондай-ақ мектеп объектілері жыл бойы қарқынды пайдаланылады. Жазғы лагерьлер және жазғы мектеп шаралары демалыс уақытында ұйымдастырылады. Бұл шаралар балаларға мектеп демалыстары уақытында шығармашылық және зияткерлік ынталандыру мүмкіндіктерін ұсынудан бастап кәсіби және қоғамдық жұмысқа қатысу және әлеуметтік қауқарсыз отбасылардан шыққан балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға дейін неше түрлі әлеуметтік мақсаттарды көздейді. Әдетте бұл шаралар тегін өткізіледі, қазақстандық қалалар мен ауылдарда қоғамдық өмір орталығы сияқты мектептердің рөлін күшейтеді.

### ***Мұғалімдер және мектеп басшылары үшін кәсіптік даму мүмкіндіктері***


#### ***Мектептердегі жұмыс ахуалы***

Мұғалімдердің өз мектептерінде кәсіби даму үшін көп мүмкіндіктері бар. Қазақстанның әрбір мектебінде, кем дегенде, бір оқу-әдістемелік бірлестік бар, оның аясында мұғалімдер оқыту әдістерін талқылау үшін үнемі жиналады. Қазақстанда 2011 жылы TIMSS зерттеуіне қатысқан білім алушылардың мұғалімдері белгілегендей, олар белгілі бір тақырыпты оқыту әдістерін, оқу материалдарын жоспарлау және даярлау бойынша ынтымақтастықты, сабақ беру тәжірибесімен алмасуды талқылау, сабақ беру туралы көбірек білу және жаңа идеяларды жүзеге асыру үшін бірлескен жұмыс үшін басқа сабақтарға кіруге басқа мұғалімдермен жиі кезде әрекеттесетінін белгіледі (Муллис және т.б., 2012). Бұл бөлігі мұғалімдердің ынтымақтастығы бойынша орта дүниежүзілік көрсеткіштармен салыстырғанда, айтарлықтай жоғары. Сарапшылар мектептерге барды және бұл сапарлар зерттеу нәтижелерін растайды. Мұғалімдер айтқандай, олар басқа мұғалімдерге олардың сабақ беруіне қатысты пікірлерін ұсынады және мектептің әдістемелік бірлестігінің отырыстарында (бірдей пәндерді оқытатын мұғалімдер тобы) жекелеген оқушыларды мүмкіндіктерін талқылайды және туындаған мәселелерді шешу бойынша бірлескен жұмыс жүргізіледі.

Мектеп басшылары PISA-2012 жеке өздері толтырған деректерге сәйкес (4.2-сурет), ЭЫДҰ елдеріндегі орта көрсеткішпен салыстырғанда, оқу басшылығын көбірек деңгейде жүзеге асырады. Қазақстандағы білім алушылардың көбісі директоры кемінде айына бір рет мұғалімдердің кәсіби дамуы жөніндегі шаралардың мектептің педагогикалық мақсаттарына сәйкестігін тексеретін (84%), мұғалімдердің мектептің педагогикалық мақсаттарына сәйкес жұмыс істеуін қамтамасыз ететін (89%), педагогикалық кеңестің отырысында мұғалімдермен мектептің оқу мақсаттарын талқылайтын (65%), соңғы зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес сабақ беру әдістемесін алға жылжытатын (77%), оқушылары оқуға белсенді қатысатын мұғалімдерді көтермелейтін (32%), білім алушылардың сыни және әлеуметтік қабілеттіктерін дамыту маңыздылығына мұғалімдердің назарын аудартатын (81%), мұғаліммен оның сыныбында туындаған проблемаларды талқылау

кажет болатын кезде бастаманы көрсететін (78%), сыныптағы жаман тәртіпке назар аударатын (85%), сыныптағы мәселелерді шешу үшін мұғалімдермен бірге жұмыс істейтін (82%) мектептерде оқиды (ЭЫДҰ, 2013а). Оған қоса, барлық білім алушылар, ЭЫДҰ елдеріндегі 60 и 69% салыстырғанда, директордың айтуынша, сараптама жүргізілетін (мысалы, сабақ жоспарларының, бағалау құралдарының және сабақтардың сараптамасы) және директоры не тәжірибелі қызметкері сабақ беру тәжірибесін бақылау үшін сабақтарды бақылайтын мектептерде оқиды. Одан басқа, білім алушылардың көбісі директоры кемінде айына бір рет мектептің білім беру мақсаттарын әзірлеу үшін білім алушылардың нәтижелерін қолданатын мектептерде оқиды.

4.2-сурет Қазақстанда және ЭЫДҰ елдерінде оқуды басқаруға қатысу тұрақтылығы орта есеппен, 2012



Ескертпе: Бұл деректер директорлары PISA-2012-ге қатысу кезінде өзінің айына бір реттен аптасына бір ретке дейін (қара көк) немесе аптасына бір реттен артық (ақшыл көк) алдыңғы оқу жылындағы оқуды басқаруға қатысты шараға тартылғанын белгілеген мектептердегі білім алушылардың үлесін көрсетеді.

Дереккөз: ЭЫДҰ (2013а), PISA-2012 нәтижелері: мектептердің қалайша табысты болатыны (IV том): ресурстар, саясат және тәжірибе, PISA, ЭЫДҰPublishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264201156-en>.

### Мұғалімдердің біліктілігін арттыру

Мұғалімдер кемінде бес жылда бір рет өз мектебінен тыс жерде біліктілікті арттыру курстарынан өтуге тиіс, бұл ретте курстар төрт айдан аспайды. Міндетті біліктілікті арттыру курстарын мемлекет қаржыландырады, және мектеп директорлары өз мектебінде біліктілікті арттыру жөніндегі талаптардың орындалуын қамтамасыз ету үшін жауап береді. Әдетте мұғалімдер өздерінің кәсіби дамуы үшін ақы төлемейді. Мұғалімдерді бағалау олардың кәсіби дамуымен тікелей байланысты емес. Алайда мұғалімді бағалау нәтижелері бойынша оған белгілі бір біліктілікті арттыру курсынан өту ұсынылуы мүмкін, бірақ бұл міндетті емес. Кәсіби даму бойынша шаралардың екі түрі бар:

- *Дәстүрлі кәсіби даму нысандары*, мысалы, курстар, семинарлар және конференциялар, оларды жергілікті деңгейде жергілікті мамандандырылған мекемелер мұғалімдерге сертификат беріп, бірақ еңбекақыны көтермей, жүзеге асырады. Олар әдетте кемінде 72



сағат бойы жүргізіледі. Егер курстар 36 сағаттан артық болса, онда оқу практикалық сабақтарды және қорытынды емтиханды көздейді. Бұл курстарды «Өрлеу» ұлттық біліктілікті арттыру орталығының өңірлік бөлімшелері жүргізеді.

- *«Анағұрлым жоғары деңгейдегі оқу бағдарламалары»*, оларды аяқтағаннан кейін мұғалімдердің еңбекақысы көтеріледі. Бұл бағдарламалар Қазақстандағы кәсіби дамудың орасан биік мақсатын бейнелейді және оны халықаралық әріптестермен бірге (ең бастысы, Кембридж университетінің білім беру факультеті) «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДБҰ Педагогикалық шеберлік орталығы жүзеге асырады. Реформаның мақсаттары: елдегі кәсіби даму жүйесін қайта ұйымдастыруды, НЗМ мектептері жинақтаған тәжірибе негізінде мектеп білімі жүйесінде инновациялық практиканы енгізуді, озық әлемдік педагогикалық тәжірибені пайдалануды қамтиды. Бұл бағдарламалар үш деңгейде жүзеге асырылады: i) негізгі: оқу сыныптағы оқыту процесіне шоғырландырылған; ii) негізгі: оқу мектептегі оқыту процесіне шоғырландырылған; iii) жоғарғы: оқу бүкіл мектеп бойынша сабақ беру тәжірибесін жақсартуға шоғырландырылған. Бұл оқыту бағдарламаларын «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДБҰ Педагогикалық шеберлік орталығы және «Өрлеу» ұлттық біліктілікті арттыру орталығы жүзеге асырады, алайда соңғысы тек негізгі және негізгі деңгейдегі курстарды ғана жүргізе алады.

Жоғары деңгейдегі оқуды өту үшін мұғалімдерді іріктеуді мектеп директорларының ұсынысы бойынша облыстық Білім беру департаменттері жүзеге асырады. Іріктеу өлшемдері сабақ беру жұмысының тәжірибесін, табысты сабақ беру дәлелдерін, сабақ берудің инновациялық әдістерін енгізу қабілетін, өзінің сабақ беру тәжірибесін тарату қабілетін, тәжірибесі аздау мұғалімдерге жетекшілік ету қабілетін, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білуді қамтиды (4.А3-қосымшасында 4.А3.1-кесте). Өрбір бағдарлама ұзақтығы бір ай құрайтын үш ретгі кезеңдерден тұрады: теориялық кіріспе; онлайн-қолдау кезінде жұмыс орнында оқыту; жұмыстан тыс жүргізілетін және өзін-өзі талдауды, әріптестер тарапынан бағалауды, мұғалімнің педагогикалық тәжірибесіндегі өзгерістерді бағалауды көздейтін қорытынды бөлігі. Бағдарлама аяқталғаннан кейін мұғалімдер портфолио дайындап, презентацияны өткізуге және емтихан тапсыруға тиіс. 2012 жылы 7 % жуық мұғалімдер бағдарламаны табысты аяқтай алмады. «Анағұрлым жоғары деңгейдегі» оқу бағдарламасын табысты аяқтау еңбекақының негізгі, негізгі және жоғарғы бағдарламаларын аяқтау кезінде негізгі лауазымдық жалақыдан, тиісінше, 30%, 70% және 100% көтерілуіне әкеледі (3-тарауда 3.4-кесте).

2013 жылы 50 600 мұғалім «Өрлеу» ұлттық біліктілікті арттыру орталығының өңірлік филиалдары өткізетін дәстүрлі нысандағы біліктілікті арттырудың қысқа мерзімді курстарынан өткен. Дәл сол жылы «Өрлеу» БАҰО жүзеге асыратын «анағұрлым жоғары деңгейдегі» оқу бағдарламаларынан өткен мұғалімдердің саны негізгі және негізгі деңгейлер бойынша, тиісінше 8 691 және 1 198 адам құрады, ал «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДБҰ Педагогикалық шеберлік орталығында дәл осы бағдарламалардан өткен мұғалімдердің саны негізгі, негізгі және жоғары деңгейлер бойынша, тиісінше, 1 147, 997, 3 093 адам құрады. Сондай-ақ мұғалімдер өзінің кәсіби дамуымен ресми талаптардан тыс та айналысуы мүмкін, сол сияқты басқа білімді де алуы мүмкін. Кейде бұл тиісті мектептің қолдауымен жасалады.

#### *Мектептердің басшы кадрларын дамыту*

Әдеттегідей, мектеп басшылары өзінің басқару дағдыларын дара практикалық жұмыс тәжірибесі аясында дамытады. Педагогикалық кадрларды даярлау бағдарламалары мектепті басқару бойынша пәнді қамтымайды және басшы кадрларды даярлау бағдарламасын аяқтау басшы лауазымына тағайындау кезінде және лауазымға тағайындалғаннан кейін талап етілмейді. Жұмыстан босатылмай, біліктілікті арттыру бойынша шараларға қатысу міндетті болып табылмайды және мұғалімдерге қарағанда, еңбекақының көтерілуіне әкеп соқпайды. Одан басқа, мектеп басшылары үшін кәсіби оқу қауымдастықтарының және тәлімгерлік бағдарламалары жоқ.

«Өрлеу» ұлттық біліктілікті дамыту орталығы және оның өңірлік бөлімшелері жұмыстан босатпай, басшы кадрларды даярлау курстарын әзірлеу және жүзеге асыру үшін жауап береді. Негізі, бұл курстардың мазмұны: *i)* білім беруде басқару теориясы мен әдістемесіне; *ii)* Қазақстандағы білімнің ахуалына; *iii)* білімдегі басқару әдістеріне; *iv)* мектепті басқару теориясы мен әдістемесіне, және *v)* мектепті басқарудың қазіргі заманғы әлеуметтік және мәдени аспектілеріне арналған (АТО, 2014). Соңғы жылдары озық мектептерде тағылымдамадан өтуді, интерактивті және ақпараттық технологиялардың қолданылуын, қашықтықтан оқыту курстарын ұсыну арқылы кеңейтілген қолжетімділікті қоса алғанда, практикалық бөлігін енгізу бойынша шаралар қабылдануда АТО, 2014).

2013 жылы «Өрлеу» ҰБАО біліктілікті арттыру курстарына 2 638 мектеп басшысы қатысты, олардың 557 (8%) расында да мектеп директорлары болған (АТО, 2014). Бұл мектеп директорларының өзінің жұмыс тәжірибесінің 12 жылында оқу курстарына орташа есеппен бір рет қана қатысатынын білдіреді. Министрлік деректеріне сәйкес, мектеп директорларының тек 56% ғана 2012 жылы басшы кадрлар үшін тереңдетілген оқу курстарынан өткен (АТО, 2014). «Өрлеу» ҰБАО курстарына басқа қатысушылар оқу жұмысы жөніндегі 854 орынбасарды, 595 әдістемелік бірлестік жетекшілерін, тәрбие жұмысы жөніндегі 487 орынбасарды, бастауыш сыныптар бойынша 105 орынбасарды, 40 әлеуметтік педагогты қамтыған (АТО, 2014).

Назарбаев университетімен бірге «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДБҰ Педагогикалық шеберлік орталығы да мектеп басшылары үшін кәсіби даму бағдарламаларын жүзеге асырады. Кембридж университетінің қолдауымен (Ұлыбритания) Орталық өзінде теориялық және практикалық даярлықты қамтитын, 9-айлық инновациялық оқу бағдарламасын әзірледі. Жалпы бағдарлама 640 сағат бойы жүргізіледі, олар мынадай кезеңдерге бөлінген: *i)* кіріспе «бетпе бет» оқуы (160 сағат); *ii)* нұсқаушының қолдауымен практикалық оқу (80 сағат); *iii)* бар білімін тереңдету және толықтыру үшін «бетпе-бет» оқыту, мектеп басшыларын талдау және бағалау (160 сағат); *iv)* нұсқаушының тікелей қолдауымен мектептегі тағылымдама (240 сағат). Бағдарламаның басты мақсаттары: *i)* мектептің қазіргі заманғы басшысының рөлі мен мақсатын түсінуді дамыту; *ii)* көшбасшылық және басқару, стратегиялық жоспарлау, менеджмент және болжамдау саласында басты құзыреттерді қалыптастыру; *iii)* мектеп басшыларына өз қызметін, мұғалімдер мен оқушылардың қызметін жақсарту үшін машықтарды, әдістемелерді, нысандар мен әдіс-тәсілдерді көрсету; *iv)* анна-аналармен және жергілікті халықпен ынтымақтастықты дамыту үшін көшбасшы дағдыларын дамыту. 2013 жылы бұл бағдарламаға бар болғаны 250 мектеп директоры мен директор орынбасары қатысқан еді. Сондай-ақ Орталық 2013 жылы НЗМ кейбір инновациялары бойынша пилоттық жобалар жүзеге асырылған 35 мектептің шамамен 70 мектеп басшысы үшін бес айлық бағдарламаны (маусымнан бастап қазанға дейін) ұйымдастырды. Бағдарлама кіріспені, бір бөлігі – қашықтықтан оқыту нысанында, басқа бөлігі – НЗМ-де практиканы байқау түрінде басшы кадрларды шетелде даярлау курсын және қорытынды жобаны қамтыған (НЗМ, 2013).

## ***Бағалау жүйелері***

### *Оқушыларды бағалау*

Оқушылардың үлгерімі көптеген құралдардың көмегімен бағаланады, сыртқы ұлттық емтихандардан бастап сыныптағы ағымдағы күнделікті әдеттегі бағаға дейін. Ұлттық деңгейде 2012 жылдан бастап 9-сыныптарда іріктеу аясында Оқу жетістіктерін сырттай бағалау (ОЖСБ) өткізіледі, оның нәтижелері ұлттық мақсаттарға қатысты тиімділіктің басты көрсеткіштерін айқындау кезінде қолданылады. Ол мектептерге, мұғалімдер мен білім алушыларға қатты әсер етпейді. Сомалық бағалау мұғалімдер өткізетін бағалау нәтижелеріне (белгілі бір сыныптардың соңында кейбір пәндер бойынша қорытынды емтихандарын қоса алғанда) және соңғы оқу жылы ұлттық емтихан нәтижелеріне (Ұлттық бірыңғай тестілеу, ҰБТ) негізделеді. Соңғысы мектепті аяқтау кезінде (11-сынып) өткізіледі және жоғары оқу орнына түскісі келетін білім алушыларға арналған (ол, ең бастысы, ЖОО-ға түсу емтиханының рөлін орындайды). Білім алушылар ҰБТ-ны тапсырмай, орта білімді аяқтауы мүмкін. ҰБТ нәтижелері көбінесе білім алушылар, мектептер және өңірлер арасындағы нәтижелерді салыстыру үшін, сондай-ақ ұлттық деңгейде білім алушыларды оқыту мақсаттарына қол жеткізілгенін бағалау үшін қолданылады. Ұлттық тестілеу

орталығы ОЖСБ және ҰБТ әзірлейді және әкімшілік етеді, бірақ екі бағдарламаны да Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті реттейді.

2012 жылы ОЖСБ-ға әрбір өңірде мектептерді 10-проценттік іріктеу аясында таңдалған 653 мектептегі 37 799 оқушы қатысты. Бағалау төрт пән бойынша (оқу тілі, тарих, математика, химия) бойынша жүргізілді. Үкімет 2012 жылдың нәтижелерін «9-сыныптағы білім алушылардың оқу жетістіктерін сырттай бағалау нәтижелерін талдау» есебінде жариялады (ЭЫДҰ, 2014b).

2012 жылы ҰБТ-дан 117 333 оқушы өтті, бұл мектеп түлектерінің жалпы санынан 75% құрады. ҰБТ бес пән бойынша өткізіледі. Төртеуі міндетті болып табылады: математика, тарих, оқу тілі (қазақ не орыс), орыс (қазақ тілде оқитын мектептерде) не қазақ (орыс тілде оқитын мектептерде). Бесінші пәнді мына тізілімнен таңдауға болады: физика, химия, биология, география, дүниежүзілік тарих, ағылшын тілі, неміс тілі, француз тілі, қазақ әдебиеті және орыс әдебиеті. 2012 жылы таңдау бойынша ең көп таңдалған пән: биология (емтихан тапсырғандардың 33% таңдады), физика (31%) және география (шамамен 15%) (ЭЫДҰ, 2014b). ҚР БҒМ және ҰБСБО жыл сайын барлық өзгерістермен өңірлер мен мектептер бойынша білім алушылардың нәтижелерін көрсететін есепті жариялайды. Есептер ҰБТ ең жоғары орта ұпайымен 100 мектепті (әдетте бұл дарынды балаларға арналған мектеп) және ҰБТ ең төмен орта ұпайымен 100 мектепті көрсетіп, мектептердің тиімділік рейтингтерін қамтиды (ЭЫДҰ, 2014b). Әдетте облыстық және қалалық департаменттер өздерінің веб-сайттарында пәндерге бөліп өз аудандары мен мектептері бойынша ҰБТ нәтижелерін жариялайды. Осылайша, ҰБТ нәтижелері аудандар, облыстар және ұлттық деңгейде мектептер рейтингімен жарияланады.

#### *Мұғалімдерді аттестаттау*

Мұғалімдер анағұрлым жоғары біліктілік санатын алу үшін болсын, не ағымдағы санатты сақтау үшін болсын бес жылда кемінде бір рет аттестаттаудан өтуге тиіс (Маңсаптық құрылымдағы санаттардың сипаттамасы. 3-тарау). Сондай-ақ мұғалімдер соңғы аттестаттаудан кейін бес жыл бітпей біліктілік санатын арттыру үшін аттестаттаудан өту туралы өтінішпен жеке бастамасымен жүгінуі мүмкін. Бұл жағдайда олар Ұлттық тестілеу орталығы әзірлеген емтиханды тапсыруға тиіс, ол бірнеше жауап нұсқасымен 60 сұрақты қамтиды (заңдар мен қағидалар бойынша 20 сұрақ, психология және педагогика негіздері бойынша 20 сұрақ және пәндік білімдер бойынша 20 сұрақ). Аттестаттау процесі төңірегінде мұғалім біліктілікті және басқа педагогикалық қызметті (мысалы, оқу-әдістемелік материалдар мен curriculumдарды әзірлеу) арттыру мақсатында өзінің оқудан өткені туралы ақпаратты, сондай-ақ білім алушылардың оқу жетістіктері туралы деректерді (мысалы, олимпиада және басқа конкурстар жеңімпаздары) ұсынуға тиіс (ЭЫДҰ, 2014b).

Мұғалімдердің аттестаттау жөніндегі өтінімдерін 2-санат бойынша мектеп деңгейінде, 1-санат бойынша аудандық деңгейде және жоғарғы санат бойынша облыстық деңгейде (кейде 1-санат бойынша да) құрылатын комиссиялар қарайды. Мектеп деңгейінде комиссиялар жоғарғы санаттағы мұғалімдерді қоса алғанда, жоғары лауазым атқаратын мектеп қызметшілерінен қалыптастырылады. Шағын мектептерде комиссиялар көршілес мектептердің мұғалімдерін қамтуы мүмкін. Барлық деңгейлерде комиссиялар әдетте «ең білікті педагогикалық қызметкерлерін», кәсіби одақ өкілдерін, әдістемелік және педагогикалық бірлестіктердің мүшелерін қамтиды.

Мұғалімдерді аттестаттаудың анықтамалық өлшемдері «Педагогикалық қызметкерлер лауазымдарының үлгі біліктілік сипаттамалары» болып табылады. Олар барлық мұғалімдерге таралады және негізгі үш салаға бөлінеді: лауазымдық міндеттері, қажетті қосымша білімі, біліктілік талаптары. 4.А3-қосымшасындағы 4.А3.2-кестесі мұғалімдердің әртүрлі санаттары бойынша «біліктілік талаптарының» сипаттамасын қамтиды. Лауазымдық міндеттер мұғалімдердің негізгі міндеттеріне қатысты (мысалы, білім алушылардың әлеуметтік және дара қабілеттерін дамытуға жәрдемдесу, сабақ жоспарларын даярлау, ата-аналармен араласу), ал қажетті қосымша білім Қазақстан Республикасының Конституциясын, нормативтік-құқықтық актілерін және олардың білім секторында қолданылуын білуді қамтиды. Аталған санатқа жататын өлшемдерді ескере отырып, аттестаттау комиссиясы педагогикалық жұмыс өтілі мен тәжірибенің

болуын (сабақтарды және оқу-әдістемелік материалдарды даярлау); біліктілікті арттыру жөніндегі оқудан өткенін және кәсіби шараларға қатысуын (конференция, педагогикалық конкурстар, семинарлар); эксперименталдық қызметке, оқу бағдарламаларын, куррикулумдарды әзірлеуге қатысуын; әріптестерге жетекшілік етуін (кәсіби одақтар, шығармашылық ұжымдар); оқу мекемесін басқаруға қатысуын растайтын дәлелдемелерін қарайды. Сондай-ақ ата-аналар мен білім алушылар көзқарасынан сабақ беру сапасын тәуелсіз бағалау қорытындысы бойынша алынған ақпарат және білім алушылардың оқу жетістіктері туралы деректерді қарайды (мысалы, білім алушылардың олимпиадаларға және басқа да конкурстарға қатысу нәтижелері) (ЭЫДҰ, 2014b). Аттестаттау процесі сондай-ақ мұғаліммен әңгімелесуді және сабақты байқауды қамтиды.

Ұсынылған материалдарды қарап, мұғаліммен әңгімелескеннен кейін аттестаттау комиссиясы мынадай шешімдердің бірін қабылдайды: i) мұғалім өзі үміттенетін санатқа сай келеді, яғни егер мұғалім санатын арттыруды көздесе, санат көтеріледі не егер ағымдағы санатын сақтауды қаласа, санаты сақталады; ii) мұғалім қайтадан аттестаттаудан өтуге тиіс, яғни мұғалімге тағы мүмкіндік беріледі; немесе iii) мұғалім өзі үміттенетін санатқа сай емес, яғни егер мұғалім санатын арттыруды көздесе, санат көтерілмейді не егер мұғалім ағымдағы санатын сақтауға өтініш білдірсе, санат кері қайтарылады. Осылайша, теориялық тұрғыдан егер мұғалім аттестаттаудан өте алмаса, оның санаты төменгі санатқа дейін төмендетілуі мүмкін, алайда мұндай жағдайлардың қаншалықты жиі болатыны түсініксіз (ЭЫДҰ, 2014b). Ал мұғалім комиссия шешіміне шағымдануы мүмкін.

#### *Мектеп директорларын және директор орынбасарларын аттестаттау*

Мұғалімдерді бағалау рәсімдерінен айрықша, мектептің басшы кадрларын аттестаттау Қазақстанда әлі дамудың бастапқы кезеңінде. Заңнама мектеп директорларының жыл сайынғы аттестаттауын көздейді, бірақ басқа басшы кадрларды аттестаттау туралы қандай да бір талаптарды қамтымайды. Бағалаудың ресми өлшемдері әлі орнатылмаған және шын мәнінде мектеп директорларын аттестаттау білім алушылардың жетістіктерін (мысалы, ҰБТ-да орташа балл, олимпиадалардағы табыстар) және мұғалімдердің кәсіби дамуы туралы жылдық есептерді қарау арқылы мектептерді сырттай бағалау процесі барысында орын алады (Дүниежүзілік банк, 2013). Аттестаттау нәтижелері директорлардың еңбекақысына немесе олардың маңсаптық өсуіне әсер етпейді. Мектептердің басқа басшы кадрлары басшы функцияларының мәніне қарай аттестаттаудан өтпейді, бірақ педагогикалық жүктемесіне қарай тұрақты аттестаттауға жатады.

#### *Мектептерді бағалау*

Қазақстанда әрбір мектеп жұмысын бастамас бұрын лицензиялаудан өтуге тиіс және кейін бес жылда кемінде бір рет аттестаттаудан (не тексерілуден) өтуі тиіс. Осы екі процесс 2011 жылы құрылған және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне бағынатын, бірақ жекелеген заңды тұлға болып табылатын Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің құзыретіне кіреді. Осы процестердің көмегімен Комитет мектептердегі білім беру сапасын қадағалайды, белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді, білім беру қызметтерінің сапасын арттыру бойынша шараларды қабылдайды. Комитеттің облыстарда, Алматы және Астана қалаларында аумақтық бөлімшелері бар, олар мектептерге лицензия беру, аттестаттау процестерін ұйымдастырады. Лицензиялаудың бірінші кезектегі процесі мектептің бастапқыдағы қызметіне арналған, ең төменгі материалдық және кадрлық талаптарға назар аударады, мысалы, мектептің қажетті кадрлары мен тиісті материалдық-техникалық базасының бар-жоғын тексереді. Ол мектепке баратын комиссияның қалыптастырылуын көздейді.

Мектептерді аттестаттау процесінде ең басты құжаттар білім стандарттары, сондай-ақ кадрлық қамтамасыз ету, мектеп инфрақұрылымы, мектеп жұмысы (мысалы, сыныптардың ең үлкен мөлшері) жөніндегі нормативтік құжаттар болып табылады. Мектептерді аттестаттау туралы есеп жұртшылық үшін жарияланбайды. Алайда жұртшылықтың мектептің алған есебінің баспа көшірмесімен таныс болуға құқығы бар. Сондай-ақ, айта кетерлік, мектептердің өзін-өзі бағалауды өткізуі туралы талап жоқ, бағалау тек мектепті аттестаттау аясында жүргізіледі. Бірақ көптеген мектептер педагогикалық ұжымның қатысуымен өз тәжірибесін жақсартуға қатысты

ішкі талқылауларды өткізеді. Мектептерді аттестаттау процесі жүйедегі әрбір мектеп бойынша іс-шаралардың бірізділігін көздейді, оның ішінде:

- Мынадай сұрақтарды қамтитын, жүргізілген өзін-өзі бағалау туралы мектеп есебі: жалпы сипаттама, кадрлық құрылым, оқушылардың саны; оқыту, педагогикалық жұмыс және педагогикалық жүктемесі; оқыту және персоналды басқару; ғылыми зертханалар; АКТ және кітапхана ресурстары, оқушылардың үлгерімі, ғылыми жұмыс; кәсіби тәжірибе.
- Аттестаттау комиссиясының сапары мыналарды қамтиды: сыныпта сабақ беруді байқау; мектептің әкімшілік құжаттарын қарау (мысалы, мектеп жоспарын, сабақ кестесін, сабақ жоспарларын), білім алушыларды тестілеу, мектеп мүшелерімен (білім алушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен) сөйлесу. Тексерілетін аспектілер мыналарды қамтиды: педагогикалық қызметшілер (мысалы, біліктілік талаптары, жұмысқа қабылдау рәсімі, педагогикалық жүктемесі), педагогикалық әдіс-тәсілдер, сабақ беру және оқыту сапасы, мектеп қуаттылығы үшін білім алушылар санының жеткілікті болуы, инфрақұрылым (мысалы, зертханалар, АКТ, кітапхана), білім алушылардың үлгерімі. Мысалы, мұғалімдердің біліктілігі мен тәжірибесіне қатысты айтатын болсақ, бастауыш мектепте лауазымдардың екі жоғарғы санатының кемінде 20% мұғалім болуы керек (орта мектепте 30%). Аттестаттау процесінде білім алушылардың үлгерімін бағалау үшін мектеп оқушылары арасында стандартталған тестілеуді өткізу қарастырылған. Бұл тестті мектепті аттестаттау үшін арнайы Ұлттық тестілеу орталығы әзірлеген және олар көптеген пәндер бойынша 4, 9 және 11-сыныптарының оқушыларына арналған. Басқа сыныптарда аттестаттау комиссиясына кіретін, белгілі бір пәннің мұғалімдері-мамандары арнайы әзірлеген бақылау жұмыстары өткізілуі мүмкін.

Мектеп білімі жүйесінде аттестаттау комиссиясы әдетте 15-16 адамнан тұрады және мектепте шамамен бір апта бойы қызмет жасайды. Комиссия төрағасы болып Бақылау комитетінің қызметшісі тағайындалады, 4 адам басқа өңірлерден тағайындалады, қалғандар жергілікті сарапшылар болып табылады (ең алдымен, мұғалімдер). Комиссияның үлкен құрамы мектепте қызмет ететін, неше түрлі пәндік мамандандыруды қамту үшін көбірек деңгейде байланысты. Комиссия мүшелері өз қызметтері үшін сыйақы алады. Аттестаттау комиссиясына қатысу үшін үміткерлер өңірлік және қалалық деректер базаларынан сайланады, ол, әдетте, үлкен жұмыс тәжірибесі бар және әдістемелік бірлестіктерге қатысатын мұғалімдерді қамтиды. Комиссияның сан құрамы мектептегі мұғалімдердің санына және оқытылатын пәндердің тізбесіне қарай шамалы өзгеруі мүмкін.

- Аттестаттау (аттестаттамау) туралы шешіммен бірге мектепті аттестаттау туралы есепті даярлау. Аттестаттау комиссиясы аттестаттау (аттестаттамау) туралы шешімге қатысты ұсынысын береді, ал Бақылау комитетіне кейіннен мұндай ұсынысты растайды (не растамайды). Егер мектеп толығымен білім стандарттары мен қағидаларына, оның ішінде білім алушылардың үлгерімі жағынан сай келсе, оң шешім қабылданады (қамтылған білім алушылардың кемінде 70% аттестаттау комиссиясы өткізген стандартталған тестілеуден өткен болса). Теріс шешім мектеп лицензиясының тоқтатылуына әкеледі. Аттестаттау туралы есеп айқындалған бұзушылықтардың тізбесін қамтиды және кейде онда мектептегі жауапты тұлғалар көрсетіледі. Есеп нормативтік талаптардың анықталған бұзушылықтарына шоғырландырылғанымен, ол әдетте мектептің педагогикалық тәжірибесін жақсарту жөнінде ұсыныстарды қамтиды. Есепті мұғалімдер мен мектеп басшылығы талқылайды деп болжамдалады. Жиі кезде мектеп осы ұсыныстарды ресурстарды арттыру туралы сұраумен жергілікті білім органдарына жүгіну үшін негіздеме ретінде пайдаланады.
- Аттестаттаудан өтпеген мектептер үшін кейінгі кезең (лицензиясы тоқтатылған мектептер). Аттестаттаудан өтпеген мектептер іс-әрекеттер жоспарын әзірлеуге тиіс. Белгіленген уақыт ішінде (әдетте алты ай) аттестаттауды жүргізу кезінде анықталған бұзушылықтар мен осал жақтардың жойылғанын тексеру бойынша комиссия құрылады. Егер тексеру оң нәтиже берсе, мектеп лицензиясы қайтарылады. Кері жағдайда, мектеп

лицензиясы кері қайтарылады, және мектеп өз қызметін тоқтатады. Жергілікті білім беру органдары (аудандық және қалалық департаменттер) анықталған бұзушылықтарды жоюға қолдау көрсетеді деп күтіледі.

2013 жылы аттестаттау процесі жүргізілген 1 427 мектептің тек 54% ғана алғашқы аттестаттауда оң шешім алған еді (Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің деректері бойынша) (4.3-кесте). Осы санның астарында бүкіл ел бойынша көрсеткіштердің арасында үлкен айырмашылық жатыр, Атырау облысындағы 12,2% бастап Алматы қаласындағы 83% дейін.

**4.3-кесте Мектептерді аттестаттау, 2013 жыл**

Өңір	Аттестаттау жүргізілген мектептердің саны	Шешім		
		Аттестаттау	Аттестаттамау	Аттестаттаудан өткен мектептердің үлесі
Ақмола	143	100	43	69.9
Ақтөбе	65	30	35	46.2
Алматы	138	24	114	17.4
Атырау	41	5	36	12.2
Шығыс Қазақстан	129	87	42	67.4
Жамбыл	86	51	35	59.3
Батыс Қазақстан	75	23	52	30.7
Қарағанды	91	51	40	56.0
Қостанай	109	38	71	34.9
Қызылорда	80	48	32	60.0
Маңғыстау	22	12	10	54.5
Павлодар	82	60	22	73.2
Солтүстік Қазақстан	98	55	43	56.1
Оңтүстік Қазақстан	191	125	66	65.4
Алматы қ.	47	39	8	83.0
Астана қ.	30	21	9	70.0
<b>Барлығы</b>	<b>1427</b>	<b>769</b>	<b>658</b>	<b>53.9</b>

Дереккөз: Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің деректері

#### *Бағалау жүйесі*

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына қатысты білім беру жүйесінің тиімділік мониторингі үшін бірқатар құралдар қолданылады. Білім алушыларды оқыту нәтижелері туралы ақпараттың жиналуы 9-сыныптарда төрт пән бойынша (оқу тілі, тарих, математика, химия) іріктеу және жоғары оқу орнында оқуын жалғастырғысы келетін оқушылар тапсыратын (әртүрлі пәндер бойынша) Ұлттық бірыңғай тестілеу негізінде өткізілетін Оқу жетістіктерін сырттай бағалау көмегімен іске асырылады. Сондай-ақ мониторинг жүйесі қалыпты нысан бойынша мектептердің тапсыратын деректеріне негізделген білім беру бойынша бір қатар статистикалық көрсеткіштерді қамтиды. Одан басқа, PISA және TIMSS сияқты халықаралық зерттеулер төңірегінде алынатын, білім алушылар үлгерімінің халықаралық көрсеткіштері жүйе деңгейінде саясатты әзірлеу кезінде де қолданылады. Одан басқа, ҰБСБО да директорлардың, мұғалімдердің, ата-аналардың, оқушылардың және әлеуетті жұмыс берушілердің көзқарастары мен пікірлерін жинауды көздейтін, білім туралы қоғамдық пікірді бағалау үшін зерттеулерді жүргізеді. Алайда аудандық және облыстық білім департаменттерінің жұмысын бағалау жүйелері жоқ, тіпті егер де олардың жұмысының мониторингі білім алушылардың оқу жетістіктері негізінде іске асырылса да.

ҚР БҒМ және ҰБСБО жүйе деңгейінде талдауды қамтитын есептерді жариялайды. Осы есептердің үлгісі ретінде мынадай материалдарды келтіруге болады: *Білім ахуалы және дамуы туралы ұлттық баяндама, 5 және 9-сыныптардағы оқушылардың үлгерімін бағалау туралы мониторингтік зерттеудің нәтижелері, 9-сыныптардағы оқушылардың оқу жетістіктерін сырттай бағалау нәтижелерін талдау, 2012 жылғы Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижелерін талдау.*


### **Басқа мектептермен әріптестік және қоғамның қатысуы**

Мектептердің бір-бірінен ерекшеліктері аз. Мектеп басшыларының басқа мектептердегі өз әріптестерін қолдауға қатысу үшін (мысалы, озық тәжірибемен алмасу, жаңа басшыларға тәлімгерлік ету, аз тиімді және оқшауланған мектептердегі әріптестерін қолдау) ресми схемалар жоқ және тек өз мектебін басқара алатын ғана емес, ал сонымен қатар, бүкіл жүйесін жақсартуға қатыса алатын жүйе көшбасшысының тұжырымдамасы әлі қалыптасу үстінде. Материалдық-техникалық базаны, жабдықты және оқу материалдарын не адами ресурстарын анағұрлым тиімді пайдалану мақсатында мектеп ресурстарын бірлесіп пайдаланудың кейбір тетіктері бар.

Қоғамның мектепті басқаруға ресми қатысуы үшін мүмкіндіктер қазіргі кезде құрылатын және қалыптасып жатқан қамқоршылық кеңестер нысанында дамып жатыр. Мектептен тыс мүдделі тұлғалар қатыса алатын (мысалы, ата-аналар, жергілікті кәсіпкерлер), мектепті басқаруға қатысатын алқалық органның ықтимал нысаны сияқты қамқоршылық кеңестер білім беру жүйесінде шешімдерді қабылдау процесін орталықсыздандыру бойынша саясатты дамыту және мектеп қауымдастығына оны басқаруға қатысу мүмкіндігін ұсыну мақсатында 2007 жылы заңды түрде бекітілген (2-бөлім).

Қамқоршылық кеңестер болмаған уақытта, мектептер өз айналасындағы қауымдастықпен ынтымақтастықты ынталандырудың жеке жолдарын іздеуші еді. Жиі кезде мұндай ынтымақтастық мектеп ата-аналарының жалпы жиналысы сайлайтын ата-аналар комитетінің нысанын қабылдайтын еді (2-бөлім). PISA-2012 зерттеуі төңірегінде мектеп директорлары әртүрлі мектеп шараларына қатысқан оқушылар ата-аналарының үлесін көрсетуге тиіс еді. 4.3-суретте көріп тұрғанымыздай, Қазақстанда әртүрлі мектеп шараларына ЭЫДҰ елдеріндегі орта көрсеткішпен салыстырғанда көбірек ата-аналар қатысатын сияқты.

**4.3-сурет Қазақстанда және жалпы ЭЫДҰ бойынша ата-аналардың қатысуын қабылдау, 2012**



*Ескертпе:* Бұл деректер директорлардың алдыңғы оқу жылында мектеп шараларына қатысқан ата-аналардың үлесі туралы берген ақпаратын көрсетеді.



## **Күшті жақтары**

### ***Мектептерде ынтымақтастық рухы басым***

#### *Мұғалімдердің ынтымақтастық үшін мүмкіндіктері бар*

Қазақстандағы мектептерде мұғалімдердің бір-бірімен өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндігі бар. Қазақстанда мектеп аясында кәсіби даму мүмкіндіктерінің кезеңділігі мен қарқындылығы елеулі болып көрінеді. Мектеп аясында кәсіби даму мүмкіндіктері мектеп мұқтажын қанағаттандыруға байланысты сабақ беру тәжірибесін жетілдіруге мүмкіндік береді. Мұғалімдер өз әріптестерінің қандай даму мақсаттарын көздейтінін, ынтымақтастық үшін қандай бағыттарының бар екенін (әдістемелік бірлестіктерде бірлескен жұмыс арқылы) және олардың бірлескен әрекеттері мектептерде кәсіби оқу қауымдастығын жасауға ықпал ететінін біледі. Мұғалімдер мектептердің әлеуметтік активін толықтыра отырып, топта/командада жұмыс істеу қабілетін дамытуға тиіс. Бұл үшін дара курстар аз болады, тіпті олар институционалдық қажеттіліктерге сай келсе де; мектеп деңгейіндегі әдіс-тәсілдердің тиімділігі көбірек болуы мүмкін. Финляндия, Сингапур, Жапония және Канада тәжірибесі мектептер деңгейіндегі стратегиялардың жақсы мәдениетті жасай алатындығын көрсетеді, бұл мәдениет төңірегінде мұғалімдер бір-бірін қолдап, жақсаруға итермелейді, бара-бара қызметшілердің және, демек, білім алушылардың барлығы ерте ме, кеш пе үйренеді (Харгривс және Фуллан, 2012). Іс жүзінде жоғары тиімді елдерде, әдетте, көңіл мұғалімдердің жеке-жеке дамуына емес, ал мектептің бүкіл педагогикалық ұжымын үздіксіз жетілдіруге аударылады. Кейбір елдерде, мысалы, Қытайда (Шанхайда) және Финляндияда білімді және білім беру зерттеулерінің әдістемелерін қолдана отырып, іс жүзінде сыни көзқараспен өзін-өзі талдау жоғары оқу мекемелерінде, сондай-ақ өзін-өзі талдау тәжірибесінің «окшауланған шеңберін» жасай отырып, мектептерде іске асырылады (ЭЫДҰ, 2011с).

#### *Мектептегі басшы функциялары бөлінген және оқу жұмысын басқаруды қамтиды*

Бірнеше қызметкердің арасында басшы міндеттерін бөлу туралы заңнамалық белгіленген талап Қазақстанда өкілеттіктерді беру процесінің дамуына жағымды ықпал етуі мүмкін негізді құрайды. Нормативтік талаптар бірнеше жеке ресми басшы лауазымдарын көздегенімен, стратегиялық және педагогикалық жетекшілікті бір уақытта бір адам жүзеге асыра алмайды деп мойындайды. Бұл, бір көшбасшыға негізделетін басшылық етудің дәстүрлі үлгісімен салыстырғанда, мектептің жетекші құрамы лидерлік әлеуетті арттыру және мектептің орнықты жақсаруына жәрдемдесу үшін негіз болып табылады деген көптеген ғылыми қорытындыларға сәйкес келеді (ЭЫДҰ, 2008; Харрис, 2012). Бірнеше ресми лауазымдардың болуы басшылықтың сабақтастығын қамтамасыз етуі мүмкін, бұл Қазақстандағы мектеп директорлары контингентінің жастық құрылымы аясында бірнеше жылдан кейін ерекше маңыздылығы бар мәселеге айналуы мүмкін.

Алайда іс жүзінде мектептерде басшы міндеттерін тарататын дәреже және, тиісінше, ұйымдастыру нәтижелеріне және дара тиімділікке оң ықпал ете алатын дәреже күмән тудыруы мүмкін. Ресми және ресми емес талаптар мектеп директорларының мектеп ішіндегі барлық кадрларды пайдалану қабілетін шектейді, себебі, мысалы, директорлар басшы кадрлардың саны мен функциялары туралы шешім қабылдай алмайды. Директордың міндеттерін басқа жетекші қызметкерлерге іс жүзінде беру дәрежесі әртүрлі мектептерде ерекшеленеді және әрбір директордың жеке басқару әдісіне тәуелді болады (АТО, 2014). Сарапшылар белгілеген мектептердің басшы командаларының мүшелері арасында көзқарастардың ортақтығы мен өзара іс-қимыл деңгейі басшы функцияларын берудің деңгейлес құрылымы үстінен иерархиялық үлгінің басым болуы туралы куәландырады.

Сондай-ақ Қазақстанның тағы да бір жақсы жағы басшылықтың оқу жұмысына қаншалықты көңіл аударатыны болып табылады. Қазақстанда мектеп директорларына жүктелетін көптеген функциялар білім алушылардың үлгерімін арттыруға ықпал ететін оқу жұмысын басқару



жөніндегі функциялармен байланысты. PISA-2012 зерттеуінің деректері көрсеткендей, қазақстандық мектеп директорларының айтуынша, оқу жұмысын басқару қазақстандық мектептерде, ЭЫДҰ елдеріндегі орта көрсеткішпен салыстырғанда, кең таралған (4.2-сурет). Білім алушылардың оқу жетістіктерінің артуын табысты қамтамасыз ететін мектеп басшыларының тәжірибесі жөніндегі зерттеу көрсеткендей, мектеп басшыларына ең басты қызметке – сабақ беруге және оқытуға көбірек назар аудару қажет (Робинсон және басқалар, 2008 ж.; Дей және басқалар, 2009). Көптеген жоғары тиімді жүйелерде мектеп директорлары өз уақытының шамамен 80% оқуды жақсарту бойынша жұмысқа және мұғалімдердің кәсіби мүмкіндіктерін дамытуға және уәждемеге арнайды, және олардың функциялары мен стимулдары мектепке әкімшілік етуге емес, ал оқу жұмысын басқаруға шоғырландырылған (McKinsey, 2010).

### ***Білім алушылар 9 сыныпқа дейін сыныптан сыныпқа табысты өтеді***

#### ***Білім алушылар 10-сыныпқа дейін әртүрлі бағдарламаларға бөлінбейді***

Білім алушылардың әртүрлі білім беру бағдарламаларына бөлінуі 10-сыныпқа дейін жүргізілмейді, бұл барлық білім алушылардың 9-сыныпты қоса алғанда, бірдей бағдарлама бойынша оқитынын білдіреді. Білім алушыларды бөлу үшін оңтайлы кезеңді бағалау қиын болғанымен, көптеген зерттеулер кіші жасында әртүрлі бағдарламалар бойынша оқу үшін білім алушыларды іріктеу әділдікке зиян тигізеді және жалпы үлгерімнің жақсаруына әкелмейді (Славин, 1990; Ханушек және Вусманн, 2005; Ванде Верхорст және Мийс, 2010). «Анағұрлым жоғары жетістіктері бар» бағдарламалардың білім алушылары оқуда үздік жетістіктерін көрсеткенімен, олардың жетістіктері «жоғары жетістіктері азырақ» бағдарламалардың білім алушыларының төмен бағаларымен жойылады (Шолфилд, 2010).

ЭЫДҰ көптеген елдері кешенді білім шараларын енгізді және бағдарламаларға алғаш рет бөлу үшін жас шамасын көтерді немесе оны білім беру процесінің басқа кезеңіне, әдетте негізгі орта білімнің соңына қарай ауыстырды. Ең соңғы реформалардың бірі Польшада өткізілген, онда бағдарламаларға ерте бөліну бір жылға, яғни 15 жасқа ауыстырылды. Бұл реформа ең нәтижелі білім алушылардың үлгеріміне зиян тигізбей, білім алушылар, әсіресе кәсіби бағдарламаларға түскен білім алушылар арасында үлгерімінің айтарлықтай жақсаруына әкелді (Вишневски, 2007).

Саясатқаарастырылғандай, мектептер сыныптарды әртүрлі әлеуметтік жағдайымен білім алушыларды және әртүрлі қабілеті бар білім алушыларды, ұлдар мен қыздардың санын бірдей етіп, жасы және оқу жылы бойынша қалыптастыратын болады. «Көп жылғы» оқудың («циклді жүргізу») бастауыш сыныптардың оқушылары үшін бірқатар артықшылықтары бар. Халықаралық әдебиет көрсеткендей, «циклді жүргізу» оқу бағдарламасын жүзеге асыруда сабақтастықты қамтамасыз етеді, мұғалім мен білім алушылар бір-біріне үйренетін уақытты қысқартады, оқушылар, мұғалімдер және ата-аналар арасында берік байланыстардың дамуына ықпал етеді, бұл білім алушылардың оқу жетістіктерінің жақсаруына әкелуі мүмкін (Барбер, 2013). Бұл әсіресе әлеуметтік қауқарсыз отбасылардан шыққан білім алушылар үшін маңызды болса керек.

#### ***Қайталап оқу өте сирек орын алады, және білім алушылардың үлгерімін жақсартуға мүмкіндігі бар***

Қазақстанда қайталап оқу өте сирек кезде орын алады. Қайталап оқыту стратегиясы білім алушылардың оқуын қолдауға бағытталған, бірақ ол тиімсіз және тым қымбат болып шықты. Оқу жылы бойы оқудағы олқылықтарды еңсеру үшін кейбір қолдау стратегиялары іске асырылуда, мысалы, сыныптан тыс түзетуші сабақтар, емтихандарды қайтадан тапсыру және келесі жылдың басына дейін қосымша үй жұмысын орындау мүмкіндігінің көмегімен. Дегенмен сарапшылар жиі кезде мектеп үшін тікелей шығыстарға әкеп соғатын, дара және қарқын шаралардың көмегімен білім алушылардың сабақта артта қалуын болдырмау үшін ерте қолдаудың дұрыс ұсынылмайтынын айқындады.

Қазақстанда қайталап оқудың төмен деңгейін қайталап оқудың академиялық пайдалығы аз және қысқа мерзімді екенін, ал қаржы шығындары жекелеген адамдар үшін де, қоғам үшін де көп екенін көрсететін көптеген әдебиет көздері қолдайды (ЭЫДҰ-дағы қысқаша шолу, 2012а). Қайталап оқыған жылы оқуда жақсы өзгерістер болуы мүмкін, себебі білім алушылар бұрын

өздері өткен бағдарлама бойынша оқида, бірақ, бұл жақсы өзгерістер әдеттегідей келесі жылдары жойылады. Қайталап оқудың ұзақ мерзімді әлеуметтік және академиялық теріс ықпалы бар, себебі ол білім алмау не тек негізгі орта білім алу ықтималдығын арттырады. Оған қоса, ол теңсіздікті арттырады, себебі әлеуметтік қауқарсыз отбасылардан шыққан білім алушылардың бөлігі жоғары ықтималдық дәрежесімен оқуда артта қалып қояды және, демек, басқа оқушылармен салыстырғанда, екінші жылға қалады. Одан басқа, білім алушылар әдетте қайтадан оқуды үлгерімін жақсарту мүмкіндігі сияқты емес, ал жеке жаза және әлеуметтік стигма сияқты қабылдайды және әрі қарай оқу үшін уәждемесін жоғалтуы мүмкін. Мектеп оқу жүйелері үшін қайтадан оқытудың тікелей шығыстары тым жоғары, себебі бұл қосымша оқу жылын ұсынуды және еңбек нарығына бір жылға кеш шығуды білдіреді. Бельгияда, Нидерландыда, Португалияда және Испанияда қайтадан оқытудың тікелей шығыстары бастауыш және орта білімге жұмсалатын жылдық шығыстардың 8-ден астам % құрайды (ЭБДҰ, 2014а).

### ***Мектеп объектілері, жабдық және оқу материалдары кеңінен қолданылады***

Мектеп объектілері мектептердің көбісінде жыл бойы күнде-күнде кеңінен қолданылады. Бірнеше ауысыммен оқу, сыныптан тыс шаралар және жазғы демалыстар мектеп ғимараттарының бос тұратын уақыты мүлдем болмайтынын білдіреді. Мектептерді үлкен залдармен, цехтармен, спортзалдарымен және аландармен (кейде тіпті бассейндермен) жарақтандырудың кеңестік дәстүрі білім алушыларға әртүрлі нысандарда қызмет көрсететін ұйым сияқты мектептің маңыздылығын арттырады.

Ақпараттық-коммуникалық технологиялар (АКТ) сабақ беру және оқу процесінде белсенді қолданылады. Қазақстан үкіметі 21-ғасырдың білім беру қажеттіліктеріне сәйкес ел мектептерін заманауи цифрлық ресурстармен жабдықтау бойынша орасан зор реформаны іске асыруда. Электрондық оқу бағдарламасы аясында мектептер компьютерлік жабдықты және бағдарламалық қамсыздандыруды, интерактивті сыныптар үшін жабдықты алған болатын. Мультимедиялық құралдарды, емтихандық бағдарламалық қамсыздандыруды, энциклопедияларды және көптеген веб-ресурстарды қоса алғанда, жаңа цифрлық ресурстарды пайдалану үшін оқу бағдарламалары қабылдануда. Осы Шолуды даярлау барысында сарапшылардың барған бірнеше мектебі мақтанышпен өздерінің интерактивті кабинеттерін (мысалы, интерактивті тақтаны) көрсетіп, мұғалімдердің оқу процесінде осы ресурстарды қалай пайдаланатынын айтты.

### ***Ресми оқу уақыты елеулі ауытқушылықтарсыз іске асырылады және көптеген сыныптан тыс шаралармен толықтырылады***


#### ***Ресми оқу уақыты елеулі ауытқушылықтарсыз іске асырылады***

Мектептердің тәуліктің тиісті уақытында білім алушыларды оқыту үшін болжамды оқу уақытын қамтамасыз етуде бостандығы бар. Егер оқушылар науқас болып сабақтан қалса, олар өз мұғалімімен қосымша сабақтарға қатысады. Оқушылар да, мұғалімдер де, егер де оқушылар мектепке дәлелді себеппен, мысалы, науқас бойынша келмей қалса, қосымша сабақтарға бара алатынын сарапшыларға айтты. Кейбір мектептерде келмей қалған мұғалімдердің сабақтарын ауыстыратын мұғалімдер бар. Олардың болуы сыныптар бойынша пәндерге байланысты болады, себебі пән-мұғалімдері аталған мамандық бойынша дипломдары бар пәндерді оқытуда шектелген болуы мүмкін. Бірнеше ауысыммен жұмыс істейтін мектептерде директорлар сабақ кестесін түзетіп, қандай сыныптардың бірінші, екінші немесе кейбір жағдайларда, үшінші ауысымда оқитынын шеше алады. Бұл директорларға мұғалімдердің қалауын және білім алушылардың жасын ескеруге мүмкіндік береді. Нормативтік талаптарға сәйкес 1-сыныптың оқушылары бірінші ауысымда оқуға тиіс, және, әдеттегідей, барлық бастауыш сыныптар бірінші ауысымда оқиды, бірақ сарапшылар белгілегендей, мектеп деңгейінде ауысым кестесіне қатысты басқа да шешімдер қабылданған еді.

Қазақстанда сабақтар оқушылардың тәртібіне не мұғалімнің болмауына байланысты уақыт жоғалтпай, бір тәртіппен өткізіледі. TIMSS-2011 қатысқан мектеп директорларының жауаптарына сәйкес, Қазақстанда, зерттеуге қатысқан барлық басқа елдермен салыстырғанда, мектептегі тәртіппен байланысты проблемалардың ең төмен деңгейі белгіленеді (Муллис және басқалар,

2012). 4-сынып оқушыларының тек 10% және 8-сынып оқушыларының 56% директорлары «шамалы» не «орташа» проблемаларының барын белгілеген мектептерде оқыған, бұл барлық елдер бойынша орта көрсеткішпен салыстырғанда, тиісінше 40% және 84% құрайды. Сондай-ақ PISA-2012 деректері ЭЫДҰ елдеріндегі орта көрсеткішпен салыстырғанда, айтарлықтай төменірек оқу уақытын төмендететін жаман тәртібінің ұқсас төмен деңгейін белгіледі (4.4-сурет).

**4.4-сурет Қазақстанда сыныпта жаман мінез-құлық таныту жиілігі (2012 жыл)**



*Ескертпе:* Бұл сурет PISA-2012 аясында жоғарыда көрсетілген құбылыс «ешқашан не өте сирек кезде» орын алғаны (ақшыл көгілдір) не «кейбір сабақтарда», мысалы, математика сабақтарында орын алғаны (қара көк) туралы жауап берген білім алушылардың үлесін бейнелейді.

*Дереккөз:* ЭЫДҰ, PISA-2012 деректері

Мұғалімдер мен мектеп басшыларының арасында ынтымақтастықтың басым рухы қолайлы оқу ортасымен бірге Қазақстан мектептерінде жақсы ахуалдың жасалуына әкеледі. Мектеп ахуалы – бұл тым тиянақсыз тұжырымдама: оны барлығы мойындайды, бірақ өзгерту қиын (Андерсон, 1982). Алайда мектептегі ахуал білім алушылардың арасындағы қатынастармен және оқу жетістіктерімен қатты түзетіледі деген жалпы танылған пікір бар (Коен және басқалар, 2009). Соңғы ғылыми зерттеулерде мектеп ахуалының төрт өлшемі айқындалған, олар білім алушылардың жетістіктерімен тура пропорционалды түрде байланысты: қатаң оқу мақсаттарында көрініс табатын оқу табыстарына бөлінетін назар; барлық білім алушылар үшін оқу бағдарламасын тиімді жүзеге асыратын мұғалімдер; жақсы оқығысы келетін оқушылар; ата-аналардың қолдауы. Атап айтқанда, қауымдастығы белсенді қатысатын және мұғалімдер арасында ынтымақтастығы зор мектептер білім алушылардың оқу жетістіктеріне ықпал етеді. Мектеп ахуалының екі басқа өлшемі, ретсіз орта және жиі кезде қатыгез мінез-құлық білім алушылардың оқу жетістіктерінің төмендеуіне септігін тигізеді (Муллис және басқалар, 2012).


*Сыныптан тыс бағдарламалар кеңінен таралған және барлық оқушылар үшін қол жетімді*

Мектептер және басқа да мамандырылған мемлекеттік немесе жеке меншік ұйымдар көптеген міндетті емес сыныптан тыс бағдарламаларды ұсынады, олар оқушыларға мектептен

кейін оқуға және олардың қызығушылықтарына қарай түрлі іс-шараларға қатысуға мүмкіндік береді. Мектептер бұл бағдарламаларды оқушылар үшін тегін ұсынады, сол бір уақытта жеке меншік ұйымдар осыған ұқсас және басқа да бағдарламаларды ақылы негізде жүзеге асырады. Кейбір бағдарламалар өтемақылық сипатта болады, сол бір уақытта басқалары қабілетті оқушыларға бағытталған. Мұғалімдер де оқу пәндері бойынша репетиторлық қызметтер көрсетуі мүмкін, репетиторлық қызметтер жеке оқытушылық қызметке жатады және заңмен реттеледі.

Көптеген сыныптан тыс бағдарламалар міндетті оқу пәндеріне бағытталған және Қазақстанда жалпы ЭЫДҰ-ның оқушыларымен салыстырғанда, 15 жастағы оқушылардың көбісі негізгі оқу пәндері бойынша сабақтан тыс сабақтарға қатысады (4.5-сурет). Қазақстанның төрт облыстарындағы 9-шы сынып оқушыларының 12 000 ата-аналары қатысқан 2012 жылы жүргізілген зерттеу репетиторлық қызметтер пайдаланудың жоғары дәрежесін көрсетті. Ана-аналардың үштен бір бөлігінен көбісі олардың балдары ҰБТ-ға дайындалу кезінде репетиторлардың көмегіне жүгінетінін белгіледі. Репетиторлар, ең бастысы, математика, физика және ағылшын тілі бойынша дайындалуға көмектескен (ҰБСБО, 2012).

**4.5-сурет 15 жастағы оқушылардың сыныптан тыс сабақтарға қатысуы, 2012 жыл**



*Ескертпе:* Бұл сурет 15 жастағы қатысушылардың пайыздық үлесін және экономикалық, әлеуметтік және мәдени статусы PISA индексінің жоғарғы және төменгі әлеуметтік-экономикалық квартилі арасындағы айырмашылықты көрсетеді.

*Дереккөз:* ЭЫДҰ (2013а), PISA-2012 нәтижелері: мектептерді не сәтті қылады (IV Том: Ресурстар, саясат және тәжірибелер): оқушылардың математика, оқу және ғылымдар бойынша нәтижелері, PISA, ЭЫДҰ Publishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264201156-en>.

Нашар оқитын оқушылар жағдайға қарай мектептен тыс бағдарламаларға қатысады. Оқушылардың барлығы сарапшыларға негізгі пәндер бойынша қосымша түзету біліміне қол жеткізе алатынын және ол оқушыларға тегін көрсетілетінін айтқан. 15 жастағы оқушылар арасындағы PISA зерттеулер шеңберінде респонденттер ұсынған мәліметтер жағдайлары төменірек әлеуметтік-экономикалық топтағы оқушылардың осындай үлесі сабақтан тыс сабақтарға қатысады. Бұл деген сөз, осы бағдарламаларды ұйымдастыру үшін біршама күш керек (4.5-сурет). Бұған қарамастан, жағдайы төменірек әлеуметтік-экономикалық топтағы оқушыларда сабақтан тыс оқуға қатысқанда немесе элиталық орта мектептерге және жоғары оқу орындарына

түсуге дайындалу кезінде репетиторлық қызметтерді алу кезінде көп қиындықтарға тап болуы мүмкін.

Сабақтан тыс оқулар жеке оқу қажеттіліктеріне сәйкес қабылданатынына ұқсайды. Мысалы, мектептердің 90%-нан көбі математика бойынша сабақтан тыс оқуды ұсынады, осы орайда осы мектептердің 26%-ы белгілегендей, сабақтардың тереңдетілген немесе түзетілген сипаты оқушылардың оқу жетістіктеріне байланысты. Мектептердің жартысынан көбі математика бойынша тереңдетілген және түзетілген оқытуды ұсынады, бұл ЭЫДҰ бойынша орташа көрсеткішпен салыстырмалы, дегенмен мектептердің азы түзету сабақтарына шоғырланады - ЭЫДҰ елдеріндегі мектептердің үштен бір бөлігімен салыстырғанда мектептердің шамамен 4% (ЭЫДҰ, 2013а). Оқушылар сарапшыларға айтқандай, пән бойынша қиындықтар туындағанда олар оқытушыдан тақырыпты түсіндіруін сұрайды және сабақтан тыс оқуға тегін қалуы мүмкін.

***Персоналды, мектептерді және мектеп білімін бағалауға күннен күнге көбірек назар аударылуда***

*Мұғалімдерді аттестаттау процесі бар*

Қазақстанда мұғалімдерді сертификаттау процесімен (мұғалімдерді аттестаттау) байланысты әрбір мұғалім төрт санатты болып нақты белгіленген лауазымдар құрылымы шеңберінде жұмыс істейді (3-Тарау). 3-Тарауда айтылғандай, лауазымдар құрылымымен орындалатын функциялар (мектептегі орындалатын рөл үшін тиісті дағдыларды анықтау) қызметтік саты бойынша көтерілудің басты принципі оның еңбегі болып табылатыны туралы маңызды ақпарат береді және сыныптарда оқытушылық жұмысты жалғастыратын мұғалімдерге сыйақылар беруге мүмкіндік береді. Мұғалімдердің лауазымдар құрылымы бойынша жоғарғы санаттарға көтерілу үшін олардың терең білімі, олардың оқытудың күрделі және тиімді тәсілдерін көрсетуі, оқу процесі және мектепте мұғалімдерді бағалау жүйесі саласындағы өзіне міндеттерді алуы, қызметтестеріне көмектесуі қажет және т.б. Мұғалімдердің қызметтік сатымен көтерілуі бойынша мектептегі лауазымдардың ықтимал кең шоғырын назарға ала отырып, лауазымдар құрылымы мансаптың әртараптандырылуына ықпал етеді. Әртараптандырудың мұндай мүмкіндіктері қазақстандық мектептерде бар, мысалы мектепте мұғалімдер үшін басқару функциялары, әдістемелік бірлестіктерге қатысуы, жаңадан келген мұғалімдерге тәлімгер болуы. Бұл, бәрінен бұрын, оң уәждемелік ықпал етеді. Алайда, лауазымдар құрылымдарының түрлі санаттары мектептегі нақты функциялармен және міндеттемелермен байланыспаған.

Лауазымдар құрылымының жоғарғы санатын иемдену сертификаттаудың (мұғалімдерді аттестаттаудың) ресми процесін өткізуді көздейді. Мансаптық дамумен байланысқан сертификаттаудың (мұғалімдерді аттестаттаудың) мұндай процестері мұғалімдердің барынша жақсы жұмыс істеуі үшін, мықты мұғалімдердің танылуын қамтамасыз ету үшін, кәсіптік дамуды қолдау үшін, тиісті тәжірибені анықтап, кеңінен тарату үшін ынта жасауы мүмкін. Мұғалімдер мансаптарының белгілі бір кезеңдерінде санаттардың өзгеруін қарастыратын аттестаттау есептілік туралы (мысалы, мұғалімдерді мамандығына сәйкес сертификаттау және тиімсіз жұмысты анықтау), кәсіптік дамуы және қызметтік саты бойынша көтерілуі туралы тиімді ақпарат беру де мүмкін. Мұғалімдер үшін аттестаттаудың жоғары мәнін назарға ала отырып, бұл процеске сыртқы тараптардың қатысатыны (мысалы, сыртқы бағалаушылар, әсіресе ең жоғары санаттар бойынша) орынды, бірнеше бірыңғай анықтамалық құжаттардың бары («Педагог қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік кәсіптік сипаттамалары»), және ақпараттың бірнеше түрлері және бірнеше бағалаушылар қолданылатыны орынды.

Сертификаттауды/аттестаттауды растау туралы талаптың өз басымдықтары бар. Ол мұғалімдердің өз білімдері мен дағдыларын үнемі жаңартып тұруына ынта береді және мектеп білімінің жүйесіне мұғалімдерді одан әрі жетілдіру қажет болатын негізгі бағыттарды анықтауға мүмкіндік береді. Алайда, мектеп білімі саласында жас мұғалімдер үшін оқытушылық мансапта маңызды бастапқы қадам болып табылатын сынақ мерзімі туралы талап неліктен жоқ екені, түсініксіз. Осылайша, оқытушылық мансапты ұйымдастырудың олқылығы лауазымға кірудің реттелген жүйелі процесінің немесе мұғалімнің сынақ мерзіміне байланыстырылған мектеп білімінің жүйесіне олардың келуі кезінде мұғалімдер үшін тәлімгердің жоқтығы болып табылады.

Мектептердің көбісінде тәлімгерлік бағдарламасы болған жағдайында, олар сапасы бойынша ерекшеленеді және мұғалімдердің мансап құрылымына ресми бекітілмеген.

Қазақстандағы мұғалім кәсібінің оң аспектісінің тағы біреуі мектептерде жүргізілетін - мұғалімдерді іштен бағалау болып табылады. Бұл мұғалімдерге олар сабақ беретін мектептегі белгілі жағдайлары контекстінде өз жұмысын білуге, ойластыруға және жақсартуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл оларға жақсартуды қажет ететін салаларды анықтауға мүмкіндік береді. Алайда мұғалімдер жұмысын осылай іштен бағалау сырттан расталмайды.

*Мектептерді сырттан бағалау мектептер көрсететін қызметтердің сапасын қамтамасыз ететін құралы ретінде көп мәнді иелейді*

Қазақстан Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті жүргізетін мектептерді сырттай бағалаудың жүйелі циклдерімен мектептерді бағалауда негізделген сыртқы есептілік мәселелеріне нақты берілгендігін айқындайды. Мектептерді сырттай бағалау тәсілінің кейбір аспектілері жетекші әлемдік тәжірибеге тиісінше негізделген. Комитет жүргізген сырттай бағалау процесі құрылымды және жүйелі болып табылады. Процестің әрбір кезеңі анық, және тәсілі қисынды. Өзін өзі бағалау бойынша есеп мектептерді аттестаттау процесінің бөлігі болып табылады. Жүйелі 5-жылдық цикл іске асырылады және осы инспекциялар шегінде жиналатын деректерлер мектепте кеңестер өткізу үшін жүргізілген инспекция туралы есеп нысанында беріледі. Аттестациялық комиссиялар тәжірибелі және танылған мұғалімдер санынан құралады.

Мектептерді аттестаттау сабақтарды қадағалау туралы талапты қамтиды, ол білім беру және оқыту үрдістерінің маңыздылығын ескертеді және педагогикалық мәселелерді ескертуге мүмкіндік береді, бірақ сонымен бірге ол мұғалімдер үшін қауіп ретінде қабылданбайды, себебі олар аттестаттау комиссиясымен жеке бағаланбайды. Білім беру мен оқыту бағалау үрдісінде ерекшеленетіні үлкен мәнге ие, себебі бұл қандай мәселелердің маңызы бар екендігі туралы нақты көрініс береді. Оның үстіне, Қазақстанда сыртқы бағалауға деген көзқарас фактілерге негізделген. Фактілерді жинау шеңберінде комиссия құжаттарға сұрау салады және талдайды, аттестаттауды жүргізу кезінде мүдделі тараптардың іріктемесін береді (оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар). Одан басқа, оқудағы жетістіктері туралы мәліметтерді жинау оқушылардың бағалаудың арнайы әзірленген құралдардың көмегімен жүзеге асырылады. Нәтижесінде, аттестаттау комиссиясы үлкен көлемдегі ақпарат алады, соның негізінде өз қорытындыларын жасайды.

Сонымен қатар, мектептерді аттестаттау одан әрі жұмыс істеу үшін кейбір мүмкіндіктер береді, егер осы мүмкіндіктер аттестаттаудан өтпеген мектептерге ұсынылған болса да. Бастысы, одан арғы жұмыс жергілікті атқарушы органдардың (аудандық және қалалық департаменттер) міндеті болып табылады, себебі олар жақсарту бойынша іс-қимылдардың тиісінше жоспарын әзірленуін қамтамасыз ету үшін осындай мектептермен жұмыс істеуге жауапты. Бақылау жөніндегі комитет алдында анықталған проблемаларды шешу үшін жасалған (оңды шешім берілген жағдайда мектептің лицензиясы жаңартылады), жақсартуларды бағалау үшін келесі тексерісті жүргізеді.

*Білім секторын бағалау жүйесін дамытуда прогресс бар.*

Мониторинг және бағалау үшін негіз жасауда прогресс бар. Бұл саясат әзірлеушілерінің білім мақсаттарына қол жеткізуде сапаны және прогрессті бағалау үшін құралдарды әзірлеуге және талдауға көңіл бөлетіні белгілі. Бұл бірнеше тараптардың ынтымақтастығын ұйғарады, мысалы, Білім және ғылым министрлігі, Ақпараттық-талдау орталығы, Ұлттық білім беру статистикасы және бағалау орталығы (ҰБСБО) ҰБСБО және білім және ғылым саласындағы Бақылау жөніндегі комитеттің. Білім саясатында саясатты жоспарлау және әзірлеу үрдісінің маңызды бөлігі ретінде жүйені бағалау үлкен стратегиялық рөлге ие болып жатыр. Осыған байланысты, қазіргі мәліметтерді талдау үшін талдау әлеуетін арттыруда қажеттілік туындайды.

Білім құрылымын бағалау жүйесін дамытудағы прогресс мынадан көрінеді: білім жүйесін бағалауда басқарушы құжаттары болып табылатын білім стандарттарын жасау; мәліметтерді жинау үшін білім индикаторларының құрылымын жасау; білім берудің бірыңғай деректер базасын дамыту; ұлттық бағалау іріктемесіне негізделген білім жүйесінің дамуы (); мүдделі тараптардың

білім беру жүйесінің қанағаттануын бағалау үшін әлеуметтік сауалнаманың дамуы; оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламаларына қатысу, мысалы, PISA және TIMSS; сыртқы көзқарасқа ашық болу, мысалы саясат бойынша ЭЫДҰ шолуы; Министрліктердің және ҰБСБО талдау есептерін дайындау. Оқушылардың оқудағы жетістіктері туралы ақпаратты жариялау және тарату бойынша кейбір күштер жұмсалуда.

## **Шешуді талап ететін күрделі мәселелер**

### ***Үлгерімі нашар оқушыларды қолдаудың жүйелі саясаты жоқ.***

Қазақстанда мектептерде оқушылардың қатысуына кедергі келтіруі мүмкін (3-бөлімде қарастырылған) әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудің жүйесі жақсы дамыған, бірақ үлгерімі нашар оқушыларды қолдау мектептің толық қарауымен жүзеге асырылады. Тәжірибе жүзінде сарапшылар үлгерімі нашар оқушыларды қолдау үшін көтермелеу де, ресурстар да жоқ екендігін белгілейді. Алайда, олимпиадаларда және дарынды балаларда мемлекеттің назары мұғалімдердің жоғары көрсеткіштері бар оқушыларға артық көңіл бөлуін және дарынды емес оқушылардың оқудағы табыстарына қатысты аз көңіл бөлуге жағдай жасайды. Қазақстандағы 4 және 8 сыныптар оқушыларының үштен екі бөлігі оқу жетістіктеріне үлкен назар аударылатын мектептерде білім алады, оқушылардың үшінші бөлігі мұндай мектептерде білім алмайды. ЭЫДҰ көптеген елдерінде оқушылардың 85 пайызынан астамы үлкен үміттер және табысқа сүйенетін мектептерде оқиды. Оның үстіне, нормаларды қатаң қолдануына байланысты мектептер үлгерімі төмен немесе нашар оқушыларға қосымша ресурстар бағыттау мүмкіндіктері аз.

Сондай-ақ, Қазақстан бастауыш немесе негізгі орта білімде стандартталған тестілеуді жүргізбейді (9-сыныбынан басқа), себебі мұндай ақпарат жоқ, ал болғанда оқуда қалып жатқан оқушыларды анықтауға көмектесер еді. Ұдайы тестілеу және мұғалімдермен кері байланыс оқушылардың түсінбеген тақырыптарымен жұмыс істеу кезінде мұғалімдер және тьюторлар үшін тиімді бағыт болып табылады және осының нәтижесінде олардың үлгерімнің артуына қол жеткізуге болар еді (Славин және Мадден, 2010, Фрайер 2014).

### ***Тынышсыздық оқушылардың қабілеттері және жынысы бойынша топтасуға әкеледі.***

#### ***Қабілеттері бойынша топтастыру***

Ең нәтижелі оқушыларды анықтау және дамыту ертеден басталады. Бастауыш мектептерде қабілеттер бойынша топтастыруға ресми түрде рұқсат берілмегенімен, сарапшыларға мектеп психологы және мұғалімдер сыныптар бойынша және балалар төрт жыл ішінде оқитын мұғалімнің анықтауы бойынша оларды бөлу кезінде оқушыларды қалай бағалағанын (әрбір оқу жылы бойынша бірнеше сыныптары бар бір немесе үлкен мектептерде) айтқан. Аттестаттау шеңберінде жүргізілген төртінші сынып баласын тестілеу бойынша ұпайларды талдау әр түрлі мектептерде үш сыныптың ұпайдағы елеулі айырмашылықтарды көрсетті, олар 1-сыныпта жүргізілген қабілеттер бойынша топтасумен байланысты болуы мүмкін. Мақсаты мұғалімдермен жұмыс жасаудан тұратын бір аудандық әдістемелік кабинеттің штаты мұғалімдер үшін дарынды балалармен жұмыс жасайтын әдіскерді қосатын, бірақ онда мұғалімдер үшін оқуда қиындықтары бар балалармен жұмыс істейтін әдіскер болмады (АТО, 2014).

Кейбір мектептерде оқушылар қабілеттері бойынша топтасатындығы туралы дәлелдер бар. Мектептерге қойылатын нормативтік талаптар бір оқу жылындағы сыныптар арасында қабілеттері бойынша оқушыларды теңдей бөлуді көздейді және Шолуды дайындау кезінде сарапшылар барған кейбір мектептерде оларға бір оқу жылындағы оқушыларды біртекті сыныптарға немесе қабілеттері бойынша топтарға бөлмейтінін айтқан. Дегенмен, бұрынырақ қаралғандай, бір мектептің аттестаттау нәтижелері оқу жылы бір әр түрлі параллельдегі ұпайларында айырмашылық анықталды, олар қабілеттер бойынша топтасумен немесе мұғалімдердің сапасындағы айырмашылықпен байланысты болуы мүмкін (4.4. Кесте). Оның үстіне, PISA-2012 деректері Қазақстанда 15 жастағы оқушылардың үлкен үлесі қабілеттері бойынша топтасатынын көрсетеді, ал 15 жастағы оқушылардың тек 2,4 пайызы қабілеттері бойынша топтасу қолданылмайтын мектептерде оқитынын, ал мектеп директорының куәлігіне сәйкес оқушылардың 76,7 пайызы математика бойынша кейбір немесе барлық сыныптарында қабілеттері бойынша топтасатын мектептерде оқитынын көрсетеді (ЭЫДҰ, 2013а). Қабілеттер бойынша топтасу



нәтижелі оқушыларға қосымша артықшылықтар бере отырып, бірақ әділетсіздікті тиімділігін артпай қиындата отырып, үлгерімі нашар оқушыларға тиімсіз екені анықталған (Гаморан, 2010).

#### 4.4-кесте Сыныптар бойынша аттестаттауда төртінші сыныптағы балалардың ұпайларындағы айырмашылық

	Пән	
Секция	Математика	Орыс тілі
4А сыныбы	91.3%	95.0%
4В сыныбы	78.3%	82.6%
4С сыныбы	54.0%	54.0%

*Ескертпе:* Тесттер мектепті аттестаттау уақытында жүргізілген

*Дереккөз:* Мектептерге бару уақытындағы сарапшылардың бақылаулары.

Қабілеттері бойынша топтастыру бастауыш сыныптарда «көпжыл» оқу кезінде зиянды болуы мүмкін, ол 1-ші сыныпта біліктілігі азырақ мұғалімге бекітілген балаларды қолайсыз жағдайға қоюы мүмкін. Басқа сөзбен айтқанда, егер балаларды төрт жыл ішінде бір мұғалім оқытатын болса немесе егер, қандай бір себеппен мұғалімнің біліктілігі жоқ болып табылатын болса, төрт жыл ішінде осы мұғалімде оқитын балалар, бастапқыда білікті мұғалімге бекітілген және сол осы уақытқа дейін оқытып келе жатқан оқушыларға қарағанда, сапасы төменірек білім алады.

#### *Жыныс бойынша бөлу*

Оқушыларды белгіленген пәндерде жыныс бойынша бөлу пәндік кабинеттердің тиімсіз пайдалануына әкеп соғады. Мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес 5-11 сыныптарда оқытылатын таңдау бойынша пәндерде (еңбек, колөнер және технология) ұлдар мен қыздарды сынып көлемін ескермей, бөлу керек. Бір жылда оқитындардың бір немесе екі сыныпы ғана бар мектептердегі бұл бөлу осы сыныптардағы оқушылар мен мұғалімдердың төмен қатынасына әкеп соғады. Бұдан басқа, бұл әдетте қыздар оқитын дағдыларды ұлдардың үйренуіне деген мүмкіндігін шектейді. «Ұлдарға арналған» пәндерді қыздар, ал «қыздарға арналған» пәндерді ұлдар қабылдай алады деп сарапшыларға айтқан екен, бірақ іс жүзінде олай болмаған.

Негізгі мектепте кейбір пәндерде жыныс бойынша бөлулер оқушыларды тең мүмкіндіктерден айырады. Негізгі мектепте ұлдар және қыздар ағашты өңдеу (ұлдар үшін) немесе пішу және тігу (қыздар үшін) сияқты пәндер бойынша біргендерлік топтарға барады. Бұған білім беру нормаларымен рұқсат етілген. Сарапшыларға сыныптар қыздар үшін де ұлдар үшін де ашық деген екен, алайда оқушылар стереотипсіз пәндерді таңдамайды, бұл бір жыныстан құралған сыныптардың қалыптасуына әкеп соқтырады. Бұл тәжірибе кәсіптік таңдау және өмірлік ұстанымдар туралы гендерлік стереотиптерді ұстанады және ұлдар мен қыздарды дағдылардың кең қатарын дамыту мүмкіндігінен айырады. ЭЫДҰ-ның көп елдерінде ұлдар да қыздар да бірлескен білім беру топтарында екі піндерді де оқиды. Дегенмен 15 жастағы оқушылардың үлгерімі мен оқу жетістіктерінде ұлдар мен қыздардың арасында айырмашылық аз (1-Тарауды), жыныс бойынша бөлу, бәрінен бұрын, кәсіпті таңдаудағы алдын ала болжау салдарынан еңбек нарығындағы сәттіліктерге ықпал ететін болады, әйел жынысты оқушылар үшін төменірек еңбек ақысымен салалар тарапы да болуы мүмкін.

#### *Оқу уақытын басқару біршама алаңдатушылық тудырады*

*Мектепте бірнеше ауысымдарды қолдану оқуға кері әсер етуі мүмкін*

Қазақстанда қолданылатын бірнеше ауысымда оқыту ресми оқу уақытын қысқартуы мүмкін. Екі немесе үш ауысымда жұмыс істейтін мектептер бір аптаға оқу сағаттарының қажетті санын, 1-ші сыныптар үшін 24 сағаттан бастап, ал 11 сыныптар үшін 39-ға дейін сағаттарды қолданумен жоспарлау кезінде қиындықтарға тап болуы мүмкін. Бұл сондай-ақ материалды оқу мен меңгеруге берілетін уақытты шектейді. Іс жүзінде балалардың көбісі берілген сағаттар



санынан аз оқиды, мектепте орын жетіспейтін жерлерде кейде төрт сағат ғана оқиды. Зерттеулер көрсеткендей, оқу уақытының ұзақтығы оқушылар алатын білімдер мен дағдылардың көлеміне ықпал ететін факторлардың бірі болып табылады (Громада және Шубридж, 2015).

Оқу күнін ұйымдастыру оқуға да ықпал етуі мүмкін. Бірнеше ауысымда сабақ беру, кейде балаларға зейін қою деңгейі өте төмен кезде, өте ерте немесе тым кешке оқуға тура келеді (Громада және Шубридж, 2015). Бірнеше сменалармен ауырланған мектептерде оқу бастауыш сыныптардың кейбір оқушыларын тәуекелге тап қылады. Бірнеше ауысымда жұмыс істейтін мектептердегі екінші ауысымда оқитын бастауыш сыныптардың оқушылары шамамен 14:00-ден шамамен 20:00-ге дейін баруы керек, бұл 8-10 жастағы балалар үшін орынсыз кеш. Бірнеше ауысымда жұмыс істейтін мектептердің нормативтік талаптарына сәйкес 1-ші сынып оқушылары тек бірінші ауысымда ғана оқи алады, ал барлық бастауыш сыныптарда оқитындар екінші ауысымда оқуы мүмкін.

*Оқу күнтізбелігі жергілікті жағдайлар мен қажеттіліктерін ескеріп, түзетілмейді*

Мектептер мен жергілікті атқарушы органдарда жергілікті жағдайларға сәйкес оқу күнтізбелігін түзетуге еркіндік жоқ. Оқу күнтізбелігіне қатысты ұлттық нормалардың (оқу жылы басталғанда, демалыстар немесе жазғы демалыстардың ұзақтығы) мектептер мен жергілікті органдар деңгейінде жергілікті жағдайларға байланысты түзетулер енгізу үшін икемділігі аз. Бұған мысал оқу күнтізбелігіне ықпал ететін климаттық және топографиялық жағдайлардағы үлкен айырмашылық болып табылады. Дегенмен мектептер ауа-райына байланысты кей жағдайда жабылады, және бұл егжей-тегжейлі нормалармен реттеледі, икемді оқу күнтізбелігі ауа райы жағдайларының мектепке баруға ықпалын төмендететін еді.

*Оқу жылы тиімсіз бөлінетін шығар*

Бастауыш сыныптарда оқитын оқушылар үшін оқу уақыты жағдайы нашар отбасылардан шыққан оқушылар үшін жеткіліксіз шығар. Бастауыш мектепте жеткіліксіз оқу уақыты оқудың кейінгі сатыларында оқу жетістіктерінің төмен деңгейіне әкеп соғуы мүмкін. Қазақстандағы балалардан олар екі немесе одан да көп тілдерді меңгеретіні, сондай-ақ математика мен табиғи ғылыми пәндерді қоса алғанда, басқа да пәндердің негізін үйренетіні күтіледі. TIMSS-2011 және PISA-2012<sup>16</sup> зерттеулері 4-ші және 8-ші сыныптардағы және 15 жастағы оқушылардың кейбір пәндеріне берілген уақыт оқу уақыты және үлгерімі туралы ақпарат береді. Сол бір уақытта уақыттың көбеюі өз-өзімен оқушылар жетістігінің жақсаруына кепілдік бермейді, ерте оқуға берілген уақыттың жеткіліксіздігі төмен үлгерімнің себебі болуы мүмкін. Салыстырмалы кесте мынаны көрсетті:

- 4-ші және 8-ші сыныптарда математика пәніне жеткіліксіз назар аударылуы оқушылардың математика бойынша төмен жетістіктерге әкелуі мүмкін. Нәтижесі жақсы елдердегі 4-ші сынып оқушылармен салыстырғанда, Қазақстандағы төртінші сынып оқушыларда математиканы үйрену мүмкіндіктері өте аз (математиканы оқу жылына 162 сағат болатын орта дүниежүзілік көрсеткішпен және 208 сағат болатын бірінші орын алатын Сингапурмен салыстырғанда, жылына 140 сағат (аптасына 4,2 сағат). Осылайша, Қазақстанда 8-ші сынып оқушылары жылына 117 сағат ішінде математиканы оқиды (аптасына 3,5 сағат), бұл 138 сағат болған орта дүниежүзілік

<sup>16</sup> TIMSS-2011 математикаға және бөлек табиғи ғылыми пәндерге берілетін, жылға сағаттардың саны туралы мәліметтерді қамтиды. Бұл мәндер мұғалімдер мен директорлар берген табиғи ғылыми пәндер мен математиканы оқытуға бөлінетін оқу аптасындағы және оқу жылындағы күндердің саны туралы, бір күндегі оқу сағаттарының саны, оқу аптасындағы сағаттардың саны туралы мәліметтер бойынша есептелінген. PISA-2012 шеңберінде оқушы сабақтағы минуттар санын және математика, оқыту тілі және табиғи ғылыми пәндер бойынша аптасына өтетін сабақтарды санын көрсетуге тиіс еді, оның негізінде аптасына минуттардың саны есептелінді. Бұл мәндер бір үш тілдік мектептегі сабақ кестесіне сәйкес келеді, ол 4.A2-қосымшасындағы 4.A.2.1 суретінде көрсетілген.

көрсеткіштен төмен және сондай-ақ жылына 137 сағат болатын төмен бірінші орын алатын Кореядан төмен (Мартин және басқалары, 2012). 4-сыныпта жаратылыстану пәндеріне жеткілікті назар бермеу оқушыларды 8-сыныптағы жаратылыстану пәндері бойынша сабақтарға дайын болмауына әкелуі мүмкін. 4-ші сыныпта Қазақстандағы оқушылар жаратылыстану пәндерін 85 сағат болатын орта дүниежүзілік көрсеткішімен және 92 сағат болатын бірінші орын алатын Кореямен салыстырғанда, жылына 57 сағат (аптасына 1,7 сағат) оқиды (Мартин және басқалары, 2012).

- Бір үш тілдік мектепте бастауыш сыныптардың оқушылары жаратылыстану пәндерін аптасына шамамен бір рет оқыды, бұл төрт жыл ішінде сабақтардың саны 169 сабақ болды (4.А2-қосымшасының 4.А.2.1 суреті). Басқа жағынан, жаратылыстану пәндеріне 8-ші сыныпта өте көп назар аударылады, бұл басқа пәндерді оқу үшін мүмкіндіктерді «ығыстырады». TIMSS мәліметтеріне сәйкес Қазақстанда 8-ші сынып оқушылары жаратылыстану пәндерін жылына 244 сағат (аптасына 7,4 сағат) оқиды, бұл жылына 158 сағат болатын орта дүниежүзілік көрсеткішпен салыстырғанда 50%-дан жоғары, және бірінші орын алатын Сингапурде болатын 115 сағаттан азғана жоғары. Бұл, осы сыныптағы түрлі пәндердің шеңберінде (биология, химия, физика, жер туралы ғылым) жаратылыстануды оқуды айқындайды, бұл мемлекет деңгейінде жаратылыстану пәндері бойынша жетістіктердердегі өзгешеліктермен байланысты емес (Мартин және басқалары, 2012).
- Жоғары сыныптарда әдебиет пәніне жеткілікті назар аудармау да оқушылардың әдебиет бойынша төмен көрсеткіштеріне әкеп соғады. 9-шы сыныпта 15 жастағы оқушылардың жауаптарына сәйкес табиғи ғылыми пәндерге де сонша сағат беріледі (аптасына 3,3 сағат), бұл ЭЫДҰ-да орташа есеппен (аптасына 3,5 сағат), азырақ сағат математикаға (аптасына 3,6 сағатпен салыстырғанда, 3 сағат-ақ) және «әдебиетке» өте аз сағат беріледі (орташа шамамен ЭЫДҰ елдерінде 3,6 сағатпен салыстырғанда, аптасына 1,8 сағат) беріледі (ЭЫДҰ, 2013).

#### *Олимпиадалар мен ҰБТ оқу бағдарламасынан көңіл бөледі*

Оқушылар олимпиадалар мен ҰБТ-ға дайындалуға көп уақыт жұмсайды. Аса нәтижелі оқушыларға бағыттылық деген оқушылар да мұғалімдер де жарыстарға және тестілеуге өте көп уақыт бөлетінін білдіреді. Нәтижесінде, жоғарыда белгіленгендей, оқуда қиыншылықтары болатын оқушыларға және жоғары және төмен мәртебесі бар оқушылар арасындағы жетістіктердегі алшақтықты қысқарту үшін қажетті шараларға аз көңіл бөлінеді (ЭЫДҰ, 2014b).

#### ***Кәсіптік даму үшін жиілік, мәндік және ынта мәселелері алаңдаушылық туғызады***

##### *Мұғалімдер*

Кәсіптік дамудың қолданыстағы моделі мұғалімдердің қажеттіліктерін тиісті мөлшерде қанағаттандырмайтыны алаңдатушылық туғызады. Біріншіден, қолданыстағы жүйе аз икемділікті көздейді. Мұғалімдердің сырттай кәсіптік дамыту бойынша іс-шараларға бес жылда немесе төрт айдан аспайтын кезең ішінде бір рет ғана қатысуға құқығы бар. Осылайша, кәсіптік дамудың жиілігі сұрақтар туғызады және жүйелі кәсіптік дамуға қатысу үшін ынталардың жеткіліксіздігімен байланысты.

Екіншіден, мұғалімдердің оқу үшін жеткілікті мүмкіндіктері бар ма, түсініксіз. Қазіргі уақытта көптеген мектептердің өзінің мұғалімін бағалау процестерін кәсіптік дамумен және жетілдірумен тиісінше байланыстыруға мүмкіндігі жоқ (төменде кара). Мұғалімдерді бағалау бойынша нормативтік талаптар мен нұсқаулықтар кәсіптік даму үшін мүмкіндіктерді ұсыну кезінде мұғалімдерді бағалау процестерінің нәтижелерін қалай пайдаланатыны туралы егжей-тегжейлі нұсқаулықтарды қамтымайды. Сол бір уақытта, сарапшыларда мектептер кәсіптік дамытудың жалпы мектептік стратегиясын басқару үшін аз жауапкершілік алады деген пікір қалыптасты.

Үшіншіден, жеке мұғалімдердің кәсіптік дамытуға қатысуы үшін ынталар еңбекақының жоғарылауымен (ҰМИ әзірлеген «айтарлықтай жоғары деңгей» бағдарламалары бойынша оқыту арқылы) және қызметтік саты бойынша көтерілумен (мұғалімдерді аттестаттау процесі арқылы) көбірек байланысты болғанына ұқсайды. Осыған байланысты, мұндай уәждеме кәсіптік дамытуға деген шын қызығушылыққа әкеле ме деген сұрақ туындайды.

#### *Мектептердің басшы қызметкерлері өз лауазымы үшін аз білім алады*

Басшы лауазымдарыға тағайындалғаннан алдын және кейін аз білім берілетіні мектептердің басшы кадрларының тиімділігін шектейді. Мектептердің басшы қызметкерлері басшы лауазымдарға тағайындалған кезде өз функцияларын орындауға өзін дайын емес деп сезінуі мүмкін. Шын мәнісінде, ЭЫДҰ елдерінде тәжірибесі туралы куәліктер бар, олар мектеп басшыларының олар өз лауазымына тағайындалған кезде оқу жұмысын басқару үшін және адами мен қаржылай ресурстарын басқару үшін білім мен дағдылары барын сезінбейтінін көрсетеді, себебі олардың көбісі бұған дейін мұғалім болып жұмыс істеген (ЭЫДҰ, 2008). Бұл да Қазақстанға қатысты, себебі мектеп директорларының жасы және жұмыс өтілі туралы мәліметтер олардың көбісі өз лауазымдығын атқаруынан алдын, мұғалім қызметінде жұмыс істегені туралы айтады. Бұдан басқа, мектеп директорларын жұмысқа қабылдау процесі олардың біліміне шоғырланған, себебі олардың басқару және оқыту саласындағы тәжірибесі мен міндеттері стандарттарды іріктеу түрінде нақты белгіленбеген.

Мектептердің басшы кадрларын дайындауға деген жүйелі көзқарас жоқ, оқыту үшін аз мүмкіндіктер бар, және дамудағы қажеттіліктер оқыту бағдарламаларын әзірлеу кезінде ескерілмейді. Мектеп директорларының және басқа да басшы кадрларының жұмысын үзбей, оқу курстарына қатысу қатысу деңгейі өте төмен, ал ауылдық жерлерде қатысу деңгейі, одан да төмен. Оқу мүмкіндіктерінің көбісі аз мерзімді курстар нысанын алады. Курстар бір бірімен байланысты емес, бұл мектепті басқару үшін қажетті дағдаларды үдемелі дамытуға бөгет жасауы мүмкін. Бұдан басқа, қолданыста бар болған курстардың мазмұны олардың күнделікті жұмысымен аз байланысқан теориялық және заңды аспектілерге шоғырланған. Осыған қоса, осы курстардың көбісі соңғы жылдары өткізілетін, әрі мектептерді оқуға, инновацияларға жаңа жолдар енгізуге, қоғамдастықпен тиімді өзара әрекеттесуге және заманауи технологияларды пайдалануға қабілетті басшылар басқару үшін қажетті білім беру реформаларының кеңдігін айқындамайды (АТО, 2014). Жүйеде ұзақ уақыт жұмыс істеген мектеп басшылары заманауи тәжірибені меңгеруде қиындықтарға тап болуы мүмкін, әсіресе егер олар оқу курстарына қатыспайтын болса. НЗМ педагогикалық шеберлік орталығы мен Назарбаев Университеті жүзеге асыратын басшы кадрларды басқарудың жаңа моделі басшы кадрларды дайындау үшін көп үміт беретін мүмкіндіктер ашады, бірақ оның құрылымы барлық басшы кадрларын қамту үшін кеңейтуді өте қымбат етіп жасайды. Бұдан басқа, елде олар басқа қызметтестерімен бейресми ортада тәжірибе алмасу үшін мектеп басшыларын оқыту және тәлімгер болу үшін кәсіптік желілер жоқ.

#### ***Мектептердегі мұғалімдер мен басшы қызметкерлерін бағалау олардың жақсаруына жеткілікті назар аудармайды***

##### *Мұғалімдерді бағалау*

Қазақстанда мұғалімдерді бағалудың ең басты механизмі мұғалімдерді аттестаттау процесі болып табылады, ол лауазымдар құрылымының белгілі деңгейіндегі мұғалімдердің құзыреттілігін растайды, сондықтан бұл процесте мұғалімдер үшін көп салдар бар. Егер бұл процесте мұғалімдер үшін көп салдар бар болған жағдайда, мұғалімдерді бағалау механизмінде дамыту функциясын қалыптастыру қиын. ЭЫДҰ есебінде түсіндірілгендей (2013b), мұғалімдерді бағалаудың бір процесінде есептілік пен дамыту функцияларын біріктіру бірқатар қиындықтар туғызады. Бағалау процесінде мұғалімдердің мансабы және еңбек акысы үшін үлкен салдар болса, олар, бәрінен бұрын, олардың тәжірибесінің әлсіз тарапын анықтауға және даму үшін өз әлеуетін талқылауға аз бейімді болады, бұл даму функциясын үзеді. Мұғалімдердің өзін-өзі бағалауы олар үшін үлкен салдарды қамтитын процеспен байланысты болғанда, аз мәнді болуы мүмкін. Сол бір уақытта Қазақстанда мектептердің ішінде іске асырылатын мұғалімдерді бағалау процестері таралған, олар, әдеттегідей, мұғалімдерді аттестаттау процесі үшін ақпарат ретінде қызмет етеді және

мұғалімдердің дамуда қажеттіліктерін анықтау үшін аз қолданылатын сияқты. Жалпы, сарапшыларда мұғалімдерді бағалауда есептілік функциясына көп назар аударылады, және оқытудың тиімділігі туралы ашық кәсіптік талқылауларға аз назар аударылады деген пікір қалыптасты. Білім беру секторында және қоғамда мұғалімдерді бағалау процесін дұрыс түсіну бақылау және есептілік аспектілеріне көбірек шоғырланған.

Тағы бір проблемалы аспект жеке мұғалімдерді бағалау үшін оқу жетістіктері туралы (ҰБТ сияқты стандартты бағдарламаларды бағалаудың нәтижелері, олимпиадалар мен басқа да жарыстарда оқушылардың жүлдері орындары) бастапқы деректерлерді пайдалану болып табылады. ҰБТ мен олимпиадалардың нәтижелері бағаланатын мұғалімнің жұмысына ғана емес, ал, мысалға, оқушы отбасының ықпалына, оқушының бұрынғы оқуына немесе мектептің ресурстарына байланысты (ЭБДҰ, 2014b). Бұл, мысалы жағдайы жақсы мектептерде жұмыс істейтін кейбір мұғалімдерді басқа мұғалімдерге қарағанда, оң баға алуына қатысты қолайлы жағдайға қояды. Бұдан басқа, кейбір мұғалімдерді бағалағанда, оқушылар үлгерімінің белгіленген көрсеткіштерін пайдалану мұғалімдер мен мектептер тарапынан стратегиялық маңызды реакцияға әкеп соғуы мүмкін, мысалы: (i) мұғалімдер оқу бағдарламасымен көзделген құзыреттердің толық шоғырында емес, ал ҰБТ немесе олимпиадаларда бағануы мүмкін оқу жетістіктеріне сүйенеді («тесттерге сүйену» және «оқу бағдарламаларын қысқарту»); (ii) мұғалімдер маңызды пән аралық оқу жетістіктерін ескермейтін болады; (iii) оқу бағдарламаларына арналған уақыт бағалауға арналған ерекше дайындалу үшін пайдаланылатын болады; (iv) мұғалім өткізетін бағалауға теріс ықпал ету және оқушылардың олар арқылы мұғалімдер оқушылардың шын жетістіктерін түсінуі мүмкін оқу бағдарламаларымен көзделген іс-шараларына қатысуы (нақты талқыланған Моррис 2011 және Розенквист 2010 ).

Бұдан басқа, сарапшылардың кәсіптік дамыту мүмкіндіктерін ұсыну мұғалімдердің бағалауымен байланысты емес деген пікірі қалыптасты. Кәсіптік дамытуда қажеттіліктерді анықтау мұғалімдерді бағалаудың қолданыстағы тәжірибесінде міндетті табап болып табылмайды. Мұғалімдерді аттестаттаудың нәтижесі бойынша әр бағаланып жатқан мұғалім үшін кәсіптік дамудың жүйелі жоспары жасалынбайды. Сәйкесінше, егер әр мектепте баға беру тәжірибесі ерекшеленсе де, мектеп ішінде өткізілетін мұғалімдерді бағалау процесі көп жағдайларда олардың негізгі мақсатының қатарына мектептің әр мұғалімі үшін кәсіптік жоспарды әзірлеуді қоспайды. Кәсіптік даму мүмкіндіктерімен айқын байланыста болмай жатып, бағалау процесі мұғалімдердің жұмысын жақсарту үшін жеткіліксіз және нәтижесінде ол көбіне мағынасыз шара болып, сенімсіздікті немесе әрі кетсе бағаланып жатқан мұғалімдер тарапынан бейжайлықты тудырады. (Дэниелсон, 2001; Милановски және Кимбалл, 2003; Марго және басқалары, 2008). Сәйкесінше, мұғалімдер стандарттарының жоқтығы сондай – ақ, түрлі мектептің ішкі мұғалімдерді бағалау процестерінің келіспендігі (осыдан түрлі мектептерді салыстыру барысында әділет туралы сұрақ туындайды) және жүйенің осындай процестің сапасын қамтамасыз ету қабілетсізділігіне әкелуі мүмкін (3 Тарау).

#### *Мектептің басшы кадрларын бағалауды дамытудың алғашқы деңгейі*

Мектептің басшы кадрларын бағалау жүйесі әлі қалыптасып жатыр. Мектеп директорларының жұмыстарын жылдық бағалау туралы заңдық ереже бар, бірақ оның ресми белгілері мен нұсқаулары айқындалмаған. Бұл жүріп жатқан бағалау барлық ел бойынша қатты ерекшеленіп және оған сәйкес директорлар бірыңғай стандарттарға есеп беруге міндетті емес екенін білдіретіні тәрізді. Жиі қарастырылатын кейбір көрсеткіштер (мысалы, оқушылардың жетістіктері, ҰБТ нәтижелері, мұғалімдердің кәсіптік дамуы, олимпиададағы медальдар) мектеп директорларының барлық міндеттерінің спектрі туралы ақпаратты аз береді. Бұдан басқа, бақылау талаптарын сақтауды тексеру ретінде әзірленген сияқты, ал директордың көшбасшылық әлеуетін одан әрі дамыту құралы ретінде емес, себебі, ол мүмкін болатын кәсіптік даму мен маңсаптың өсуіне байланысты емес. Бұның орнына теріс бағалау мектеп директорларының жұмыстан босатылуына әкелуі мүмкін. Мектеп директорларының орынбасарлары олардың басшы функцияларын бағалаудан өтпейді, тек олардың педагогикалық міндеттеріне қатысты өтеді. Қазақстанда мектеп директорларының орынбасарларын бағалаудың жоқтығы ерекше қорқынышты, онда мектеп директорларының орынбасары 10 жыл ішінде қызмет етуде.

## ***Мектепті тексеру – есептілік функциясы басым болатын қиын процесс***

Қазақстан үшін қазіргі таңда Білім мен ғылым саласындағы бақылау бойынша комитет тарапынан жүргізетін мектепті сырттай бағалау, негізінен, заңды талаптардың сақталуын бағалаудан және білім беру стандарттардың талаптарын атқарудан тұратындығы қиын мәселе болып табылады. Әдеттегідей, мектептерді бағалау мектептерде жақсартуды ынталандыруға емес, ал заңнаманы сақтауға шоғырланған. Осылайша, ол көбіне талаптарды жақсартуға емес, ал сақтауға бағдарланған және бұл Білім мен ғылым саласындағы бақылау бойынша комитеті жүргізетін білім туралы заңнамамен белгіленген мектептерді бағалаудың рөлін көрсетеді. Мектептерді аттестаттаудан кейінгі келесі жұмыс тек алғашқы бағалауды жүргізгенде аттестаттаудан өтпеген «тым төмен» мектептерде жүргізіледі (аттестаттаудан қайта өту процессі шеңберінде, ол бірнеше ай өткеннен кейін өткізіледі, сол аралықта мектептер өз жұмыстарын жақсарту керек). Оқыту мен білім беру сапасын арттыруды ынталандыру және келесі сыныптарға өтуді жақсартуды және осыны көбірек қажет ететін мектептер үшін білім беруді аяқтауды қоса алғанда, оқушылар үшін нәтижелерді жақсарту стратегияларына жеткіліксіз назар аударылады. Сарапшыларда мектептерді аттестаттау бойынша есеп беру, оларда ұсынылған педагогикалық тәжірибелерді жақсарту бойынша ұсыныстардың мазмұны бойынша өте шектеулі деген пікір қалыптасты. Есеп берудегі бағалаудың басым бөлігі заңнаманы бұзуды анықтауға арналған. Нәтижесінде, Білім мен ғылым саласындағы бақылау бойынша комитет мектептерде жақсартуды қалай жеткізуге болатыны туралы аз ақпарат береді. Бұдан басқа, мектептерді аттестаттау нәтижелерін қолдану үшін мүмкіншіліктер мектептерде тең емес. Сондай-ақ, тиімділігі аз мектептерде оқытуды жақсартуды қолдау үлгісі ретінде қолдануға мүмкін болатын алдағы оқыту тәжірибесін айқындауға және таратуға назар аз бөлініп жатыр.

Білім мен ғылым саласындағы бақылау бойынша комитетке жүктелген бір топ мәселелер есеп берудің есептілігі мен жақсартуды бір уақытта қамтамасыз етудегі шиеленіске ерекше көңіл бөлінеді. Шынында да ол нормативтік – құқықтық актілерді бұзушылықтардың мониторингінге жауап береді және осы салада үлкен жетістіктерге жеткен. Бірақ ол сонымен қатар мектептердегі қиындықтарды өтеуге көмек беру және педагогикалық тәжірибені жақсарту үшін әдістемелік қолдауға жауап береді. Соның арасында, бұл екі функция кей дәрежелерде үйлесімсіз. Аттестаттау комиссиясы мектептерге норма мен ережелердің сақталуын тексеру үшін келгенде, мектеп директоры қорғану позициясын алады, себебі кез – келген бұзушылықтың айқындалуы оның істерінің аяқталмағандығын көрсетеді. Бірақ Бақылау комитеті инспекторлары олардың жақсаруын қолдау үшін мектептегі педагогикалық процесстерді бағалау үшін келгенде, сыртқы сарапшыларға мектептегі қиыншылықтар туралы айтып беру үшін олармен қызмет етуге тырысу және олардан сараптамалық кеңесті сұрау үшін директор керісінше ашық болуы қажет. Тәжірибеде тексеру функциясы көбіне қолдау процессінен басымды.

Қолданыстағы мектептерді аттестаттау үлгісі сондай-ақ тиімсіздіктің айтарлықтай қырлармен сипатталады: ол көп қаржыны талап етеді және әлеуетті пайданы қамтамасыз етпейді. Мектептер өзін – өзі бағалау бойынша есеп беруді әкімшілік, тәртіптік мәселе ретінде емес, ал өзін –өзі тексеру үшін қолдануға мүмкіншілік ретінде жасайды. Аттестаттау комиссиясы мамандырылған білімі бар ішінде бірнеше кісіден құралған топ. Әдеттегідей, комиссия құрамына 15-16 кісі кіреді, олар бір аптадай мектепте болады және олардың саны мектептің көлеміне қарай өзгермейді (мектептен алдын білім алудан басқасы). Аса жетілген мектепті бағалау жүйесі бар мектептерде комиссия құрамы көлемі бойынша анағұрлым аз (5-6 кісі), себебі инспекторлар маманандандырудың негізгі пәндерін қамтиды және назарды педагогика мен мектептің жалпы дамуына аударады (ЭБДҰ, 2013b). Аттестаттау комиссиясы сондай – ақ, өте аз ақпаратты алады. Ол мектептің түрлі өкілдерімен сұхбаттар мен сауалнамаларды жүргізеді, оқушылардың үлгерімін бағалайды және сабақтарды бақылайды. Бұндай көлемдегі ақпаратты қаржының осындай деңгейінде жинау және оны мектептің жақсартуына терең жәрдемдесу үшін қолданбау тиімсіз болса керек. Бұндай процесс аттестаттаудың нәтижесі бойынша мектептің даму жоспарын даярлауды да қарастырмайды. Сондай – ақ, түсініксіз, егер мектепте есеп берудің баспа көшірмесімен танысуға мүмкіншілік бар болса, неге аттестаттау туралы есеп беру электрондық түрде басылып шығарылмайды. Бұдан басқа, аттестаттау және мұғалімдер мен мектептерге кеңес беру критериясын әзірлеген кезінде, тиімді оқыту, тиімділік пен мектепті жақсарту туралы соңғы

зерттеу нәтижелерін қолдану айғақтары аз. Мектептерде аттестаттауды жүргізу үшін анықтама мәлеметтері бұрыңғыдай шектеулі, себебі жақсы мектепті сипаттайтын баяндамалар аз.

Басқа күрделі мәселе – бұл мектепті жақсартудың бас құралы ретінде мектептердің өзін – өзі бағалау екіндігін мойындамау. Оның қолдануы мектептегі білім беру жүйесінде әлі дамудың алғашқы кезеңінде. Сарапшыларда мектептер олардың жұмысының тәжірибесін жақсарту үшін өзін – өзі бағалаудың әкелетін және әкеле алатын пайданың тек шектеулі деңгейінде түсінетіндігі және жалпы оны қолдануының анық үлгілерінің жоқ екенділігі туралы пікір қалыптасты.

Бүкіл жағдайға қарағанда, мектеп директорлары мен қызметтердің өзін – өзі бағалауын жүргізу бойынша мүмкіншіліктері шектеулі және ақыр аяғында, мектептің өзін – өзі бағалау мектептің жұмысы тәжірибесінде аз орын алады. Сондай-ақ, мемлекет пен аудандарда білім беру сапасын салыстыру үшін ҰБТ нәтижелерін қолдану керек. Қиыншылық түрлі мектептердегі оқушылардың ҰБТ нәтижелерінің негізінде нәтижелерді салыстырумен байланысты. ҰБТ бойынша орташа баллдар мектеп деңгейінде әр мектептің әлеуметтік- экономикалық мәнімен есепке алмай баспаға шығарылады (немесе мектеп оқушылардың контингенті сипаттамасы). Дәл осындай жағдай аудандық және облыстық деңгейде болады. Бұл айтарлықтай әр мектептің, облыстың және ауданның білім беру нәтижелері туралы қорытындыны бұрмалауы мүмкін, себебі орташа нәтижелер оқушылардың нәтижелерінде мектептің қосылған құндылығы немесе аудандық және облыстық деңгейінде саясат араласуының нәтижелері қамтып көрсетілмейді. Мектептер, аудандар мен облыстар арасындағы салыстырудың пайдасы аз, себебі олар ұқсаспен салыстырады.

Мектептің, ауданның және облыстың нәтижелерін салыстыру үшін ҰБТ-ның алғашқы мәлеметтеріне негізделген рейтинг кестесін қолданудың қатері көлемді (осыған байланысты ҰБТ нәтижелерінің үлкен салдары тек оқушыларға ғана емес, ал мектептер, аудандар мен облыстарға да бар) және оларды мойындап олардан аулақ болу қажет. Бұл мұғалімдер мен мектептердің олардың сыныптары / мектептері үшін «нәтижелерді» барынша жақсартуға бағытталған тәжірибені қолдануға әкеп соғады, мысалы, мұғалімдер тек ҰБТ – да бағаланатын оқыту нәтижелеріне ғана көңіл бөледі, ал оқу бағдарламасы қарастырылған құзіреттің толық шоғырына емес. (тестке шала дайындау) (ЭЫДҰ, 2013b).

***Кейбір жерлерде мектеп нысандары қажетті шамада қолданылмайды және оған рұқсатты қауымдастыққа аз береді***

Оқушылардың кему контингенті бар жерлерде оқушылардың көп контингенті үшін құрылған мектеп нысандары толық қуаттылықта қолданылмайды және оны ұстау үшін көп қаражатты талап етеді. Әдетте бұл мектеп ғимараттары кеңес стандарттары бойынша құрылған, жие 640 оқушыға есептелінген орасан күрделі нысандар болып есептелінеді, бірақ білім алушылардың қызмет көрсетуші контингенті олардың жоба қуаттылығынан жартысынан кем. Бала туу деңгейінің төмендігі мен көшіп – қону (ішкі сияқты сыртқы да) білім алушылардың санына әсіресе, мемлекеттің солтүстігінде із – түзсіз өтпеді және мемлекеттің осы бөліктерінде халық саны кеңес кезіндегі деңгейге келетініне болжау жоқ. Дегенмен бұл нысандар әрекет етуді жалғастыруда және оларды ұстау үшін жие жылыту үшін шығындар (себебі осындай ғимараттарды тек толығымен жылытуға болғандықтан) және техникалық қызметтер (себебі кадрдың белгілі бір категориясының саны ғимарат көлемі нормаларымен ескертіледі) түрінде көптеген мемлекеттік шығындарды талап етеді.

Сонымен қатар, бүкіл жағдайға қарағанда, аса күрделі қоғамдық мақсаттар үшін мектептің инфрақұрылымы жеткіліксіз қолданылады және мектептер мен жергілікті атқарушы органдардың қаражат жинауының ықтимал мүмкіншіліктері көп деңгейде қолданылмай қалады. Қазақстанда тек аз ғана мектептер оқу уақытынан тыс, мейлі ол ақыға немесе ақысыз болсын жергілікті халықтың қолдануы үшін өз нысандарын ашады. Шолуды дайындау кезінде барған мектептердің көбісі іс жүзінде мектеп нысандарын қолдануынан табыс алмайды. Білім туралы заңмен бірнеше ақылы қызмет санаттар рұқсат етіледі, бірақ бүкіл жағдайға қарағанда, мектеп басшылығысы қандай шаралар рұқсат етілгені және осындай қызметтер үшін төлемдер жинауына қалай кірісу керек туралы аз ақпаратталынған.

Мысалы, қоғамдық шаралар үшін спорт залдары мен аудиторияларды жалға беру мектеп нысандарын қолдануының ерекше көп таралған түрлері қатарына жататынын сарапшылармен сұқбатта мектеп директорлары белгіледі, бірақ бұнымен барған мектептердің тек азы ғана айналысады және егер оны істесе де, ол да көбіне ақысыз.

Мұғалімдердің білім беру процессіне бар технологияны қолдану бойынша қабілеттілік едәуір деңгейде ерекшеленеді. Ресми статистиканың мәлеметтеріне сәйкес мұғалімдердің небәрі 9% ғана оқу процессінде АКТ – ны қолдану бойынша оқу курстарын өтті<sup>17</sup>. Дегенмен, мектептерге қазіргі заманға сәйкес технологиялар қарқан екпінмен енгізіліп жатыр. Оқу процессінде жаңа технологияларды тиімді қолдануды үйренудің олардың беруінен артта қалуы, көп мөлшерде білім берудің қалаулы нәтижелеріне қол жеткізудегі осы технологиялардың бағасы мен сапасының арақатынасына тәуелді болады. Бұдан басқа, Қазақстанның әр бөліктерінде мектептерге біркелкі емес ақпараттық – коммуникациялық жабдықтарды беру, сыныпта осы технологияларды тиімді және әділетті қолдануға тағы бір бөгет туғызады.

### ***Мектептер арасындағы шектеулі ынтымақтастық***

Жалпы сарапшылар тобында көп жағдайларда мектептер арасында жеткіліксіз тығыз ынтымақтастық бар деген пікір қалыптасқан. Сонымен қатар шағын жинақталған мектепті ресурстық орталық арқылы қолдаудың қолданыстағы тәсімінде мектептер арасындағы ынтымақтастық үшін көптеген мүмкіншіліктер бар (3 тарауды қарау). Бұл бір мектептің көптеген білікті мұғалімдердің тек аз ғана бөлігінде, басқа мектептің мұғалімдеріне әсіресе бастауыш сыныптарда көмек беру мүмкіншілігі бар екендігін айқындайды. Тіпті «жіберетін мектептің» мұғалімдеріне «ресурстық орталық» мектептеріне бару мүмкіншілігі бар болғанда, олар әдетте білім беру тәжірибесін талқылау арқылы емес, ал тек аса білікті мұғалімдердың бақылауы арқылы үйренеді.

### **Саясат жөніндегі ұсынымдар**

#### ***Мұғалімдер мен мектептің әкімшілігіне кәсіби дамуы үшін құрылымдық, тұрақты және маңызды мүмкіншіліктерін беру***

##### *Мұғалімдердің кәсіптік дамуына тұрақты тәжірибе жасау*

Қазақстанның мұғалімдері ішінде мектептің даму жоспарына негізделген көп түрлі шараларды қамтитын, сондай – ақ, мұғалімдерді дамытуда қажеттілігін көрсететін мүмкіншіліктерді беретін кәсіби дамудың тұрақты тәжірибесі болуының айқын қажеттілігі бар. Жақсы білім берудің қиын сипатын мойындайтын және өзінің тәжірибесінде тұрақты жетілдіруде қатысатын әр оқытушының кәсіби міндеттерін айқындайтын мойындалған және анық тұжырымдалған нормалар қажет.

Шынайы кәсіби даму кәсіби іздеу мәдениетін талап етеді (ЭЫДҰ, 2013b). Сөйтіп, мұғалімдердің кәсіптік дамуға қатысуы үшін уәждемесі еңбек ақысын көтеру шеңберінен шығуы керек. Бұл үшін, ең дұрысы мұғалімдерге кәсіби дамуы үшін қазіргіге қарағанда, көбірек уақыт пен қаржылық қолдау беру қажет. Кәсіби даму жүйесі тек жақсы нәтижелерді көрсететін мұғалімдерді ғана емес, ал барлық мұғалімдерді қамту керек, бұл «НЗМ әзірленген аса жоғары деңгейдегі» оқу бағдарламасында болуы ықтимал. ЭЫДҰ (2014b) есеп беруінде ұсынылғандай барлық жүйе мен барлық мектептерде жақсартуға мүмкіндік беру үшін соңғылар аса көп контингентті қамту қажет.

Кәсіптік даму тұжырымдамасы жай курстарға, семинарлар мен конференцияларға барудан кеңірек болуы керек. Оқуды, тәжірибе мен пікірді қосатын, қажетті уақыт пен келесі қолдауды қарастыратын тиімді кәсіби даму тұрақты болуы керек. Сәтті бағдарламалар өздерінің оқушыларымен қолданатын сол сияқты оқыту шараларын қарастырады (ЭЫДҰ, 2005). Бұл мәнмәтінде мектептердің кәсіби дамуы бойынша жүргізетін шаралары аса маңызды.

---

<sup>17</sup> Бұл сандар Қарағанды және Солтүстік-Қазақстан облыстарын және Алматы қаласын қарастырмайды, себебі мәлімет болмады.

Сондай – ақ, мұғалімдердің кәсіптік дамуы мектептің дамуымен байланысты болуы керек және оқыту тәжірибесінің жақсаруын мектептің қажеттілігін қанағаттандыруға жатқызу қажет. Ынтымақтасу үшін мұғалімдердің әлеуетті облыстарындағы әріптестердің оқудың мақсаттарынан хабардар болуы үшін кәсіптік даму бағдарламасының ең жоғарғы деңгейдегі тиімділігі мектептің деңгейінде байланысуы қажет. Бұндай біріккен күш оқу қауымдастығын құруға ықпал етуі мүмкін. Бұндай жолда мектептерге мұғалімдердың кәсіби дамуына арнайы бөлінетін қаржыландыруды ұсынуға мүмкін болар еді. Сондай – ақ, кәсіби дамудың жаңа беталыс – бұл педагогикалық желілер мен тәжірибелік қауымдастықты құру арқылы ұжымдық және ортақ білім беру. Педагогикалық желілер білімнің басқа желілерінің пайда болуына әкеледі және білім мен иерерхия арасындағы дәстүрлі қатынастарды өзгертеді, себебі оқудың көлденең түрін болжамдайды. Тәжірибелі қауымдастықтар мұғалімдерға өзінің оқытушылық тәжірибесін аса тиімді етуін, қазіргі заманға сәйкес оқытудың әлеуметтік – мәдениеттік мәнмәтінін талдауға және олардың сыныпта кездескен кейбір мәселелеріне жауап табуға мүмкіншілік береді. Кәсіби даму бойынша шаралар шеңберіндегі жетімді ұсыныс оқытушының кәсіби қажеттіліктеріне сәйкес келуі қажеттілігі сондай-ақ, маңызды. Сол үшін жекеше деңгейде де, топтық деңгейде де кәсіби дамудың қажеттілі туралы ескерту үшін мұғалімдерды бағалау процессі нәтижелері маңызды рөлді атқарады. Мысалы, егер мұғалімдер туралы пікірлер құрылатын (3 тарауды қарау) оқу стандартында баяндалған белгілерге қатысты ұсынылған болса, онда кәсіби даму бойынша шаралар осы белгілер айналасында ұйымдастырылуы және жергілікті деңгейде әрекет етуі мүмкін. Қазақстанда кәсіби дамудың қажеттілігі мүмкін болатын облыстар бұлар мысалы, АКТ - ны қолдану, зиялылық тақтайды тиімді қолдану бойынша тренингтер, ЖШМ үшін жие қажет болатын қосарлы сыныптарда сабақ беру.

#### *Мектеп басшылығын дайындауға кейінгі инвестициялау*

Мектеп басшылығын дамытуда жүйелік тәсілдемені әзірлеу және жүзеге асыру қажеттілігі бар. Бұл оқу орындарының басқарушыларды өздерінің рөлдеріне және білім беру саясатындағы өзгертулермен сәйкес өздерінің мектептерін басқару қабілеттілігіне тұрақты дайындауға мүмкіншілік береді. Қазақстанда кадрлық әлеуетінің мектептің басқарушылары түрінде күшеюі мектеп жақсаруының маңызды факторы болып табылады. Олар мұғалімдердің уәждемесі мен икемділігіне, сонымен қатар мұғалімдердың жұмыс істеп жатқан қоршаған ортасы мен климатына әсер ету арқылы оқу нәтижелерін жақсартуда басты рөлді ойнайды. Мектептің басшылығына инвестициялау мектептер мен барлық жүйе үшін мультипликативті әсер әкелуі мүмкін және инвестициялаудан ерекше тиімділік мектеп басшылығысының жұмыс күшінің саны аса шектеулілігін ескеру арқылы болуы ықтимал. Қазақстанның есептеу үшін алғашқы қаадамы қайта құру мен мектептің басқарушыларының рөлдерін нақтылау (3 тарауды), сондай-ақ, мектеп басшылығы ұтымды еткеннен бірден олардың көшбасшылық әлеуетін дамытуына инвестициялау қажет.

Мемлекет бар басқарушы кадрлардың икемділігін және бар және болашақ басқарушы кадрлардың стратегиясын әзірлеу кезіндегі осы ақпаратты қолдану диагностикасын жүргізеді. Басқарушы кадрларды дайындау бағдарламасының тиімділігі туралы зерттеулер басқарушыларды дұрыс таңдау үшін дұрыс мүмкіншіліктерді дамытуды қамтамасыз ету үшін қажеттілік талдауы өте қажет (Коллинс және Холтон, 2004). Қазіргі таңда бар кадрлар басшылығысын дайындауын талдау қажет және қажеттілікті талдау нәтижелерінің негізінде басқарушы кадрларды дайындауда жүйелік тәсілдемені енгізуге болады. Дұрысында, басқарушы кадрларды дайындау бағдарламасы мұғалімдер деңгейінде басталуы қажет және директор қызметіне үміткерлер, сондай-ақ, директор қызметіне тағайындалғаннан бірден немесе бір жыл ішінде оны өту керек. Жұмысқа кіруден алдығы оқу үміткерлерді іріктеу және кейінгі дамуы үшін күшті негізді құруы мүмкін. (Понт, Нуш және Мурман, 2008). Шотландияда мектеп директорлары білім берудегі көшбасшылық пен басқарудың дипломнан кейінгі Бағдарламасы (директорлық үшін шотландтық мамандық) немесе аса иелмелі және тәжірибелі бағдарлама (директорлыққа иелмелі жол) бойынша оқытылуы мүмкін, олардың бас құрамдастығы 360 градус тәсілі бойынша бағаланатын портфолионы, жетекшімен кездесуді дайындау болып табылады. Басқарушы кадрларды дайындаудың «тиімді» бағдарламасын зерттеуіне бағытталған бірнеше зерттеулер жүргізілген (Дарлинг-Хаммингтон, 2008; Дэвис және басқалар 2005; Дей және басқалар 2009). Сәтті бағдарламалар белгілі қызметтер үшін арнайы курстары мен барлық оқудың барлық көшбасшыларын өзіне қамтиды. Ортақ



курстар сапалардың мәселелерін пікір алысу үшін ортақ тілді қалыптастыруға қабілетті. оқу тәжірибелік мәселелерді шешуге топталуы мүмкін, ал заңнамалық аспектерге емес. Шынында да, басқарушы кадрларды дайындау бағдарламасында практикалық тәжірибесін қосу үлкен маңызға ие болады, себебі бұл зерттелініп жатқан оқу процессінде теориялық мазмұны мен мектептерде болашақ кездесетін практикалық мәселелер арасында байланысты орнатуға мүмкіншілікті береді. Бұдан басқа курстар мектептің сипаттамасына (мысалы, олардың оқыту деңгейінің көлеміне), сондай-ақ қоғамдық, экономикалық и мәдениет жағдайларына бейімдеу керек.

Ұқсас жағдайда, жетекшілік кестесі мен кәсіби қауымдастықты құру көшбасшылық икемділік пен озық тәжірибені таратудға қабілеттіктің дамытуы мүмкін. Коучинг пен жетекшілік сенімділікті арттыру мен жаңа икемділікті игеруге, өзінің жұмысына жаңа жолдарды игеруге, өзінің амандылығын арттыруға, тепе – теңдікті алу мен қолдауды сезінуге жәрдемдеседі (Бредли және басқалар, 2006). Дұрысында, жетекші мектептің жаңа көсбасшысы жұмыс атқаратын мектептердің сипаттамасымен қабілетті мектептерде жұмыс тәжірибесіне ие болып, өз сәттіліктерін көрсету қажет (Морган және Хокинс, 2004). Бұдан басқа, желілік қауымдастық мектептің басшылығысының тәжірибесі мен жұмыстың сәтті тәжірибесі туралы пікірлермен жүйелік алмасуына қабілетті болуы ықтимал. (4.1-қосымша).

#### **4.1-ендірме Австралия мен Сингапурда басшы кадрларын дайындау бағдарламаларының үлгілері**

Бұл оқу формальды және формальды емес тәсілдерді, соның ішінде жетекшілік және оқытушы мен мектеп директорын байланыстыратын кластерлік механизмді қолдануын өзіне қамтиды. Австралияның білім беру жүйесінің көбісінде қажеттілікті қанағаттандыруға, сондай-ақ, барлық мектеп директорына әсер ететін басқару кадрларын дайындау бағдарламасының жиынтығына қосымша, мектеп пен олардың басқарушыларының мәселелерінің мәңгітінді шешуіне бағытталған түрлі бағдарламалар жасалынып жатыр. Бұл бағдарламалар негізгі топтарға (мысалы, бамқарма қызметіне бірінші реет тағайындалған адамдар) және мәселелерге (мысалы, коучинг, пікірлесу үшін онлайн топтарды шақыру) бағытталған. Қазіргі таңда кішігірім мектептерді басқару саласындағы зерттеулер кішігірім мектептерді басқару – бұл оңай мәселе емес және ол үлкен мектептердің кішірейтілген көшірмесі болып табылатындылығы туралы айтады. Бұл бағдарламалардың бағытталғандарға қол жетімділік, уақыт пен қаржы шектеулілігі сияқты бағдарламалардың ауқымы, ақысы, қамту мен «уақыттылығы» әрдайым сұрақтар туғызады.

Сингапурде жетекшілік мектеп басқарушыларды дайындау стратегиясының негізі ретінде тарихи қолданылады. «Оқытудағы көсбасшылар» Бағдарламасының басты құрамдас бөлігі әр болашақ директорды жетекші директорға тіркеу болып табылады. Бұдан басқа, 2008 жылдан бастап Министірлікпен ынтамақтасумен мектеп директорлары Академиясы (APS) жақында тағайындалған мектеп директоры үшін жетекшілік кестені жүзеге асырады. Бұл бағдарламаның шеңберінде жаңа директорлары қызметіндегі жұмыстың барлық бір жыл ішінде атқарғанда тәжірибелі әріптестерінен қолдау алады. Жетекшілікке негізделген бастамалықтар мемлекетте өзгерістерге енді және олардағы акцент тәжірибені аса тәжірибелі маманнан аз тәжірибелімен бөлісуден екі жақ үшін өзара тиімділікке ауысқан. Мемлекетте мектеп директорлары үшін жетекшілік басшылық кадрларды дайындау парадигмасы негізінде құрастырылады, ол үш өзара байланысты параметрлерді: басты (анықтау мен іріктеу), оқытуды (дайындау және даму), ең көп қолдануды (жүйелік қолдау) өзіне қамтиды. Соңғы параметр басшылық қызметін атқаратын (орынбасарлар мен мектеп директорлары) мектептің оқу жүйесінің мүдделі жақтарына мүмкіншіліктерді беруді, жақсы рөлдік үлгілерге қол жетімділікті қосатын бір –бірінде оқуды, тиісті басшылық үшін және басшылықтың озық тәжірибесіне бағдарлануын қолдау құрылымын беруді білдіреді. Мемлекетте жүйелік көшбасшылықтағы бұл акцент сонымен бірге, қосымша шаралармен қолданылады, ол зейнетке шыққан директор ұйымда жұмыс істеу және мектеп желелері мен кластерлерді құру үшін тартуды өзінде қамтиды.

*Түпнұсқа: Динам және басқалар (2011) және Вейнштейн мен Эрнандес мәлеметтері бойынша (баспаға дайындалып жатыр).*

#### ***Оқуда қиыншылық көретін оқушыларға қолдауды қамтамасыз ету***

##### ***Ерте анықтауды және төмен үлгерімі бар оқушыларды қолдауды ынталандыру***

Оқу тәжірибесінде қажетті жағдай бұл төмен үлгерімі бао оқушылармен жұмысты арттыру болып табылады. Мектеп қолдауының жетімділігі мен уақыттылығын қамтамасыз ету оқудағы қиыншылықты көретін оқушылар тек мектепте ғана қалмай, ал мектептегі оқидан барлық мүмкіншілігін алу өте маңызды. Үлгерімі бойынша қауіпті топқа жататын оқушыларды анықтау үшін ерте ескерту беру және олармен ерте кезеңде қолдау көрсету жүйесін қолданатын мектептерді марапаттау қажет. Уақыттылық маңыздылығына ие, себебі кешіктірілген араласу

экономикалық көзқараспен аз тиімді. АҚШ – тан келген соңғы толық зерттеулер төмен мемлекеттік бастауыш және негізгі орта метептерінде ерекше мәртебесі бар мектептердің бес «жақсы тәжірибесін» тиімді енгізу тралы куәлэндіреді (Фрайер, 2014). Бес тәжірибе бұлар: мектеп уақыты мен оқу жылын созу арқылы оқу уақытын арттыру; кішігірім топтағы тиімді репетиторлық; оқу беру әдістемесін құру үшін сыныптарды бағалаудың айлық нәтижелелерін жие қолдануы және жоғары күтудің мәдениеті. Бағдарламаны үш жыл жүзеге асырғаннан кейін оқушылар математика пәні бойынша тесттерде стандарты ауытқудан 21% - ға нәтижелерін жақсартты, ал оқушылардың төмен және жоғары көрсеткіштері арасындағы ажырау айтарлықтай төмендеді. Бұдан басқа, бағдарламаның аса құнды аспектісі оқушылар үшін репетиторлық нәтиженің шамамен 14% -ға жақсаруына әкелді, бұл оқытудағы тиімділіктен – 10% айтарлықтай жоғары, ал орта мектептерде оқитын оқушылар үшін бұл көрсеткіш аса әсерлі математика бойынша стандарты ауытқудан - 60% құрайды. Бес «жақсы тәжірибенің» көбісін Қазақстанда да қолдануға болады, бұл төмен оқушылардың үлгерімін айтарлықтай арттырады.

#### *Оқушыларды қолдаудың жүйелі саясатын әзірлеу*

Жүйелі қолдау тиімділігі аз немесе нашар мектептерді жақсартудың басты шарты болып табылады. 3-Тарауда баяндалғандай жан басына қаржыландырудың жаңа жүйесі мектептерге бөлінетін ресурстардың көлемін анықтау кезінде мектептер арасындағы айырмашылықты және мектеп ішіндегі оқушылар арасындағы айырмашылықты ескеруге тиісті. Оның үстіне, тиімділігі аз мектептерде жаңашылдықтарды қолдау үшін нақты стратегияларды әзірлеу керек. Онтариода (Канада), Шанхайда (Қытай), АҚШ-та және Уругвайда жүзеге асырылатын табысты стратегиялар 4.2.-Қосымшасында баяндалған.

#### **4.2-ендірме АҚШ-та, Онтариода (Канада), Шанхайда (Қытай) және Уругвайда мектептерді жүйелі қолдау**

**АҚШ-та** «Барлығы үшін табыс» деген бағдарлама жұмыс істейді, ол барлық мектептерде мектеп алды топтардан бастап, 6 сыныпқа дейінгі оқушыларды қамтиды және іс жүзінде, әрбір оқушы оқудың негізгі дағдыларын игеруі және басқа оқушылардан қалмауы үшін ресурстарды қамтамасыз етеді. Бағдарлама ауқымды, ұлттық рандомизацияланған бақыланатын сынақтар шеңберінде Америка Құрама Штаттарында бағалаудан өткен және жақсы және нашар оқушылардың арасындағы олқылықтарды жауып үлгерімді арттыруда тиімді деп танылған; орташа алғанда, «Барлығы үшін табыс» бағдарламасына қатысқан мектептердегі оқушылардың үлгерімі бақылаудағы мектептердегі салыстырылатын оқушыларға қарағанда 64 пайызға жоғары болған. Бағдарламаның басты элементтері: i) бірлесіп оқытуды, тікелей оқытуды, тәжірибені, бағалауды және пікірді көздейтін бүкіл мектеп бойынша оқыту процессін; ii) толық күнге арналған мектеп алды білімді қосатын жалпы мектеп бағдарламасын және әрбір сыныпқа арналған оқыту бойынша арнайы іс-шараларды, оқушылардың үйде кешке 20 минут бойы өз таңдауы бойынша кітаптарды оқу туралы талапты қоса отырып; iii) арнайы дайындалған жүргізушілер және мамандандырылған мұғалімдер 20 минут бойы әр күні барлық оқушылармен, сыныптастарынан қалып жатқан оқушылармен жеке-жеке жұмыс істейді; iv) тоқсан сайынғы бағалау және оқу бойынша оқушылардың топтарын қайта топтастыру, оқу бойынша бір деңгейдегі әр түрлі жастағы оқушыларды қосатын; v) отбасыларды қолдауда және ата-ананың қатысуын арттыруда көмектесу үшін әрбір мектепте жұмыс істейтін мәселелерді шешу бойынша тобы; vi) оқу бойынша бағдарламаларды іске асыруда мұғалімдерге көмек беру үшін, тоқсан сайынғы бағалауды басқару және мұғалімдермен араласуды ынталандыру үшін мектепке тәлімгер ретінде мұғалімдермен жұмыс істейтін фасилитатор.

**Онтариода (Канада)** Нысаналы араласу бағдарламасы (OFIP, 2006-2007 жылдан бастап) «үздіксіз жақсартуға қол жеткізуде ерекше қиындықтарға тап болатын» бастауыш мектептерге нысаналы қолдау көрсетеді, олар провинцияның органдары жүргізетін оқу, жазу және математика бойынша бағалау нәтижелері негізінде анықталады (3 және 6 сыныптарында). OFIP қаржыландыру кәсібилік даму үшін, оқушылар және кәсіптік оқыту үшін қосымша ресурстар, оқу, жазу және арифметика бойынша тәлімгерлерді тарту және мұғалімге ынтымақтастық және қосымша оқыту үшін уақыт бөлу үшін пайдаланылады. 2006-2007 жылы мектептер, егер 34% төмен оқушылар 3-сыныпта оқу бойынша провинцияның стандартына жеткен болса, OFIP қолдауын алуға мүмкіндіктері болған. Одан басқа, 2009-2010 жылдан бастап, OFIP бағдарламасын қаржыландыру 1 100 мектептерден аса берілген болатын, онда 75% төмен оқушылар 3 және 6 сыныптарда бағалау нәтижелері бойынша провинцияның стандартына қол жеткізген. 3 сыныпта провинцияның стандартына қол жеткізген оқушылардың 34% төмен мектептер саны 2002-2003 жылдан бастап 2010-2011 жыл бойынша үштен екіге қысқарған (19% бастап 6%), үлгерімі төмен оқушылары бар бастауыш мектептер санының қысқаруындағы елеулі табысы туралы айтар болсақ.

Елеулі әлеуметтік-экономикалық теңсіздікке қарамастан, Шанхай (Қытай) жоғарғы орташа ұпайға және «әлсіз мектептерді» мықты мектептерге айналуды арқылы жүйені жақсарту бойынша күштердің көмегімен PISA

бойынша мектептер нәтижелерінде шамалы шашыраңқылыққа қол жеткізген. Бұл шаралар мыналардан тұратын: i) ұқсас деңгейге дейін барлық мектептердің инфрақұрылымын жүйелі жаңарту; ii) нашар оқушыларға қызмет көрсететін мектептер үшін қаржылық трансферттер жүйесін жасау және жоғары білікті мұғалімдерді жақсы мектептерден нашар мектептерге уақытша немесе тұрақты ауыстыру; iii) жоғары тиімді аудандардың және мектептердің тиімділігі аз аудандармен және мектептермен ынтымақтастық, оның шеңберінде олардың әрқайсысының атқарушы органдары тәжірибе алмасады, өздерінің білімді дамытудың жоспарларын талқылайды, мәселелерді шешу үшін жұмыс істейді, оқыту бағдарламаларымен, оқыту материалдарымен және озық тәжірибелермен бөліседі; iv) «мықты» мемлекеттік мектептерге «әлсіз мектептерді» басқару бойынша жауапкершілікті беру және оқу жұмысын басқару үшін тәжірибелі мұғалімдер тобын жіберу. Бұл шаралар әлсіз мектептерге ғана емес, сондай-ақ мықты мектептерге де көмектесті, мысалы, мұғалімдердің қызмет бойынша көтерілу мүмкіндіктерін берді (ЭЫДҰ, 2011 с).

Уругвай соңғы жылдары оқушылардың оқудағы жетістіктерін тез жақсартты. Сапаны арттыру бойынша шаралар мектептердегі педагогикалық басқаруды күшейтуге бағытталған таңдалған бағасы негізінде әзірленген болатын. Бұл бағалау кластерлік оқытумен және мұғалімдерді қолдаумен қатар бүкіл оқу жыл бойы білім органдарына ақпаратты стратегиялық тәжірибеге айналдыруға көмектесті. Деректер оқушылардың оқудағы жетістіктері алты жыл ішінде кейбір сыныптарда 30 пайызға артқанын көрсетеді. Әлсіз мектептердің жұмысын жақсарту үшін арнайы шаралар қабылданған болатын. Оқытудағы теңсіздікті еңсеруге бағытталған маңызды шаралар мыналардан тұратын: тестілеу нәтижелерінен гөрі кедейліктің көрсеткіштері негізінде қаржылық ресурстарды бағыттау және әлсіз аудандарда және мектептерде мұғалімдерге нысаналы қолдау көрсету үшін тестілеу нәтижелерін пайдалану.

*Дереккөз:* Славин Р. Е. және Н. А. Мэддлен (2010), Барлығына арналған сәттілік: мектеп реформаларындағы жою және ерте араласу, в Дж. Мис және Дж. Эклс (ред.), мектептерді, мектептегі оқытуды және адам дамуын зерттеу жөніндегі нұсқаулық, Routledge, Нью-Йорк; ЭЫДҰ (2011с), АҚШ үшін PISA сабақтары, Күшті мектептер және білім берудің сәтті реформалары, ЭЫДҰ, Париж. ЮНЕСКО 2008, Барлығына арналған білім, Ғаламдық мониторинг ееп 2009: Теңсіздікті жеңу: басшылық ету неге маңызды, 3-бөлім, 145-170 б.б..

### *Оқушылардан күтілетін үміттерді арттыру*

Оқушылар қабілеттері бойынша топтаспауына көбірек назар аудару керек. Бұл оқушыларды топтастыруға қатысты қазіргі талаптардың күшейтуін қажет етуі мүмкін. Салыстыру үшін әр түрлі қабілеттері бар оқушылардан тұратын сыныптар ішіндегі қабілеттер бойынша топтарды пайдалану мұғалімдерге оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес оқытуды түзетуге мүмкіндік береді және кейбір жағдайларда пайдалы болып табылады (Славин, 1987).

Оның үстіне, мемлекет оқушылардың сенімділігін арттыру және оларды биік мақсаттарға жетелеу үшін тәлімгерлік және кәсіптік бағыттау бойынша қызметтерді кеңейту мүмкіндігін қарастыру мүмкін. Тәлімгерліктің және кәсіптік бағыттаудың болмауы оқушылардың жеке тәжірибесімен және өмірлік үміттермен ғана шектелуі мүмкін дегенді білдіреді. Ресурстардың шектелуіне байланысты, ең біріншіден, нашар оқушыларға және қауіп тобына жататын оқушыларға көңіл аудару керек, себебі зерттеулер көрсеткендей мұндай шаралар оқушылардың осы топтарына ең үлкен әсер етуі мүмкін екен (ЭЫДҰ, 2012 а). Қазақстандағы жоғары білім беру секторының мөлшерін және тану деңгейін ескере отырып, мемлекет нұсқалардың бірі ретінде нашар оқушылар арасында үміттерді арттыру бойынша іс-шараларға жоғары оқу орындарын тарту болуы мүмкін. Мысалы, Австралияда университеттердің қызметкерлері мен Виктория Университетінің студенттері шағын жинақталған отбасылардан және этникалық төмен адамдар арасынан шыққан оқушылар арасында оқудағы үміттерін арттыру бойынша іс-шараларға қатысады.

### *Жынысы бойынша оқушылардың жіктелуін шектеу*

5-11 сыныптарда, жынысы бойынша бөлінген сыныптарға қатысты мемлекеттің стандарттарды қайта қарауға ұсынылады. Еңбекке баулуға қатысты сабақтар бөлініп жүргізілгенмен, ЭЫДҰ көптеген елдерінде бұл тәжірибе басқа пайдаланылмайды екен. Қыздар да, ұлдар да дәстүрлі стереотиптік дағдыларды игеруі мүмкін, қыздардың және ұлдардың стандартты емес сабақтарға қатысуына ынталандыру үшін әр түрлі жолдар анықталған (Луфкин, 2007).

### *Мектептерде оқу уақытын пайдалануын қайта қарау*

#### *Бірнеше ауысымға жұмыс істейтін мектептердің санын қысқарту бойынша күштерді қолдау*

Қазақстанға үш ауысымға жұмыс істейтін мектептердің санын жою бойынша күштерді жалғастыру керек, және кіші оқушылардың екі ауысымға жұмыс істейтін мектептердің ықпалын төмендетудің тәсілдерін қарау керек. Бірнеше ауысымға жұмыс істейтін мектептерде барлық бастауыш сыныптар бірінші ауысымда оқуға тиісті. Бұл төмен сыныптағы оқушылар үшін де, сондай-ақ күннің екінші жартысында сабақтары басталатын, оқу мүмкіндіктері жоғары жоғары сыныптағы оқушылар үшін де қолайлы. Демографиялық жағдайдағы жедел өзгерістер қазіргі объектерге қысым жасайтын немесе жаңа мектептерді салу құрылысы қиындықтарға тап болған кезде бірнеше ауысымдық оқыту білімді қамтуына мүмкіндік береді және ол білім беру сапасына теріс ықпал жасайды және Қазақстан болашақта бірнеше ауысымдық оқытуды толықтай жойылуына жағдай жасау керек.

#### *Оқу уақытын қайта қарау*

ЭЫДҰ ресми оқу уақытының орташа көрсеткіштеріне сәйкес келу үшін оқу уақытының нормаларын түзету керек, атап айтқанда, 1-4 сыныптардың оқушылар үшін. Қысқарған оқу күнінің оқыту сағаттарында болуы, балалардың, әсіресе, нашар отбасылардан шыққан оқушылардың және оқуда қиыншылықтары бар оқушылардың үлгермеу қаупін туғызуы мүмкін. Оқу күнінің ұзартылуы оқушыларға оңды әсер беретіні дәлелденген болатын. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында үлкен лонгитудиналдық зерттеу жүргізілген болатын, оның шеңберінде балабақшада толық күн болатын балалар (аптасына 31,5 сағат) және жарты күн болатын балалар (аптасына 15,8 сағат) арасында оқу және математика бойынша нәтижелердің салыстыруы жүргізілген. Ғалымдар толық бағдарлама бойынша оқитын балалар жарты күн оқитын балаларға

қарағанда көп білім алатынын және оқытудағы осы айырмашылық 3-сыныпқа дейін сақталғанын анықтаған, ағылшын тілі ана тілі болмаған балалардың жағдайында (Ли және т.б., 2005; Волстон және т.б., 2005). Мұғалімдер олардың оқу уақытының 50% артық оқуға және математикаға, сондай-ақ балалардың әлеуметтік және басқа оқу тәжірибесін кеңейтуге арналған сабақтарға бөлгенін белгілейді. Оның үстіне, оқу күнінің ұзартылуы, сенбілік сабақтарды қосуы және сабақтар арасындағы үзілістердің қысқаруы есебінен оқу уақытының артылуы шаралар кешенінің элементтерінің бірі болатын, олар әлсіз көрсеткіштері бар мектептердің математика бойынша нәтижелерді жақсартуға мүмкіндік берді (Фрайер, 2014).

Мектептердің мектепте оқу уақытын ұйымдастырудың басқа және қосымша жолдарын іздестіруін көтермелеуге болады. Одан басқа, кейбір жағдайларда мектептердің оқу уақытын күніне сағат санын және/немесе аптасына күндер санын өзгертіп, басқаша ұйымдастыруға болады. Оқу уақытының әр түрлі нұсқалары сыныптан тыс және демалыс бағдарламалардың, оқуды қолдау клубтарының және таңғы ас тарататын клубтарының ұйымдастырылуын қосу мүмкін (Махони және т.б., 2005; Макбит және т.б., 2005). Әсіресе, нашар балалардың қатысуын көтермелеу керек, себебі осы бағдарламалар осы балалар үшін ең пайдалы болуы мүмкін, алайда осылар бірнеше себептер бойынша сирек қатысады, соның ішінде құны, қол жетімділігі және қатысу ережелері туралы білімдерінің болмауы (Хорган, 2009).

### ***Мектептен тыс ынтымақтастықты ынталандыру***

Мектептер арасындағы ынтымақтастықты жақсарту Қазақстандағы ресурстардың тиімді пайдалануына жағдай жасауы мүмкін. Мысалы, мектеп басшыларын басқа мектептермен белсенді ынтымақтасуына ынталандыруға болады. Одан басқа, мектеп басшыларын мектеп объектілерін және жабдықтарын одан да тиімді пайдалану жолдарын іздестіруге көтермелеу және ынталандыру керек. Заңнамалық тыйымдардың үлкен емес тізіміне қарамастан, мектеп басшылары қоғамдық пайдалану үшін өзінің объектілерін барыншы тиімді пайдалануға ниет білдірмейді немесе пайдаланбайды. Қосымша табыс ретінде, оқу уақытынан кейін оқу объектілеріне ақылы кіру арқылы мектептердің және жергілікті атқарушы органдарының табыстар базасын ұлғайтуға мүмкіндіктер бар. Табыс әкелетін мұндай қызметті мұқият бақылау керек болады және барлық алынған құралдарды тиісті бюджеттік ұйымдардың ресми бюджетінде көрсету керек. Мектеп басшылары және жергілікті атқарушы органдары білім беру мекемесінің аумағында қандай іс-шараларды өткізу қажеттігін және осындай іс-шаралардан түскен табыс қай бюджетке түсетінін нақты айқындауы керек. Кесте 4.5. ЭЫДҰ елдеріндегі мектептер арасындағы ынтымақтастық бағыттарының кейбір мысалдарын қамтиды.

**4.5-кесте ЭЫДҰ елдеріндегі мектептердің ынтымақтастықтың кейбір бағыттары**

<b>Ел</b>	<b>Мектептердің ынтымақтастық түрі</b>
<b>Бельгия</b>	Мектептердің ынтымақтастығы бойынша ерікті серіктестік түріндегі мектептердің қауымдастығы жасалған болатын. Олар кадрларды, АКТ бірлесіп пайдалануға және әл-ауқат ресурстарын басқаруға бағытталған.
<b>Дания</b>	Білім берудің міндетті емес баспалдағындағы ынтымақтастық өзін-өзі басқаратын ұйымдардан тұратын жергілікті немесе өңірлік деңгейде жұмыс істейтін және бірлескен ресурстарды оңтайландыруға бағытталған әкімшілік топтарды жасау арқылы дамиды.
<b>Англия (Біріккен Корольдігі)</b>	мемлекет ынтымақтастыққа әр түрлі бағыттардың дамуын ынталандырады – мектептер федерациялар, білім берудің ұлттық көшбасшылары, мектептерді жақсарту бойынша серіктестер және т.б.
<b>Финляндия</b>	2003 жылдың заңнамалық реформасы оқушылардың оқу жолдарының тұтастығын қамтамасыз ету мақсатында мектептер арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған болатын.
<b>Франция</b>	Мектептер оқушыларды бағыттау мәселелерімен, мектептердің әр түрлі түрлері арасындағы білім беруін орынбасу мәселелерімен бірлесіп жұмыс істеу, материалдық және адами ресурстарды бірлесіп басқаруын жүзеге асыру үшін мектептер арасындағы серіктестікті қамтамасыз ету үшін «мектептер бассейндері» жасалған болатын.
<b>Венгрия</b>	2004 жылы экономикалық және кәсіптік бөлу негізінде микроөңірлік серіктестіктер құрылған болатын, олар Венгрияның барлық микроөңірлерінде мектептерді бірлесіп ұстаудың таралуына әкелген. ынтымақтастықтың бұл желілері кәсіптік және ұйымдастырушылық оқыту үшін алаңы болып табылады, ол білім беруді басқарудың



	жаңа нысаны және инновациялар үшін тиімді негіз болуы мүмкін.
<b>Корея</b>	Шағын мектептер мектептердің көлемімен байланысты, мұғалімдердің алмасуы, оқу бағдарламасын ұйымдастыру, бірлескен дамушы іс-шаралар және объектілердің бірыңғай пайдалану саласындағы проблемаларды еңсеру үшін өз араларында жұмыс жасайды.
<b>Нидерланды</b>	«Жоғарыдағы басшылар» бастауыш білімде бірнеше мектептер үшін міндет алады. Бастауыш мектептер кеңесінің 80-пайызында орталық басқару, стратегиялық ұжым және қосымша ұжым үшін жоғары басшылар бюросы бар.
<b>Жаңа Зеландия</b>	Географиялық негізде немесе мүдделердің ортақтастығы негізінде құрылатын мектептер кластерлері дамып жатыр.
<b>Солтүстік Ирландия (Біріккен Корольдігі)</b>	Орта мектептер басқа мектептермен және қосымша білім беру колледждерімен бірге оқытуды жүзеге асырады. Мектептердің ынтымақтастық бағдарламасы жергілікті деңгейде оқу бағдарламаларының қамтылуын ұлғайту үшін мектептер ынтымақтастығында шоғырланған. «Арнайы мектептер» үлгісі орта арнайы мектептердің бастауыш мектептермен, және ең болмаса, бір орта мектеппен серіктес құруды көздейді.
<b>Норвегия</b>	Мектеп директорымен басқарылатын әкімшілік бөлімшені құру үшін бірнеше мектептерді біріктіру тенденциясы. Мектеп директорларының муниципалитеттермен өзара әрекеттесу тәжірибесі кең таралған.
<b>Португалия</b>	Мектептерді басқарудың ортақ үлгісі басқарудың ұжымдық құрылымы шеңберінде мектептерді топтастыру болып табылады. Атқарушы, педагогикалық және әкімшілік кеңестер мектептер кластерінің арқасында мектеп топтары үшін өзінің бағыттары үшін жауапты.
<b>Шотландия (Құрама Корольдігі)</b>	Ынтымақтастықты ынталандыру бойынша саясаттың маңызды шаралары. «Heads Together» - басшылықтың тәжірибемен алмасу үшін ұлттық көлемдегі онлайн-қауымдастық.
<b>Швеция</b>	Білім беру бойынша муниципалдық директорлар мектеп директорларын басқарады. Олардың көбісі білім бойынша директорлардың жетекші топтарының мүшелері болып табылады, олардың шеңберінде стратегиялар, даму мәселелері және нәтижелер талқыланады.

Дереккөз: ЭЫДҰ (2008), Мектептердің басқаруын жетілдіру, 1-том: саясат және тәжірибе, ЭЫДҰ Publishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264044715-en>.

## Оқытуға жәрдемдесу үшін бағалауды пайдалану

### Мұғалімдерді бағалауда даму қызметтерінің күшеюі

Мұғалімдердің бағалауды пайдалануын олардың даму мақсатында көбірек көңіл бөлу керек. Себебі даму қызметі аттестаттау үрдісінің мұғалімдер үшін үлкен салдарларға ие екендігінен көп зардап шегу қаупі бар, толықтай мектеп ішінде жүзеге асырылатын даму қызметтеріне арналған үстірт тетікті жасауға ұсынылады. Дамуға бағытталған мұндай бағалаудың басты мақсаты мектептің педагогикалық тәжірибесін үздіксіз жақсарту болар еді. Бұл тікелей басшылармен, аға әріптестермен және мектеп басшылығымен жүзеге асырылатын ішкі үрдіс болар еді. Анықтамалық стандарттар ретінде оқытудың стандарттарын пайдалануға ұсынылады, алайда мектеп үшін арналған индикаторлар мен өлшемдерді қосумен бірге. Мұндай бағалау сонымен бірге мектептің мақсаттары мен контекстін ескеруге тиісті. Оқытудың тиімділігі туралы пікір басты нәтиже болады, оның негізінде мектептің әрбір мұғалімі үшін кәсіптік дамудың жеке жоспары құрылатын болады. Ол қарапайым және аз шығынды болуы мүмкін және өзін-өзі бағалау, әріптестердің бағалауын, сабақтарды бақылау, құрылымдық сұхбаттар және мектеп басшыларының және тәжірибелі әріптестерінің ұдайы пікірлері қосылуы мүмкін. Ол әрбір мұғалім үшін жылына бір рет немесе мұғалімді келесі бағалауға қарай сирек жүргізілетін болады. Бағалау қорытындылары бойынша кәсіптік даму туралы ұсыныстары бар ерекше есеп құрылғаны маңызды. Әрине, ол мұғалімдерді бағалаудың ішкі үрдісі саласындағы Қазақстандағы көптеген мектептерде бар тәжірибеге негізделуі мүмкін. Алайда, бағалау үрдісі әр түрлі мектептерде жүйелі және келісілген болуы қажет. Бұл үшін басты анықтамалық құжат ретінде пайдаланылатын оқытудың қажетті стандарты керек (3-бөлімді қараңыз) және ұлттық немесе өңірлік деңгейде әзірленген нұсқаулықтар мен құралдар керек.

Барлық қазақстандық мектептерде мұғалімдерді дамушы бағалауды жүйелі және келісімді қолдануына кепілдік беру үшін мектептердің тиісті үрдістерінің сыртқы тексерісін жүргізу керек

болады. Нұсқалардың бірі ретінде, аттестаттау үрдісі мұғалімдердің дамушы бағалауды ұйымдастырудың қазіргі процестерінің аудитін қосуы мүмкін және егер қажет болса, мектеп директорының есеп беруін қамтамасыз ету керек. Жергілікті білім органдары тарапынан қолдау құрылымдары мектеп қызметтері туралы есептерінде тиісті көрініс тапқан бағалаудың жоғары процестерін әзірлеуін қамтамасыз ете отырып маңызды рөл атқаруы мүмкін.

Мұғалімдерді аттестаттау процесінде есеп беру мәселелеріне арналған мұғалімдерді бағалау компонентін қалдыру керек болады. Аттестаттаудың басты мақсаттарының бірі ретінде мұғалімдердің олардың тәжірибесі үшін есеп беруін қамтамасыз етуін сақтау керек және қызметі бойынша алға жылжуын анықтау керек, және оның нәтижелері мұғалімнің кәсібилік даму жоспарында ескерілуі тиіс. Мұндай бағыт тиімділіктің жоғары стандартына қол жеткізу қызмет бабы бойынша алға жылжуға басты жолы болып табылатындығы туралы белгілейді. Мұғалімдерді аттестаттау процесіндегі жасауға тиісті жақсарту – бұл бағалау өлшемі ретінде оқушылардың нәтижелерін пайдалану. Жоғары баяндалғандай, ҰБТ бойынша нәтижелер мен олимпиадалардағы алған жүлделі орындар мұғалімнің жұмысы деп қарау міндетті емес. Алайда, «объективтік» көрсеткіштердің (ашықтығы мақсатында) пайдалануын талап ететін Қазақстанның ерекшелігіне, сондай-ақ оқушылардың нәтижелерінің маңыздылығы туралы мықты сілтеменің қажеттілігіне байланысты одан ары бағалауды жүргізген кезде оқушылардың нәтижелеріне назар аудару керек. Дегенмен, ҰБТ нәтижелерін портфолионы, өзін-өзі бағалауды және мұғалімдермен сұхбаттасуды талдау кезіндегідей сапалы нысанда ескеруге болады.

#### *Мектептердің басқарушы кадрларының бағалауын енгізу*

Мектептің барлық басқарушы кадрлары нысаналы бағалау үрдісінен өтуге тиісті. Бұл нақты өлшемдер, нұсқаулықтар және бағалау жүйесінің салдарларын әзірлеуді талап етеді. Бағалау жақсартуларға қолғабыс ету үшін басшыларға пікірлер ұсынуды, олардың жетістіктерін мойындауды және қолдауға зәру адамдарды анықтауды көздейді. Бағалау тиімдірек болу үшін, ол мектеп тиімділігінің көрсеткіштер жинағын пайдалануды ғана емес, ол жан-жақты болуға тиісті. Сондай-ақ, кәсіптік даму мүмкіндіктерін анықтаудың және тиімді жұмысты мойындаудың тиімді үрдістері қажет.

#### *Мектептерді тұрақты жетілдірудің құралы ретінде мектепті бағалауды пайдалану*

Мектепті бағалау үрдістері мектептерді жақсартуға деген өзінің бағытын күшейтуге және «сақтауға» бағытталған үлгісінен шығуға тиісті. Бұл үшін мектептерді аттестаттауды екі үрдіске бөлуді қажет етеді: (i) мектепте оқыту және білім беру үрдістерінде шоғырланған сыртқы бағалау; (ii) мектептің мектептің нормативтік құжаттарға, соның ішінде, қаржылық талаптарға сәйкестігін бағалауға бағытталған аудит үрдісі. Бұл дегеніміз Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті осы екі түрлі қызметтер бойынша екі жеке үрдістерді жүзеге асыратын болады дегенді білдіреді.

Білім беру және оқыту үрдістеріне бағытталған сыртқы бағалау барлық бағаланатын мектептер үшін жақсарту бойынша кеңес беруді қосатын болады. Бұл ұлттық деңгейде мектеп сапасының келісілген өлшемдерді әзірлеуді талап етеді, олар бағалауды жүргізу кезінде пайдаланылатын болады. Бағалау қорытындысының негізінде жатқан өлшемдер мен мәселелер және пайдаланылатын әдістер білім беру және оқыту сапасында және оның оқушылардың оқудағы жетістіктерімен байланысында тікелей шоғырлануға тиісті (ЭБДҰ, 2013b). Содан соң мектеп сапасы индикаторларының келісілген құрылымын жасау және бағалау процесінің ашықтығын қамтамасыз ете отырып, мектептер және қоғам арасында оны тарату керек. Келесі іс-әрекеттер тек «нашар» мектептерде ғана емес, барлық мектептерде, мектепті бағалау нәтижелеріне қарамастан мектептердің жақсарту жоспарын әзірлеу туралы талаптар шеңберінде жүзеге асырылуы тиіс. Бастапқы есепке сәйкес тиісті түрде сараланған келесі қатысу бағдарламасы қосымша үлес қосады және бағалаудың барлық үрдісінің сенімділігін арттырады.

Сыртқы бағалау немесе оның бөлігін бағалау есептерін мектеп қауымдастығын және кең қоғамды ақпараттандыру үшін жариялау керек болады. Есептер пайдалану үшін қолайлы болуы және мысалы, бағалаудың негізгі қорытындылармен және жақсарту үшін басым бағыттармен бірге

қысқаша мазмұнның жазылғаны керек. Сонымен бірге, егер бағалау бойынша комиссияның өлшемін қысқартып, бағалау туралы есептің мазмұнын және құрылымын жеңілдетіп, құжат айналымды қысқартып және өзін-өзі жетілдіру процесінде мектепті өзін-өзі бағалау туралы есептің пайдалануын қамтамасыз ете отырып, Қазақстанның ағымдағы тәжірибесімен салыстыру бойынша сыртқы бағалауды ұйымдастыру үрдісінің тиімділігін арттыруға болады.

Мектептерге кеңес берудің маңызды аспектісі мектепте білім беру жүйесіндегі озық тәжірибені айқындау болып табылады. Негізгі сипаттамалардың жүйелі талдау және жақсы тәжірибенің мысалдарын ұсыну мектептерге, әсіресе, бағалау нәтижелері бойынша тиімділігі аз болған мектептерге көмектесер еді. Жалпы, озық тәжірибені анықтау және алмасу Қазақстанда әлі кеңінен таралмаған секілді, және Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті осы қызметте өзінің рөлін арттыру керек. Сапалы мектептерді және белгілі салаларда тиісті тәжірибенің мысалдарын анықтау және олардың басқа мектептер үшін үлгі ретінде көрсету үшін арналған, негізгі идеясы осы.

Мектептерді өзін-өзі бағалау үрдісі мектептерді жақсарту және сапасын қамтамасыз ету үшін үлкен маңызы бар және оны қазақстандық мектептерде күшейту керек. Өзін-өзі бағалау үрдісін күшейтудің нұсқаларының бірі стратегиялық жоспарлауды жүзеге асыру туралы мектептерге қойылатын талаптарды орнату болып табылады, мысалы, төрт немесе бес жылдық стратегиялық жоспарды құру және жоспарды жүзеге асыру барысы туралы мектептің ұдайы есептері немесе жақсарту үшін жетістіктері, мәселелері және стратегиялары туралы жылдық мектептік есепті әзірлеу болып табылады. Стратегиялық жоспарлау бойынша нақты талаптарды орындау үрдісі, олар өзін-өзі бағалау тәжірибесін жетілдіру және мектептерді жақсарту үшін жақсы құралы болуы үшін көптеген мектептер үшін ынталандырушы болар еді. Мектептерді өзін-өзі бағалау үрдісі мектептің қауымдастығын тарту мүмкіндігін береді. Мектептерді өзін-өзі бағалау процесін дамудың негізгі элементі ұлттық немесе өңірлік деңгейде әзірленген өзін-өзі бағалаудың құралдарымен, сондай-ақ осы үрдісті орындауға көмектесетін нұсқаулықтарымен мектептерді қамтамасыз ету болып табылады.

*Оқушылардың нәтижелерімен бірге жариялау үшін мектептер туралы ақпаратты қалыптастыру*

Көптеген елдерде жүргізілген тиімділік зерттеулерімен расталатын мектеп деңгейінде оқушылардың үлгерімі мен оқушылардың көлемі арасындағы үлкен байланыстың арқасында айырмашылықты көрсету үшін мектептер деңгейінде ҰБТ нәтижелері бойынша барлық жарияланымдарды көрсетуге ұсынылады, мысалы, оқушылардың әлеуметтік-экономикалық жағдайында. Кейбір елдерде оқушылардың жетістіктері туралы деректер мектептің ұқсас топтарының түрінде ұсынылады («ұқсас контингенті бар отбасылар мектебі») немесе қосылған құндылықтардың бейімделген көрсеткіштері көрсетіледі (мысалы, Англияда). Оның үстіне, ҰБТ жоғары оқу орындарына түсу үшін емтиханы бола тұрып, жеке мектептерді бағалау үшін келмейтінін мойындау керек, себебі оны жоғары білім алғысы келетін оқушылар ерікті негізде тапсырады. Осыған байланысты, мұндай тестілер мектептердің өздерінің оқушыларын оқыту кезінде жасайтын қосылған құндылықты шынымен көрсететіні анық емес. Бұл мектептер деңгейінде олардың жариялауға қызығушылыққа қатысты сұрақтарды туғызады.

Оның үстіне, әрбір мектептің нәтижелерін түсіндіретін ақпаратты мектеп деңгейінде оқушылардың оқудағы жетістіктері туралы мәліметтермен бірге мектепті аттестаттау туралы есептерді жариялау шеңберінде ұсынуға болады. Мектептердің аттестаттау туралы есептері ата-аналар және кең қоғам үшін мектептің тиімділігіне жалпы көзқарас беруі мүмкін. Алайда, олар барлық мүдделі тараптар үшін маңызды болуы үшін мектепті аттестаттау туралы есептегі мазмұндау бөлігі анық және қарапайым тұжырымдамаларды қамтуы тиіс және статистиканы немесе білім жүйесін тереңінен түсінуді талап етпеуі тиіс.



#### 4.А1 ҚОСЫМШАСЫ. МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҮЛГІЛІК ШТАТТАРЫ

**4.А1.1-кесте Мұғалімдерден басқа мектептің үлгілік штаты**


Лауазымдар	Жүктемесі (аралас сыныптар санының негізінде)						
	6 дейін	6-10	11-13	14-16	17-20	21-29	30 және астам
Директор	1	1	1	1	1	1	1
Оқу жөніндегі директор орынбасары	-	0,5	1	1	1	1,5	2
Тәрбие жөніндегі директор орынбасары	-	0,5	1	1	1	1,5	2
Шаруашылық жұмысы бойынша директор орынбасары	-	-	-	-	1	1	1
Шаруашылық меңгерушісі	1	1	1	1	-	-	1
Бас бухгалтер	-	-	-	1	1	1	1
Бухгалтер	1	1	1	1	1	1	2
Педагог-психолог	0,5	1	1	1	1	1,5	2
Тәрбиеші	0,5	0,5	0,5	1	1	1	1
Медбике	0,5	0,5	0,5	1	1	1,5	1,5
Кіші медициналық ұжым	-	-	-	0,5	0,5	0,5	0,5
Кітапхана меңгерушісі	-	-	-	1	1	1	1
Кітапханашы	-	0,5	0,5	-	-	-	1
Іс қағаздарын жүргізуші	0,5	0,5	0,5	1	1	1	1
Хатшы	-	-	-	1	1	1	1
Тұрғын жайларды техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша жұмысшы	1	1	1	1	1,5	2	2
Күзетші	3	3	3	3	3	3	3
Әрбір тұрғын жай бойынша вахтер	1	1	2	2	2	2	2

*Ескерту: кесте мемлекеттік мектептердің басшылық және қосымша ұжым мұқтаждықтарын анықтайды. Бір оқу жүктемесі (кестедегі 1 сияқты белгіленеді) аптасына 40 сағатқа тең. Бір адам бір мөлшерлемеден астам ала алатынын, педагогикалық қызметті немесе басқа міндеттерді жүзеге асыра алатынын белгілеу маңызды. Бастауыш мектептерде директор мөлшерлеме мөлшерлемесі 8 немесе одан да көп сынып болған және 240 оқушыдан кем емес болған жағдайда белгіленеді. Кадрлық мұқтаждықтар арнайы мектептер үшін әртүрлі (мысалы, гимназиялар, лицейлер).*

*Дереккөз: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысы*

## 4.A2 ҚОСЫМША. ҮШ ТІЛДІК МЕКТЕПТЕ, ПӘНДЕР БОЙЫНША САБАҚТАРДЫ БӨЛУ МЫСАЛЫ

4.A2.1-сурет Мектепте пәндер бойынша сабақтарды бөлу мысалы



Дереккөз: АТО (2014), ЭЫДҰ «Мектептерде ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру саясаты: Қазақстан бойынша елдің негізгі баяндамасы» шолуы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ақпараттық-талдау орталығы, Астана.

## 4.А3 ҚОСЫМШАСЫ. МҰҒАЛІМДЕР ТУРАЛЫ ҚОСЫМША АҚПАРАТ

### 4.А3.1 кесте «Жоғары деңгейдің» оқыту бағдарламаларына қатысу үшін талаптар, бағдарламаның деңгейлері бойынша

<b>Негізгі деңгей</b>
Оқытудың 3 жыл тәжірибесі (жоғары білімі болған жағдайда) Оқытудың 5 жыл тәжірибесі (орташа немесе орта білімнен кейінгі білім деңгейінде техникалық және кәсіптік білімі болған жағдайда)
Мектеп, аудан (қала) деңгейінде кәсіптік конкурстарға қатысу нәтижелері мектеп, аудан (қала) деңгейінде пәндік олимпиадалар, шығармашылық конкурстар, ғылыми және спорт жарыстары бойынша нәтижелер және жүлделі орындар
Білім беру процесінде инновациялық тәсілдерді білу және қолдану Аудандық (қалалық) конференцияларды, семинарларды және форумдарды дайындау және жүргізу шеңберінде тәжірибені (мысалы, жарияланымдар) тарату
Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың негізгі білімі
<b>Негізгі деңгей</b>
Оқытудың 5 жыл тәжірибесі (жоғары білімі болған жағдайда) Оқытудың 7 жыл тәжірибесі (орташа немесе орта білімнен кейінгі білім деңгейінде техникалық және кәсіптік білімі болған жағдайда)
Мектеп, аудан (қала) деңгейінде кәсіптік конкурстарға қатысу нәтижелері мектеп, аудан (қала) деңгейінде пәндік олимпиадалар, шығармашылық конкурстар, ғылыми және спорт жарыстары бойынша нәтижелер және жүлделі орындар
Білім беру процесінде инновациялық тәсілдерді білу және қолдану Оқу-әдістемелік құралдарды және оқу бағдарламаларын әзірлеу немесе әзірлеуге қатысу
Облыстық (республикалық) конференцияларды, семинарларды және форумдарды дайындау және жүргізу шеңберінде тәжірибені (мысалы, жарияланымдар) тарату
Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың негізгі білімі
<b>Жоғары деңгей</b>
Оқытудың 7 жыл тәжірибесі (жоғары білімі болған жағдайда) Оқытудың 9 жыл тәжірибесі (орташа немесе орта білімнен кейінгі білім деңгейінде техникалық және кәсіптік білімі болған жағдайда)
Мектеп, аудан (қала) деңгейінде, республикалық (халықаралық) деңгейде кәсіптік конкурстарға қатысу нәтижелері Аудан (қала), облыс, республикалық (халықаралық) деңгейде пәндік олимпиадалар, шығармашылық конкурстардың, ғылыми және спорттық жарыстар жеңімпаздарының мұғалімдері
Білім беру процесінде инновациялық тәсілдер мен оқыту технологияларын пайдалану Оқу-әдістемелік құралдар мен оқыту бағдарламаларын әзірлеу немесе әзірлеуге қатысу
Педагогикалық журналдар мен мерзімдік басылымдардағы жарияланымдар Республикалық (халықаралық) конференцияларды, семинарларды және форумдарды дайындау және жүргізу шеңберінде тәжірибені (мысалы, жарияланымдар) тарату
Аудан (қала), облыс, халықаралық деңгейде оқыту семинарларын және бағдарламаларын жүргізу, бастаушы мұғалімдерге тәлімгер болу
Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың тәжірибелі пайдаланушысы

Дереккөз: АТО (2014), ЭЫДҰ «Мектептерде ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру саясаты: Қазақстан бойынша елдің негізгі баяндамасы» шолуы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ақпараттық-талдау орталығы, Астана.

4.А3.2-кесте Мұғалімдерді аттестаттау бойынша біліктілік талаптары, санаттары бойынша

Мұғалімнің санаты	Білім деңгейі және жұмыс өтілі	Мұғалім білуге тиісті	
Орта немесе орта білімнен кейінгі білім деңгейінде техникалық және кәсіптік білімі бар мектептердің мұғалімдері	Санаты жоқ	Техникалық және кәсіптік педагогикалық білім (орташа арнайы, орташа кәсіптік)	Құжатта белгіленбейді
	2-ші санат	Техникалық және кәсіптік педагогикалық білім (орташа арнайы, орташа кәсіптік) – мұғалім ретінде кемінде 3 жыл жұмыс өтілі	Белсенді оқыту нысандарын және тәсілдерін пайдалануға; оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау әдістерін әзірлеуге; оқу-тәрбиелік үрдісте тұрақты оңды нәтижелерді қамтамасыз етуге; шығармашылық топтардың, әдістемелік бірлестіктердің, озық тәжірибелі мектептердің жұмысында білім мекемесі аясында белсенді қатысуға тиісті.
	1-ші санат	Техникалық және кәсіптік педагогикалық білім (орташа арнайы, орташа кәсіптік) – мұғалім ретінде кемінде 4 жыл жұмыс өтілі	Екінші санаттағы мұғалімдерге қойылатын барлық талаптарға жауап беруге тиісті. Оның үстіне, пәнді оқытудың жеке тәсілдерін әзірлеуге тиісті; оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүргізу керек; шығармашылық топтардың, әдістемелік бірлестіктердің, озық тәжірибелі мектептердің жұмысын басқаруға тиісті; білім беру мәселелері бойынша педагогикалық басылымдарда жарияланымдары болуы керек.
	Жоғары санат	Техникалық және кәсіптік педагогикалық білім (орташа арнайы, орташа кәсіптік) – мұғалім ретінде кемінде 5 жыл жұмыс өтілі	Бірінші санаттағы мұғалімдерге қойылатын барлық талаптарға жауап беруге тиісті. Одан басқа, пәнді оқытудың авторлық бағдарламаларын, жаңа оқыту бағдарламаларын және білім беру технологияларын, сондай-ақ оларды бағалаудың әдістерін әзірлеуге тиісті; өзінің пәні бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізуге тиісті; білім беру саласындағы өзекті мәселелерді әзірлеу бойынша шығармашылық топтарды басқаруға тиісті.
Жоғары білімі бар мектеп мұғалімдері	Санаты жоқ	Жоғары педагогикалық білім	Құжатта белгіленбейді
	2-ші санат	Жоғары педагогикалық білім + мұғалім ретінде кемінде 3 жыл жұмыс өтілі	Пәнді оқытудың жеке әдістемесін әзірлеуге тиісті; белсенді оқыту нысандарын және тәсілдерін пайдалануға; оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау әдістерін әзірлеуге; оқу-тәрбиелік үрдісте тұрақты оңды нәтижелерді қамтамасыз етуге; шығармашылық топтардың, әдістемелік бірлестіктердің, озық тәжірибелі мектептердің жұмысында білім мекемесі аясында белсенді қатысуға тиісті.
	1-ші санат	Жоғары педагогикалық білім + мұғалім ретінде кемінде 4 жыл жұмыс өтілі; немесе ғылымдар кандидатының ғылыми дәрежесі + кемінде 2 жыл мұғалім ретінде жұмыс өтілі болуы керек немесе ғылымдар докторының ғылыми дәрежесі + мұғалім ретінде кемінде 1 жыл жұмыс өтілі.	Екінші санаттағы мұғалімдерге қойылатын барлық талаптарға жауап беруге тиісті. Оның үстіне, пән бойынша оқу-әдістемелік жұмысты талдаудың жеке әдістемелерін әзірлеуге; жеке оқыту бағдарламаларын құрастыруға және жүзеге асыруға тиісті; шығармашылық семинарларды, шығармашылық топтардың жұмысын басқаруға, өзінің жұмысында озық педагогикалық тәжірибені пайдалануға тиісті.
	Жоғары санат	Жоғары педагогикалық білім + мұғалім ретінде кемінде 5 жыл жұмыс өтілі; немесе ғылымдар кандидатының ғылыми дәрежесі + кемінде 3 жыл мұғалім ретінде жұмыс өтілі болуы керек немесе	Бірінші санаттағы мұғалімдерге қойылатын барлық талаптарға жауап беруге тиісті; одан басқа, жаңа оқыту бағдарламаларын, білім беру технологияларын әзірлеуге; даярлау бағдарламаларын әзірлеуге және оларды бағалауға тиісті; өзінің пәні бойынша зерттеу жүргізуге тиісті; білім беру саласындағы өзекті мәселелерді әзірлеу бойынша шығармашылық

ғылымдар докторының топтарды басқаруға тиісті.  
ғылыми дәрежесі +  
мұғалім ретінде кемінде 2  
жыл жұмыс өтілі.

*Дереккөз:*ЭЫДҰ (2014 с), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 қаулысының негізінде.

## Әдебиет тізімі

- Андерсон С. (1982), [Мектеп атмосферасын іздеу: зерттеуді шолу], *Review of Educational Research*, 52-том, № 3, 368-420 б.б..
- Барбер М. и Муршед М. (2007), *Әлемдегі ең тиімді мектептің білім беру жүйелері қалай көшбасшы болды*, McKinsey&Company, [http://mckinseyonsociety.com/downloads/reports/Education/Worlds\\_School\\_Systems\\_Final.pdf](http://mckinseyonsociety.com/downloads/reports/Education/Worlds_School_Systems_Final.pdf).
- Баргер Т. (2013), Негізгі мектепте оқу жетістіктерінің стандартталған тест нәтижелеріне "циклды жүргізудің" ықпалы. Жарияланбаған докторлық диссертация, Либерти Университеті, Линчберг, Вирджиния.
- Коен Дж., Э. Макгейб, Н. Мичелли және Т. Пикерал (2009), [Мектеп атмосферасы: зерттеулер, саясат, тәжірибе, мұғалімдер бағасы], *TeachersCollegeRecord*, Том 111, № 1, 180-213 б.б.
- Коллинс және Холтон (2004), [Басқарушы кадрларды даярлау бағдарламаның тиімділігі: 1982 жылдан бастап 2001 жылға дейін зерттеулердің мета-талдауы], *HumanResourceDevelopmentQuarterly*, Том 15, № 2, 217–248 б.б., <http://onlinelibrary.wiley.com/doi/10.1002/hrdq.1099/abstract>.
- Дэниелсон С. (2001), [Мұғалімдерді талдаудың жаңа тенденциялары], *EducationalLeadership*, Том 58, № 5, 12-15 б.б.
- Дарлинг-Хэммонд Л. Және т.б. (2007), Мектеп басшыларын өзгермелі әлемге даярлау: басқарушы кадрларды даярлаудың үлгілік бағдарламалардың сабақтары, Стэнфорд университеті.
- Дэвис С., Л. Дарлинг-Хэммонд, М. Лапонт, Д. Мейерсон (2005), зерттеуді шолу, мектептердің басқарушы кадрларын зерттеу: табысты директорлардың дамуы, Білім көшбасшыларының Стэнфорд институты және Уоллес Қоры.
- Дей С., П. Саммонс, Д. Хопкинс, А. Харрис, К. Литвуд, К. Гал, Э. Браун, Э. Атарида, А. Кингтон (2009), Мектеп басшылығының оқушылардың нәтижелеріне ықпалы, № DCSF-RR108 зерттеу туралы есебі, Ноттингем университеті.
- Динамжәне басқалар. (2011), [Австралиядағы жетекші кадрларды дайындау бағдарламасындағы олқылықтар ], *School LeadershipandManagement*, Том 31, no.2,.139-154 т.т..
- Фрайер, Р. (2014) [Мемлекеттік мектептерде басымдық мектептерінің ең үздік тәжірибелерін енгізу: Сынақтардың дәлелдері], Гарвард Университеті , Экономика Департаменті
- Гаморан А. (2010), [Оқушылардың бағдарламаларға және теңсіздікке бөлінуі: зерттеулердегі және тәжірибедегі жаңа бағыттар], *The Routledge international handbook of the sociology of education*, 213-228 б.б, Routledge Publishing, Оксфорд.
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысы.
- Громада және Шубридж (2015), [Оқушылардың оқу уақыты: әдебиетті шолу], *Білім беру бойынша ЭЫДҰ жұмыс құжаттар*, ЭЫДҰ Publishing, Париж.
- Ханушек Э. А. және Л. Вуссманн (2005), [Оқушыларды бөлу үлгерім мен теңсіздікке әсер ете ме? Түрлі елдердегі айырмашылық туралы деректер ], *NBER жұмыс құжаты*, № W11124, EconomicJournal, Корольді экономикалық қоғам, Сент-Андрус.

- Харгривс А. және М. Фуллан, (2012), *Кәсіптік капитал: әрбір мектепте оқытуды қайта ұйымдастыру*, Teachers College Press and Ontario Principals' Council, Нью-Йорк және Торонто.
- Харрис А. (2012), [Басшылық ету функцияларын бөлу: директор рөлі үшін салдары ], *Journal of Management Development*, Том 31, № 1, 7-17 б.б., Emerald Group Publishing Limited, Бингли, Великобритания.
- Венштейн Дж. және М. Эрнандес (жариялануға дайындалуда), [Мектеп директорларының желілері мен тәлімгерлік: тәжірибе алмасуды нығайту үшін саясаттың бағыттары мен фактілер ], *Білім беру бойынша ЭЫДҰ жұмыс құжаттары*, ЭЫДҰ Publishing, Париж.
- Хорган Г. (2009), [Бұл бала ақылдырақ, себебі ол бай: мектептегі кіші жастағы балалардың тәжірибесіне кедейліктің ықпалы е], *International Journal of Inclusive Education*, Том 13, № 4.
- Ақпараттық-талдау орталығы (АТО) (2014), ЭЫДҰ шолуы «Мектептерде ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру саясаты: Қазақстан бойынша елдік негізгі баяндама», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ақпараттық-талдау орталығы, Астана
- Ли В. Э., Д. Буркам, Д. Реди, Дж. Хонигман және С. Мизлс (2005), Бала бақшалар толық күнге немесе жарты күнше: балалар білімнің басым бөлігін қайдан алады ?, Американдық әлеуметтік қауымдастықтың жылдық жиналысында ұсынылған баяндама, Анахайм, Калифорния, 2002 жылдың тамыз айы, 2005 жылы қайта қаралған.
- Луфкин М және т.б.. (2007), [Техникалық білім мен жұмыстағы гендерлік теңсіздік], *Білім арқылы гендерлік теңдікті арттыру бойынша құрал (2-ші редакция)*, S. Klein, Editor, Lawrence Erlbaum Associates, Лондон.
- Макбит Дж. Және т.б.. (2005), *Күрделі жағдайларға әрекет ету: ерекше күрделі жағдайларда жұмыс істейтін мектептерді бағалау* , Білім факультеті, Кембридж университеті.
- Махони Дж., Х. Лорд және Э. Каррил (2005), [ Сыныптан тыс бағдарламаларда қатысудың экологиялық сараптамасы мен сәтті емес балалардың мотивациялық ерекшеліктері және оқу жетістіктерін дамыту ], *Child Development*, Том 76, № 4, 811 – 825 б.б..
- Марго Дж., М. Бентон, К. Уизерс және С. Сода (2008), *Қолдарынан келетіндер ?*, Institute for Public Policy Research (IPPR) Publications.
- Мартин, М. И. Муллис, И., П. Фой, және Дж. Станко (2012), TIMSS 2011 Айналаны тану бойынша халықаралық нәтижелер. Халықаралық Білім Қауымдастығының TIMSS және PIRLS Халықаралық зерттеу орталығы, Линч Білім мектебі, Бостон колледжі, Бостон.
- McKinsey and Company (2010), *Дүниежүзіндегі ең үздік жетістіктерге қол жеткізген білім жүйелері қалай жақсара береді* , [www.mckinsey.com/client\\_service/social\\_sector/latest\\_thinking/worlds\\_most\\_improved\\_schools](http://www.mckinsey.com/client_service/social_sector/latest_thinking/worlds_most_improved_schools).
- Милановски А. және С. Кимбал (2003), [Цинциннаты мұғалімдерінің тиімділігін бағалаудың шеңберлі жүйелері n Уошо], *CPRE жұмыс құжаттарының сериясы*, TC 03-07.
- Морган Г. және Р. Хокинс (2004), [Директорлар арасындағы ұрпақты ауыстыру ], Leadership Fellowship – Frank Farrell Award, NSW Department of Education and Training.
- Моррис А. (2011), [Стандартталған оқушылар тестілеуі: ЭЫДҰ елдеріндегі ағымдағы тәжірибе мен әдебиетке шолу ], *Білім беру бойынша ЭЫДҰ жұмыс құжаттары*, № 65, ЭЫДҰ Publishing, [www.eydu.org/edu/workingpapers](http://www.eydu.org/edu/workingpapers).



- Мухтарова және Медени (2013), *Қазақстандағы мектептерге басшылық және мектептегі оқыту: инновациялық тәжірибе бойынша ұсыныстар*, International Journal of Business and Government Studies, Том 5, № 1, [www.sosbilko.net/journal\\_IJEBEG/archives/2013\\_1/Anar\\_Mukhtarova.pdf](http://www.sosbilko.net/journal_IJEBEG/archives/2013_1/Anar_Mukhtarova.pdf).
- Муллис И., М. Мартин, П. Фой және А. Арора (2012), *TIMSS-2011 Математика бойынша халықаралық нәтижелер*. IEA TIMSS & PIRLS Халықаралық зерттеулер орталығы, Линч Білім мектебі, Бостон колледжі, Бостон.
- Білім статистикасы және бағалау ұлттық орталығы (2013a), *Ұлттық Бірыңғай тестілеу нәтижелерін талдау (ҰБТ – 2013)*, Білім статистикасы және бағалау ұлттық орталығы, Астана.
- Білім статистикасы және бағалау ұлттық орталығы (2013b), *Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің жай-күйі және дамуы туралы ұлттық баяндама (қысқартылған нұсқасы)*, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Білім статистикасы және бағалау ұлттық орталығы, Астана.
- Білім статистикасы және бағалау ұлттық орталығы (2012), *9-сынып оқушыларының білім сапасына әсер ететін факторлар*, Астана, Білім статистикасы және бағалау ұлттық орталығының Редакциялық-полиграфиялық қызметі, Астана.
- Білім статистикасы және бағалау ұлттық орталығы (2014), *Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің статистикалық көрсеткіштері: ұлттық жинақ*, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім статистикасы және бағалау ұлттық орталығы дайындаған, Астана.
- НЗМ (2013), *«Назарбаев зияткерлік мектебі» ААҰ жылдық есебі, 2013*, <http://nis.edu.kz/en/about/reports/?id=2817>.
- ЭЫДҰ (2014a), *Білімге көзқарас 2014*, ЭЫДҰ Publishing, Париж.
- ЭЫДҰ (2014a), *Білім беру саласындағы ұлттық саясатты шолу: Қазақстандағы орта білім*, ЭЫДҰ Publishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264205208-en>.
- ЭЫДҰ (2014c), *PISA 2012 нәтижелері: Оқушылар нені біледі және нені жасай алады (Том I, түзетілген шығарылым, ақпан 2014); оқушылардың математика, оқу және айналаны тану бойынша нәтижелері*, PISA, ЭЫДҰ Publishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264208780-en>.
- ЭЫДҰ (2013a), *PISA 2012 нәтижелері: Мектептерді не табысты етеді (Том IV): ресурстар, саясат және тәжірибе*, PISA, ЭЫДҰ Publishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264201156-en>.
- ЭЫДҰ (2013c), *Оқыту нәтижелерін жақсарту синегриясы: бағалау мен талдау процесіне халықаралық көзқарас*, Білім беруде талдау және бағалау бойынша ЭЫДҰ шолу, ЭЫДҰ Publishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264190658-en>.
- ЭЫДҰ (2012), *Білім берудегі сапа мен әділдік: қолайсыз мектептер мен сәтсіз балаларды қолдау*, ЭЫДҰ Publishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264130852-en>.
- ЭЫДҰ (2012b), *Жапониядағы PISA сабақтары*, Мықты мектептер және білім берудің табысты реформалары, ЭЫДҰ Publishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264118539-en>.
- ЭЫДҰ (2011c), *АҚШ-тағы PISA сабақтары*, Мықты мектептер және білім берудің табысты реформалары, ЭЫДҰ Publishing, Париж.



- ЭЫДҰ (2008), Мектептердің басқарушы кадрларын жақсарту, 1-том: саясат және тәжірибе, ЭЫДҰ, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264044715-en>.
- ЭЫДҰ (2004), *Кәсіби бағдар мен мемлекеттік саясат: саясатты толтыру политики*, ЭЫДҰ Publishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264105669-en>.
- Робинсон В. М. Дж., С. Ллойд және К. Дж. Роу (2008), [Оқушылардың оқу жетістіктеріне басшылықтың ықпалы: басшылық етудің түрлі стильдеріне талдау ], *EducationAdministrationQuarterly*, Том 44(5), 635-674 б.б.
- Розенквист М. (2010), [Есептілік пен жақсаруды қамтамасыз ету үшін тестілеу нәтижелерін пайдалану; әдебиетке шолу ], *Білім беру бойынша ЭЫДҰ жұмыс құжаттары*, No. 54, ЭЫДҰ Publishing, [www.eydu.org/edu/workingpapers](http://www.eydu.org/edu/workingpapers).
- Шофилд Дж. (2010), [Орта мектепте оқу жетістіктеріндегі олқылықтар мен түрлі оқу бағдарламасымен қабілеттеріне қарай оқушыларды топтастыру туралы халықаралық мәліметтер ], *TheTeachersCollegeRecord*, Том 112, № 5, 1492-1528 б.б, Педагогикалық колледж, Колумбия университеті, Нью-Йорк.
- Славин Р. Э. (1990), [Орта мектептегі оқу жетістіктеріне қабілеттері бойынша оқушылардың топқа бөлінуінің ықпалы: ең үздік дәлелдер синтезі ], *ReviewofEducationalResearch*, Том 60, № 3, 471-499 б.б, SageJournals, АҚШ.
- Славин Р. Э. (1987), [Орта мектептегі оқу жетістіктеріне қабілеттері бойынша оқушылардың топқа бөлінуінің ықпалы: ең үздік дәлелдер синтезі ], *ReviewofEducationalResearch*, Том 57, № 3, 293-336 б.б, SageJournals, АҚШ.
- Славин Р. Э. және Н. Э. Мэдден (2010), [Барлығының жетістігі: мектеп реформасында ерте араласу және алдын алу] в Дж. Мис және Дж. Экклс (ред.), *Мектептер, мектептегі оқыту мен адами дамытуды зерттеу бойынша нұсқаулық*, Routledge, Нью-Йорк.
- Тайпейл А. (2012), *Білім беру жүйесінде басқару жөніндегі халықаралық зерттеу*, Фин ұлттық білім кеңесі, Хельсинки.
- ЮНЕСКО (2008), Барлығы үшін білім, Жаһандық мониторингтік есеп 2009: Теңсіздікті еңсеру: басшылық неге маңызды
- Ван де Верхорст және Дж. Мийс. (2010), [Оқу жетістіктеріндегі теңсіздіктер мен білім беру жүйелерінің институционалды жүйесі: салыстырмалы перспектива], *AnnualReviewofSociology*, Том 407-428 б.б., AnnualReviews, Пало-Альто.
- Волстон Дж., Дж. Вест и А. Ратбан (2005), *3 сыныпқа дейін мектепте оқу кезінде бала-бақшаға толық күн барумен анағұрлым жоғары оқу жетістіктері сақтала ма ?* Американдық білім зерттеулерінің қауымдастығының жылдық жиналысында ұсынылған баяндама, Монреаль, Канада.
- Вишневски Дж. (2007), [Польшадағы орта білім : 18 жыл өзгеріс ], ЕСА төртінші білім конференциясында ұсынылған баяндама, Тирана, 24-26 қазан 2007, [http://siteresources.worldbank.org/EXT/ECAREGT/PE/EDUCATION/Resources/444607-1192636551820/Secondary\\_education\\_in\\_Poland\\_jwi\\_4r.pdf](http://siteresources.worldbank.org/EXT/ECAREGT/PE/EDUCATION/Resources/444607-1192636551820/Secondary_education_in_Poland_jwi_4r.pdf) қараңыз
- Дүниежүзілік банк (2013а), [Қазақстан: автономия және мектептердің есеп беруі], *SABER есебі*, Бүкіл Дүниежүзілік банк, Вашингтон, Колумбия округі.

## 5-БӨЛІМ РЕСУРСТАР МЕНЕДЖМЕНТІ

Осы бөлімде ресурстар менеджменті, ресурстарды пайдалану мониторингі, айқындылық және есептілік, тиімді пайдалану үшін стимулдар саласындағы әлеуетті дамыту мәселелері қаралады. Мектеп басшылары ресурстарды басқаруға жеткіліксіз дайындалған болуы мүмкін, себебі мұндай қабілеттер мектеп басшыларын тағайындау кезінде ескерілмейді және кәсіби мүмкіндіктер бұл салада шектелуі мүмкін. Деректерді жасауға, жинауға және таратуға, оның ішінде ұлттық білім базасын дамытуға ерекше назар аударылған. Алайда, Қазақстандағы білім беру деректерімен байланысты ағымдағы мәселе олардың сапасы мен дұрыстығын қамтамасыз ету процестерінің болмауы болып табылады. Дұрыс деректердің тапшылығы білім беру саясатын әзірлеу мен бағалауға дәлелді әдіс-тәсілдерін қолдануға мүмкіндік бермейді. Одан басқа, егжей-тегжейлі нормативтік құжаттардың болуы ресурстарды басқару бойынша нақты болжалдарды әзірлеуге мүмкіндік береді және мониторингіті жеңілдетеді. Мониторинг сәйкестікті тексеру және ұлттық мақсаттарға қол жеткізу бойынша прогресті өзгерту үшін, көбінесе 2011-2020 жылдарға арналған БДМБ қолданылады. Дегенмен мониторинг әдісі заңнамалық талаптарды сақтау негізінде жүргізіледі және білім беру процесінің тиімділігін талдауды көздемейді. Осыған орай, ол қаражатты шығыстау тиімділігін, әділдігін және оңтайлылығын бағалауда шектелген. Одан басқа, жергілікті деңгейде төмен автономия және нормалардың жеткіліксіз икемділігі білім беру ұйымдарының басшыларына тиімділікті арттыруға әкеле алатын шешімдерді қабылдауға кедергі жасайды. Сондай-ақ мектеп бюджеті туралы ақпарат айқындылығын жақсарту үшін мүмкіндіктер бар. Білімге мектеп және жергілікті бюджеттерін сұрау бойынша ашық алуға болады, бірақ қолданылатын формат ата-аналар мен жұртшылықтың түсінуі үшін күрделі етеді, олар өз кезегінде мектепті жауапкершілікке тарта алмайды. Әлі дамып келе жатқанына қарамастан, мектептерде Қамқоршылық кеңестерінің болуы мектеп деңгейінде есептілік рәсімдерін және айқындылықты жақсарту үшін мүмкіндіктерді ашады. Одан басқа, бүкіл жүйеде ресурстарды ұтымсыз тарату және сыбайлас жемқорлық үшін мүмкіндіктер бар. Атап айтқанда, нормалар жүйесіндегі олқылықтар ресурстарды заңсыз иелену және дұрыс емес пайдалану үшін мүмкіндіктерді құрайды.

Осы бөлімде мектеп білімі жүйесінің барлық деңгейлерінде ресурстарды тиімді басқару мәселелері қаралады. Бұл жерде ресурстар менеджменті, ресурстарды пайдалану мониторингі (мысалы, аудит жүйесі, әкімгерлердің ресурстарды бағалауы), айқындылық және есептілік, ресурстарды тиімді қолдану үшін стимулдар саласындағы әлеуетті дамытуға ерекше назар аударылды.

## **Мәнмәтін және сипаттамалар**

### ***Ресурстар менеджменті үшін әлеует және ынталандырулар***

#### ***Мектептер***

Мектеп басшыларының кәсіби даму бойынша шараларға қатысуға кейбір мүмкіндіктері бар (4-бөлім). Дегенмен, мектеп ресурстарын басқару үшін дағдыларға, атап айтқанда, мектеп бюджетін басқару дағдысына септік жасалады. Дәл сол уақытта мектеп басшыларының лауазымға тағайындалғанға дейін оқудан өтуі туралы талап жоқ. Мектеп басшыларын әдетте олардың мұғалім лауазымында жақсы қызметі негізінде сайлайды және олар, көбінесе әкімшілік дағдыларды басшы функцияларын орындау барысында иеленеді. Мектеп менеджменті бойынша курстардың болуы шектелген (4-бөлім). Одан басқа, аталған курстарға қатысу міндетті болып табылмайды және еңбекақысына не бағалауға байланысты емес.

Әдеттегідей, мектеп ішінде ресурстарды пайдалану бойынша нормативтік талаптар егжей-тегжейлі. Кейбір жағдайларда талаптардың жақсы түсінілуін қамтамасыз ету үшін нұсқаулықтар әзірленеді, бірақ жиі кезде олар заңнамалық нысанда қабылданады. Мысалы, «Жан басына шаққанда нормативтік қаржыландыру тетігін енгізу туралы әдістемелік нұсқаулық» құжаты қаржыландырудың жаңа үлгісі аясында ресурстар менеджменті мәселелерінде мектеп директорларын хабардар ету мен бағыттауға арналған. Құжат көлемі – 72 бет. Ол жан басына шаққанда қаржыландыруды енгізу себептерінің, оның анықтамасының, қолданылу және жүзеге асыру саласының сипаттамасымен жеті кіріспе бетін қамтиды. Құжаттың негізгі мәтіні (47 бет) толық нормативтік-құқықтық ережелерді қамтиды. Сондай-ақ ол мектеп мұғалімдері қаржыландырудың жаңа жүйесі аясында толтыруға тиіс есептіліктің бес нысанын қамтиды. Қорытындыда жиі қойылатын сұрақтарға жауаптары бар қысқаша бөлім (5 бет) беріледі. Басқа, үкіметтік емес ұйымдар да ресурстар менеджменті саласында мектеп басшыларының әлеуетін арттыру үшін шараларды қабылдайды. «Мектеп директорларына қаржы құралы» (2013) мектеп директорларының бюджет салауаттылығын арттыру мақсатында Қазақстанның Сорос қоры және «Сандж» орталығы арасындағы ынтымақтастық нәтижесінде дайындалды. Ол бюджетті дайындауға және орындауға, сондай-ақ тауарлар мен қызметтерді сатып алуға байланысты мектеп директорларының міндеттерін толық сипаттайды.

#### ***Мемлекеттік басқару***

Білім секторын басқару туралы құжаттар мен нақты мәлімет өте аз. Қазақстандағы мемлекеттік басқарудың жалпы жүйесі туралы зерттеу көрсеткендей, соңғы жылдары анағұрлым білікті және ұтымды етілген жұмыс күшінің қалыптасуына әкеп соққан үлкен реформалардың жүргізілгеніне қарамастан, елге әлі мемлекеттік қызметті жаңғыртуға байланысты күрделі міндеттерді шешуге тура келеді (Ибраева және Нежина, 2013). Елде бұрынғыдай кейбір бейресми практикалар қызмет етеді: бос орындар тиісінше хабарланып, көпшілікке жарияланбайды және халық жұмысты не жоғарылауды байланыстардың көмегімен алуды ұят көрмейді. Кадрлардың ауысуы жоғары және оны жеке сектормен салыстырғанда, төмен еңбекақымен, кәсіби даму үшін мүмкіндіктердің жетіспеушілігімен, мемлекеттік басқару жүйесінің төмен тиімділігіне байланыстырады. Лауазымдық жалақы басқа қаржылай төлемдерін қамтымайды, мысалы, сыйлықақы орталық атқарушы органдардың деңгейінде жалпы сыйақыдан 57% дейін және өңірлік деңгейде 30% дейін болуы мүмкін, бірақ олар жиі кезде басшының қалауынша беріледі және жұмыстың тиімділігін бағалаумен байланысты емес (Ибраева және Нежина, 2013). Ибраева және Нежина (2013) жазғандай, қазақстандық мемлекеттік басқару жүйесінде жоғарыда орталықтандырылған ұйымдастырушылық иерархиясы аясында қатаң бағыну, қарамағындағы

адамдардың тарапынан сыни пікірлер мен бастамалардың болмауы басым мәдениет болып табылады.

Мемлекеттік қызметтің үлкен реформасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы қабылданғаннан кейін жүргізілді. Реформа басты әкімшілік құндылықтарды және онымен байланысты мақсаттарды айқындады. Олар тиімділікті, айқындылықты, есеп берушілікті, клиент үшін қызмет көрсету, кәсіпқойлықты қамтыды. Реформа қызмет көрсету сапасын, тиімділігін, нәтижелілігін арттыру және үйлестіру құралы сияқты тиімділікті басқарудың енгізілуін қамтитын еді. Осыған орай, тиімділікті басқару мемлекеттік қызмет мақсаттары туралы кәсіби хабардарлықты дамытуға, қызметтер стандарттарын белгілеуге, тиімділікті бағалауға, тиімділік аудитін жүргізуге, жылдық есептілікті ұсынуға, халық арасында тұрақты сауалнамаларды жүргізу арқылы клиенттердің пікірін білуге бағытталған (Ибраева және Нежина, 2013). Мемлекет автоматтандырылған ақпараттық жүйені құру, білікті аудиторларды даярлау, қызметшілерді тиімділікті басқару саласындағы оқумен қамтамасыз ету бойынша шараларды қабылдады.

#### *Ақпараттық деректер жүйесі*

Осы уақытта Қазақстан деректердің электрондық жиналуына негізделген Бірыңғай білім беру деректерінің базасын және деректерге ашық қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін білім беру порталын әзірлейді. Осы бастаманы жүзеге асырмас бұрын статистикалық ақпарат кейбір мектептерде ғана жиналатын еді, олар көптеген қағаз нысандарын толтырып (2013 жылы 467-ден 162-ке дейін азайтылды), кейін біртіндеп аудандарға, облыстарға және Білім және ғылым министрлігіне (және оның ведомстволарына) жіберуші еді. Бастауыш және орта мектептері 16 636 көрсеткішті қамтитын 82 нысанның толтырылуына жауап береді. Осы жұмысты Ұлттық білім беру статистикасы және бағалау орталығы (ҰБСБО) үйлестіреді және жиналған статистиканы білім жүйесінің жай-күйі туралы өз жылдық баяндамаларында пайдаланады.

Қазіргі уақытта әзірленіп жатқан ұлттық білім беру деректерінің базасы білім туралы сан алуан түрлі ақпарат көздерін біріктіруге, мектептерде ақпаратты жинау сенімділігін арттыруға және жеңілдетуге, деректерді жариялау арқылы білім беру жүйесінің айқындылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Болжамдар бойынша, 2015 жылға қарай мектептерде деректерді жинау электрондық нысанда іске асырылады және білім беру статистикасы бірыңғай платформаға біріктірілмек. Мұндай платформа білім алушылар, мұғалімдер, мектептер және білім берудің барлық деңгейлері бойынша білім беру қызметтерінің сапасы туралы ақпаратты беруге тиіс. Жеке сәйкестендіру нөмірлерінің болуын ескере отырып, деректер жекелеген білім алушылар мен мұғалімдер деңгейінде жиналады деп болжанады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен айналысатын ұйым – «ҰАТ» АҚ-ы Ұлттық білім беру деректерінің базасын әзірлеуші болып табылады, ал ҚР БҒМ және ҰБСБО тұжырымдама деңгейінде қатыстырылады және олардың деректерге қолжетімділігі бар.

#### *Ресурстардың тиімді менеджменті үшін ынталандырулар*

Қазақстанда ресурстардың анағұрлым тиімді менеджментін көтермелеу үшін ынталандырулар аз. Кең жоспарлау және реттеу жүйесінің талаптарын қатаң сақтау қазіргі өзінде жақсы нәтиже беріп жатыр. Бұдан басқа, білім беру жүйесінде – жақсы жұмысты көтермелеу не мамандарды ауылдық жерге тарту бойынша мүмкіндіктер сияқты қолданыстағы стимулдарды пайдалануда икемділік аз. Мұндай мектептер аталған жылдың бюджетін тарата алмайды не оны келесі жылға ауыстыра алмайды, оларға үнемділік пен нәтижелелік үшін шағын сыйақы береді.

#### *Мониторинг және есептілік*

Ең бастысы, мониторинг мақсаты қысқа мерзімді перспективада (2011-2015 жылдарға арналған әрекеттер жоспары), қысқа мерзімде (2011-2020 жылдарға БДМБ ) және ұзақ мерзімді перспективада («Қазақстан-2050» стратегиясы) білім беру мақсаттарын жүзеге асыру барысын өлшеу болып табылады. Есеп мониторингі және бағалау бүкіл жүйе жөнінде, мемлекеттік басқарудың ең жоғарғы деңгейіне дейін ұлттық мақсаттарды жүзеге асыруға қатысты толық және

егжей-тегжейлі ақпаратты береді. Ресурстарды пайдалану бойынша мониторинг және ішкі есептілік білім жүйесін басқару құрылымының бірнеше деңгейлерінде іске асырылады. Бұл жұмыс «төменнен-жоғарыға қарай» жүргізіледі, яғни әрбір бірлік және деңгей ұйымдастырушылық иерархияда анағұрлым жоғары деңгейдің алдында өзі және төменгі тұрған деңгейлер туралы үнемі есеп береді. Мектеп өзінің жылдық есебін аудандық білім бөліміне, одан кейін – облыстық білім басқармасына жолдайды, онда ақпарат жинақталады және ең соңында – Білім және ғылым министрлігіне жіберіледі. Жоспарлау мақсаттарын жүзеге асыру туралы үлгі есептерден басқа, қызығушылық тудыратын нақты мәселелер бойынша (мысалы, оқулықтармен қамтамасыз етілгендік, келесі оқу жылына дайындық, мектеп олимпиадаларын ұйымдастыру) тақырыптық есептер бар (АБР, 2004).

### *Орталық деңгей*

Стратегиялық жоспарлау және ақпараттық технологиялар департаменті Білім және ғылым министрлігінде білім беру саясатының мониторингі үшін жауап береді. Мониторинг процесіне сондай-ақ Министрлік құрылымында қызмет ететін не оған бағынатын көптеген басқа департаменттер мен мекемелер қатысады. Одан басқа, мониторинг жөніндегі есептерде аудандар мен мектептердің біріктірілген есептерін қамтитын, облыстардың ұсынған ақпараты қолданылады. Министрлік 2011-2020 жылдарға БДМБ бойынша және 2011-2015 жылдарға Іс-әрекеттер жоспары бойынша, сондай-ақ жылдық операциялық жоспар бойынша мониторинг есептерін жасайды.

Кез келген стратегиялық бағдарламалық құжат бойынша мониторингтік есеп мыналарды қамтуға тиіс (Помфрет, 2014): 1) сан көрсеткіштерін орындау деңгейі; 2) егер қандай да бір көрсеткіштерге қол жеткізілмеген болса, орындамау себептерін талдау; 3) жоспарланған, орындалған не орындалмаған іс-әрекеттерді талдау; 4) шығыстарды талдау; 5) жүзеге асыру процесінде үйлестіруді және өзара іс-қимылды талдау; 6) нәтижеге ықпал еткен ішкі және сыртқы факторлар; 7) жүзеге асырудың жалпы тиімділігін және оның әлеуметтік-экономикалық жағдайға ықпалын талдау; 8) азаматтардың мемлекеттік қызметтерді қанағаттанушылығының деңгейі; 9) қаржы аудитін қоса алғанда, басқа мемлекеттік органдардың жүргізген аудиті бойынша шаралар нәтижелері; 10) қорытынды және ұсыныстар. Ұлттық жоспарлар бойынша есептіліктің қызметтегі талаптары 5.1-кестеде сипатталған.

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары және аудандық білім бөлімдері өз аумағында қаржы талаптарының және нормативтік білім құжаттарының сақталуын бақылайды. Аудандық деңгейдегі білім бөлімдері мектептердің берген деректерін даярлайды және әрі қарай біріктіру және Білім және ғылым министрлігіне және жоғары тұрған деңгейге (облысқа) ұсыну үшін біріктірілген есепті ұсынады, ол өз кезегінде 2011-2020 жылдарға арналған ББДМБ сәйкес белгіленген мақсаттарды жүзеге асыру барысы туралы ұлттық біріктірілген есепті жасайды.

### *Мектептер*

Мектеп директорлары және қамқоршылық кеңестері мектеп деңгейінде мониторингті жүзеге асыратын басты тұлғалар болып табылады. Мектептер есептер нысанында мониторинг жөнінде өз жұмысының нәтижелерін аудандық/қалалық органдарға береді. Жыл сайын мектептер көптеген мәселелер бойынша (мысалы, білім алушылар, адами ресурстар, қаржы ресурстары, материалдық-техникалық база) есептілік үшін 82 жуық нысан толтырады (АТО, 2014). Жуырда нысандардың саны есептілік бойынша мектептердің жүктемесін азайту үшін 467-ден қысқартылды. Мектептер жыл сайын адами ресурстар туралы ақпаратты ұсынады (мысалы, туған күні, жасы, ұлты, біліктілік санаты, лауазымы, оқу мәні, білімі, жұмыс өтілі, педагогикалық жүктемесі, соңғы бағалауды өткізу жылы, кәсіби даму бойынша шараларға соңғы қатысу күні). Ай сайын, тоқсан сайын және жыл сайын мектептер еңбекақыны, трансферттерді, кредиторлық/дебиторлық берешекті, мемлекеттік сатып алуды және есептік айдың соңында қалдықты бақылау қаржы есептерін ұсынады. Инфрақұрылым мен материалдарға қатысты, негізгі құралдар жыл сайынғы түгендеуде ескеріледі (материалдық құралдар – тоқсан сайын, ақшалай қаражат – ай сайын, кітапхана қоры – бес жылда бір рет). Амортизация туралы есептер ай сайын ұсынылады, жетіспейтін материалдық-техникалық база тексерілуі және жергілікті атқарушы органдардың мектеп балансынан алып тасталуы тиіс (АТО, 2014).

### *Тексеру және аудит*

Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті мектептерді сыртқы бағалау жүйесін жүзеге асыру мақсатында 2011 жылы құрылды (4-тарауды көріңіздер). Комитет, ең бастысы, жүйені бақылау, яғни қолданыстағы нормативтік талаптарды сақтау мәселелерімен айналысады. Оның негізгі қызмет түрлері мыналарды қамтиды: мектептерге лицензия беру және кері қайтару, мұғалімдер мен мектептерді бағалауды жүргізу, заңдар мен қағидаларды тарату және олардың орындалуын қадағалау, білім беру ұйымының аудит жоспарын әзірлеу мен бекітуді бұзу үшін әкімшілік жаза қолдану, тексерілген субъектілердің есебін жүргізу, аумақтық органдардың қызметін үйлестіру және қадағалау және аумақтық органдарға әдістемелік көмек көрсету.

Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі орталық атқарушы органдардың және жергілікті атқарушы органдардың жылдық бағалау жүйесіне сәйкес мониторингтік есептерді бағалайды. Бұл бағалау бірнеше өлшемдерді қамтиды (Помфрет, 2014): мемлекеттік талаптарды және тапсырмаларды жүзеге асыру тиімділігі, бюджетті тарату және басқару тиімділігі, көрсетілетін қызметтердің сапасы, АКТ енгізу тиімділігі. Бағалау жөніндегі есеп мыналарды қамтуға тиіс (Помфрет, 2014): 1) жүзеге асыру нәтижелері, қол жеткізілген мақсаттар (нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізбеу себептері); 2) әрбір орындамау жағдайының себептерін көрсете отырып, көзделген және жүзеге асырылмаған шаралар тізілімі; 3) жүзеге асыруға ықпал еткен факторларды талдау; 4) жүзеге асыру кезеңінде бөлінген және қолданылмаған бюджет ресурстарын талдау; 5) бақылау шаралары туралы ақпарат; 6) бағалау жөніндегі алдыңғы есеп негізінде стратегиялық не жоспарлы құжатқа енгізілген түзетулер тізілімі; 7) жүзеге асыру тиімділігі туралы қорытынды; 8) жүзеге асыру процесінде үйлестіру сапасы туралы қорытынды; 9) әлеуметтік-экономикалық даму процесінде жүзеге асыру нәтижелері туралы қорытынды; 10) ұсыныстар.

Бюджетті тарату тиімділігін бағалау мемлекеттік басқарудың барлық деңгейінде жалпы тиімділікті талдау бөлігі болып табылатын жеке салааралық бағалау аясында жүзеге асырылады (Помфрет, 2014). Шығыстар талдауында тиімділік жалпы экономикалық тиімділікпен не

ұтымдылықпен байланыстырылмай, білім берудің көптеген стратегиялық құжаттарында орнатылған мақсаттардың орындалуына теңеледі. Орталық бюджетті бақылау саласында барынша көп өкілеттіктері бар орган болып табылатын Есеп комитеті<sup>18</sup> бағдарламаны жүзеге асыруға не әрбір мемлекеттік органның тиімділігіне жекелеген тәуелсіз бағалауды жүргізуі мүмкін. Жан-жағынан алып қарағанда, ішкі және сыртқы аудит нәтижелер аудитінің функциялары тән, халықаралық талаптармен салыстыруға қарағанда, өзін-өзі бағалау процесіне жақынырақ. Есеп комитеті ҚР Президентіне бағынады.

Қаржы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету және аудиторлық есептерді даярлау үшін жауап беретін Қаржы министрлігі мемлекеттік органдардың есебі негізінде бюджет шығыстарының тиімділігіне жыл сайынғы бағалауды жүргізеді (Помфрет, 2014). Облыстарда, Алматы және Астана қалаларында қызмет ететін қаржы инспекциялары Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау комитетінің өкірлік бөлімшелерінің рөлін орындайды (АТО, 2014). Қаржы инспекциялары: 1) ұлттық және жергілікті ресурстарды пайдаланудың заңнамалық талаптарға сәйкестігін бақылау; 2) бухгалтерлік есеп және есептілік шынайылығы мен дұрыстығын тексеру; 3) мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарының сақталуын қамтамасыз ету; 4) өтеуді қамтамасыз ету және келісімшарттардың күшін жою үшін мемлекеттік сатып алумен байланысты бұзушылықтар үшін сот жауапкершілігіне тарту; 5) бюджет және мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету үшін басқа органдармен үйлестіру; 6) мемлекеттік сатып алу процесінің аудиті; 7) есептерді жасау, мемлекеттік сатып алу, бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі, аудиторлық қызмет, бюджет заңнамасы саласындағы әкімшілік бұзушылықтар жағдайларын қарау және әкімшілік шара қолдану; 8) бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; 9) аудиторлық қызмет және кәсіби аудиторлық ұйымдардың қызметі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру (АТО, 2014).

Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (Қаржы полициясы) экономикалық және қаржы қылмыстарына қатысты қылмыстық бұзушылықтардың жолын кесуге және анықтауға бағытталған құқық қорғау қызметін жүзеге асырады. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша агенттіктің тергеу әрекеттері білім жүйесін қоса алғанда, барлық салаларды қамтиды. Бұқаралық ақпарат құралдарының қаржы полициясы туралы хабарламалары білім беру жүйесінде сыбайлас жемқорлықтың таралып жатқанын, сондай-ақ ресурстарды теріс пайдалану бойынша қылмыстық істердің саны көбейіп жатқанын көрсетеді (TengriNews, 2014a). Агенттік хабарлағандай, 2013 жылы білім беру жүйесінде 221 қылмыс тіркелді, ал 2014 жылдың бірінші тоқсанында 121 қылмыс тіркелді. Дегенмен Қаржы полициясының басты функциялары мен міндеттері – сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу жуырда Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне берілді, ал экономикалық және қаржы қылмыстарымен байланысты функциялар Қаржы министрлігіне берілді (TengriNews, 2014b).

### ***Айқындылық және сыртқы есеп берушілік***

Білім және ғылым министрлігі білім беру жүйесі туралы біріктірілген ақпаратты қамтитын жылдық есепті жариялайды. Бұл есептегі ақпарат шектелген және нәтижелердің тереңдетілген талдауын жүргізуге мүмкіндік бермейтін тек жалпы деректерді ғана қамтиды (Дүниежүзілік банк, 2013a). Есеп білім беру ұйымдарын лицензиялау, мектептердің педагог кадрларын және басшы кадрларын даярлау және бағалау, мектепті бітірген білім алушылар үлесінің көрсеткіштері, мектептер рейтингі, талдау және әлеуметтанушылық зерттеулердің нәтижелері туралы ақпаратты қамтиды. Алайда ол білім алушыларды оқыту нәтижелері туралы ақпаратты ұсынбайды. Статистика агенттігі тоқсан сайынғы есептілік рәсімдеріне қадағалауды жүзеге асырып және индикаторларды келісе отырып, аралық органның рөлін орындайды. Есепті Министрліктің веб-сайтында электрондық нысанда алуға болады, бірақ деректер оқуға болатындай нысанда жүктелмейді. Есептік кезеңнен кейінгі жылдың 1 тамызына дейін есеп жарияланғанша 1 наурызға ұлттық жинақ нысанында қысқаша мазмұн жасалады.

<sup>18</sup> Қаржы ресурстарын пайдалану мониторингі және онымен байланысты айқындылық рәсімдері үшін жауап беретін басты орган – Есеп комитеті сарапшылар Шолуды даярлау үшін барған кезінде олармен кездесе алмады.

Кіріспе ресурстарына, процестерге, мектептердің аралық және ақырғы нәтижелеріне қатысты айқындылық енді ғана дами бастады. Сарапшылар аралас мәліметтерді алуда. Бүкіл жағдайға қарағанда, мектепті бағалау нәтижелері туралы ата-аналарға өте аз мектептер хабарлайды, басқалары ата-аналарына мектеп аумағында есеппен танысуға мүмкіндік береді. Қаладағы мектептердің көбісінде Интернет-ресурстары бар, бұл сайтта мектеп әртүрлі халықаралық не республикалық олимпиадаларға қатысқан не жеңімпаз болған оқушылар саны туралы ақпаратты жариялады. Одан басқа, қалалық веб-сайттар халықаралық не республикалық наградаларды алған мектептер туралы ақпаратты қамтиды. Сондай-ақ олар «Ең үздік 100 мектеп», «Үздік мұғалім», «Ең үздік орта білім беру ұйымы» республикалық конкурстары туралы ақпаратты қамтиды. Алайда бірде-бір мектеп өз қызметінің нәтижелері туралы толық ақпаратты ашпайды және бұл ақпаратты өзінің веб-сайтында не мектеп ғимаратында көзге түсетін жерде жарияламайды.

Қазақстан парақорлықтың және өз қызмет бабын теріс пайдаланудың кез келген түрлері үшін қылмыстық жауапкершілікті көздеу үшін кешенді нормативтік-құқықтық және институционалдық шеңберді қоса алғанда, мемлекеттік секторда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес үшін бірқатар шараларды қабылдауда, электрондық үкімет бағдарламасын жүзеге асыруда, халықтың хабардарлығын арттыру бойынша компанияны бастады, жеке компаниялардағы айлықтармен бірдей болу үшін мемлекеттік секторда еңбекақыны көтерді (Ибраева және Нежина, 2013). Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдардың сақталуын министрліктер және ведомстволар, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі, Мемлекеттік қызмет істері агенттігі қамтамасыз етеді. Соңғы он жыл ішінде Қазақстанда білім беру жүйесінің ең басты мүдделі жақтарын жариялау және насихаттау бойынша көптеген шаралар жүзеге асырылды. 2007 жылға дейін жүзеге асырылған кейбір негізгі шаралар ашық дебаттарды, білім беру форумдарын өткізуді және мектептердің қаржылық айқындылығын бақылау бойынша мониторингтік аудитті қамтиды. Басқа да шаралар өткізілді, мысалы, сыбайлас жемқорлық мәселелері бойынша зерттеулер; мемлекеттік органдар мемлекет көмегімен 2008-2011 жылдарда сыбайлас жемқорлық беталыстары бойынша 11 социологиялық зерттеуді жүргізді (ЭЫДҰ, 2013). 2012 жылмен салыстырғанда, 2013 жылы сыбайлас жемқорлықты қабылдаудың халықаралық индексі нашарлады. Қазақстан 177 елдің ішінде 140 орынды алып, өз орнын 2013 жылдың индексында 7 тармаққа төмендетті (TransparencyInternational, 2013), бұл мемлекеттік секторда сыбайлас жемқорлықты қабылдаудың нашарлағаны туралы куәландырады.

Қамқоршылық кеңестері мектеп деңгейінде шешімдерді қабылдау процесін жетілдіру бойынша жаңа бастама аясында құрылды. 2011-2020 жылдарға арналған ББДМБ көзделген пилоттық бағдарлама төңірегінде енгізілген қамқоршылық кеңестері 2012 жылы 36% мектепте қызмет етті және 2015 және 2020 жылға дейін тиісінше 45% және 60% мектепке дейін көбеюі тиіс. Осы органдардың рөлі мектеп қызметіне қоғамдық бақылауды ұйымдастыруда және мектептің басқарылуын орталықсыздандыруды арттыруда жатыр (АТО, 2014). Қамқоршылық кеңестерінің тұрақтылығы пилоттық жобаны орындау нәтижелеріне тәуелді болады. Ағымдағы ББДМБ -да қамқоршылық кеңестердің бүкіл ел бойынша енгізілетініне кепілдік ережелері жоқ. Осы кеңестердің болашағына қатысты ББДМБ -да кепілдік беретін ережелердің болмауын ескере отырып, мектептерді басқаруда қамқоршылық кеңестерінің алдын қызмет еткен және олармен бірге әрекет етіп жатқан ата-аналар комитеттерінің рөлі бұлыңғыр болып қалуда.

Осы уақытқа дейін айқындылық және есептілік мәселелерінде ата-аналар комитеттерінің рөлі, сондай-ақ мектеп деңгейінде шешім қабылдауға олардың қатысуы мектеп ресурстарын сатып алу мен пайдалану мәселелерінде олардың тар функциясына байланысты шектелген болған. Комитеттердің сыныптың оқу кіріспе ресурстарына қатысты заңдық мәртебесі не өкілеттігі жоқ, сондай-ақ олардың мүшелерін ашық сайлауды өткізу туралы ережелер де көзделмеген. Дегенмен ата-аналар комитеттерінің заңнамалық бекітілген дауыс беру құқығы бар, бірақ бюджетке қатысты қадағалау жөнінде заңды өкілеттіктері жоқ (Дүниежүзілік банк, 2013). Тіпті бүкіл ел бойынша жұмыс жасап жатқан ата-аналар комитеттерінің саны өскен кезінде шешімді қабылдау жөнінде өкілеттіктер мектеп директорларының қолдарында қалды.



## **Күшті жақтар**

### ***Білім берудің ақпараттық деректер жүйесін құру бойынша үлкен жұмыс жүргізілуде***

Деректерді жасауға, жинауға және ұсынуға көп назар аударылады. Деректерді жинау бойынша көптеген шаралар жүзеге асырылуда (әкімшілік, тиімділігі бойынша, мүдделі тұлғалардан жауап алу, индикаторлар). Білім секторының көптеген мүдделі тұлғалары деректерді және есептілікті жинауға қатысады. Одан басқа, деректер ұлттық көрсеткіштермен шектелмейді, ал өңірлер бойынша бөлінеді және басқа елдермен салыстыруды жеңілдету үшін халықаралық индикаторларды қамтиды (АТО, 2014).

Осы уақытта ұлттық білім беру деректерінің базасы әзірленуде. Сонымен қатар деректерді енгізуге компьютерлендірілген әдістерді қоса алғанда, деректерді жинау процестерін жетілдіру бойынша шаралар қабылдануда. Сондай-ақ деректерді жинау бойынша мектептердің әкімшілік жүктемесінің қысқарғанын белгілеу қажет – толтырылатын нысандардың саны 467-ден 162-ге дейін азайды. Сондай-ақ жұртшылық үшін білім беру деректерін жариялауға арналған білім порталын дамыту маңызды мақсат болып табылады. Бұл неше түрлі жақтардың (практиктер, әзірлеушілер, саясаткерлер, жұмыс берушілер, жалпы жұртшылық) әр түрлі деңгейлерде (орталық, өңірлік, жергілікті және мектептер деңгейінде) талдауды жүргізуде білім беру деректерінің пайдаланылуын қамтамасыз етуде маңызды қадам.

### ***Бақылау шараларының кең жиынтығы ресурстарды пайдалану мониторингіне ықпал етеді***

Толық нормативтік талаптардың болуы ресурстарды басқару туралы нақты болжалжы айқындайды және олардың мониторингіне ықпал етеді. Мониторинг талаптардың сақталуын тексеруге және ұлттық мақсаттарды, ең алдымен, 2011-2020 жылдарға арналған ББДМБ жүзеге асыру барысын өлшеуге бағытталған. Үкіметтің мониторинг пен бағалаудың маңыздылығын түсінуі Ақпараттық-талдау орталығы және Ұлттық білім беру статистикасы мен бағалау орталығы сияқты мемлекеттік саясат шараларының ықпалын талдаумен айналысатын бірнеше органдардың болуында байқалады. Бірнеше деңгейде ресурстарресурстардың қолданылуын бақылау құралдарының мол жиынтығы қызмет етуде. Қаржы полициясы және Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті жүзеге асыратын, инспекциялардың білім және қаржылық болып бөлінуі қажетті міндеттерде мамандандыруды қамтамасыз етеді. Бақылау комитетінің жылдық статистикасы көрсеткендей, осы орган мемлекеттік талаптардың орындалуын тым белсенді қамтамасыз етеді.

Мектептер деңгейінде пилоттық негізде іске асырылатын, жаңа Қамқоршылық кеңестерінің бір функциясы – басқарушылық шешімдерді қабылдауға қатысу болып табылады. Бұрын бұл мәселелер директор құзыретіне кіретін еді. Енді ғана дамып келе жатқанына қарамастан, қамқоршылық кеңестерінің болуы мектеп деңгейіндегі жүйеде қосымша бақылау деңгейін қамтамасыз етеді. Қамқоршылық кеңестері мониторинг шараларының нәтижелерін жергілікті атқарушы органдарға дейін иерархия бойынша жоғарыға жеткізуге оң әсер етуі мүмкін.

### ***Мектептердің айқындылығын арттыру және мүдделі тараптардың мектеп өміріне қатысуы бойынша жақында қабылданған шаралар үміт береді***

Құрамына мүдделі тұлғалар, мысалы, ата-аналар мен жергілікті кәсіпкерлер кіретін қамқоршылық кеңестерінің жуырда құрылуы мектеп ресурстарын басқаруға жұртшылықтың қатысуын қамтамасыз етуде маңызды қадам болып табылады. Бұл, бәрінен бұрын, қауымдастықтардың мұқтаждығына мектептердің ден қоюын арттырады, мектептердің сыртқы есеп берушілігін күшейтеді және мектептің айналадағы қауымдастықтармен ынтымақтастығын нығайтуға ықпал етеді. Дәл сол уақытта бұл мектеп оқуы жергілікті мұқтаждыққа барынша сай келуі үшін білім жүйесінде шешімдерді қабылдау процесін орталықсыздандыру бойынша мемлекеттік саясаттың бөлігі болып табылады.

Қамқоршылық кеңестерінің заңдық мәртебесі ата-аналар комитеттерінің мәртебесіне қарағанда, жақсы айқындалған және олар 2011-2020 жылдарға арналған ББДМБ сияқты стратегиялық құжаттарда жақсы танылған. Ал іс жүзінде қамқоршылық кеңестерінің шешімдері

міндетті болып табылады, ал ата-аналар комитеттері тек ұсыныстарды ғана беруі мүмкін. Мәселен, қазір мектеп директоры мұғалімдерге сыйлықақы төлеу жөнінде ұсыныс жасағанымен, шешімді қамқоршылық кеңесі қабылдайды.

### **Шешімін талап ететін күрделі міндеттер**

#### ***Шектелген оқу, құралдар мен ынталандырулар ресурстар менеджментінің әлеуетін төмендетеді***

##### *Жергілікті деңгейде ресурстар менеджменті саласында шектелген оқу және әлеует*

Мектеп басшылары ресурстарды басқаруға жеткіліксіз дайын болуы мүмкін, себебі бұл функциямен байланысты қабілеттер оларды тағайындау кезінде ескерілмейді, кадрларды даярлаудың тиісті бағдарламасы жоқ, ал бұл салада кәсіби даму мүмкіндіктері тым шектелген (4-тарауды көріңіздер). Олардың ресурстар менеджменті туралы жалпы түсінігі болуы мүмкін және өз жұмысы барысында іс жүзінде өз білімдерін кеңейте алады, себебі оларға бюджет жасауға, персоналды жұмысқа қабылдауға және оны басқаруға тура келеді. Олардың ресурстарды тиімді тарату қабілеті белгісіз болып қалуда.

Сондай-ақ нормативтік талаптардың кең жүйесінен пайда болған автономияның шамалы ғана дәрежесі анағұрлым жоғары нәтижелерге қол жеткізуде жергілікті тараптардың әлеуетін шектейді және әлеуетті дамыту пайдалылығын төмендетеді. Мүмкін, мектеп басшыларының – ресурстарды басқаруда өз машығын, білімі мен қабілетін жақсарту үшін стимулдары аз, себебі оларға ресурстар менеджменті бойынша елеулі міндеттер жүктелмейді. Мәселен, мектеп бюджеттерін жоспарлау және орындау бойынша болмашы жауаптылық бюджеттеу саласында жаңа машықтарды иелену не бюджеттік болжамдау саласында тәжірибесін кеңейту өздері орындайтын жұмыс үшін шамалы ғана пайда әкелетіндігін білдіреді.

Одан басқа, ресурстардың жекелеген әкімгерлерінің тиімділігін бағалау жүйесі жетілмеген. Нәтижесінде, бюджеттік ресурстарды басқаруда мектеп басшыларының және аудандық және облыстық деңгейдегі жергілікті әкімгерлердің тиімділігі туралы деректер шешімдерді қабылдау кезінде тұрақты қолданылмайды. Мектептерде ресурстар әкімгерлерінің тиімділігі туралы деректердің болмауы жүйелердің теорияда бар екендігін білдіреді, бірақ олардың қолданылуы шектелген, себебі олар осы ресурстарды басқару үшін жауапты болатын тұлғалардың тиімділігін емес, ал тек қаржы ресурстарын ғана қамтиды (АТО, 2014).

##### *Ақпараттық деректер жүйесінде сапаны қамтамасыз етуге байланысты қиындықтар бар*

Білім секторында білім беру статистикасының бірыңғай деректер базасы жоқ, алайда Министрлік ұлттық деректер базасын құру үшін кейбір шараларды қабылдады, оны Министрлік басқарады, ал қызметін 2015 жылы бастайды. Білім беру статистикасының бар нысандары шашыраңқылығымен сипатталады, бұл деректердің тереңдетілген талдауы жүргізілмейді және олар жұртшылық үшін жарияланбайды (ББДМБ, 2010). Одан басқа, ұлттық білім беру статистикасының индикаторлары халықаралық статистиканың талаптарына сәйкес келмейді (ББДМБ, 2010).

Қазақстанда білім беру деректерінің қайталанатын мәселесі олардың сапасы мен дұрыстығын қамтамасыз ету процестерінің болмауы болып табылады. Сарапшылар өздері барған кейбір мектептер бойынша алынған деректердің және барған кезде өздері байқаған жағдайдың арасындағы қайшылықтарды белгіледі. Бұл проблеманы Білім және ғылым министрлігі де, Ұлттық білім беру статистикасы мен бағалау орталығы да мойындайды және ол, белгілі дәрежеде, мектепте деректерді жинау бойынша әкімшілік рәсімнің қолмен жүзеге асырылғанына байланысты. Деректерді жинаудың бұрынғы рәсімі сапаның тексерілуін көздемейтін еді, бұл білім беру деректерінің сапасына қатты зиян тигізді. Ұлттық білім беру деректерінің базасын әзірлеу бойынша ағымдағы жұмыс осы мәселені шешу және дұрыс әрі сенімді деректерді ұсыну үшін сапаны қамтамасыз ету процестерін әзірлеуді көздейді.

Қазақстанда жиналатын деректердің үлкен көлеміне қарамастан, сенімді деректердің болмауы білім саясатын қалыптастыруға және бағалауға дәлелді әдіс-тәсілді қабылдауға мүмкіндік бермейді. Жан басына шаққандағы формула негізінде мектептердің ресурстарын тарату үшін қажетті нақты деректердің үлкен көлемі сапа тетіктерінің және деректерді тексеру маңыздылығын айқын көрсетеді. Мәселен, мектеп директорларының қосымша қаржыландыру алу үшін есептілікте оқушылардың санын асыра көрсету үшін стимулдары болуы мүмкін және растау тетіктерінің болмауына байланысты бұл ресурстардың оңтайлы емес таратылуына әкелуі мүмкін, себебі кейбір мектептер басқа мектептерге қарағанда, көбірек ресурстарды алуы мүмкін. Егер кейіннен формуланы түзету үшін экономикалық тиімділікке талдау жүргізілсе, нәтижелер қате болып, білім жүйесіндегі тиімсіздік пен теңсіздікті арттыруға әкелуші еді.

*Ресурстардың анағұрлым тиімді менеджменті үшін ынталандырулар шектелген*

Қазақстанда ресурстарды пайдалану тиімділігін ынталандыратын және көтермелейтін, жақсы әзірленген жүйе жоқ. Нормативтік талаптар жүйесінің икемділігі жоқ және Қазақстанның бүкіл білім беру жүйесінде бірыңғай тәсілдерді белгілейді, бұл ресурстардың тиімсіз қолданылуына әкеледі. Автономияның төмен деңгейі білім беру жүйесіне қатысушыларға тиімділікті арттыруға әкелуі мүмкін шешімдерді қабылдауға кедергі жасайды. Мәселен, нормативтік талаптарға сәйкес «Ең үздік мектеп» атағын алған мектептерге бөлінетін қосымша қаражат материалдық-техникалық базаны жақсартуға бағытталуы тиіс, алайда оларды ресурстардың басқа түрлеріне салғаны дұрыс болушы еді.

Мектеп басшыларының қаражатты үнемдеу үшін стимулдары жоқ, өйткені бюджет мөлшері алдыңғы жылы бюджетті орындау нәтижелері негізінде айқындалады және бюджеттің жекелеген баптары бойынша бүкіл үнемделген не игерілмеген қаражат қаражаттың тым көп бөлінуінің салдары сияқты қаралуы мүмкін. Үнемделген қаражат келесі жылдың бюджетіне ауыстырылуы мүмкін емес және жергілікті атқарушы органдардың қаржыландыруды қысқартуы үшін негіз болуы мүмкін. Бұл тиімсіздікке әкелуі мүмкін, себебі мектеп басшыларының дербестігі шектеулі болғанымен олардың үнемдеу үшін кейбір мүмкіндіктері бар, мысалы, коммуналдық қызметтерді тұтынуда (электр энергиясы, жылу). Дегенмен мектептен түскен кез келген үнемдеудің мектептен гөрі, ауданға пайдасы молырақ.

Сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың да мектептер желісін тиімді басқару үшін, атап айтқанда, мектептерді біріктіру үшін стимулдары жоқ, себебі олардың бюджетінің мөлшерін облыс алдыңғы жылдағы бюджетті орындау нәтижелерінің негізінде айқындайды. Демек, мектептерді біріктіру не қысқарту халықтың наразылығына әкеледі және ауданға тиімді емес. Мысалы, сыныптардың мөлшерін көбейтуден үнемделген қаражатты мұғалімдердің еңбекақысын арттыру, оқу уақытын көбейту не мектеп объектілерін жақсарту үшін қолданыла алмайды. Себебі жергілікті атқарушы органдардың бюджеттері оқушылардың санына емес, ал салыстырмалы қажеттілікке негізделеді, ресурстарды ұтымды қолдану келешектегі қаржыландырудың азаюына әкеп соғады. Өңірлік органдар ұқсас проблемаларға тап болады, себебі олардың жергілікті атқарушы органдарды тиімділікті арттыруға көтермелеуі өңірлік бюджеттің азайтылуына әкеледі.

### ***Қаржы ресурстарының мониторингі жетілмеген***

Бюджеттің орындалуын бақылаудың бірнеше шектеулері бар. Рұқсат етілген бюджеттен артық жұмсалған қаражаттың қайтарылуын қамтамасыз ететін тетіктер жоқ, тек егер қылмыстық іс қозғалмаса. Сапа мен бағаның арақатынасы ескерілмейді, себебі егер де жеткілікті бюджет бөлініп, алайда нашар орындалса, бұл болжамды бенефициарларды ыңғайсыз жағдайға қоюы мүмкін. Негізі, бюджеттің орындалуын тиісінше емес бақылау қағидалардың сақталуына негізделген мониторингке әдістің белгісі болып табылады және сапа мен бағаның арақатынасын ескермейді.

Қаржылық бақылау инспекциясы қаржы талаптарының сақталуын ішкі бақылау және аудит үшін жауапты (АТО, 2014). Оның рөлі алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың жолын кесу үшін қадағалау дәрежесін қамтамасыз ете отырып, сатып алу саласына таратылады, бірақ ол бюджетпен байланысты сәйкестік бұзушылықтарына ғана қатысты (АТО, 2014). Мысалы, бюджет аясына

кіретін сатып алу бойынша мектептердің шаралары сәйкестік қағидаларын бұзбайды. Нормативтік құжаттармен реттелмейтін шаралар мониторингке жатпайды. Реттелетін шаралардың қатаң мониторингі жүргізіледі, ал реттелмейтін шаралар тексерілмейді. Мысалы, бір жерде сыйлықақыларды төлеу кестесі бүкіл ел бойынша мұғалімдер үшін қолданылатын еңбекақының қатаң бірыңғай шәкілін айналып өтуде жақсы мұғалімдерді ұстап қалу үшін белсенді қолданылған. Ал нормативтік талаптар еңбекақы жөнінде нұсқаулықтарды қамтиды және, тиісінше, мониторинг жүйесіне жатады, сыйлықақы жүйесіне ашық түрде тыйым салынбаған және бұл жайт жергілікті атқарушы органдарға мониторингті аттап өтуге мүмкіндік берді. Шаралардың барлық түрлерін қамтитын кешенді заңдарды әзірлеу қиын болғандықтан, мұндай олқылықтар жергілікті атқарушы органдардың мониторингі бойынша нормативтік талаптардың тиімділігін әлсіретеді. Жергілікті атқарушы органдар жақсы мұғалімдерді ұстап қалу үшін білім жүйесінің пайдасына қарай сыйлықақылар кестесін пайдаланатын еді. Сыйлықақы берудің осы жүйесі төңірегінде мыңға тарта мұғалім 300 000 теңге мөлшерінде біржолғы сыйлықақы алды. Дегенмен сыйлықақы алған мұғалімдердің барлығы расында да тиімді болғаны түсініксіз. Егер мониторинг жүйесін сипаты бойынша біртұтас қылып, оны қайта қарау, оның пайдалылығы нормативтік талаптардың бұзушылықтарын жай тексерумен шектелмей, ол тиімділік жүйесінің анағұрлым кең бағалауын қамтамасыз етеді.

Нормативтік талаптардың сақтауға негізделген мониторингке деген әдісін айқындағанымен, бюджеттер барлық кезде емес бірдей. Қазақстанда жыл бойы бюджетті тоқсан сайын түзетуге рұқсат берілген және игерудің түпкілікті сомасы бюджеттен аспайды. Ұйымдардың бүкіл бөлінген бюджетін көрсетілген жылы пайдалану және ортажылдық түзетулерді сұрау (арттыру жағына қарай) үшін мүмкіндіктері бар. Мониторинг жүйесі және бюджетті түзетуге қатысты оның іске асырылуы арасында олқылық туындайды. Бұл олқылық мониторинг жүйесі үйлесімді бюджетті қамтамасыз ету үшін белгілі бір шарамен байланысты жай шығыстардың емес, ал шаралардың тексерілуін қамтиды ма деген сұрақтарды тудырады.

Қолданыстағы жүйе сақтауды қамтамасыз етуге негізделген және оның тиімділікті, әділдікті, баға мен сапаның арақатынасын толық бағалау үшін жеткілікті әлеуеті жоқ. Мемлекеттік органдардың тиімділігін сақтауды қамтамасыз етуге негізделген бағасы жыл сайын жүргізіледі. Ұлттық және субұлттық органдар әділдік мәселелері үшін салдарды жақсы түсінеді, бірақ тиісті мониторинг тетіктерінің болмауы гендерлік айырмашылықта және өңірлердің арасында айырмашылықтарда байқалатын әділдік проблемаларын азайту үшін талдау жүргізуге мүмкіндік бермейді. Саясат пен бағдарламаларды мектептердің тиімсіздігін қысқарту үшін ресурстармен тиісінше қамтамасыз ету үшін қаржылай да, адами ресурстарының айтарлықтай көлемдері қажет. Бастамаларды жүзеге асыру қажетті ресурстардың құнын айқындаудың және күтілетін нәтижелермен және ықпалмен салыстырғанда, әсіресе ресурстар тапшы болған жағдайда шығыстарды бағалаудың мағызы зор. Алайда шығыстардың айқын, толық және нақты есептемелері – бұл өте сирек құбылыс және ресурстар барлық кезде емес жақсы қолданылады. Жалпы алғанда, мектеп және білім органдары деңгейінде білім беру бағдарламалары мен саясатының әртүрлі шараларының шығыстары мен артықшылықтарын талдаудың сапалы құралдары жоқ деп айтуға болады, сондықтан мектептер мен мемлекеттік органдар жиі кезде білімнің ықтимал нәтижелерінің тиімділігі мен ұтымдылығы мәселелеріне тиісінше назар аудармай, шешімдерді қабылдайды (ЭБДҰ, 2012).

Есептілік жөнінде көптеген талаптар ұлттық және жергілікті атқарушы органдарға жүктеме туралы, ұсынылатын ақпараттың сапасы туралы, деректердегі олқылықтар және олардың негізінде алынатын талдау туралы, ақпараттың өзектілігі туралы мәселені көтереді. Сірә, есептілік рәсімдері стратегиялармен айқындалған индикаторларды жүзеге асыру қажеттілігімен айқындалған. Орта және ұзақ мерзімді болашақта, яғни білім стратегияларының әртүрлі міндеттері орындалған уақытта есептілік рәсімдерінің тұрақтылығы да алаңдаушылық тудырады. Стратегиялық мақсаттарды орындау мерзімінің жақындап келуіне байланысты есептілік процесіне тартылған құрылымдар мен персоналдың тағдыры қандай болатыны түсініксіз.

## ***Мектептер және басқару органдарының деңгейінде аз ақпарат белсенді таратылады***

Мектеп бюджеті туралы ақпараттың ашықтығын жақсарту үшін мүмкіндік бар. Мектептер мен жергілікті білім органдарының бюджеттері сұрауы бойынша ұсынылуы мүмкін, бірақ бюджет баптары бойынша шағын ғана түсініктемені қамтитын қолданылатын форматты ата-аналар мен азаматтарға түсіну және мектептердің есеп берушілігін қамтамасыз ету қиын. Мектеп бюджетінде кейбір баптар ескерілмейді, мысалы, заттай нысанда сыйлықтар және қайырмалдықтар. Аудандық деңгейде мектептердің жекелеген бюджет есептерін біріктіру облыстық және республикалық органдарға мектеп деңгейінде талдау жүргізуге кедергі жасайды.

Мектеп бюджетінде ескерілмейтін ата-аналардың жарналарына қатысты айқындылықты арттыру төрт себеп бойынша пайдалы болушы еді. Біріншіден, бұл барлық шығыстардағы мұқтаждықты жақсырақ бағалауға, сондай-ақ отбасыларға қандай жақсы өзгерістердің жасалғанын түсінуге және мектеп деңгейінде болашақ қажеттілігін айқындауға мүмкіндік берер еді. Екіншіден, білім беру органдарына стратегиялық шешімдерді қабылдау кезінде осы жарналарды ескеруге мүмкіндік беруші еді. Үшіншіден, осы ақпараттық жарияланғаны есеп берушілікке әсерін тигізеді алады: ата-аналар бірлестіктерінің қаржы есептерін және қаржылық басқару туралы есептерді нақты, уақытылы және кеңінен тарату білім беру органдарына және ата-аналарға бұл бірлестіктердің есеп берушілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берер еді. Ең ақырында, айқындылықты арттыру осы кеңінен таралған құбылысты қалпына келтіріп, осылайша, оның әлеуетті келеңсіз салдарын шешу үшін саясат шараларын жүзеге асыруға ықпал етуші еді.

Ресурстарды пайдалану мониторингінде қамқоршылық кеңестерінің рөлі әлі даму үстінде, алайда олардың болуы мектеп деңгейінде айқындылық пен есептілік рәсімдерін жақсарту үшін мүмкіндіктерді ашады. Қамқоршылық кеңестерінің жұмысы туралы жуырдағы есепте белгіленгендей, олардың өз функциясының және қалай әрекет жасау керектігі туралы нақты және жалпы түсінігі жоқ болса керек (Сандж-ФСК, 2013).

*Ұлттық, өңірлік және жергілікті деңгейлерде ресурстардың таратылуы одан да бетер айқын болуы мүмкін*

Жергілікті атқарушы органдардың мектептер арасында ресурстарды тарату кезінде шешімді өз қалауынша қабылдау құқығы бар, тіпті, егер, теориялық тұрғыдан, олар нормативтік талаптарды сақтауға тиісті болса да. Жергілікті деңгейде бюджет айқындылығы жоқ, себебі көптеген мектептердің орталықтандырылған есепке байланысты жеке өздерінің бюджеті жоқ; және бюджет туралы ақпарат әдетте ата-аналарға және мектеп директорына ашылмайды. Облыстық және аудандық деңгейлерде жылдық бюджеттік процесс төңірегінде қоғамдық консультациялар өткізіледі. Жалпы алғанда, Қазақстанда халық ұлттық органдардың бюджеті мен қаржы қызметі туралы ақпараттың тек бір бөлігін ғана алады (Халықаралық бюджеттік әріптестік, 2012). «Сандж» зерттеулер орталығы Қазақстанда 2005 және 2010 жылдар жүргізген екі зерттеу көрсеткендей, Қазақстанда Бюджеттің ашықтық индексіне сәйкес бюджет құжаттарын жариялау саласын жақсарту үшін айтарлықтай мүмкіндіктер бар. Қазақстан 100-ден 38 ұпай жинады, бұл нәтиже мемлекеттік бюджеті және мемлекеттік қаржы әрекеттері туралы ақпараттың өте аз екендігі туралы куәландырады (Халықаралық бюджеттік әріптестік, 2010). Бюджеттегі айқындылықтың тежемілігі мен тепе-теңдігісіз, кейбір мектептер тиісінше негіздемесі болмай, басқа мектептерге қарағанда, көбірек қаражатты алуы мүмкін, бұл бір аудан не облыс ішінде қаражаттың әділ емес таратылуына әкеледі (Дүниежүзілік банк, 2013а). Осы біржақты өкілеттіктер бюджеттің қайта таратылуы жергілікті деңгейде шешімдерді қабылдау бойынша қаржы департаменттерінің өкілеттіктеріне байланысты қажеттілікті дұрыс бейнелемейтініне әкеп соғады. Көптеген елдерде шектелген ресурстардың тиімді және мақсатты қолданылуын қамтамасыз ету үшін айқындылықты арттыру бойынша шаралар қабылдануда.

### ***Бүкіл жүйеде ресурстарды дұрыс бөлмеу үшін мүмкіндіктер бар***

Айқындылық пен есеп берушіліктің осал тетіктері білім жүйесінің әртүрлі деңгейлерінде, сондай-ақ басқа салаларда ресурстарды теріс пайдалану үшін мүмкіндіктерді ашады. Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы

полициясы) деректеріне сәйкес, 2013 жылдан бастап Қазақстанда 1,5 млрд. астам АҚШ доллары жұмсалды. Бүкіл білім беру жүйесінде ресурстарды дұрыс емес пайдалану үшін мүмкіндіктер бар. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыстардың саны мектепке дейінгі мекемелерде орындарды беруге, тамақтандыру жүйесіне, директорларды тағайындауға байланысты төменгі деңгейлерде өсіп кетті (TengriNews, 2014). 2013 жылы Қазақстан алғаш рет «TransparencyInternational» дүниежүзілік сыбайлас жемқорлық барометріне енгізілді. Шамамен респонденттердің 55% білім беру жүйесінде «сыбайлас жемқорлықтың таралғанын» немесе «қатты таралғанын» белгіледі. Бұл полициядағы (66%) немесе сот жүйесіндегі (63%) көрсеткіштермен салыстырғанда, төмендеу, бірақ қызметтердің басқа секторларына (мысалы, денсаулық сақтау) немесе топтарына (мысалы, парламент, шенеуніктер, бұқаралық ақпарат құралдары) қарағанда, айтарлықтай жоғары. 31% респондент өздерінің не олардың отбасындағы мүшелердің алдыңғы 12 айдың ішінде білім беру қызметтері үшін параны бергенін айтты. Бұл көрсеткіш, тек полиция мен жер қызметтерінен ғана, төменірек. Пара беру себептері мынадай: тарту не алғысын білдіру (39%), қызметтің алынуын тездету (33%), қызметті алу (19%), төмендеу бағаны алу (8%).

Сыбайлас жемқорлық мәселелері өте маңызды, себебі халықтың қауқарсыз топтарына ерекше зиян тигізіп және біреуді үнемі сүйемелдеу, парақорлық және алдау сияқты құндылықтардың және қатынастардың дамуына ықпал етіп, тиімділік пен өнімділікке қатер төндіруі мүмкін. Әдеттегідей, елдің сыбайлас жемқорлық деңгейі халықаралық бағалау бағдарламалары бойынша нәтижелерге тура пропорционалдық болып табылады. Одан басқа, білімге мемлекеттік шығыстарды көбейту сыбайлас жемқорлыққа ең аз шалдыққан және өте сапалы мемлекеттік аппараты бар елдерде ғана бастауыш білімін аяқтау деңгейінің айтарлықтай артуына алып келеді.

Заңнамадағы олқылықтар ресурстарды дұрыс емес пайдалану және теріс пайдалану үшін мүмкіндіктерді жасайды. Олқылықтар мониторинг тетіктерінің және айқындылықтың қорғау шараларының айналасында айналма жолы болғанымен, сарапшылар кездескен мүдделі тараптар мұндай жағдайларды сыбайлас жемқорлық әрекеті ретінде санамайтын еді. Ресурстарды дұрыс емес пайдалану үшін мүмкіндіктер орталықсыздандырылған және көптеген мүдделі тараптарға қолжетімді болды, бұл жергілікті деңгейде сыбайлас жемқорлық үшін жаңа мүмкіндіктердің пайда болуына әкелді (ЮНЕСКО / ПЕР, 2007).

Сапасыз қызметтер артықшылықтарды алудың ресми емес әдістерінің пайда болуына әкеледі. Білімді не дипломды алу үшін төленетін заңсыз төлемдер барлық деңгейлерде білім процесін бұрмалайды (ЮНЕСКО / ПЕР, 2007). Мұндай төлемдер кедейлерге қатты ауыртпалық болып табылады және оқуды тәмәмдаған соң болашақта жұмысқа орналастыру үшін салдары бар. Ал ең маңыздысы, халық, сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейіне шағымданғанымен, пара беру арқылы қандай да бір мәселелерді шешудің не қызметтерді алудың бейресми және тез әдістерін артық көреді.

## **Саясат жөніндегі ұсынымдар**

### ***Мектептердің басшы кадрларының басқарушылық дағдыларын күшейту***

Ресурстар менеджменті саласында әлеуетті барлық деңгейде дамыту дербестікті жоғарылату үшін міндетті алдын алу шарты болып табылады. Ресурстар менеджменті саласында әлеуетті арттыру үшін жергілікті деңгейде арнайы оқыту бағдарламаларын әзірлеу қажет. Мектептердің басшылары үшін бұл ресурстар менеджментіне оқытуды басшы кадрларды дайындау бағдарламаларына қосуды білдіреді (4-Тарауды қараңыз). Ресурстар менеджменті бойынша курстар жергілікті атқарушы органдары үшін де пайдалы болатын еді.

Бұдан басқа, мектептерді басқарудың барлық деңгейі үшін (мектептердің басшылары, аудандық шенеуніктер, облыстық шенеуніктер) және білім берудің әртүрлі деңгейі үшін (мектепке дейінгі, бастапқы, жалпы орта, кәсіптік) қаржы қызметі және мектептердің менеджмент әдістері бойынша нұсқаулықтар қажет, олар әзірленіп, кеңінен таралуы тиіс. Уақыты келе, Министрлік барлық мүдделі тараптардың әртүрлі қажеттіліктерін айқындайтын нұсқаулықтар жиынтығын әзірлеуі тиіс болады. Мұндай нұсқаулықтардың тақырыбы қаржылық басқаруды, соның ішінде

бюджеттік өтінімдерді беруді (мектептердің директорлары үшін) және бюджеттік өтінімдерді бағалауды (аудандық және облыстық шенеуніктер) қамтуы тиіс.

### ***Ресурстарды тиімдірек пайдалануды көтермелеу үшін ынталандыру жасау***

Қолданыстағы нормативтік талаптар жүйесінен тиісті ынталандыру жүйесіне өту – қиын процесс, себебі алдын айтып өткендей, нормативтік талаптар кейбір мектептер үшін қорғаушы рөлді атқарады және олардың күшін жою, егер, ашықтық шарттары қанағаттандырылмаған болса, ресурстар бенефициарларын қауіпті жағдайға қояды. Басқа сөзбен айтқанда, оқыту сапасын және реформаларды жүзеге асыру барысында, сондай-ақ болашақ реформаланған білім беру жүйесінің шеңберінде мектептер ресурстарының жеткіліктілігін қамтамасыз ету үшін қорғау шараларын қабылдау қажет болады.

Есептің басқа бөліктерінде егжей-тегжейлі қарастырылатын, тиімділікті арттыру үшін кейбір мүмкіндіктер, мысалы, мектептерді, жергілікті және өңірлік органдарды тиімділікті арттыруға көтермелейтін және үнемделген қаражаттарды өздеріне қалдыруға мүмкіндік беретін жан басына шаққандағы қаржыландыру формуласын енгізуді қамтиды. Бұл бюджеттік процеске қатысты нормативтік талаптардың әлсіреуімен көмектеседі және бюджетте белгілі бір соманы ұсынуды қамтуы тиіс, оны мектептердің өз қарауынша олардың басымдықтарына сәйкес пайдалану мүмкін. Алдыңғы жылдан үнемделген қаражаттар өз қарауынша пайдаланылатын сол сомаға енгізілуі мүмкін.

### ***Мониторинг тетіктерін және деректер жинағын жақсарту***

Қазақстанның білім беру жүйесінің сыртқы және тәуелсіз мониторингін жасқарту үшін үлкен әлеует бар. Қазақстан оның мониторинг жүйесінің шегінде алатын деректерлердің ауқымды көлемі саясаттың және дамудың көптеген мақсаттарына қызмет етеді. Жақсы жұмыс істейтін мониторингтің жүйесін әзірлеу кез келген мемлекет үшін ауыр міндет болуы мүмкін және оларға он жыл және одан көп уақыт қажет болуы мүмкін (Дүниежүзілік Банк, 2010). Алайда осындай жүйенің пайда болуымен қатар мониторингтің тиісті механизмдерімен байланысты жаппай пайдалар да туындайды: мектептердің ресурстарын пайдалану индикаторларды салыстыру және олардың мониторингі саясатты жоспарлауды және жүзеге асыруды жетілдіру үшін негіз жасай отырып, кез келген мемлекетке өзінің білім беру жүйесін тез бағалауға мүмкіндік береді (Дүниежүзілік Банк, 2013b).

Қазақстанда мониторинг жүйелерінің тиімділік мәселелері алаңдатушылық туғызады, себебі тәуелсіз және сыртқы бағалау органы жоқ. Қолданыстағы мониторинг жүйесі білім беру жүйесі тиімділігінің өзін-өзі бағалау жүйесі болып табылады. Ұлттық және жергілікті органдары үшін өзін-өзі бағалау жүйесі, сондай-ақ сыртқы бағалау жүйесі де тиімді болады, себебі бұл бір тәсілді пайдаланумен байланысты қиындықтарды азайтуға мүмкіндік береді. Алайда ресурстарды пайдаланудың сыртқы тәуелсіз мониторинг жүйесі басымды болуға тиіс. Сыртқы және тәуелсіз органдар қолданыстағы мониторинг жүйелері шеңберінде алынатын көп деректерлердің талдауын күшейтетін еді.

Сондай-ақ деректерлер жинағының жүйесін және тәжірибесін жетілдіру қажет. Сыртқы тәуелсіз мониторингтің жүйесіне қоса деректерлердің тереңдетілген талдауын мектеп деңгейінде жүргізу үшін деректерлер жинағының жүйесін және тәжірибесін жетілдіру қажет. Дәлірек айтқанда, деректерлерді жинаудың және өңдеудің әрбір кезеңінде деректерлердің сапасын қамтамасыз ету рәсімін енгізу қажет. Бұл деректерлердің дұрыстығы мен дәйектілігін айтарлықтай арттырады. Бұдан басқа, деректерлердің тереңдетілген талдауы белгіленген талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге шоғырландырылған, бар болған тәсілден ауытқу болып табылады. Деректерлерді жинау жүйелерін күшейту мониторинг жүйесінің көптеген аспектілерінде жақсы айқындалатын болады және ол ел ішінде Жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу бойынша алдағы уақыттағы міндеті үшін қажет болады. Сондай-ақ мектептердің сыныпталуын қайта қарастыру қажет. Мониторинг жүйесі барлық мектептерді қамтуға бағытталған, сол бір уақытта шағын жинақталған мектептер көбінесе үлкен мектептер сияқты қарастырылады. Мұндай көзқарас ресурстардың шексіз қол жетімділігі мен бар болуы жүйесінде аз проблема туғызатын

еді. Алайда, шын мәнісінде, шағын жинақталған мектептердің қажеттілігі мен ресурстары өте ерекшеленеді. Мониторинг жүйесінде шағын жинақталған және үлкен мектептерге тең қарауы шағын жинақталған мектептердің қолайсыз жағдайға тап болуына әкеп соқтыратын сияқты. Жүйеде шағын жинақталған мектептердің бейінін арттыру қажет. Осы мектептердің мониторингін жақсарту және әсіресе ауылдық жерлерде білім беру сапасын арттыру үшін шағын жинақталған мектептерді анықтауда нақты жетекшілік принциптерді қабылдау қажет.

#### *Бюджетті атқарудың айқындылығы мен мониторингін күшейту*

Білім берудің әртүрлі деңгейі мен секторлары арасында ресурстарды бөлуді бақылау қажет. Үкіметті ресурстарды пайдалану туралы нақты ақпаратпен қамтамасыз ету үшін Қазақстан білім берудің шығындары бойынша, деңгейі мен секторлары бойынша бюджеттік есептілік жүйесін енгізуі қажет. Білім және ғылым министрлігі білім беру секторларын салыстырмалы қаржыландыру Үкіметтік басымдықтарға сәйкес келетінін анықтау үшін жан басына шаққандағы шығындарды сыныптардың оқу нормаларымен және көлемімен салыстыру қажет. Мысалы, мектепке дейінгі және кәсіби білім мектеп біліміне қарағанда, біршама көп немесе аз қаржыландырылуы мүмкін. Бұл жағдайда, секторлар арасындағы азғана қайта бөлу білім берудің тиімділігін арттырар еді. Осылайша, білім берудің басқа секторларымен салыстырғанда НЗМ мектептерін қаржыландыру және кадрлық қамтамасыз ету деңгейі туралы ақпаратты жариялау қажет.

Сондай-ақ, инвестициялар үшін қаражаттардың көзі туралы (республикалық, жергілікті, сыртқы) ақпаратпен білім беру секторында барлық ағымдағы және күрделі шығындар бойынша ұлттық бюджеттік есептілікті енгізу қажет. Бюджеттің атқарылуы туралы барлық егжей-тегжейлі ақпаратты қамтитын бюджеттік есептерді ұсыну қажет; Білім және ғылым министрлігі осы есептерді жасап, қолдайтын еді; және оларды жұртшылыққа жариялайтын еді. Осы есептердегі ақпарат біріктіріле ғана қоймай (мысалы, облыс деңгейінде), білім берудің жеке ұйымдары бойынша да ұсынылғаны өте маңызды. Бюджеттік есептерді кейінгі жылдарда салыстыру үшін білім берудің барлық ұйымдарына тиісті кодтар жасау қажет. Бұл үшін білім берудің ұлттық деректерлер базасында мектептердің қолданыстағы кодтар жүйесін пайдалануға болады.

#### ***Өнімділікке негізделген тиімділікті талдауға көп назар аудару***

Талдау әлеуетті күшейту Үкіметке саясатта жоспарланған өзгерістерді тиімдірек жүргізуге көмектеседі. Сыртқы аудит механизмдерінің жоқтығымен және сот төрелігінің дамып келе жатқан жүйесімен бірге үйлестікте бухгалтерлік есеп, мониторинг және бақылау саласында бар болған төмен талдау әлеуеті алаяқтықты анықтау үшін мүмкіндіктерді төмендетеді (ЮНЕСКО / ПЕР, 2007). Білім деңгейі, шығындар санаттары, елді мекендері немесе тіпті жеке мектептер бойынша білімге жұмсалатын шығындар туралы егжей-тегжейлі бюджеттік есептілік бар болған жағдайда, Қазақстандағы саясатты әзірлеушілер өз шешімдерін қабылдауда оны қолдану үшін ресурстарды пайдалану туралы нақты ақпаратты ала алады. Бұдан басқа, егжей-тегжейлі қаржылық және қаржылық емес деректерлердің жақсы талдауы саясат бойынша шешімдердің сапасын айтарлықтай арттыруы мүмкін, өйткені сақтауды қамтамасыз етуге негізделген қолданыстағы тәсіл оны жасай алмайды.

Қолданыстағы мониторинг жүйесі Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен көзделген көп сандық индикаторларды қамтиды, бірақ қызметтің нәтижелерімен салыстырғанда, ресурстарды пайдалану тиімділігін өлшеу бойынша үлкен жұмысты көздемейді. Тиімділік негізінде субұлттық деңгейде мониторинг аз жүргізіледі. Білім беру жүйесінің барлық деңгейінде тиісті нәтижелерді қадағалаумен сапалы және егжей-тегжейлі ақпаратқа негізделген бюджеттік процесс ресурстарды пайдалану тиімділігін айтарлықтай арттыруы мүмкін.

Жергілікті атқарушы органдардың және мектептердің деңгейінде ресурстарды пайдалануда дербестілік пен есептілікті арттыру сектордың тиімділігін одан әрі арттыруы мүмкін. Білім беру секторын бюджеттік қаржыландырудың жай сандық көбеюлері (мысалы, мұғалімдер еңбек ақысының жаппай көбеюі) білім беру жүйесіндегі есептілік пен мониторингтің тиісті жүйелі



реформаларынсыз білім беру секторында тиімді өсудің мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз етпейді деп белгілеп өтуге болады.

### ***Мектеп деңгейінде ақпаратты белсенді ашу***

Қазақстан білім беру бойынша мектептердің және жергілікті атқарушы органдардың бюджеттері туралы ақпаратты қоса алғанда, мектептердің және жергілікті атқарушы органдардың деңгейінде қызмет туралы ақпараттың таралуын жақсартуы қажет. Сол бір уақытта, есептерді тарату есептілік процесіндегі тағы бір ауыртпалық міндет сияқты түсінілуі мүмкін, білім беру саласындағы бақылау органдарына (дәлірек айтқанда, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті) ата-аналар мен сайлаушылар олардың қоғамдастығындағы мектептер қалай жұмыс істейтіні және мектептердің ресурстары қалай пайдаланатыны туралы білу үшін бірыңғай, ұлттық деңгейде қабылданған форматты пайдалануға мүмкіндікті қарастыру керек. Бұл кең жұртшылық үшін түсінікті тілдегі аттестаттау туралы есептің жариялымын қамтуы мүмкін (4-Тарауды қараңыз). Бұл есепте жасырын ақпараттың жариялық релизі, мысалы мектепті аттестаттау туралы есепте көрсетілетін бұзушылықтарға жауапты адамдардың аттары көрсетілмеуге тиіс. Осылайша, мектеп директорлары мектептің қызметі және қаржы жоспары туралы өзінің есептерін, дәл сонымен айқындылықты арттыра отырып оларды веб-сайтта немесе мектептің ақпараттық тақтасында түсінікті тілде таратуға тиіс.

Мектептің «үлгерімдік жиынтық табелі» - айқындылықты жақсартудың тағы бір тәсілі. Бірнеше елдер ата-аналар мен жергілікті жұртшылықты мектептің қалай жұмыс істейтіні туралы хабардар етуі үшін мектептің «үлгерімдік жиынтық табельдерін» жұртшылыққа жариялайды. Мұндай «үлгерімдік жиынтық табельдері» оқушыларды мектеп деңгейінде оқытудың нәтижелері (мысалы, стандартталған ұлттық бағалаушы құралдарда негізделген қосымша оң шаралары), оқушылар контингентінің әлеуметтік-экономикалық сипаттамалары және мектепте бар болған ресурстары туралы ақпарат сияқты осындай ақпараттарды қамтиды. Пәкістанда мектептік жиынтық табель және оқушылардың үлгерімдік табелі жұртшылыққа және ата-аналарға қол жетімді болатын эксперимент жүргізілді, онда 3 сынып оқушыларының өз көрсеткіштерін стандарттық ауытқудан 10%-ға жақсартқаны белгіленді (Андраби и Хвая, 2009). Бангладеште үлгерімдік жиынтық табелі бастапқы мектептегі заңсыз қаржы жинау туралы ақпаратты ұсынады (Кәрім, 2004). «Үлгерімдік жиынтық табель» бағдарламасының тиімділігі әлі талқылануда, өйткені көптеген ауқымды бағдарламалар мұқият бағаланбаған. Бразилия штаты Паранда үлгерімдік жиынтық табелі 1999 жылдан бастап 2002 жылға дейін қолданыста болған, бірақ егжей-тегжейлі бағаланбаған еді (Брунс және басқалары, 2011). Чилиде бағдарлама ата-аналар мен жұртшылықты олардың жергілікті мектептері туралы хабардар етті, аталған бағдарлама оқушылардың үлгеріміне ықпал ету тиімділігін бағалауға ұшырамаған (Мизала и Уркиола, 2007). Алайда осы үлгерімдік табелі білім беру саласында саяси шешімдерді қабылдау үшін құрал ретінде жүзеге асырылғанда, жоғары сапалы деректерлердің бар болуымен айқындалады және мектептің оқушылар үлгеріміне нақты салымы туралы жұртшылықты хабардар етуге ықпал етеді.

### ***Жұртшылықтың мектептер қызметіне бюджеттік айқындылыққа қосымша ретінде қатысуын мектеп деңгейінде күшейту***

Жалпы, бюджеттің айқындылығы оң мемлекеттік саясат болып табылады, ол мектептердің ресурстарын пайдаланудың тиімділігі мен ұтымдылығын арттырады деп есептелінеді. Ресурстар жайылып кететін елдерде бюджеттің айқындылығы жайылуларды төмендетіп, мектептерге ресурстардың ағымын жақсартты (Рейника және Свенссон, 2005). Бірақ айқындылық пен есептілік бастамаларының ықпалы туралы жақындағы жүргізілген шолу білім беру саласында мұндай бастамаларды жүзеге асырған біршама елдерді анықтады, және сәйкесінше, оқыту нәтижелеріне ықпал ету дәлелдемелері аз (Макги және Гавента, 2011). Салыстырма үшін, Сальвадорда, Камбодже, Аргентинада мектептердегі шешімдерді, соның ішінде бюджетті пайдалануға қатысты шешімдерді қабылдау процесінде қоғамдастықтардың қатысуы оқушылардың оқу жетістіктеріне қолайлы ықпал етті деп дәлелденген (Дүниежүзілік Банк, 2003).

Осы мәнмәтінде олардың отбасы мүшелеріне білім беру және ресурстар мәселесінде олардың әлеуетін арттыруға оқытуды ұсына отырып, қамқоршылық кеңестердің пайдалылығын одан әрі

арттыруы мүмкін. Қамқоршылық кеңестер мектеп деңгейінде белгіленген тәсілге байланысты күнделікті жұмыс істемейтінге ұқсайды. Қамқоршылық кеңестердің пилоттық сипаты және оларды бүкіл елге таратуға қатысты айқынсыздығы жұмыстың формальды хаттамасының жоқтығын куәландырады. Қамқоршылық кеңестер республикалық және жергілікті органдардан көп басқарушы қолдау алуға тиіс. Олардың мүшелерін іріктеуге, дәлірек айтқанда кеңестерге қажетті өкілеттіктердің саласына жіті назар аудару керек. Бұдан басқа, қамқоршылық кеңестердің жұмыс істеуін жақсарту үшін республикалық және жергілікті органдарға, олар мектептердің қаржылық жоспарларын талқылап, талдау үшін олардың әлеуетін дамыту қажет. Әлеуетті дамыту бойынша іс шаралар: (i) айқындылық пен есептіліктің бар болған механизмдерін түсіну; (ii) мектептердің ресурстарын пайдалану мониторингі; (iii) жергілікті органдардан тәуелсіз жұмыс; (iv) білім беру ресурстарын пайдалануда әділдік пен тиімділік мәселелерін түсіну сияқты бағыттарда қамқоршылық кеңестердің білімдерін арттыруға бағытталуы тиіс.

### ***Сыбайлас жемқорлық үшін мүмкіндіктердің жолын кесу және қысқарту***

Ресурстарды дұрыс емес пайдалану және сыбайлас жемқорлық үшін мүмкіндіктерді қысқарту ең басты басымды міндет болуы керек. Егер, сыбайлас жемқорлық үшін мүмкіндіктерді қысқартпаса, бұл ресурстарды пайдалану тиімділігіне және айқындылық пен есептілік рәсімдерін қолдануда қауіп төндіретін болады және әділдікке зиян келтіруі мүмкін. Шын мәнісінде, егер, білім беру жүйесінде сыбайлас жемқорлықты жоймаса, онда ресурстарды пайдалану тиімділігін жақсарту әрекеттері маңыздылығын жоғалтады. Алайда айқындылық пен есептілік жүйесін жақсарту жүйедегі сыбайлас жемқорлықты азайту үшін бір жақты тәсіл болып табылады. Білім беру жүйесін жақсарту үшін ресурстарды дұрыс емес пайдалануда қолданылатын мүмкіндіктер мен олқылықтарды қысқарту жөнінде қосымша саясат қажет. Мұндай тәсіл ресурстарды пайдалану мониторингінің және айқындылық пен есептілік жүйелерін жүзеге асыру арасындағы балансты қажет етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында билік мұндай жағдайларды анықтауы, шығындар туралы хабардар етуі және қызметтік әшкерелеуді ынталандыруы қажет. Сыбайлас жемқорлықтың себептері экономикалық проблемаларда, заңнамада және өлшемдерде (яғни, айқынсыздық, толықсыз, өте қиын, белгісіздік), мәдениетті тәжірибесінде, әлсіз мемлекетті басқаруда (әлеует, бақылау) және заңдардың сақталуын қамтамасыз етуде және қоғамдастықтың төмен деңгейде қатысуында болуы мүмкін. Ұлттық және жергілікті органдар негізгі мүдделі тараптарды хабардар ету және ағарту, қоғамдастықты тарту және жұмылдыру жолымен сыбайлас жемқорлықты анықтауға деген көп жақты тәсілді қабылдауы мүмкін. Қазақстан Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі агенттіктің (Қаржы полициясы) жұмысына негізделе отырып, білім беру саласындағы бұзушылықтармен ағымдағы жағдайды анықтау үшін сыбайлас жемқорлық бойынша жүргізілген өзінің зерттеулерін қолдануы мүмкін. Алайда саясатты әзірлеушілер оларды тағы бір зерттеуді жүргізу үшін емес, шешімдерді қабылдау кезінде пайдалану үшін зерттеулердің деректерлерін дәйекті талдап, әрі қарай жүруі қажет. Бұдан басқа, сыбайлас жемқорлықтың мүмкіндіктерін азайту қажет, мысалы мұғалімдердің этикасын әзірлеп, мүдделердің әлеуетті дауын анықтау және дұрыс емес есептілікті ұсынуға ынталарды қысқарту үшін нормативтік құжаттарды қайта қарастыру керек. Бухгалтерлік есеп, шығындарды қадағалау, ақпараттық басқару бойынша тиісті оқытудың және құралдардың және бақылау механизмдерінің көмегімен әлеуетті дамыту да теріс пайдалануларды анықтауға ықпал ететін болады. Кеңінен талқылағанда, айқындылықты арттыру, қаржылай операцияларды компьютерлеу және автоматтау адамдардың әлеуетті араласуын төмендетеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша іс-қимылдардың Стамбулдық жоспарының (IAP) шеңберінде дайындалған жақын арадағы ЭЫДҰ есебінде белгіленгендей, Қазақстанға негізгі мүдделі тараптарды тартумен, мемлекет сыбайлас жемқорлық саласында кездесетін негізгі проблемаларды айқындайтын мақсатты шаралары мен мақсаттарды анықтаумен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша жаңа стратегияны жақсылап тұжырымдау қажет деп белгіленген (ЭЫДҰ, 2014). Дәлірек айтқанда есепте мына ұсыныстар қамтылған: *i)* сыбайлас жемқорлықтағы айыптауды халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру; *ii)* заңды тұлғалардың сыбайлас жемқорлық үшін нақты және тежеуші жауапкершілігін қамтамасыз ету; *iii)* прокурорлардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мамандығын құру; *iv)* халықаралық стандарттарға

сәйкес әрі қарай кідіріссіз, ақпаратқа қол жетімділік туралы заңды қабылдау; *v*) сот жүйесінің тәуелсіздігі мен әділдігін қамтамасыз ету; *vi*) бизнес-ассоциациялармен бірге қазақстандық компанияларда әділдік пен тиісті басқаруға көмектесу; *vii*) мемлекеттік қызметкерлердің оларда болған активтер туралы декларациялардың тексерілуін және жариялануын қамтамасыз ету. (ЭЫДҰ, 2014)

## Әдебиет тізімі

- Андраби, Т.Ж. Дас и А. Хвайа (мамыр 2009). Мектеп үлгерімінің жиынтық табелі: Мектептің және балалардың тест баллдарының білім нарығына ықпалы
- Азиаттық даму банкі (2004), *Өтпелі экономикасымен елдерде білім беру реформалары: саясат және процестер*, Әзірбайжанда, Қазақстанда, Қырғызстанда, Монғолияда, Тәжікстанда, Өзбекстанда Азиаттық даму банкі жүргізген елдер бойынша алты нақты зерттеулер, Азиаттық даму банкі, Манила, [www.pitt.edu/~weidman/2004-educ-reforms-countries.pdf](http://www.pitt.edu/~weidman/2004-educ-reforms-countries.pdf).
- Брунс, Б., Д. Филмер и Х. Патрионс (2011). Мектептердің жұмысын ұйымдастыру: есептілік реформалары туралы жаңа дәлелдемелер.
- Қазақстан Республикасының Үкіметі (2010), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 2 ақпандағы № 54 қаулысы.
- Ақпараттық-талдау орталығы (АТО) (2014), *Мектептерде ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру саясаты: Қазақстан бойынша елдік негізгі баяндама» ОЫДҰ-ға шолу*, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Ақпараттық-талдау орталығы, Астана: [www.ЭЫДҰ.org/edu/school/schoolresourcesreview.htm](http://www.ЭЫДҰ.org/edu/school/schoolresourcesreview.htm)
- А. Р. Ибраева, және Т. Г. Нежина (2013), [Қазақстандағы мемлекеттік сектордың реформалары] : *Кешегі коммунистік елдерде мемлекеттік басқару: бұрынғы Совет Кеңесі, Орталық және Батыс Еуропа, Монғолия*, CRCPress, Лондон, <http://www.crcpress.com/product/isbn/9781439861370>.
- Халықаралық бюджеттік әріптестік (2012), *Бюджеттің ашықтығын зерттеу 2012, Қазақстан*, Халықаралық бюджеттік әріптестік, Вашингтон, Колумбия округі.
- С. Карим, Білім берудегі ашықтық: Бангладеште мектеп үлгерімінің жиынтық табелі. Париж: Білім беруді жоспарлау жөніндегі халықаралық институты
- Р. Макги и Дж. Гавента (2011), *Біліктің ауысуы ма? Айқындылық пен есептіліктің бастамаларына ықпал ету бағасы*. Даму саласындағы зерттеу институты, Брайтон, [www.ids.ac.uk/publication/shifting-power-assessing-the-impact-of-transparency-and-accountability-initiatives](http://www.ids.ac.uk/publication/shifting-power-assessing-the-impact-of-transparency-and-accountability-initiatives)
- Мизала, А. және М. Уркиола (2007). Мектеп нарықтары: мектептер тиімділігінің дұрыстығы туралы ақпараттың ықпалы, NBERWorkingPaper 13676, Кембридж, Экономикалық зерттеулердің ұлттық бюросы
- ҚР БҒМ (2010), *Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы*, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы.
- ЭЫДҰ (2014), *Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі реформалар: мониторинг есебінің үшінші кезеңі*, есеп 2014 жылы 10 қазанда Парижде ЭЫДҰ-ның штаб-пәтерінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша іс-қимылдардың Стамбулдық жоспарына арналған жалпы отырысында қабылданды, Батыс Еуропа және Орталық Азия ердерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес желісі, [www.transparency.org/gcb2013/country/?country=kazakhstan](http://www.transparency.org/gcb2013/country/?country=kazakhstan).
- ЭЫДҰ (2013), *Батыс Еуропа және Орталық Азия ердерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресжөніндегі реформалар: прогресс және шақыртулар, 2009-2013, Батыс Еуропа және Орталық Азия елдерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес*, ЭЫДҰPublishing, Париж, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264201903-en>.

- ЭЫДҰ (2012), *Білім беруде әділдік және теңдік: нашар оқитын оқушыларға және мектептерге қолдау көрсету*, ЭЫДҰPublishing, Париж. <http://dx.doi.org/10.1787/9789264130852-en>.
- Пуасон (2010), [Сыбайлас жемқорлық және білім беру], ЮНЕСКО ПЕР, білім беру саясаты бойынша құжаттардың сериясы, № 11, Париж.
- Р. Помфрет (2014), *«Қазақстан-2030» стратегиясы: мақсаттар, құралдар және орындау*, 2014 жылы 4 қаңтарда Филадельфияда Американдық экономикалық ассоциациясының жыл сайынғы конференциясында Қазақстанның экономикалық стратегиясына арналған Салыстырмалы экономикалық зерттеулер бойынша ассоциация тобының отырысында ұсынылған құжат, [www.aeaweb.org/aea/2014conference/program/retrieve.php?pdfid=274](http://www.aeaweb.org/aea/2014conference/program/retrieve.php?pdfid=274).
- Р. Реникка және Дж. Свенссон (2005), [Мектеп білімін жақсарту үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес: Угандада ақпараттық компанияның жүзеге асыру тәжірибесі], *Journal of the European Economic Association*, 3 Том, № 2-3, 259–267 беттер.
- Қазақстан Республикасы (2010), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 2 ақпандағы № 54 қаулысы, Астана.
- «Сандж» зерттеу орталығы/ Сорос Қазақстан қоры (2013), *Мектеп директоры үшін қаржы сұрақтар*, «Санж» зерттеу орталығы, Астана.
- Transparency International (2013), *Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі*, Берлин.
- Tengri News (2014a), *Қазақстанның білім беру жүйесінде сыбайлас жемқорлық*, Tengri News, Алматы.
- Tengri News (2014b), *Қазақстанда қаржы полициясы таратылған*, Tengri News, Алматы.
- Дүниежүзілік банк (2014), *Қазақстанның білім беру жүйесін күшейту: 2009 және 2012 жылдарға арналған PISA нәтижелерін талдау*, Дүниежүзілік Банк, Вашингтон, Колумбия округі.
- Дүниежүзілік Банк (2013a), [Қазақстан: мектептердің дербестілігі және есептілігі], *SABER елдік есебі*, Дүниежүзілік Банк, Вашингтон, Колумбия округі.
- Дүниежүзілік Банк (2013b), [Мектептердің қаржысы үшін не маңызды: шекті құжат], *SABER жұмыс құжаттарының сериясы*, № 2 (2013 жылғы сәуір), Дүниежүзілік Банк, Вашингтон, Колумбия округі.
- Дүниежүзілік Банк (2012), *Қазақстан: дамытуға трансферттер*, № 70923-KZ есебі (2012 жылғы 9 қазан), Дүниежүзілік Банк, Вашингтон, Колумбия округі.
- Дүниежүзілік Банк (2010), *Нәтижеге бағдарланған бюджеттеу нәтижелері және мемлекетке деген сенім*, Дүниежүзілік Банк, Вашингтон, Колумбия округі.

## **А-ҚОСЫМШАСЫ. МЕКТЕПТЕРДЕ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ БОЙЫНША ЭЫДҰ-ҒА ШОЛУ ЖҮРГІЗУ**

**Мектептерде ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру саясаты бойынша ЭЫДҰ-ға шолу жүргізу** (сондай-ақ «Мектептерде ресурстарды пайдалану тиімділігі бойынша шолу жүргізу» деп аталатын) ұлттық және халықаралық деңгейде, мектептерде ресурстарды тиімді пайдалану мәселелеріне арналған үлкен қызығушылыққа жауап ретінде дайындалған. Онда олар тиімділігі мен нәтижелілігі бойынша білім беру жүйесінің мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ету үшін ресурстарды бөлуге, пайдалануға және менеджментке қатысты саясат бойынша талдау мен ұсыныстар қамтылған. «Мектептердің ресурстары» деген ұғым мұнда кең мағынада қолданылады және қаржылық ресурстарды (мысалы, білім алуға жұмсалатын шығындар, мектептердің бюджеттері), физикалық ресурстарды (мысалы, мектептердің ғимараттары, компьютерлік жабдық), адами ресурстарды (мысалы, мұғалімдер, мектеп басшылары) және басқа да ресурстарды (мысалы, оқу жылы) қамтиды.

Шолуларды дайындауға он төрт білім беру жүйелері белсенді қатысады. Олар әртүрлі экономикалық және әлеуметтік контексті бар жүйелерді қамтиды, сонымен, мектеп білімінің жүйелерінде ресурстарды пайдалануға қойылатын әртүрлі жолдарды көрсетеді. Бұл саясаттың негізгі мәселелері бойынша салыстырмалы көріністі көруге мүмкіндік береді. Қатысушы елдер стандартты нұсқаулықтар жинағына сәйкес егжей-тегжейлі негізгі есепті жасайды. Сондай-ақ, кейбір қатысушы елдер құрамына ЭЫДҰ Хатшылығының мүшелері және сыртқы сарапшылар кіретін сарапшылар командасы жасайтын егжей-тегжейлі Шолуды дайындауға келісті. Қазіргі кезде қатысушы елдердің қатарына (жеке Шолуды дайындауға келіскен елдер жуан шрифтпен белгіленген): **Бельгия (Фламанд қауымы)**, Бельгия (Француз қауымы), **Чили**, **Чехия**, **Дания**, **Эстония**, Исландия, **Қазақстан**, **Литва**, Люксембург, **Словакия**, Испания, Швеция и **Уругвай** кіреді. Барлық елдердің тәжірибесін біріктіретін ЭЫДҰ Шолу бойынша қорытынды салыстырмалы есебі 2012 жылы дайындалады.

Шолудың әдістемесі, мерзімдері және қағидаттары бойынша нұсқаулықты қамтамасыз ету үшін білім беру саясаты бойынша ЭЫДҰ комитетінің қосымша органы ретінде құрылған Мектептердің ресурстары жөніндегі ұлттық сарапшылар тобы жобаға басшылықты жүзеге асырады. Толығырақ ақпарат Шолуға арналған веб-сайта қамтылған: [www.EYDF.org/edu/school/schoolresourcesreview](http://www.EYDF.org/edu/school/schoolresourcesreview).

## **В-ҚОСЫМШАСЫ. САРАПШЫЛАР КОМАНДАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ**

*Джеремиде Аморо* – 2013 жылдан бастап Дүниежүзілік Банктің Білім беру департаментінің аналитигі. Оның Еуропа және Орталық Азия өңірінде бірнеше жобалар бойынша ғылыми және талдау қолдау көрсету үшін жеке секторда өзінің тәжірибесі бар. Қазіргі кезде оны жалпы орта және жоғары білім беру саласында Румыниядағы, Тәжікстандағы және Қазақстандағы жобаларына енгізеді. Уильям және Мэри колледжінің Томас Джефферсон бағдарламасы бойынша мемлекеттік саясат саласында Магистр дәрежесі бар, АҚШ. Тринидад және Тобаго азаматы болып табылады.

*Ян Херчинскидің* білім беруді қаржыландыру, білім беру саясаты, білім беру стратегиясын тұжырымдау және талдау саласында 15 жыл тәжірибесі бар. Польшаның Ұлттық білім министрлігіне білім беруді қаржыландыру және орталықсыздандыру мәселелері бойынша (1999-2001 годы) және Македонияның Білім және ғылым министрлігіне (2002-2007 годы), соның ішінде Жан басына шаққандағы қаржыландыру формуласын әзірлеу және енгізу мәселелері бойынша кеңес берген. Ол 2010 және 2012 жылдары аралығында білім беру саласындағы Польшаның жергілікті атқарушы органдарының стратегиялық әлеуетін күшейту жөніндегі жобаны үйлестірді және Жергілікті атқарушы органдарының білім беру кітапханасын редакциялады. Өтпелі экономикасы бар елдерде, соның ішінде Албанияда, Беларуссияда, Болгарияда, Грузияда, Косовода, Қырғызстанда, Литвада, Македонияда, Молдовада, Польшада, Румынияда, Сербияда, Тәжікстанда, Украинада білім беруді, стратегияны және басқаруды қаржыландыру саласындағы көптеген қысқа мерзімді жобалар бойынша есеп құрастырып, кеңес берген. Математика бойынша Ph.D. дәрежесі бар. Польшаның азаматы болып табылады.

*Игорь Хейфец* – 2008 жылдан бастап Дүниежүзілік Банктің білім беру департаментінің экономисті. Оның жұмысы салық-бюджеттік саясатқа және білім беру жүйелерінде ресурстарды пайдалану тиімділігіне шоғырланған. Ол Батыс Еуропа мен Орталық Азия өңіріндегі бірнеше елдер бойынша білім берудегі мемлекеттік шығындар жөніндегі Бүниежүзілік Банктің бірнеше Шолуларының, сондай-ақ жоғарғы білім, дағдыларды дамыту, мемлекеттік ресурстарды пайдалану бойынша басқа да есептердің авторы болып табылады. Джорджтаун университетіндегі мемлекеттік саясат саласында Магистр дәрежесі бар, АҚШ. АҚШ-тың азаматы болып табылады.

*Марлейн Локхид* білім беру сапасы, мектептердің гендерлік теңдігі және тиімділігі саласындағы реформалары бойынша үкіметтерге, донорлық агенттіктерге және жеке ұйымдарға кеңес беру саласында 40 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. Ол Дүниежүзілік Банкте 19 жыл қызмет етті, бастапқыда білім берудің тиімділігі мен сапасының мәселелері бойынша зерттеуші ретінде, кейініректе Таяу Шығыс және Солтүстік Африка елдерінде білім беру саясаты және несиелеу саласында, сондай-ақ оқытудың ішкі бағдарламаларын бағалау саласында басшы лауазымдарын атқарды. Ол ақырғы уақытта Білім беру бойынша директордың міндеттерін атқарушы болып тағайындалды. Бұдан алдын мектептердегі гендерлік теңдік және ETS тестілеу мәселелері бойынша зерттеулерді басқарды. Түрлі кәсіби ассоциациялар және ғылыми журналдар басқармасының мүшесі болды. Локхид журналдардың 80 тараулары мен мақаласының, журналдардың арнайы шығарылымдарының және 7 кітаптың авторы және редакторы болып табылады. Ғалами дамыту орталығына шақырылған ғылыми қызметкер болды және Гарвард, Стэнфорд университеттерінде, Принстонс университеттерінде и Техас Университетінде сабақ берді. Стэнфорд университетін халықаралық дамытудың білім беру саласында Ph.D. дәрежесі бар. АҚШ-тың азаматшасы болып табылады.

*Анна Понс* – 2010 жылдан бастап білім және дағдылары бойынша ЭЫДҰ Дирекциясы саясатының аналитигі. Ол қазіргі таңда Колумбияның және Латвияның кіруі бойынша ЭЫДҰ Шолуларын дайындауға қатысады. Анна білім беру жүйелерінің кең шоғырының тиімділігі және теңдігі бойынша шолуларды дайындауда үйлестіруші болды немесе оған қатысты. Ол әділдік бойынша тақырыптық есептің серіктес авторы болып табылады (Білім беруде әділдік және сапа,

2012). Бұрында Анна бәсекеге қабілетті, есептілік пен айқындылық саясаты бойынша жұмысқа қатысқан. ЭЫДҰ-дан алдын Каталония Үкіметінің жоғарғы білім беру комиссиясында және жеке секторда жұмыс істеген. Экономика саласында Бакалавр дәрежесі және Помпеу Фабра Университетінде политология саласында Бакалавр дәрежесі бар, Испания, және Sciences Po, ENSAE and École Polytechnique экономика және мемлекеттік саясат саласында Магистр дәрежесі бар, Франция. Қазақстан бойынша Шолуды дайындауды және есептілікті жасауды үйлестіреді. Испанияның азаматшасы болып табылады.

**Пауло Сантьяго** – 2000 жылдан бастап білім және дағдылары бойынша ЭЫДҰ Дирекциясы саясатының жоғарғы аналитигі. Қазіргі уақытта мектептердің ресурстарын пайдалану тиімділігі бойынша ЭЫДҰ-ға Шолудың үйлестірушісі болып табылады. Осыдан алдын ол үш үлкен мемлекет аралық шолулардың дайындалуына жауап берген, олардың әр қайсысына 20 мемлекеттен астам қатысты: мұғалімдерге қатысты саясатқа шолу (2002-2005 жылдары), оның негізінде «Мұғалімдер маңызды» деген ЭЫДҰ-ның жариялымы жасалған; жоғарғы білім берудің тақырыптық талдауы (2005-2008 жылдары), оның негізінде «Білімдер қоғамында жоғарғы білім» деген ЭЫДҰ-ның жариялымы жасалған; мектептер деңгейінде бағалау саясатына шолу (2009-2013 жылдары), оның негізінде «Оқытуды жақсарту үшін синергия» деген ЭЫДҰ-ның жариялымы жасалған. Ол сондай-ақ мұғалімдерге қатысты саясаты бойынша, жоғарғы білім саясаты және 25 мемлекеттерден астам білім беруді бағалау саясаты бойынша шолуларды басқарған. Солтүстік-Батыс университетінде экономика бойынша Ph.D. дәрежесі бар, АҚШ, ол да сабақ берді. Португалияның азаматы болып табылады.



## С-ҚОСЫМШАСЫ. САПАР БАҒДАРЛАМАСЫ

### Дүйсенбі, 31 наурыз 2014 жыл, Астана

09:20-09:50 Білім берудің мемлекеттік саясатын жоспарлау және әзірлеу  
«Ақпараттық-талдау орталық» АҚ-ның президенті және вице-президенттері

10:00-13:00 Білім берудің стратегияларымен саясатын әзірлеу, талдау/бағалау және мониторингі  
Білім және ғылым министрлігі

- Мектепке дейінгі және орта білім беру департаментінің директоры
- Стратегиялық жоспарлау және ақпараттық технологиялар департаментінің директоры
- Білім және ғылым саласында бақылау жөніндегі комитет төрағасы
- Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі комитет төрағасы

15:00-15:30 Білім және ғылым министрлігі

16:15-18:00 № 31 Орта мектебіне бару, Астана

- Мектептің басшысымен кездесу
- Бір топ мұғалімдермен кездесу
- Бір топ оқушылармен кездесу

18:30-19:45 Мектеп білімін талдау/бағалау және мониторингі  
Ұлттық білім беру статистикасы және бағалау орталығының директоры

### Бейсенбі, 1 сәуір 2014 жыл, Астана

09:25-10:25 Бюджетті жоспарлау / мектеп білімін қаржыландыру

- Қаржы және инвестициялық жобалар департаменті директорының орынбасары
- «Қаржы орталығы» акционерлік қоғамының президенті

11:00-11:50 Бюджетті жоспарлау/мектеп білімін қаржыландыру  
Стратегиялық жоспарлау және талдау департаменті директорының орынбасары, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

12:00-13:00 Бюджетті жоспарлау / мектеп білімін қаржыландыру

- Әлеуметтік саладағы бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау, олардың тиімділігін талдау және іске асырылуын бағалау департаментінің директоры, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

14:30-15:15 Бюджетті жоспарлау / мектеп білімін қаржыландыру

- Стратегиялық әзірлемелер және талдау орталығы, Президент Әкімшілігі

16:00-17:00	<p>Бюджетті жоспарлау / мектеп білімін қаржыландыру</p> <p>Қазынашылық комитеті, Қаржы министрлігі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Мемлекеттік бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру жоспарларын шоғырландырылған қаржылай жоспарлау және жүзеге асыру бөлімі</li> <li>Мемлекеттік талаптардың және қарыздар бойынша міндеттемелердің есеп бөлімі</li> </ul> <p>Қаржы бақылау комитеті, Қаржы министрлігі</p>
-------------	--

#### **Сәрсенбі, 2 сәуір 2014 жыл, Талғар ауданы, Алматы облысы**

09:00-11:30	<p>№ 49 мектепкебару, Талғарауданы (Жанбасына шаққандағы қаржыландыру бойынша пилоттық жобаға қатысады)</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Мектептің басшысымен кездесу</li> <li>Бір топ мұғалімдермен кездесу</li> <li>Бір топ оқушылармен кездесу</li> </ul>
11:50-12:35	<p>Талған ауданының Білім департаменті</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Білім бөлімінің бастығы</li> </ul>
12:50-14:00	<p>Талғар ауданының Экономика және қаржы департаменті</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Экономика және қаржы бөлімінің бастығы</li> </ul>
17:30-20:00	<p>Шағын жинақты мектепке бару, Енбекші қазақ ауданы</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Мектептің басшысымен кездесу</li> <li>Бір топ мұғалімдермен кездесу</li> <li>Бір топ оқушылармен кездесу</li> </ul>

#### **Бейсенбі, 3 сәуір 2014 жыл, Алматы**

08:00-09:00	Жергілікті ғалымдармен кездесу (Құрманғали Бекішев мырза, Меруерт Махмұтоваханым)
09:20-10:10	Алматы қаласының Білім департаменті
10:50-11:40	<p>Мұғалімдерді аттестаттау және мектептерді бағалау</p> <p>Алматы қаласының білім және ғылым саласындағы бақылау департаменті</p>
12:10-13:00	<p>Педагогикадрларды дайындау және кәсіби дамыту</p> <p>Қазақ ұлттық педагогикалық университет</p> <p>«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы</p>
14:30-15:20	<p>Сорос Қазақстан қоры</p> <p>«Сандж» зерттеу орталығы</p>
16.00-18.00	<p>№ 32 Орта мектебіне бару, Алматы</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Мектептің басшысымен кездесу</li> <li>Бір топ мұғалімдермен кездесу</li> <li>Бір топ оқушылармен кездесу</li> </ul>

#### **Жұма, 4 сәуір 2014 жыл, Астана**

09:00-9:40	Астана қаласының Білім департаменті
------------	-------------------------------------

09:40-10:20	Астана қаласының Қаржы департаменті
10:50-16:00	«Білім сапасын арттыру» дөңгелек үстел, Дүниежүзілік банк, Білім және ғылым министрлігі
<b>Сенбі, 5 сәуір 2014 жыл, Астана</b>	
09:00-23:00	Сарапшылар тобының кеңесі
<b>Дүйсенбі, 7 сәуір 2014 жыл, Аршалы ауданы, Ақмола облысы</b>	
10:00-12:30	Мектепке бару, Константиновка селосы, Аршалы ауданы <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мектептің басшысымен кездесу</li> <li>• Бір топ мұғалімдермен кездесу</li> <li>• Бір топ оқушылармен кездесу</li> </ul>
15:10-15:50	Аршалы ауданының Білім бөлімі <ul style="list-style-type: none"> <li>• Білім бөлімінің бастығы</li> </ul>
15:50-16:30	Аршалы ауданының Экономика және қаржы бөлімі <ul style="list-style-type: none"> <li>• Экономика және қаржы бөлімінің бастығы</li> </ul>
17:30-19:30	Орта мектебіне бару (ресурстық орталық), Жібек Жолы селосы, Аршалы ауданы <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мектептің басшысымен кездесу</li> <li>• Бір топ мұғалімдермен кездесу</li> <li>• Бір топ оқушылармен кездесу</li> </ul>
<b>Сейсенбі, 8 сәуір 2014 жыл, Астана</b>	
08:00-09:00	«Ақпараттық-талдау орталық» АҚ, жобаның командасымен кездесу
09:00-10:00	«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДБҰ <ul style="list-style-type: none"> <li>• Білім беру саясаты мен білім департаментінің басқарушы директоры</li> <li>• Білім беру саясаты мен білім департаменті директорының орынбасары</li> </ul>
10:00-11:00	Шағын жинақталған мектептерді дамыту орталығы, Ұлттық беру академиясы
11:10-12:10	ЮНИСЕФ
12:10-13:20	Жергілікті ғалымдар мен кездесу (Дүйшонқұл Шаматовмырза, Қайрат Құрақбаев, Калиябану Кертәева ханым)
13:20-15:40	Сарапшылардың алдынала қорытындылары мен ауызша баяндамасы
А Командасы	«Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ
15:00-15:50	Сенатормен кездесу
В Командасы	
16:00-17:00	Білім және ғылым саласындағы қызметкерлердің республикалық кәсіподағы

Мектеп ресурстары ЭЫДҰ шолуы

**ҚАЗАҚСТАН**

